10 Перспективы и будни вечерней химии. Орган Актюбинского химкомбината. – 1978. – 9 июня

11 Среднее образование – всем. Химик. Орган Актюбинского химкомбината. – 1980. 6 июня

12 ЦГАНХ СССР, ф.459, оп.1, д.10956, л.127; оп.4, д.1995, л.197; оп.5, д.566, л.164; д.3098, л.114

13 Подсчитано по материалам социологического обследования 1983г.

14 Там же

15 Комсомольская жизнь, – 1976. – №23. – с.7

16 Таблица составлена по материалам социологического обследования 1983г.

17 Таблица составлена по материалам социологического обследования 1983г.

18 Материалы социологического обследования 1983г.

19 ЦГА Каз.ССР, ф. 698, оп.1842, л.96

20 ЦГАНХ СССР, ф.459, оп.1, д.6853, л.41; оп.5, д.5984, л.33

21 Основная задача – обеспечение выполнения пятилетнего плана//Химик. Орган Джамбулского завода двойного суперфосфата. – 1973. – 5 декабря

22 Материалы социологического обследования 1983г.

23 Таблица составлена по материалам социологического обследования 1983г.

24 ЦГАНХ СССР, ф.459, оп.1, д.7097, л.135

### **Түйіндеме**

Бұл мақала ХХ ғасырдың 60-80 жылдарындағы Қазақстанның химиялық өнеркәсібінің дамуына арналған. Саланың дамуының ірі әлеуметтік қорытындысына оның кадрларын жасақтау, жұмысшы тобын кәсіби дайындау жүйесін жетілдіру, еңбектің мәдени-техникалық деңгейін арттыру, олардың қоғамдық-саяси, әлеуметтік белсенділіктерін жалпылай көтеру мәселелері жатты. Ұлттық химик кадрларды құру және олардың құрамындағы сандық және сапалық өзгерістер ерекшеліктеріне маңызды мән берілді.

Жұмысшы құрамы саласындағы сапалы өзгерістер зерттелді. Біліктілік деңгейінің кадрлардың біліміне (орта, арнаулы), еңбек өтіліне, жасына және тағы басқа параметрлермен өзара қарым-қатынасы жан-жақты ашылды. Жұмысшылардың сапалы құрамының салыстырмалы талдауы ұлтына байланысты жасалды.

Жұмысшы тобының әлеуметтік белсенділігінің көрініс табуындағы негізгі тенденциялар қарастырылды. Өндірістік ортада жұмысшы тобының бастамашылық, көркем өнерпаздық жағдайлары талданды. Әсіресе олардың түрлі ғылыми-техникалық қоғамдарға, рационализаторлық, өнертапқыштық қозғалыстарға қатысулары зерттелді. Өндірісті басқару және жоғарыда аталған белгілерге келтірілген белсенділіктердің тәуелділігі қарастырылды.

**Тірек сөздер:** Жыныстық және жас ерекшеліктік құрылым, ұлттық құрылым, үлесті салмақ, сандық өзгерістер, сапалы өзгерістер, ұлттық кадрлар, әлеуметтік белсенділік, механикаландырылған, автоматталған, социологиялық талдау, сұрақ-жауап, ерлер, әйелдер, біліктілік.

### Summary

The present article deals with the development of chemical industry of Kazakhstan in 60-80-s of XX c.

The social result of the development of industry was formation of skilled workers, improving system of professional training of specialists, enhancing of cultural-technical, social-political and labor activities level in general. In article is showed formation of national working class and emphasized qualitative changes in the structure of workers of chemical industry.

Author considered correlation of qualification level from such parameters as educational, professional, gender and other signs. Comparative analysis of working class on national sign was made. Peculiarities in the formation of chemical working class were defined. Main tendencies of workers' social activities and their participation in scientific-technical societies, inventor's movements, management by manufacture and dependence of this activity from above-mentioned signs, which influenced on development of working class, were researched.

**Key words:** Chemical industry, gender/age structure, national structure, specific gravity, quantitative changes, qualitative changes, national specialists, social activity, mechanization, automation, sociological research, questionnaire, men, women, qualification

## КЕҢЕСТІК ТОТАЛИТАРЛЫҚ ЖҮЙЕ ТҮСЫНДАҒЫ РЕПРЕССИЯҒА ҰШЫРАҒАН ӘЙЕЛДЕРДІҢ ТАҒДЫРЛАРЫ

**Н.Б. Дүйсембаева** – ҚР Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитеті, «Ғылым ордасы»  
РМК-ның Қазақстан ғылымының тарихы мұражайының меңгерушісі

Қазақ даласы тоталитарлық жүйе барысында халықтың менталитетіне жат түрмелер, мәжбүрлеп еңбек ету лагерлерінің ажыратылмас бөлігіне айналады. 1930 жылдың ортасына дейін айыпталған әйелдерге әдейі арналған лагерлер болмаған. Сол кезде бас бостандығынан айырылған апа-әжелерге «кәсіби қылмыскерше қарап» түрмелерге қамау әдеттегі құбылысқа айнала бастайды.

1937 жылғы 15 тамыздағы ПХК-ның №00486 шұғыл бұйрығынан соң «Отанын сатқандардың отбасы мүшелеріне» арналған арнайы лагерлерді құру қажеттілігі туындайды. Осындай лагерлерді құру аймақтары болып Нарым өлкесі мен Қазақстандағы Торғай ауданы белгіленеді. Себебі, РСФСР Қылмыстық Кодексінің 58-бабымен сотталған әйелдерді өзгелерден бөлек қамау бұйырылған еді [22, 86-6.].

1937-1938 жылдары АЛЖИР, яғни Отанын сатқандардың әйелдерінің айрықша лагерлері құрылып, 1940 жылдың жазына қарай, көбейе түскен [14, 245-6.]. 1930 жылы Қазақстандағы 23 тұтқындау орындарында да сотталған әйелдер болғанымен, бірақ олардың дәл саны ешқандай құжаттарда жазылмаған.

Түрмелер мен еңбекпен түзету лагерлерінде жазықсыз сотталып, жазаларын өтеген апа-әжелеріміздің тағдыры оңайлықпен зерттелініп, жазылатын нәрсе емес. Сол кезеңдегі қылмыстың өте көлемді, әрі жүйелі түрде, жан-жақты болуы қазіргі таңдағы зерттеудің өте ауқымдылығын әрі жан-жақтылығын талап етеді. Осы тұста түрмелер мен еңбекпен түзету лагерлеріндегі әйелдер тағдыры сол кезеңде ешкімді де қызықтырмағандығын айта кету қажет. Мәселен, еңбекпен түзету мекемелерінде ер адамдар мен әйелдерді бір ғимаратқа қамау да кездескен. 1934 жылы Алматы, Әулиеата еңбекпен түзету мекемелерінде әйелдер камерасы ер адамдар қамалған мекемеде орналасып, олар бір есіктен кіріп-шыққан. Сонымен қатар жуынатын орын мен дәретхана да ортақ болған. Осындай өрескел жағдайлар сол жылдардағы түрмелерге тән негізгі ерекшелік болатын. Мұрағаттағы арнайы орындардың құжаттарында әйел адамдарға байланысты қабылданған қаулылардың тым аздығын да ескеру шарт.

Мұрағат құжаттарында сотталған әйелдердің өздерін мерзімінен бұрын босату немесе лагерьге жұмысқа жіберу туралы жазған арыздарының басым көпшілігіне тиісті орындар жауап беруден бас тартқан. Мәселен, 1928 жылы Е.П.Симашева деген азаматшаның арызына кулак жанұясынан шыққандықтан жауап берілмеген.

Сотталған аналар лагерьде өздеріне жұмсалған шығынды еңбегімен өтеп қана қоймай, сонымен бірге мемлекетке табыс әкелуге міндетті болды. Айыпталғандарға ана ретінде ғана емес, адам ретінде де қарамай, ауа-райы да ескерілмей, ауыр жұмыстарды да жасатқызады [23,46]. Түрмелерде тұтқындар санының шектен тыс болуы және аурулардың көптігі туралы деректерді мұрағаттардан жиі көруге болады [32]. 1925-26 жылдардағы қуғын-сүргін саясатының деңгейін тұтқындар санынан көруге болады. Мысалы, Семей түрмесінде 1 адамның орнына 6,4 адам жатса, ал 200 адамға арналған тамақты 634 сотталғандар ішкен. Түрмелерді тексеретін комиссия Қазақстан жеріндегі түрмелердің нашар жағдайын

үнемі көрсетіп отырған. Мысалы, 1925-1926 жылдары алты губерния бойынша тексеру ісінің саны 164-ке жеткен. Сонымен қатар айыпкерлердің арыз-шағымдары да тексеріліп тұрған. Тексеру нәтижесінде түрмелерде басшылар тарапынан сотталғандарға қысым жасалған жағдайлар да кездескен. 1926 жылы Қазақстанда 34 түрме үйлері, ал ондағы сотталғандар саны 4211, яғни 519 адам шамадан тыс болған. Өкінішке орай әйелдер бөлініп көрсетілмеген. Сол жылдары айыпталғандар еңбегін пайдалануға көңіл бөлінгенімен, «еңбек түрін» ұйымдастыруда қиыншылықтар көп кездескендігін мұрағат құжаттары дәлелдейді.

Тергеуде жатқан тұлғаларға еңбекпен түзету кодексінің 33-бабы бойынша аптасына бір мәрте туысқандарымен кездесуге және хат алуға рұқсат етілген. Қазақстандағы тұтқындау орындарының ең үлкені 450 орындық Семей түрмесі, ал кішкентайы 100 орындық Ақтөбе түрмесі болған. Ескеретін бір жайт, жылдан-жылға қуғын-сүргін шаралары күшейгенде түрмелерге адам сыймаған кездер жиі болған. Сондай-ақ, түрменің техникалық негізі жасалынбай, адамдарды тұтқынға алу ісі жүзеге асырылған. 1926 жылы сотталғандардың тізімін айына бір мәрте алып отыру, аштық жариялағандарға ешқандай жеңілдік жасамау және прокурордың кездесуге келгендерді бақылап, қандай әлеуметтік топқа жататындығын анықтауын (еңбекші, бай, кедей, орташа, кулак) ескерткен [32].

Сол жылдары тұтқындау орындарында жазықсыз жазаланған әйелдерді шынымен қылмыс жасаған (адам өлтірген, адам тонаған) әйелдермен бірге қамау үрдісі алған.

Сұлтанбек Қожановтың жұбайы Күләндам апаның естелігінде: «... Сұлтанбекті тұтқындап алып кетті, біз бала-шағасы үрпиісіп, бір-бірімізге сүйенісіп, жылап-сықтап қала бердік... Қоярда қоймай сұраулар салу арқылы үш-төрт күн арасында Сұлтекеңнің қайда апарылғанын анықтадық. Оның маңайы толған біз сияқты жоқ іздеген мүсәпірлер. Дайындаған тамақты, кейбір керек-жаракты нәрселерді кішкене қақпадан әрмен жылжытудың сәті түскен күнгі қуанышта шек болмайды екен. Ал оның қабылданбай, кері қайтарылған күнгі тартатын жан азабынды, құдай ешкімге көрсетпесін, сөзбен жеткізу мүмкін емес... Анда-санда айналасы төрт-бес минут шамасы Сұлтекеңмен тілдесіп қалып жүрдім. Қанша маған білдірмеуге тырысқанмен, жағдайының төмен екені бесенеден белгілі. Дене бітімі жұқарып, бет жүзі сарғыштанып барады. Дауысы да өзгерген... Тағдырға не шара... Сұлтекеңнен хат-хабар күтіп жүрген беймаза күндердің бірінде «халық жауының әйелі» ретінде өзім де тұтқындалдым...

Түрменің тіршілігі ерекше қатты. Құлқын сәріде дабыл қағылады. Бірден атып тұруың керек. Содан түннің бір уағына дейін жантайып аяқ суытуға рұқсат жоқ. Анда-санда жүреңнен отырып, аз-кем тыныстайсың да, кебісің тырпылдап кезесің де жүресің» деп, одан әрі тергеушінің қорқытып, үркітіп тіпті қол жұмсағанын да жазады [34].

Мәдениетті, оқыған, оқымаса да көргені мол апа-әжелердің көрген рухани азабын жеткізу өте ауыр. Өмірде адам үшін ең ауыр, қиын нәрсе рухани азап екендігін кім де болса мойындайтыны анық.

Жазықсыз сотталып, «жазаларын» өтеген аналар түрме, еңбекпен түзету лагерьлерінде тек қана күйеулері мен балаларын ойлап, болмашы үмітпен өмір сүрді. Гүлнәр Дулатова апамыз «Тағдырластар немесе 20-30-жылдарда халық жауы» атанып, қуғынға ұшыраған аяулы азаматтардың жарлары мен перзенттері жайлы естелігінде: Мен сол жылдарда қасірет шеккен әйелдерді екіге бөліп қараймын. Алғашқылары күйеулері ұстала салысымен зобалаң өз бастарына туып, түрмеге қамалып, лагерьде жаза-мерзімін өтегендер. Одан кейінгілер: күйеулері заңсыз кесіліп, жер аударылған кезде, үй-күйін тастап, аштық жылдарына қарамастан балаларын шұбыртып, күйеулерінің соңдарынан еріп барғандар...» деп қуғын-сүргінге ұшыраған әйелдері көрсетеді. Ол кісі кудалау көрген әже-апаларымыздың бастан кешкен жан азабын көзбен көріп білгендердің бірі [30, 9-6.].

Бас бостандығынан айырылған әйелдер (контрреволюциялық іс-әрекеті, пиғылы немесе күйеуінің кеңестерге қарсылығын айтпағаны үшін сотталғандар) нөмерленіп қана белгіленіп, ешқандай құқықтарға ие болмады. Айыпталғандарды түрмеден лагерьге, лагерьден түрмеген немесе лагерьден лагерьге ауыстырған кезде бірқатар құжаттар ізсіз де кеткен. 1931 жылы-ақ түрмедегілер санын нақтылы есептеу мақсатында статистика қызметі ашылып, сотталғандарды түрмеде ұстамай ЕТЛ-ге жіберу мәселесі шұғыл қолға алынғанымен, еш нәтиже шықпаған. Кейінгі жылдары да сотталған әйелдердің аты-жөндері, үкімдері, қылмыстық жауапкершілікке тартылу себептері және өзге де қажетті мәліметтер біркелкі зандылықпен жазылу жүйесін сақтамайды. 1930 жылдың басынан бастап-ақ сотталғандарды қарцерге қамау секілді жазалау шаралары барлық түрме, лагерьлерде қолданылады. 1924 жылы қабылданған «айыпталғандарға қорлық көрсетпеу туралы» заң жөніне де қалған [14,230-6.]. ОГПУ-мен сотталған әйелдерге науқас, мүгедек болса да, қатал жаза қолдану үрдісі ешқашан күшін жоймайды [37]. Сотталған әйелдерді «саяси тәрбиелеу» мақсатында оқылған баяндамалар мен кітаптар саны ай сайын есепке алынып, мемлекетті адам тағдыры емес, тек қана өзіне қажет мәліметтер қызықтырған. Түрме үйлерінде кейбір түрме қызметкерлері әйелдерге қорлық та көрсеткен.

«Отанын сатқандардың Ақмола лагері» тарихына тоқталсақ «Алжир» - Сталиндік тоталитарлық жүйе кезінде «халық жаулары» атанып, саяси қуғын-сүргінге ұшыраған мемлекет және қоғам қайраткерлерінің, шарушылық, партия кеңес басшыларының, сонымен қатар қарапайым адамдардың әйелдері мен қыздары жазықсыз жазаларын өтеген Ақмола облысындағы лагерь. Ол Қарағанды лагерінің 26-бөлімшесі ретінде қазіргі Астана қаласының Оңтүстік-батысында, Төңкеріс (Малиновка) елді мекеніне КСРО Ішкі Істер Халық Комиссариатының 1937 жылғы 15-тамыздағы № 00486 бұйрығы негізінде құрылған. «Алжир» Карлагтың бір бөлімі ғана. «Саяси сотталғандар» (РСФСР ҚК 58-бабының бөлімдері бойынша) жабық, яғни сыртпен хат-хабар ала алмайтын лагерьлерге қамалды. Осындай лагерьлер КСРО көлемінде 1930 жылдың ортасынан бастап қана белгілі болды [14, 1846.]. РСФСР Қылмыстық Кодексінің 58-бабының 17-тармағы бойынша бас бостандығынан айырылған аналар қамалған Ақмола лагері тікелей Карлагқа бағынды. Саяси тұтқындар ең ауыр жұмыстарды атқарып, «қайта тәрбиеленді». Түрмелер мен еңбекпен түзету лагерьлерінде «тұтқындарға» жанашырлық білдіргендерге «халық жауы» атағы таңылып, алыс аймақтарға жер аудару жазасы қолданылған.

Ақмола лагері 30 мың га жерді алып жатқан. Онда 3 жылдан 8 жыл мерзіммен бас бостандығынан айырылған әйелдер жазаларын өтеді. Олар әр-ұлттың өкілдерінен еді. А.Тасымбековтың «Жан дауысы. Алжир архипелагы» атты еңбегінде жазықсыз сотталған аналардың лагерьдегі өмірінен көптеген мәліметтер жазылған. Айыпталған әйелдер мал бағып, фабрика салып және жер қазып, бау-бақша егіп, сиыр сауып, киім де тіккен. Олар барлық жұмыстарды атқарған. «АЛЖИР»-дегі ауыр жағдай туралы Мария Даниленко: «Біздер 25, 35, 50 градус салқындық пен 50 градус ыстықта да жұмыс жасадық. Бір жаз ішінде әйелдер 18 құрылыс объектілерін салды...» - [53,82-б.], деп өз естелігінде жазады. Лагерьлер мен түрмелерде надзирательдердің ішетін тамақты жерге қойып, оның ішіне түкіріп, «жрите контрики» деген кездері де өте жиі кездескен [14, 86-6.].

Уәзипа Майжолова-Құленованың естелігінде: «Лагерьде таңғы сағат төрттен кешкі сағат алтыға дейін үзіліссіз жұмыс жасайтынбыз [53, 170-6.]» - деп, өз естелігінде лагерьдегі әйелдердің ауыр жағдайын көрсетеді.

Қазақ көркем әдебиет баспасының жауапты қызметкері Абат Әлібаевтың жұбайы, ҚазОАҚ-нің аппаратында қызмет жасап жүргенде, 1938 жылы 10-сәуірде тұтқынға алынып, «АЛЖИР»-де жазасын өтеген Зағипа Тінәлина өз естелігінде сотталған әйелдердің өмірі туралы төмендегідей баяндайды: «Алматы абақтысынан бізді Қарағанды лагерінің Ақмола бөлімшесіне айдады. Бірақ ол жерге де діңкелеп жете алмай, Новосибирск мен Челябинск түрмелерінің тұтқындарды жан-жаққа бөлетін сасық қапасында біздерді айлап ұстаумен болды. Ондағы тартқан азап пен қорлықты айтып жеткізу қиын.

«АЛЖИР» (26 нүкте) - зілкіген-зілкіген сұсты, үрейлі биік бағандар, айналдыра тікенек сымдармен қоршалған.

Кімдер жоқ емес арамызда: партия және мемлекет қайраткерлерінің әйелдерінен от басындағы шаруа әйелдерге дейін. Кешегі революционерлер, қатардағы партия-совет қызметкерлері, атақты артистер, жазушылар, дәрігерлер, мұғалімдер мен инженер-конструкторлар, ұшқыштар, тағы дер кезінде Отанға, елге пайдасы тиетін жоғары білімді мамандар. Қылшылдаған жастан жетпіске таяп, жер таянған кемпірлерге шейін тікенек сымның ар жағында, күндіз-түні қарулы күзетпен тырп еткізбей, малша қара жұмысқа айдап, арқа еті арша, борбай еті борша болғанша аздырып, ақыл-естен айрылтып, бір жақта қалған бала-шаға, күйеуінен, жора-жолдастардан мүлдем хабарсыз, (хат-хабар жазуға да сәлем-сауқат алуға да рұқсат жоқ), тіршілік атаулыдан күдер үздіре азаптағанда, айтындаршы, жамағат, не жазығы бар еді бұлардың? ...Қандай қылмыс істеп қойып еді? «Тәңір-ау, тым құрыса, айтып, айыбыңды бетіне бастыра айыптаса ғой?..» - деп жан шырқырай айқайлағың келгенімен, үнің көмейінде тұншығатынын білесің... Білесің де (жан-жағыңа үрейлене қарап жүру-әдет), тіліңді қырши тістеп, шыдау үшін ғана тырысып бағасың. Шыдай алмай өліп кеткендер көп: осы маңайда өлгендерді апарып (арбаға өліктерді бөренеше тиеп...), мал құсатып көміп тастайтын орын бар. Жерге тапсырудың хайуаннан айырмашылығы: өлген кісінің башпайына тақтайша байлап, оған нөмірлеп (таңбалап десе де), марқұмның анықтамасы қысқаша жазылады." [54, 195-196 бб.].

1937 жылдан 1954 жылға дейін «Р-17» деп аталатын (ресми түрде) 26-шы түктеде тұтқын әйелдер саны қанша болды деген сұраққа нақтылы жауап беру қиын. Алғашқы жылы-ақ лагерьдегі әйелдер саны 6,5 мыңға жеткен— деген пікір де бар [34].

1938 жылы «АЛЖИР»-ге келген 2103 әйелдің 655-нің аяғы ауыр немесе кішкентай сәбилері болған. Аяғы ауыр әйелдердің барлығы лагерьде босанған. Осының өзі-ақ аналар үшін сұмдық азап болатын.

Осы тұста зобалаңға ұшыраған Меңтай Дәукенованың естелігіне мән берсек: «...Күйеуім Жұмағалиды 1937-жылы ұстады. Бізді пәтерден қуды. Үш және жеті жастағы балаларыммен көшеде қалдым.

Күйеуімді ұстаған соң, екі айдан кейін ПХК қызметкерлері мені балаларыммен қосып Ақтөбе түрмесіне әкелді. Балаларымды менен айырып тартып әкетті». Ол кісі түрме камераларында 100-140 адамнан болғандығын, өзін тергеуге бір мәрте шақырғандығын айтады. Меңтай апаны 8 жылға соттайды.

1937 жылдың ортасында Карлагта жаңа туған бұзаулар мен торайларды бағатын фермалар ұйымдастырылады. Фермаға түнгі бақташы болып орналасқан Құсни апай бұзаулар мен торайларға беретін күнжараны ашыққан әйелдерге тығып таситын болған. Ол кісінің жолдасы Есім Байғаскин (Алматы мал дәрігерлік институтының ректоры болған) де «халық жауы» ретінде ұсталған еді. Әзиза Рысқұлова мал дәрігері, ал Мәриям Қамбарқызы ферма меңгерушісі болғанда, лагерьдің жатын қасапханасынан сойылған малдың майын жасырып, тығып әйелдерге тасыған. Әйелдердің жағдайларының жақсара бастағанын сезіп, күдіктенген түрме қызметкерлері Мәриям апайды түрмеге қайта қамап, кейін «Долинкаға» ауыстырады [61 б.].

Сол бір тағдыр тауқыметін арқалаған мыңдаған әйелдердің бәрін тізіп көрсету мүмкін емес. Лагерьде КСРО мемлекет басшыларының, әскери қолбасшыларының әйелдері мен жақын туыстары, Қазақстан басшы қызметкерлерінің әйелдері мен балалары, жақын туыстары жазаларын өтеді. Ең бірінші елге белгілі аса танымал қайраткерлердің бала-шағалары қуғындалды. Алжирде маршал М.Н.Тухачевскийдің қарындастары Александра және Валентина Тухачевскаялар, С.Сейфуллиннің әйелі Гүлбаһрам, А.С.Енукидзениң әйелі мен қызы, Б.Майлиннің әйелі Күнжамал, Т.Рысқұловтың әйелі Әзиза, С.Қожановтың әйелі Күләндәм, С.Мендешовтың әйелі Рәзия, Т.Жүргеновтың әйелі Дәмеш, Н.Нұрмақовтың әйелі Зүпнүн, С.А.Асфендияровтың әйелі Рабиға және Майнұр Сарымолдаева, Елизавета Садуақасова, Мария Ескараева, Мариyam Тоғжанова, Әйіш Құлымбетова, Бибіжамал Сырғабекова, Сағадат Тәшитова, Шәкітай Тәгімова, Айша Қабылова, Кира Нұрмағамбетова (лагерьде атылған), Жанбике Шанина, Хадиша Мусина, Зарап Темірбековтың әйелі Сақыпжамал Назарова, Уәзипа Құленова, Мағрипа Рүстемова, Әсма Шоманова, Зағипа Тінәлина, Баршын Қалменова, Мәдина Оразова, Мариyam Есенгельдина, М.И.Ибрагимова, Сұлхан Бағызбаева, Жанбике Шанина, С.Такенжанова, Р.Мухамеджанова, М.Мамежанова, Рахиль Плисецкая, Шүкре Сүлейменқызы, Галина Серебрякова тағы да басқа көптеген танымал тұлғалардың әйелдері мен қыздары, апа-қарындастары азап шекті. Жазасын өтеп болғаннан кейін де сотталған әйелдерге астаналық ірі қалаларда өмір сүруге тыйым салынды. Оларға сондай қалалардан 101 шақырым қашықтықта ғана қоныстануға рұқсат етілді [25,131 б.].

Лагерь басшылары туралы қуғын-сүргінге ұшыраған аналардың естеліктерінен азды-көпті мәліметтер ала-аламыз. Лагерьде әр жылдары басшылық жасаған Журавлев, Баринов, Юзипенко, Бредихин секілді азаматтардың ішінен көзі тірі аналар С.В.Бариновтың адамгершілігі туралы көп айтады. Оның «Тұтқынның аты тұтқын. Ол саяси статьямен сотталды ма, немесе нағыз қылмескер ретінде сотталды ма, біз оған қарағанымыз жоқ. Кейбір рецидивистер тобының басқармалары түгел жұмысқа тартылды. Бұл шындық. Бізден де өкіметіміз бен партиямыз осыны талап еткен. Жасым жеткен адаммын. Қиындық болғаны рас. Көзбен көргенді жасыра алмаймын. Ал, аналарды шырылдатып, лагерьге айдау нағыз айуандық деп есептеймін. Бармағымды тістей отырып, сол күндерді әсіресе, аналардың қайғысын еске аламын. Оларға қол ұшын беретін менде қандай құдырет бар еді. Өзім қудаланып келгенмін. Менің бар қолымнан келгені - дауыс көтермедім, қолымнан келген көмек болса лагерь басшысы ретінде аяғам жоқ. Ал, басқа азаматтар жайлы сыртынан сөз айта алмаймын. Осындай уақыт өткен, балалар [29,50 б.] - деген сөздері, сол бір біреудің күнін біреуге қаратқан заманның жайсыздығын дәлелдей түседі. Ал «Алжирдің» лагерь бастығының орынбасары болған Юзипенко тұтқын аналардың өмірі туралы шындыққа жуыспайтын дәлелдерді алдыға тартады. Оның пікірінше лагерьдегі әйелдердің жағдайы жақсы болған, «Күнделікті нормасын орындап, үш уақыт тамақтанды. Олардың жеке санитарлық пункті болған, ауру-сырқауларды дәрігерлер қарап қол ұшын беретін. Лагерьде өлгендер жоқ. Өз басым мұндай оқиғаны көрмедім» [29,51 б.] - деп тарих алдында ақталады. Ал, «Алжир» бейнетін көрген аналар өз естеліктерінде Юзипенконың аналар еңбегінің арқасында орден, медальмен марапатталғандығын дәлелдейді.

Қуғын-сүргін саясатының басында тұрған И.Сталин отбасын ыдырату саясатын шебер ойластырған болатын. Бүгінгі таңда оның себебі де белгілі болып отыр. Репрессияға ұшыраған қазақстандық әйелдердің тағдырлары туралы айтатын болсақ.

Нығмет Нұрмақовты Мәскеуде БОАҚ-де 1937 жылы 3-маусымда тұтқынға алғаннан кейін, оның әйелі Зүпнұнды 20-шілдеде түрмеге қамаған. Ол кісі Мәскеудегі Бутырка түрмесіне 4 ай тұтқында болып, 1937 жылы Карелияға лагерьге айдалады [35]. 1941 жылы Зүпнүн апайды Карлагқа, одан кейін Алжирге әкелген. Ал, Нұрмақовтардың қызы Тамара балалар үйінде қайтыс болады.

Қазақ басылымының бөлім меңгерушісі Абат Әлібаев ұсталғанда оның жолдасы Зағипа Садуақасқызы Тінәлина да 1938 жылы «Р-17» Еңбек Түзету жұмысына жіберіледі. Зағипа Тіналина мен Гүлбаһрам

Сейфуллина ғана «халық жауларының әйелдері» арасында күйеулерімен кездесуге рұқсат алған әйелдер болатын [35,82 б.].

1937 жылы 13-тамызда Темірбек Жүргенов тұтқындалған соң, оның жұбайы Дәмеш апай да «Алжирге» айдалады. Ол кісі өзін майданға жіберуін сұрап 100 шақты хат жазған [35].

Тұрар Рысқұлов Кисловодскіде демалып жатқан кезде тұтқынға алынады. 1937 жылы 10-маусымда Мәскеуде Әзиза Рысқұлова қамалса, ал Әзизаның анасы Әрипа 1938 жылы 10-сәуірде сотталып, лагерьден шығуға бес-алты күн қалғанда қайтыс болады. Тұрар Рысқұловтың 4 жасар қызы Сәуле Одесск облысындағы Дубчанский балалар үйіне «тәрбиеленуге» жіберіледі. 1938 жылдың 5-мамыры мен 1939 жылдың 26-қарашасына дейінгі уақытта «тәрбиеленіп» болған соң, туыстарына берілген. Тұрар Рысқұловтың екінші баласы Рида Бутырқадағы жеке камерада дүниеге келеді. Әзиза апай кішкене сәбиімен Карлагқа, одан кейін «Алжирге» аударылды [35, 34 б.].

Аргуня Жақыпқызы (Жақып Ақпаевтың қызы) өз бастарынан кешірген зобалаңды «1931-жылы ағамыз Мұратты ұстады. Көп ұзамай шешемді де қамап қойды. Төрт бала, үлкені мен үйде жалғыз қалдық. Бірнеше күн бұрышқа тығылып жылап отырғанымыз есімде. Туысқандар да жоқ емес, бірақ ешкім есік ашпайды. Өйткені халық жауының балаларына камқорлық жасады деген айыптан қорқады... деп өз естелігінде жазады.

Сәкен Сейфуллиннің інісі Мәжиттің қызы Рымжан апай өз естелігінде Сейфуллиндер отбасының қайғысын жазады. Ол кісі, Сәкеннің әкесі Сейфолланы Киров колхозының (жаңа-Арка ауданы) «Бестоған» жерінде мал бағып жүргенде даладан ұстап әкеткенін, ал інісі Мәлік құдалаумен Түркістанға барып, әйелімен екеуінің аштан өлгендігін, Сәкеннің қалайша ұсталғандығын айтады.

«Сәкеннің ең көз тоқтатып қарағаны - шашылып жатқан кітаптары мен бума-бума папкалары болды. Аяңды қолына алып бетінен сүйді. Бала жылап жабыса берді. Күлбарамға ғана «қош», - деді. Қозғалар алдында бізге қарап:- қорықпандар, мен кешікпей қайтуға тиіспін. Мен өзім қолдан құрысқан өкіметтен мұны күткен жоқ едім. Ақ-қарасын анықтап босататын шығар», - деді. Сөйтіп, көз алдымыздан, тал түсте НКВД-ның төрт адамы қоршап, Сәкенді үйден алып кетті», - деп қайғылы сәтті жеткізеді [59].

Алматыдағы тамақ өндіру мекемесінде экономист болған Фазылағзам Ақтайұлы Әлихановтың әйелі Хабиба Мұрфарқызы да 8 жыл лагерьде отырған. Ал, осы Әлихановтың қарындасы Мариям Әлиханова-Есенгельдина 1942 жылға дейін лагерьде болған. Ол кісінің жолдасы Қалық Есенгельдин 1932-1934 жылдары Мәскеуде Қазақстанның сауда жөніндегі тұрақты уәкілі қызметін атқарып, 1936 жылы Семей қаласына қызмет бабымен ауысады. 1937 жылы ұсталады [31. 9 б.]. Кейін әйелі де түрмеге қамалады. Осы бір отбасын басына түскен зобалаңды алдыңғы бөлімде қысқаша айтып кеткен едік.

Кеңестік тоталитарлық қоғам талай баланы ата-анасына «жау» етіп тәрбиеледі. Сондай саясаттың салдарынан ата-анасынан бас тартқандар да болды. Түрмеде жазасын өтеген, лагерьде дәрігер болған Н.И.Соколоваға ұлы «Сіздер ата-ана емессіздер, сіздер «халық жауысыздар». Сіздерді білгім келмейді, ұмытуға тырысамын», - деп те хат жазған [50,119 б.].

Балаларының амандығына қуанып, бір көруге зар болған аналардың кейбірі осындай жан түршігерлік жағдайда да тап болған. Тіпті, есейген балалардың туған анасын тонап кеткен жағдайлары да жиі кездескен [50,133 б.]. Міне, кеңес мемлекетінің «халық жауларының балаларын қайта тәрбиелеу ісінің» жемісі. Баланы ата-анадан тірідей өгейлендіру арқылы ұрпақ арасындағы тәрбие мен текке байланысты жалғасу осылайша үзілген.

Қазақстанның компартиясы орталық комитеті жанындағы партиялық бақылау комиссиясының мүшесі, азамат соғысының батыры Мұхамбетқали Тәтімовтың қызы Клара апай анасын АЛЖИР-ге іздеп те барған. Ол кісі өз естелігінде: «Мен қандай жағдай болса да анамды табамын деп ойлады. Анама қалай жетемін? Туыстар мен дос-жарандар сырт айналды. Бізді аяғанмен бізге көмектесе алмайды. Себебі, өздері де «Халық жауы» атануы мүмкін». Сол жылдары «халық жауын» көп ұстаған адам «құрметке» жететін еді. Ондай адамнан жұрттар қорқатын еді. Құқық қоғау орындары неше түрлі заңсыздықтарға барды. Заң мен құқық қорғаушылардың өздері білгендерін істеді. Оның салдары әлі күнге дейін сезілуде. Мен анамды іздеп лагерьге барғанда, ол жүк тасу үшін лагерьдің сыртына кетіпті. Тек қана алты күннен кейін оралды. Менің келгенімді естіпті. Әлі күнге дейін анамның «Тірісің бе? Айналайын-ай!»- деп жан-құйқанды шырқырататын айқаймен, маған құшағын жая ұмтылғанын ұмыта алмаймын. Анам мені құшақтай сала есінен танып қалды. Осы жағдайдың куәсі болған аналар да көз жастарын тоқтата алмады» - деп жазады [58,15 б.].

Л.И.Мирзоянның әйелі Тевосян Юлия Федровна (Тевадросовна) тергеушілердің «күйеуіне қарсы шығуға» үгіттеген, азап-қорлығына шыдамай есінен ауысады. Ю.В.Тевосянның айтуынша, ол кісі Қызылордадағы псих. ауруханада қайтыс болған [53,257 б.].

Семейде насихатшылар мектебінде директор қызметін атқарған Зәки Құленовты 1937 жылы «халық жауы» ретінде ұстаған соң, оның отбасы да қудаланды. «Алжирде» отырып шыққан Уәзипа Майжолова-Құленованың естелігін келтірсек: «... Бес айдан кейін, 1938-жылы он жетінші наурызда мені алып келіп, түрмеге жапты. Қолымыздағы 3 жасар Кларамды балалар үйіне жібереді. [53,169 б.].

Сондай-ақ, осы тұста Олжас Сүлейменовтың әкесі Омар (офицер) «халық жауы» болып ұсталғандығын, анасы Бәтима және туған-туыстарының қудаланғандығын да айта кету керек. Ол кісінің немере інісі Мәдениет анасының көрген қиыншылықтарын айта келе, «Анамның жиі-жиі айтып отыратын әңгімесінен есімде қалғаны: сонау 30-жылдары тетелес қайнысы, яғни маған көке Омар ұсталып кеткеннен кейін, оның артында қалған әйелі Бәтима мен ұлы Олжас-тын. Қалған ағайындардан көз жазып қалған.» Омар Ташкент қаласында ұсталған. Соңғы рет татар офицерімен түстік тамақ ішуге үйге келген ол із-түссіз кетеді. Бәтиманың апталар бойы әуре-сарсаңынан еш нәтиже шықпайды. Ешкім жөнін айтпайды. Жездесі Қасым мен ағасы Оспанның әрекеттері де нәтижесіз болып, ақыры олар Бәтиманы Алматыға алып қайтады. Олжас ер жетіп, әлемге таныла бастаған кезде ғана, орыстың көрнекті тарихшысы Лев Гумилев өзінің бір кездері түрмеде Омар Сүлейменовпен бірге отырғандығын айтқан» деп өз естелігінде жазады. Ол кісі Олжаспен 1990 жылдың жазында ғана кездеседі [36].

Осылайша тоталитарлық қоғам отбасының шырқын бұзып, туған-туысты айырды.

Ал, Кәбира Құлымбетова әкесінің 1937 жылы Қырымда санаторийде демалып жатқанда ұсталғандығын, ал шешесін көп ұзатпай Ақмола лагеріне айдағанын айта келе, «... мені Шымкент облысындағы Сайрамның детдомына жіберді. [36].

Қазақ киносы мен театрының анасы атанған Әмина Өмірзақова да 1930 жылдары ағасы Қаптығай «халық жауы» болып, тұтқынға алынғанда, жұмыстан қуылады. Ол кезде Шымкент қаласындағы облыстық драма театрында жұмыс істейтін еді. Әмина апай Алматыға келіп, қалалық, өлкелік ПХК-нің табалдырығын тоздырғанмен еш нәтиже шықпайды. Ленинградта оқыған Әмина апа Мәскеуге барып, Калининнің қабылдауына сұранады. Алайда, кездесудің қиындығына қарамастан, табандылық танытып, ақырында Калининмен кездеседі. Ағасының кінәсіз екендігін дәлелдейтін бірнеше құжаттарды М.И.Калининнің алдына қояды. КСРО Жоғарғы кеңесінің төрағасы «...жұмыс бастан асып жатыр. Бұл мәселенің анық-қанығын анықтайтын ресми орындар бар. Мен соларға тапсырма беремін. Түрмедегілер есігін ашып шығара салатын қорада тұрған мал емес, ақ-қарасын әбден зерттейді. Егер, рас, сіз айтқандай жала жабылып, әділетсіздікпен отырса, онда, сөз жоқ ақталады. Ал, «халық жауы» болса, онда жағдайы қиын», - деп жауап берген. Әмина апай көп ұзамай ағасы Қаптығайдың ақталғандығы туралы ресми қағазды қолын алады. Көп ұзамай түрмеден ағасы да ақталып келеді [39].

Жазықсыз жазалағандардың тағдырын айтып бітіру мүмкін емес, әр түрлі тағдыр болғанымен, барлығының басындағы қайғы ортақ. Себебі, олар халық жауының әйелдері, балалары, туған-туыстары.

Бүгінгі таңда Қазақстан қалыптасу үстінде. Бізге рухани кемелділік қажет. Өткен тарихымызды тарихи танымға сай, ақылға салып, ақиқатымен таразылау ертеңгі барар жолымызды айқын көрсетуге көмектеседі.

Сонымен, кеңестік тоталитарлық қоғам мемлекеттің ең басты капиталы адам екендігін естен шығарып, адамилық мәселесін мемлекеттен кейінгі екінші орынға қалдырды. Сол саясаттың кесірінен аналар адам айтып жеткізе алмас азап шекті.

Саяси репрессия салдарынан талай отбасы жойылып ұрпақ аралық тәрбиеге нұсқан келтірілді. Сол кезеңдегі тоталитарлық жүйе аталған мерзім кезіндегі әйелдер қауымының тартқан азабы, яғни қазіргі тілмен айтқанда кеңестік саясатта гендерлік проблема назардан тыс қалды.

1 Иерицкий Ю.И. Концепция тоталитаризма: уроки многолетней дискуссии на Западе // История СССР. 1990. № 6. С. 172-191;

2 История и сталинизм / Сост. А.Н. Мерцалов.- М.: Политиздат, 1991. 446 с.

3 Козыбаев М.К. История и современность. -Алматы: Ғылым, 1991. 256 с;

4 Козыбаев М.К. Тарих сабақтарының тағылымы: Қазақстандағы қуғын-сүргін тарихынан //Қазақ әдебиеті. 1997. 27 мамыр;

5 Қамзабекұлы Д. Руханият (Саяси қуғын-сүргін құрбандары туралы мақалалар мен зерттеулер). Алматы: Білім, 1997. 272 б.;

6 Мусин М. Түнекте тұншыққандар. - Өскемен, 1997. 296 б.;

7 “Жаппай саяси қуғын-сүргінге ұшырағандарды ақтау” туралы Қазақстан Республикасының Заңы // Егемен Қазақстан. – 1993. – 18 мамыр.

8 Омарбеков Т. 20-30 жылдардағы Қазақстан қасіреті. Алматы: Санат, 1997. 320 б.

9 Козыбаев М.К., Алдажуманов К.С. Тоталитарный социализм: реальность и последствия. Алматы: Адилет, 1997. 150 с.

- 10 Нурғалиева Л. Қыспақ көрген әйелдер // Қазақстан әйелдері. 1997. №10. 12-13 б.
- 11 Орашьева М. Асылдың сынығы, адақтыларымының сарқыты // Коммунистік еңбек. 1989. 16 тамыз.
- 12 Шаймұханов Д.А., Шаймұханова С.Д. Карлаг. Караганда, 1997. 175 с;
- 13 Шаймұханова С.Д. Политические репрессии в Казахстане 1930-40-е и начало 50-х гг. - Караганда, 2000. 160 с.
- 14 Абдақимов А.А. Тоталитаризм: депортация народов и репрессия интеллигенции.-Караганда, 1997. 83 с. (45-48).
- 15 Қуандықов Е. Сүрең салған сұркия саясат. Алматы: Санат, 1996. 104 б. (25-45).
- 16 Кудерина Л.Д. Геноцид в Казахстане. -М.: Скорпион, 1994. 122 с.
- 17 Балтабаева А. К. Вовлечение казахских женщин в сферу государственного управления Казахстана (20-30 гг XX в): Дисс ...на соис. уч. степ. канд. ист. Наук. - М., 1995.
- 18 18. Карпыкова С. С. Женщины Казахстана: проблемы историографии (20-е-80-е гг. XX века): Дисс. ... на соис. уч. степ. канд. ист. наук. -Алматы, 1997. 162 с.
- 19 Әбішева Ж.Р. 1926-41 жылдардағы қазақ әйелдерінің арасындағы қоғамдық-саяси жұмыс: Тарих ғыл. канд. дисс. ... авторефераты. -Алматы, 2003. 27 б.
- 20 Жұмасұлтанова Г.А. Политические репрессии в условиях тоталитарного режима (20-е начало 50-х годов): Автореф. дис. канд. ист. наук. – Караганда, 1990. – 30 с.
- 21 Ахметов Қ. Қанатынан қайырылған қарлығаштар // Егемен Қазақстан. 2002. 29 мамыр.
- 22 Сәрсенбина Қ.Қ. Қазақстан әйелдері саяси қуғын-сүргін құрбандары (1925-1938 жж): Тар. ғыл. канд. дис. автореф. – Алматы, 2004. – 32 б.
- 23 Тәженов Ә., Байғалиев Б. Телжан Шонанов // Халық кеңесі. – 1994. – 1 қараша.
- 24 Абикенова К.Е. Телжан Шонанұлының қоғамдық-ағартушылық және ғылыми қызыметі (1894-1938 жж.).- Алматы, 2007. 134-б.
- 25 Тасымбеков А. Карлаг-қасірет мекені // Мәдениет және тұрмыс. 1989. № 4. 4-6 б.
- 26 Доднесь тяготеет. /Сборник воспоминаний, дневников, их записей. Сост. С. С. Виленский. — М.: Советский писатель, 1989. 592 с.
- 27 Абрамов Д. Места заключения и репрессированные. Алматы: Глобус, 2001. 142 с. (126).
- 28 Қозыкеев О. Карлаг қаласындағы қос қызғалдақ //Ақ жол. 1990. 11 шілде.
- 29 Әбдікәрімов С. Ағасын арашалап қалған қыз // Қазақ әдебиеті. 2004. 5 наурыз.
- 30 Мусин М. Түнекте тұнышыққандар. Өскемен, 1997. 288 б. (25-30).
- 31 Нурғалиева Л. Қыспақ көрген әйелдер // Қазақстан әйелдері. 1997. №10. 12-13 бб.
- 32 Алғашқы қарлығаштар /Құраст. Д.Дәуренбекова. Алматы: Қазақстан, 1993. 208 б.
- 33 Арент Х. Массы и тоталитаризм // Вопросы социологии. 1992. №1. С.15-23;
- 34 Кан А.С. Постсоветские исследования о политических репрессиях в России и СССР // Отечественная история. 2003. №1. С. 115-123
- 35 Хайек Ф. Дорога к рабству //Вопросы философии. 1990 № 11. С. 123-165.
- 36 Абылхожин Ж.Б. Классовый натиск / Депортированные в Казахстан народы: время и судьбы. Алматы: Арыс, 1998. 428 с.
- 37 Абылхожин Ж.Б., Козыбаев М.К., Татимов М.Б. Казахстанская трагедия //Вопросы истории. 1989. № 7. 10-25 с;
- 38 Нұрпейісов К.Н. Алаш ғам Алашорда. Алматы: Ататек, 1995. 256 б.;
- 39 Тәженов Ә. Қайраткер шеккен қасірет //Халық кеңесі. 1994. 20 қазан.;
- 40 Қамзабекұлы Д. Руханият (Саяси қуғын-сүргін құрбандары туралы мақалалар мен зерттеулер). Алматы: Білім, 1997. 272 б.;
- 41 Мусин М. Түнекте тұнышыққандар. Өскемен, 1997. 296 б.;
- 42 Омарбеков Т. 20-30 жылдардағы Қазақстан қасіреті. Алматы: Санат, 1997. 320 б.;
- 43 Дулатова Г. Тағдырластар немесе 20-30 жылдары «халық жауы атанып, қуғынға ұшыраған азаматтардың жарлары мен перзенттері жайлы естелік //Қазақстан әйелдері. 1993. № 12. 7-9 б.;
- 44 Сборник нормативно-правовых актов о реабилитации жертв массовых политических репрессии. Алматы: Жеті Жарғы, 1997. 64 с.
- 45 Книга скорби- Азалы кітап. Расстрельные списки /Сост. Айдаров Т.Е., Баталова Г. Вып.2.-Алматы, 1998. 288 б.
- 46 Саржанова С.С. Сот-тергеу, әкімшілік органдары кеңестік зорлық-зомбылық шараларын жүзеге асырушы: тарихы мен сабақтары. (1925-1932): Тарих. тыл. канд. дисс. ... автореф. Алматы, 2002. 29 б.
- 47 Хрестоматия по новейшей истории Казахстана/ Под ред. К.С.Каражанова.- Алматы, 2002, 383 с.
- 48 Майжолова У. Зұлмат жылдардың жүрекке салған жарасы жазылған жоқ//Қазақстан әйелдері. 1997. № 11-12. 10-13 б.
- 49 Бейсенова Ш. Әйелдік нәзік жүректен айналасына шуақ шашқан абзал ана Фариды Назарбекқызы туралы // Қазақстан әйелдері. 1993. № 10. 15-18 б.
- 50 Әбдікәрімов С. Ағасын арашалап қалған қыз // Қазақ әдебиеті. 2004. 5 наурыз.
- 51 Нұрсәпаров Х. Арада алтыс жыл өткенде //Дидар. 1997. 5 тамыз.
- 52 Тасымбеков А. АЛЖИР-ден ескен жел //Заң газеті. 1997. 16 мамыр.



- 53 Тасымбеков А. КАРЛАГ қасіреті немесе қалың елім қазағым //Заң газеті. 1997. 28 мамыр.  
54 Бөкеев М. АЛЖИР-ден азалы үн естіледі //Арқа ажары. 1997. 31 мамыр.  
55 Қаһарманұлы Г. Зылиханың Тарыда болуы //Көкшетау. 1997. 9 қаңтар.  
56 Сеитова К. После расстрела //Мысль. 1997. № 10. с. 86-87;  
57 Сапарова М. Узница Карлага //Кустанайские новости. 1996. 26 марта.  
58 Болтина В. Женские судьбы // Звезда Прииртышья. 1997. 6 мая.  
59 Николаев В. Женщины ГУЛАГа //Казахстанская правда. 1997. 31 мая.  
60 Жүністегі Қ. Тозағын кеішкен дүниенің //Арқа ажары. 1994. 12 қаңтар

### Түйіндеме

Кеңестік тоталитарлық қоғам мемлекеттің ең басты капиталы адам екендігін естен шығарып, адамилық мәселесін мемлекеттен кейінгі екінші орынға қалдырған болатын. Сол саясаттың кесірінен аналар көп азап шекті. Жазықсыз жазалағандардың тағдырын сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес, олардың тағдырлары әр түрлі болғанымен, барлығының басындағы қайғы ортақ болды. Себебі, олар халық жауының әйелдері, балалары, туған-туыстары. Саяси репрессия салдарынан талай отбасы жойылып ұрпақ аралық тәрбиеге нұсқан келтірілді. Сол кезеңдегі тоталитарлық жүйе аталған мерзім кезіндегі әйелдер қауымының тартқан азабы, яғни қазіргі тілмен айтқанда кеңестік саясатта гендерлік проблема назардан тыс қалды.

**Тірек сөздер:** мемлекет, қоғам, әйел, саясат, халық жауы, жазықсыз жаза, тоталитарлық жүйе, репрессия

### Резюме

Во времена советского тоталитаризма судьбы женщин подвергшиеся репрессиям были подвергнуты нечеловеческим испытаниям. Женщины, лишившиеся свободы были обозначены лишь номерами, и не имели никаких прав. На обвиняемых смотрели не то, чтобы как на матерей, их даже не считали людьми. Вследствие чего, не смотря на ужасные погодные условия, их заставляли тяжело работать. Осужденные матери были вынуждены отбывать не только средства, которые тратятся на их содержание, но и должны были приносить дополнительную пользу государству. Советская тоталитарная система множество детей воспитала «врагами» своих родителей. Из-за такой политики было много детей отказавшихся от родителей. Таким образом, тоталитарное общество разрушало семьи, и отнимало близких родственников друг у друга.

Вследствие политических репрессий многие семьи исчезли, тем самым причинив вред системе воспитания поколений. При тоталитарной системе того времени тяготы перенесенные женским обществом остались незамеченными. Говоря нынешним языком, при советах гендерная политика осталась без внимания.

**Ключевые слова:** судьба, женщина, репрессия, государство, советская, тоталитарная, система

### Summary

At the time of the Soviet totalitarianism of destiny of women undergone repressions were put on inhuman trials. The women deprived of freedom were designated only by numbers, and had no rights. For accused watched not that as on mothers, didn't even consider them people. Owing to what, despite awful weather conditions, them forced to work hard. The condemned mothers were compelled to work not only means which are spent for their contents, but also had to bring additional benefit to the state. The Soviet totalitarian system brought up a great number of children "enemies" of the parents. Because of such policy was many children who refused parents. Thus, totalitarian society destroyed families, and took away close relatives each other.

Owing to political repressions many families disappeared, thereby having done harm to an educational system of generations. At totalitarian system of that time of burden transferred women's society remained unnoticed. Speaking to present language, at soviets the gender policy remained unaddressed.

**Keywords:** Soviet, totalitarianism, undergone repressions, Soviet totalitarian system, the state

## **ЖАЛПЫ ТАРИХ** **ВСЕОБЩАЯ ИСТОРИЯ**

УДК 327 (82/3):001

### **ҚАЗІРГІ УАҚЫТТАҒЫ ҚЫТАЙДЫҢ СЫРТҚЫ САЯСАТЫ**

**К.Н. Макашева** – доктор исторических наук, профессор,

**А.А. Изтаева** – магистрант 2 курса специальности «Международные отношения» факультета  
международных отношений Казахского Национального университета им. аль-Фараби

Ұсынылған мақалада автор Қытайдың қазіргі кезеңдегі сыртқы саяси доктринасының негізгі қағидаларымен белгіленетін және әлемдік қауымдастықтың басқа да мүшелерімен өз-ара әрекеттесетін принциптеріне негізделетін сыртқы саясатын қарастырды. Сонымен қатар, ҚХР-дың көпжақты бағыттағы халықаралық саясаты, энергетикалық және ядролық қауіпсіздік салаларындағы ынтымақтастығы, ұлы державалармен қатынастарындағы саяси, экономикалық мүдделеріне сипаттама берілді. ҚХР-дың Орталық Азия аймағындағы қызығушылықтары қарастырылды.

**Кілтті сөздер:** ұлттық мүдделер, аймақтық қауіпсіздік, өз-ара тиімді ынтымақтастық, сыртқысаяси доктрина

Қытайдың қазіргі сыртқы саясаты ҚХР-ның бұрыннан келе жатқан сыртқы саяси доктринасының принципті қағидаларымен, әлемдік қауымдастықтың басқа мүшелерімен өзара әрекеттесу тәжірибесімен, сондай-ақ экономикалық жаһандану императиві және адам дамуына төніп тұрған жан-жақты қауіп-қатерлерді жеңіп шығуға бағытталған халықаралық күшті үйлестірумен айқындалады.

Қазіргі кезде Қытайдың сыртқы саясаты «қырғи қабақ соғысы» аяқталған кейінгі халықаралық қатынастардағы басымдыққа ие болған жағдайды айтарлықтай кең түрде қамтып көрсетеді. Сонымен бірге қытайлық мүдделердің әлемдік сахнадағы негізгі саяси және экономикалық ықпал ету орталықтарының мүдделерімен көбінше сәйкес келуіне қарамастан, олардың жүзеге асу үрдісі әрқашан қанағаттанарлық бола бермейді [1].

Кең көлемді шығыс-азиаттық қауымдастық құруда Пекин ортақ проблемаларды шешу үшін құрылған және бұл жағдайда шешу тәсілдері алуан түрлі болып келетін субаймақтық ұйымдар мен мүдделі мемлекеттердің бірлестіктерінің басқа формаларын пайдалануға ұмтылады. Белгілі шектерде экономикалық, қауіпсіздік мүдделері басым болады, сонымен қатар бірлестіктердің даму қарқыны мен кемелденуі, мүшелердің сенім деңгейі мен жақындығына байланысты айырмашылықтар бар, дегенмен негізгі біріктіретін бастама өзіндік алмастыруға болмайтын және сендіретін рөлі бар және ауқымды аймақтық үрдістердің қозғаушы күші ретінде алға шығуға қабілетті Пекиннің интеграциялық тұжырымдамалары болып табылады.

Қазіргі таңда Қытай қарқынды дамып келе жатқан, соңғы онжылдықтар бойына экономикалық әлеуеттің жоғары даму қарқынын, нақтырақ айтқанда жылына 9%-дан жоғары көрсеткішті көрсетіп отырған (2005 жылы ЖІӨ көлемі бойынша Қытай АҚШ, Жапония мен Германиядан кейінгі төртінші орынға жайғасты), өз тұрғындарының өмір сүру деңгейі мен сапасын арттыратын маңызды әлеуметтік міндеттерді шешуге бағдарланған, догмалар мен қағидаттар мемлекеттің даму және ілгерілеу мүдделеріне қызмет етуін тоқтатқан кезде оларды өзгертуге дейін баратын мемлекет. Әрине, Қытай өмірінде түйінді проблемалар аз емес, бірақ бұл проблемалар әлеуметтік-экономикалық құрылымның төмен нәтижелілігі мен басқару жүйесінің артта қалғанынан туындаған жоқ, бұл даму проблемасын құрап отыр.

Халықаралық қатынастар саласында да Қытай әсерлі нәтижелерге қол жеткізді. Қытай заң бойынша БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінде орны бар, күрделі ғаламдық проблемаларды шешуге, әлем бойынша жаппай қырып жою қаруларының таралуына жол бермеу, адамзатқа төніп тұрған жаңа қатерлер – халықаралық терроризм, экологиялық апат қауіпімен күреске бағытталған барлық халықаралық бастамалардың белсенді қатысушысы. Қытайдың әлемнің жартыдан көп халқы тұратын, жаппай қырып жою қаруларына ие ең көп державалар орналасқан, ең жоғары өсім динамикасы бар және қазіргі уақыттағы сөзсіз нарықтар пен ресурстарға деген әлемдік бақталастық пен бәсекелестіктің басты орталықтарының бірі болып саналатын Азия- Тынықмұхиттық аймақтағы рөлі үлкен. Оның Еуропалық Одақ елдерімен экономикалық және саяси әрекеттестігі үдемелі түрде дамып келеді. Соңғы жылдары ҚХР-ның дамушы елдермен әлемдік отаршылдық жүйе КСРО ыдырап, жаңа тәуелсіз мемлекеттер пайда бола бастаған кез ХХ ғасырдың 50-60 жылдары бастау алған қатынастары жанданды.

Қытай үшін басты маңызды міндет Америка Құрама Штаттары мен Ресей Федерациясымен қарым-

қатынас болып табылады. Қытай аталған елдермен шамаласып, олардың мүдделерін негізге ала отырып өз саясатын құрады. АҚШ – Қытайдың ірі экономикалық әріптестерінің бірі. Соңғы жылдары Қытай мен Ресей арасындағы сауда-экономикалық ынтымақтастық екпіні бірден өсті және бұл бағыттағы екі өзара шекаралас мемлекеттің қорлары шын мәнінде шексіз [2].

Қытайдың халықаралық қатынастар саласындағы қол жеткізген жетістіктері ешбір күмәнсіз көбіне оның елеулі экономикалық жетістіктерінің нәтижесі болып табылады. Дегенмен бұл табыстар Қытайдың белсенді сыртқы саясатының, биполярлы қақтығыстық әлемде және қазіргі жағдайда епті түрде әрекет етіп келе жатқан, мемлекеттің экономикалық өсіміне және Қытай Халық Республикасының әлемде беделін пайдалана алатын мықты, гүлденген, жоғары дамыған, қазіргі заманға сай мемлекетке айналуына күш салып жатқан қытай дипломатиясының белсенді рөлінсіз соншама әсерлі болмас еді.

ҚХР орталықтары Кеңес Одағы мен Америка Құрама Штаттары болған әлем екі антогонистік жүйеге бөлінген кезде халықаралық сахнаға аяқ басты. Сол кезде Қытай, халықаралық қақтығысқа қатысып, КСРО-мен қатар позицияны иеленді. Сонан соң ұзақ мерзімді ауысу, ауыртпалықпен кеңес ықпалы аймағынан шығу, әлемдік саясатта өз орнын іздеу орын алды. Қазіргі таңда Қытай басшылығы әлемнің барлық мемлекеттерімен олардың әлеуметтік-саяси құрылымына қарамастан тең құқықты, өзара тиімді ынтымақтастық саясатын жүргізуде. Сонымен бірге Қытай көпполярлы әлем үшін ерекше белсенді күресші және бастамашылардың бірі болып табылады.

Ресей-қытай қарым-қатынастары қазіргі таңда жаһандық ынтымақтастықтың ең динамикалық құраушысы болып табылады. Олар еуразиялық аймақта және одан тыс жерлерде де тұрақты және болжамдалатын жағдай тудырады. Ресей мен Қытай бірігіп көпполярлы әлемнің құрылуына, халықаралық қатынастардың жаңа құрылымында демократиялық бастамалардың дамуына, олардың құқықтық негізі мен көп жақты институттарының нығаюына қолдау көрсетеді.

Дәл сол себепті де Қытайдың сыртқы саясатын халықаралық қатынастар жүйесінің трансформациясы мәнмәтінінде талдау мәселесі нақты тарихи дәуір тұрғысынан үздіксіз зерттеуді талап етеді. Мұндай зерттеулер қазіргі халықаралық қатынастарды сараптауда үлкен теориялық және тәжірибелік маңызы бар.

2005 жылы ҚХР өзінің сыртқы саясатын Қытайды Шығыс Азиядағы басты держава рөліне көтермелеуді болжамдайтын және әлемдік саясаттың негізгі бағыттары бойынша біртіндеп, алдын ала жылдарға есептелген АҚШ-мен тепе-тең позицияға жетуді көздейтін «елдің бейбіт дамуы» атты жаңа стратегиялық басымдыққа сәйкес құруды жалғастыра берді.

Қытайдың сыртқы саясаты мен дипломатиясы қазіргі өзінің гүлдену кезеңінде негізгі нәтижесі қытайдың мүдделерін оны ұлы держава ретінде жүзеге асыру болып табылатын «әрекет нәтиже» моделі бойынша құрылуда. Бұл жағдайда қытайлық саясаткерлер мен саясаттанушылар ұсынатын халыққа бағытталған дипломатия, ғаламдық басқару және үйлесімді әлемдік қауымдастық құру бағытындағы тұжырымдамалары едәуір тартымды болып көрінеді. Алайда олардың нақты мазмұны, бастысы әдістері, олардың қазіргі әлемде жүзеге асыру механизмдері әлдеқайда анық емес көрсетілген. Сонымен қоса Қытайдың көп ғасырлық саяси мәдениет дәстүрлерін ескермеуге болмайды, әсіресе, бұл әлемде Қытайдың орны жаңа сыртқы саяси тұжырымдамалар мен геосаяси көзқарастарға әсер етуі мүмкін деген қоршаған ортаға көзқарас. Егер де «бейбіт даму» мақсатын негізге алсақ, халықаралық саяси масштабта толықтай көрсеткен маңызды бағыттар мен қытайлық стратегияның әдістері құрылды.

Соңғы онжылдықтарда Қытай аймақтық державадан жаһандық державаға айналып келеді. Қазірде Қытай да, Америка да әлемдік тұрақтылық пен тәртіптің сақталуында стратегиялық мүдделері бар ұлы державалар болып табылады. ҚХР –ның әлемдегі орны мен рөлінің өзгеруін елдің бірлескен күш-қуатының дамуымен тікелей байланыстырады. ҚХР үшін экономикалық басымдықтар да өзгерді: егер бұрын бірінші кезекте капиталдар мен технолигиялар болса, қазір бірінші орынға нарықтар мен ресурстар: жер, су, мұнай, минералды ресурстар шығады [3].

Қытайдың ұлы державаға айналуы туралы айтқанда қытайлық авторлар бір мезгілде ҚХР дәстүрлі ұлы державалардың жолынан өзгеше ерекше жолмен келе жатқанына ерекше көңіл аударады. Қытай Батыс үстемдік етіп тұрған қазіргі әлемдік жүйеде алдыңғы орынға шығып келе жатқан алғашқы шығыс елі. Қытай ішкі экономикалық даму мен ұлттық дәстүрлер және пәтуа дипломатиясына негізденетін «бейбіт дамуға» ерекше көңіл бөледі. Осылайша ҚХР қазіргі халықаралық қатынастарға жаңа элементтер қосуда.

Соңғы жылдары ҚХР-ның үкіметі елдің халықаралық аренадағы позициясын күшейту бағытын алған болатын. Бұл мақсат үшін «Қытайдың өз шекарасынан шығу» стратегиясына жасалды. Бұл стратегияның принциптерінің бірі ҚХР мүше болып табылмайтын халықаралық ұйымдармен белсенділікті күшейту, сондай-ақ өзі заң бойынша тұрақты мүше болып саналатын ұйымдарда, сонымен бірге жалпы әлемдік жүйеде көбірек бастамалық қызметтерді жүзеге асыру болды.

БҰҰ-ғы Қытайдың қызметі үлкен маңыздылыққа ие. БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты мүшесі болумен қатар, Қытайдың аталмыш ұйымда ерекше орны бар, себебі ол Қауіпсіздік Кеңесінде veto құқығына ие. Бұл ҚХР-на басқа бірқатар елдермен салыстырғанда теңдесі жоқ басымдық береді және белсенді сыртқы саяси бағыт болжайды. Дегенмен, тәуелсіз зерттеуші Боб Лоның пікірінше, халықаралық аренада Қытай өзін аймақтық және жаһандық проблемаларды шешуге әрдайым белсенді қатысушы «әлемнің рақымды азаматы» ретінде көрсетуге тырысуда [4]. Ол әділетті халықаралық тәртіп құру, гегемонияға қарсы күрес, дамушы елдерді қолдау және мемлекеттер арасында бейбіт қарым-қатынастардың дамуына байланысты түрлі бастамаларды алға тартып жүр. Бұдан басқа ҚХР-ның күш салуының арқасында БҰҰ шеңберінде көп жақты дипломатия дамып келеді. Мемлекет Ұйымының бітімгершілік операцияларына да қатысады. Бұл қытайлық басшылықтың БҰҰ-ның қызметіне деген амбициясы мен қызығушылығының өскендігін көрсетеді.

2001 жылдың 11 желтоқсанына бастап қытай ДСҰ-ның мүшесі болып саналады. «ЖеньминьЖибао» газетінде көрсетілгендей: «ДСҰ-на мүшелік кезеңінде Қытай кеден салығын қысқарту және төмендету шаралары бойынша міндеттерін белсенді орындады, сонымен қатар заң және ережелердің айқындығын күшейтті, бүкіл ел бойынша сауда саясатының бірыңғай жүзеге асырылуы жөнінде бірқатар шаралар қолданды» [5].

Әлемнің ең қарқынды дамушы елі бола отырып, Қытай «Үлкен жиырмалық» және БРИК саммиттеріне белсенді қатысады. Тәуелсіз газеттің ойынша, Қытай - «өздігінен жаңа мемлекеттерді біріктіретін шынайы бірлестікке айналды» [6]. Сөйтіп, дәл Пекиннің ұсынысымен ОАР БРИК тобына қабылданған болатын.

Қытай ШЫҰ және АТЭС сияқты халықаралық ұйымдардың мүшесі болып табылады, сонымен бірге АСЕАН бірге белсенді әрекеттеседі. Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы алғашында ресей және қытай әлемі арасындағы шекаралық дауларды реттеуге және ынтымақтастық механизмін құруға мүмкіндік берген бұрынғы алауыздықты жеңілдетуге бейімделген. Қазірде басымдық сауда-экономикалық ынтымақтастыққа беріледі, сонымен қоса терроризм, радикализм, есірткі бизнесімен күреске көңіл бөлініп, бірлескен әскери жаттығулар жүргізілуде.

Қытай әскери байланыстардың дамуы мен әскери дипломатия стратегиясының қолданылуына ерекше көңіл бөледі. ҚХР НАТОмен түрлі бағыттарда белсенді түрде байланыс жасап отыр, соның ішінде халықаралық және аймақтық ұйымдардың бейбітшілік пен тұрақтылықты сақтау жөніндегі қызметтері бар. Сонымен қатар Қытай кейбір аймақтық ұйымдармен диалогты дамытып отыр, мысалы ЕО және Қытай-Африка ынтымақтастық Форумы [7].

Осылайша Қытай халықаралық аренадағы маңызды ойыншыға айналып барады. Бұл мәртебеге қол жеткізу тәсілінің бірі және елдің тұрақты дамуы үшін қолайлы жағдай жасауға қызмет ететін, ҚХР басшылығы мен дипломатиялық қызметкерлері сәтті жүзеге асырып келе жатқан - қоғамдық дипломатия.

Қазіргі кезеңдегі Орталық Азия аймағындағы ҚХР-ның сыртқы саясаты ішкі даму басымдықтарымен – ішкі саяси тұрақтылықты сақтап тұру, өндіріс пен экспортты ұлғайту, көмірсутек шикізаты мен минералды ресурстарды импорттау арқылы тұрақты экономикалық дамуды қамтамасыз ету қажеттілігімен тікелей байланысты. Тұрақты ішкі дамудың ең бірінші қажетті шарты қарастырылатын мемлекеттерге сәйкес – аймақтағы стратегиялық тұрақтылық пен қауіпсіздікті сақтау, Қытай үшін ықтимал және шынайы стратегиялық қауіптің пайда болуының алдын алуға жағдай жасау сияқты бейбіт халықаралық жағдай құру [8].

Орталық Азия елдерінің өзінде және Ауғанстандағы тұрақсыз жағдай Қытай үшін айтарлықтай қауіп тудырады. Ең алдымен бұл терроризм, діни экстремизм және заңсыз есірткі заттарының айналымы проблемаларына қатысты болып отыр. Бұл проблемалардың барлығы Қытайдың Ресей мен Орталық Азия Республикалары елдерімен екіжақты деңгейде, сонымен бірге халықаралық ұйымдар шеңберінде, ең алдымен Шанхай ынтымақтастық Ұйымы аясында интенсивті түрде ықпалдасуға мәжбүр етеді. Қысқа мерзімді келешекте ШЫҰ Орталық Азиядағы Қытай ықпалының өсуінің маңызды құралы болып қала бермек [9].

ҚХР сонымен бірге аймақта ұзақ мерзімді экономикалық мақсаттар көздеп отыр. Қытайдың экономикалық саясатының басты мақсаттарының бірі Орталық Азия елдерімен сауданы ұлғайту. Қытайдың ең маңызды сауда байланыстары Қазақстан және Қырғызстанмен орнатылған. Соңғы бірнеше жылдарда қытай тарапы аймақтағы елдермен экономикалық ынтымақтастықты ынталандыру бойынша бірқатар ұсыныстар енгізген болатын.

*1 Санаков С.Ф. Борьба против гегемонистских проявлений в американской политике. Об аналитической записке «Российский подход к Китаю на рубеже веков: проблемы и перспективы» // Аналитические доклады*

Научно-координационного совета МГИМО (У) МИД России. Шығарылым 1 (6). 22б.

2 Отношения с Китаем в долгосрочной перспективе // *The Wall Street Journal*. – 2006, 20 сәуір, 87-91б.

3 Чань Ян. Роль Китая в урегулировании северокорейской ядерной проблемы. // *ПОЛИС. Политические исследования*. 2008. № 2. 157–161б.

4 Лю Б. «Постоянная перегрузка» Китая // *Россия в глобальной политике*. 2010. №5, 22-27б.

5 К 7-й годовщине вступления в ВТО Китай сдал удовлетворительный «экзаменационный лист» // *Жэньминьжибао*. 12 ақпан, 2009.

6 Сергеев М. Группа БРИК превратилась в БРИКС // *Независимая Газета*. 27 желтоқсан, 2010.

7 Джусупов Б. Политика Китая в Центральной Азии // *Басылым «Ташкент»* 2010. 48-59б.

8 Парамонов В.В., Строков А.В. Интересы безопасности Китая в Центральной Азии, (Информационно аналитический доклад) // *Великобритания*, 2008.

9 Сыроежкин К.Л. «Большая игра» в Центрально-Азиатском регионе // "Экономические стратегии – Центральная Азия", №5-2007, 48-55 б.

### Резюме

В статье рассматривается внешняя политика Китая на современном этапе, которая определяется принципиальными положениями внешнеполитической доктрины КНР и непосредственного взаимодействия с другими членами мирового сообщества. В статье рассмотрены политические шаги КНР, осуществляемые Пекином по многим направлениям международной политики и позиций на мировой арене, также рассмотрены политические, экономические интересы, взаимовыгодное сотрудничество в сфере энергетической и ядерной безопасности, а именно отношения Пекина с великими державами, как РФ и США. Непосредственно рассмотрены интересы Китая в регионе ЦА.

**Ключевые слова:** национальные интересы, региональная безопасность, взаимовыгодное сотрудничество, внешнеполитическая доктрина

### Resume

This article represents foreign policy of China at the present stage, which decides by basic provisions of the foreign policy doctrine of the People's Republic of China and direct interaction on other members of the world community.

The political steps of the People's Republic of China, which are carried out by Beijing in many directions of international policy and positions on the world scene are considered. Political, economic interests, mutually beneficial cooperation in the sphere of energy and nuclear security, namely the relation of Beijing with great powers, as the Russian Federation and the USA are also considered. Interests of China in the region Central are directly considered.

**Key words:** national interests, regional security, cooperation, foreign policy doctrine.

УДК 009.11

## SOME FEATURES OF INTERETHNIC SITUATION IN ROMANIA

*M.B. Zhanarstanova – PhD student L.N. Gumilyov Eurasian National University  
Faculty of Journalism and Political Science*

The ethnic question has been one of the most potentially dangerous in post-communist Romania, in particular the relationship between the two most numerous ethnic groups - Romanians and Hungarians caused concern. Events in 1990 in Tirgu Mures showed a high potential for an ethnic conflict.

The article analyzes the interethnic relations between the two ethnic groups, reviews the driving force of positive change in this area, and studies the national policy of Romania in the context of protection of political rights of national minorities.

**Key words:** ethnic group, Romania, Hungarians, accession to the European Union, the rights of national minorities, positive discrimination

Events in the world allow us confidently say that the ethnic issue is relevant today than ever. Moreover, an ethnic conflict not only cause instability within the country but also poses a threat to regional security. Therefore, the regulation of the national policy is one of the most important components to maintain stability not only in a country, but also in the whole region.

In Romania ethnic question also plays an important role in the politics of the country. One of the most potentially dangerous questions in post-communist Romania was relationships between two main ethnic groups – Romanians and Hungarians.

The focus of the article is ethnic issue in Romania, namely past tensions between Hungarians and Romanians as a potential instability factor for the future, the improvement of the situation and the main leitmotif of it, the way of national minorities protection.

### **Hungarians: a potential source of instability**

Hungarian issue in Romania deserves attention as Hungarians are the largest ethnic group in the republic, constituting more than six percent of the population (2002 census). Moreover, Hungarian minority in Romania represent distinct issue not only because of its large number, but also due to the fact that it is “a time bomb that might explode” (Van Marle & Paul, 1997).

There was such ‘explosion’ in Romanian history, which increases the probability of ethnic conflict and of new clashes in the future.

The case in hand is violent clashes between Romanians and Hungarians in Tirgu Mures in March 1990. The fact that events would occur at that city was quite predictable and understandable, as there is a great number of Hungarian population there, which was initially the dominant ethnic group, and only during the communist Ceaușescu regime influx of Romanian population in the city began that led to its almost equal proportion of Romanians and Hungarians nowadays.

Serious clashes began on 19 March 1990, when armed with sticks and bottles crowd of Romanians had gathered near the headquarters of the Democratic Union of Hungarians in Romania (UDMR), attempting to penetrate the building, which resulted in injury of several Hungarians. The next day, about 15,000 Hungarians and their supporters among Romanians came to the main square of the city as a response to what happened the day before, and were attacked by Romanians, and the violent clashes between two lasted until the next morning of March, 21. Despite the fact that the Romanian government has accused Hungary in contributing to the tension, where, among other things, was mentioned provision of “the Hungarian minority with maps and textbooks in which Transylvania was presented as Hungarian territory” [1], some scholars concur (Kostecki, 2002; Gallagher, 2005) that the real force that provoked the violence to take place were circles in Romania and not in Hungary.

The significance of these events is undeniable, as it was the first ethnic clashes not only in the republic, but also in the post-communist Balkans, and that is why solution of the ethnic issue in Romania is of great importance.

The ethnic issue in Romania is also complicated by the migration processes. There was a big outflow of Hungarians and other non-titular nations from the territory of the state. Between 1989-1998 periods more than 46 thousands of Hungarians left the country, where the biggest rate of migration was at the first post-communist years (10,099 people in 1989 and 11,040 in 1990) [2, p.16]. Reasons of such emigration are willingness to return to their homeland, where they won't be a minority (so-called ‘psychological burden of minority status’); worsening economic situation, and discriminatory policy of the Romanian state [3].

In this respect, Brubaker's “triangular relationship among incipient nation-state, national minority, and external national homeland” is of great importance (Brubaker, 1994: 64). The kin state plays a crucial role in ethnic situation of Romania, as elites in neighboring Hungary monitor the situation of their coethnics for the purpose of prevention of their discrimination. Moreover, official policy of Hungarian authority is also important for understanding emigration processes in Romania. One of the most outstanding figures in Hungarian ruling circles is the former Hungarian Prime Minister, Viktor Orbán, who repeatedly supported the idea of Hungarian autonomy in Romania. In October 1998, for instance, he claimed that “the Hungarian nation's border does not coincide with Hungary's borders”, indicating for the autonomy of Hungarians in Romania as a preferred option [2, p.51]. Such claims continued throughout the years, and in his speech at the Summer University at Balványos, in Romania in July 2004 he declared that

“Now is the right time to ask for autonomy because now the European Union looks with sympathy towards this idea, - [adding that] - Autonomy could be achieved here only with support from the masses” [4].

Romanian government rather negatively reacted to such statements, which is fully demonstrated in Crin Antonescu's answer:

“We are firmly telling Viktor Orbán that he has a country to run and that country is called Hungary alone and it's good for him to evaluate whatever the divinity wants only on Hungarian territory, – [and] – It's unacceptable for a Hungarian high official to tell us how we should organize our country's territory in order for Viktor Orbán and the divinity to be satisfied [5].

Uneasy relationship between two countries improved after the signing of a bilateral agreement in September 1996 – “Treaty of understanding, cooperation and good neighbourliness”. This treaty is of great importance in the sphere of ethnic groups protection, as it grants a lot of rights for national minorities (namely for the Romanian minority in Hungary and the Hungarian minority in Romania), which are fully described in Article 15 of the Treaty:

(2) [...] the right to create and maintain their own educational, cultural and religious institutions, organizations or associations; (3) ... the right to freely use their mother tongue, in private and in public, orally and in writing; (5)

... the right to effectively take part, individually or through their political parties or organizations to the political, economic, social and cultural life and to resolution of issues of national or local interest, through their elected representatives in bodies of central or local public authorities [6].

This Treaty is of great importance for Romania not only in case of Hungarians, but also as a demonstration of ethnic sphere regulation and improvement.

It was signed by the influence of the EU enlargement process, according to which Romania had to promote good relations with its neighbors by “respecting borders and rights of minorities”.

This Treaty allowed Hungarians to integrate fully into the Romanian society, and to reduce tension between two main ethnic groups of the republic.

### **European Union as a driving force**

Romanian attempts to enter in the EU succeeded after 17 years of mutual relations, which began in October 1990 with the signing of an Agreement on Trade and Commercial and Economic Cooperation, and ended with official accession of Romania to the European Union in January 1, 2007.

It can be said with certainty that the leitmotif of democratic transformations in Romania is its orientation and accession to the European Union, which is also true for the ethnic sphere. The creation of a propitious climate for ethnic minorities is one of the main conditions for EU membership.

As Melanie Ram rightly noted, “the extensive legal harmonization requirements stipulated by the EU have guided and even directed or catalyzed the choice and development of new, sometimes unpopular domestic laws and institutions in the EU-Associated post-communist states and thereby influenced domestic politics and the speed and success of these countries in achieving their reform goals” [7].

Thus, for instance, the signing of the mentioned above Treaty was also as a result of European integration since its came after the Pact on Stability in Europe, signed in March 1995, also known as Balladur Pact, “which combined conflict prevention with minority problems solution”[8].

This bilateral agreement has not gone unnoticed by the Commission, which in its Opinion in 1997 noted that situation with the Hungarian minority have improved appreciably since the signing of this Treaty.

There was also development in the minority sphere due to the Law on Local Public Administration, which gave linguistic minorities, in localities where they represent more than 20% of the population, the right to receive services from local authorities in their mother tongue. That provision was also harmonized with European legislation, namely with the Council of Europe’s European Charter for Regional or Minority Languages, the European Charter of Local Self-Government, and Recommendation 1201 (Ram, 2001).

In general, there were adopted and ratified many legal and official documents, international minority rights conventions and recommendations, were established new institutions during the pre-accession period as a result of the EU enlargement process, which served as a driving force behind all these transformations.

The investigation of the ethnic issue in Romania won’t be complete and full without analysis of ethnic groups’ inclusion to the political life of the country, where political representation is of great importance.

### **Political and Legal framework**

It is important to provide a chance for all ethnicities to be involved in the political life of a country. First of all, rights for political participation should be prescribed by legislative action. The basic law of every country is Constitution. The Constitution of Romania is comprehensive about rights of national minorities, it “recognizes and guarantees the right of persons belonging to national minorities to the preservation, development and expression of their ethnic, cultural, linguistic and religious identity” [9, Art.6, p.1].

Rights for political participation are realized through voting and serving in public office, and also include assembling and protesting rights. All these rights are enshrined in the main Romanian Law. The right to vote is based on the constitutional principle of equality and is guaranteed to everyone who has attained the age of eighteen. This provision is complemented by Article 3 of the Law No. 35 of 13 March 2008, which states that “Romanian citizens shall have the right to vote and to be elected, regardless of the race, sex, nationality, ethnic origin, spoken language, religion, political opinion, wealth, or social origin” [10]

Assembling and protesting rights proscribed in Article 43 of the Constitution of Romania: “Citizens may freely associate into political parties, trade unions, employers’ associations, and other forms of association; [and] The employees have the right to strike in the defence of their professional, economic and social interests.”

Type of electoral system is also important for effective inclusion of minorities to public sphere. It is regulated in our case by the Constitution of Romania and the Electoral law [11]. There are three types of electoral system – majoritarian, proportional and mixed one. Romania represents the latter type of electoral system, which has

changed from purely proportional to mixed one in 2008: “Deputies and Senators shall be elected by uninominal vote, according to the principle of proportional representation, in uninominal colleges” [10, Art.5, p.1]

In general, the previous party list-based PR system, has changed to a similarly proportional representation system, yet based on voting for a single candidate. It was assumed that these changes would “increase the accountability of the elected representative, who becomes identifiable to the electorate” [12].

In Romanian case type of an electoral system did not affect significantly the representation of national minorities. The more important were special clauses in the Constitution and Electoral law for positive discrimination of such groups.

Thus, the Constitution not only allows the creation of ethnic-diverse parties, but even stipulates ‘positive action strategies’, namely reserving seats for minorities in Parliament:

“Organizations of citizens belonging to national minorities, which fail to obtain the number of votes for representation in Parliament, have the right to one Deputy seat each, under the terms of the electoral law. Citizens of a national minority are entitled to be represented by one organization only” (Art.62, p.2).

On the basis of that, Romanian minorities are represented in the Parliament. So, for instance, in 2008 parliamentary elections, the UDMR won 22 seats in the Chamber of Deputies and 9 seats in the Senate, while other 18 organizations representing minorities in Romania, which failed to obtain a sufficient number of votes to win parliamentary representation, were given one seat each. On the one hand, that policy enables different parties to be represented in the parliament and stimulates competition between different groups; but, on the other hand, positive discrimination could lead to holding a post by ‘silent group’ of MPs (mainly non-Hungarian minorities that received one seat each), who hardly participate in legislative or other initiatives of the Parliament. Although, there is a problem of “hijacking of minority representation by individuals who either pretend to represent non-existent minorities (like Vasile Savu) or do not belong to the minority they allegedly represent”, advantages of that system are obvious.

### **Concluding remarks**

Ethnic issues hold a prominent place in almost every modern democracy, where Romania makes no exception. One of the most potentially dangerous questions in post-communist Romania was relationships between two main ethnic groups – Romanians and Hungarians. The events in 1990 showed the fragility of national security and the ethnic sphere’s high conflict potential. Nevertheless, tensions between two groups decreased significantly, and the important role in this process belongs to EU’s accession requirements.

In order to avoid interethnic conflicts, it is necessary to provide not only cultural, linguistic rights, but also political opportunities and equal access for all ethnic groups to civil services. There are positive actions regarding Hungarians in Romania and their political rights. However, Hungarians are not the only ethnic issue in Romania. Roma are also a very important case for future investigation.

1 KOSTECKI, Wojciech. “Prevention of Ethnic Conflict: Lessons from Romania”, *Berghof Occasional Paper Nr. 19*, 2002, p. 17, available from: <http://www.berghof-conflictresearch.org/documents/publications/boc19e.pdf>

2 HORVÁTH, István. *Facilitating Conflict Transformation: Implementation of the Recommendations of the OSCE High Commissioner on National Minorities to Romania, 1993-2001*, CORE Working Paper 8, Hamburg 2002, available from: [http://www.core-hamburg.de/CORE\\_english/pub\\_workingpapers.htm](http://www.core-hamburg.de/CORE_english/pub_workingpapers.htm)

3 GÖDRI, Irén. “A Special Case of International Migration: Ethnic Hungarians Migrating From Transylvania to Hungary”, *Yearbook of Population Research in Finland*, Vol. 40, 2004, pp. 45-72

4 Viktor Orban Asks for the Autonomy of Transylvania, 26 iulie 2004, available from: <http://www.jurnalul.ro/jurnalul-national/jurnalul-national/viktor-orban-asks-for-the-autonomy-of-transylvania-print-64307.html>

5 *Opposition Condemns Hungarian Parliament Speaker’s Statements*, March 2011, available from: <http://www.nineoclock.ro>, accessed on 20/05/2011

6 No. 33604 *Hungary and Romania: Treaty of understanding, cooperation and good neighbourliness (with appendix)*, Signed at Timisoara on 16 September 1996, *United Nations Treaty Series*, Vol. 1966.

7 RAM, Melanie. *Romania’s Reform through European Integration: The Domestic Effects of European Union Law*. Available at: <http://www.hks.harvard.edu/kokkalis/GSW1/GSW1/20%20Ram.pdf>

8 FERRERO, Ruth. *The forgotten issue? Eastward enlargement and national minorities*, available at: <http://www.iuee.eu/pdf-publicacio/117/3ztnA7XR5Bcmz6FD7ne8.PDF>

9 *Constitution of Romania (2003)*

10 *LAW No. 35 of 13 March 2008 for the election to the Chamber of Deputies and the Senate and for the amendment and completion of Law No. 67/2004 for the election of local public administration authorities, of Law No. 215/2001 on the local public administration, and of Law No. 393/2004 on the Statute of local electees*, Published in OJ No. 196 of 13 March 2008

11 *The Electoral System in Romania is governed by three election laws: Law no. 68 of July 15, 1992 for election of the*



*members of the Chamber of Deputies and of the Senate, Law no. 69 of July 15, 1992 for the election of the President of Romania and Law no. 70 of November 26, 1991 for local elections*

*12 The Electoral Reform and Electoral Surveys, available from: [http://www.soros.ro/en/program\\_articol.php?articol=141](http://www.soros.ro/en/program_articol.php?articol=141)*

### **Түйін**

Посткоммунистік Румыниядағы этникалық мәселе ең қауіпті саяси мәселелердің бірі болды. Бұл негізінен саны бойынша ең көп екі этностың, румындар мен венгрлердің өзара түсініспеушілігіне байланысты еді. 1990 жылғы Тыргу-Муреш қаласында болған оқиғалар этникалық мәселелердің жоғары шиеленістік әлеуетін алға тартты.

Мақалада аталған екі этностың қарым-қатынасы талданып, осы саладағы оң өзгерістерге себеп болған қозғаушы күші қарастырылады, сонымен бірге ұлттық азшылық өкілдерінің саяси құқықтарын қорғау саласындағы Румынияның ұлттық саясаты зерттеледі.

**Тірек сөздер:** этникалық топ, Румыния, венгрлер, Еуропалық Одаққа ену, ұлттық азшылық өкілдерінің құқығы, оң дискриминация

### **Резюме**

Этнический вопрос был одним из наиболее потенциально опасных в посткоммунистической Румынии, в частности беспокойство вызывали взаимоотношения двух наиболее многочисленных этносов – румынов и венгров. События 1990 года в г. Тыргу-Муреш показали высокий конфликтогенный потенциал этнических вопросов.

В статье анализируются межэтнические отношения двух этносов, рассматривается движущая сила положительных изменений в данной сфере, а также изучается национальная политика Румынии в контексте защиты политических прав национальных меньшинств.

**Ключевые слова:** этническая группа, Румыния, венгры, присоединение к Европейскому Союзу, права национальных меньшинств, положительная дискриминация

УДК:126(=48.21)(245)

## **ВЕСТГОТТАР ЖӘНЕ ҒҰНДАР ШАПҚЫНШЫЛЫҒЫ ҚАРСАҢЫНДАҒЫ РИМ ИМПЕРИЯСЫ**

**А.К. Нурманова** – *Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Қазақстан, Алматы қ., PhD докторант*

Вестгот және Рим империясы тарихы, вестгот бірегейлігінің қалыптасуы мен империяға қарсы өзін-өзі билеу кезеңі қарастырылады. Империядағы варвар әскерлерінің екіжақты құрылымы императорлар саясатына қарсылықпен анықталды. Сондықтан да кез келген мүмкіндіктер вестготтардың империядан бірегейлікті сақтауға ұмтылуы көрсетіледі. Вестготтардың рим империясымен қатынасы белгілі уақыт аралығында бірқатар өзгерістерімен ерекшеленеді, бірде олар римдіктерімен одақтасып, шайқастарға біріккен әскер санын толтырса, бірде империямен жаулаушылық соғыстар жүргізіп, кейін одан тәуелсіз болды. Франк аксүйектерінен жеңіліс тауып, өз билеуші-варварларымен үйлесімді өмір сүрді. Дегенмен вестготтар бірегейлігі қалыптасқанымен, римдіктер мен вестготтар арасында стихиялы тығыз қарым-қатынастың орнамауынан, аталған тайпалар толықтай өзін-өзі билеу құқығын иелене алмады.

**Түйін сөздер:** готтар, вестготтар, Рим империясы, федераттар, Аларих, Атаульф

Тарих ғылымының дамуында мемлекеттер мен халықтар өмірінің өтпелі кезеңдерін зерттеу ерекше рөл атқарады. Бұл бағытта Европа тарихы әрқайсысы өз шарықтау шегіне жеткен, әртүрлі қоғамдық-экономикалық формацияға тән тарихи құбылыстар және үрдістердің қақтығыстары мен шиеленістерінің бірегей феноменін көрсетеді. Кейінгі антика және ерте ортағасырлар кезеңі Батыс Еуропа үшін ірі қоғамдық және саяси қайта құрылулармен есте қалды, яғни Рим империясының құлауы және бұл үрдіспен қатар жаңа әлеуметтік-саяси бірлестіктердің – варвар корольдіктерінің құрылуы. Сондықтан да аталған тарихи үрдістер барысында римдік немесе варварлық дәстүр сабақтастығы факторын зерттеу қазіргі кезеңде өзекті мәселелердің бірі болып табылады [1, с.3-6]. Бұл бағытта профессор Қ.Т.Жұмағұлов Еуразия мен Еуропаның ерте дүние кезеңінен орта ғасырларға көшу дәуірінің мәселелерін жан-жақты зерттей отырып аталған мәселенің маңыздылығын былайша тұжырымдайды: «Ұлы қоныс аудару қозғалысын ғұн тайпа ұйымының тарихымен байланыстыра отырып, құлиеленушілік өндіріс тәсілі дағдарысын бастан кешкен Рим империясы мен рулық-қауымдық қатынастарға жіктелу сатысында болған, халықтардың ұлы қоныс аударуына қатысушы варвар тайпаларының қақтығысында жоғары тәртіпте жаңа бірлік - ертефеодалдық варварлық мемлекеттер пайда бола бастады. Аталған тарихи кезеңде соғыс және қоныс аударудан өзге Батыс пен Шығыстың өзарақатынасы көпқырлылығын, дәстүр мен мәдениет ықпалдастығы синтезі мысалын көруімізге болады. Сондықтан да ортағасырлар кезеңіндегі Еуропа тарихы жаңа ғылыми ізденістердегі маңызды нысанаға айналып отыр» [2].

Б.з. II ғ. басында Балтық жағалауы мен Скандинавия аралының оңтүстік аудандарында өмір сүрген гот тайпалары Қара теңіз жағалауы жерлеріне қайта қоныстанып, Дон мен Днестр аралығындағы кең территорияға орналаса бастады. Гот тайпалары екі тармаққа бөлінді – остготтар және вестготтар. III ғасырдың соңында вестготтар остгот тайпалық одағынан тәуелсіз болды. IV ғ. ортасында ұзақ уақыт Риммен күрестен кейін Саввы мен Дунайдан солтүстікке, қазіргі Румыния, Хорватия және Оңтүстік Венгрия территориясына тұрақтанды. Вестготтар шығысында остготтармен, батыста вандалдар мен римдік провинция Скифия, солтүстігінде –гепидтар мен скирлер, оңтүстік шығысында және оңтүстігінде Боспор патшалығымен шектесті [3, 123-124 с.]. IV ғ. 70 ж. шығыстан бастап келген ғұндар ығыстыруымен вестготтар қайта қозғалысқа келді. Халықтардың Ұлы қоныс аударуының қарқынды заманында ғұн империясы Европа тарихы тағдырына өзіндік объективті әсер етті [4, 85-87 б.]. Дунайда ғұндардың пайда болуы Рим империясы шекарасында «варварлық корольдіктердің» қалыптасуын тездетті және герман тайпаларының этносаяси топтасуына мүмкіндік туғызып, Рейн мен Дунай шекарасында «буферлік» варварлық мемлекеттер жүйесін біржолата құлатты.

375 ж. кейін ғұндар шапқыншылығынан батысқа қарай ығысқан вестгот тайпалары Рим империясынан пана іздейді. Сөйтіп, вестготтардың көпшілігі Дунайдың солтүстік жағалауына өтіп кетті. Сонымен, 376 жылы Рим империясы вестгот тайпаларының Дунайдың оң жағында жатқан Мезия провинциясына федераттар есебінде қоныстануға рұқсат берді [5, 55-56 с.].

Варварлар қоныс аударуларының жаппай тарихи құбылысқа айналуынан Рим империясы бұл үрдісті бақылаудан айырылды. Жаппай қоныс аудару Рим империясы үшін ішкі саяси дағдарыспен және қоныс аударушыларға қарсы қақтығыстармен аяқталды. Көптеген тайпалар рим территориясын болашақ федераттар статусы ретінде иемденсе, негізінен варвар қоныс аударушылар мұнда жартылай-тәуелсіз құрылымдар құрды. IV ғасырдың соңынан империяны мекендеуге тырысқан қоныстану үшін тек жерді ғана емес, қоныстанғаннан кейін өзіндік ішкі ұйымдар мен басқару құқығын сақтауды талап етті. Европа аймағында ғұндардың туындауы варварлық миграциялық кеңістікті белсендірді. Стихиялы түрде қоныс аударушылар территорияны экспанциялауды бастады. Олар стратегиялық маңызды аудандарды, империяның саяси өмірінде шешуші ұстанымды иеленді. Ғұндар бұл үрдісті шапшаңдатқан катализаторға айналды. Әсіресе ғұндардың ықпалы Жоғарғы және төменгі Дунай тайпалары тағдырына ерекше әсер етті [6, 214-215 с.].

Федераттар ретінде вестготтар Дунай шекарасын қорғауды міндетке алды. Бірақ римдіктердің вестготтардың ішкі өміріне жиі араласуына байланысты германдықтар көтеріліс ашады. Готтар империядан бүкіл Фракия жерін байлықтарымен беруді талап етті [7, 155-57с.]. Вестготтар Адрианополь (378 ж.) түбінде рим әскерлерін қиратып, нәтижесінде император Валент мирасқоры император Феодосий вестготтармен бейбітшілік орнатып, Балқан түбегінің кең территориясын беруге мәжбүр болды.

Вестготтардың билеушісі Атанарих қайтыс болғаннан кейін, король болып Аларих сайланды. Иорданның мәліметі бойынша, Аларих Балттар тайпасынан шыққан еді. Иордан бұл жағдайды былайша сипаттайды: «Вскоре готы стали испытывать к ним (сыновьям Феодосия) презрение и охваченные страхом, что от долгого мира ослабеет их сила, они поставили над собой короля Алариха, который по знатности был вторым после Амалов и чудесным образом происходил из рода Балтов; что значит храбрость. Вскоре, когда вышеназванный Аларих поставлен был королем, он, держа совет (deliberans) со своими, убедил их, что лучше своим трудом добыть (quaerere) себе царства (regna), чем в бездействии служить другим (царствам). Осылайша Аларихтың таққа сайлануы федераттық келісімнің бұзылуы және рим билігіне қарсы көтеріліспен байланыстырылады. Көп кешікпей Батыс Рим империясы Аларихқа «magister militum» (әскери қолбасшы) деген атақ берді [8, 85-86 с.].

Батыс Европа V ғ. басында Аларих басшылығымен вестготтардан ауыр соққыға ұшырады, шығыста Иллирияны алып, кейін Италияға басқыншылық жасайды. Аталған соғыс шамамен он жылға созылды. Қаруланған қақтығыстар бейбіт келісімдермен және келіссөздермен кезектестірілді. Жалдамалы рим әскерлері көбінесе варварлардан құралған, Батыс Империя жоғарғы әскербасшысы вандал Стилихон Аларихпен құпия байланыста және Империяға опасыздық жасады деп айыпталып император Гонорий Стилихонды өлім жазасына кесті. Стилихон өлімінен кейін рим әскерлері бөлігінің олардың басшыларымен Аларих жағына көшуі Империяның қорғаныс қабілетіне теріс ықпал етті. 408-410 жж. аралығында Аларих Италияға өз жорықтарын жалғастырады. 408 ж. қазанында вестготтар Римге дейін жетеді, қалада азық-түліктің таусылуына байланысты аштық басталды. Император Гонориймен келіссөздерде Аларих контрибуцияны төлеуді талап етті. Бірақ Равенна қаласындағы император өз жауабын беруден бас тартқаннан кейін, 409 ж. готтар Римге қарай ұмтылды [9, 110-115 с.]. Келесі жылы тамыз айында готтар Рим империясын алады да, үш күн бойы қаланы тонап, ойрандайды. Қақпаны

шапқыншыларға қарсы көтерілген құлдар ашып жіберген болатын. В.И.Уколова «Поздний Рим» еңбегінде бұл оқиғаны былайша суреттейді: «Это событие заставило содрогнуться весь западный мир. Три дня вестготы грабили и жгли «вечный город», убивали его жителей. Впрочем, они вели себя примерно так же, как некогда римляне в завоеванных ими городах. Однако, если жестокость по отношению к варварам для римлян была делом обычным и оправдывалась «более низким» положением этих «дикарей», то посягательство на «главу мира» - Рим, жестокое отношение к римлянам, считавшим себя «цветом» вселенной, не только вызывало естественные человеческие чувства страха, ненависти, отчаяние, горя, но и никак не могло уложиться в сознании тех, кто от века привык считать Рима властелином вселенной. Это было не только крушение «Вечного Града» но и крушение многовековых представлений всей системы римских ценностей» [10, 115-116 с.]. Жак Ле Гофф өз еңбегінде мынаған көңіл аударды: «другие тексты звучат, однако, в иной тональности. Святой Августин, не переставая оплакивать беды римлян, отказывался видеть во взятии Рима Аларихом в 410 г. что-либо иное, чем просто горестное событие, каких римская история знала немало, и подчеркивал, что в отличие от многих прославленных римских полководцев, снискавших известность разграблением захваченных городов и уничтожением их жителей, Аларих согласился признать за христианскими церквами право убежища и уважал его. Все совершенные во время недавнего бедствия, постигшего Рим, опустошения, избиения, грабежи, поджоги и издевательства – обычное явление для войны. Но что было необычным, так это то, что варварская дикость чудесным образом обернулась такой мягкостью, что в самых больших базиликах, выбранных и предназначенных для спасения народа, никто не был избит и никого не тронули, никто оттуда не был уведен в рабство жестокими врагами, а многих сочувствующие враги сами препровождали туда, чтобы сохранить им свободу. Все это свершилось во имя Христа, благодаря тому, что настало христианское время» [11, 217-218 с.].

Сонымен, Аларихтың вестгот тайпасының алдына қойған мақсаты-готтарды рим әскері бөлшегі ретінде қалыптастыру мен әскери элита ретінде ықпалдастыруға қол жеткізген жоқ. Рим императоры іс жүзінде Аларихтың Римді алуына мәжбүр етті, мұның өзі сарай маңында варварлық партияға қарсы насихаттау пайдасына шешілді және мәселенің бейбіт шешілу мүмкіндігінен айырды. Империяның жоспарлы қақтығысынан Аларих 410 ж. аяғында Калабрияда көп ұзамай қайтыс болды. Сондықтан да оның мирасқоры алдында ауыр міндеттер тұрды. Билік енді Атаульф қолына көшеді. Бұл жөнінде Иордан былай деп жазады: «Королевскую же власть над везеготами они передали Атаульфу, кровному родичу Алариха, выдающемуся и внешностью и умом, потому что он был похож на Алариха если не высотой роста, то красотой тела и благообразием лица» [12, 55-56 с.].

Рим империясымен арадағы қатынастар, азық-түлік қорымен қамтамасыз етудегі мәселелерде қатер төнді және бұл тезірек шешімді талап етті. Атаульф бастапқыда әрекет етудің оңай тәсілін пайдаланды, ол Оңтүстік және орталық Италияны жаулады. Король Атаульф (410-415) готтарды Тоскана аймағына апарып, сол жерде бір жарым жыл болып, риммен одан әрі соғысты жалғастырады. Бірақ Атаульф империямен бітім жасасу әрекеттерін де қарастырды, осы орайда ол император Аркадийдің қарындасы Галла Платидиамен некеге тұрды [13, 225-228 с.]. Соған сәйкес Атаульф империяның элита қатарына тікелей императорлық династиямен туыстық қарым-қатынаста болу стратегиясын ұстану арқылы енуге тырысты. Бұл қарым-қатынастардың нәтижесі оның өз мақсатына, яғни вестгот әскерлерін рим ақсүйектер қатарына ықпалдастыруды жүзеге асыратын еді. Болашақ легитимді император маңайында болу, империяда жоғары лауазымды орындарды иелену Атаульфты үшін вестгот ақсүйектері алдында тірек етті. Бірақ бұл мүмкіндік оның ұлы Феодосийдің өлімімен жоғалды. Констанциймен негізгі порттар мен сауда орталықтарының қоршалуы вестготтарды қайта азық-түлік көзінен айырды [14, 155-156 с.].

Иберия немесе Испания, Батыс Рим империясы император Гонория басқаруының алғашқы жылдарында жоғалтқан алғашқы провинциясы еді. Испанияға алғашқы болып светтер, вандалдар және аландар келді Пиреней жартыаралына светтер, аландар вандалдардан соң, мұнда 414 жылы вестготтар келді. Атаульф жаулап алған жерлеріндегі Рим ықпалына деген ұмтылысы вестготтар арасында қарсылық туғызды. Осындай қарсылықтың нәтижесінде Атаульф 416 жылы Барселонда өлтірілді [15, 289-301 с.].

Рим империясы құрамына енуге тырысқандармен және тәуелсіздік жағында тұрғандар арасындағы күрес Атаульф өлімімен тоқтаған жоқ. Атаульф өмірінің соңында соңғы сөздерімен өз ағасына Платидияны оның патшалық туыстарына беруге және вестгот халықтарын Риммен достық бейбіт қарым-қатынаста болуды өтінген болатын. Атаульф өз ағасының мирасқоры болатына үміттенді, бірақ билікті заңсыз түрде гот дәстүрін жақтаушы және римдік ықпалдың қарсыласы вестготтар басшылығына Сигерих тұрды. Ол билікті озбырлықпен басып алғанына емес, римдіктермен келісімдер жүргізгені үшін билікке отырғаннан кейінгі жетінші күні өлтірілді, таққа король Валия сайланды. Валия Империямен

байланыстарды қалпына келтіріп, Гонориймен келісімге келді, ол бойынша Рим вестготтарға азық-түлік жеткізуге міндеттелді және Атаульфпен жаулап алынған галл жерлерін берді. Осындай жағдайлармен қорыта келгенде вестготтар өз державасының формалды мойындалуына қол жеткізді. Валия бір кездері Атаульф иеленген Барселона және басқа да испан қалаларын иемденуден бас тартып, Аквитанияда тұрақтанды, өз астанасы ретінде Тулузаны жасап, ол VI ғ. басына дейін вестгот корольдігінің орталығы болып қала берді. Соған сәйкес вестгот территориясы бұл кезеңде түгелімен Пиренейге қазіргі Франция территориясына дейін созылды. Вестготтар бұл уақытта Испанияға Римнің одақтасы ретінде ғана басып кірді. Мұндай жағдай 456 жылға дейін жалғасты, яғни империядан өз тәуелсіздігін жариялағаннан кейін вестготтар өз алдына әрекет етуді бастады [16, с.23-28].

418 жылы Констанций оқыс оқиғамен қақтығысты. Вестготтармен келісімге келіп қол қойылғаннан кейін, Аквитания жерін бөлу басталды, сол кезеңде 419 жылы Валия қайтыс болып, вестгот королі болып Теодорих сайланды, ол Галлияда вестгот үстемдігін бекітуге тырысты және өз халқының болашағын, яғни вестготтарды императорға бағынышты болмауды қамтасыз етуге тырысты. Теодорих вестгот корольдігі шекарасын кеңейту үшін Батыс Рим империясындағы ішкі араздықты ұтымды пайдалана білді. Кейін Дунайда бұрын готтарға қатер енгізген атақты көсем Аттила басшылығымен ғұндар енді Галлияға қарай енген. Вестгот корольдігі ғұндармен күресте Рим империясымен бірігеді де, оларға басқада саяси-тайпа ұйымдары кіреді. Иорданның мәлімдеуінше Ғұн державасына қарсы күресте Рим империясы мен Вестгот корольдігінің жағында көптеген герман және гелт тайпа-ұйымдары болған. Солардың ішінде франктер, бургундтар, сакстер, аландар және тағы басқа. Шешуші шайқас 451 ж. жаз айында Каталаун даласында өтті. Ұрыста екі жақта басымдылыққа жете алмады. Шайқаста король Теодорих қаза табады [17, с.78-79].

Кейін елді Теодорихтің ұлы Торисмунд үш жыл басқарды. Торисмунд саясатының вестгот лидерлерінен ерекшелігі, ол дипломатиялық және келісім бойынша әрекет еткен жоқ, тек әскери жолмен өз ықпалын империяда таратты. Көптеген деректер оның өз ағалары қолынан қаза тапқандығын хабарлайды. Идаций нақты есімдерді келтіреді: Теодорих (II) мен Аларих (Фредерих). Король болып Теодорих II сайланды, ол римдіктермен одақты сақтады. Теодорих II Рим келісімі бойынша багаудтарға қарсы күрес жүргізіп, Таракон провинциясын қақ жарды [18, с. 211-215].

Теодорих II бұрынғыша римдіктердің одақтасы ретінде, өзінің қызығушылықтары есебінде Испанияда соғысын жалғастырды, ол маңызды пунктерге гот жасақтарын құрып қаланы тонады. Ол вестгот иелігін Галлияға дейін кеңейтіп қана қоймай, Атаульфтан кейін Испания территориясын басып алған және Империядан тәуелсіз әрекет еткен алғашқы вестгот королі болды. Франк королі Хлодвигтің рим қолбасшысы Сигариді (486) жеңуі вестготтардың франктермен көршілестігіне алып келді. Кейін франктердің өз жерлерін ұлғайтуға тырысуы екінші жағынан католик діндарларының ықпалы көршілес мемлекеттердің арасында күреске алып келді. 507 жылы Пуатье түбінде вестготтардың франктерден жеңілуі Галлия иелігінің көп бөлінің жоғалтуына алып келді. Нарбонн иелігінің жарты бөлігі вестгот королі қолында қалып, Испания иелігі толығымен сақталды. Теодорих II 475 жылы Батыс Рим империясы құлағаннан бір жыл бұрын вестгот корольдігінің тәуелсіздігін жариялады [20, с.174-176].

Сонымен, Вестгот корольдігінің құрылуына жан-жақты тоқтала отырып, Батыс готтар, Оңтүстік Галлия жерінде 418 ж. бастап федераттар болып қоныстанғандығын атап өтуіміз керек. Бұл жерлер сонау антика заманынан бері романдандырылған провинцияларға жатқан еді. Кейіннен готтар өз корольдігінің шекараларын кеңейтеді. Вестготтардың рим империясымен қатынасы белгілі уақыт аралығында бірқатар өзгерістерімен ерекшеленеді, бірде олар римдіктерімен одақтасып, шайқастарға біріккен әскер санын толтырса, бірде империямен жаулаушылық соғыстар жүргізіп, 456 жылы одан тәуелсіз болды. Кейін франк ақсүйектерімен қиратылып, өз билеуші-варварларымен үйлесімді өмір сүрді. Дегенмен вестготтар бірегейлігі қалыптасқанымен, римдіктер мен вестготтар арасында стихиялы тығыз қарым-қатынастың орнамауынан толықтай өзін-өзі билеу құқығын иелене алмады.

1 Брандт М.Ю. *История средних веков.*-Москва: Наука, 1997.- с.131.

2 Жумагулов К.Т. *Аттила и Римское папство* // <http://e-history.kz> сайты, Жумагулов К.Т. *Сквозь призму времен.*-Қазақ университеті, 2012.-27 маусым, Жумагулов К.Т. *Гунны и ранняя история Казахстана.* – Вестник КазНУ, серия историческая, вып.№1 (24), Алматы, КазНУ, 2002, с.3-7.;

3 Уот М.У., Какиа П. *Мусульманская Испания.* – М.: Наука, 1976. -213с.

4 Корсунский А.Р. *Готская Испания* М.:Наука, 1969. -375 с.

5 Жумагулов Қ.Т., Мырзабекова Р.С. *Орта ғасырлар тарихы: оқу құралы.* –Алматы: Қазақ университеті, 2014. -350 б.

6 Фильштинский И.М, Шидфар Б.Я *«Очерк арабо-мусульманской культуры».* –Москва: Наука, 1971. -269с.

7 М.М.Стасюлевич *История средних веков: От падения Западной Римской империи до Карла Великого (476-768 гг.)*. - СПб.: ООО «Издательство «Полигон»; М.: ООО «Фирма «Издательство «Аст», 2001. -496 с.

8 Стасюлевич М.М. *История средних веков: От падения Западной Римской империи до Карла Великого (476-768 гг.)*. Санкт-Петербург: АСТ Москва, 2001. -496 с.

9 *Средневековая Европа глазами современников и историков. Часть I. Рождение и становление средневековой Европы. V-IX вв. М.: Интерпракс, 1995. 224 с.*

10 Дюби Ж. *Европа в средние века*. Смоленск: Полиграмма, 1994.-236 с.

11 Уколова, В. И. *Поздний Рим. Пять портретов*. — М., Наука, 1992.-345 с

12 Ле Гофф Ж. *Цивилизация средневекового Запада*. М., 1992.-263 с.

13 Клауде Д. *История вестготов*. Перевод с немецкого — СПб.: Издательская группа «Евразия», 2002. — 288 с.

14 Щукин М.Б. *Готский путь*. СПб.: Филологический факультет СПбГУ, 2005. — 590 с.

15 Буассонад П. *От нашествия варваров до эпохи Возрождения. Жизнь и труд в средневековой Европе*. М.: Центрполиграф, 2010. - 392 с.

16 Буданова В.П. *Готы в эпоху Великого переселения народов*. Изд. 2-е, испр. и дополн. – СПб.: Алетейя, 1999. – 318 с.

17 Вольфрам Х. *Готы. От истоков до середины VI века (Опыт исторической этнографии)*. Пер. с нем. Б.П. Миловидов, М. Ю. Некрасов / Под ред. М. Б. Щукина, Н. А. Бондарко и П. В. Шувалова. – СПб.: Ювента, 2003. – 656 с.

18 Гуревич А. *Избранные труды. Древние германцы. Викинги*. СПб.: Издательство Санкт-Петербургского университета, 2007. – 352 с.

19 А.Р. Корсунский, Р. Гюнтер, *Упадок и гибель Западной Римской Империи и возникновение германских королевств*, М.: МГУ, 1984. -256 с.

20 Томпсон Э.А. *Римляне и варвары. Падение Западной Европы*. М.:Ювента, 2003.-421 с.

#### **Резюме**

**А.К. Нурманова - Вестготы и Римская империя накануне нашествия гуннов**

Рассматривается период истории вестготов и Римской империи, формирование вестготской идентичности и самоопределения в противостоянии с империей. Двойственность положения варварских войск в империи определялась противоречивой политикой императоров. Показывается отсутствие самоопределения вестготов в этот период, стремление всеми возможными средствами идентифицировать себя с империей. Вестготы преодолевают традиционный порог между римлянами и варварами, данное противопоставление лишается смысла в их отношении, они становятся гарантами и носителями имперского принципа и получают статус, равный римлянам, фактически отождествляются с последними. Однако подобная стратегия встречает явное противодействие как со стороны Равенны, для которой проблема варваров у власти стоит в этот момент чрезвычайно остро и болезненно, так и со стороны части самих готов, поскольку она угрожает полным растворением и ассимиляцией в римской среде, а эта тенденция не имеет массового отклика в общественном сознании.

**Ключевые слова:** готы, вестготы, Римская империя, федераты, Аларих, Атаульф

#### **Summary**

**A.K. Nurmanova - Visigoths and the Roman Empire on the eve of invasion of Huns**

The period under review the history of the Visigoths and the Roman Empire, the formation of identity and self-determination Visigoth in the confrontation with the empire. Ambivalent position barbarian troops in the Empire determined contradictory policy of the emperors. Showing otstustvie self Visigoths during this period, the desire by all possible means to identify themselves with the Empire. Vestgota overcome a traditional threshold between Romans and barbarians, this opposition loses sense in their relation, they become guarantors and carriers of the imperial principle and receive the status equal Romans, are actually identified with the last. However similar strategy meets obvious counteraction as from Ravenna for which the problem of barbarians in power is particularly acute at this moment extremely and painfully, and from part is ready as it threatens with full dissolution and assimilation in the Roman environment, and this tendency has no mass response in public consciousness.

**Keywords:** Goths, Visigoths, the Roman Empire, federates, Alaric, Athaulf

## **ӘЛЕМДІК ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІКТІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ДАМУЫ**

**Ж.Қ. Идрышева** – тарих ғылымдарының кандидаты, *әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті Халықаралық қатынастар және әлемдік экономика кафедрасының доценті*

Бұл мақалада энергетикалық қауіпсіздіктің қалыптасуы мен дамуы мәселесі қарастырылған. Мәселені зерттеу үшін энергетикалық қауіпсіздіктің қалыптасу және даму тарихына назар аударылады. Энергетикалық қауіпсіздік мәселесін шешу қағаз жүзінде алғаш болып 1960-шы жылдары қабылданған энергоресурстарға деген егеменді құқықтарды таныған БҰҰ Резолюциясынан бастауын алса, іс жүзінде мәселе тіпті Бірінші дүниежүзілік соғыс қарсаңында да туындаған екен. Ал У. Черчилльдің бастамасымен мұнайдың әлемдік энергетикадағы рөлінің артуы Батысты ұзақ уақыт ресурстарға ие мемлекеттерге тәуелді етті. Халықаралық қатынастардағы өзара тәуелділік бұны ғаламдық мәселеге айналдырып отыр. Осылайша, бүгінгі таңдағы энергетикалық қауіпсіздік жүйесі 1973 ж. араб мемлекеттерінің енгізген мұнай эмбаргосына жауап ретінде қалыптасты десе де болады. Энергетикалық қауіпсіздік мәселесінің дамуы мен қалыптасуына 1973 ж. энергетикалық дағдарыс, ОПЕК және Халықаралық энергетикалық агенттік сияқты ұйымдардың құрылуы үлкен әсерін тигізді.

**Түйін сөздер:** энергетика, энергоресурстар, энергетикалық қауіпсіздік, БҰҰ, Әлемдік сауда ұйымы, Мұнайды экспорттаушы мемлекеттер ұйымы (ОПЕК), Халықаралық энергетикалық агенттік

Энергетика халықаралық қатынастарға әсер етуші маңызды элементтердің бірі болып табылады. Энергетикалық құраушының маңыздылығы мемлекеттердің саясатына әсер етіп қана қоймай, мемлекеттердің арасындағы бәсекелестікті де күшейтеді. Халықаралық қатынастардағы өзара тәуелділік бұны ғаламдық мәселеге айналдыра отырып, энергетикалық қауіпсіздік мәселесінің маңыздылығын арттырады.

Мәселені зерттеу үшін энергетикалық қауіпсіздіктің қалыптасу тарихына көңіл аударған жөн. Мәселен, ресми құжаттар жағынан қарастырсақ, энергетикалық сектордағы «ортақ» келісімдердің пайда болуына алғашында Тариф және сауда жөніндегі бас келісім (ГАТТ) немесе Әлемдік сауда ұйымы түрткі болады. Алайда энергетикалық қауіпсіздікпен тікелей байланысты алғашқы маңызды құжат ресурстарды өндіруші мемлекеттермен ірі батыс компанияларының үстемдігіне жол бермеу үшін қабылданып, табиғи ресурстарға ұлттық егемендікті орнатады. Осылайша, 1960-шы жылдардың басында Біріккен Ұлттар Ұйымы ресми түрде өзінің Резолюциясында энергоресурстарға деген егеменді құқықтарды таниды [1].

Сол жылдары батыс мемлекеттерінің Таяу Шығыстағы мұнай өндірушілерімен қайшылықтары орын ала бастаған еді. Мұнай ресурстарына ие мемлекеттердің алғашқы «бүлігі» 1960 ж. соңында орын алды: Ирак, Иран, Кувейт, Венесуэла және Сауд Аравиясының өкілдері Багдадта Мұнайды экспорттаушы мемлекеттер ұйымын (ОПЕК) құрады. Сол кезде бұл бес мемлекет әлемдік мұнай экспортының 80%-ын қамтамасыз еткен [2, С.42]. Сөйтіп ОПЕК мемлекеттері өз территорияларында орналасқан мұнай активтерін ұлттандыруға бет алды. Мысалы, Муаммар Каддафи 1969 ж. 1 қыркүйекте Ливияда әскери төңкеріс ұйымдастырып, шетел азаматтарын мемлекет территориясындағы меншіктерінен айырды [3, С.55].

ОПЕК 70-ші жылдардың басына қарай өз позициясын нығайтып, әлемдік мұнай нарығын қайта бөлу үрдістері байқалды. 1973 ж. араб мемлекеттері Израильді қолдаған Батыс мемлекеттеріне эмбарго жариялап, бұл акция ОПЕК қолдауына ие болады. Әлемдегі бір баррельге шаққандағы мұнай бағасы қыркүйектегі 2,9 доллардан желтоқсанда 11,65 долларға көтерілді, осылайша әлемдік экономикада алғашқы энергетикалық дағдарыс басталады. Бұл дағдарыстың себебі араб-израиль қақтығысы еді. 1973 ж. 6 қазанда Йом-Кипур еврей мерекесінде Сирия мен Египет Израильді шабуылдап, 10 күннен кейін Сауд Аравиясының бастамасымен ОПЕК мүшелері «мұнай қаруын» қолдануға, яғни бір мезетте шикі мұнай құнын 70 %-ға көтеруге бел буды. Ал 17 қазанда мұнай өндірісін 5%-ға қысқарту шешімін қабылдайды [2, С.43].

Оған қоса Президент Р. Никсонның Израильге американдық қаруландырудың жеткізілуін ұлғайту ниеті жөніндегі мәлімдемесіне жауап ретінде 22 қазанда Египет пен Сирия үндеуімен АҚШ-на мұнайды сатуға эмбарго жарияланды. Екі ай өткеннен кейін ОПЕК мұнай бағасын тағы 128%-ға көтеруге шешім қабылдап, оның 1 баррельге шаққандағы бағасы 11 доллардан асып кетті. Эмбарго 1974 ж. 18 наурызына дейін созылып, қысқа мерзім ішінде түрлі мемлекеттердің экономикасына айтарлықтай зардабын тигізді. 1973 ж. Никсон Вашингтонда сөз сөйлеу барысында осыған қатысты Америка Құрама Штаттарының Екінші дүниежүзілік соғыстан бері ең ауыр энергетикалық дағдарысты басынан кешіріп жатқанын мәлімдейді [4]. Бұл Батыс мемлекеттерін мұнай импортынан ұзақ уақытқа тәуелді етіп, энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселесін тудырады.

Осылайша, бүгінгі таңдағы энергетикалық қауіпсіздік жүйесі 1973 ж. араб мемлекеттерінің енгізген мұнай эмбаргосына жауап ретінде қалыптасты десе де болады. Оның мақсаты – жеткізілімдегі олқылықтарға қатысты индустриялы мемлекеттердің әрекеттерін үйлестіруді қамтамасыз ету, энергетикалық саясат саласындағы ынтымақтастықты ынталандыру, жеткізілім үшін күресте ауыр тайталасқа жол бермеу және экспорттаушылардың «мұнай қаруын» қолдануына еш жол бермеу. Бұл жүйенің негізгі элементтері болып индустриялы мемлекеттер мүшелік ететін Парижде орналасқан ХЭА; мұнайдың стратегиялық қорлары, соның ішінде АҚШ стратегиялық қорлары (US Strategic Petroleum Reserve); энерготасымалдаушылар нарығы мен энергетика саласындағы саясаттың үздіксіз мониторингі және сараптамасы, сонымен қатар энергияны үнемдеу және жеткізілімдегі олқылықтар жағдайындағы стратегиялық қорларды келісе отырып шұғыл үлестіру. Төтенше жағдайларға арналған шаралар жүйесі бағалар мен тауарлық циклді басқарып отыруға емес, әлемдік экономика мен тұрақтылыққа қауіп төндіруші ірі жеткізілім олқылықтарына қарсыласу үшін жасалынды. Жүйенің 1970-ші жылдары пайда болуынан бері стратегиялық қорларды келісе отырып шұғыл үлестіру екі рет орын алды: 1991 ж. Парсы шығанағындағы соғыстың қарсаңында және 2005 ж. «Катрина» дауылынан кейін. Төтенше жағдайларға арналған шаралар жүйесі сонымен қатар 2002- 2003-ші жылдары Венесуэлада мұнай өндірісі тоқтаған кезде және 2003 ж. көктемде Иракқа басып кірудің алдында дайындық жағдайына келтірілді [5].

Жоғарыда айтылған Халықаралық энергетикалық агенттік мұнайды импорттаушы дамыған мемлекеттермен алғашқы энергетикалық дағдарысқа және ОПЕК құрылуына жауап ретінде құрылды [2, С.44]. Ұйымның ресми сайтындағы ақпаратқа сәйкес, Агенттіктің 1974 ж. құрылуының негізгі мақсаты энергетикалық қауіпсіздікті нығайту болды, яғни энергетикалық ресурстардың тиімді бағамен үздіксіз қолжетімді болуын қамтамасыз ету [6]. Алайда ХЭА, бірінші кезекте, ОПЕК-ке қарама-қарсы ұйым ретінде құрылды десек қателеспейміз. Бір жағынан, энерготасымалдаушыларды экспорттаушы мемлекеттер сияқты, оларды импорттаушы мемлекеттердің де өз құқықтарын қорғайтын ұйымды құруы әдбеп ақталған. Алайда екінші жағынан, бір-біріне қарсы сипаттағы ұйымдардың құрылуы энергетикалық нарықты саяси ойын алаңына айналдырады.

Энергетикалық қауіпсіздік мәселесін өзінің күн тәртібіне енгізіп, өз үлесін қосқан тағы бір форум – алып державалардың кездесулері. 1975 ж. 15-17 қарашада Франция президентінің жазғы резиденциясы Рамбуйяда АҚШ, Франция, Ұлыбритания, Италия, ФГР және Жапонияны қосатын алғашқы «Үлкен алтылық» кездесуі өтті. Рамбуйядағы кездесудің барысында энергетикалық дағдарыстан шығудың келесі негізгі бағыттары келісілді: энергоресурстардың импортын қысқарту, табиғатты тиімді пайдалану мен энергияның альтернативті көздерін дамыту, энергоресурстарды өндіруші мемлекеттермен ынтымақтасу арқылы әлемдік энергетикалық нарықта теңдей жағдайларды қамтамасыз ету. 1976 ж. маусымдағы Пуэрто- Рикодағы келесі кездесуге Канаданың қосылуымен ол «жетілікке» айналады [2, С.43]. ХХІ ғасырға аяқ басумен бұл мәселелер «үлкен сегіздік», кейін тіпті «G20» форматында да талқылана бастады. Мысалы, Ресей Федерациясы энергетикалық қауіпсіздік мәселесіне көзқарасын 2006 ж. Санкт-Петербургте өткен G8 саммитіне дайындық кезінде білдірген еді [7]. Саммит осы мәселеге қатысты ауқымды қызметті жүзеге асырып, оң нәтижелерге алып келді. Оның барысында энергетикалық қауіпсіздікті жүзеге асырудағы негізгі қағидалар мен нақты шаралар келісіледі.

Алайда 1960 ж. дейін энергетикалық фактордың әлемдік саясатқа еш әсері болмай, энергетикалық қауіпсіздік мәселесі қозғалған жоқ деуге болмайды. Іс жүзінде бұл мәселе сонау Бірінші дүниежүзілік соғыс қарсаңында бастауын алған екен. Бұған британ флотының өз отынын «қара алтынға» ауыстыруы түрткі болады.

Негізгі энергия көздерінің ішінен бір ғасырдай мұнай халықаралық қатынастарға әсер етуші маңызды элементтердің бірі болып отыр. Бірінші дүниежүзілік соғыс қарсаңында У. Черчилль британ әскери-теңіз флотын жаңа энерготасымалдаушыға ауыстыру жөнінде тарихи маңызы бар шешім қабылдайды. Бұл қадам британ флотының жүйріктілігінің неміс флотынан асып түсуі мақсатымен жасалынған болса, екінші жағынан парсы мұнайына тәуелділікке түсуді білдірген еді [8]. Кейін Черчилльдің өз пайымдауынша, кемелерді көмірден мұнайға ауыстыру мемлекеттің бүкіл әскери үстемдігін мұнайға тәуелді етумен тең келді. Бейбіт жолмен болсын, соғыс болсын, енді алыс мемлекеттерден мұнайды теңіз арқылы елге жеткізуге мәжбүр болды. Флотты британ көмірінен шетелдік мұнайға ауыстыру шешімінің маңыздылығы жоғары еді.

Бұл өзгеріс ендігәрі Корольдық әскери теңіз кемелерінің Уэльс кен орындарының көмірі емес, Парсыдан сенімсіз мұнай жеткізіліміне тәуелді болуды білдірді [5]. Флоттың жүйріктілігі жаңа отын арқасында, әрине, артады. Алайда мемлекеттің өз территориясында жеткілікті көмірдің орнын жеткіліксіз мұнаймен алмастырып, ұзақ уақытқа өндіруші-мемлекеттерге тәуелділікке түсу үлкен тәуекел еді. Ал бұл тәуекелді қадамның ақталу- ақталмауы бүгінгі таңда даулы мәселе болып отыр.

Осылайша, «қара алтын» әлемдік саясатта ерекше орынға ие болады. Тіпті Екінші дүниежүзілік соғыс барысында да көптеген ірі әскери операциялар, көбінесе, территорияларды басып алу емес, қарсыласының мұнай орындарын тартып алу немесе мұнаймен қамтамасыз етілуіне кедергі жасау мақсатымен орын алады. КСРО-на шапқыншылық жоспарларды құра отырып, герман әскери басшылығы айтарлықтай назарды кеңестік мұнай аймақтарын басып алуға бөлді. «Барбаросса» жоспарын жүзеге асыру барысында Кавказ мұнайын басып алу КСРО-на қарсы соғыстағы басты стратегиялық мақсатқа айналған еді [2, С.40]. Мұндай жоспарлар Берлинде ғана құрылған жоқ. Кавказ сондай-ақ Түркия, Франция және Англияны да қызықтырды. 1940 ж. қаңтарының өзінде Францияның премьер-министрі Э. Даладьё француз бас штабына КСРО-на шабуылдаудың үш мүмкін нұсқасын бағалауды ұсынады: 1) Қара теңізде әскери қимылдар ұйымдастыру, 2) Кавказға тікелей басып кіру, 3) Кавказдың мұсылман халқының көтерілісін ұйымдастыру мүмкіндігін ойластыру [9].

Мәселен, бүгінгі таңда Кавказ сияқты Каспий аймағы да тұтынушы-мемлекеттердің ерекше қызығушылығын тудырып отыр. Ресейлік табиғи газ Украина және Беларусь мемлекеттері арқылы Еуропаға жеткізіледі. Соңғы жылдардағы Киев, Минск және Мәскеу арасындағы тұрақсыз қатынастар Еуропа мемлекеттерінің энергоресурс көздерінің диверсификациясына жүгінуіне итермелеп отыр [10, Р.1]. Таяу Шығыстағы тұрақсыздықтар да ресурстар көздерінің әртараптандырылуын талап етеді. Бұл тұрғыдан Каспий маңындағы Орталық Азия мемлекеттері, соның ішінде Қазақстан мен Түркменстан ең қолайлы нұсқа болып отыр.

Жоғарыда айтылған Беларусь, Украина және Ресей арасындағы түсініспеушіліктің кесірінен туындаған газ жеткізіліміндегі жаңылыстар транзиттік мемлекеттердің де маңызын көрсетеді. Мысалы, Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін өкімет басына келген араб басшыларының арасында мұнай факторының маңыздылығын алғаш болып Египет президенті Г.А. Насер түсінді. «Төңкеріс философиясы» еңбегінде Насер мұнайды Араб әлемінің үш негізгі құраушысының қатарына қосады, өйткені «мұнай – Батыс өркениетінің күш-қуатының негізгі көзі» [11]. 1956 ж. маусымда Насер Суэц каналын ұлттандырып, батыс мемлекеттердің экономикасына айтарлықтай қауіп төндіреді: 1955 ж. Суэц арқылы Еуропа қажеттіліктеріне ғана мұнай тасымалдау көлемі 67 млн. тоннаны құраған. Бұл қадам көп ұзамай қарулы дағдарысқа соқтырады. Осылайша, Насер мұнай қорларына ие аймақтар ғана емес, мұнай тасымалдау жолдарының да геосаяси тұрғыдан маңызды екендігін көрсетеді.

Ал кеңестік басшылардың арасында мұнайдың тауар ретінде ерекше құндылығын Н.С. Хрущев алғаш болып байқайды. Ол мұнайды төмен бағамен әрі үлкен көлемде сатуға бел буды. 1958 ж. Хрущевтың бұл әрекеті батыс әдебиетінде «кеңестік экономикалық шабуыл» атауына ие болады. 70-ші жылдардың басынан Кеңес Одағы Батысқа табиғи газды да айтарлықтай көлемде жеткізіп тұратын болды. Сол жылдары КСРО Батыс Сібір отын-энергетикалық кешенін игере отырып, мұнай мен табиғи газдың ірі экспорттаушысына айналады. 1973-1985-ші жылдар аралығында КСРО мұнай экспорты арқасында, шамамен, 200 млрд. долларға ие болады. Сол жылдары кеңес стратегтері өздерінің геосаяси мақсаттарын шешудің, яғни әлемдегі КСРО орнын нығайтып, Батысты әлсіретудің ерекше құралын тапты десе де болады [2, С.41].

Бұрын энергетикалық нарықта үстемдік етуші Батыс компаниялары бүгінгі таңда өз позицияларын жоғалтуда. Яғни өткен ғасырда қалыптасқан энергетикалық қауіпсіздік жөніндегі түсінік өзгерістерді талап етеді. Ал бұл саладағы жаңа акторлар мен саяси «ойыншылардың» пайда болуы жаңа қауіптердің пайда болуына соқтырып, энергетикалық қауіпсіздіктің рөлін арттырады.

Жалпылама бүгінгі таңдағы энергетикалық салаға төніп тұрған негізгі қауіптерді айтып өтетін болсақ, оған бағалардың үздіксіз көтерілуі, батыс мемлекеттерінің газ және мұнайдан тәуелділігінің ұлғаюы, қорлардың таусылуы, Қытай және Үндістан сияқты мемлекеттердің ресурстарға деген сұранысының өсуі, ауа-райы өзгерістері, теңіз жолдары мен транзиттік құбырларға кедергі жасау, т.б. жатады.

«Энергетикалық қауіпсіздікті тұжырымдау» еңбегінің авторы К. Уинзер осы қауіптерді бірқатар топқа бөлуді жөн көрді:

*техникалық қауіптер* – құбырлардың, компоненттер мен трансформаторлардың механикалық тұрғыдан не ескіру кесірінен зақымдануы;

*адами фактор қауіпі* – халық арасында іріткінің пайда болуы, лаңкестік, саяси тұрақсыздық, соғыс және эмбарго кесірінен туындайтын энергетикалық саладағы қиыншылықтар;

*табиғи қауіптер* – табиғи апаттар, ауа-райындағы шұғыл өзгерістер, жаһандық жылыну, сондай-ақ экологиялық салдар мен қорлардың таусылуы [12, Р.10].

Бұл қауіптердің ішінен ең өзектілерін айқындау мәселесіне келетін болсақ, оған қатысты Халықаралық энергетикалық агенттікпен жыл сайын жарияланатын «World Energy Outlook» журналында жаһандық



энергетикалық қауіпсіздікке келесі екі негізгі қауіптің төніп тұрғаны жазылды: энергоресурстардың жеткіліксіздігі және көмірсутегілерді шектен тыс қолдану кесірінен туындайтын экологиялық зардаптар. Бұл тұжырыммен, бір жағынан, келісуге болады. Мәселен, энергоресурстардың жеткіліксіздігінің өзі сондай-ақ өзінен туындайтын салдарды да қамтиды. Өйткені ресурстар үшін күрес, энергетиканың саясаттандырылуы, басқа мемлекетке қарсы күш қолдану мен оның ішкі істеріне араласу және т.б. мәселер дәл осы ресурстар жеткіліксіздігінен туындап тұр. Оған қоса ғасырдың ортасына қарай қорлардың тіпті мүлдем таусылатыны жөнінде де ойлар бар.

Сол себептен қалыптасқан энергетикалық қауіпсіздік парадигмасын қайта қарастыру маңыздылығы туады. Бұл энерготасымалдаушылардың сұраныс және ұсыныс құрылымындағы өзгерістермен байланысты. 2007 ж. жазда British Petroleum компаниясының бас экономисті Кр. Рюль Мәскеуде әлемдік энергетиканың жылдық статистикалық шолуын баяндағанда, ол көмірсутегіні өндіру аймақтарының тұтынушылардан алшақтап жатқандығын мәлімдеді. Сұраныс өсу үстінде, ал ірі тұтынушылардың қорлары таусылуда [2, С.46].

Сондай-ақ энергетикалық ресурстардың жеткіліксіздігіне келесі көрнекті мысал бар: сұйық көмірсутегінің тұтынудың абсолютті көлемі жыл сайын 1-2,5%-ға ұлғаюда. Ал тұтынушы-мемлекеттердің (АҚШ, Қытай, ЕО мемлекеттері, Жапония, Үндістан) мұнай-газ өндірісінің деңгейі өзінің ең төменгі межесіне жетіп отыр. Мысал ретінде Ұлыбританияны келтірсек, бұл мемлекетті 20-30 жылдай бұрын мұнай-газ державасы деп атауға болған еді. 1973 ж. Ұлыбритания жылына 400 мың тонна мұнай өндірген. Дағдарыс есесінен 1970-1980-ші жылдары мемлекет Солтүстік теңіз қорларының ауқымды өндірісін бастауға мәжбүр болады. Осылайша, 1983 ж. Ұлыбританиядағы мұнай өндірісі 115 млн. тоннаны құрап, 1999 ж. тіпті ең жоғары көрсеткішіне – 137,4 млн. тоннаға да жетті. Сол себептен Солтүстік теңіздің ресурсты базасы бүгінгі таңда таусылуда [9, С.1]. Вашингтон әрдайым мемлекеттің энергетикалық дағдарыстан қорықпайтынын, стратегиялық қорлардың жеткілікті екендігін мәлімдесе де, бұл мәселенің оларды алаңдататындығы құпия емес. Яғни мемлекеттердің энергия көздеріне деген сұранысы жедел қарқынмен өсуде, ал бұл оларды экспорттаушы-мемлекеттерге одан ары тәуелді етеді.

Ірі экспорттаушылардың энерготасымалдаушыларды сатуды белгілі бір себептермен уақытша болса да тоқтатуы энерготәуелді мемлекеттер мен аймақтар үшін 1974 жылғы «энергетикалық дағдарыстың» қайталануымен бірдей болуы мүмкін. Бұл бүкіл әлемдік шаруашылыққа әсер ете отырып, экономикалық, саяси және әскери салдарға соқтырады [2, С.39].

Оған қоса дамыған мемлекеттер энергоресурстарды сатып алатын көшбасшы рөлін жоғалтуда. Бұл да энергетикаға қауіп төндіруші факторлардың бірі болып табылады. Алғашында бұл көмірге қатысты орын алды (4-кесте). 1980-ші жылдардың басына қарай дамушы мемлекеттер көмірді тұтыну деңгейі бойынша дамыған мемлекеттерді қуып жетсе, 1990-шы жылдардың ортасында тіпті олардан асып түседі. 2007ж. көрсеткіш бойынша дамыған мемлекеттер әлемдік көмір өндірісінің үштен бір бөлігін тұтынса, дамушы мемлекеттер үштен екі бөлігін тұтынатын болады [2, С.46].

1-Кесте. Әлемдік көмірді тұтынуға дамыған және дамушы мемлекеттердің үлесі (% есебімен)

Мемлекеттер	1950 ж.	1970 ж.	1980 ж.	1990 ж.	2000 ж.	2005 ж.
Дамыған	74,2	59,6	54,8	48,9	46	31,4
Дамушы	25,8	40,4	45,2	51,1	54	68,6

*Дереккөз: IEA, World Energy Outlook 2005 ақпараты негізінде есептелінген*

Кейін бұл газға қатысты да орын алды (5-кесте). Дамушы мемлекеттер дамыған мемлекеттерді газды тұтыну деңгейі бойынша 1980-ші жылдардың соңы – 1990-шы жылдардың басында қуып жетеді. Ал 2007 ж. көрсеткіш бойынша дамыған мемлекеттер әлемдік газ өндірісінің 37,4%-ын тұтынса, қалғаны дамушы мемлекеттерге тиесілі болды. Бүгінгі таңда дамыған мемлекеттер әлемдік мұнай өндірісінің жартысынан астамын тұтынса да, қазіргі динамиканың сақталуымен дамушы мемлекеттер мұнайды тұтыну деңгейі бойынша да дамыған мемлекеттерді қуып жетуге мүмкін [13].

2-кесте. Табиғи газды тұтынуға дамыған және дамушы мемлекеттердің үлесі (% есебімен)

Мемлекеттер	1970 ж.	1980 ж.	1990 ж.	1995 ж.	2000 ж.	2007 ж.
Дамыған	70,6	57,1	43,8	47	53,4	37,4
Дамушы	29,4	42,9	56,2	53	46,6	62,6

Дереккөз: IEA, *World Energy Outlook 2007* ақпараты негізінде есептелінген

Дамыған мемлекеттердің энергоресурстардың «негізгі сатып алушысы» болуды тоқтатуы олардың қажеттілігінің төмендеуінен орын алған жоқ. Керісінше, бұл мемлекеттер тобында қажеттілік нық өсуде. Ал басты себебі - дамушы экономикалардың өрлеу қарқынының дамыған мемлекеттерге қарағанда жоғары болуы. Бұл, өз кезегінде, осы мемлекеттер арасындағы бәсекелестіктің ұшығуына соқтырып отыр. Яғни энергетикалық саладағы қайшылықтар тек экспорттаушы және импорттаушы мемлекеттер арасында ғана емес, сондай-ақ энергоресурстарды импорттаушы мемлекеттердің өз ішінде де орын алуда. Мысалы, Солтүстік Америка, Еуропа, Жапония сияқты дамыған және Қытай, Үндістан сияқты дамушы импорттаушылар арасындағы қатынастарда ауыр қайшылықтар байқалуда. Үндістан мен Қытай бастаған бірқатар дамушы мемлекеттер шапшаң экономикалық жаңғыртуға бет алып, сол себептен олардың көмірсутегі мен жалпы шикізаттарға деген сұраныстары да артты. Бұл мемлекеттердің энергияны орасан зор көлемде қолдануы үлкен қауіп төндіре отырып, энергияны үнемдеу саласында бүкіл мемлекеттердің біріккен шараларын қажет етеді. Алайда осы тұрғыдан ерекше ықпал етуге мүмкіндігі бар ХЭА дамыған Батыс мемлекеттерінің жабық клубы болуды жалғастырып, Ресей және ОПЕК мемлекеттері сияқты ірі экспорттаушылар мен Бразилия, Қытай, Үндістан сияқты жаңа импорттаушыларды өз қатарына қосуға асықпайды [2, С.44].

Осы себептен Дүниежүзілік экономикалық форумның Стратегиялық зерттеулер орталығының атқарушы директоры Дж. Дэвис бұл мәселені шешу жолдарын ойластырып, Мұнайды импорттаушы мемлекеттер ұйымын, яғни ОПИС (Organization of Petroleum Importing Countries) құру концепциясына келеді. Сондай-ақ 2006 ж. Үндістанның энергетика министрі М.Ш.Айяр Қытай, Жапония және Кореяға энерготасымалдаушыларды импорттау саясатын бірлесіп басқаруды ұсынады. Ол ХЭА-тің паназиялық эквивалентін құру идеясын алға тарта отырып, оның ОПЕК-ке қарсы ұйым ретінде құрылмайтынын хабарлайды. ОПИС АҚШ, ЕО, Жапония, Қытай, Үндістан сияқты жетекші әлемдік мұнайды тұтынушыларды біріктіретін Азияның қарқынды экономикалық дамуын қолдаушы және энергетикалық қауіпсіздікті жүзеге асырушы аймақтық механизмі рөлін ойнауы қажет екен [2, С.58]. Алайда бұл идеяның жүзеге асуы қаншалықты мүмкін екендігі белгісіз. Құрылған жағдайда да оның ОПЕК сияқты маңызды рөлге ие болуы да бөлек мәселе болып табылады.

Жалпы мемлекеттердің осындай блоктарға топталып халықаралық қатынастарда баланс сақтауы, жаңа мүшелерді қабылдау арқылы қатарларын кеңейтуі немесе, керісінше, басқа мемлекеттерді өз қатарына қосудан бас тартуы және т.б. әрекеттері өз саясаттарын жүзеге асыру құралы болып табылады. Яғни энергетика саясатпен тікелей байланысты. Осыдан энергетикалық секторға және жалпы халықаралық саясатқа ең үлкен әсерін тигізетін фактор туындап отыр, ол – энергетиканың саясаттандырылуы.

Энергетиканың саясаттандырылуы халықаралық аренадағы мемлекеттердің әрекеттеріне тікелей әсер етеді. Импорттаушылар экспорттаушылармен ерекше қатынастарды құруға тырысады. Мысалы, Қытай үкіметі Венесуэла, Судан, Қазақстан, Иран, Ресей мемлекеттерімен осындай қатынастарды орнатуға талпынуда. Тегеран және Каракаспен қатынастар тікелей энергетикамен байланысты болғандықтан, Қытай халықаралық қауымдастықтың Иран мен Венесуэлаға қарсы қолданылатын еш шараларын қолдамайды [9, С.2]. Бұл тұрғыдан Қытайдың осы мемлекеттермен көптеген сауда және энергетикалық келісімдердің қабылдануы айқын дәлел болып отыр. Мысалы, оның Венесуэламен қатынастарын нығайтатын ҚХР және Венесуэла арасындағы Қаржыландыру жөніндегі ұзақ мерзімді келісімді келтірсе болады. Келісімнің 8-бабына сәйкес, екі мемлекет арасында қабылданған «Мұнаймен қамтамасыз ету жөніндегі» келісімді ескере отырып, тараптар энергетикалық салада баға, логистика, т.б. мәселелер бойынша ынтымақтастықты және даулы мәселелерді шешу механизмдерін құруға келісті [14]. Ал Иранның ядролық бағдарламасына қатысты өз ұстанымдарын ҚХР Иран «P5+1» (Германия, Қытай, Ресей, Ұлыбритания, Франция және АҚШ) форматындағы кездесулерде білдірді. Оның нәтижесі ретінде 2013 ж. 24 қарашада Женевада қабылданған «Біріккен әрекеттер жоспарын» келтіруге болады [15].

Осындай энергетиканың саясаттандырылуының сипаттары өткен ғасырда да айқын байқалған екен.

Бірінші дүниежүзілік соғыс барысында, жоғарыда айтылғандай, танк пен әскери әуе күштерінің пайда болуы мұнайдың маңыздылығын айтарлықтай арттыра түседі. Осылайша, XX ғ. басындағы Ресейдің мұнай өнеркәсібінің жедел өсуі кейбір американдық зерттеушілердің, мысалы, Р. Эпперсонның ойынша американдық мұнай кәсіпкерлерін патшалық империяның ішкі істеріне араласуына итермелейді. Оның пайымдауынша, тіпті 1917 ж. орыс революциясы да орыс кен орындарына бақылау орнату мақсатымен американдық және еуропалық мұнайшылар тобымен ұйымдастырылған [2, С.39].

Сонымен қатар энергетиканың саясаттандырылуы энергоресурстарды тасымалдау барысында да байқалуда. Мысал ретінде Каспийді келтірсе болады: АҚШ және ЕО мемлекеттерінің ойынша, аймақтың Орталық Азия ресурстары Ресейді айналып өтіп экспортталуы қажет. Түрлі саяси және қаржылай күш салудың арқасында 2006 ж. Баку-Тбилиси-Джейхан мұнай құбыры мен Баку-Тбилиси-Эрзерум газ құбыры салынады. Ал Ресей, керісінше, каспийлік ресурстардың өз территориясынан өтуі мақсатымен Баку-Новороссийск, Атырау-Самара сияқты альтернативті маршруттарды ұсынады. Үшінші жағынан Қытай Каспий ресурстарының шығысқа тікелей өтуін қалап, осы мақсатпен Қазақстаннан Қытайға өтетін құбырды кеңейту мен түркмен және қазақ газының қытай нарығына тікелей жеткізілуін қамтамасыз ететін газ құбырларын салу жоспарлануда [9, С.2].

Сонымен қатар халық санының да энергия тұтынуға тигізетін әсері зор. БҰҰ орташа болжамына сәйкес, әлем халқының саны ХХІ ғ. басындағы 6,2 млрд. адамнан 2030 ж. қарай 8 млрд. адамға және 2050 ж. қарай 10 млрд. адамға дейін ұлғаяды екен, ал оның 80%-ы дамушы мемлекеттерде тұратын болады [16, С.58]. АҚШ адам санағы бюросының көрсеткішіне сәйкес, 2014 ж. қаңтарының өзінде Жер халқының саны 7 млрд. адамнан асып кетті. Яғни осы динамиканы ескере отырып, жоғары айтылған болжамдардың орындалуы әбден мүмкін. Қазірдің өзінде әлемді тіпті азық-түлікпен қамтамасыз ету үлкен мәселе болып жатса, келешекте 10 млрд. адамды энергиямен қамтамасыз ету қайдан.

Энергетика саласындағы тағы бір тұрақсыз әрі тұрақсыздандырушы тағы бір элемент – ресурстың бағасы. Жоғары бағалар – әлемдік энергетикалық нарықтардағы шиеленісті жағдайдың басты индикаторы (3-қосымша) [17]. Алайда экспорттаушы-мемлекеттер энергия көздерінің бағасын көтерген жағдайда тұтынушыларды басқа да альтернативті энергия көздерін дамытуға итермелейтінін ескеруі қажет. Бұл келешекте олардың энергетикалық нарықтағы рөлдеріне нұқсан келтіруі мүмкін. Сонымен қатар басқа энергия көздерін іздестіру тұтынушы мемлекеттерді қауіпті энергия көздерін қолдануға да итермелейді.

Мысалы, көмірсутегі тапшылығы атом энергетикасының дамуына соқтырып отыр. Қауіпсіздік тұрғысынан бұл, әрине, ең дұрыс шешім емес. Эксперттердің пайымдауынша, 2030 ж. қарай атом энергиясының әлемдік энергиямен қамтамасыз етудегі үлесі 7%-ға дейін өседі. Сонымен қатар бұл саладағы уранның қажеттілігі әлемдік уран нарығындағы белсенділікті ұлғайтып, атом энергетикасын ызғарлы халықаралық күрестің ортасына айналдырып отыр [9, С.4].

Атом энергиясын тек бейбіт мақсатпен ғана пайдалану үшін 1968 ж. БҰҰ қолдауымен тарихи маңызы бар құжат – Ядролық қаруды таратпау жөніндегі келісім қабылданады [18]. Бүгінгі таңда Келісімге Израиль, КХДР, Үндістан және Пәкстаннан басқа барлық дерлік тәуелсіз мемлекеттер мүше болып табылады. Қазақстанның ядролық қаруды таратпау тәртібін алға тартудағы рөлі зор. 1991 ж. Қазақстан өз тәуелсіздігін ала отырып, өзін бейбіт-сүйгіш мемлекет ретінде танытып, халықаралық қауіпсіздікке өз үлесін қосу мақсатымен ядролық қарудан бас тартады.

БҰҰ Бас Ассамблеясының 67-сессиясының президенті Вук Еремич Қазақстанның халықаралық аренада белсенді ойыншыға айналғанын айтты. Тіпті Қазақстанға ядролық қаруды таратпау саласындағы әлемнің көшбасшысы ретінде посткеңестік кеңістік мемлекеттерінен алғаш болып ЕҚЫҰ-на төрағалық ету мүмкіндігі берілді. Ал Қазақстанның ядролық қарудан бас тартуы үлгі аларлық әрекет болып танылып, 29 тамыз Бүкіләлемдік ядролық қарудан бас тарту күні болып жарияланды. Сол кезден бастап Қазақстандағы уранның мол қорына қарамастан, бейбіт атомды да қолдану қолға алынған жоқ.

Алайда Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың 2014 ж. 17 қаңтардағы халыққа жолдауында ЭКСПО-2017 көрмесіне дайындық ретінде болашақ энергиясын табу және жасыл экономиканы құру мәселелерімен қатар, атом электр станциясын да салу қажеттілігі атап өтілді. Онда келешекте арзан атом энергиясындағы қажеттілік өсе беретіні жазылды. Қазақстан уран өндірісінің әлемдік көшбасшысы болғандықтан, АЭС салып, оған жанармайды өзіміз өндіруіміз қажет делінген [19]. Экономикалық тұрғыдан атом энергетикасын дамыту тиімді болса да, оның қаншалықты қауіпті екендігі де белгілі. Мысалы, 1986 ж. 26 сәуірдегі әлемді дүр сілкіндірген Чернобыль атом электр станциясындағы жарылыс пен 2011 ж. 11 наурыздағы Жапониядағы жер сілкініс пен цунами кесірінен орын алған Фукусима-1 станциясындағы ірі радиациялық апатты еске түсіру жеткілікті.

Энергетикалық қауіпсіздікке деген назардың ұлғаюы мұнай нарығындағы ұсыныс жеткіліксіздігі мен жоғары бағалардың есесінен орын алды. Сонымен қатар терроризм қаупі, бірқатар экспорттаушы-мемлекеттердегі тұрақсыздық, ұлтшылдық көңілдер, геосаяси бәсекелестік те бұл мәселеге деген қызығушылықты ұлғайтады. Соңғы кездері энерготасымалдаушыларға деген әлемдік қажеттілікті қамтамасыз етуге келешекте ресурстардың жеткіліксіз болатыны жөнінде үрей туады.

Туындап отырған осы мәселелердің барлығының энергетикаға және әлемдік саясатқа тікелей ықпал ететінін анық байқауға болады. Сол себептен энергетикалық қауіпсіздіктің ғаламдық мәселеге айналғаны әлемнің бүкіл мемлекеттерін алаңдатууда.

Энергетика мемлекеттердің жаһандық экономикадағы интеграциялық үрдістерге араласуының, әлемдік қауымдастықтағы мемлекеттің рөлін айқындайтын ең маңызды факторларының бірі болып табылады. Жаһандану мен өзара тәуелділік мәселенің бүкіл әлемге әсер етуіне соқтырып отыр. Энергетиканың саясаттандырылуы тараптардың тек өз мүдделерін ғана қозғауына әкеліп, табиғи қорлардың сарқылуы мен климаттық өзгерістер сияқты шарасыз қауіптерге төтеп беруге кедергі болып отыр. Мемлекеттер бір-бірімен және халықаралық ұйымдармен теңдік, өзара сенімділік пен тиімділік қағидаларының негізінде ынтымақтастықтарын нығайту арқасында ғана бұл мәселені шеше алады.

1 Сапир Ж. Энергобезопасность как всеобщее благо // *Россия в глобальной политике*, №6, ноябрь- декабрь 2006.

2 Денчев К. *Мировая энергетическая безопасность: история и перспективы* // *Новая и новейшая история*. №2. С. 39-58.

3 Симонов К.В. *Глобальная энергетическая война*. М., 2007, С. 51-62.

4 Solberg C. *Oil Power*. New York, 1976, P. 5.

5 Ергин Д. *Гарантировать энергетическую безопасность* // *Россия в глобальной политике*. 2006, т.4, №1. С.59-60.

6 Official website of the International Energy Agency // <http://www.iea.org/topics/energysecurity/>

7 *Итоговый документ саммита «Группы восьми»*. Спб, 2006 // *Россия на мировых рынках традиционной и новой энергетики*. М., 2009, С. 236- 260.

8 Денчев К., Златев В. *Нефть, газ и геополитика*. София, 2000, С. 33-34.

9 Боровский Ю. *Политизация мировой энергетики* // *Международные процессы*, 2008, Том 6, №1(16). 4 с. // <http://www.intertrends.ru/sixteenth/002.htm>

10 *Europe's Energy Security: Options and Challenges to Natural Gas Supply Diversification/ M.Ratner, P.Belkin, J.Nichol, S.Woehrel.*- 2012, Vol.23,Issue 3/4, 323 p.

11 Насер Г.А. *Фалсафат ас-саура (Тәңкеріс философиясы)*. Каир, 1954, Б. 185 (араб тілінде).

12. Winzer C. *Conceptualizing Energy Security* // *Cambridge Working Papers in Economics 1151. - Faculty of Economics, University of Cambridge*, 2011. P. 2-15.

13 Сафранчук И.А. *Мировой энергетический баланс. - Современные глобальные проблемы мировой политики: учебник/ Под общ.ред. М.М. Лебедевой. - М., 2009, С. 24.*

14 *Agreement between the Government of the Bolivarian Republic of Venezuela and the Government of China*//<http://www.aei.org/files/2010/08/18/Agreement-Venezuela-China.pdf>

15 *Joint Plan of Action agreed in Geneva on November 24, 2013, between the P5+1 nations (China, France, Germany, Russia, the UK, and the US) and Iran* // <http://www.washingtoninstitute.org/uploads/Documents/other/IranP5plus1jointplanofaction131124en.pdf>

16 Мазур И.И. *Глобальная энергетическая безопасность* // *Век глобализации*. 2008, №1. С. 57-69.

17 *The Economist intelligence Unit's Oil prices forecast, 2013* // <http://www.kazenergytrade.kz/?uin=1286517944&chapter=1368701696>

18 *Договор о нераспространении ядерного оружия. - Одобрен Резолюцией 2373 Генеральной Ассамблеи ООН от 1968 г.* // [http://www.un.org/ru/documents/decl\\_conv/conventions/npt.shtml](http://www.un.org/ru/documents/decl_conv/conventions/npt.shtml)

19 ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың халқыққа Жолдауы. 2014 жылғы 17 қаңтар. - *Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты*, 18.01.2014 // <http://www.akorda.kz/kz/page/page>

### Резюме

В статье рассматриваются проблемы формирования и развития энергетической безопасности. Для изучения проблемы рассматривается история формирования и развития энергетической безопасности. Решение проблем энергетической безопасности формально началось с резолюции ООН 1960 года о суверенных правах на энергоресурсы. Проблемы же практического плана известны со времен Первой мировой войны. Рост роли нефти в мировой энергетике по инициативе У. Черчилля надолго поставил страны Запада в зависимость стран обладающих энергоресурсами. Взаимозависимость в международных отношениях превратил этот вопрос в глобальную проблему. Таким образом, можно утверждать, что современная система энергетической безопасности сформировалась в качестве ответа на нефтяное эмбарго 1973 года, введенное арабскими странами. На формирование проблемы энергетической безопасности оказали значительное влияние энергетический кризис 1973 года, создание таких организаций как ОПЕК и Международное энергетическое агентство.

**Ключевые слова:** энергетика, энергоресурсы, энергетическая безопасность, ООН, Всемирная торговая организация, Организация стран экспортеров нефти (ОПЕК), Международное энергетическое агентство.

### Summary

The article studies problems of development and evolution of energy security. In order to study the topic author analyses the history of development and evolution of energy security. Solution of energy security issues formally has begun from 1960 UN Resolution on sovereign rights on energy resources. But, in reality such problems are known from World War I. Increasing of the oil role in the world's energy system by the W. Churchill's initiative has led to long lasting dependence of the West on resource rich countries. Interdependence in International relations has turned this problem into global issue. Thus, we can say that modern energy security system was established as a response to 1973 oil embargo of Arab countries. Development of energy security problems was influenced by 1973 energy crisis and establishment of such organizations as OPEC and International Energy agency.

**Key words:** Energetic, energy resources, energy security, UN, World Trade Organisation, Organization of the Petroleum Exporting Countries (OPEC), International Energy agency.

УДК 327.821(574)

## ТҮРКИЯНЫҢ ӘЛЕМДІК САЯСАТТАҒЫ ЖАҢА ОРНЫ МЕН РОЛІ. СЫРТҚЫ САЯСИ АСПЕКТ

**Л.Ж. Абжапарова** – *Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті, халықаралық қатынастар кафедрасының аға оқытушысы*

Мақалада автор жиырмасыншы ғасырдың аяғындағы әлемдік дамудағы өзгерістер, оның ішінде КСРО-ның ыдырауы Түркия үшін де, маңызды тарихи бетбұрысты кезең болғанына тоқталады. Қазіргі халықаралық қатынастарда Түркия мемлекетінің географиялық, экономикалық және саяси факторларына байланысты геосаяси, геэкономикалық және геостратегиялық жағынан маңызды мемлекетке айналып отырғаны мәлім.

Автор Түркияның маңызды геосаяси факторға айналуының бірнеше себептерін аша отырып, қазіргі қалыптасып отырған халықаралық қатынастарда мемлекеттің салмақты саяси ұстанымды таңдап, мүмкіндігінше ашық есік саясатын ұстанып, теңгермелі дипломатияға сүйенетіндігіне ерекше назар аударады. Сонымен бірге сарапшылар Түркия премьер-министрі Р.Т. Ердоған зайырлы демократияның жақтасы етіп көрсететін артықшылықтары мен оның экономикалық жетістіктерін мойындайды деген пікірді алға тартады.

**Тірек сөздер:** геосаясат, сыртқы саясат, реформа, Таяу Шығыс, Орталық Азия геосаясаты, түрік факторы

Қазіргі халықаралық қатынастарда Түркия географиялық, экономикалық және саяси факторларына байланысты геосаяси, геэкономикалық және геостратегиялық жағынан маңызды мемлекетке айналууда.

Түркияның халықаралық қатынастарының маңызды геосаяси факторға айналуының бірнеше себептері бар.

*Біріншіден*, географиялық жағынан батысында – Еуропамен, солтүстігінде – Сирия, шығысында – Иран мен Ирак, солтүстік-шығысында Армения мен Грузия мемлекеттерінің тоғысқан жерінде орналасқан. Сондықтан да аймақтың стратегиялық маңызы өте зор.

*Екіншіден*, Түркия туризм мен ауыл шаруашылығы саласында: мақта, көкөніс және тағы басқа экономиканың дамуына әсер ететін дәнді дақылдарды дамытудағы жағдайы айтарлықтай жақсы, сондықтан едәуір зор экономикалық потенциалға ие.

*Үшіншіден*, ұлттық, діни, мәдени жағынан алғанда Түркия өзіне тән ерекшеліктерге ие, түркі және ислам мәдениетімен дәстүрлі байланысы зор, оған қоса батыс пен шығыс мәдениеттерінің синтезі ретінде де ықпалы зор. **Экономикалық реформалардың ерекшелігі.**

Жиырмасыншы ғасырдың аяғындағы әлемдік дамудағы өзгерістер, оның ішінде КСРО-ның ыдырауы Түркия үшін де маңызды тарихи бетбұрысты кезең болды. Батыс сарапшылары Түркияның шиеленісті аймақта орналасқанына қарамастан, экономикалық зор жетістіктерге жеткенін, бірақ бұл елде секуляризмнің орнын исламшылдық басып келе жатқанын атап өтуде. «Соңғы 10 жылдың ішінде Түркия зор табысқа жетті, ел экономикасы жылдам өсіп, әлеуметтік теңсіздік азайды, инновация жолға қойылды» - деп жазады АҚШ-тың Колумбия университетінің профессоры, ғаламдық даму мәселелері жөніндегі маман Джефри Сакс [1].

Бүгінде Түркияның батысындағы – еуроаймақтағы экономикалық дағдарыстың кіндігі саналатын Кипр мен Грекия, түстігінде – отқа оранған Сирия, шығысында – Иран мен Ирак, солтүстік-шығысында Армения мен Грузиядағы геосаясат шиеленісіп тұр. Сириядағы азаматтық соғыстан зардап шеккен 400 мыңға жуық босқын қазірдің өзінде Түркия жеріне өтіп кеткен.

Міне осындай мазасыз елдердің дәл ортасында болғанына қарамастан, Түркия өз бетінше дербес саясат ұстанып, экономикасы қарыштап дамып барады. Мамандардың пікірінше, 2002 жылдан бері ел экономикасы жыл сайын 5 пайызға өсіп отырған. Төңірегі отқа оранып жатқанда Түркияда бейбіт заман орнаған. 2000-2001 жылдардағы дағдарысты бастан өткерген түрік банктері соңғы экономикалық дүрбелеңде көп зардап шеге қойған жоқ. Қазіргі үкімет үш сайлауда қатарынан айқын басымдықпен жеңіске жетіп отыр. Түркия көршілері сияқты табиғат ресурстарына бай болмаса да, өз тарапынан өнеркәсіп пен қызмет көрсету саласын жоғары деңгейге көтере білу арқылы туризмді мықтап дамытып, саяхатшылар үшін ең тартымды елдердің біріне айналды. Соның арқасында 2012 жылдың өзінде елге 36 миллион турист келген.

Біздің ойымызша, елдің инфрақұрылымы шет ел инвесторларын қызықтыратындай жоғары деңгейде. Заманауи инжиниринг үлгілерінің көбі ел ішінде жасалған. Түркияның құрылыс компаниялары Таяу Шығыс пен Африка елдеріне барған сайын тамырын терең жаюда.

Түркияда білім сапасы да жоғары деңгейде. Мәселен, Анкара Африка мен Азия елдерінен студенттер мың-мыңдап келетін қалаға айналған. Елдегі университеттер авиациялық электроника, ақпараттық технология сияқты салаларда маман даярлауға ден қойып жатыр. Сонымен бірге, Түркиядағы қоқысты қайта өңдеу технологиясына ерекше мән берген.

Түрік сарапшыларының пікірінше, елде қоқыс технологиясы қазір әлемнің назарын аударып отыр. Мұнда қоқыс қайта өңделетін және органикалық қоқыс болып екіге жіктеледі. Органикалық қоқыс тыңайтқышқа және метанға айналдырылады да, одан электр энергиясы өндіріледі.

Қазіргі кезде ғаламдық экспорт ауқаттылар тұратын Батыстан қашып, Азия мен Африкаға қарай ойысып жатқан тұста өнеркәсібі мен құрылысы инновацияға негізделген Түркия таптырмас нарыққа айналып отыр.

Сарапшылардың пікірінше, Түркия бұл мүмкіндікті қалт жібермейді және бұл үдеріс жалғаса бермек.

Түркияның мұндай жетістіктерге жетуінің себебі премьер-министр Режеп Тайып Ердоған мен премьер-министрдің орынбасары Әли Бабажан бастаған қаржыгерлер тобының экономикалық саясатында жатыр. Банк секторындағы дүрбелеңнің соңын ала, алмағайып заманда билікке келген Ердоған-Бабажан тандемі банк саласын қайта құру, бюджеттік бақылауды күшейту, инфрақұрылым, білім беру, денсаулық сақтау және технология салаларына инвестиция салу стратегиясын тандады. Бүгінгі таңда Түркия статистика ұйымы таза мемлекеттік кірістің 2013 жылғы екінші ширек нәтижелерін жариялады. Олар:

1. Түркия экономикасы осы жылдың екінші ширегінде 4,4 пайыз үлкейді.

2. Таза мемлекеттік кіріс те екінші ширекте кемшілік бағалармен 385 миллиард 113 миллион доллар болды.

3. Халықтың тұтыну жұмсаулары тұрақты бағалар бойынша 5,3 пайыздық артумен 19 миллион 769 мың лира болды [2].

Санақтарды бағаландырған Қаржы министрі Мехмет Шимшектің пікірінше осы жылдың екінші ширегіне қарағанымызда экономиканың үлкейгенін және мемлекет іші талаптың үлкеюге қосқан үлесінің жалғасқанын байқаудамыз - деді. Ал, экономика министрі Зафер Чағлаян пікірінше 15 ширектен бері үздіксіз бір үлкею бар. Түркия 2013 жылғы 2,2 пайыздық үлкеюден тіпті жоғарғы деңгейде үлкейеміз, деп атап өтті [3].

Бүгінгі Түркияның жетістігі – тек үкіметтің сауатты экономикалық саясаты ғана емес, Осман заманынан келе жатқан тарихи алғы шарттардың да арқасы. Сондықтан да Түркиядан көп нәрсені үйренуге болады.

Түркия қазіргі кезде 70 миллион халқы бар ірі мемлекет.

#### ***Халықаралық қатынастардағы Түркияның дипломатиялық жаңашылдығы.***

Қазіргі қалыптасып отырған халықаралық қатынастарда Түркия салмақты саяси ұстанымды таңдай алды. Анкара көршілеріне мүмкіндігінше ашық есік саясатын ұстанып, теңгермелі дипломатияға сүйенеді. Алайда ішкі теңгеріммен қоса нарықты «жаулау», серіктестерін геосаяси тұрғыдан бөлшектеуден қорғау саясатын да ұмытқан жоқ.

Халықаралық саясаттағы сарапшылар Түркияның жетістіктерін жоғары бағалай келе, оның келеңсіз жайттарына баға беруде. Мәселен, Еуроаймақтағы экономикалық дағдарыс, Сирия, Ирак, Иран, әлемдегі мұнай бағасының өзгеруі – барлығы Анкарадағы тұрақсыздыққа түрткі болуы мүмкін. Жаңа қаржылық дағдарыс капитал ағымына тосқауыл қоюы ықтимал. Түркияның өзінің ішкі мәселелеріде сарапшыларды алаңдатып отыр. Ондай мәселенің бірі әйелдер арасында білім сапасын көтеру қажеттігі. Үкімет білім саласындағы мәселелердің бар екенін мойындап, мектептерге реформа жасайтынын, онда ақпараттық

технологияларды енгізетінін мәлімдеді. Ал батыс сарапшылары Түркия біртіндеп діни мемлекетке айналып барады деген уәж айтуда. Оған дәлел ретінде - жақында қабылданған алкоголь өнімдерінің жарнамасына тыйым салу туралы заңды алға тартуда. Әрине шет елден келетін туристер аймақтарында шарап пен ликерді табуға болады. Бірақ түрік секуляризмнің жақтастары болашақта тәртіп бұдан да қатаңдай түседі деп болжауда.

Түркия премьер-министрі Режеп Тайып Ердоғанды зайырлы демократияның жақтасы етіп көрсететін артықшылықтарын тізбелей келе, сарапшылар оның экономикалық жетістіктерін ерекше атайды. Бірақ, оның Сирия дағдарысына байланысты саясатын қатал сынауда. Мысалы, Р.Т.Ердоғанның Сириядағы көтерілісшілерге қару-жарақ пен азық-түлік жеткізуге кепілдік бола алатын маңызды ролін көрсете келе, Түркиядағы радикалды исламның Еуразия кіндігіне дендеп еніп келе жатыр деп атап өтуде. Ал алкоголь жарнамасына тыйым салу Түркияның Еуропа Одағына (ЕО) жақындау саясатымен үйлеспейді, яғни Ердоған ЕО-дан алшақтау арқылы әккілік жасап отыр. Идеологиялық тұрғыдан қарағанда бұл заң осының алдында қабылданған әйелдерге орамал тағуды міндеттейтін ережемен және либерал интеллигенция өкілдерін дінсіздігі үшін қудалау әрекеттерімен үндес келеді. Саяси тұрғыдан алып қарағанда, бұл Ердоғанның өз партиясындағы әсіресе діншілдерді сабасына түсіру саясаты болуы мүмкін [4]. Алайда оның партия ішіндегі күш-беделін ескерер болсақ, мұндай шараның қажеттігі де жоқ. Түркияның Батыстағы одақтастары үшін ең ауыры – Е.Ердоған діни радикалдардың қолтығына су бүркіп отыруы ықтимал деп баға беруде.

Түркия сонымен бірге қарқынды дамып келе жатқан ҚХР мен де қатынастарын жаңартуда. Оған дәлел ретінде 2023 жылы Қытай мен Түркия арасындағы сауда айналымы 100 млрд долларға жетеді деп жоспарлануда.

Ал, Таяу Шығыс мәселесінде Анкара бейбітшілік саясатын құптайды. Анкараның пайымдауынша, Израиль оккупациялауды қойып, Палестинамен бейбіт келіссөздер жүргізуге ынғай білдірсе ғана арадағы Иордан өзенінің сол жағалауына қатысты жер дауын ушықтырмай бітіре алады. Келіссөздер де халықаралық заңдардың аясында жүргізілуі қажет деп біледі. Бүгінгі күні Палестинаны көптеген халықаралық субъектілер ұлттық автономия ретінде мойындайды. Дегенмен, соңғы кездері АҚШ Палестинаның «де юре» дәрежесіне көтерілуін құптайтын сыңай танытуда. Сондай-ақ, Греция, Португалия, Оңтүстік Корея, Франция, Мальта секілді мемлекеттері де Палестинаны тәуелсіз субъекті ретінде мойындағысы келетінін білдірді. Бұл – Палестинаның соңғы жылдары осы мемлекеттермен жасаған дипломатиялық келіссөздерінің нәтижесі. Яғни, палестиналықтар 1989 жылы тәуелсіздік алу үшін халықаралық қауымдастық мойындаған жоғары саяси ұйымды құрса, 1994 жылы Осладағы келіссөздерден кейін Палестинаның нақты мемлекеті механизмі жұмыс істей бастады. Ал ендігі үшінші қадамда не жасалу керек дегенге келетін болсақ, Палестинаға «де юре» мәртебесіне қол жеткізу ғана қалды.

Қазір Таяу Шығыс мәселесі біржола реттелу үшін БҰҰ мен АҚШ Палестинаның толыққанды тәуелсіз мемлекет болып қалыптасуы керек деп біледі. Анкара да Аббас үкіметінің осы жолдағы әрбір әрекетіне қолдау білдіретінін жеткізді.

**Түркияның Орталық Азия аймағындағы саясаты.** Түркия Орталық Азия аймағына қатысты саяси бағытын ең бірінші орында тек қана экономикалық мақсат содан кейін барып, нақты саяси мақсаттар белгіленген. Ал оның бұрынғы Кеңестік елдермен экономикалық ынтымақтастығы үш бағытта жүруде - экономикалық көмек, сауда мен инвестициялар.

Түрік үкіметінің Орталық Азия мемлекеттері үшін арнайы тұжырымдалған бағдарламалары болмасада, Орталық Азия үшін нарықтық жолында көмек көрсету мен әлемдік экономика шеңберінде ынтымақтастыққа келу болып табылады. Өйткені Орталық Азия тұрақтылық жағдайдың жайлы болуы Түркияға және әлем қауымдастығының басқа да мемлекеттерінің жалпы тұрақтылығын қамтамасыз етеді. Сондықтан да түрік үкіметінің пайымдауы бойынша ауыспалы кезеңдегі мемлекеттерге көмек көрсету Түркияның өз мүддесі үшін де пайдалы. Яғни бұдан шығатын қорытынды «дамудағы ресми көмек» шеңберінде жасалатын барлық шаралар түрік халқының амандығына қолдау жасаумен тең келеді. Сондықтан бүгінгі күні Түркиямен Орталық Азия мемлекеттеріне «донор» елдердің ішінде жетекші орында. Түркия Орталық Азия елдерімен екіжақты экономикалық ынтымақтастық деңгейі көбіне ТМД-дағы экономикалық реформалар бағдарламасы шеңберінде жасалатын жобалармен сипатталады.

2001 жылдан кейін Түркия стратегиясы шеңберінде жаңа сыртқы саяси бағдардың жүзеге асырылуына кірісті. Ол саясат үш құрамдас бөліктен тұрады: бірінші - өзара сенімділік пен түсіністікті арттыру мақсатындағы саяси сұхбат, екінші - аймақтың гүлденуі мен дамуы мақсатындағы табиғи ресурстарды игеруде экономикалық ынтымақтастық, үшінші – НАТО шеңберінде тұрақтылықты сақтау арқылы

аймақтағы бейбітшіліктің болуын қамтамасыз ету. Және де Түркия Орталық Азия қазба байлықтарын игеруде, сонымен қатар транспорттық, коммуникациялық және энергетикамен қамтамасыз ету жүйесін құруда ішкі аймақтық өзара ынтымақтастықтың белсенділігін арттыру факторы ретінде қалыптасуы керек.

Осындай сыртқы саяси вектордың негізінде Түркия үкіметі «Ұлы Жібек жолы жөніндегі дипломатиясын» және «Үлкен Орталық Азия» бағдарламасына қосылды. Бұл бағдарлама Түркияның Орталық Азия мемлекеттеріне нарықтық экономикаға өтуге қолғабыс жасап, экономикалық ынтымақтастықты кеңейту болжамдалады.

Ұлы Жібек жолы үш негізде салынбақшы болды: энергетика, трансконтиненталды транспорттық жүйе және телекоммуникация.

Жобаның өзегі ретінде бірінші орында ресурстарды игеру, әсіресе мұнай мен газды. Орталық Азияның шикізат қорын пайдаланған кезде ол жергілікті экономикаға диномизмді әкеліп, ал ірі импорттаушыларға тұрақты шикізат жеткізулерімен қамтамасыз етеді. Бұл өз алдына аймақтағы интеграциялық процестерге түрткі болып, жаһандық шеңбердегі транспорттық және ақпараттық коммуникациялар жүйесіне интеграциялауға мүмкіндік береді.

Жоғарыда аталғанның барлығы Түркияның Орталық Азия аймағына бағытталған аса маңызды сыртқы саяси бағдары болды. Бірақ 2001 жылдың 11 қыркүйегінде болған оқиғадан кейін аймақтағы стратегиялық өзгерістерден соң, Түркия да аймаққа қатысты өз саясатын қайта қарастыра бастады. Осы орайда екі қорытынды тұжырымдама пайда болды. Олар мыналар:

1. Орталық Азия мемлекеттерімен екі жақты қарым-қатынасын жалғасты тереңдету мен кеңейту;

2. Жалпы Орталық Азия аймағымен ынтымақтастық пен саяси сұхбатты дамыту.

Осыған байланысты Түркия АҚШ-мен бірге Орталық Азия мемлекеттерімен жаңа деңгейдегі қатынасқа түсуге бет бұрды. Яғни жоғарыдағы екі принцип жаңа ғасырдың жаңа жағдайындағы Түркияның ерекше бағытына негізделген. Бұл өз алдына даму жөніндегі жаңа «Үлкен Орталық Азия және Түркия» атты сұхбаттың пайда болуына әкелді.

Бұл бағытта Түркия Орталық Азия аймағындағы сыртқы саясатының құрылымдық өзгеруі туралы айтылып және сол жаңа саясаттың жоғарыда аталған, Орталық Азия мемлекеттерімен екі жақты қарым-қатынасын жалғасты тереңдету мен кеңейту және жалпылай Орталық Азия аймағымен ынтымақтастық пен саяси сұхбатты дамыту принциптері негізінде құрылғаны айтылады. Сонымен қатар, Түркия премьер-министрі Орталық Азия мемлекеттерінің нарықтық экономика жолына ауысуы мен демократияны дамыту және аймақ мемлекеттерінің өз ішінде бір-бірімен интеграциялық ынтымақтастық Орталық Азия мемлекеттері үшін өте маңызды екенін бөліп айтты.

Түркияның жаңа әлемдік саясаттағы өсіп отырған ролін, оның түркітілдес мемлекеттермен ынтымақтастығынан да айқын көрінеді. Түркітілдес мемлекеттерінің ынтымақтастығының дәлелі ретінде Нахечеван Декларациясынан үзінді келтірейік:

«Нахечеван қаласында өткен Түркітілдес мемлекеттер басшыларының IX саммиті түркітілдес мемлекеттер арасындағы түрлі салалардағы көп жақты және екі жақты қарым-қатынастардың және ынтымақтастықтың одан әрі дамуы мен тереңдеуіне маңызды үлес қосатындығын атап өтті.

2. Өзара мүдделілік негізінде түркітілдес мемлекеттер арасындағы тарихи ортақтастық, тілі және мәдениетінің жақындығынан туындайтын қатынастар мен ынтымақтастықты дамытуға тілек білдірді.

3. Демократия, адам құқығын сыйлау және нарықтық экономиканы дамыту, заң үстемдігін және тиімді басқару қағидаттарына бейілділіктерін тағы да растады.

4. Сауда-экономика саласындағы өзара қатынастарды дамытуға, соның ішінде теңдік және өзара тиімділік қағидаттары негізінде өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, көлік, коммуникация және басқа да салалардағы ынтымақтастықты кеңейтуге тілек білдірді.

5. Түркітілдес мемлекеттердің қарқынды дамып келе жатқан экономикалары көптеген салаларда ынтымақтастықты нығайту үшін қолайлы жағдай тудыратынын атап көрсетті, түркітілдес мемлекеттер арасындағы сауда-экономикалық, ғылыми-техникалық және гуманитарлық ынтымақтастыққа олардың әлеуеттеріне сәйкес жаңа серпін беру мақсатында қосымша шаралар қабылдаудың маңыздылығын атады [5].

Сонымен, Түркияның Орталық Азиялық ұстанымы біріншіден, Орталық Азия мемлекеттерінің әлі де өзекті блып отырған есірткі, су және энергетика ресурстарын пайдалану, сауда саласындағы кедергілер, экология және басқа да мәселелерді өздері дербес түрде шеше алмаса, екіншіден, Орталық Азия аймағының келешекте тұрақты әрі біртұтас қауымдастық ретінде динамикалық түрде өсуі мен гүлденуін қамтамасыз ете алатындай ішкі аймақтық ынтымақтастыққа бар күш-жігерін координациялауға ұмтылса,



үшіншіден, жоғарыда аталған мәселелерді шешу мақсатында ішкі аймақтық ынтымақтастыққа бағытталған ұжымдық іс-әрекеттерді ұйымдастырса, онда Түркия мемлекеті ондай әрекеттерді қолдап көмек көрсетуге әрдайым дайын. Біздің ойымызша, Орталық Азия елдері мен Түркия арасындағы өзара ынтымақтастық үш негізгі принциптің негізінде дамуы тиіс: «әр тектілікті құрметтеу», «бәсекелестік пен координациялылық», «ашық ынтымақтастық».

«Әр тектілікті құрметтеу» принципі, яғни бұл дегеніміз әр бір жеке мемлекеттің өзіндік бірегей мәдениеті мен өзіндік құрылымын құрметтеу, ал «бәсекелестік пен координациялылық» бұл – нарықтық экономика негізіндегі ерікті бәсекелестікті жүргізе отырып, аймақтың өз ішінде бес мемлекеттің күш-жігерін біртұтас, бір бағытқа координациялап, нарықтық экономика принциптеріне сай өзара бәсекелестікті тудыру болса, үшінші «ашық ынтымақтастық» принципі бұл дегеніміз егер де ішкі аймақтық кооперация, аймақтың жекелеген мемлекеттері арасындағы қатынаста ешбір ерекше талапсыз дамитын жағдайда болғанда ғана, тиімді ынтымақтастыққа жетуге болатынын білдіреді. Әрине Түркия үшін аймақтың әрбір мемлекетімен жекелеген екіжақты қатынастар да маңызды орында, бірақ кейбір жағдайларда тек бір мемлекетке қатысы бар мәселені ұлттық шекара шеңберінде шешу мүмкін емес. Әсіресе Орталық Азия елдеріне қарайтын болсақ, олардың барлығы да негізінен мәселені шешу жолын бір бағытта іздейді. Жай ғана қарапайым мысал, су-энергетикалық консорциумды құру қай заманда көзделген, бірақ еш нәтиже жоқ, ол әлі құрылған жоқ. Бұл тағы бір әріптесті қажет етіп тұрғанын білдіреді. Сондықтан да Орталық Азия мемлекеттерімен қатар Түркия да өз көмегін білдіруге дайын, өйткені онда ЕО пен НАТО шеңберінде экономика мен саяси жағдайды қалпына келтіруде тәжірибе жиналды.

Түркияның сыртқы саясатында Орталық Азия аймағы негізгі маңызды аймақ деп белгіленген. Бұл аймаққа жиі іс-сапарлармен келетін делегациялардан да байқалады. Олардың мақсаты көбінесе экономикалық және техникалық ынтымақтастық болса, тағы бір жағынан Орталық Азия аймақ мемлекеттерімен мәдени байланысты одан әрі дамыту болып табылады. Және де делегациялардың келуін, түрік тарапы аса сондай саяси сипат беретіні бірден көрінеді. Көбіне максималды түрде нақты экономикалық бағдарламаларға негізделген және бұл саясаттың қарапайым халыққа сезілуін артық көреді. Түркия үкіметі Орталық Аймағының жергілікті энергия қайнар көздерін пайдаланып, техникалық ынтымақтастық саласын одан да бекіту мақсаты бар.

Қорытындылай келе, Түркия мен ОА мемлекеттерінің қарым-қатнастарында бес бағытты белгілеуге болады. Бірінші – экономикалық, екінші – туризм, үшінші – саяси сұхбат, ішкі аймақтық ынтымақтастық, төртінші – бизнес жүргізуді қолдау, бесінші – интеллектуалды сұхбат.

1 Түркия: экономикалық өсу мен діни радикалдану. //www.azattyq.mobi/a/25001146.html

2 Түркия экономикасы 4,4 пайыз үлкейді. //www.trtromanian.com/trtworld/kz/newsDetail.aspx?HaberKodu...

3 Түркия экономикасының ұлғаюы. //www.trtromanian.com/trtworld/kz/newsDetail.aspx?HaberKodu...

4 В \_\_\_\_\_ **Турции** \_\_\_\_\_ **вступил** \_\_\_\_\_ **в силу** \_\_\_\_\_ **запрет** \_\_\_\_\_ **на** \_\_\_\_\_ **любую** \_\_\_\_\_ **рекламу.**  
...news.headline.kz/.../v\_turtsii\_vstupil\_v\_silu\_zapret\_na\_lyubuyu\_reklam.

5 Түркімілдес мемлекеттер басшыларының IX саммиті. | Abai.kz abai.kz/node/2065.

### Резюме

В данной статье автором рассматривается новая роль Турции в современной системе международных отношений. Турецкая модель развития реформ и новая дипломатия Турции. Показаны основные факторы геополитического, геоэкономического и геостратегического развития Турции. Автор с позиции принятия решения рассматривает экономические достижения Турции на современном этапе, внешнюю и внутреннюю политику премьер министра Т. Эрдогана по таким важным проблемам современности как отношения с КНР, политика Турции на Ближнем Востоке и внешнюю политику Турции в Центральной Азии.

**Ключевые слова:** геополитика, внешняя политика, Турецкая модель реформ, Ближний Восток, геополитика в Центральной Азии, турецкий фактор

### Summary

In this article the author considers a new role of Turkey in modern system of the international relations. Turkish model of development reforms and new diplomacy of Turkey. The author shows the major factors of geopolitical, geoeconomic and geostrategic development of Turkey. The author from a position of decision-making considers economic achievements of Turkey at the present stage, foreign and domestic policy an example of the minister T. Erdogan of such important problems of the present as the relations with the People's Republic of China, policy of Turkey in the Middle East and foreign policy of Turkey in Central Asia.

**Keywords:** geopolitics, foreign policy, the Turkish model of reforms, the Middle East, geopolitics in Central Asia, the Turkish factor.

## **САЯСИ ТАРИХ** **ПОЛИТИЧЕСКАЯ ИСТОРИЯ**

УДК 94 (574.2)

### **ДІН АРАЛЫҚ КЕЛІСІМ – ҚАЗАҚСТАННЫҢ СТРАТЕГИЯСЫН ІСКЕ АСЫРУДЫҢ МАҢЫЗДЫ ФАКТОРЫ**

**А.Ш. Алтаев** – *Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті,*  
*Тарих ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан, Алматы қаласы,*  
**Л.М. Хасанаева** – *Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті,*  
*тарих ғылымдарының кандидаты, доцент, Қазақстан, Алматы қаласы*

Қазақстанның болашақ міндеттері стратегиясын іске асыру бойынша белгіленген міндеттерді Қазақстан Республикасының орындалуы - елдің барлық азаматтарын біріктірген ұлттық стратегиясынсыз мүмкін болмайды және де мұндай стратегия бар, оны Ұлт Көшбасшысы Н.Ә.Назарбаев ұсынған. Бұл жаңа Қазақстандық патриотизм – ҚР көпұлтты және алуан конфессионалды қоғамның негізі.

Дінаралық келісім жаңа Қазақстандық патриотизмнің қалыптасуының маңызды факторы болып табылады. Бүгінде Қазақстанда оның мемлекеттік – қоғамдық дамуының әлеуметтік-саяси контексті орнықтырылған түрде дінаралық конфигурацияны білдіреді. Қазақстанның барлық конфессияларының абсолютті заңды теңдігіне қарамастан, осы конфигурацияның орталығында нақтылы түрде Қазақстанның аса ірі діндері – ислам мен православие тұрады, олар өз мәнінде және өз әрекеттестігінде елдегі дінаралық тұрақтылықты қамтамасыз етеді. Ал енді осы тұрақтылықтың негізінде ислам мен православиені қоса алғандағы Қазақстанның барлық конфессиялары арасындағы қарым-қатынастар құрылады.

**Түйін сөздер:** конфессия, экстремизм, ғаламдану, стратегия, тұрақтылық, татулық

#### **Дінаралық келісім – Қазақстан Стратегиясын іске асырудың маңызды факторы**

Қазақстанға тән ерекше дінаралық қатынастардың түзілуіне елімізде бірнеше конфессия өкілдерінің тұруы, олардың ұстану ерекшеліктері мен ұстанушылардың этникалық құрамы, діндарлардың білім деңгейі мен жас ерекшеліктері себепші. Әрбір конфессиялар бір-бірімен және мемлекеттік билікпен жеке қатынас орнатқан. ҚР «Діни бірлестіктер мен діни бостандық туралы» (1992 года) Заңына сәйкес, дін мемлекеттен бөлек болып табылады. Яғни, мемлекет зайырлы болғандықтан, діни бірлестіктердің ішкі ісіне араласпайды. Бірақ, ішкі және сыртқы саясатты жүргізуде діни фактор міндетті түрде есепке алынады. Қазақстан Республикасының жалпы діни кеңістігі аталмыш мемлекеттік-дінаралық қатынастардан түзілген, ол елімізде дінаралық келісім мен түрлі дін өкілдерінің тату-тәтті тіршілік етуін қамтамасыз етіп отыр. Алайда, мұны өзгермейтін, бұлжымайтын дінаралық қатынастар жүйесі деуге болмас. Себебі, еліміз уақыт өткен сайын өзгеріп, дамып жатқандықтан, бұл жүйенің де даму үстінде болатындығы өз-өзінен түсінікті.

Қазақстанда қалыптасқан дінаралық қатынастар жүйесі, жалпы алғанда, тұрақты деуге болады. Және де ол осы тұрақтылығын сақтауға қауқарлы. Алайда, осы қалыптасқан жағдайды қолдап, оны сақтауға күш салу қажет. Өйткені, қазіргі күні бүкіл әлемде, оның ішінде біздің елімізде де, тұрақтылықты сақтауға кері әсерін тигізетін түрлі процестер орын алып отыр. Жасыратыны жоқ, бүкіл әлемді шарпыған діни экстремизм мен терроризмнің әсерінен біздің елімізде шет қалған жоқ.

Сарапшылардың басым бөлігінің пікірі бойынша, бүгінгі күні Қазақстанға экстремизм мен терроризмнен айтарлықтай қауіп төніп тұрған жоқ. Өйткені, қоғамда ірілі-ұсақты келіспеушіліктер орын алғанымен, оған негіз болатын ішкі себептер жоқ және олар қарсылық тудыратындай күшке ие емес. Діни араздық негізінде туындайтын қақтығыстардың аса қауіпті болатындығын билік те, оппозиция да, дінбасылар да, түрлі әлеуметтік топтардың өкілдері де жақсы түсінеді. Елімізде тұрақты дінаралық қатынастар қалыптасқан деуге болады. Алайда, осы тұрақтылықты сақтауға кері әсерін тигізетін сыртқы факторлардың (мысалы, шет елдерде тұратын қандастарымыздың қатысуымен болуы мүмкін этникалық қақтығыстардың; дінаралық араздықтың өршуінен; батыс «құндылықтарын» тықпалайтындардың арандатуын үдетуі себепті; әлем деңгейіндегі саяси әрекеттердің күннен күнге агрессивтік сипатқа ауысуынан және т.т.) кесірінен экстремизмді қолдаушылардың саны көбейіп, осы себепті экстремистік потенциалдың артуы мүмкін екендігін жоққа шығаруға болмайды.

Осы жерде, діни ағартудың, яғни халықтың діни сауаттылығын арттыру ісініңдіңге байланысты экстремистік потенциалдың туындауына тосқауыл бола алатындығын айта кету керек.

Елімізде дінаралық келісімнің сақталуына кеңпейіл қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасқан адами қасиеттері және мемлекет билігінің зайырлы түрде болуын қолдайтындығы басты себеп болып отыр. 2006 жылы ЮНЕСКО бастамасымен елімізде жүргізілген әлеуметтік сауалнамаға қарағанда, қазақстандықтардың басым бөлігі Қазақстанның болашақта да зайырлы мемлекет болғандығын қалайды екен. Осы сауалнамаға қатысқан мұсылмандардың 63,4 % , православ дінді христиандардың 66,9 % және өзге дінді ұстанушылардың 56,6 % осыны қолдайтындығын білдірген [1].

Еліміз бүгінгі күні әлемде өтіп жатқан жаһандану процесіне қатысты жаңаша жауап беріп, болашақ тағдырына байланысты тарихи таңдауын жасады. Қазақстан Республикасының тәуелсіз мемлекеттер қатарында болуы елде тұрып жатқан түрлі дінді ұлтар мен ұлыстардың өкілдеріне саяси, экономикалық, әлеуметтік және осы секілді т.б. маңызды мәселелерді шешуді міндеттеп отыр. Ал бұл мәселелерді осы елде тұрып жатқан барлық этностар мен конфессия өкілдерінің материалдық және рухани әлеуетіне сүйене отырып қана шешуге болатындығы даусыз.

Мемлекетіміз дінарарылық қатынастар саласыда сындарлы саясат жүргізіп отыр. Бүгінгі күні этноконфессиялық саясаттың озық үлгісі ретінде азаматтардың діни сенім-нанымына қарамай, оларға саяси, әлеуметтік және мәдени теңдік беру болып саналады.

Дамыған елдердің көпшілігінде мемлекет пен қоғам мүддесін сақтауды басты мақсат тұтатын демократия түрі қалыптасқан. Демократияның бұл түрі бойынша елдің тарихи қалыптасқан дәстүрлері мен оның мәдениетінің негізгі ұстынын сақтауға мән беріледі және халықтың саяси мәдениетінің деңгейі, қоғамның өзгерістерге дайындығы, халық менталитетін өзгертудің қиындығы ескеріледі.

Осы тұрғыдан алғанда, Қазақстанда қалыптасқан этносаралық және дінаралық келісім үлгісі когнитивті-тәжірибелік маңызға ие деуге болады.

Біздің елімізде бұрын-соңды әлемдік тәжірибеде болмаған институт – Қазақстан халықтарының Ассамблеясы қызмет атқаруда. Аталмыш Ассамблеяның басты мақсаты ұлтаралық және дінаралық келісімді, еліміздегі саяси тұрақтылықты сақтауға атсалысу және Қазақстанда тұрып жатқан түрлі ұлт пен дін өкілдерінің ауызбірлігін арттыруға бағытталған мемлекеттік саясатты дамытуға қатысты ұсыныстар беру.

Қазақстанда әлем бойынша алғаш рет ұйымдастырылып отырылған әлемнің және дәстүрлі діндердің съездері рухани бірлестіктердің өмірінде маңызды рөлге ие болды. Ғасырлар бойына созылған араздыққа қарамай, түрлі дін өкілдері Астанада бас қосып, әлем қауымдастығы алдында тұрған бейбітшілікті сақтау мен ымыраласуға қатысты сұрақтарды бірігіп шешуде. Қазақстанда әлемнің және дәстүрлі діндер өкілдерінің қатысуымен үш съезд өтті. Оның соңғысы 2013 жылдың мамыр айында болды.

2012 жылы еліміздің Ислам Конференциясы Ұйымына (Ислам Ынтымақтастығы Ұйымына) төрағалық етуінен бастап Қазақстанның мұсылман әлеміндегі беделі еселеп артты. Осындай құрметке ие болуы еліміздің әлемдегі абырой-беделін арттыруымен қоса, Шығыс пен Батысты қосатын алтын көпір қызметін атқаруына мүмкіндік берді. ИБҰ төрағалық ету біздің мемлекетімізге, сонымен қатар, әлем қауымдастығы алдында тұрған күрделі экономикалық, қаржылық және саяси мәселелерді шешуде Ислам мемлекеттерінің ынтымағын нығайтуға атсалысып жүрген елбасымыз Н.Ә. Назарбаевқа үлкен жауапкершілік артып отыр.

Бүгінгі күні Қазақстанда түрлі діндерді ұстанатын 130 ұлт пен ұлыстың өкілдері тату-тәтті тұрмыс кешуде. 2009 жылғы халық санағы бойынша, діндарлардың 70 пайызы Ислам дінін, 26 пайызы православ дінін, 0,1 пайыздан иудаизм мен буддизм діндерін ұстанушылар екен. Қалған діндерді ұстанушылар жалпы діндарлар санының 0,2 пайызын құрап отыр [2].

2009 жылы Қазақстанда 46 конфессияға жататын 4200 діни бірлестік тіркелген болатын. Қазіргі күні елімізде жұмыс жасап жатқан мешіттердің, шіркеулердің және ғибадат үйлерінің саны 3200-ге жетті. Діндарлардың арасында дәстүрлі дінге жататын: Ислам, христиан (православие, католицизм, протестанттық ағымдар), буддизмнің, иудаизмнің, индуизмнің өкілдерімен қатар, ежелгі политеистік нанымдармен жаңадан пайда болған нанымдарды ұстанушылар да бар.

Қазақстанда тұратын халықтың басым көпшілігі ата-бабаларынан бері дәстүрлі дінді ұстанып келе жатқан мұсылман–сүнниттер мен орыс православ шіркеуіне қарасты христиандар.

Президент Н.Ә. Назарбаев: «Қазақстан – Ислам мәдениеті қанат жайған алып аймақтың бір бөлігі. Қазақтар сан ғасырлардан бері Ислам дінін ұстанып келеді... Егемендікке қол жеткізгеннен кейін, халықтың ата-бабадан қалған осы рухани бастау-бұлаққа қайтадан бас қоюға ниет білдіргендігі түсінікті. Осы рухани жаңғыру мемлекет тарапынан қолдауға ие болып, нәтижесінде елімізде жүздеген мешіт бой көтерді. Көптеген қазақстандықтар Ислам мәдениетін оқытатын орталықтарда білім алуға мүмкіншілік алды. Ислам дінінің адами және рухани құндылықтарды өмірге енгізуде атқаратын рөлі Қазақстанда айқын көрініс тапты» – деген болатын [3].

Қазақстан азаматтарының басым бөлігі мұсылмандар болып табылады (11 млн.), олар 24 ұлт пен ұлыстың өкілдері. ҚМДБ басшылығы Қазақстан мұсылмандарының халықаралық беделін арттыру мақсатында шет елдердегі мұсылман орталықтарымен тығыз байланыс орнатқан, діни ағарту жұмысын белсенді түрде жүргізуде.

Мәскеу патриархатына қарасты, 299 бөлімшесі бар Орыс православ шіркеуі елімізде тіркелген ірі діни бірлестіктің бірі. Жыл сайын елімізде Рождество, Пасха секілді православ шіркеуінің мейрамдары салтанатты түрде тойлануда.

Бұлардан басқа конфессия өкілдері арасында ресми тіркеуден өткен 83 бөлімшесі бар Рим-католиктері шіркеуін, ресми тіркеуден өткен 5 бөлімшесі бар Грек-католиктері шіркеуін атап өтуге болады. 2001 жыл католик шіркеуіне қарасты діни бірлестіктер үшін Рим-католиктері шіркеуінің басшысы Рим Папасының Қазақстанға ресми іссапарына даярлық аясында өтті. Рим-католиктері шіркеуінің басшысы Рим Папасы ШИоанн Павелдің 2001 жылдың қыркүйек айының соңында елімізге ресми іссапармен келуі республикамызда қалыптасқан дінаралық келісімді одан ары нығайтуға оң әсер еткендігі даусыз. Адамзатты мәдениеттер мен өркениеттер диалогын дамытуға шақырып жүрген дінбасыны Астана қаласының тұрғындарымен бірге Қазақстанның басқа да аймақтарынан, ТМД елдерінен және алыс шетелдерден келген діндарлар қызу қарсы алды. Біздің республикамыз ТМД мен Азия елдерінің арасында бірінші болып Ватиканмен ара қатынас жасау туралы келісім жасаған мемлекет атанды.

Қазіргі күні елімізде 1267 протестанттық ұйым тіркеліп, 543 құлшылық ғимаратына иелік етіп отыр. Қазақстанда 2 баптистік бірлестік бар. Олар: Христиан-Евангелистері бірлестігі және Баптистер бірлестігі (Баптистер одағы). Бұл бірлестіктер құрамындағы тіркелуден өткен 227 топта шамамен 10 мың адам бар. Бұлардан бөлек, Евангелист-христиандар мен баптистер шіркеулерінің Кеңесіне (Шіркеулер кеңесіне) кіретін шамамен 1 мың адам бар. Бұған қоса, ресми тіркеуден өткен басқа да протестанттық ағымдағы топтар да бар. Олар – пресвитериандар, лютерандар, пятидесятниктер, Иегова куәгерлері және адвентистер. Сонымен қатар, методистердің, меннониттер мен мормондардың шағын топтары бар. Аталған діни топтардың өкілдері қашаннан да діни белсенділігімен ерекшелетіндігі белгілі. Олар жыл сайын көптеген конференциялар, фестивальдар, семинарлар және т.т. іс-шараларды өткізіп тұрады. 2001 жылы лютерандарға, адвентистерге, Евангелист-христиандар мен Баптистер шіркеуіне, Жаңаапостол шіркеуіне, «Грейс-Благодать» шіркеуіне жататын діни бірлестіктердің республикалық жиындары мен съездері өтті.

Алматы, Астана, Өскемен, Қостанай және Павлодар қалаларында Иудаизмді ұстанушылардың 5 синагогасы бар.

Бұларға қоса, 43 конфессияға жататын діни топтар тіркелген. Олардың қатарында будистердің (4), кришнаиттердің (12), сайентология шіркеуінің, бахаистердің, христиан-ғалымдардың және Бірлесу шіркеуінің топтары тіркелген.

Еліміздің Қостанай мен Солтүстік Қазақстан облыстарынан басқа өңірлерінде Ислам дінін ұстанушылардың үлес салмағы басым.

Алайда, елімізде дінге қатысты түйткілді мәселелер жоқ деуге болмас. Діндарлардың, әсіресе жастардың арасында, экстремистік ағымдардың тұзағына түсіп, солардың адастырушы идеяларын қолдаушылардың саны артып отыр. ҚР діни бостандыққа жол беру саясатының нәтижесінде бүгінгі күні елімізді жалған дінді уағыздаушы мысық пиғылды миссионерлер қаптап кетті. Олар ата-бабамыздың сан ғасырлар бойына ұстанып келе жатқан дәстүрлі дініне мүлде кереғар, жалған догматтарды дінге енгізіп, шариатқа негізделген мемлекет құрамыз деген желеумен, айрандай ұйып отырған халықтың арасына іріткі салу мақсатында жұмыс жасауда.

Қазақстанда, негізінен еліміздің Батыс өңірінде, уаххабилардың шағын топтары бар. Ауылдық жерде тұратын халықтың діни сауатсыздығын, ата-бабамыздан қалған дәстүрлі жолдан хабарсыздығын пайдаланып, олар өз идеялары мен діни көзқарастарын таратуға күш салуда. Осыған орай, Қазақстан мұсылмандарының діни басқармасы Батыс аймақтағы діни-ағарту жұмысын арттырып отыр. Мысалы, Ақтөбе мен Орал қалаларында жергілікті мешіттерге имам дайындау үшін екі медресе ашылды.

Тәуелсіздіктің бастапқы жылдары еліміздегі дінаралық қатынастың ахуалы тұрақты болғандығы белгілі. Сондықтан да, зерттеушілер «Қазақстанда әр түрлі дін өкілдері арасында және мемлекеттік құрылымдар мен діни бірлестіктер арасында қақтығыстың туындауына негіз жоқ» деген тұжырымға келген болатын. Алайда, кейінгі уақытта діни топтардың арасында қайшылық бар екендігін көрсететін кейбір оқиғалардың орын алуы, зерттеушілердің бұл пікірін түбегейлі өзгертіп, қазақстандық қоғамда қақтығыс шығуына түрткі болуы ықтимал факторларды зерттеуге кірісуіне себепші болды. Сарапшылардың айтуы бойынша, діндарлардың арасында «біз ғана тура жолдамыз, басқа топтағылардың

барлығы адасушылар» деген, яғни бір конфессияны екінші бір конфессиядан жоғары қою факторы пайда болғандығы біліне бастаған; биліктің барлық дін өкілдеріне тең құқық беретіндігін жария еткендігіне қарамастан, Ислам дінінің елімізде жетекші рольге ие екендігі бейресми түрде мойындалуы мұсылман дініне жатпайтын конфессия өкілдері арасында іштей наразылық туындауына себепші болған; аз санды діни бірлестіктер қоғамнан сырт қалып, өгей баланың күйін кешуде екен [4].

Дінаралық қатынастың қазақстандық үлгісі «Қазақстан халқының басым бөлігі ұстанатын, елдегі діни қатынастың қалыпты сақталуына мұрындық болып тұрған екі ірі дін – Ислам мен православиенің ара қатынастарына негізделген» [5].

Қазақстан мұсылмандарының басым көпшілігі ұстанатын Исламның ханафиттік бағытының басқа дін өкілдерімен бейбіт қарым-қатынас орнатуға шақыратындығы белгілі. Осыған қарамастан, мұсылмандар да, христиандар да өзге діндер этносаралық қатынасқа кері әсерін тигізеді деген пікірде екен.

Сарапшылардың айтуы бойынша: еліміздегі мұсылман қауымы этникалық тұрғыдан біртұтас болмағандықтан, этникалық келісімде қамтамасыз етуге қауқарсыз. Еліміздегі мұсылмандардың қатарында автохонды этнос қазақтардан бөлек он жеті ұлт өкілдері бар. Олар: өзбектер, татарлар, ұйғырлар, тәжіктер, күрділер, дүнгендер, шешендер, ингуштер және т.б. халықтар. Әртүрлі этностық топқа жататын діндарлардың діни бауырластығы ұлтаралық қақтығыстарды болдырмауға қауқарлы емес. 90-шы жылдардың басында басталған діни қызметкерлерді «жергілікті кадрлардан даярлау» саясаты, елімізде тұратын өзбек, ұйғыр секілді диаспора өкілдері шоғырланған елді мекендер тұрғындарының құқына нұқсан келтіру ретінде қабылданған. Мысалы, 1993 жылы Шымкент қаласындағы бір мешітте ұзақ жылдан бері қызмет атқарып келе жатқан ұлты өзбек имамның орнына ұлты қазақ имамды тағайындауға қатысты бұйрық жергілікті өзбектердің наразылығын тудырған. Алайда, жергілікті билік өкілдері діни себепке байланысты тұтанғалы тұрған этносаралық қақтығыстың алдын алатын қадамдар жасау арқылы оны болдырмай тастаған.

Әр түрлі дін өкілдерінің арасындағы келіспеушіліктер дау-дамай мен қақтығыстардың шығуына себепкер болуы мүмкін. «2003–2006 жж. аралығында діни қайшылыққа негізделген тұрмыстық деңгейдегі дау-дамайлар екі есе артқан» [6].

Сарапшылардың айтуы бойынша, қазіргі күні еліміздегі дінаралық қақтығыс тудыру қаупі негізгі екі топқа бөліп қарастыруға болады. Олардың біріншісі, радикалды Ислам өкілдерінің іс-әрекеттері; екіншісі, шетелдік миссионерлік қозғалыстар мен діннің атын жамылған жымысқы пиғылды ұйымдардың белсенді түрді жасап жатқан рухани экспансиясы.

Сарапшылар, радикалды Ислам идеологиясының елімізге сырттан, негізінен Орта Азия елдерінен келгендігіне қарамастан, діни экстремизмнің ҚР территориясында кең етек алуына негіз бар деген пікірді қолдап отыр. 2003 жылы ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаев Қазақстанға діни экстремизмнің қауіп төндіруі мүмкін екендігін мойындап, оған, сыртқы, көрші жатқан Еуразия аймағын дағандеструктивтік әсердің себепші екендігін айтқан болатын [7].

Еліміздің әр түрлі аймақтарында шығатын бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған ақпараттарға қарағанда, арнайы қызмет өкілдерінің радикалды ислам топтарының мүшелерін тұтқындау фактілері жиілеген. Мысалы, 2007 жылы баспасөзде Маңғыстау облысының территориясында осындай төрт топтың құрықталғандығы туралы, Алматыда бір топ уаһхабшылардың, Қарағандыда Хизб-ут-Тахрир ұйымының бір топ белсенділерінің сотталғандығы туралы, Шымкент қаласында ланкестік акт жасауға даярланып жатқан салафилардың жиһадшыл қанатына кіретін бір топ кісінің ұсталғандығы туралы ақпарат жарияланды [8].

Демек, елімізде қалыптасқан дінаралық келісім мен тұрақтылық принциптеріне кереғар келетін радикалды экстремизмді тудыратын күштерге қарсы бағытталған мемлекеттік бағдарламаны тездетіп қабылдау қажет.

Ақпарат көздерінің мәліметтеріне қарағанда, халықтың «дәстүрлі емес» деноминацияларға, яғни секталарға қатысты көзқарасы біркелкі емес екен.

Сарапшылардың пікіріне қарағанда, қазіргі күні елімізде қалыптасқан діни ахуалды тұрақты деуге болмайды. Себебі, дінаралық қатынаста келіспеушілік туындау қаупі бар екен. Әрине, дінаралық қатынастар саласында шешімін күтіп тұрған күрделі мәселелер аз емес. Ал оларды шешу үшін қоғам мен мемлекеттік билік бірігіп әрекет жасау қажет. Дей тұрғанмен, қазіргі күні Қазақстан Республикасында қалыптасқан дінаралық және этнос аралық қатынастар үлгісі түрлі дін мен этнос өкілдерінің «бір жағадан – бас, бір жеңнен – қол шығарып», тату-тәтті өмір сүре алатындығын айғақтап отыр. Діннің рөлін арттыруды және қазақстандық қоғамның көпдінділігін ел бірлігін арттыру ісіне пайдалы фактор ретінде қарастыруға болады. ҚР Президенті Н. Ә. Назарбаев елімізде қалыптасқан дінаралық келісімді сақтап қалу

үшін діндер арасындағы диалогтар жүйесін қалыптастыру қажеттігін айтқан болатын. Елбасы дінге қатысты айтқан сөзінде «оны жергілікті немесе үлкен ауқымдағы саяси ойындарда пайдаланатын құрал ретінде қарастыруға болмайды» деген болатын [9].

Бүгінгі күні Қазақстан халқы үшін ата-бабамыздан қалған дініміз бен дәстүрімізді сақтап қалу аса маңызды болып отыр. Себебі, осы арқылы ғана өзімізге тән мемлекеттік, қоғамдық және адами ерекшеліктерімізді сақтап қала аламыз. Рухани азғындауға жетелейтін жаһандастыру процесіне тек қана Қазақстан халықтары ежелден бері ұстанып келе жатқан Ислам діні мен православиеге мемлекет тарапынан қолдау көрсету арқылы, қазақстандық қоғамды (Ислам мен православие негізінде) рухани біріктіру арқылы ғана қарсы тұруға болатындығы ақиқат.

Мұны Қазақстанға ғана тән жол деуге болмайды. Себебі, дамыған елдер мұндай үрдісті әлдеқашан Ата заңына кіргізіп, дәстүрлі діндерін мемлекет тарапынан қолдап отыр. Өйткені ұлттық ерекшеліктен айырып, мәнгүрттікке апарудың бір жолы – дәстүрлі дінінен ажырату болып табылады. Елдің бірлігін сақтап қалу үшін, алдымен оның рухани тұтастығын сақтау қажет. Ал руханияттың күйреуі – елді егемендігінен ажыратуға апаратын алғашқы қадам. «Аталмыш мәселені шешу үшін (яғни елді басып алу үшін) әскери және экономикалық мүмкіншіліктермен қатар, ақпараттық қаруды қолданған жөн. Яғни, рухани құндылықтарды жоюға бағытталған ақпараттық майдан ашу арқылы халықтарды әлем деңгейіндегі табиғи сұраптаудың әсерінен қорғайтын әлеуметтік және мәдени механизмдерден ажырату қажет. «Мақтамен бауыздау» әдісінде қолданылатын бұл қарудың көмегімен, әрбір халықтың ұлттық болмысына негіз болып тұрған рухани құндылықтарын, ата-бабаларынан қалған мәдени мұраларын, дәстүрлерін жоққа шығару арқылы оң нәтижеге қол жеткізуге болады. Бұл қарудың басты нысанасы – дәстүрлі діндер болуы керек» [10]. Руханиятты күйрету – жаһандандудың ең басты әрі ең күшті қаруы. Ал оған қарсы тұру үшін, қазақстандық қоғамның рухани әлеуетін арттыруға бағытталған шараларды тездетіп қолға алу қажет.

1 Косиченко А.Г., Курганская В.Д., Нысанбаев А.Н., Бегалиев Н.К. *Взаимодействие религий в Республике Казахстан. Научно-исследовательский отчет. Алматы, 2006.*

2 *Перетись населения Республики Казахстан 2009 года. Краткие итоги. Астана, 2010, С.100.*

3 Назарбаев Н.А. *Критическое десятилетие, Алматы: Атамұра, 2003, 240 с.*

4 Нысанбаев А.Н. *Религия в политике и культуре современного Казахстана. Астана, 2004. С.289-308.*

5 Н.А. Назарбаев – основоположник казахстанской модели межэтнического и межконфессионального согласия. / Сост.: А.Н. Нысанбаев, А.Г. Косиченко. Алматы, 2010, С.268.

6 Н.А. Назарбаев – основоположник казахстанской модели межэтнического и межконфессионального согласия. С.275.

7 Назарбаев Н.А. *Критическое десятилетие. Алматы, 2003, С.18.*

8 *Казахстанская правда, 2 августа 2007 года.*

9 Н.А. Назарбаев – основоположник казахстанской модели межэтнического и межконфессионального согласия. / Сост.: А.Н. Нысанбаев, А.Г. Косиченко. Алматы, 2010, С.163.

10 Куницын И. *Защита религиозной идентичности в эпоху глобализации* // <http://www.pravoslavie.ru/analit/5133.htm/>

## Резюме

### Межрелигиозное согласие – важный фактор реализации Стратегии Казахстана

Выполнение Республикой Казахстан намеченных задач по реализации Стратегии Казахстана, задач будущего, невозможно без такой национальной стратегии, которая бы объединяла всех граждан страны. И такая стратегия есть, она была предложена Лидером Нации Н.А. Назарбаевым. Это новый казахстанский патриотизм – основа успеха многонационального и многоконфессионального общества РК.

Межрелигиозное согласие является важным фактором формирования нового казахстанского патриотизма. Сегодня в Казахстане сформирована собственная модель межрелигиозного согласия, которая представляет собой сложную межрелигиозную конфигурацию, помещенную в социально-политический контекст государственно-общественного развития Республики Казахстан. Несмотря на абсолютное юридическое равенство всех конфессий Казахстана, реально в центре этой конфигурации находятся наиболее крупные религии Казахстана – ислам и православие, которые в своем взаимодействии и обеспечивают, по существу, межрелигиозную стабильность в стране. А уже на основе этой стабильности, как на стержне, выстраиваются отношения между всеми конфессиями Казахстана, включая ислам и православие.

**Ключевые слова:** конфессия, экстремизм, глобализация, стратегия, стабильность, согласие

## Summary

### Interreligious harmony is the main factor of realization Kazakhstan Strategy

The Implementation of the main objectives according to the Strategies the Republic of Kazakhstan is impossible to realize

without developing a strategy for uniting Kazakhstani citizens. This strategy has been proposed by the Leader of the Nation N.A. Nazarbayev. New patriotism of Kazakhstan is the basis for success of the multinational and multi-confessional society of Republic of Kazakhstan.

Interreligious harmony is the main factor of the formation of new patriotism in KZ. A new model of interreligious harmony has already formed in KZ. The largest religions in Kazakhstan are- Islam and Orthodoxy, that provide essentially interreligious stability in the country. With respect to this stability it is possible to develop friendly relationships between the confessions such as Islam and Orthodoxy in KZ.

Keywords: confession, extremism, globalization, strategy, stability and harmony.

## **ЕУРАЗИЯЛЫҚ ОДАҚ ЖӘНЕ ШЫҒЫС ПЕН БАТЫС**

**Р.Т. Байгондин – Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университетінің докторанты**

Еуразиялық Одақ және Шығыс пен Батыс атты мақалада бүгінгі жаһандану жағдайындағы әлемнің басты мәселелерінің бірі интеграция, халықтар достастығы мен бірлігі жайлы айтылған. Әлем үшін және соның ішінде біздің еліміз үшін Еуразиялық Одақ идеясы дамудың басты бағытына айналып отыр. Мақалада қазіргі заманның ерекшеліктерін ескере отырып, ешқандай мемлекет өз бетінше жеке бағытта дами алмайтындығы, сол себепті Еуразиялық Одақ идеясы болашақтың идеясы екендігі баяндалған. Еуразия континентінде мемлекетаралық, ұлтаралық және конфессияаралық тұрақтылық пен қауіпсіздік, еуразиялық рухани келісім мәселелері қарастырылған. Сонымен қатар, стратегиялық орналасуына орай еліміз осы жолда Батыс пен Шығыс диалогының тетігіне айналу мүмкіндігі қарастырылған.

**Тірек сөздер:** Еуразиялық Одақ, әлем, ұлтаралық, стратегия

XX ғасыр мен XXI ғасырда адамзат түрлі жаһандық мәселелерді басынан кешірді. Дүниежүзілік екі соғыс, фашизм мен ұлтшылдықтың пайда болуы, ядролық қару қауіпі сияқты күрделі оқиғаларды айтуға болады. Соның ішінде XX ғасырдың аяғында орын алған КСРО ыдырауы сияқты ірі геосаяси өзгерістің орын алуы біздің аймақ пен еліміздің даму бағытына үлкен өзгерістер алып келді. Қазіргі таңда әлемдік қауымдастықты жаңа бір жағдайға жетелеп отырған басты күштер ретінде бір өрістіліктің (однополярность) белгіленуі, әлемдік экономиканың жаһандануы, ұлттар мен мемлекеттердің әлсіреуі, интеграция мен жаһандануға ұмтылу, өркениеттік сәйкестілікті іздестіруді атап өтуге болады. Ресейдің танымал ғаламы А.Уткиннің пікірі бойынша, осы түрткілердің әсерінен «әлемдік тәртіп қайта түзеледі, жаңа геосаяси, экономикалық, өркениеттік әлем бейнесі қалыптасатын болады»[1].

«Әлемде жаңа тәртіптің орнауы» нәтижесінде ұлттық ұдайы өндіруші тетіктерінің шоғырлануы мен олардың бір кеңістікке жұмылдырылуы негізінде қазіргі әлемдік шаруашылық құрылыстың бүкіл сипаты түбірімен өзгеріске ұшырап, маңызды алғышарттар пайда болды. Негізінде, әлемдік өндірісті қайта ұйымдастыруға деген көлемді қозғалыстар шаруашылық өкілеттіліктерді қайта бөліске салуда, басымдықтарды қайта қарауға, әлемдік шаруашылық байланыстар мен өзара әрекеттестік көріністерін өзгертуге қабілетті прерогативтерді құрастыруға алып келуі мүмкін. Басқаша айтқанда, жаһандану барысында әлемдік кеңістікті бір аймаққа біріктіретін әлемдік байланыстардың жаңа түрі пайда болады. Жаһандану осындай әрекеттері арқылы «халықаралық құқықтық және мәдени-ақпараттық өрісті, өзіндік бір аймақаралық ақпараттық алмасу инфрақұрылымын құруды қарастырады. Жаһандану әлемдік қауымдастыққа жаңа қасиет береді, ал осы үдерістің бағдарын саралау әлем туралы ұғымның алмасу кезеңінде дұрыс бағдар алуға мүмкіндік береді»[2].

Адамзат өркениетінің түрлі даму деңгейлерінде жаһандану қадамдары ежелгі, жаңа және жаңа тарихта да орын алды. Ежелгі тарихта оған «алуан түрлі халықтар мекен еткен орасан үлкен аумақты біріктіре білген Рим империясының құрылуы» мысал бола алады. Ежелгі Римде бірыңғай әкімшілік-шаруашылық жүйе, шаруашылық қызметті реттейтін біріздендірілген заңдар мен баршаға ортақ бір ғана мемлекеттік тіл болды»[3].

Егер тарихқа осы көзқарас тұрғысынан қарайтын болсақ, «әр дәуірде адамдардың қол жетіп отырған, жаһандық сипатқа ие ойлар мен бағдарламаларды жүзеге асыруға деген талпыныстарын байқауға болады»[4].

Александр Македонскийдің, Шыңғысханның және т.б. «жаһандық» империя құруға деген ұмтылыстарын мысал ретінде қарастыруға келеді. Жак Аттали адамзат тарихында үш кезеңді ерекше бөлек атап өтеді: діни, жаугершілік және сауда. Алғашқысы – Құдай культіне, екіншісі – Күш культіне, үшіншісі – Ақша культіне негізделді. Егер діни құрылыстың басында священник (біздіңше, имам) болса, ал жаугершілікте – көсем ( король, патша және т.б.), саудада – қаржыгер немесе саудагер тұрды. Оның ең жоғарғы көрінісі әлемнің азаматы ретінде дүние кезіп жүретін «жаңа көшпенді» болды»[5].

Осы факторларды қарастыра келе жаңа әлемнің басты бағыты мен мақсаты интеграция екендігін аңғаруға болады.

Еуразиялық халықтарда славяндардың және тұрандықтардың ерекшеліктері аралас болады. Осыдан барып «Шығыс-Батыс» жүйесінде Қазақстан мен Ресейдің орны жөніндегі мәселе шешілуі керек. Қазақстан мен Ресей – Батыс та және Шығыс та емес. Олар Еуразияға жатады және біртұтас славяндық-тұрандық айырмашылықты білдіреді. Батыс мәдениетінде Шығыс әуендері, керісінше, Шығыс мәдениетінде Батыс әуендері мен элементтері кездеседі. Бұл орыс және басқа еуразиялық мәдениеттің ұқсастығымен, олардың тарихи астасуымен, тіпті орыстардың түріктермен, угро-финдермен, моңғолдармен тарихи достастық байланыстарымен дәлелденеді. Еуразияшылдық «көп халықты ұлт» (немесе Л.Н.Гумилев бойынша «еуразиялық суперэтнос») біртұтас үйлесімділік құрамындағы әрбір халықтың құқығы мен ерекшелігін мойындайды. Алғашқы еуразиялықтар еңбегінде Еуразия доктринасы мәселелерінің барлық – географиялық, тарихи, саяси және т.б. қырлары сөз етілгенімен, басты бағыты түпкілікті түрде айқындалған жоқ. «Еуразия» деген ұғымы еуропалықтар үшін Еуропа мен Азияға қатысты дүниенің тұрғысынан олардың синтезі болды. Еуразияшылдық мәселесі өз ішіне географиялық, тарихи, әлеуметтік, геосаяси, этнологиялық, этнопсихологиялық жақтарды, яғни табиғи ортамен, адамның қоғамдық дамуымен және оның ішкі рухани әлемімен байланысты жағдайлардың барлығын білдіреді. «Еуразияшылдық» деген сөз «Еуропа» мен «Азияны» біріктіреді, бірақ олар философиялық мәні жағынан «Батыс» пен «Шығыс» деген кең және мазмұнды ұғымды білдіреді. қазіргі заманғы еуразияның тұрғыны рухани-адамгершілік жағынан жетілген, Шығыстың руханияты мен Батыстың озық технологиясын, ақыл-ойын бойына сіңіріп, екеуін ұштастырған толыққанды этнос болуы тиіс. Көне заманнан бүгінгі күнге дейінгі Еуразия құрлығында ең шешуші суперэтностар – славян және тұран (түркі тілдес) халықтарының кейінгі ұрпаққа қалдырған бай философиялық мұралары бар, олардың жиынтығын Еуразия философиясы деуге болады. Сондықтан Еуразия философиясында тұрандықтар мен славяндардың философиялық дәстүрлері арасындағы сұхбат үдерісі қажет. Осының нәтижесінде Еуразия континентінде мемлекетаралық, ұлтаралық және конфессияаралық тұрақтылық пен қауіпсіздік, еуразиялық рухани келісім қалыптасуда. Қазір ХХ ғасырдағы тәжірибемен байыған Еуразия идеясы оның алғашқы даму кезеңіне қарағанда да көкейкесті болып отыр. Бүгінгі күнгі жаһандану заманында тұрақтылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету тұрғысынан Шығыс пен Батыстың жақындасуы Еуразия континенті мемлекеттерінің дүниеге деген қатынасы мен интеграциясы сияқты тарихи қажеттілікке айналуға. Егер алғашқы еуразияшылдық Ресей империясының күйреуіне жауап ретінде болса, қазіргі еуразияшылдық КСРО-ның ыдырауы, сондай-ақ болашақта орын алуы мүмкін әлеуметтік-саяси күйреуге деген әсер болуы мүмкін. Еуразияшылдық дүниеге айрықша қатынас түріндегі мәдени-философиялық доктрина, адам тіршілігінің әртүрлі тараптарын үйлестірудің бірден-бір тәсілі. ХХІ ғасырда Еуразиялық идеяның кең де терең мәнге ие болуы да сондықтан. Осыған орай Еуразиялық философия туралы жаңа зерттеулер, оны Батыс пен Шығыс мәдениеттері сұхбаты ауқымында теориялық негіздеу бүгінгі жаһандану заманының талабы болып табылады. Батыс философиясы, Шығыс философиясы сияқты Еуразия философиясының өмір сүруі заңды. Сондықтан Еуразиялық идея Еуразия құрлығындағы мемлекеттер арасындағы қайшылықтарды шешудің бірден-бір үйлесімді формасы, сонымен қатар, көп деңгейлі интеграциялық процестердің қайнар көзі, ендеше, континенттік қауіпсіздік пен бейбітшілікті қамтамасыз етудің бірден-бір құралы болып отыр.[6]

Нұрсұлтан Назарбаев Еуразия Одағын (ЕАО) құру туралы өзінің жоспарын 1994 жылы ерте көктемде Ұлыбританияға барған ресми сапары шеңберінде оны халықаралық мәселелерді зерттейтін король институтына лекция оқуға шақырғанда алғаш рет жария еткен. Корольдік халықаралық қатынастар институтында сөйлеген сөзінде ол "Кеңес дәуірінен кейінгі кеңістіктің дамуы екі бағытпен айқындалды: бір жағынан, ұлттық мемлекеттің қалыптасуы жүріп жатыр, екінші жағынан, ТМД елдерінің интеграциялық бағыты байқалды. Тәуелсіз Мемлекеттер Достығын реформалау қажеттілігі туындады, мұның өзі аймақта тұрақтану белдеуі мен қауіпсіздік орнатуды қамтамасыз етер еді және саяси эволюцияны болжаудың дәрежесін жоғарылатуға мүмкіндік беретіні кәдік"[7]-деп мәлімдеген еді.

Н.Ә.Назарбаев өзінің Еуразия Одағы идеясын М.В.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің профессор-оқытушылар құрамының жиналысында жариялаған болатын. Өзінің маңызды хабары үшін Мәскеу университетін нәліктен таңдап алған себебін Қазақстан басшысы кейін былай түсіндірді: ол жерде мұның тыңдаушылары бұрынғы КСРО ғылымының мақтанышы болған нағыз ірі ғалымдар еді. Империя қалдығының үстінен жаңа интеграциялық құрылымды ұсына отырып Н.Назарбаев өзі үшін есімдері әлемге әйгілі адамдардың қолдау көрсетуін өте қажет деп білді [8]. Еуразиялық Одақ идеясын ұсынғаннан бері ол мәселені ілгері жылжыту оңайға түскен жоқ. Көп сындар



болды. Ол болашақтың интеграциясы ретінде қабылданды. ХХІ ғасырда интеграциясыз өмір сүру мүмкін емес. Н.Ә.Назарбаевтың Еуразия Одағын құру туралы ұсынысының мәні ТМД мемлекеттерінің әрқайсының әлеуметтік экономикалық ерекшеліктерін ескере отырып, интеграциялық процестерді біртіндеп жүзеге асыру болып табылады.

Елбасы өзінің ұсынған еуразиялық идеясы жайлы былай дейді: "Біздің Мүмкіндігіміз Еуразия аймағындағы жолдардың түйіскен торабында орналасқан географиялық жағдайымыздан туындайды. Әлемдік экономикалық және саяси процестердің ауқымдану процесі осы факторды түйінділерінің қатарына қосады. Біздің бабаларымыз түркі халықтарының біртұтас отбасы құрамында осы маңызды стратегиялық факторды өздері үшін тиімді пайдалана білді: атақты Жібек жолы бойымен Еуропа және Азия елдері арасында кең ауқымды сауда арнасы ұйымдастырылған болатын. Бүгін біз осы арнаны аймақтағы басқа елдермен ынтымақтаса отырып және әлемдік қоғамдастықтың қолдауымен қалпына келтіре бастадық. Келешекте Еуропа мен Азия арасында сауда, қаржы ағысы жүйесі мен адамдардың көші-қоны ұлғая түседі. Көптеген саяси тұрақтандырушы факторлары туралы айтпағанның өзінде, мен нақ осы себептен, Еуразия идеясын ұсындым және оны дамыта бермекпін, әрі оның стратегиялық болашағына да сенімім кәміл" [9].

Осы заманғы өнеркәсіптік және басқа технологиялар адам өмірінің барлық саласына таралуда. Қандай да ғылыми әлеуетке ие екендігіне қарамастан бірде бір ел жалғыз өзі әлемдік техникалық прогреспен жарыса алмайды. Сондықтан біздің жағдайымызда экономикалық өзара кірігушілікке кедергі келтіру дегеніміз шығыны жоғары өндіріс пен тиімсіз басқаруды қызғыштай қорғау болып табылады. Сондықтан Еуразиялық экономикалық қауымдастық аясында интеграциялану бірден-бір тиімді жол. Бұған мүше Беларусь, Қазақстан, Ресей, бірін-бірі экономикаларымен толықтыратын КСРО-ның бұрынғы республикалары. Бұл дегеніміз айтарлықтай үлкен рынок.

2000 жылы қазан айының 10 жұлдызында Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаев төрағалық етуімен өткен Кедендік одаққа қатысушы елдер - Беларусь, Қазақстан, Қырғызстан, Ресей және Тәжікстан Мемлекетаралық кеңесінің мәжілісі одақтас елдер халықтарының өмірін жақсарту үшін бар мүмкіндікті қарастырып отырған, ізгі ниет біріктірген ортақ мақсаттағы адамдардың кездесуі ретінде бағаланды [10]. Бұл кездесу Кедендік одаққа қатысушы бес елдің тарихында жаңа кезеңді ашты. Еуразиялық экономикалық қауымдастық 2000 жылы 10 қарашада кеден одағы негізінде дүниеге келген жас қауымдастық болды. Оның негізін қалыптастырған және құрылуына ұйытқы болған Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев. Бұл ашық экономикалық ұйым. Бүгінде Беларусь, Қырғызстан, Қазақстан, Ресей, Тәжікстан секілді бес мемлекеттің басын біріктіріп отырған Еуразиялық экономикалық қауымдастыққа кірем деушілерге есік ашық [11]. Саммитке төрағалық жасаған Н.Назарбаев Кедендік Одақта қалыптасқан жағдайды сараптай келе тығыз интеграцияның дамуы бестік елдерінің экономикалық ахуалына оң ықпал ететіндігін айтып өтті. Кедендік Одақ пен Біртұтас экономикалық кеңістік туралы келісімнен туындайтын мақсаттар мен міндеттерді іс жүзіне асыруға бағытталған бірқатар құжаттар қаралып, келісілген болатын. Шешімдердің қағаз жүзінде қалмай, шындыққа айналуының маңызы зор. Дегенмен, уақыт бір орнында тұрмайды, жаңа шешімдер қабылдауды қажет етеді. Осы тұрғыдан келгенде Еуразиялық экономикалық қауымдастық - интеграцияға ұмтылыстың жаңа көрінісі болып табылады.

Бұл, орайда мемлекеттер алдында алдына келесідей мақсаттар қойылды. Біріншіден, Орталық Азияда, тұтастай Азия құрлығында қауіпсіздіктің тиімді жүйесін дамыту Шанхай ынтымақтастық ұйымының жұмысын жалғастыру. ШЫҰ-ның аясында әскери саладағы сенім мен өзара іс қимыл тетіктері сыннан өткізіліп үлгерілді. Сауда-экономикалық, гуманитарлық салада, терроризм мен экстремизм қатеріне қарсы тұру ісінде ынтымақтастықты дамыта түсу көзделген. Қазіргі геосаяси жағдайда қауіпсіздік проблемаларына, ойың ішінде ең алдымен Орталық Азиядағы қауіпсіздікке қатысты пікірлер мен көзқарастарды талқылау үшін Азиядағы өзара ықпалдастық пен сенім шаралары жөніндегі кеңестің маңызы зор болып отыр.

Екіншіден, Каспий аймағына қатысты туындауы мүмкін мәселелердің алдын алу. Каспий - Еуразияның маңызды стратегиялық аймағы, көмірсутектерінің бай қоймасы. Оның мұнай қорын игеру ісіне әлемнің аса іргелі компаниялары қатысуда. Каспий теңізі бүкіләлемдік қауымдастықтың мүддесі үшін бейбіт ықпалдасу мен экономикалық ынтымақтастық аймағына айналуға тиіс.

Саяси лидерлердің алдында тұрған аса маңызды міндет жаһандық және аймақтық ядролық қауіпсіздікті нығайту мәселелерімен байланысты. Орталық Азия бүгінде ядролық қарусыз алаң болып табылады. Осынау мазасыз геосаяси нақтылық қаруды таратпау режимін одан әрі табанды түрде күшейту қажеттігін алға шығарады.

Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев айтқан Мемлекеттердің еуразиялық одағын құру туралы идея көршілес елдердің экономикалық байланыстарын тиімді пайдалану және нығайту қажеттілігі жөніндегі ұзақ ойларының нәтижесі болатын. Қазақстан Президенті Вернадскийдің, Гумилевтің, басқа да еуразиялық ғалымдардың айтқан идеяларын жаңа өмір шындықтарын ескере отырып дамытты. Еуразиялық одақ посткеңестік кеңістікті қолайластырудағы құлдыраған ыдыраушылықтың күйретуші зардаптарын жоюға бағытталған ең озық және негізделген жоба болды.

ЕурАзЭҚ қызметінің негізгі бағыттарының бірі халықаралық ұйымдар мен өзара ықпалдасу болып табылады. Бұл өз кезегінде Қоғамдастықтың әлемдегі ұстанымдарын нығайтуға және өңірдегі тұрақтылықты қамтамасыз етудің тиімді жүйесін қалыптастырып, экономикалық және гуманитарлық ынтымақтастықты кеңейтуге оң ықпал етеді.

2003 жылы Қоғамдастық БҰҰ-да Бақылаушы мәртебесін алды. 2007 жылдың желтоқсанында өткен БҰҰ Бас Ассамблеясының 62-ші сессиясында БҰҰ мен ЕурАзЭҚ арасында ынтымақтастық туралы қарар қабылданды.[14]

Қоғамдастық сондай-ақ БҰҰ, МАГАТЭ, ЮНЕСКО, сонымен бірге, Еуропалық Одақ және Бүкіләлемдік кеден одағының өңірлік және функционалдық құрылымдарымен белсенді байланыстар орнатқан.

2014 жылы 29 мамырда Еуразиялық Экономикалық Одақ құру туралы келісімге қол қойылды. Бұл қадам, жоғарыда атап өтілген мәселелі жағдайларды бастан кешіріп, түрлі аймақтық ұйымдардың тәжірибесіне сүйене отырып құрылған Еуразияшылық идеясының негізінде құрылған аймақтағы басты экономикалық ұйым болмақ.

Еуразиялық одақ - бұл кеңес дәуірінен кейінгі кеңістікте тұрақтылықты және міндеткерлікті, әлеуметтік-экономикалық жақсартуларды нығайту мақсатына бағытталған интеграцияның жаңа түрі. Еуразиялық кеңес дәуірінен кейінгі посткеңестік елдер үшін XX-XXI ғасырлар арасы жаңа мемлекеттердің тәуелсіздік пен егемендік алуындағы тарихи дәуір ғана емес, сондай-ақ әлеуметтік-экономикалық тұрақтылықтың жаңа түрін іздеу кезеңі болды.

Еуразияшылықты адамның дүниеге қатынасы түріндегі мәдени-философиялық доктрина ретінде жүзеге асыру теңсіздікті жоюдың басты жолы, адам тіршілігінің әртүрлі тараптарын үйлестірудің тәсілі. Қазіргі кезде Қазақстанда еуразиялық мұраттың кең де терең мәнге ие болуы да сондықтан. Қазіргі жаһандану заманында ешқандай мемлекет өз бетінше жалғыз өмір сүре алмайды. Қазақстан өзінің ұлттық тәуелсіздігін еуразиялық аймақтағы Ресеймен және басқа елдермен интеграцияға түсу және өзінің ұлттық мүддесін сақтау арқылы ғана орнықты дами алады. Еуразиялық экономикалық одаққа кіру – бұл тәуелсіздікті нығайту мен инновациялық дамудың даңғыл жолы. Қазіргі заманның басты қағидасы ретінде, мемлекеттік тәуелсіздікті тек қана еуразиялық интеграцияны одан әрі өрістету арқылы ғана сақтауға, нығайтуға және дамытуға болады.

1 Уткин А. *Геоструктура XXI века. Наступает время, когда пророчества обернутся приговорами*//*Независимая газета*. 2000, 1 сентября.

2 Володин А.Г., Широков Г.К. *Глобализация: истоки, тенденции, перспективы*//*Полис*. – 1999. – №5. – С.84.

3 Долгов Б.В. *Процесс глобализации и развивающиеся страны*, с.30.

4.Матвеев Р.Ф. *Методологические и теоретические проблемы глобализации*//«Новая» Россия: национальные интересы в глобальном контексте. Материалы межвузовской научной конференции//«Новая» Россия: национальные интересы в глобальном контексте».7-8 декабря 2001г.М., РГГУ, 2001.с.3.

5 Даниленко В.П. *Глобалистская картина мира, или глобалистика, глобализм, антиглобализм, глобализация и антиглобалистская борьба. Персональный сайт автора* <http://www.islu.irk.ru/danilenko/articles/glob/htm>

6 Ә.НЫСАНБАЕВ Еуразиялықидея: мәні мен құндылығы <http://egemen.kz/2014/08/23/35177>

7.Іңкәрбаев Е. *Еуразияшылық-доктринасы саяси қозғалыс, мәдени құбылыс және интеграциялық тәсіл ретінде. Саясат. ақпан-наурыз 2000 ж.* 52 б.

8.Геннади Толмачев. *Елбасы. Алматы. 2000 ж.* 234 б.

9.Назарбаев Н.Ә. *Қазақстан-2030. Ел Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы. Алматы. "Білім" баспасы, 1997. 19 б.*

10. Самат Мұса. *Еуразиялық экономикалық қауымдастық Еуразиялық Одақ құрылымына бастайтын төте жол*//*Егемен Қазақстан*. 11.10.2000 ж. №250

## Резюме

В статье «Евразийский Союз и Восток с Западом» рассматриваются главные проблемы современного глобализирующего мира как интеграция, сотрудничество и сотрудничество народов. Евразийская идея стала главным направлением развития для нашей страны. В статье также говорится о том, что учитывая современные особенности

развития мира, никакое государство не силах существовать и развиваться в одиночестве без сотрудничества с другими странами. И в связи с этим, можно сказать, что Евразийская идея становится идеей будущего. В статье рассматриваются проблемы межнациональной и межконфессиональной безопасности и стабильности в Евразийском континенте, проблемы евразийского духовного согласия. Также говорится о том, что наша страна в силу своего стратегического расположения может стать главной связующей страной между западом и востоком.

Ключевые слова: Евразийский союз, международная стратегия, Евразийском континент

#### Summary

In the article "Eurasian Union and East and West" discusses the major problems of the modern globalized world of integration, fellowship and cooperation among the nations. Eurasian idea has become the main direction of development for our country. The article also says that given the current features of the development of the world, no state power to exist and develop alone without the cooperation of other countries. In this regard, it can be said that the idea of the Eurasian idea becomes future. The article deals with the problem of ethnic and interconfessional security and stability in the Eurasian continent, the problems of Eurasian spiritual harmony. It is also said that our country because of its strategic location may be the main relations of the country between east and west.

**Key words:** Eurasian Union , an international strategy, of the Eurasian continent

ӘӨЖ 327

### 1990 ЖЫЛДАН КЕЙІНГІ КЕЗЕҢДЕ ЖАҢА ӘЛЕМДІК ТӘРТІП МӘСЕЛЕСІ

**А.Ноғаева – Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің доценті, PhD доктор**

Бұл зерттеу жұмысында Жаңа әлемдік тәртіп (ЖӘТ) 1990 жылдан кейінгі кезеңге тән құбылыс ретінде танылып, оның ерекшеліктері ашылуға тырысылады. Сонымен қатар осы мақалада ЖӘТ әлемдік саяси ойлар мен күш балансына ықпал етуші оқиғалардың пайда болуы нәтижесінде қалыптасқан жаңа бір кезең ретінде зерттеледі.

**Кілтті сөздер:** Жаңа әлемдік тәртіп, халықаралық қатынастар жүйесі, АҚШ жетекшілігі, полярлық

«Әрбір әлемдік тәртіп шексіз жалғасу үмітіне ие» деген қанатты сөздің өзінде де өміршендік байқалады. Алайда бұл афоризмдегі құрамда әрдайым өзгерістер болып, ғасырлар өткен сайын халықаралық жүйенің ғұмыры да азая түсуде. Вестфалия келісімшартынан соң құрылған тәртіп 150 жылға жалғасты. Вена келісімшартынан кейінгі тәртіп жүз жыл ғана дәурен сүрді. Қырғи-қабақ соғысынан кейін қалыптасқан жүйе қырық жылдан соң өмірін тоқтатты. Әлемдік тәртіптің өзгеріске бейім келуі мен мақсаттары мұншалықты жылдам, терең және жаһандық дәрежеде өзгермеген болатын [1]

Қырғи-қабақ соғысынан соң қалыптасқан саяси жүйеге тән сипат – *Жаңа әлемдік тәртіп* -ЖӘТ реалист көзқарасқа сәйкес блоктардың жойылуынан соң пайда болған кеңістікте қым-қуат бәсекелестік туғызған жаңа халықаралық жүйе ретінде сипатталады. Либералистердің пайымдауынша, социализм өкілдерінің құлауымен құндылықтар мен мүдделер негізге алынып, келісім, демократия, адам құқықтары секілді ұғымдар бірінші орынға шықты.

ЖӘТ жайында алғаш ойға келетін нәрсе АҚШ-тың айылын жиған жаңа тәртіп болып табылады. Сонымен қатар, бұл тәртіптегі АҚШ-тың орны үздікті пікірталастарға арқау болуда. Кейбірі мұны лидерлік десе, кейбірі полярлық деп атайды. Ал кейбіреулер АҚШ өз ықпалы мен мүдделерін бүкіл әлемге тарату арқылы «жаһандануға» дем беруде деседі. Сонымен қатар бұл тәртіптің артында АҚШ-тың тұрғаны немесе оның ықпалы бар екенін бүкіл ойыншылар мойындайды және бұған ешкім де дау айтпайды. Алайда батыс экономикасы үлгісінде басталған және АҚШ жетекшілік жасаушы тұтыну дағдарысы бұл жүйенің әлсіз тұстарын көрсетіп берді, бұл өз кезегінде жүйенің жойылатынын көрсетпесе де жағдайды қиындата түсті. Демек, ЖӘТ-тың қиындықтары теориялық тұрғыда ғана емес практикалық тұрғыда да сынға алынды деуге болады. Себебі әлемдік тұтыну сұранысының артуымен өндіріс те арта түсті. Өндірістің артуы энергияның көбірек жұмсалуды қажет етуде (мұның айқын дәлелі Қытайда байқалады), сұраныстың артуы Ресей бастаған шикізатқа бай елдердің баюы мен күшеюіне ықпал етуде. Сәйкесінше, күшейе бастаған бұл мемлекеттер АҚШ-қа қарсы КСРО секілді мықты қарсылас бола алмаса да АҚШ-тың әлемдік тәртіпте айыл жиюына себепкер болуда.

***Жаңа әлемдік тәртіп жайлы пікірталастар мен өзгерген баланс тұжырымы***

Қырғи-қабақ соғысының бітуімен, сондай-ақ 1992 жылы Кеңестер Одағының ыдырауымен Шығыс-Батыс болып бөлінген бұрынғы тәртіп жойылып, орнында жаңадан әлемдік тәртіптің қалыптасуына ықпал етуші алғышарттар пайда бола бастады. Түрлі ықпалды күштердің өзіндік мақсат-мүдделері мен қауіп-қатерлері қатар есепке алына отырып құрылатын осынау «Жаңа әлемдік тәртіптің» қандай болатындығы мен оның сипаттарын дөп басып айту оңай емес.

ЖӘТ-тің анықтамасы мен болашағы жайлы тұжырым жасауға бас қатырушылар көбіне АҚШ-тық және ресейлік зерттеушілер болып табылады. Орыстардың әрекеттеріне себеп – келешекте АҚШ-пен тең дәрежеде болмаса да келешектегі халықаралық қатынастардың жағдайы мен ХХІ ғасырда болатын әлемдік тәртіпке ықпал ету үмітін көрсетеді [2, 92 б.]. Сәйкесінше Ресей мен АҚШ-та аталмыш тақырыпта көптеген академиялық зерттеулер жүргізілді.

КСРО-ның ыдырауымен, сондай-ақ екі блокқа бөліну кезеңінің тоқтауымен «Қандай «Жаңа әлемдік тәртіп» құрудың алдында тұрмыз?» деген сұрақ туындады. Жұртшылыққа танымал болған ЖӘТ ұғымы жайында белгілі-бір көпшілік мақұлдаған байлам жоқ. Кейбіреулер мұны жоба десе, кейбіреулер іші бос заманауи ұғым деп сипаттауда. Біз болса осы зерттеу жұмысында ЖӘТ 1990 жылдан кейінгі кезеңге тән құбылыс ретінде қарастырып, оның ерекшеліктері ашуға тырысамыз. Сондай-ақ, зерттеу жұмысында ЖӘТ әлемдік саяси ойлар мен күш балансына ықпал етуші оқиғалардың пайда болуы нәтижесінде қалыптасқан жаңа бір кезең ретінде зерттеледі.

**«Әке Буш-тың» ЖӘТ жобасы.** ЖӘТ ұғымын алғаш рет «әке Буш» 1990 жылы 11 қыркүйекте Конгресте сөйлеген сөзінде «халықаралық ынтымақтастық пен келісімді қамтамасыз етуші идеал» ретінде қолданғаны белгілі. Қырғи-қабақ соғыстың біткенін ұғындыруға бағытталған бұл сөздер өз кезегінде АҚШ-тың жаңа ұстанымы ретінде әлемдік тәртіп құру мақсатын көрсетіп берді. Сондай-ақ, бұл ұғым жаңа бір кезеңнің басталғанын көрсетіп қана қоймай, құқықтың үстемдігінің қамтамасыз ететін саяси бағытын да ұғындырып өткен болатын. Алайда, сол уақыттан қазіргі күнге дейін бұл сөйлем іс жүзінде тек керісінше әрекеттермен көрініс беріп келеді. Сәйкесінше бұл саяси жоба ретінде оң нәтижеге жете алмады деуге толық негіз бар.

**Халықаралық жүйе ретінде әлемдік тәртіп.** ЖӘТ сөзі түрлі мағыналарда қолданылады. Кейбіреулер «әлемдік тәртіп», «әлем», «әлемдік жүйе», «халықаралық қатынастар жүйесін» бір мағынада қарайды. Кейбірі тәртіпті өз басына жеке емес тәртіпті қалыптастырған халықаралық қатынастар құрылысы, мемлекеттер арасындағы қатынастарды ұйымдастырушы ұйымдар мен мемлекеттер арасындағы қатынастарды қалыптастыратын нормалар деп есептейді [2, 50 б.].

Халықаралық қатынастар заңдылығына сәйкес Әлемдік тәртіп – халықаралық маңызды тарихи оқиғалар нәтижесінде қалыптасқан бірнеше жүйеден құралады. ЖӘТ-тен бұрын немесе 1991 жылдан бұрынғы кезең заңдылықтарын көзге алсақ олар мыналар: 30 жылдық соғыстан соң құрылған 1648 жылғы *Вестфалия жүйесі*; Наполеон соғыстарынан соң 1814 жылы құрылған және «Еуропа үйлесімі» деп аталған *Вена жүйесі*; Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі *Версаль-Вашигтон жүйесі*, Екінші дүниежүзілік соғыстан соң құрылған және екі блокты Шығыс (социалист елдер блогы) – Батыс (капиталистік елдер) мемлекеттері құраған *Ялта-Потсдам жүйесі* деп тұжырымдай аламыз. Зерттеушілер бұл тәртіптің 1991 жылы аяқталғанын бір ауыздан мойындағанына қарамастан қазіргі әлемдік тәртіпке есім беруде қиындықтарға ұшырасуда. Бір бөлігі Беловеж кезеңі (КСРО-ның ыдырағы мәлімделгеніне байланысты аталады), өзгелері “*Post Cold-War Era*” (Қырғи-қабақ соғысынан кейінгі кезең) ұғымын қолдануда. Ең көп қолданған ұғым болса ЖӘТ болып табылады. Бірақ бұл тәртіптің жаңа, ал бұл тәртіпті құрушы келісімшарттардың көбіне тарихи болуын да жоққа шығармауымыз керек. Демек, ЖӘТ-ті қалыптастырған жаңа бір механизм толық дамыды дей алмаймыз. Хелсинки хартиясы бастаған және екі блок тәртібі кезінде қабылданған келісімшарттар толыққанды жүзеге аспауда және орнына ешқандай шарттар да қабылданған жоқ. Бұл әсіресе Кавказдағы кезекті оқиғалардан соң анық көрінді. Ресей мен АҚШ бір-бірін Хелсинки келісімшартын бұзғаны үшін айыптаған болатын. Яғни, екі блок тәртібі кезінде белгіленген күштердің ықпал аймақтары бұзыла бастады, бірақ мұны орнына келтіретін жаңа механизм құрастырылмаған.

Сонымен қатар бұл кезеңнің құқықтық шеңбері жаңа келісім-шарттармен белгіленбегеніне байланысты ЖӘТ-дің қандай ерекшеліктерге ие екендігін ашып көрсету үлкен маңызға ие. Біздің тұжырымызша ЖӘТ-тің ерекшеліктері былайша бола алады:

- екі блоктың жойылуы себепті бір полярлық / көп полярлық пікірталастардың басталуы,
- идеологияның кейінгі мәселеге айналып маңыздың экономика мен қауіпсіздік салаларына бағытталуы,
- қауіптің әртүрлілігі мен қиындықтардың ортаға шығуына байланысты «дұшпан-дос» түріндегі бөлінушіліктің жойылуы.

Осы тұрғыдан алғанда қауіп-қатерлердің мемлекет шекараларын ашуымен 2001 жылдан кейінгі кезең «жаһандану = ЖӘТ» теңеуі 90 жылдардан соң кең тарағанымен, реалистердің пайымынша қазіргі кезге дейін тиімділігін көрсете алмауда [3, 134]. З.Бжезинскийдің мәлімдегеніндей экономикалық мүдде тұрғысынан алғанда арзан жұмыс күші Қытайда болуы себепті жаһанданудың мысалы ретінде алуға

болады. Алайда әлемнің ұлттық мемлекеттерден құралғанын және бұлардың жаһандану заңдылықтарына бағынып-бағынбауы мүмкін екендігін ескеруіміз қажет [4, 184-185 б.]. Яғни, мемлекеттер Ауғанстандағы секілді өз ара келісімге келе алса да әрқашан өз мүдделерін қорғауды бірінші кезекке қоюға тырысады.

### **Полярлық пікірталастар**

ЖӘТ кезеңінің ерекшеліктерінің бірі ретінде полярлыққа байланысты пікірталастар екенін жазған болатынбыз. **Полярлық** ұғымы халықаралық жүйе ішіндегі күш қатынастарын көрсетеді. Ұғым әсіресе Қырғи-қабак соғысында екі алып күштің қактығысы кезінде болған қос қуатты тәртіп арқылы пайда болды. Аталмыш ұғым шеңберінде 1945 жылдан бұрынғы жүйені алып мемлекеттердің өзара бөліске салуы нәтижесінде көп полярлық есімі ортаға шықты. Осылайша КСРО-ның ыдырауымен АҚШ-тың супер держава болуын көптеген зерттеушілер бір полярлық жүйе ретінде атайды. Блоктар – елдердің немесе одақтастардың күшіне қарай, мемлекеттер арасындағы қатынастардың жағдайына және мүдделерін орындатып-орындата алмауларына қарай сипатталады [3, 17 б.].

ЖӘТ-ке байланысты пікірталастардың блокқа байланысты пікірталастарға жақын екенін аңғарылады. Осыған байланысты ЖӘТ туралы айтқанда зерттеушілердің назарын аударған тағы бір мәселе – екі поляр жүйесінің жойылуынан кейінгі негізгі пікірталастар халықаралық қатынастардың құрылысы мен жүйенің құрылысына (полярдың саны) салмақ салуда [2, 51 б.]. Сондықтан бір полярлық (*unipolarity*), бір көп полярлық (*uni-multi polar*) және көп полярлық (*multipolarity*) секілді ұғымдар қолданылуда.

**АҚШ-тың бір полярлығы.** КСРО-ның ыдырауымен екі полюстың бірінің жойылуы батыстың жеңісі ретінде есептеліп, бұдан кейін әлемдік тәртіпті белгілейтін мемлекеттің АҚШ болатынына ешкім де күмән келтірмеді. Шынында 1990 жылдары АҚШ-қа тең келер қарсылас жоқ болатын. Яғни, КСРО-ның ыдырауынан соң АҚШ-тың жаңа бірполярлық Әлемдік Тәртіп құруға кіріскені белгілі. Алайда зерттеушілердің көбісі көп полярлық тәртіптің типтік халықаралық тәртіп екендігін және осыған сәйкес екі полярлық жүйенің төтенше жағдай қалыптастырғанын алға тартуда. Әсіресе ресейлік сарапшылар әлемдік картадан екі алып күштің біреуінің жойылуын жаңа бір тәртіптің пайда болуы ретінде емес, беймәлім жағдайдың («жаңа әлемдік тәртіпсіздіктің») пайда болуына әсер етті деп қарауда [2, 53 б.]. Бұл көзқарасты көптеген батыстық мамандар да қолдады. Айкенберридің (Ikenberry) пікірінше Қырғи-қабак соғыстан тек бір күш қана шықты және ең маңыздысы оған қарсы географиялық та идеологиялық та күш жоқ. Еуропа өз-өзімен болса, Жапония тоқтап қалды. Әлемнің екінші және үшінші күшті экономикасы Жапония мен Германияның қауіпсіздігін әлі күнге АҚШ қамтамасыз етуде. АҚШ-тың әскери күштері мен бекіністері әлемнің төрт бұрышына жайылды. Ресей Америкамен жартылай ресми (*quasi-formal*) қауіпсіздік одақтас болуда. Қытай да іштей Американың үстемдігін мойындайтын секілді [5, 144 б.].

Кейбір зерттеушілер бір полярлықты қабылдаумен қатар мұның уақытша екендігін де ұсынууда. Чарльс Краутхаммер (*Charles Krauthammer*) бір полярлыққа байланысты «Бір полярлық сәт» (*Unipolar Moment*) ұғымын қолдануда. Яғни, АҚШ-тың Иракта кездескен қиындықтары ескертілгенде, америкалықтар «бір полярлық кезең» (*unipolar era*) жайлы айтқаннан «unipolar moment» (бір полярлық сәт) жайлы айтуды жөн көруде. [6, 73-78 б.]. Әлемнің неліктен бір полярлыққа айналып-айналмағанын зерттеген ресейлік ғалым Лунев АҚШ-қа қарсы келе алатын қуатты елдерді зерттеуі нәтижесінде АҚШ-тың экономикалық және идеологиялық ықпалының азая бастағанымен, оның әлі де көп уақытқа әскери және саяси тұрғыдан көшбасшылық ете беретінін алға тартады. Алайда мұның бір полярлықты білдірмейтінін мәлімдейді [7, 30 б.]. Зерттеушінің пікірінше АҚШ негізгі қарсыласының жойылуымен батыс елдерін қарамағында ұстау және саяси ықпалын күшейте беру мақсатында жаңа дұшпан іздеу жолына түсуде (Ирак, бұрынғы Югославия, Иран т.б.) [7, 30-31 б.].

АҚШ КСРО-ның ыдырауынан соң қалыптасқан өзіне ыңғайлы кезеңнің тұрақты болуын қалайды және Ресей мен Қытай секілді қуатты елдердің статус-квоны бұзуға талпынуын жылы қабылдамаған болатын. Яғни, Американың бір полярлығы –статус-кво, ал баланстың орнығуы болса ревизионист құбылыс ретінде түсіндіріле бастады. Себебі құзыретке ие болған бір күш (ел) бұл үстемдікті жоғалтып алмауға талпынады яғни күш- қуатты басқа елдермен бөлісуді қаламайды. Өзге елдер болса бұған түсіністікпен қарай алмай ревизионист ұстаныммен статус-квоны өзгертуге талпынууда. Дәлірек айтқанда, аталмыш мемлекеттер АҚШ құрған бір полярлыққа қарсы шығып, жүйені өзгертуге ықыластық танытуда. Сонымен, (1) Ресей мен Қытай басшыларының жиі-жиі әлемнің бұдан былай көп полярлық болғанын және мұны АҚШ-тың мойындауы қажеттігін мәлімдей отырып [8], аталған екі ел 1997 жылы ЖӘТ-тің көп полярлық болуы қажеттігіне байланысты Декларацияға қол қойып сөзден іске көшті [9], (2) АҚШ-тың бау-бақшасында (Латын Америка елдері) АҚШ-қа қарсылықтың күшеюі және (3) бұл елдердің Ресеймен жақын қарым-қатынасқа кірісуі аталған болжамдарды расқа шығара бастады. Бұған Қытайдың тарихи Шығыс Азия елдерімен шектеліп қоймай Африка елдеріне де дендей енуін де қосуға болады.

Алайда бұл көп полярлық нені көрсетеді? Біздіңше көп полярлық ең бірінші мемлекеттің жалпы қуатымен өлшенуі қажет. Алайда, саясаттанушылардың көбісі тек саясатқа маңыз береді. Мәселен, Ресей, Қытай және Францияның Иран мен Ирак мәселесінде АҚШ-тан өзге ұстанымда болуы көтерілгенде дереу көп полярлық жайлы сөз қозғай бастады. [10, 8 б.]. Ал, Уолтз (Waltz) полярлықты алып мемлекеттер арасындағы күштің бөліске түсуі ретінде қабылдайды. Яғни, оның ойынша алып күштер күшті қалыптастыратын негізгі факторларға ие. Осы тұрғыдан алғанда АҚШ әскери, экономикалық, технологиялық және геосаяси жағынан ең ірі мемлекет екендігі даусыз. АҚШ қуатты мемлекеттер арасында әскери бюджеттің 60 % құрайды, экономикалық өндіріс пен технологияның 40 % қолданып, ғылыми-зерттеуге жұмсалған шығынның 50 % АҚШ тиесілі [10, 4-5 б.] .

Полярлық жайлы алғашқылардың бірі болып зерттеу жүргізген Дэвид Сингер (*David Singer*) мынадай ойлар айтып кеткен [11]. Біріншіден, полярлық – одақ, халықаралық ұйымдарға мүше болу, дипломатиялық және сауда-экономикалық қатынастар секілді мемлекеттер арасында ұзақ мерзімді қарым-қатынас пен міндеттерден бастау алады. Екіншіден, полярлық – қысқа уақытқа созылатын бірге әрекет ету немесе мемлекеттер арасындағы дипломатиялық байланыс секілді қарым-қатынастар жиынтығы/түгелі. Бұл қарым-қатынастар аясында әлем елдердің мүдделеріне сәйкес «тұтастық сипаттағы» полюс (кереғарға) бөлінген. Полюс ішіндегі және полюс арасы қатынастарға қарай тұжырырым жасауға болады. Сәйкесінше, әлемнің қандай одақтарға бөлінгендігі, қандай елдің қайсы одақтарға мүше болып қандай одақтарға қарсы болуы, сондай-ақ қандай одақтың қуаттырақ екендігі жайлы тартыстар тууда. «Полярлық» жайлы екінші түсінік аса тар және тек әскери салада қолданылады. Мәселен, халықаралық қатынастарда әскери шығынның таралуына/қай өңірде қаншалықты екендігіне байланысты полярлар саны айқындалады. Әскери одақтарға мүшелік те қандай сипаттағы одақтардың қарама-қарсылығын анықтауға мүмкіндік береді [12]. Осындай жолмен айқындалатын болса КСРО-ның ыдырауынан соң Батыс блогының да жойылуына қарамастан АҚШ лидерлік ететін НАТО-ның жан-жаққа жайылу үдерісі бір полярлық тәртіптің орнап келе жатқанын көрсететіндей. Сонымен қатар, бұл тәртіпті қақыратуға тырысушы күштердің бар екеніне де көз жеткізуге болады.

Классикалық күш балансы тұрғысынан алғанда «бір полярлық» бір күштің теңдессіз әлеуетке ие болатын жүйе болып сипатталады. Тағы бір көзқарас бойынша «бір полярлық» күш балансы саясатының жойылуы болып табылады. Сәйкесінше, Миршеймердің (*Mearsheimer*) алға тартқанындай мемлекеттердің «тағдыры» болып табылатын үстемдікке ұмтылу күресі бір полярлық немесе көп полярлыққа әкелер үдеріс рөліне ие деуімізге болады. Себебі екі полярлық жүйе күш тепе-теңдігін көздеген. Екі полярлық жүйенің жойылуымен қалыптасқан жаңа тәртіп «бірполярлық» немесе «лидерлік» секілді ұғымдар ретінде кең тарай бастады, яғни АҚШ-тың басшылығындағы тәртіп деп түсінеміз.

Бір полярлық әлемдік тәртіпті ұсынушылар қатарындағы Чарльз Краутхаммер (*Charles Krauthammer*) АҚШ-тың осы әлемдік тәртіпте үлкен рөлге ие екендігін мәлімдей келе ЖӘТ-ті мына мысалдармен айшықтайды: «Егер үйіңізге біреу шабуылдаса сіз «911»-ге қоңырау шалып полицияны шақырасыз, ал біреу еліңізге шабуылдаса Вашингтонды шақырасыз». Бір полярлық әлемде орталық билікке ең жақын және нормаларды жасайтын Америка билігі екені даусыз. Сәйкесінше, бір полярлық әлемдегі болмыс пен тұрақтылық АҚШ-тың арқасында қамтамасыз етілуде [13, 23 б.]. Осы тұрғыдан «превентивтік соққы» доктринасын қолдайтын сарапшы маңызды нәрсе, Ирактың бұқаралық зақымдану қару-жарағына ие болуы немесе болмауында емес қарсылас режимінің жойылуында екендігін айтады. Бұл тартыстар жеңіл-желпі тоқтай қойған жоқ, 1992 жылы Пентагон бір полярлықты қамтамасыз ету мақсатында жаһандық деңгейде қарсыластың пайда болмауы үшін терең бір стратегия әзірлеген болатын. Бірақ бұл қадам сол уақытта-ақ пікірталастар туғыза білді. Американдық және әлемдік сарапшылар бір полярлықты қолдауға бағытталған кез-келген шараның Дон Кихоттың әрекеті секілді немесе қауіпті екендігін алға тартады. Мемлекет қызметкерлері бұл көзқарастан алыс, үстемдік немесе қожалық сөзінен сақтанып, орнына АҚШ-тың «лидерлігі» немесе «бас тартуға болмайтын ұлт» жайында айтыла бастады [14].

Әлем елдерінің АҚШ-тың жеке үстемдігін сынауы АҚШ-тың өндіріс күшін өз қауіпсіздігіне және өз мүдделеріне төнген қатер ретінде қабылдауларынан туындаған болатын. Бұған Ресейдің НАТО-ның кеңеюіне, Қытаймен бірге Орталық Азиядағы американдық әскери базаларға қарсы шығуын мысал ете аламыз. Зерттеушілер бір полярлық жайлы пікірталастыры, олардың негізге алған тақырыбы бір полярлықтың жойылуы деуге болады. Неореалистердің пікірінше бір полярлық бүкіл болмыстың ішіндегі ең тұрақсызы, өйткені күштің кез-келген бір мемлекетте ғана болуы өзге елдерді қауіпсіздік тұрғысынан алаңдатады, бұл жағдай оларды баланс орнату үшін белгілі-бір шара қабылдауға иетермелейді. Зерттеушілердің тағы бір бөлігі күштің бір мемлекетте болуы бейбітке үлес қосу ретінде қабылданғанымен олар американдық үстемдігінің жалғаса беретініне күмәнмен қарайды. Екі көзқарастың да

артында американ үстемдігінің мығым еместігі, белгілі-бір талаптарға сәйкес кез-келген уақытта жойылып кетуі мүмкін екендігі байқалады. Қорыта келгенде сарапшылардың көбісі бір полярлықтың бір «иллюзиялық» сәт екендігін және мұның «ұзаққа созылмайтындығын» немесе онсыз да «орнын көп полярлыққа босатқанын» дәлелдеуде.

**АҚШ-дың лидерлігі.** АҚШ-тың бір поляр құру құзыретіне ие екенін айтушылар түрлі теорияларды ортаға тастауда. Бжезинский секілді саясаттанушылар ұсынған «АҚШ-тың лидерлігі» (*leadership*) АҚШ-тың мүддесіне кереғар келіп жатқан «бір полярлық» ұғымының дамытылған нұсқасы деуге болады.

Американдық зерттеушілердің пікірінше әлемде барлық уақытта бір лидер болған. Мәселен, Германия Англияның лидерлігіне қауіп төндірген кезде 1-ші дүние жүзілік соғыс, КСРО АҚШ-қа қауіп туғызғанда «Қырғи-қабақ» соғысы болды. АҚШ болмаса өзге бір ел лидер болатыны даусыз еді. Маңыздысы лидер елдің қауіпсіз/ сенімді болуында. Яғни, Уильям Уолфорттың (*William C. Wohlforth*) пікірінше лидерлік – болуы шартты құбылыс болса, қауіпсіз лидер қауіпті лидерден әлдеқайда жақсы [10, 5 б.].

АҚШ-тың гегемон күш емес лидер болуы қажет екенін алға тартқан Бжезинский өз кітабында қазіргі әлемнің американ үстемдігін ұнатпауы ықтимал екенін, тіпті оқтын-оқтын оған қарсы шығушылар болатынын, ал іс жүзінде оған тіке қарсы шыға алмайтынын мәлімдеген болатын [15]. Американың жаһандық құдыреті жойылса да оның орнына кімдердің пайда болатынына көз жүгірткен Бжезинский әлемдік күш тепе-теңдігінің ретіне байланысты 2000 жылы ешқандай елдің АҚШ-пен иық тіресе алатындай деңгейде еместігіне көз жеткізеді. АҚШ-тың негізгі бәсекелесі ретінде Жапония, Қытай және Үндістанды атаған Бжезинский төмендегі қорытындыға келеді. Алдағы 20 жыл бойынша американ құдыреті жаһандық тұрақтылық үшін маңызды болып қала бермек. Америка қуатына қарсы келуі мүмкін қауіп тек іштен келеді. Америка демократиясының өз күшіне өзінің қарсы шығуы немесе Американың өз күшін бұрыс бағытта қолдануы нәтижесінде Америка өз құзыретінен айрылады. Американың өз қуатын жоғалтуына тағы бір себеп лаңкестіктің жойылуы немесе америкалықтардың ортақ мақсаттарын жоғалтуы себеп болуы мүмкін [15, 16-17 б.]. Осы себептен ЖӨТ-те АҚШ үшін Бжезинский белгілеген орын «Жаһандық лидерлік» болып табылады. Түсіністікке негізделген лидерлік Американың әлемдегі жалғыз супер держава болуына, яғни Американы бұданда қуатты супер держава болуына ықпал етпек, егемендік болса Американы теңдессіз қуатқа жеткізеді. Алайда бүкіл шаралар осымен шектелмей оның бұдан әрі қарыштай беруін қажет етеді [15, 258 б.]. Бұл пікірді Уолтз да қолдайды және АҚШ-тың келешекте де экономикалық және әскери лидер бола беретінін алға тартады [16, 31 б.]. Бұл көзқарастармен қатар АҚШ-тың әлемдегі үстемдігін мойындап қана қоймай өзге елдердің дамуына да жіті мән беріп, өз тұжырымдарын ұсынған. Бұл пікірлер Самуэль Хантингтонның (*Samuel Huntington*) «бір көп полярлық» (*uni-multi-polar*) деп атаған көзқарас шеңберінде қозғалуда.

**«Uni-Multi Polar» ұғымы.** АҚШ гегемониясының ел ішінде де (мәселен, 1997 жылғы зерттеулер бойынша америкалықтардың тек 13 % Американың әлемдегі үстемдігін қалайтынын, халықтың 74 % АҚШ-тың үстемдігін өзгелердің де мойындауы қажеттігін мәлімдеген екен), өзге елдерде де қаламағандығына назар аударған Хантингтон *'unipolarity'* (бір полярлық) және *'multipolarity'* ұғымдарын қоса *'uni-multipolarity'* тұжырымын ортаға тастайды [17, 39 б.]. Бұл ұғым бірнеше ұсақ орталықтармен қоршалған жоғары орталық бар бір жүйені білдіреді. Мүдделер текетіресі кезінде бұл орталықтар жоғарғы орталықтың жағдайын қиындатып жібереді. Алайда бұлар ешқашан жоғарғы күшке қарсы тұра алатын құзыретке ие бола алмайды, сондай-ақ жүйе ішіндегі жағдайды өздері басқара алмайды. Бұл *"uni-multipolarity"* үш түрлі жағдайда көрініс береді:

- гегемон күшке қарсы ұсақ орталықтардың коалициясы немесе бұл орталықтардың жаңа жоғары мемлекет деңгейіне жету жолымен екі полярлыққа айналуы,
- ұсақ орталықтардың тәуелсіздіктерінен айрылу жолымен нағыз империя немесе бір полярлыққа айналуы (бұл перспектива Ирак пен Югославияны қырғынға ұшырағаннан кейін пайда болды),
- бірнеше тәуелсіз және деңгейлес күштердің еркін бәсекелістігі жолымен нағыз көп полярлыққа қарай ауысуы болып табылады.

Соңғы ықтималдық тек АҚШ-тың Еуропа мен Азиядағы күшін жоғалтуымен америкалықтардың батыс жарты шарға қарай шегінуімен жүзеге асуы мүмкін [18, 149 б.].

Бұл тұжырымға сәйкес Америка өзге елдерден күшті болумен қатар өз сөзін өзге елдерге күмәнсіз өткізе алатындай қуатты бола алмайды. Яғни, *"uni-multipolarity"* тұжырымы АҚШ-тың ең күшті, бірақ әмірші еместігі «теңсіздер арасындағы ең күшті» болуымен сипаттала алады [19].

**Көп полярлық жайлы пікірталастар.** Әлемнің бір полярлықтан көп полярлыққа айнала бастағанына байланысты пікірталастар 2000 жылдан бастап қыза түсті. Мұның себебі КСРО ыдырағаннан кейін экономикалық және өзге де салаларда айтарлықтай әлсіреген Ресейдің энергия көздерінің арқасында

қайтадан күшейе бастауы және Қытайдың әлемдік шеберханаға айналуы болатын. Яғни, аталмыш екі елде жинақталған валюта қоры мемлекеттің дамуына және әскери, экономикалық салада алға жылжуларына мүмкіндік беріп, бір полярлық түсінігіне қарсы шығуларына ықпал етті. Себебі Қытай ғаламат қаржы қорының арқасында АҚШ-тың акцияларынан ең үлкен үлесіне ие болған ел. Ресей де әскери тұрғыдан 2008 жылы тамызда Кавказда бой көрсеткен оқиғалар кезінде НАТО-ның кеңеюі мен үстемдігіне қарсы «саяси қарсылығын» көрсеткен болатын. Бұдан бұрын да Ресей өкілдерінің Ресейдің «әлемде жоқ қаруға ие екендігін» мәлімдегені белгілі [20].

Сонымен қатар бір полярлық әлемнің көп полярлыққа айналуы қиын және қауіпті екені аз айтылған жоқ. Мәселен, Миршеймердің (*Mearsheimer*) пікірінше екі полярлық әлемнің жойылуын Француз революциясы болған 1789 жылғы «азаттық» жылына ұқсатқан болатын. Ол 1789 жылы шаттыққа бөленген адамдардың жаңа дауірмен бірге соғыс пен қырғынды да ала келгенін ұмытқанын айтады [21]. Реалистердің ойынша екі полярлық әлемде қақтығыс ықтималы төмен. Сондықтан қазіргі әлемді әлдеқайда сенімді деп айта алмаймыз. Себебі. Қазіргі халықаралық қатынастарда мемлекеттерді теңдікте ұстаушы бір авторитаризм жоқтың қасы тұрақтылық тепе-теңдікке негізделген. Миршеймер екі полярлық әлемнің тиімділігін былай сипаттауда: бірінші, қақтығыс аяқталғанда әлдеқайда аз болады. Бұл соғыс ықтималдығын азайтады. Екіншіден, күштердің тепе-теңдігі әр түрлі. Демек қақтығыстар тез ауыздықталады. Үшіншіден, бас тарту мүмкіндіктері жоғары. Бір күштің қателесу ықтималдықтары да аз. [22, 8-9 б.].

Америка ұлттық барлау кеңесі (*National Intelligence Council*) әр бес жылда дайындайтын рапортта АҚШ-тың келешегі жайлы пессимист тұжырым жасалған [23]. АҚШ-тың қуаты азая түседі деп топшылаған рапортта Үндістан, Қытай, Ресей бастаған елдердің АҚШ-ты тежейтін көп полярлық әлем жайлы айтылады. Бұған 2007 жылы басталып қазіргі уақытқа дейін күшін жоймаған әлемдік дағдарыс та өз әсерін тигізді. Рапортта аталған дағдарыстың «жаһандық экономикада қалыптасқан тепе-теңдіктің жойылып, жаңа баланстың орнығуына мұрындық болатыны» айтылып кеткен. Алайда қаржы дағдарысы АҚШ-тың күшін әлсіреткен жалғыз себеп қана емес. АҚШ-тың ғаламат қарызы, сондай-ақ Ауғанстан мен Ирак әрекеттері АҚШ-тың саяси ұстанымының теріске шығуына және әлемде АҚШ-қа қарсы күштердің көбеюіне себеп болды [24].

2007 жылдан қазіргі күнге дейін АҚШ-ты әлсіретіп келген қаржы дағдарысы дамушы ірі мемлекеттер мен өзге де елдерге жаңа мүмкіндіктер туғызуда. Бұл елдердің экономикалық тұрғыдан бір-бірімен тығыз байланыста болуы қиыншылықтар туғызса да әр ел ұлттық экономикасын дамыта отырып өзге елдерді де ынтымақтастыққа шақыруда. Ресей де өзіне жақын елдермен ынтымақтасуға мән беруде. Әлемдік саясатта өзін қолдаушы елдерге экономикалық тұрғыдан көмек беруде және ол елдерді ұзақ мерзімді ынтымақтастыққа тартуда. Осы тұрғыдан алғанда КСРО ыдырағаннан кейінгі 2007 жылға дейінгі кезенді **«қатты бір полярлық»**, 2007 жылдан кейінгі кезенді болса **«жұмсақ бір полярлық»** деп атай аламыз. Жұмсақ бір полярлықтың көп полярлыққа айналуы АҚШ және өзге қуатты елдердің қаржы дағдарысынан қалай шығуына байланысты болмақ. Себебі қаржы дағдарысынан кейінгі әлем жаңадан құрылып, бұл өз кезегінде күш тепе-теңдігіне ықпал етері анық.

1 Kissinger H. *Diplomasi, Ibrahim Kurt (ayd.). İstanbul: Türkiye İş Bankası Yayınları, 1994.*

2 Шахлаева Т.А. *Россия и США в новом мировом порядке. Дискуссии в политико-академических сообществах России и США (1991-2002)*. – М.: Институт США и Канады РАН, 2002.

3 Waltz K. N. *Structural Realism after the Cold War // International Security, 2000, Vol. 25, No. 1. – p. 5-41.*

4 Бжезинский З.Б. *Выбор. Глобальное господство или глобальное лидерство / Пер. с англ. - М.: Междунар. отношения, 2005.*

5 Ikenberry G. J. *Illusions Of Empire: Defining The New American Order // Foreign Affairs, №: 83(2), 2004. - p.144-154.*

6 Calleo David P. *Unipolar Illusions // Survival: Global Politics and Strategy, Vol.: 49, №: 3, 2007. – p.73 – 78.*

7 Лунев С.И. *Вызовы безопасности южных границ России. – М.: Московский общественный научный фонд; ООО «Издательский центр научных и учебных программ». 1999.*

8 *China Proposition On The Establishment Of A New International Political And Economic Order, Embassy of the People's Republic of China in the United Kingdom of Great Britain and Northern Ireland, <http://www.chinese-embassy.org.uk/eng/wjzc/t27077.htm> (қ.ж.у. 10.10.2003); China's View on the Development of Multi-Polarity // Embassy of The People's Republic of China in Switzerland, <http://www.china-embassy.ch/eng/wjzc/t139006.htm> (қ.ж.у. 16.06.2004).*

9 *Российско-китайская совместная декларация о многополярном мире и формировании нового международного порядка // Законы России. – Москва, 23 ақпан 1997, <[http://lawrussia.ru/texts/legal\\_743/doc743a830x878.htm](http://lawrussia.ru/texts/legal_743/doc743a830x878.htm)> (қ.ж.у. 16.06.2009)*

10 Wohlforth W. *Transatlantic Relations in a Unipolar World // Geneva Centre for Security Policy-Occasional Paper Series, No. 41, August 2002. – p. 3-12.*



- 11 Singer D. *Multi-Polar Power Systems and International Stability // World Politics*, №: 16, February 1964. – p. 390-406.
- 12 Неореализм и его истоки, <<http://www.spbgpu.ru/book178>>, (қ.ж.у.10.10.2007).
- 13 Krauthammer C. *The Unipolar Moment // Foreign Affairs: America and the World*, Vol. 70, No. 1, 1990-1991. – p. 23-33.
- 14 Wohlforth W. *Tek Kutuplu Bir Dünyanın İstikrarlılığı // Avrasya Dosyası*, №:4, Kış 2004. – p. 38-77.
- 15 Brzezinski Z. *Tercih. Küresel Hâkimiyet mi? Küresel Liderlik mi?*, Cem Küçük (ayd.). – İstanbul: İnkılap Kitabevi, 2005.
- 16 Waltz K. *Uluslararası Politikanın Değişen Yapısı // Uluslararası İlişkiler*, Cilt 5, Sayı: 17, 2008.
- 17 Huntington S. *The Lonely Superpower // Foreign Affairs*, Vol. 78, No. 2, 1999. – p. 35-49.
- 18 Цымбурский В. *Геополитика Для «Евразийской Атлантиды» // Pro et Contra*, Т. 4, №: 4, 1999. – С. 141-175.
- 19 Koç Ş. *ABD: İmparator, Gülliver ya da 'Eşit Olmayanlar Arasında Birinci // Stratejik Öngörü: 2023 Sempozyum Sunumu*, ASAM. – 9-13 October 2006, <[http://www.asam.org.tr/fpr/2023\\_ABD.ppt#2](http://www.asam.org.tr/fpr/2023_ABD.ppt#2)> (Қ.ж.у.: 20.04.2009).
- 20 2004 жылы 18 ақпанда Ресей Президенті В. Путинің Плесетскте жаңа шығарылған ракета мен қару сынағы жайлы мәлімдемесі// Иванов: Россия получит новые ядерные ракеты, <<http://www.grani.ru/War/Arms/Nukes/m.84548.html>>, (қ.ж.у.12.04.2009).
- 21 Миршеймер. Почему мы скоро будем тосковать по холодной войне // Россия в глобальной политике. 2008, №: 6. – қарауша-желтоқсан 2008, <<http://www.globalaffairs.ru/numbers/35/10830.html>>, (қ.ж.у.26.12.2008).
- 22 Mearsheimer J. *Back to the Future: Instability in Europe after the Cold War // International Security*, Vol. 15, No. 1, Summer 1990. - p. 5-56.
- 23 *Global Trends 2025: A Transformed World // U.S. Government Printing Office*. – November 2008, <[http://www.dni.gov/nic/PDF\\_2025/2025\\_Global\\_Trends\\_Final\\_Report.pdf](http://www.dni.gov/nic/PDF_2025/2025_Global_Trends_Final_Report.pdf)> (Қ.ж.у.: 12.10.2009)
- 24 Медеубаева Ж, Ногаева А. *Халықаралық қатынастар теориясы. Оқу құралы. Алматы: Эверо, 2014, 198 б.*

#### Резюме

#### Вопрос Нового Мирового Порядка В Конце 1990-Х Годов

В данном исследовании новый мировой порядок (НМП) рассматривается как явление, свойственное периоду конца 1990-х, предпринята попытка раскрыть его особенности. В то же время, данная работа рассматривает НМП как новый период, сложившийся в результате событий, изменивших мировую политическую мысль и баланс сил.

**Ключевые слова:** новый мировой порядок, система международных отношений, лидерство Соединенных Штатов, полярность

#### Summary

#### THE QUESTION OF THE NEW WORLD ORDER AFTER 1990'S

In this study, the New World Order (NWO) is considered as a phenomenon peculiar to the period of the late 1990s, attempts to reveal its features. At the same time, this work examines the NWO as the new period, formed as a result of events that changed the world political thought and the balance of power.

**Keywords:** New World Order, the system of international relations, leadership of the United States, the polarity

УДК 130.2(=512.122)

### ИДЕЯ РАЗВИТИЯ В КАЗАХСКОЙ ФИЛОСОФИИ НА ОСНОВЕ КУЛЬТУРНЫХ СВЯЗЕЙ

**Р.К. Досжан** – магистр культурологии, докторант III курса кафедры «Философии»,  
ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Казахстан

В представленной статье говорится о роли развития и прогресса в творчестве Ч.Валиханова. Согласно Ч. Валиханову, главным двигателем прогресса в области общественных явлений выступает развитие социальных, экономических и бытовых аспектов социума. Поэтому он подчеркивал, что для того, чтобы правильно оценить значение той или иной реформы, надо глубоко знать народ, его потребности, социальные цели, изучать его производство, экономическое и социальное бытие и далее: его сознание и духовную культуру.

**Ключевые слова:** культура, ценности, развитие, общество, просветительство, цивилизация, мировоззрение

Әлемдік мәдениетке әр халық барша адамзат мәдениетін байытатын өзіне тән қайталанбас құндылықтарын енгізеді. Осы орайда әлемдік рухани мәдениетке қазақ халқы да, әрине, өзіне тән құндылығын енгізді. Әл-Фараби, Ахмет Яссауи, Бұхар-жырау, Шортанбай, Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбайұлы, Ш.Құдайбердіұлы, А.Байтұрсынов, С.Торайғыров, С.Сейфуллин, М.Жұмабаев, М.Әуезов және т.б. есімдерін айтсақ жеткілікті.

Осы әйгілі адамдардың ішінде Ш.Уәлиханов рухани мәдениет пен қазақ халқының дүниетанымын жаңа дәрежеге көтерген дамудың жаңа көкжиегін ашты.

Қазақтың ұлы ойшылы Ш.Уәлихановтың тағдырлы идеялары жай пайда болған жоқ, қазақ халқының өміріндегі сол кездегі болып жатқан қайшылықтарды шешу қажеттілігінен шықты. Қазақ халқының әлемдегі басқа көптеген халықтармен салыстырғандағы артта қалушылығын айта келе, ойшылдар бұл жағдайдан қалай шығу керектігі туралы терең толғанып, қазақ халқының өмір сүру жағдайын өзгерте алатын идея іздеді.

Қазақ халқының дамуға (прогресске) жетуіне, сол заманғы өркениетке қосылуына мүмкіндік беретін бір ғана жол ретінде қазақтың ұлы ойшылдары ағартушылық идеясын, білім идеясын, ғылым идеясын ұсынды. Олардың пікірінше, егер қазақ халқы қажетті білімді алса, бар күшімен ғылымға жармаса, онда өзінің ғасырлар бойғы артта қалушылығын женеді. Міне, сол себепті ағартушылар қазақ халқын бұлжымайтын даму жолына апаратын құдіретті идеяны ғылымда, ағартушылықта, білімде деп көрді. Шоқан Уәлиханов өзінің даму (прогресс) идеяларын халқының Ресей империясының қол астына кіріп, әбден жаулап алынған кезінде ұсынды. Сол кезде қазақ халқы үшін сол тұғырықтан шығудың бір ғана жолы қалды: ол – еуропалықтар мен ресейліктердің өмір сүру формасын үйрену, яғни бәсекеге қабілетті болу еді. Бұл идея қазақ халқының ауыр жағдайдан шығуының жалғыз ғана өмірлік формасы болды. Нақ осы идея қазақ халқына дамуға, бұлжымайтын прогресске шабыт берді.

Даму (прогресс) идеясы - қазақ халқына ертеден жат болып келген жаңа идеялардың бірі. Бұл идеяны XVIII ғасырда Еуропада немістің ұлы философы Кант енгізген, одан кейін жалғастырған Гегель болатын. Ал қазақ даласында прогресс, яғни даму идеясын қазақтың түпкі ұлттық идеяларымен ұштастырып, жан-жақты уағыздап, өздерінің философиялық ойларында қолданғандар Шоқан, Абай, Шәкәрімдер болды.

Ежелгі қазақтардың табиғат өзгерістері жайлы түсініктері, дүниеге келуі мен дүниеден озуы жайындағы көзқарастары қалыптасып қалған өзіндік дүниетанымы болды. Алайда оларда бір сатыдан екінші сатыға өту, төменнен жоғарыға көтерілу сияқты прогресс идеясы, яғни даму байқалмады. Мәселен, қазақ халқы тарихи даму кезінде Еуропа елдерінен (орыс халқын қоса алғанда) өмір сүру деңгейінен болсын, білім, ғылым, өнерде болсын, әлдеқайда артта қалды. Осыны түсінген ойшылдар, халық қамын ойлап даму идеясын ұсынады, әрі оны жандандыра түседі. Ал ертеректе сол идеяның болмауының себебі, қазақ халқы хандық билік кезінде, Ресей империясына қосылмай тұрып, жаппай орысша сауаттандырылмай тұрған кезде өз алдына бөлек ру, хандықтар болып өмір сүрді, табиғаттың қолайлығына байланысты көшпелі мал шаруашылығын таулы жерлерде және жазық далада игерді, содан келіп «әр елдің заңы басқа, иттері қара қасқа» дегендей түсінік болды.

Қазақ қоғамының тарихында ең алғаш қоғамдық прогресс идеясын, даму идеясын ұсынған қазақтың бірінші ғалымы, үздік ойшылы, демократы Ш.Ш. Уәлиханов болды. Ш.Ш. Уәлихановтың шығармашылық мұрасы мәдениет тарихы мен еліміздің қоғамдық ойы үшін ең бай қазына болып табылады. Ағартушы-демократ Қазақстанның Ресейге қосылу процесіне әкелген, қазақ қоғамында болып жатқан саяси және идеологиялық күреске елеулі назар аударды. Уәлихановтың қоғамдық-саяси және философиялық көзқарастарының ішінде жетекші рөлді қоғамдық даму идеясы алды. Бұл идея "**Үлкен қырғыз – қайсақ ордасының** ескі **аңыз** әңгімелері" зерттеуінде болсын немесе "Алтышара немесе Нан-лу (Малой Бухарин) қытай провинциясының алты шығыс қалаларының жағдайы жайында, 1858 – 1859 жж" шолуында, немесе "Сот реформасы туралы жазбалар" - білімнің әртүрлі салаларында талқыланды. Қазақ халқының өміріндегі ең маңызды мәселелердің бірі бола тұра, Қазақстан халқының қоғамдық даму жолдары туралы мәселе қазақтардың арман-мүдделері мен үміттерін білдіретін ойшылдың қоғамдық-саяси көзқарастарының ең өзектісіне айналды. Осы мәселенің жағдайын Ш.Ш. Уәлиханов былай сипаттаған: «Қазіргі уақытта ескі мен жаңаның арасында елеусіз, бірақ мықты күрес болуда: Шығысқа еліктейтін мұсылмандық пен орыс арасында. Ш.Ш. Уәлиханов философ-ағартушы болды, ал ағартушылық капиталистік өндіру тәсілінің қарсаңында, кеш феодалдық қарым-қатынастардың жер қойнауында түзілген саяси идеология, философия және мәдениет болып табылады. Бұған В.И. Лениннің ағартушы крепоснойлық құқыққа ыстық дұшпандықпен руқтандырылған деген сөзін жатқызуға болады. Бұл "ағартушының" бірінші ерекше белгісі. Барлық орыс ағартушыларына ортақ, екінші ерекше белгісі - білім беру, өзін-өзі басқаруды, бостандық, өмірдің еуропалық пішіндері және Ресейдің жалпы жан-жақты еуропаландырылуын қорғау. Ағартушының соңғы, үшінші ерекше белгісі – бұл халықтың, әсіресе (әлі толық босатылмаған немесе ағартушылар дәуірінде енді ғана босатылған) шаруалардың қызығушылықтарын қорғау, крепоснойлық құқықты және оның қалдықтарын жою ортақ әл-ауқат әкелетінінде және осыған көмектесуде шын көңілдің болуына шынайы нанымның болуы. [1, 389б].

Ағартушылық идеологиясының осы бағасы Ш.Ш. Уәлихановтың шығармашылық мұрасын зерттеуде әдістемелік тәсілдің негізі болып табылады. Қазақ халқының қоғамдық дамуға жетудің жолдары мен тәсілдері туралы мәселеде алдыңғы позицияларды ала тұра, ойшыл Кенесары Қасымов көтерген

көтерілісте және сұлтандар мен ақсүйектер бастаған басқа да көтерілістерде көрініс тапқан Қазақстанның Ресейге қосылуына қарсы шығуға бағытталған феодалдық-бай идеологияға үзілді-кесілді қарсы болды. Оның айқын түсінігі тек орыс халқымен байланыс, орыс мәдениетімен қарым-қатынас қана қазақ халқына қоғамдық дамуға оның экономикалық, саяси және мәдени аспектілерінде жетуге жол береді. Ағартушы "еуропалық, жалпы адамдық ағартушылықты меңгеру және осы мақсаттарға жетуге кедергі келтіретін дәрменді бөгеулермен күрес әр халық үшін дамуға және мәдениетке қабілетті негізгі мақсат құруы тиіс" деп көрсетті.[2, 472 б.] «Ресей империясының құрамына кіретін бөгде елдердің ішінде халық санының көптігі бойынша, байлығы және болашақта даму үміті бойынша бірінші орынға қырғыздар ие» деп мақтанышпен ескереді, сонымен қатар Ш.Ш. Уәлиханов қазақтардың «қоғамдық сана формасының талғамсыз табиғатын», «дамымағандықтың себептерінен өзін-өзі қорғаушылықтың жоқтығын» да жазады, сол себепті қазақ қоғамының алдында даму әдістерін таңдау мәселесі туындайды. Ғалым халқының экономикалық және мәдени даму жолын орыс халқымен байланыста деп білді. Ол халықтар достығының, әсіресе орыстармен достықтың қажеттілігін сенімді түрде қолдады, сол себепті ол әрдайым қазақ ақсүйектерінің жоғарғы идеологтары шақырған ұлттық шектеулер мен артта қалушылыққа, тар ортада тұйықталу сияқты нәрселерге қарсы шықты. Бұл едәуір дәрежеде қазақ далаларына жіберілген желтоқсаншылардың, сонымен бірге демократиялық өзгертулерді қолдап, көпшілік халықтың надандығына қарсы шыққан орыс революционер-демократтарының идеяларын қабылдаумен түсіндірілді.

Ш.Ш. Уәлихановты Ф.М. Достоевский, Г.Н. Потанин, К.К. Гутковский, М.М. Хоментовскиймен, П.П. Семенов-Тяньшанскиймен байланыстырған терең достық болды. Ф.Достоевскийдің Ш.Уәлихановқа жазған хаты баршаға мәлім: «Күні бойы сіздің тағдырыңыз туралы ойлаймын. Бірақ, ойларымның арасында бір шындығы бар: бұл сіздің еліңіздің ішінен бірінші болып еуропалық білімге жетуіңіз».

Халқының патриоты бола тұра Ш.Ш. Уәлиханов халықтың білім алуымен байланыстыра келе халқының тарихи болашағына сене отырып, оның құқықтарын қорғауға тырысты. «Торғай газетінде» жарық көрген академик Бартольдтың рецензиясында «оның өз халқын сүйгендігіне дау жоқ... Ол, алдымен өзінің қырғыз халқын, содан кейін Сібірді, одан кейін Ресейді, сосын барып адамзатты сүйетінін айтқан» [3, 496], деп жазылған. Осыған байланысты Ш.Ш. Уәлиханов орыс колониалдық биліктерінің, патшалық әкімшіліктердің қиянаттарына қарсы наразылық білдірді. Кенет осы азаматтық позиция әсіресе генерал Черняевтың Қоқан хандығына жорығымен анықталды.

Ш.Ш. Уәлихановтың ойын жеткізе отырып А. И. Герцен «Колокол» еңбегінде былай деп жазады: «Біз Черняевтың басшылығымен Сібір әскерінің ерліктері туралы айтпаймыз..., бірақ біз оның неліктен Әулие-Атаны ойрандағанын сұраймыз, себебі оның тұрғындары онсыз да өз беттерімен бағынуға дайын екендерін білдірген болатын. Қан реляция үшін төгілгені ме?». Ағартушының бұл ойлары әрі қарайғы дамуын «Сот реформасы туралы жазбаларда» көрсетеді.

Бұл жерде "Сот реформасы туралы жазбалар" әсіресе заңға сүйенген шығарманың шектеріне шыққанын айта кету керек. Онда қазақ қоғамындағы адамдар жағдайының заңды аспектілеріне байланысты осы қоғамның қоғамдық-саяси ахуалдың маңызды мәселелері, оның эволюция, қоғамдық даму жолдары мен әдістері, осы қауымның ішіндегі қоғамдық-тарихи ерекшелігі қозғалған, сонымен қатар қазақтардың қоғамдық өмірінің айтарлықтай элементтері және кеш феодализмнен жаңа туып жатқан капиталистік қарым-қатынастарға өту дәуірінде қоғамдағы әлеуметтік құрылымның түрлі факторлары талданған. Осылайша Ш.Ш. Уәлиханов еңбегін қоғамдық-саяси көзқарастардың байытылған өрнегі, ағартушы дүниетанымының рухани түйіні ретінде қарастыру керек. Қазақ даласындағы сот реформасы патшалық әкімшіліктің маңызды бастаулары болып табылды. Сол уақытқа дейін қазақтардың заң ісінде жоспарсыз жасалатын салттар мен нормаларға негізделетін қарапайым заң немесе билер соты жүргізілген болатын. Енді заңнамалық және сот құқығына, немесе прецедентті құқыққа өту керек болды. Осыған байланысты Ш.Ш. Уәлиханов аталмыш мәселенің бар маңыздылығын көрсетеді: «Халықтық реформалар туралы мәселе ретінде маңызды болатын қоғамдық мәселе неге жоқ»[4, бб.]. Демократ бұл жерде ұлттық сипаттағы реформа сол тұрғындардың ерекшеліктері мен даму деңгейін ескере отырып жүргізілуі тиіс деген ойды білдіреді: «Барлық заң шығарушылар мен реформаторлар қоғамдық пайданы айтқылары келгеніне дау жоқ, алайда, қоғамдық даму үшін ненің пайдалы, ненің зиян екені туралы түсінік әр дәуірде әртүрлі болған, ал енді арамызда өткенге деген дағдының арқасында сенімге айналған мызғымас аксиомалар ретінде көптеген жабайы гипотездер орын алған, алайда мұның қате және түкке тұрмайтындығын ғылым анық дәлелдеп берді».

Ғалымның басымдылық, қосымшалық және қоғамдық өмірдің басқа аспектілерінің туындылығын бере отыра қоғамның экономикалық базисінің мағынасын анық түсінгені маңызды: «Қазіргі уақытта халық үшін халықтың маңызды қажеттіліктеріне тікелей қатысы бар экономикалық және әлеуметтік реформалар

ең маңызды және жақын болып есептелінеді, ал саяси реформалар қажет экономикалық формаларды жүргізуге арналған құрал ретінде рұқсат етіледі, немесе әр жеке адам және түгел адамзат ұжымдаса отырып өз дамуында бір ғана соңғы мақсатқа талпынады – өзінің материалдық жағдайын жақсартуға, міне даму осыда болып табылады. Осы орайда, адам қажеттіліктерін жақсартуға көмектесетін реформалар пайдалы, ал осы мақсатқа жетуге кедергі жасайтын реформалар зиян»[5, 90 б].

Ойшыл қоғамдық даму бәрінен бұрын халықтың материалдық әл-ауқатын көтеруде, адамдардың экономикалық жағдайын жақсартуда болып табылады деді. Аталмыш мәселеге қатаң ағартушылық позицияда ұстай келе былай деп жазды: «Халықтың дұрыс өсіп, дамуы үшін алдымен бостандық және білім қажет... Демек, алдымен, оқу керек».

Осы жерде демократ позициясының күші мен әлсіз жері көрінді. XIX ғасырдың орта кезіндегі қазақ қоғамы үшін ағартушылыққа шақыру бір жағынан үлкен прогрессивті рөл ойнады, себебі артта қалған және түңілген ұлтқа ағартушылық бәрінен бұрын зайырлы білімнің жүзеге асуы, көпшілік халықтың білім ісіне озбырлық жасаған исламның әсерін және оның діни қызметкерлерін әлсіретуді білдірді. Екінші жағынан, ағартушылықтың объективті әлсіздігі экономикалық қарым-қатынастардың шешуші рөлдерін, өндірістің даму әдістерінің қажеттілігін түсінбеу болып табылады. Халықтың ауыр халін суреттей келе, Ш.Ш. Уәлиханов қарапайым қазақтардың жүргізіліп жатқан соттық реформаға неліктен немқұрайлы қарағанының себебін ашады: «Қырғыздардың осындай маңызды істегі түсініксіз немқұрайлылығының себебі: біріншіден, надандық және өз қызығушылықтарын түсінбеушілікте, екіншіден, қырғыздарға не оқылып жатқанын және олардан дереу жауап талап етулерді түсінуге алдын ала дайын болмаулары; сонымен қатар қырғыздар орыс өкіметіне сенбеу себепті де немқұрайлылық танытты».

Осы жағдайға қосымша қабаттасқаны - патшалық чиновниктердің көпшілігінің ұлттық жерлерді өздерінің баюы үшін арналған дала ретінде қарастырды, сұғанақтық пен пара алушылық, қараңғы, ұмытылған тұрғындарды тонаушылық орын алды. Ойшыл былай деп жазады: «Орыс басшылығының әр әрекетінен қырғыздар тек зұлымдық қана көреді – олардың бостандықтарына қол сұғу; бұл түсінікті, себебі қырғыздар орыс басшылығын орыс мәжіліскерлерінің әрекеттеріне орай бағалайды».

Жұмысшылардың сот реформасына теріс қарым-қатынасы қоғамның феодалдық қабыршақтануы салдарынан «халық пікірін» көбіне «болыстар, ақсақалдар алқасы, сұлтандар, билер және бай қырғыздар» таныстырғандықтан да түсінуге болады, яғни ордалық шенеуніктер, өйткені феодалдық-бай басының қоғамды басқаруға кең халықты тартуда және билер сотын қайта құруда қызығушылығы болмады. Бұл жағдайда сот реформасы қазақ аристократиясы мен феодалдарының қызығушылықтарында ғана жүзеге асқаны түсінікті. Демократ халық пен феодалдық ақсүйектердің қызығушылықтарын байырғы қарама-қарсылығын анық белгілейді: «Қоғамның ерекше құқықты кластарының пікіріне халықтың шынайы мұқтаждықтарының теріс белгісі ретінде басқаша қарау қажет, өйткені атақты және бай адамдардың қызығушылықтары, тіпті жоғары өркениетті қоғамда көп жағдайда көпшіліктің қызығушылықтарына дұшпандық болады»[6, 495 б].

Ш.Ш. Уәлихановтың қоғамдық даму идеясы мәселесін шешу диалектикасының қиындығы ортағасырлық артта қалушылықтан дамудың шырдарына көтерілуге жол беретін достықтың бірлескен жолдарының қажеттілігін мойындауда болып табылады. Осы қажеттілікті көпшілік жұмысшы қазақтың санасына жеткізу керек болды. Дәл осы мағынада демокрит былай деп жазады: «Бірақ, халық пікірі, әсіресе, білімсіз және жартылай жабайы халықтың пікірі әрдайым нақты халықтық қажеттіліктің көрінісі ретінде қабылдана бермейді».

Осыдан барып қарапайым халықтың мұқтаждығы мен мүддесін көрсету үшін «аса үлкен сақтық пен терең ой қажет екені көрінді. Патшалық әкімшілік сот реформасы туралы мәселені шешу барысында феодалдардың жоғарғыларының көзқарастарын ғана қанағат тұтқаны істі қиындатып жіберді, оған қоса сол пікірлерді комитет мүшелерінің біреуі ғана, кеңесші Яценко жинады. Жоспарланған соттық реформа мен кең халық шоғырының құқықтық хабардар болуын қажетті сәйкестікке келтіру үшін ойшыл тек бір ғана жолды көрді, ол жол – ағартушылық».

Алдағы сот реформасының тікелей талдауына көше келе, Ш.Ш.Уәлиханов үкіметпен жоспарланған «әлемдік сот» пен дәстүрлі билер сотын салыстырады. Осы салыстырмалы талдаудың нәтижелері бойынша ол билер сотының қазақ қоғамының болып жатқан жағдайына лайықтығы туралы маңызды шешімге келеді: «Егер қырғыз халқының қоғамдық өміріне көптеген жаңа элементтер кіргізген 40-жылғы орыс үстемдігі көне қырғыз билер сотына ешқандай ықпал етпегендіктен, және де осы сот орыс заңнамасының (мысалы, 1845 жылғы заңның) жағымсыз жағдайларына қарсы тұра алғанда, ол қырғыз халқының шынайы дамуына толық жол берер еді».

Бұған дәлел ретінде, ойшылдың айтуынша, ғасырлар бойы өңделген билер соты қазақтар арасында

түрлі заң процестерін жүргізу барысында сөгу мен шағымдар туындатқан жоқ. Үлкен істерді зерттеу негізінде Ш.Ш. Уәлиханов билер сотына келіспеушіліктерді тек тұрғылықты емес, ата-тегі басқа жұрттар ғана білдірген, ал қазақтар әдетте билер сотының шешіміне разы болғанын көрсетеді. Автордың көрсетуінше: «Билер сотының қанағаттандырылғы болуы ресми қайнаркөздер арқылы дәлелденеді, әсіресе: билердің бастапқы шешімдеріне шағымдардың маңызды болмауы және қырғыздардан орыс заңдары бойынша билер мекемесіне жататын іс жүргізу туралы өтініштің мүлде болмауы».[7, 511 б.]

Ш.Ш. Уәлиханов билер сотының пайдасына дәлелдер келтіре келе билер сотына қарағанда әлемдік соттың регрессивтігі туралы шешімге келеді: билерді таңдауда ресмиліктің болмауы, туған тілде жүргізілетін іс-қағаздарды жүргізудің жариялылығы, сот процесінің жариялылығы, ант берген қорғаушылар тобының (адвокатураның) болуы және т.б. Үлкен параллелизм мен көптеген ортақ нәрселерді есепке ала отыра ойшыл билер сотын әлемдік сотқа ауыстыру үшін жеткілікті негіздеме таппайды, оның ойынша, әлемдік сот үлкен формализм мен бюрократизмдықпен ерекшеленеді. «Біздің ойымызша, билер соты (жоғарғы даму мен төменгі дамудың үйлесімдігін есепке алсақ, бұл таңқаларлық жағдай емес) әлемдік соттың алдында кейбір артықшылықтарға ие. Бізді асырасілтеушілікте күдіктенеді деп қорықпағанда абсолютті артықшылық бар деп айтар едік».

Билер сотын сақтау үшін маңызды негіздемені Ш.Ш. Уәлиханов «жалпы жоба баптарының» қолданылуын мүмкін емес ететін қазақтардың қоғамдық құрылымының ерекшелігінде деп көреді. Бұл амалдың негіздемесін ғалым басқа тайпалық организм мен басқа орта жағдайлар барысында қырғыздан орыстар мен басқа еуропалықтардан талап еткендей қылмыстарға бірдей түсінік пен көзқарас талап етуге болмайды, қырғыздар орыс заңдарын білмейді, алайда зерттеулер бойынша олар орыстар сияқты орыс заңын білмегендікпен бейнеленбейді!».

Ірі қоғамдық-саяси іс-шараларды жүргізу барысында ұлттық ерекшелікті міндетті есепке алу қазақтардың әлеуметтік құрылымын дамытуға пайдалы әсер етуі тиіс еді. Осы орайда сот реформасын жүзеге асыру барысында қоғамдық резонанс туралы ұмытпау қажет болды. Бұл әдетте әлемдік сот арқылы бекітілетін дене жазасын қолдануға қатысты болды. Бұған қарағанда «қырғыз заңдарында жаңа еуропалық кодекстермен толықтырылған ескертпе және қорқынышты шаралар жоқ. Қырғыздарда дене жазасы ешқашан болған емес. Ал ру мүшесі өз руласы үшін жауап беретін рулық заңдар рулық қарым-қатынастар барысында көп тәжірибелік пайда әкеледі»[8, 510 б.].

Ойшылдың қазақ қоғамы жағдайындағы сот реформасына көзқарасы барымта сияқты әлеуметтік құбылысты талдау барысында барынша айқын ашылды. Барымтаны малды айдау, адамдарды өлтіру ретінде түсіндіретін және барымтаны сатқындыққа, кісі өлтірушілікке, тонаушылыққа теңестіретін сібір қырғыздарының облыстық басқарма қайраткерлеріне қарағанда, Ш.Ш. Уәлиханов барымтаның заңдылығын қазақтың қарапайым заңы арқылы бекітілетін, шығынды күштеп өтеу әдісі ретінде көрсетті. Осы орайда ол осы салтқа қате қалыптасқан түсінікке қарсы жазады: «Барымта деп бөтен малды немесе біреудің затын, біреудің меншігін төленбеген қарыз үшін тартып алуды айтады».

Барымтаны билер сотының мекемесіне өткізу қажеттілігі «Жазбалар» авторы арқылы негізделген, себебі «Империяның жалпы қылмыстық заңдары» барымтаға жоғары дәрежелі маңыздылық бере отырып, әділ емес, қатал жазалауы тиіс еді.

Ш.Ш. Уәлихановтың құқықтық көзқарастары оның кең ой-өрісін, Ресей империясының мемлекеттік заңдарын қазақтардың қоғамдық әдет-ғұрып ерекшеліктерімен ұштастыруға талпынысын көрсетеді. Ол қылмыстық сотты енгізе отырып билер сотын сақтап қалуды ұсынды. Жалпы мен ерекшенің үйлесімі, ұлттық төңіректегі жағдайларда заңды жинақтарды қолданудың бастапқылығын түсіну және басқа да анық құндылықтар «Сот реформалары туралы жазбалар» дәстүрлі түрде оңтүстік Қазақстан облыстары жатқызылған дала қырғыздарының екі облысы мен Түркістан өлкесін басқару туралы заң жобаларын міндетті түрде құру барысында үлкен тәжірибелі рөл ойнады.

Ойшылдың қоғамдық прогресс жолдары туралы концепциясы «Қазақтардағы *шамандықтың қалдығы*» және «*Далалық мұсылмандық туралы*» атты еңбектерінде көрсетілген. *Қазақтарда шамандықтың болу себебін талдай келе Ш.Ш. Уәлиханов дін басыларының жетіспеушілігінен өлкеге мұсылмандық терең енгізіле қойған жоқ деп ойлайды, себебі халықтың діни наным-сенімдеріндегі пайда болған вакуумды баяғыдай шамандық толықтырды. Осы жағдай исламның антогонизміне және пұтқа табынушылыққа әкелген жоқ, мұсылмандық пен шамандық түсініктерінің бірге жүруіне әкелді, оған қоса ескі түсініктердің жаңа білімдермен алмастырылуы орын алды, бірақ олардың мәні бұрынғыдай қала берді. «Содан ой емес, есімдер, сөздер өзгеріске ұшырады. Онғонды аруақ, күн тәңірін – құдай немесе Аллах, жер рухын – шайтан, пері, диуана, жың деп атай бастады, ал идея шамандық болып қала берді».*

Ғалым өз зерттеулерінде қазақтардың діни түсініктері қандай әдіспен аңқау анимистік көзқарастардан, эволюция жасағанын, табиғатты құдай ретінде қадірлеуден мұсылмандық бір ғана құдайға сенушілікке өткенін көрсетеді. Осының барлығы Қазақстандағы қиын жағдайларда түрлі бастамалардың симбиозына әкелді, нәтижесінде Аллах идеясының ассимиляциясы «кейпі мен бейнесі» бар «болмашы тәңірінің» жойылуына әкелді. Алайда бұл мұсылмандық ықпал ұрпақтың «кейіпсіз объектілеріне» мүлде тиіспеді. «Есесіне, бейнеленбеген күн, ай, жұлдыздар әлі күнге дейін сыйлы және халық арасында олардың гибадаттарының кейбір ырымдары сақталған. Көшіп-өмірмен тығыз байланыстағы барлық шамандық әдет-ғұрыптар, түсініктер, аңыздар қырғыздарда тұтас күйінде сақталған және ортаазиялық ескерткіштерді зерттеу үшін бай мәлімет ұсынады»[9, 30 б].

Осы жағдайда ойшыл исламды қазақ даласына шеттен әкелінген, мұсылмандыққа бәрібір іштей бөтен болып қалған халықтың басын айналдыру құралы ретінде қарастыра келе сынға алады; тек «мұсылмандар» деген аты ғана бар халық көпшілігі моральдық қысым мен «діни қаталдыққа» душар болды. Осы орайда Ш.Ш. Уәлиханов исламды ұлттық саясатты өмірде сәтті іске асыру үшін әйгілі Сперансктің «Мекемеде» патша үкіметі арқылы таңылған қазақ қоғамының қоғамдық регресс құралы ретінде түсіндірді. Демократтың «жартылай сауатты алаяқтар» - дала молдаларын суреттегенін сөзбен жеткізу қиын: «... орыс үкіметі, біздің адамгершілік тәрбиеміз сенген дін басылары біздің адамгершілік азғындалуымызбен, пара алумен айналысып, жәдігөйлікке үйретті және ортаазиялық келімсектермен бірге біздің аңқау сенгіш халықты алдаумен болды».[10, 470].

Ойшыл бұл жағдайда халықтың білім алуын мұсылмандық дін басыларының қолына беруді халықты надандық пен рухани кедейлік жағдайында сақтау үшін арналған арнайы мақсат ретінде қарастырды. «Адам нанғысыз фантастика, өлі схоластика, ешқандай шынайы ой жоқ, - деп жазады Ш.Ш. Уәлиханов. Көріністі толықтыру үшін, осы сорақы құбылыстарға мына жәйтті де қосу керек: барлық осы рухсыздық, еш түсініктеме мен аудармасыз құраннан мәтіндерді араб тілінде оқыту және неше түрлі схоластикалық далбасаны жаттату қырғыз балаларын таяқпен ұру арқылы жүзеге асты».

Қазақ даласында қоғамдық прогресске мұсылмандық қарсы тұрды. Ислам халықты ажырату құралы ретінде «бөл де басқар» колониалдық принципіне толық сәйкес келді. Осы жағдай қазақ қоғамын қарапайым халықтың санасында біріккен мұсылмандық пен шамандыққа - «қос дінге» әкелді. Сол себепті Ш.Ш. Уәлиханов қазақ даласын оренбург муфтиіне бағынудан шығаруды және жеке діни әкімшілікті тағайындауды, молда етіп түпкілікті халық өкілдерін тағайындауды, молдалар санын азайтуды, ортаазиялық келімсектерге «қырғыздардың көші-қонында» белгісіз істер мен жеке бақылаусыз болуларына тыйым салуды ұсынды. Ағартушы Баян-Ауыл мен Қарқаралы округтеріндегідей диуаналық пен оқшаулық қоғамды енгізуге қарсы, сонымен қатар даланы басқан шарлатандар мен жалған атақты дәрігерлерге қарсы күресті.

Қоғамдық даму жолдары мен әдістері туралы мәселенің қойылуы Ш.Уәлихановта өз уақыты жағдайынан туындайтын абстрактілі-гуманистік сипатта болды. Діннің әлеуметтік тамырын зерттеудің болмауы басқа қоғамдық білім алулар сияқты надандық пен адамдардың діншілдігінің нақты негіздемелерін шығаруға мүмкіндік бермеді. Алайда демократ көзқарасының әлеуметтік-саяси бағыттылығы кей сәттерде байлар мен кедейлерге бөлінетін қоғамдағы еңбекшілердің жағдайын материалдық түрде негіздеуге, діни қарым-қатынастың шындыққа бастауларын және құдайдың барын жоққа шығаруға тырысқандығында.

Демократ, ағартушы және ғалым Ш.Уәлиханов қоғамдық даму, ағартушылық және қазақ халқының мәдениетін көтеру үшін күресуші болды. Оның идеяларын бақытты болашаққа үмітпен өмір сүріп жатқан ұрпақтары үлкен алғыспен қабылдайды.

1 Валиханов Ч.Ч. Собр. соч. в пяти томах Алма-Ата, 1961. Т.1. С.389.

2 Ленин В.И. Полн.собр.соч. Т.2. С.472.

3 Валиханов Ч.Ч. Собр.соч. Т.1. С.496-497

4 «Колокол». Прибавочный лист к первому десятилетию. 1 августа 1867 г. С.6.

5 Цит.по: Валиханов Ч.Ч. Собр.соч. Т.4. С.90.

6 Валиханов Ч.Ч. Собр.соч., Т.1. С.495-507

7 Валиханов Ч.Ч. Собр.соч., Т.1. С.511-515

8 Валиханов Ч.Ч. Собр.соч., Т.1. С.510-521

9 Крахлев А. Суждение и следствие у киргизов Сибири. Юридический вестник. 1888. Т.28. Кн.1. С.30-35.

10 Валиханов Ч.Ч. Собр.соч. Т.1 С.470.

### Түйіндеме

Ұсынылып отырған мақалада Ш.Уәлиханов шығармашылығындағы даму мен прогресс рөлі мәселесі қарастырылып отыр. Ш.Уәлихановтың айтуы бойынша, қоғамдық құбылыстар саласындағы прогресстің басты қозғаушы күші қоғамдастықтың әлеуметтік, экономикалық және тұрмыстық қырларының дамуы болып табылады. Сондықтан ол қандай да бір реформаның мәнін дұрыс бағалау үшін халықты, оның қажеттіліктерін, әлеуметтік мүдделерін тереңінен білу керектігін, оның өндірісін, экономикалық және әлеуметтік болмысын және т.б., яғни, сол халықтың санасы мен рухани мәдениетін зерттеу қажет екенін атап көрсеткен.

**Кілт сөздер:** мәдениет, құндылық, даму, қоғам, ағартушылық, өркениет, дүниетаным

### Summary

The article talks about the development and progress in the works of C.Valikhanov. According to C.Valikhanov, the main carrier of the progress in the field of social relations is the development of social, economic and personal aspects of life of the people. Therefore, he had been stressed correctly determine the value of a reform, it is necessary to know people well, their needs, social purposes. Besides it's necessary to examine production, economic and social life and than - his consciousness and spiritual culture.

**Key words:** culture, values, development, society, enlightenment, civilization, world view

УДК: 13(574)

## ЖАН МЕН ТӘН ҮЙЛЕСІМДІЛІГІ МӘСЕЛЕСІ ЖӘНЕ БҮГІНГІ ЖАҒАНДАНУ ДӘУІРІНДЕГІ ҚАЗАҚ ЖАСТАРЫН ПАТРИОТТЫҚ РУХТА ТӘРБИЕЛЕУ

**П.М. Сүлейменов** – саяси ғылымдарының кандидаты, доцент,  
*ал-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті,*

**А.М. Байназаров, О.С. Қалықов** – ал-Фараби ат. Қазақ Ұлттық Университетінің магистрлері

Мақалада философиядағы жан мен тән үйлесімділігі және жаһандану дәуірінде қазақ жастарын патриоттық рухта тәрбиелеу мәселесі қарастырылады. Жан мен тән үйлесімділігі адамдық өзімдік болмысқа қатысты – рух пен болмыс, материалдылық пен идеалдылық бірлігі негізінде айқындалады. Философиялық білімнің дүние, адам болмысының мәні, мазмұны, құрылымына, басқаша айтсақ, «тілегіне» сәйкес келетін басты шарт екендігі аталған мәселеге бүгінгі ғылым интеграциясы мен философиялық көзқарас тұрғысынан келуді (ұсынады) қуаттайды. Осы мәселеге қатысты ұлттық рухани мұрамыз бен әлемдік философиялық ой тарихына шолу жасалады. Дене тәрбиесі мен спортпен шұғылданудың адамзаттағы озбыршылдық, соғысқұмарлық, қиратушылық, қатыгездік, руханисыздықпен ешқандай баланысты еместігі анықталады. Еліміздің болашағы қазақ жастарын еліне, жеріне деген сүйіспеншілікке, адалдық пен имандылық, еңбексүйгіштік пен адамгершілікке тәрбиелеу мен адамның өткен мен келешек алдындағы жауапкершілігі мәселесі қозғалады.

**Кілт сөздер.** Болмыс, рух, жан, тән, спорт, мәдениет, үйлесімділік, интеграция, жаһандану, патриотизм, ұлттық тәрбие, бірегейлік, салауаттылық, күрес

Философия тарихынан адамзат баласының даму жолы қоғамдық сананың - миф, дін, ғылым, философия аталатын тарихи формалары арқылы жүзеге асқанын көреміз. Осы аталған әрбір қоғамдық сананың формасында адам тек өзін қоршаған дүние туралы ойланып, оны танып білгісі ғана келген жоқ, ол сонымен қатар өзіне де үнілді. Оны бүгінге дейін «жан дегеніміз не?», «ол мәңгі ме?», «оның тәнмен арақатынасы қандай?», «олар бір-біріне өмір сүре ала ма?», «адам олардың қайсысына ерекше мән бергені жөн?» т.б. сұрақтар ойландырумен келеді. Оны қарастыру адамзаттың бүкіл тәжірибесіндегі - құндылықтар дүниесі («Құдайы, сұлулық, таным» М. Шелер) танымдық іс-әрекеті (білім, ғылым, дін), жасампаздығы мен қиратушылық ниеті (мәдениет пен өнер, саяси-әлеуметтік мифтер, соғыс), яғни бар болмысы осы жан мен тән арақатынасы, үйлесімділігі, оның әр тарихи дәуірде қалай жүзеге асқандығы, қай бағытта өріс алғандығы, нені көтермелеп, нені төмендеткені, оның ғылым мен философия, мәдениет пен діндегі көрінісі жайлы терең толғануды, адам баласының ерте заманнан осы дәуірге дейінгі ақыл-ой дамуының өрісі, диалектикасы мен логикасына шолу жасауды, терең зерделеуді қажет етеді.

Бұл жан мен рух, адам мен әлем, қоғам мен табиғат, Жаратушы мен жаратылған, шығыс пен батыс, ғылым мен философия, рационалдық пен иррационалдық, аңыз бен ақиқат, болмыс пен бейболмыс арақатынасын анықтау, осы бағыттағы сан ғасырлық адам ізденісінің әлемдік тәжірибесін меңгеруден тұрады. Осы ретте халық даналығы, ұлттық руханият, ұлы ойшылдар мұрасы да тұнған даналық кені, кеменгерлік үлгісі. Сыршыл ақын М. Жұмабаев өзінің «Педагогика» еңбегінде «Жан көріністері мен дене көріністері арасында қанша айырма болғанымен, олардың араларында тіпті жақындық жоқ емес, қайта бірлік, байлам бар. Дене жанға, жан денеге байлаулы, біреуінің біреуінсіз күні қараң» - деп көрсетеді.

Ойшыл аталған еңбегінде жан мен тән арақатынасын мынадай мысал арқылы да нақты көрсетуге талпынған: «Денеміз сау болса, жанымыздың ісі де сау, жақсы болады. Яғни ақылымыз түзу, сезіміміз дұрыс, қайратымыз берік болады». Сонымен бірге ақын, мидың ауруының жан ісіне жаман әсер ететінін айтады. «Нашар ауа басты айналдырып, қанды дұрыс жүргізбей денеге әсер қылады да, жанға барып қол салады» дейді. Ақын осыдан келіп жанның ісінің шабандайтынын, бұзылатынын, ойдың күңгірт тартып, сезімнің топастанатынын, қайраттың жаситынын айтады. Абай айтатын ақыл, жүрек, қайратты «Біз бір заттың, яки көрінісінің сырын белгілейміз, заттар яки көріністер арасындағы байламды яки айырманы табамыз. Бұл ақыл ісі. Біз қайғырамыз, қуанамыз. Бұл ішкі сезім ісі. Біз бір істі істемекші боламыз, бір мақсатқа жетпекші боламыз. Бұл қайрат ісі» - дейді [1, 139 б.]. Ал белгілі ұстаз, педагогика ғыл. докторы Қ. Жарықбаев Ш. Құдайбердіұлының дененің жанға, жанның ақылға қатынасын «Жан тәнге, ақыл жанға маталып тұр» деген өлең жолдары және «дене өсуімен бірге жанның да ержететіні, оның сөйтіп дүниені танып білетіні, екеуінің де өсуінің негізі тәнде, адам өлгеннен кейін, онда қимыл жоқ, сезім жоқ, жек көру жоқ, махаббат жоқ... Өмір жоқ, яғни бір сөзбен айтқанда тәннен бөлінген жанда еш уақытта өмір болмайды» деп тамаша материалистік қорытынды жасағанын айтады [2, 7 б.]. Шәкәрім жан мен тәндік бастаулардың арасындағы терең байланысты аңғара білген: «Бұлайша болып жан жаралысынан дүниеден шыққан соң, денедегісінен қуатты болып, тіпті, жоғалмайтындығы біленеді. Шын анықтап қарағанда, жан дене сияқты емес. Дене өледі, өзгереді. Жан олай емес, екеуі бірігіп тұрған кезде бір-біріне қатты әсер береді. Ашу жек көру, сүю сияқты әсері бетке шығады. Жан қатты әсерленсе, денені қиыншылыққа түсіреді. Кейде қапиядағы қатты қуаныш, қорқыныш, қайғы адамды өлтіріп те жібереді. Жан мен дене бір-біріне жат, бөлек жаралған болса да, бірігіп тұрғанда үстіп біріне-бірі әсер береді» [3, 25 б.].

Адамның рухани өмірі толастамайтыны сияқты, бұл мәселені талқылау да ешқашан аяқталмайды. Ешкім «мына кезеңнен бастап адамға жан мен рух берілді» деп айта алмайды. Бірақ бұдан адамның рухани бастауларын зерделеу нәтижесіз болады деген ой тумауы қажет. Осы тұрғыда С. Нұрмұратовтың мына ойлары назар аударарлық: «Табиғат мүшесін табиғи қозғалысқа келтіретін күшті жан емес, космостың заңдылығына бағынатын әлемнің материалдық болмысының құдіреті деуге болады. Ал жан болса-зерденің, іс-қимылдың қызметін бақылауға алушы ерекше рухани құбылыс. Ол әлемде адамның пиғылы, ниеті, ықыласы, махаббаты, жылуы, мейірімі түрінде көрініс береді. Жан таза болған сайын руханилық та жоғары деңгейде болады. Ал «кірленген жан» субъектінің рух пен материяның үйлесімділігін бұзатындай іс-қимылдарға баруына мүмкіндік ашады» [4, 36 б.].

Адамзат тарихының тым катал болғаны белгілі. Ешбір органикалық құрылым өз тұқымдастарын адам сияқты каталдықпен қудалаған емес. Бірақ адамзат түбінде өз адамдығын сақтап қалды және оны сақтап қалуға дәнекер болған күш рух болып табылады. Осы жөнінде орыс ойшылы Н. Бердяевтың бір толғамын келтірейік: «Еркіндіктің болмысқа үстемдігі ол-рухтың болмысқа үстемдігі. Болмыс тұрақты, рух-айнымалы. Рух болмыс емес. Рух қақында объекті сияқты интеллектуалдық ой кешуге болмайды, рух-субъект, субъективтілік, ол-еркіндік, жасампаздық акт... Екі көзқарас соғысуда: 1) Адамдар жасамайтын, бірақ адамдар бағынатын, өзгермейтін, мәңгі, зерделі болмыстық тәртіп бар, ол әлеуметтік тәртіпте де көрінеді; және 2) пәстікке (падшество) ұшырыған, мәңгі емес және жоғарыдан танылған да емес дүниенің және қоғамдық өмірдің негіздері адамдардың белсенділігімен және жасампаздығымен өзгереді. Бірінші көзқарас адамды құл етеді, екінші көзқарас оны азат етеді» [5, 64 б.].

Сонымен рух адамды еркін ету үшін жаралған. Адамды азат ету-рухқа, яғни еркіндікке қайтып келу. Бұл Гегель философиясында да бар. Бірақ ол рухты тым объективтендіріп жіберді. Рух еркін жіберілген, ол алдын-ала белгіленген жоспар бойынша әрекет етпейді. Рухтың тандауы-тұлғалық шығармашылық. Бұл қағиданы айқындай түсу мақсатында ХХ ғасыр ойшылы Э. Фромман бір үзінді келтірейік: «Адам өзі өмір сүруі керек. Адам іші пысатын, пейіштен қуылғанын сезіне алатын бірден-бір тіршілік иесі. Ол болмысын проблема ретінде сезіне алатын, түсінетін, соны өзі ғана шеше алатынын және одан құтыла алмайтынын білетін жалғыз тірі жәндік. Адамдыққа дейінгі табиғат пен үйлесімді қалыпқа ол енді қайтып орала алмайды. Өзіне және табиғатқа қожа болу үшін ол өз зердесін дамытуы тиіс» [6, 93 б.].

Тән мәселесі философия мен мәдениеттануда адамдық өзіндік болмысқа қатысты ғана қойыла алады. Оны алғашқы және жүйелі қойған ойшылдардың бірі А. Шопенгауэр адам болмысты айқындау үшін мынадай үш сұрақты топшылау керек дейді. Бірінші: адамның өзі кім және онда не бар? Бұл тұлғаның, оның тәнін, денсаулығын, күшін, әсемдігін, мінез-құлқын, қылықтарын, қабілеттерін және т.б. анықтау деген сөз. Екінші: адам неге ие? Бұл оның меншігіне, заттар дүниесіне, қоршаған ортасына, құндылықтарына т.т. қатысты шешіледі. Үшіншісі: адам басқалар туралы не ойлайды және басқалар оны қалай қабылдайды? Осыған байланысты құндылықтарға абырой, сыйлау, статус, құрмет т.т. жатады [7, 15 б.]. Бұл тұрғыдан алғанда тән адам үшін ауыстырып қиетін киім емес, ол оған бір-ақ рет беріледі. Әркім



өз тәні мен жанының ішінде қамалып өмір сүреді, ешкім өз индивидуалдығынан кете алмайды. Сократ сатылып жатқан қымбат әрі әсем бұйымдарды көріп; «қаншама маған керексіз заттар бар екен» деп – дауыс шығарыпты дейді куәгерлер.

Тән адамға бекер берілмеген, жан оны рухани нұрландырып тұр. Мен өзім үшін тәніме сүйеніп өмір сүрмесем, ешкім мен үшін тіршілік етпейді. Бұл мәселеге И.Гердер өзінің «Адамзат тарихы философияның идеяларында» атты еңбегінде ерекше назар аударады. «Адам, – дейді ол, – ең жетілген протоплазма... Бүкіл табиғат сұлулығын өз бойына қондырған» [8, 50 б.]. Ф. Ницше «Тәнді менсінбеушілер туралы» деген эссесінде осы туралы бірнеше ұшқыр ойлар айтады: «Мен-тән мен жанмын - дейді нәресте. Біз неге жас баладай сөйлемейміз? Түсінген адам мен тек тәнімде бармын дейді, жан ол үшін тәннің бірдеңкесі, сөз.Сезім мен ақыл құралдар мен ойыншықтарға жатады, олардың тасасында Өзім тұрмын.Ол сенің денеңде өмір сүреді, сенің тәнің сенің өзің болып табылады.Өзімділігім айтады: «Бұл жерде ауырғаныңды сезін!» – сен сезінесің.Ол «Бұл жерде қуан» дейді – Сен қуанасың.Тәнді менсінбеуден гөрі Әсіре адамға ұмтылған жөн» [9, 11 б.].

Тәндік мәдениеттің өнерлік, спорттық-жарыстық, ләзаттанушылық (рухани және денелік мағынада) басқа да функционалдық түрлерін бірге қамтитын әмбебапты формасына ойын мәдениеті жатады. Өйткені, ойын тек адамға тән және оның болмыстық өмір сүруінің негізгі бір тәсіліне жатады. Белгілі батыс мәдениеттанушысы Й. Хейзинга адамды «ойыншы жан» деп анықтаған [10, 16 б.]. Адам тек толық адам болған жағдайда ойнайды және ойын оның адамдық келбетін айқындайды. Ойынның негізінде адамның әмбебаптылығы (дүниеге инстинктер тұрғысынан тар қарамайды), еркіндігі (әлемге бос жіберілгендігі) және тынымсыз қозғалыста болатындығы (ешнәрсе ол үшін алдын-ала дайындалмаған) жатыр.

Тән мәдениетінің спорттық бастауларын қарастырғанда олардың адамдық тойымсыздық пен агрессияшылдықтан табиғаты мүлдем бөлек екендігі айқындалады. Спорт ойынға, салауатты өмір салтына, ізгі бәсекелестікке, келісімділікке шақырады. Тойымсыздықтың физиологиялық тіктерін де ашып көрсету болады (мысалы, құмарлық ретінде). Бірақ, парасатты және байсалды тұрғыда қарасақ, онда тойымсыздықтың адам тәні мен жанының бұрмалана дамуынан туатынын аңғарамыз. Спорттағы жетістіктермен шектелмей, оларды ары қарай жетілдіре берудің табиғаты мүлдем басқа, қаншама адамзат қазіргі күні жетістіктерге жеткенімен, тойымсызды нәтижеленеді деп ешкім айта алмайды. Сол себепті пайда мен тұтынуға ғана негізделген қазіргі техникалық өркениеттің құндылық бастауларын қайта қарау жөнінде әлем зиялылары жиі айтып жүр. Яғни, өркениеттілік құндылықтарының өзгеруі спорттағы руханисыз көріністерге де тосқауыл болары сөзсіз.

Мәселені кеңінен қойсақ, адамзаттағы озбыршылдық, соғысқұмарлық, қиратушылық сияқты құбылыстар мен адамның дене күшінің арасында байланыс бар ма? Бір жауап белгілі. Оның мәнісін қысқаша былай жеткізуге болады: тарихи мәдени прогресс дегеніміз дене күшіне сүйенген, қатал, аяушылықты білмейтін, агрессившіл адамдардың рухани, тән құмарлықтарын тыйған өркениетті адамдармен ауысуы болып табылады. Бұл ұстанымда бірнеше қателік бар. Біріншіден, тән мен рухты қарсы қоюдың негізсіздігі туралы айттық. Дене шынықтыру мен спорттың дамуы тікелей руханисыздық, көріністерінің себебі болып табылмайды. Керісінше, тәндік мұқтаждықтарды шектеу адам жанына да тұрақсыздық тудыратыны белгілі. Қарапайым айтқанда, спортпен айналысу, айталық, рәкет пен қатыгездікке өздігінен әкелмейді, олардың түп-тамырлары мәдени-әлеуметтік факторларда жатыр. Екіншіден, адамың дене күші мен агрессияшылдықтың арасында тікелей байланыс жоқ. Бұл жайында Э.Фромм: «Көне мәдениетте қанқұмарлық, қатыгездік, каннибалистік көріністер белең алды деу негізсіз болып табылады - деп, - олардың отаршылдық пиғылдағы еуроцентризм өкілдері тарапынан әсірелеп бейнеленгенін, каннибализмнің кейбір тайпаларда салт-дәстүрлік, рәміздік қызмет атқарғанын; ал садизм мен адам қинаудың XX ғасырда көне заманнан кем болмағандығына айғақтар жеткілікті екендігін» айтады [11,241 б.].

Қазіргі замандағы дене шынықтыру мәдениеті “арнольдизмге” негізделген. Оның негізін салушы Томас Арнольд өз күнделігінде жастарды тәрбиелеу ісінде мынадай әдепсіздік мерездерімен қатал күресу қажеттігін айтады.

1) қылмыс, қатыгездік және маскүнемдік; 2) жалған сөйлеу, бос уәде беру, мақтану; 3) үлкендер мен күштілердің жастар мен әлсіздерге қиянаттары; 4) шәкірттердегі мәдениетсіздік пен тәртіпсіздік; 5) мектеп ережелерін орындамау; 6) жалқаулық пен енжарлық; 7) тәртіп бұзғандардың жалған ынтымақтастығы. Тәні нашар дамыған оқушылардың моральдық азғындауы, дейді ол, олардың мүлдем құлдырауына әкеледі және оны жақсы киім мен әдемі шаш түзеу де жасыра алмайды [12, 163 б.]. Дене шынықтыру мәдениетін жоғары деңгейге қою үшін, дейді Т. Арнольд, оқушылардың жалпы мәдениетін,

олардың дәстүрлері мен сезімдерін ескеру қажет. Жарысты ұйымдастырғанда “таза, әділ ережелерді” сақтауға, қарсыласының абыройын сыйлауға, шынайы ынтымақтастыққа, спорт ісіне ата-аналар мен қоғамдық ұйымдардың қатысуына, тән әсемдігінің жан сұлулығына жеткізуіне, спорттық ұйымдардың өзін-өзі басқаруына ерекше көңіл бөлу керек делінген.

XX ғасырда дене шынықтыру мәдениеті жаңа сатыларға көтеріле білді. Спорт элитарлық жаттығулардан бұқаралық мәдениеттің маңызды бөлігіне айналды. Спорттық әскери бастауларының орнына тән жетілдірулік негіздері алдыңғы қатарға шыға бастады. Жаңғыртылған «олимпияшылдық» идеясы спорттың гуманистік мазмұнына басты назар аударды. Қазіргі дене шынықтыру мәдениетіне үздік нәтижелерге (рекордтарға) ұмтылу тән. Бұл адам денесі мен рухының потенциясымен мүмкіндіктерін айқындау үшін қажет. Қазіргі жағдайда рекордтарға жету үшін тек тән жаттығулары жеткіліксіз болып табылады. Яғни, тән мәдениеті осы мақсатта міндетті түрде ғылыммен қосыла әрекет етеді. Жалпы алғанда спорттың төмендегідей мәдени функцияларын атап өтуге болады: 1) тән мен жан саулығын нығайту; 2) адамдарды белсенділік пен жеңімпаздыққа тәрбиелеу; 3) гедонистік қызмет (тән сұлулығынан ләззат алу); 4) экстремалдық жағдайларда қиындықтарды жеңуге тәрбиелеу; 5) тұлғалық және мемлекеттік престижге жету; 6) халықтар мен мемлекеттер арасындағы түсіністікті арттыру; 7) катарсис (ойын арқылы рухани тазалану ж.т.б.); тағы бір ескеретін жәйт: тұлғалық әрекеттердің адамдық ынтымақтастықты не бұзатыны, не нығайтатыны белгілі. Спорт қашанда қиратушылық және ажыратушылық әрекеттерге жатпайтыны оның табиғатынан көрініп тұр. Өйткені, жарысушы бірдей жағдай мен бірдей ережелер негізінде бәсекеге түседі және басқаны жау емес, әріптес ретінде қабылдайды. Жоғарыда келтірілген спорт мәдениетінің басты түйініне келсек, оны адамдық болмыста тән мен жанды үйлесімді, жарыстық және ойындық бағдарларда қайтадан жасау деп анықтауға болады. Яғни, спортта (дене мен рух шынықтыруында) адамның мәдени сипаты жоғары деңгейде анықталады. Сол себептен, бұл қатынасты маңызды мәдени қатынас дей аламыз.

Бүгінгі жаһандану заманында жан мен тән үйлесімділігі мәселесі, ең біріншіден, оның әрбір ел үшін келешек өрісі - жастарды еліне, жеріне, ұлтына деген сүйіспеншілік, патриоттық рухта тәрбиелеу мұратымен өзекті деп санаймыз. Белгілі зерттеуші Б. Аташ жаһандану жайында оның: «экономикалық кеңістіктерден ірі аймақтық бірлестіктерге дейін ұмтылатын үрдіс ретінде бүгінгі күннің өзекті мәселесі болып қалыптасып қалғанын» - айтып, «жаһандану үрдісінің шығу тегін зерделеуде, оның қазіргі заманғы кейпіне дейінгі «протожаһандандыру» деп аталып жүрген көздерін ашу маңызды іс. Бұл - қазіргі жаһанданудағы саналы ұсынылып жүрген бірігу идеясы, алғашқы қауымдық құрылыстағы ұйысудың заңды тарихи жалғасы болуы керек дегенді білдіреді» деп тұжырымдайды. «Жаһандану үрдісін зерделеуші ғалымдар - дейді, Б. Аташ, - оның терең тамырларына үңіле отырып, бұл үрдістің алғашқы бастаулары әлдеқашан-ақ қалыптасқандығын атап өтеді. Хомо сапиенстің дамуы бойынша әр түрлі туыстықтар тайпаларға құйылды, тайпалар-халыққа, халықтар-үлкен ұлтқа бірікті. Адамзаттың бүткіл тарихы - жаһанданудың үздіксіз үрдісі». Ол сонымен қатар, бұл құбылыстың гензисін жүйелеуде оның адамзаттың эволюциясы бойынша: «алғыжаһандану-протожаһандану-жаһандану-неожаһандану» түрінде құрылған өрлеу бейнесін көруге болатынын атап өтеді [13, 115 б.]. Бүгін көріп отырғанымыздай әрбір ел осы біртұтастыққа, ортақ кеңістікке ұмтылу, кірігуде өз дербестігін сақтап қалу мен келешек өрісі - бәсекеге қабілетті өз өркенін тәрбиелеуге мүдделі. Бұл еліміздің келешегі - іскер, кәсіби дайындығы жоғары, көзі ашық, көкірегі ояу, білімді, жаңалыққа жаны құмар, тұрақты дүниетанымы мен сенімі мол, дені сау жастардың өсіп-өнуі.

Бүгін патриотизм тақырыбы, оның ішінде қазақстандық патриотизм мәселесі барлық қоғамдық, мемлекеттік, саяси, мәдени-рухани тақырыптардың өзегіне айналууда. Оны дұрыс жолға қою, яғни ұйымдастыруда қоғамдағы білім беру мен ғылым, өнер саласы және мемлекеттің және өз келешегіне жауапкершілікпен қарайтын әрбір азамат жауапты. Қазіргі заманғы ғылым интеграциясы қай мәселеге болмасын ғасырлар бойы қалыптасқан классикалық, дәстүрлік дүниетаным, ойлау машығы, тәжірибемен қатар, заманауи, пәнаралық ғылым, білімдегі креативтік ойлау, формальді, диалектикалық, математикалық логика қағидаларының бірлігі, жұмылуына негізделген көзқарасты қалыптастыруға, сөйтіп шешімнің мүмкін әрі тиімді өзге жолдарын табуға бағытталған. Қазіргі дүние саяси шымылдықтар түріліп, ақпараттық кеңістіктің кеңейген, демократиялық қатынастар қалыптасып, еркіндік сезінген әлем болғанымен жаппай қарқын алған жаһандану үрдісінің саяси, әлеуметтік, экономикалық мәселелердің де шиеленісуін күшейткен, әрбір мемлекет, жеке адам үшін бүкіл тәжірибені қосқанда, өзіндік жол, жаңа даму бағытын анықтауды талап ететіндігімен ерекшеленеді. Адамға барлық тәжірибені қосқанда, қазіргі мол ақпарат пен білімді (сұрыптап) игеру міндеті де жүктелген. Саясылық та бүгінгі қоғамның басты сипаттарының бірі. Рене Генон «Ұлт дегеніміз - күнделікті дауыс беру, күнделікті референдум» - депті,

оны саясаттанушы А. Сарым: «Тәуелсіз мемлекет болу да күнделікті жұмыс, күнделікті процесс. Өзіңнің тәуелсіз екеніңді күнде дәлелдеп отыру қажет. Мысалы, сіз дүниеге келдіңіз делік, адам атанасыз, қазақ атанасыз. Бірақ бұл сіздің адам, қазақ болғаныңыз емес. Адам болу да, қазақ болу да - өмірлік процесс. Ол сені күн сайын өзіңнің адам екеніңді, қазақ екеніңді дәлелдеп, осы екі мәртебелі атақты абыроймен алып жүруге міндеттейді» деп жалғастырады. Осындай күрделі уақытта жастарға сапалы білім беру мен оларды адамгершілік, имандылық, отаншылдық, ұлтжандылық, патриоттық рухта тәрбиелеу, салауатты өмір салтын ұстану мен арнайы спорт түрлеріне баулудың бірін-бірі толықтырған кешенді түрде жүргізілуі ғана нәтижелі болатынын жекелеген ұжым, ұстаз тәжірибелерінен көруге болады. Бұл мәселе жеке ғылымдармен қатар, бүкіл ғылым, білімнің анасы әрі методологиялық негізі - философия үшін де маңызды. Сондықтан бүгін әлемдік философияны, Анахарсис бабамыз бен күллі түркі философиясы, дүниетанымы, руханиятының бастауы әрі қазақ халқының ұлттық рухани мұрасы әдебиеті, мәдениеті, салт-дәстүр, әдет-ғұрып, салт-санасы - бүкіл болмысын көктей өтіп, бүгінге жеткен Қорқыт ата ілімінің - терең сыры, тәрбиелік мәні, жалпы философиясы, ұлттық құндылықтарымыз туралы жаңашыл әдіс-тәсілдерді тиімді пайдаланған заманауи білім беру тәрбиенің де басты алғышарты. Қорқыт туралы аңыздардағы әулиеге қатысты әрбір оқиға желісі, оның өзі айтыпты деген нақыл сөздер тұнып тұрған философия. Қорқытты ұйықтап кеткен кезінде қайрақтай жыланның келіп шағуы да тегіннен емес. Ол адам баласы үшін сәл ғана бейжайлықтың, бостықтың, қалғып кетудің немен аяқталуы мүмкін екенінен де хабар береді [14, 64 б.]. Мұны философиялық білімнің дүние, адам болмысының мәні, мазмұны, құрылымына, басқаша айтсақ, «тілегіне» сәйкес келетін басты шарт деуге болады.

1990 ж. салыстырғанда еліміздегі ауылдық жерде тұратын халық саны айтарлықтай азайған. Оны ауыл мектептерінде білім алатын бала санының кемігенінен көруге болады. Кезінде орта есеппен 700 бала оқыған мектептер бүгінгі таңда 300-ге жетер-жетпес жеткіншек тәрбиелеуде. Бұл табиғаты тамылжып, жусан иісі аңқыған, қысы-жазы, ертелі-кеш мал-жанын қамдаумен абыр-сабыр тіршілік қызған, ұлттық ерекшеліктеріміз сақталған, салт-дәстүр, әдет-ғұрып, өнер, мәдени құндылықтарды бойына сіңірген қазыналы қария, ақ жаулықты әже, еңбекқор, өнегелі жандар тұратын ауыл, оның ұлттық рухани құндылықтарды бойына сіңірген жастар тәрбиелеудегі үлес салмағының біршама кемігенін де көрсетеді. Урбанизация үрдісінің қарқыны ұлттық тіршілік қалпы сақталған алыс ауылдарды ойсыратып, халықтың қалалық жерлерге немесе оған жақын аймақтарға қоныстануын жеделдетуде. Мұның өзі дамудың бір жерде тұрақтап тұрмай бірде баяу, бірде жылдам ілгері ұмтылуын білдіргенімен, әлеуметтік жағдайларды қиындатып, рухани ахуалдың жақсаруына кері әсерін тигізіп отыр.

Батыс философиясының көрнекті өкілдері Кант, Гегель философиясының әлем мойындаған білгірі, Қазақстандағы фарабитанудың көшбасшысы, ұлттық философиялық ойлау иірімдерін де жан-жақты игеріп, оны осы заман үнімен үйлестіре, ұштастыра білген ойшыл ғалым А.Х. Қасымжанов жастардың рухын шыңдап, интеллектуалдық қуатын нығайтатын бірден-бір шара тарихи зердені, парасатты ояту, оған жан бітіру және ұрпақтар сабақтастығын үзбеу екендігін көрсеткен болатын. «Қазіргі болмыстың тарихи негіздерін ұғыну, - дейді ғалым, – бүгінгі өзімізді-өзіміз ел есебінде сезіну жағдайында, өткен мен болашақ алдында, аталарымыз бен ұрпақтар алдында жауапкершілікті ұғыну болып табылады» [15]. Тарихтың бетбұрыс және сындарлы кезеңдерінде өзінің ұлттық-мәдени бірегейлігі мен ұлттық идеясын іздестіру үдерісі әлемдегі барлық елдердің басынан өткен. Біздегі ХХ ғ. басындағы осындай бірегейленудің басында тұрған ұлт көсемі Ә. Бөкейхановтың «Әр ұрпақ өзіне артылған жүкті жетер жеріне апарып тастағаны дұрыс, әйтпегенде болашақ ұрпағымызға аса көп жүк қалдырып кетеміз» дегені де осы сабақтастық, өткен мен болашақ алдындағы жауапкершілікті терең сезіну, танудан туған ой болатын. Тарихты терең зерделеу қоғамның бүгінгі жай-күйін анықтап, келешегін бағдарлауға мүмкіндік береді. Егер Ә. Бөкейханұлы сол заманға дейінгі қазақтың бүкіл өткен тарихын зерделей отырып осы тұжырымға келсе, А. Қасымжанов еліміздің Кеңес үкіметі құрамындағы ахуалын және тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы нарықтық қатынастар мен барлық саладағы қайта құру қиындықтарын, оның қоғам мен адам болмысына әсерін зерделеу арқылы ой түйген еді. Халықтың рухани ділі мен дінінен алыстауы, оны түпкі тамырынан ажырату екендігін, түпнегізінен алыстаған қоғамды өзге мәдени үрдіске икемдеу де, жат діни ағымдар, секта, түрлі ұйымдардың үйіріп әкетуінің де оңай болатынын көре білді. Мұны бейнелеп айтқанда, «тамыры тереңге кетпеген, не өзегіне құрт түскен» ағаштың халімен салыстыруға болады. Ол қандайда бір қиындыққа шыдас беру мүмкіндігінің де өлшемі болуы ықтимал.

Тәуелсіздік алып ұлттық мемлекеттілігін қалпына келтірген Қазақ елі үшін ұлттық ерекшеліктерін сақтай отырып жаңа жағдайға бейімделу, саяси тұрақтылықты сақтап, әлеуметтік ахуалды жақсарту, экономикалық даму бағдарын айқындап әлемнің дамыған елдерімен қатар үшінші мыңжылдық көшінде ілгері жылжу басты мақсат. Жүсіпбек Аймауытұлының («Ұлтты сүю әртүрлі» атты мақаласында):

«Естеріңізде болсын: қара халықтың мәдениетті болуынан мәдениетті кісінің қазақ болуы қиын, баласына осы бастан ұлт рухын сіңіріп, қазақ өміріне жақындатып тәрбиелеу керек. Орыс тәрбиесін алған бала ұлт қызметкері бола алмайды. Қазаққа аюдай ақырған шенеунік табылуы оңай; ерінбей-жалықпай, бақырмай, шақырмай іс бітіретін, терісі қалың, көнбіс, табанды қызметкер табылуы қиын. Қазаққа зор кеуде ақсүйектің, ақша жегіш жалтырауық шенеуніктің, сұлу сөзді, құрғақ бектің керегі жоқ; адал күшімен өгіздей өрге сүйрейтін жұмысшы керек. Сол жұмысшы – оқығандар. Бекерге кеткен сағат, босқа өткізген минут – ұлт ісіне зор шығын» [16] дегенініңқазір де аса маңызды екені жасырын емес. Бүгінгі білім беру мен тәрбие ісінде қала халқына қарағанда ғылым мен техника жетістіктерін пайдалану мүмкіндігі төмен, әлеуметтік жағдайы да сын көтермейтін, бірақ оқу мен дене еңбегі, ұлттық құндылықтар негізіндегі тәрбиені ұштастыра жүргізу жағынан біршама артықшылыққа ие ауылдық аймақ балалары мен тас үйлерде өсіп, тар аулаларда ойнаған немесе ата-аналарымен бірге әлеуметтік жағдай қиындықтарын сезінген, жан-жануар мен төрт түлік малды кино болмаса зообақтардан көретін, ендігі жерде ұлттық құндылықтармен танысу және олардан сусындау мүмкіндігі тек ана тілін меңгеру, ғылым, білім игеруде қалған қала баласының арасындағы айырмашылық пен олқылықты бүгінгі дұрыс жолға қойылған заманауи білім беру, салауатты өмір салтын ұстану, дене күші мен тән саулығы, тұлға сымбаты мен қозғалғыштық, икемділікке баулумен қатар рухани ерік-жігерді шыңдап, төзімділікті арттыратын спортпен шұғылданудың жымдастырып, толықтыра түсері сөзсіз.

1 Жұмбабаев М. Шығармалар жинағы. 2 том. Педагогика. Алматы – 2013. – 139 б.

2 Жарықбаев Қ. Жантану негіздері. Алматы - 2002. - 7 б.

3 Шәкәрім Құдайбердіұлы. Үш анық // Әсем: Альманах – Алматы: Жазушы, 1991. – 496 б.

4 Нұрмұратов С.Е. Рухани құндылықтар әлемі: әлеуметтік философиялық талдау. – Алматы: ФжСИ, 2000. – 180 б.

5 Бердяев Н.А. О рабстве и свободе человека (опыт персокалистской философии) // Элеуметтік философия (Хрестоматия) – Алматы: Ақыл кітабы, 1997. – 226 б.

6 Фромм Э. Анатомия человеческой деструктивности. – М.:ООО “АСТ-ЛТД”, 1998. – 672 с.

7 Шопенгауэр А. Афоризмы и максимы. – Л.: ЛГУ, 1990. – 288 с.

8 Гердер И.Г. Идеи к философии истории человечества. – М.: Наука, 1977. – 703 с.

9 Ницше Ф. Афоризмы и изречения //Пер с нем – Мн.: ООО “Попури”, 1997. – 688 с.

10 Хейзинга Й. Homo Ludens. Опыт исследования игрового элемента в культуре. // Самосознание Европейской культуры XX века. – М.: Политиздат, 1991. – 366 б.

11 Фромм Э. Анатомия человеческой деструктивности. – М.:ООО “АСТ-ЛТД”, 1998. – 672 с.

12 Кун Л. Всеобщая история физической культуры и спорта – М.: Радуга, 1982. – 400 с.

13 Аташ Б.М., Нуриев М.А., Мошанов С., Маханова Н.Б. Қазақ философиясы. – Алматы: 2014. – 135 б.

14 Қазақ руханияты: тарихи-философиялық және этномәдени негіздер. Ұжымдық монография. - Алматы 2013. – 375 б.

15 Қазақ. Жоғары оқу орындары студенттеріне арналған оқу құралы. - Алматы: «Білім», 1994, - 176 б.

16 Аймауытов Ж. Ұлтты сүйу әртүрлі. [www.qamshy.kz](http://www.qamshy.kz) Қамшы ақпараттық порталы.

## Резюме

### Гармония души и тела и проблема патриотического воспитания казахской молодежи в эпоху глобализации

В статье рассматривается гармония души и тела в философии и проблема патриотического воспитания казахской молодежи в эпоху глобализации. Гармония души и тела определяется в человеческом бытии на основе духа и бытия, единства материального и идеального. Изучается вопрос того, что философское знание является главным условием, соответствующим миру, существу бытия, содержанию, структуре, иначе говоря, «желанию»; предлагается подойти к указанной проблеме с точки зрения интеграции науки и философского взгляда. Дается обзор данной проблемы в национальном духовном наследии и в истории мировой философии. Обосновывается, что физическая культура и занятие спортом никак не связаны с насилием, военщиной, разрушением, жестокостью, безнравственностью человечества. Затрагиваются проблемы воспитания любви к своей стране, родной земле, честности и гуманизма, трудолюбия, нравственности у казахской молодежи - будущего нашей страны, а также ответственности человека перед прошлым и будущим.

**Ключевые слова.** Бытие, дух, душа, тело, спорт, культура, гармония, интеграция, глобализация, патриотизм, национальное воспитание, уникальность, здоровый образ жизни, борьба

## Summary

### The Harmony of Soul and Body and the Issue of Cultivation of Patriotic Values in the Kazakh Youth in the Age of Globalization

The article raises the issues of the harmony of soul and body in philosophy and cultivation of patriotic values in the

Kazakh youth in the age of globalization. The harmony of soul and body lies in human being based on the spirit and the objective reality, integrity of the material and the ideal. The matter of philosophy as the key element for the world, being, content, structure, i.e. “willingness”, is addressed; the matter is proposed to be approached from the perspective of science and philosophical soundness integration. The issue is reviewed in the context of the national cultural heritage and the history of world philosophy. The article gives grounds for the fact that physical training and sports do not even remotely resemble violence, militarists, destruction, ruthlessness, and human immorality. The issues of cultivation of love for the homeland, honesty and humanity, diligence, and moral values in the Kazakh youth, who are our future, as well as personal responsibility for the past and the future, are under consideration.

**Key words:** Being, spirit, soul, body, sport, culture, harmony, integration, globalization, patriotism, national education, singularity, healthy lifestyle, wrestling

## **PARLIAMENTARY DEVELOPMENT IN KAZAKHSTAN UNDER THE NEW CONSTITUTION (1995-2007)**

**T.Y. Kanapyanov** – *PhD student, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Faculty of Journalism and Political Science*

The article studies some peculiarities of the development of legislative body in Kazakhstan from the historical and institutional perspective. Most exactly, this paper examines three Parliaments of Kazakhstan elected during 1995-2007. The author analysed activities of the legislatures of Kazakhstan both separately and in comparison with each other. Particular attention is paid to the relationship of Parliament with other branches of government.

**Key words:** Kazakhstan, parliamentary development, parliamentarism, new constitution, parliamentary convocations, post-Soviet Kazakhstan

The most exciting challenge for comparative political studies has been a collapse of socialist regimes all over East Central Europe and the former Soviet Union countries. These transformations brought to the world a number of new countries with new forms of political institutions. Most of the theories in democratization and legislative studies based on Western countries, Latin America and Southern Europe had to be revised. The post-communist and post-Soviet democratization and transitional processes ought to be studied as a new phenomenon. It has produced a number of students in political science all over the world who are interested in new democracies and its institutional changes.

In this vein, our paper seeks to contribute to the research of parliamentary development of post-Soviet Kazakhstan under its new Constitution of 1995. It examines three parliamentary convocations (1995-1999, 1999-2004, 2004-2007) in terms of institutional development, as well as electoral system and party composition. Author believes that by focusing to some particular external environment and internal organization of parliaments we may conclude about the relative strength and activity of legislatures, compared both to each other and to the other political institutions within a system. Consequently, this paper exclusively deals with the formation and development of the legislature in post-Soviet Kazakhstan since the adoption of new Constitution and up to 2007 in order to shed some light on institutional changes happened at that period of Kazakhstan’s political life.

### *The First Convocation of the New Two-Chamber Kazakh Parliament / Third Post-Soviet Parliament of Kazakhstan (1995-1999)*

The political situation of Kazakhstan in 1995 was unstable and unclear. It happened due to the constitutional and governmental stalemate, which occurred after the dismissal of parliament in March 1995. It was obvious that the 1993 constitution could not provide stable relationship between branches of power. Moreover, the principle of separation of powers in Kazakhstan did not work properly out. During the absence of the Parliament in 1995 Nursultan Nazarbayev managed to adopt a new constitution by the referendum, and consequently, enacted new set of laws, including a new electoral law. According to this new constitution in Kazakhstan was created a two-chamber parliament consisting of the upper house, the Senate and the lower house, the *Majilis*. This constitution also stated that the Parliament is ‘the highest representative body’ of the republic performing legislative functions on the permanent bases. It was first time when the notion of “Parliament” appeared in the constitution of Kazakhstan. Today, in Kazakhstan we have the bulk of scholars who regard Nursultan Nazarbayev as a sole architect of both the constitution and the parliamentarism institution, because this constitution was introduced by him and during the absence of Parliament [1].

The new constitution introduced a purely presidential form of government, “which vested unrestricted powers in the President and severely curtailed the powers of Parliament” [2, p. 102]. It marked the end of debates about an adoption of either parliamentary or presidential system in post-Soviet Kazakhstan. According to Cummings the

parliament was deprived of the Audit Chamber and of the right to appoint the Prosecutor General, thus lost all its levers of influence on the presidential office in 1995 [3, p. 55]. From that time it was clear that the institution of parliamentarism would be evolving under the strong presidential system of government. However, this constitution and its provisions about the creation of bicameral parliament have been substantial for the institutionalization and consolidation of parliamentarism in Kazakhstan. During the discussion of the draft of constitution the former communist elites, still prevailing in power, managed to retain the majoritarian electoral system. It meant that ‘mushroomed’ political parties and movements still could not directly compete for the seats in the Parliament. The majoritarian electoral system was detrimental for the party development in post-Soviet Kazakhstan. Parties were marginalized, thus “suspended between the old system and the new without specific functions to perform in political life” [4, p. 34]. Without an electoral system of proportional representation, which was adopted by the most post-communist countries in East Central Europe, it was impossible for political parties to influence decision-making and the development of genuine parliamentarism in Kazakhstan.

The national elections in the new bicameral Parliament were held in December 1995 under the new electoral rules. It was the first convocation of the new two-chamber Kazakhstani parliament. According to the constitution and new electoral law the formation of the Senate and the *Majilis* differed substantially in terms of mode of designation, and the number of seats. The upper house, the Senate was elected indirectly by the majoritarian voting system, where 40 senators elected by the *Maslikhats* (local representative bodies) in 19 regions and the capital, which together represented 20 multi-member constituencies, by 2 seats in each constituency and 7 senators were directly appointed by the President. So taken together the Senate consisted of 47 senators elected for the 4 year terms, while the 7 remain for entire term of the Senate, half of the remaining 40 are re-elected every two years. The lower house, the *Majilis*, featured 67 members elected directly in single-member constituencies for four years on the basis of the majoritarian electoral system [5, p. 44].

The number of seats in Parliament was decreased again from 177 deputies in 1994 elections to 114 seats. Although the majoritarian electoral system was preserved, the parliament was represented by some parties and factions. The first convocation of Parliament elected in 1995 saw 24 deputies from Presidents’ Party of People’s Unity (PPU, renamed UPU), 12 from the upstart and nominally opposition Democratic Party (DP), 21 from various trade unions and youth organizations loyal to the President, 2 from the new Communist Party of Kazakhstan and rest were taken by the independent candidates [5, p. 45].

To the *Majilis* only 23 deputies (34%) were elected from parties, and remaining 44 deputies (66%) were elected as independents [6]. However, if we take all Parliament, including the Senate and the *Majilis*, there were more deputies represented by political parties and public organizations than independents, namely 59 (52%) versus 55 (48%) independent deputies. The Communist Party of Kazakhstan (CPK) managed to regain the slight percentage of electorate in comparison to elections in 1994, though was able to win only 2 seats in the Parliament, whereas, the President’s PPU acquired less steady position in legislature than in 1994 elections, where it won 33 seats, and only 24 seats in current elections.

The third post-Soviet parliament of Kazakhstan was elected under new constitution, more or less without Soviet orientation, though still staffed by the old establishment. Nevertheless, this convocation started to frame contemporary parliament’s role in the country and shaped its path of development. Most parliamentarians supported a strong presidency and believed that it is the only way during the democratic transition to “get things done and enact efficient economic reforms” [4, p. 37]. However, this situation did not contribute to the development of the multi-partism and strong, institutionalized parliamentarism. Even if political parties and movements were represented in the parliament, they could not participate in the elections directly. The structure of the Parliament did not change until 1999, when national elections were held under the slightly changed electoral rules, which was an outcome of constitutional amendments passed by the Parliament in 1998.

#### *The Second Convocation of Parliament / Fourth Post-Soviet Parliament of Kazakhstan (1999-2004)*

The parliamentary elections to both the Senate and the *Majilis* were held under the new rules in September 1999 and October 1999 respectively. According to constitutional amendments in October 1998 the terms of office of the *Majilis* and the Senate were increased from four to five and five to six years respectively [7, p. 198]. Most significant change for the development of parliamentarism and party system was that first time in the history of Kazakhstan 10 additional seats in the *Majilis* were elected by the party list system. As a result, these elections were more contested by political parties. In the election of Parliament had participated 10 political parties [8]. All together the size of the *Majilis* was increased from 67 to 77 seats; where 67 members was elected by the same mode as in 1995 elections, namely, on the basis of majoritarian electoral system to single member constituencies and 10 members by the proportional representation system in one nationwide constituency, with a high 7%

threshold in place [5, p. 46]. According to Bowyer, “the small number of seats and application of the 7% threshold for participation in the allocation formula, considered relatively high in comparison with standard thresholds used in more established democracies, limited the number of parties that would benefit” [5, p. 46]. I support his idea and think that high threshold was detrimental for minor political parties, considering the facts that political parties were not popular and strong enough yet, and that the post-Soviet Kazakhstan inherited weak party system where people used to and continue to associate politics more with charismatic leadership and less with ideas. As a result of the elections to the *Majilis* via party list only four parties out of ten were able to overcome 7 per cent barrier, including the newly-minted presidential OTAN (Fatherland) party (30.89%, 4 seats), the CPK (17.75%, 2 seats), the Agrarian Party (AP, 12.63%, 2 seats) and the Civic Party (CP, 11.23%, 2 seats). During the elections to the *Majilis* 34 deputies (45%) out of 77 were registered as independents [9]. Nevertheless, taken together with the single mandate elections, the progovernment parties received 55 per cent of the vote and managed to secure 80 per cent of the seats in the *Majilis* [10, p. 123].

In the *Majilis* of second convocation throughout its term were created 5 party factions, including the party OTAN (28 deputies), Republican Party of Kazakhstan ‘ASAR’ (‘All Together’)(2 deputies), the party AUYL (‘Village’, 9 deputies), the AP and the CP (28 deputies) and 10 deputies served as independents without entering to any party factions [11].

For the Senate the same electoral system was at place, where 7 senators directly appointed by the President and the remaining senators elected indirectly by the deputies of *Maslikhats*. The number of senators slightly changed in comparison to 1995 elections, due to the fact that in 1997 according to administrative-territorial reforms 5 out of 19 *oblasts* (region) were abolished and two cities, a new capital Astana and the former capital Almaty, were given a special status. Thus, from that time the Senate was elected in 16 multi-member constituencies instead of 20, two senators from each.

All in all, the second convocation of Parliament or fourth post-Soviet legislature of Kazakhstan functioned under the strong presidency and with limited leverages of power. It was limited to the law-making processes. However, the introduction of party list system stirred political parties and movements up. The parliamentarians of this convocations and also political elites and movements not represented in the Parliament started to discuss about increasing the number of deputies elected by the party list or making all Parliament elected by the proportional representation system. In my opinion the Parliament had implicitly concerned with issues, such as how to increase the power of the legislature in Kazakhstan, because it slowly and surely started to become subservient to the President, “rubber stamp” institution. However, we must admit that this Parliament was more institutionalized, staffed with more professional deputies, and more or less influenced decision-making processes in comparison to its predecessors.

#### *The Third Convocation of Parliament / Fifth Post-Soviet Parliament of Kazakhstan (2004-2007)*

Он жеті жасында «Бату тағы», «Өзбек тағы» деп аталған Дәшті Қыпшақ тағына отырды. Ол кезде хан ордасы сонау шығыстағы Ертіс өзенінің қойнауындағы Чинга Тұра қаласына ту тіккен, майданды сол тұста ашып, жеке-жеке ұлыс болып отырған қазақ хандарын жеңіп, бірте-бірте Есіл, Тобыл, Нұра өзендерінің бойын тегіс өзіне қаратты. Сол қарқынмен ол бір кезде, Жошының ордасы тігілген, Ұлытау бойына жетті. Енді өзінің астанасын Бату ханның әскері екі жүз жиырма жыл бұрын бас қосқан Кеңгір бойындағы Орда-Базар деп аталатын қалаға көшірді. Ұлытау Дәшті Қыпшақ даласының кіндік ортасы. Батысы - Еділ, Жайық, солтүстігі – Есіл Тобыл, шығысы – Ертіс, оңтүстігі – Сыр бойы. Осы Дәшті Қыпшақ жеріне тегіс ие болғаннан кейін, ол Мауереннахр жеріне көз сала бастады. Отыз жыл хандық құрған өмірінде Үргеніш пен Самарқандты шапты. Мауереннахрдан Сығанақ, Созақ, Отырар, Ақрұк, Ақ-Қорған тәрізді Дәшті Қыпшақ елінің көне шаһарларын қайтарып алды. Сөйте жүріп ол бір жағынан Ақсақ Темір ұрпақтарына қыз беріп, қыз алып, әбден қандасып кетті. Ақырында Әбілқайыр бұл кездерде түркі,

иран елдері «Көк Орда», ал орыс шежірелерінде «Ақ Орда» деп аталған кешегі Алтын Орданың кең байтақ алып даласына толық ие болды»[2,31].

Енді осы келтірілген жарты беттік үзіндіде қанша дерек материалдары қолданғанын анықтап көрелік.

«Он жеті жасында «Бату тағы», «Өзбек тағы» деп аталған Дешті Қыпшақ тағына отырды» деген мәліметті І.Есенберлин XVI ғасырдың 40-50 жылдары аралығында жазылған шибанилық әулеттің тарихшысы Кухистанидың «Тарих-и Абу-л-Хайр-хани» атты еңбегінен алады. Дерек мәліметінде ол жөнінде былай делінеді: «Он жеті жасында мешін жылына сәйкес келетін сегіз жүз отыз үшінші жылы [Әбілқайыр хан] салтанатты жағдайда мемлекет билеушісінің тағына отырды»[6, 144]. Осы деректе тағы да мынадай мәлімет кездеседі: «Бір шетінен екінші шетіне дейінгі таза ауасы мен мөлдір суы басқа аймақтардан ерекшеленетін Дешті Қыпшақтағы Сайн-хан тағы («Бату хан тағы» - Б.К.) [Әбілқайыр ханның] иелігіне өткеннен кейін халыққа бейбітшілік орнады»[7, 171]. Кухистанидың осы еңбегінде Әбілқайыр ханның 1428-1431 жылдары Дешті Қыпшақ аумағындағы шибанилық ұлыстарды қалай бағындырғаны жөнінде баяндалады[6, 146-149]. Дәл осындай сарындағы Әбілқайыр ханға қатысты мәліметтер Ходжамқұли-бек Балхидың «Тарих-и Кипчаки» атты еңбегінде ұшырасады[7,389-393]. Балхи Әбілқайыр ханның Дешті Қыпшақтағы бағындыру соғыстарының нәтижесін: «[Ол] Дешті [Қыпшақты] [өз] мемлекетінің астанасы етті», - деп қорытындылайды[7, 393]. «Алмас қылыштағы» жоғарыда келтірген үзіндінің бір бөлігін талдау арқылы кітап авторының қаншама деректі ақтарып, қаншама мәліметті пайдаланғанын байқаймыз.

І.Есенберлин осы бір үзіндіні жазу үшін тек мұсылман авторларының мәліметтерін шектелмеген. Ол 1965 жылы Мәскеу қаласында жарық көрген кеңес-өзбек тарихшысы Б.А.Ахмедовтың «Государство кочевых узбеков» атты зерттеу кітабындағы Әбілқайыр ханның билікке келуі мен оның алғашқы жорықтары, оның нәтижелері жөніндегі тұжырымдарымен де танысады, оларды өте тиімді пайдаланады. Мұнда зерттеуші Әбілқайыр ханның 1428 жылы Тура қаласын, 1429 жылы Тобыл өзені бойында туысы шибанилық Махмұд қожа ханды жеңіп, оның ұлысын өзіне қосып алғанын, 1428-1431 жылдар аралығында соғыстар арқылы бүкіл Шибан ұлысын біріктергенін жазған болатын.[8, 48].

І.Есенберлиннің «... Енді өзінің астанасын ...Кеңгір бойындағы Орда-Базар деп аталатын қалаға көшірді» деген сөйлеміне негіз болған тұжырымдарды Ә.Марғұланның зерттеулерінен кездестіреміз. Онда археолог Орда-Базар қаласы Кеңгір өзенінің бойында орналасқан, кезінде бұл қала Батый ханның ордасы болған еді деп жазған болатын[9,129].

Романдағы «...Дешті Қыпшақ жеріне тегіс ие болғаннан кейін, ол Мауереннахр жеріне көз сала бастады. Отыз жыл хандық құрған өмірінде Үргеніш пен Самарқандты шапты» деген сөйлемнің негіздері «Тарих-и Абу-л-хайр-хани», «Тарих-и Кипчаки» еңбектеріндегі мәліметтерден және монографиялық зерттеулерден алынғаны бірден көрінеді[6,162-167; 7, 391-392; 8, 49-51.].

Сондай-ақ Б.А.Ахмедовтың еңбегіндегі: «Әбілқайыр хан Моғолстандағы саяси бытыраңқылық пен Шахрухтың қиыншылығын шебер пайдалана отыра, 1446 жылы Сырдария өзенінің екі жағында орналасқан Ақ-Қорған, Аркөк, Өзгент, Сығанақ және Созақ бекініс-қамалдарын басып алды», - деген тұжырымы үзіндіде көрініс тапқан.[8, 57-58]. Соныме бірге біз қарастырып отырған дерек мәліметтерінде Әбілқайыр ханның Ұлыбектің қызы Рабиға сұлтан бегімге үйленгендігі туралы І.Есенберлин: «Сөйте жүріп ол бір жағынан Ақсақ Темір ұрпақтарына қыз беріп, қыз алып, әбден қандасып кетті», - деп айтып өтеді[6, 167].

Ал енді «Ақырында Әбілқайыр бұл кездерде түркі, иран елдері «Көк Орда», ал орыс шежірелерінде «Ақ Орда» деп аталған кешегі Алтын Орданың кең байтақ алып даласына толық ие болды» деген сөйлемдегі ойдың деректік негіздеріне назар аударсақ, «Алмас қылыш» авторының ізденістерінің тереңдігіне таң қалмасқа шараң қалмайды! Романдағы осы бір ғана сөйлемді қағазға түсіру үшін жазушы қаншама деректі қарап, қаншама тарихи зерттеулерді меңгереді.

XIV-XV ғасырларда Шығыс Дешті Қыпшақ аумағындағы немесе қазіргі Қазақстан аумағындағы саяси құрылымның қалай деп аталғандығы жөнінде тарихшылар арасында әлі күнге дейін дау-дамай бар. Зерттеушілердің бір тобы бұл аумақты «Ақ Орда» деп атаса, ал екінші бір тобы мұндай пікірлермен келіспей «Көк Орда» атауын қолданады. Қазіргі кезеңде бұл мәселе бойынша қаншама дискуссия болып, қаншама мақалалар жазылды. Тіпті мәселенің зерттелу тарихының өзін меңгеру тарихшылар үшін біршама қиындықтар туғызады. Ал жазушының осы бір ғана сөйлемді романға енгізу үшін қаншама ізденгенін көз алдыңызға елестетіп көріңізші! Жалпы, «Алмас қылыш» романының құдіреті неде деген сұрақтың жауабы осы жерден көрінсе керек. Романның күштілігі мен құдіреті - оның тарихи деректік негіздерінің молдығында деген болар едім.

Бір ғана сөйлемді романға енгізу үшін І.Есенберлинге Алтын Орда тарихына арналған арнайы зерттеулерді, атап айтсақ, Б.Д.Греков пен А.Ю.Якубовскийдің, Л.Н.Насоновтың, В.В.Бартольдтың,

М.Г.Сафаргалиевтың және тағы басқа авторлардың арнайы зерттеулерімен танысуына тура келеді. «Алтын Орда тарихына қатысты материалдар жинағы» атты екі томдық еңбектегі араб авторлары мен парсы тілінен аударылған көптеген тарихи шығармаларды және ең бастысы, Натанзидың «Ескендірдің анонимі» атты дерегінің мәліметтерін меңгереді.

М.Г.Сафаргалиевтың «Распад Золотой Орды» атты 1960 жылы жарық көрген монографиясы жазушының кітап сөресінде емес, жазу үстелінің үстінде беті ешқашан жабылмайтын кітаптарының бірі болған секілді[10]. Кейіннен жазушы мұндағы тарихнамалық тұжырымдарды өзінің «Алтын Орда» атты трилогиясында қолданады.

Ізденімпаз жазушы ақыры мәселенің түйінді екенін аңғара келе, мәселенің деректік негіздері мен соған қатысты тарихнамалық ойларды зерделей келе, XIV-XV ғасырлардағы Шығыс Дешті Қыпшақ аумағын «Түркі, иран елдері «Көк Орда», ал орыс шежірелерінде «Ақ Орда» деп аталған кешегі Алтын Орданың кең байтақ алып даласы», - деп жазады.

«Алма қылыш» романы – Қазақ хандығының құрылуы мен күшеюін суреттейтін көркем туынды. Қазақ хандығының құрылуындағы ең басты оқиғаға - Керей мен Жәнібек хандардың қарамағындағы елімен Әбілқайыр хандығынан бөлінуі жататыны баршаға мәлім. Ал осы бөлінуге түрткі болған жағдайды көрсететін жазба дерек мәліметі әлі күнге дейін белгісіз. Керісінше, халық ауыз әдебиетінің материалдары осы жетіспеушіліктің орнын толтыра алады. Алғаш рет тарихнамада Ш.Құдайбердіұлы бірінші болып, 1911 жылы жарық көрген еңбегінде Қара қыпшақ Қобыланды батырдың қысастықпен Ақжол биді өлтіруі және одан кейінгі өрбіген оқиғалар – Керей мен Жәнібек хандардың Әбілқайыр ханнан бөлінуіне себеп болды деп жазған болатын[11, 22-23]. І.Есенберлин заманында Шәкәрімнің еңбегін қолданбақ түгіл, оның есімін ашық айтуға тыйым салынған болатын. Соған қарамастан жазушы батылдыққа барып, Шәкәрімнің еңбегін табады да, ондағы материалдарды романның басты сюжеттерінің біріне айналдырып жібереді. Қобыланды батырдың Ақжол биді өлтіруі және соның төңірегіндегі оқиғаларды оқырманның өзі романдан оқып алар деген оймен, біз бұл жерде кітаптан үзінді бермей отырмыз.

Әңгіме төркіні Керей мен Жәнібек хандарға ауысқаннан кейін романда бұл екі тұлғаға қатысты қандай дерек мәліметтері қолданылған деген мәселеге назар аударып көрелік.

Қазақ хандығының негізін салған Керей мен Жәнібек хандардың бір-біріне туыстығын автор кітапта былай деп жазады: «Әбілқайырдың сескенетін жауы екеуі: бірі – Орыс ханнан туған Құйыршық ханның баласы Барақ ұлы Жәнібек пен оның үш аталас туысы Керей. Екіншісі өзінің аталасы Мақмүдек ханнан туған Ходжа Мұхамед ханның баласы Абақ»[2, 13]. Ортағасырлық шибанилық үш тарихи шығарма - «Таварих-и гузида-йи нусрат-наме», «Фатх-наме» және «Шайбани - наме» еңбектерінде ғана осы жөнінде мәліметтер бар[12, 19; 13,56-57; 14, 99]. Ал Керей мен Жәнібек хандардың туыстығын көрсететін деректің ең алғашқысы – «Таварих-и гузида-йи нусрат-наме» дерегіндегі «Жошы ұрпақтарының шежіресі» атты мәліметтер[12, 41-42]. Онда былай делінеді: «Орыс ханның жеті ұлы бес қызы болды. Ұлдарының есімдері – Тоқта-Қия, Құтлық-Бұқа, Тұғлық-Болат, Құйыршық, Тоқта-Болат, Сайд-Ахмет, Сайд-Әлі. Қыздарының есімдері – Меңлі-бек, Шекер, Суди-бек, Иран-бек, Меңлі-Түркен. Тоқта-Қияның үш ұлы және үш қызы болды. Оның ұлдарының есімдері – Тәңірберді, Йагуджак-анеке, Болат. ... Болаттың ұлы Керей хан.

Құйыршықтың ұлы – Барақ хан. Оның қыздары – Байанда-сұлтан, Рукйиа. Барақ ханның үш ұлы болды. Олар – Мір-Сайд, Мір-Қасым Бу-Сайд (оны тағы да Жәнібек хан деп те атайды)»[12, 42]. Осындай дерек мәліметтерін меңгеру арқылы ғана жазушы қазақ хандарының туыстығы жөнінде пікір айтып отыр.

І.Есенберлин «Алмас қылышты» жазу барысында тек дерек мәселелерімен шектеліп қоймаған. Сонымен бірге ол жазып отырған тақырыптарына қатысты тарих ғылымындағы тарихнамалық тұжырымдарды да меңгергені байқалады. Солардың бір-екеуіне тоқтала кетсек.

Тарих ғылымында Батый хан бастаған моңғол әскерлерінің батысқа жасаған жеті жылдық жорығы және олардың кейін оралуы туралы бірнеше пікірлер бар. Мысалы, кеңестік тарихнамада бұған қатысты мынадай тұжырым айтылады: «Феодалдық бытыраңқылық пен жау әскерінің орасан көп болуы Русьті моңғол-татар езгісінен құтқармады. Бірақта орыс халқының ерлікпен қарсылық көрсетуі жаулап алушылардың күшін азайтты, сөйтіп, Орталық Европа елдері – Польшаға, Венгрияға, Чехияға, Словакияға бағытталған жорықтарының күшін әлсіретті. Содан соң жаулап алушылар шығысқа оралды»[15, 46]. Бұл тұжырым - сол кезеңдегі моңғол әскерлерінің кейін оралуын түсіндіретін бірден-бір ресми пікір болатын. Бұл пікірдің ар жағында Европа халықтарын моңғол жаулап алушылығынан өзі құрбан бола отыра, орыс халқы құтқарды деген ой жатты. Ал европалық авторлар болса, бұған қатысты мүлде басқа тұжырымдарды алға тартады. Олардың ортақ пікірінше, моңғол жаулап алушылығына қарсы

европалық мемлекет басшылары Ватикан туы астында біріге бастады. Мұндай күшпен соғысуға жүрегі дауаламаған Батый хан кері оралудан басқа жол таппайды.

Ал бұл жөнінде «Алмас қылышта» не делінеді екен, соны тыңдап көрелік. «Сол бір жыл күн тұтылған бір мың екі жүз отыз алтыншы жылы еді ғой. Бату хан бастаған қалың қол жаздың аяқ кезінде Еділ бойындағы бұлғарлардың астанасын алды. Үш жылдың ішінде Бату әскері Рязань, Владимир, Суздаль, Киевті шауып батысқа жол ашылды. Қан судай ақты. Жанған қала, жылаған бала. «Шыңғысхан!», «Батухан!», «Сүбітай баһадур!» аттары әлемді түршіктірді. Бату әскерінің алдында Европа мемлекеттерінің бай өлкелері қалды. Моңғолдың ақтангер тапал жылқысының тұяғы енді Польша, чехтар мен мадиярлардың жерін басты. Алдарынан Адриат теңізінің жағасын жайлаған тағы славян елдері көрінді.

Батухан ол араларға жетер ме еді, қайтер еді, дәл осы кезде яғни бір мың екі жүз қырық бірінші, доңыз жылы ұлы хан Үгедей өлді деген хабар келді. Бату кейін қайтты. Бөтен елдерді алу қуанышынан Қарақұрымдағы Шыңғыс тағына кімнің отыру қаупі күшті болды»[2, 11]. Көріп отырғанымыздай, І.Есенберлин ресми тұжырымды біле отыра, оны мойындамайды, өзіндік тың тұжырымды ұсынады. Бұл пікірдің шынайы екендігін қазіргі күні тарих ғылымы дәлелдеп отыр.

Біз жоғарыда І.Есенберлиннің тарихнамалық тұжырымдарды жақсы меңгергендігі жөнінде айтқанбыз. Романның негізгі оқиғасы – Қазақ хандығының құрылуы болғандықтан, автор осы мәселеге қатысты тарихнамалық тұжырымдарды қарастырып, өзінің ой елегінен өткізеді. Сол жылдардағы бірден бір үстем тұжырымға – академиялық басылымдағы тұжырым жатты.

1957 жылы Қазақ ССР Ғылым Академиясының тарих, археология және этнография институтының жетекші мамандары жазған «Қазақ ССР тарихының» бірінші томы жарық көреді. Томдағы Қазақ хандығының құрылуына арналған тарауды тарихшы В.Ф. Шахматов орындайды [16, 137-141 бб.]. Онда Қазақ хандығының құрылу тарихының жазылуына сол жылдары ең беделді шығыстанушылардың бірі – А.А. Семеновтың пікірлері негізге алынады. Оның пікірі бойынша Керей мен Жәнібектің Әбілқайыр ханнан бөлініп кетуі ортағасырлардағы жай ғана ру-тайпалардың қашып кетіп, басқа ханға барып қосылуы, ол жалпы сипатқа ие болмаған. Сондай-ақ, ХҮІ ғасырлардың басына дейін бірнеше қазақ сұлтандарының иеліктері болған деген тұжырым 1957 жылғы томда айтылады. Енді осы академиялық басылымдағы пікірлер мен тұжырымдарға назар аударалық.

1) Томда тарау мен тарауша "Қазақ хандығының құрылуы" деп аталады да, «Алғашқы қазақ хандықтары Қазақстан аумағында ХҮ ғасырда» пайда болды», - деген тезис ұсынылады [16, 137 б.].

2) «Тарих-и Рашидидегі» Керей мен Жәнібектің бөлініп кетуі туралы мәліметті келтіре отырып, Моғолстанның батысында Шу мен Сарысу өзендері аралығында Жәнібек хандығы пайда болғандықтан, көп ұзамай Жәнібек ханның туыстарының да Әбілқайыр ханнан тәуелсіз иеліктерінің құрылғандығы айтылады [16, 140 б.].

3) Әбілқайыр хан қайтыс болғаннан кейін Өзбек Ұлысындағы аулауыздықтарды пайдаланып, билікті тартып алу үшін Керей мен Жәнібек хандар басқа да сұлтандармен біріге отырып күрес жүргізеді. Бірақ Жәнібек хан Өзбек Ұлысында бірден орныға алмайды.

4) Қазақ даласында Бұрындық хандығымен қатар Қасымның, Жаныштың, Таныштың, Ахмедтің және тағы басқа сұлтандардың иеліктері болады.

Байқап отырғанымыздай, 1957 жылғы Қазақ ССР тарихының бірінші томында Қазақ хандығының құрылуы мүлде басқаша түсіндіріледі. Тұжырым авторының түсіндіруінше, алдымен ұсақ қазақ хандықтары құрылған, кейінен ұсақ хандықтардың бірігуі нәтижесінде Қазақ хандығы дүниеге келген.

«Алмас қылышты» оқи отыра осы пікір алдыңнан шығып отырады. Әлі де болса Қазақ хандығы құрылмай жатып, «қазақ рулары», «қазақ жерлер» деген сөздерді жиі ұшыратасыз. Бұны сол кездегі тарих ғылымындағы ресми тұжырымның әсері деп түсінуіміз керек.

І.Есенберлиннің тарихи тақырыпқа арналған романындағы әрбір дерек мәліметі мен тарихнамалық тұжырымдар әлі де болса зерттеуді қажет етеді. Біз осы мақаламызда тек солардың бірнешеуіне ғана тоқталдық.

Әлі күнге дейін оқырмандарының ыстық ықыласына бөленіп отырған автор мен оның кітабының құдіреті неде деген сұраққа енді ғана жауап тапқандаймыз. Оның бірнеше себебі бар.

Біріншіден, автордың сол заманда осындай тақырыпқа барып, тыңнан түрен сала білуі және әдебиет арқылы тарихтың міндетін атқаруға ат салысуы болса керек.

Екіншіден, өте көп жазба дерек мәліметтерін, халық ауыз әдебиетінің материалдары мен тарихи зерттеу материалдарын меңгеріп, оларды тиімді қолдана білуі жатса керек. Бұлар өз кезегінде «үйдің беріктігі іргетасында» демекші, романның бар жүгін көтеріп тұр. Кітаптың жазылғанына жарты ғасырға



жуық уақыт өтсе де, ол әлі күнге дейін өзінің өзектілігін жоғалтқан жоқ.

Үшіншіден, «Алмас қылыш» және оның авторы қазақ халқымен мәңгі бірге жасай беретін рухани дүние деп санауға әбден тұрады.

1 Қ.Жұмаділовтың авторға айтқан ауызша әңгімесі.

2 Есенберлин І. Көшпенділер: Тарихи трилогия. – Алматы: «І.Есенберлин атындағы қоры», 1998. – 584 б., 52 с.

3 Книга Марко Поло. Серия: Путешествия. Открытия. Приключения. – Алма-Ата: Наука, 1990. – 352 с.

4 Әбілғазы. Түрік шежіресі. – Алматы: Ана тілі, 1991. 208 бет.

5 Қ.Жалайыр. Шежірелер жинағы. Алматы: Қазақстан, 1997. – 128 бет.

6 Тарих-и Абу-л-хайр-хани. // Материалы по истории Казахских ханств XV-XVIII веков (Извлечения из персидских и тюркских сочинений) Сост.: С.К.Ибрагимов, Н.Н. Мингулов, К.А.Пищулина, В.П. Юдин. – Алма-Ата, 1969. – 652 с. (Одан әрі МИКХ.)

7 Тарих-и Кипчаки.//МИКХ.

8 Ахмедов Б.А. Государство кочевых узбеков. М., 1965.

9 Маргулан А.Х. Археологические разведки в Центральном Казахстане (1946 г.) // Изв. АН КазССР, серия историческая, №49, вып. 4, 1948, стр.119-145.

10 Сафарғалиев М.Г. Распад Золотой Орды. Мына кітапта: На стыке континентов и цивилизаций... (из опыта образования и распада империй X-XVI вв.). М.: ИИНСАН, 1996. – 768 с.

11 Құдайбердіұлы Ш. Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі. – Алматы: Қазақстан; Сана, 1991. – 80 бет.

12 Таварих-и гузида-йи нусрат-наме.//МИКХ.

13 Фатх-наме.//МИКХ.

14 Шайбани – наме.//МИКХ.

15 История СССР. Учебное пособие (Издание третье, дополненное). Под общей редакцией профессора Б.Д.Дациока. часть I. М., Издательство «Мысль», 1970.

16 История Казахской ССР. Т. I. –Алматы, 1957.

### Резюме

В статье автор рассматривает роман выдающегося казахского писателя, автора семнадцати романов, Лауреата Государственной премии Казахской ССР 1968 года Ильяса Есенберлина. Автор статьи подчеркивает, что писатель большое внимание уделял изучению истории своего народа. Он штудировал научные монографии, посещал архивы, внимательно и кропотливо изучал первоисточники. Шел непрерывный процесс накопления и обработки материала для первого задуманного им исторического романа. Произведения Ильяса Есенберлина имели историческую тематику, охватывающую события в казахской степи с XV по середину XIX века: формирование казахского народа, сложные взаимоотношения с Джунгарией, Китаем, Хивой, Бухарой, Российской империей. В 1971 году вышел роман «Алмас Кылыш» («Заговорённый меч»), Это целая эпопея о становлении и жизни казахского народа. Боль за свою Родину, за свой народ — вот то чувство, которое способствовало глубокому проникновению писателя в историческое прошлое своей страны.

Таким образом, сегодня И. Есенберлина называют предвестником независимости, певцом свободы, явлением в истории и культуре Казахстана.

**Ключевые слова:** история, историк, казахское ханство, казахский народ, литература, летопись, исследования, сведения, источники

### Summary

In the article an author examines the novel of the Kazakh writer of distinction, author of seventeen novels, Laureate of the State bonus of Kazakh SSR 1968 year of Ilyas Esenberlin. The author of the article underlines that a writer spared large attention to the study of history of the people. He studied scientific monographs, visited archives, attentively and laboriously studied original sources. The continuous process of accumulation and treatment of material go to for the first plan by him historical novel. Works of Ilyas Esenberlin had historical subjects, wrap-round events in Kazakh steppe with XV for the middle of the XIX century : forming of the Kazakh people, difficult mutual relations with Dzungaria, China, Bukhara, Russian empire. In 1971 a novel went out ("Begun to speak sword"), It is a whole epic about becoming and life of the Kazakh people. Pain for the Motherland, for the people - here that sense that assisted deep penetration of writer in the historical past of the country.

**Keywords:** history, historian, Kazakh khanate, Kazakh people,, literature, chronicle, researches, information, sources

УДК 001.89 (574+52+485)

## ПРОБЛЕМАТИКА НАУЧНЫХ ИССЛЕДОВАНИЙ ЗАРУБЕЖНЫХ ИНСТИТУТОВ ПО ИЗУЧЕНИЮ КАЗАХСТАНА (НА ПРИМЕРЕ ШВЕЦИИ И ЯПОНИИ)

З.Д. Шаймарданова – доктор исторических наук,

Орталық Азиямен Қазақстанды зерттеумен айналысатын шетелдік ғылыми-зерттеу институттары мен орталықтары қызметін зерттеудің болашақ халықаралық мамандарды даярлаудағы мәні аса зор. Мақалада шведтің Қауіпсіздік және дамушы саясат Институты (Institute for Security and development Policy / ISDP) мен жапондық Дамушы экономика (Institute of Developing Economies - IDE / JETRO) Институтының үлгісінде Қазақстан жөніндегі ғылыми зерттеулер негіздері талданды. Жапон және швед сараптамашыларының Қазақстан туралы (Е.Галло «Казахстанское притяжение к Китаю», Н.Ока О миграционной политике Казахстана по возвращению этнических казахов: изменение приоритетов и растущая дилемма) мақалаларының қысқаша талдамасы берілді. Осы институттардағы Қазақстанның саяси және әлеуметтік-экономикалық дамуы туралы ғылыми зерттеу жұмыстарының тақырыптарын кеңейту және ғылыми жобаларды дамыту көзделіп отырғандығы айтылды.

**Түйін сөздер:** Қазақстан, институт, орталығы, Орталық Азия, оралмандар

Центральноазиатский регион и Казахстан всегда привлекали внимание зарубежных исследователей, когда в казахские степи под видом путешественников, географов, членов различных обществ (например, антропологических, географических и т.д.) устремлялись исследователи. Традиция географического изучения региона с течением времени трансформировалась в геополитический интерес, который постепенно обретал институциональные формы и структуры. Для примера мы выбрали европейский и азиатский институты по изучению Центральной Азии и Казахстана.

Шведский Институт политики безопасности и развития (ISDP) - независимый и некоммерческий научно-исследовательский институт, один из ведущих центров политических исследований в мире, располагающий высококвалифицированным корпусом аналитиков, ученых, политиков, наблюдателей, бизнес-лидеров и журналистов. Расположен в Стокгольме. Одно из основных направлений его деятельности - исследование взаимосвязи между существующими проблемами в различных регионах и возникающими конфликтами, исследованию вопросов обеспечения безопасности мирного развития.

Институт работает над программами «The Silk Road Studies Program» и «The Asia Program». Первая программа ориентирована на исследование политических и социально-экономических процессов западной части Евразии, в том числе, Центральной Азии, Восточной Европы, Кавказа и прибалтийских государств. В рамках этой программы институт сотрудничает с Центром Трансатлантических и политических исследований, аффилированного с Институтом Центральной Азии и Кавказа Школы продвинутых международных исследований Университета Джонса Хопкинса. Основная задача программы – координация деятельности ученых и политиков, а также общественного обсуждения событий в регионе посредством проведения прикладных исследований, публикаций промежуточных результатов, организации научно-исследовательского сотрудничества и проведения публичных лекций и семинаров. Программа издает «Asia Paper series», реализует проектную деятельность, проводит политические дебаты, осуществляет программу приглашения отечественных и зарубежных экспертов и аналитиков, проводит политический и социально-экономический анализ актуальных событий и разрабатывает рекомендации. Отметим, что перечисленные виды деятельности характерны для многих институтов, центров и программ по изучению Центральной Азии и Казахстана.

Являясь независимым институтом, ISDP проводит активную деятельность по привлечению спонсоров, которые разделяют деятельность и точки зрения института на те или иные события в мире. Основной спонсор - Министерство иностранных дел Швеции. Научно-исследовательские прикладные проекты финансирует Банк Швеции, Школа международных исследований Поля Г. Нитце (при университете имени Джонса Хопкинса), Шведский Институт и другие.

Точки зрения приглашенных экспертов и лекторов не всегда отражает позицию Института и его спонсоров. Так, Эрнесто Галло, специалист в области социальных наук, защитил диссертацию на соискание степени доктора PhD в Турине. Представляя внешнюю политику Казахстана в статье «Казахстанское притяжение к Китаю?», он считает, что визит казахского Президента Н.А. Назарбаева в Китай в мае 2014 г. состоялся в период обостряющихся проблем для Казахстана [1]. Стремление казахского лидера стать «пристанищем для Китая» может принести выгоды с точки зрения экономики и безопасности, но Астана предпочитает продолжить вести многовекторную внешнюю политику во избежание придерживаться какой-либо одной державы.

Институт экономик развивающихся стран Японии (IDE) вносит свой вклад в области социальных наук как ведущий центр научных исследований, выявляя проблемы, с которыми сталкиваются развивающиеся страны. IDE распространяет результаты исследований в целях наилучшего понимания выявленных проблем, что обеспечивает интеллектуальную основу содействия сотрудничества Японии и

международного сообщества. Как видно, деятельность японского института по многим позициям похожа на основные направления деятельности шведского ISDP.

В IDE работает Группа средневосточных исследований (Middle Eastern Studies Group) в составе Area Studies Center, которая провела исследование о *казахстанской политике возвращения этнических казахов, отмечая положительные и отрицательные ее стороны, причины, побудившие Казахстан к реализации данной политики.*

*Статья Нацпуки Оки, доктора PhD (Politics and International Studies), исследователя IDE «Заметки о миграционной политике Казахстана по этническому возвращению: изменение приоритетов и растущая дилемма»* направлена на развитие дискуссий и критических комментариев [2]. Автор - член Японской ассоциации центральноазиатских исследований, Японской ассоциации политических сравнительных исследований, занимается проблемами казахстанской политики и национализма. В статье «Заметки о миграционной политике Казахстана по этническому возвращению: изменение приоритетов и растущая дилемма» представлен анализ правовых аспектов политики возвращения этнических казахов в Казахстан. С момента обретения независимости страна проводит активную деятельность в поисках связей с казахской диаспорой, распределение квот на количество казахских иммигрантов, имеющих право на получение от государства финансовой помощи. Исследователь показывает динамику изменения политики этнической миграции за годы независимости, сосредоточив основное внимание на изменения в миграционном законодательстве в конце 2000-х годов и в начале 2010-х годов. Она полагает, что изменения в миграционной политике связаны с жанаозеньскими событиями. В дискуссионном материале Н.Оки выделены две ключевые цели миграционной политики Казахстана: укрепление казахской этничности, основанного на идее нациестроительства, поощряющей возвращение этнических казахов, проживающих за рубежом, и формирование трудовых ресурсов для экономического развития государства [2, p. 1].

Ожидалось, что этнические казахи-мигранты должны стать политически и культурно идеальными гражданами своей исторической родины. На практике оказалось, что интеграция казахских мигрантов в местное сообщество не было легким, и их репатриация создала новые проблемы в неокрепшем экономически казахстанском обществе.

Японский исследователь называет и анализирует причины проблем социально-экономической и культурной адаптации оралманов. Во-первых, местное население часто расценивает оралманов как «других», «не аутентичных» казахов, которые длительное время прожили под влиянием различных культур и других социально-экономических условий. Поэтому принять доминирующий язык, культуру и новые социально-экономические условия для оралманов становится сложным процессом. Во-вторых, местные жители, проявляют недовольство, обусловленное тем, что в трудных экономических условиях страны, при явном наличии безработицы, коррупции и т.д., оралманы имеют большие преимущества для их социально-культурной адаптации.

В-третьих, с точки зрения других национальных меньшинств, государство должно гарантировать равные права для всех, независимо от национальности, поэтому политика возвращения этнических казахов не должна быть привилегией казахским репатриантам в ущерб другим национальным меньшинствам.

По ее мнению, сложность вопроса культурной ассимиляции в Казахстане заключается в том, что казахская диаспора за рубежом, а также казахи у себя на родине в течение 70 лет советской власти испытали языковую и культурную трансформации. Так сформировались русскоговорящие и казахоговорящие казахи [3]. Для некоторых казахов, в основном, в городах, русский стал основным языком, многие получили образование почти исключительно на русском языке.

Она выделяет две группы казахов-репатриантов: казахи, проживавшие на территории Советского Союза, и казахи, проживающие в дальнем зарубежье. Эти две группы имеют определенные различия в ментальности. Казахов, проживающих в дальнем зарубежье, местному населению сложнее принимать за «своих», даже основываясь на общих этнических корнях.

Всесторонне изучая политику возвращения этнических казахов в Казахстан, она изучает не только законодательные и нормативные правовые документы, но и проводит опрос оралманов, уже проживших несколько лет в Казахстане. По мнению оралманов, даже сельские казахоговорящие достаточно русифицированы, и живут воспоминаниями советского прошлого в смысле «дружбы народов».

Немецкий эксперт Ал.Динер ввел термин «Kazakhness», который на русский язык можно перевести как «казахчество», чем часто похваляются оралманы. Данное обстоятельство становится причиной определенной натянутости отношений между местными казахами и оралманами [4].

Зарубежная аналитика полагает, что существующий и возрастающий разрыв между богатыми и

бедными, и складывающиеся натянутые отношения между местным населением и оралманами в будущем будут только возрастать.

Отсутствие политической силы, выступающей против репатриации, создает благоприятные условия для ее продолжения и продвижения. Тем не менее, политика возвращения этнических казахов из-за рубежа теряет свой приоритет на политической повестке дня. Это связано с тем, что титульная нация в Казахстане стала представлять большинство по численности. Она считает, что в последние годы помощь возвращенным и возвращаемым этническим казахам стала социальным и экономическим бременем для правительства. Но казахстанское государство полностью не откажется от этой политики, провозглашенной в начале своей независимости.

Вместе с тем, если правительство решиться на прекращение данной политики, полагает Н.Ока, это вызовет незамедлительную критику со стороны казахских националистов. С другой стороны, нестабильность в обществе будет расти, если будут прибывать новые иммигранты с дальнего или ближнего зарубежья, что будет создавать новые проблемы с еще нерешенными проблемами уже прибывших репатриантов.

Научные исследования в виде научных проектов, публикации промежуточных результатов научно-исследовательских проектов, организации различного рода конференций, семинаров, круглых столов и т.д. о политическом, социально-экономическом и культурном развитии Казахстана в зарубежных институциях по изучению Центральной Азии и Казахстана имеют тенденцию к расширению тематической проблематики.

*1 Gallo E. Kazakhstan's "Pivot to China"? // Policy Brief. – 2014. - № 154. – P.1-2.*

*2 Oka, Natsuko. A Note of Ethnic Return Migration Policy in Kazakhstan: Changing Priorities and A Growing Dilemma // IDE Discussion Paper.- 2013. - March. – P.1-15.*

*3 Dave, Bhavna. Kazakhstan- Ethnicity, Language and Power. - London: Routledge, 2007.*

*4 Diener, Alexander C. One Homeland or Two?: The Nationalization and Transnationalization of Mongolia's Kazakhs. - Stanford: Stanford University Press, 2009.*

### **Резюме**

Изучение деятельности зарубежных научно-исследовательских институтов и центров по изучению Центральной Азии и Казахстана имеет важное значение при подготовке будущих специалистов-международников. В статье на примере шведского Института политики безопасности и развития (Institute for Security and development Policy / ISDP) и японского Института развивающихся экономик (Institute of Developing Economies- IDE / JETRO) проанализированы тематика и проблематика научных исследований по Казахстану. Дан краткий анализ статей о Казахстане японских и шведских экспертов (Е.Галло «Казахстанское притяжение к Китаю», Н.Ока О миграционной политике Казахстана по возвращению этнических казахов: изменение приоритетов и растущая дилемма). Показано, что научные исследования о политическом и социально-экономическом развитии Казахстана в этих институтах имеют тенденцию к расширению тематической проблематики и развитию научных проектов.

**Ключевые слова:** Казахстан, институты, центр, Центральная Азия, оралманы

### **Summary**

The study of the activities of foreign research institutes and Centers for Central Asia and Kazakhstan Studies is important in future specialists preparing. In the article on the example of Institute for Security and development Policy / ISDP and the Japanese Institute of Developing Economies (IDE / JETRO) the conceptual foundations, research issues in Kazakhstan of these institutions analyzed. It presented a brief analysis of articles about Kazakhstan Japanese and Swedish experts (E.Gallo "Kazakhstan's pivot to China", N.Oka A Note of Ethnic Return Migration Policy in Kazakhstan: Changing Priorities and A Growing Dilemma). It is shown that research on the political and socio-economic development of Kazakhstan in these institutions tend to develop thematic issues and the development of research projects.

**Keywords:** Kazakhstan, Institution, Center, Central Asia, oralman

ӘӘЖ 11-(574)

## **ҚАЗАҚСТАН МҰРАҒАТТАРЫНЫҢ ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫН ЖЕТІЛДІРУ**

**Б.Ж. Утеев – Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің магистранты**

Мақалада Қазақстан мұрағаттарының ынтымақтастығын жетілдіру маңыздылығы сипатталған. Бүкіл әлем бұл мәселеге орай өз талаптарын ұсынып бағуда, өйткені заман ағымына ілесу үшін дүниеде болып жатқан барлық өзгерістер мен жаңалықтарды назарда ұстап отыру қажеттігі, қоғамның тынысы мен тамырын тап басып байқау білудің маңызы көрініс табады. Бүгінгі таңдағы ақпараттық көпірдің үстем бола түсуі оларды өте талғампаздықпен

іріктеп, сақтауды талап етіп отыр. Және оның едәуір бөлігін сақтау мұрағаттарға жүктелген. Мемлекеттік органдарда ақпараттық технологияны әрі қарай дамыту республика бойынша қазіргі заманға сай ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымы болмауы салдарынан мемлекеттік басқару жүйесіндегі қағазсыз құжат айналымының толық циклы қалыптаспайды, электронды құжаттарды пайдалануды неғұрлым сапалы және қарқынды жүргізу тағы мүмкін емес. Осы ретте электрондық мұрағаттардың бірінғай жүйесін құрудың мәні зор. Мұрағат саласы заманға сай түбегейлі өзгерісті қажет етеді, және де басқару, нормативтік базаны жетілдіру, мұрағат саласын автоматтандыру, материалдық-техникалық жабдықтармен қамтамасыз ету, кадрлық әлеуетті дамыту сияқты саланың барлық бағыты басты назарда ұсталатын болады.

**Кілтті сөздер:** байланыс, ынтымақтастық, Азербайджан, Түркия, Польша, Венгрия

Мұрағат қызметінің басты бағыттары: қор жинақтау, құжаттардың сақталуын қамтамасыз ету, қор құрамын зерттеп, жүйелеу, ғылым анықтамалар мен көрсеткіштер жасау; құжаттарды пайдалануды ұйымдастыру және жария ету. Құжаттар саясат пен экономиканың, идеология мен мәдениеттің басты құралы болып саналады. Ұлттық генетикалық коды – дәстүр мен мәдениеттің қайнар көзі мұрағаттарда сақталғандықтан азаматтардың өткені мен бүгінін білуге деген құштарлығы, күнделікті тіршілікте жекелеген құжаттарға қол жеткізуге ұмтылысы қашанда бірінші орында тұрған қажеттілік болып келген, және бұдан кейін де мән-маңызы артпаса, еш кемімейді. Мұрағаттық анықтама сұраған толассыз сұраныстар легі, мұрағаттардың оқу залдарындағы зерттеушілердің саны, құрамы осы ойды растай түседі. Бүгінде біздегі мұрағаттарға тіпті бірталай шетелдерден, мысалы айтатын болсақ, АҚШ, Жапония, Канада, Еуропа мен Азия елдерінің зерттеушілері қызығушылық танытып отыр. Қазақстан мемлекеті мұрағат ісі саласындағы халықаралық ұйым – Халықаралық мұрағаттар кеңесінің, сондай-ақ оның Еуразиялық өңірлік бөлімшесінің толық мүшесі болып есептеледі [1].

КСРО дәуірінде мұрағаттар социализмді дәріптеудің идеологиялық құралы болды. Республикадағы барлық құжаттар айналымының 10%-ға жуығы коммунистік құндылықтар тұрғысынан мұқият сұрыпталып, мемлекет сақтауға – мұрағатқа жинақталды. Құжаттардың біржақты іріктелуінің салдарынан Қазақстанның шынайы тарихын бейнелейтін аса бағалы деректер мұрағатқа түспей, біржола жойылып отырды. Ал мұрағат қорындағы құжаттардың басым бөлігі түрлі жасанды шектеулер қою арқылы зерттеушілерге берілмеді. Қазіргі мұрағаттарда дәстүрлі қағаз құжаттардың түпнұсқаларымен және көшірмелерімен қатар фото-киноматериалдар, дыбыстық және бейнежазбалар, ақпараттың барлық жәдігерлер түрлері сақталады. Мұрағаттарда мәңгілік мерзімге сақталып, қорғалатын тарихи деректер – мемлекеттің ішкі-сыртқы жағдайы, экономика, саяси-идеология қатынастары туралы құжаттар Ұлттық байлықтың бір бөлігі болып табылады. Тәуелсіз Қазақстан мұрағаты қызметіне халықаралық байланыстардың артуы оң ықпалын тигізіп отыр. [2]

Елбасының тікелей бастамасымен қолға алынған «Мәдени мұра» бағдарламасын іске асыру Қазақстан тарихындағы шын мәнінде теңдесі жоқ, аса жемісті болды. Отандық мәдениет пен ғылымды жоғары деңгейге көтеруге мүмкіндік беретін жаңа құнды тәжірибе жасалды. Еліміздің тарихи-мәдени мұрасын зерделеу, айрықша маңызы бартарихи-мәдени және сәулет ескерткіштерін қайта қалпына келтіру жөнінде ауқымды жұмыстар атқарылды.

Шетелде Дамаск қаласындағы Бейбарыс Сұлтан кесенесін қайта қалпына келтіру жұмыстары аяқталды. Бұл кешен, 1266 жылы салынған, мектеп, мұрағат және кесенелерден тұрады. Қалпына келтіру жұмыстары барысында кешеннің қабырғалары және сәулеттік формалары бекітілді, сириялық мамандар мозайка мен ою-өрнектерді толық қалпына келтірілген. Дамаск қаласындағы Әл – Фараби кесенесі мен тарихи мәдени орталығын салу бойынша құрылыс жұмыстары аяқталуда. Бұл кесене – мешіттен, оқу залы мен интернет – кітапханадан, конференц-зал, қонақ үйден тұратын көп функционалды нысан. Қазақстан тарапы египеттіктер жүзеге асырып жатқан Каир қаласындағы Бейбарыс Сұлтан мешітін қайта жаңғырту жұмыстарын қаржыландыру бойынша барлық міндеттемелерді орындады [3].

Еліміз өзінің ғасырлар бойы тарихына қатысты құнды деректерді берісі Өзбекстан мен Ресей, әрісі АҚШ, Польша, Венгрия, Түркия, Египет сияқты бірталай елдердің мұрағат қоймаларынан анықтап, мұрағат қорын жекелеген құжаттар көшірмелерімен толықтыруда. Атап айтатын болсақ:

- Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі мен Иран Ислам Республикасының мұрағаттары арасында, мұрағат ісі және құжаттама саласындағы өзара түсіністік туралы Меморандумға қол қойып, келісім шарт жүргізген. Олар Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі мен Иран Ислам Республикасының мұрағаттары, Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Иран Ислам Республикасы Үкіметі арасындағы мәдени ынтымақтастық туралы 1993 жылғы 17 сәуірдегі Келісім негізінде, Қазақстан Республикасы мен Иран Ислам Республикасы тарихи-мәдени мұраларға бай елдер екендіктерін растай отырып, Қазақстан Республикасы мен Иран Ислам Республикасы арасындағы

дәстүрлі достықты дамыту және өзара тиімді ынтымақтастық олардың бір-біріндегі өзіндік ерекшеліктерді, тарихты, мәдениетті және қол жеткен табыстарды білу мен құрметтеу арқылы жүзеге асатынын, бұл тараптардың кітапханалық және мұрағаттық материалдарды зерттеп, қолдануды қажет ететіндігін ескере отырып келісімге келген.

- Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі мен Қытай Халық Республикасының Мемлекеттік мұрағат басқармасы арасындағы мұрағат ісі саласындағы ынтымақтастық туралы келісім бар. Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі мен Қытай Республикасының Мемлекеттік мұрағат басқармасы, Мәдени және ғылыми байланыстарды дамытудың маңыздылығын растай отырып, Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасының мұрағаттық мекемелері арасында байланыс орнату ниетін басшылыққа алып, Халықаралық құқық нормалары мен Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамаларына сәйкес іс-әрекет жасайды.

- Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі мен Өзбекстан Республикасы Министрлер Кабинеті жанындағы "Өзбекмұрағат" агенттігі арасындағы мұрағат ісі саласындағы ынтымақтастық туралы келісім шарт жүргізген. Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасы бай тарихи-мәдени мұраға ие екендігін растайды. Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасы арасындағы дәстүрлі достықты дамыту мен өзара тиімді ынтымақтастық олардың бір-біріндегі өзіндік ерекшеліктерді, тарихты, мәдениетті және қол жеткен табыстарды білу мен құрметтеу арқылы жүзеге асатынын, мемлекет Тараптарының мұрағаттық материалдарын зерттеп, қолдануды қажет етеді. Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасы арасындағы 1998 жылғы 31 қазанындағы Мәңгілік достық келісімге қол қойды.

- Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі мен Египет Араб Республикасының Мәдениет министрлігі арасындағы мұрағат ісі саласындағы ынтымақтастық туралы өзара келісім шарт жасады. Қазақстан Республикасы мен Египет Араб Республикасы арасындағы достық қарым-қатынастарды дамыту мен нығайтудың маңыздылығын ескеріп, Қазақстан Республикасы мен Египет Араб Республикасының тарихи байланыстары туралы мұрағат құжаттарына ерекше мән беріп, экономикалық және ғылыми-техникалық ынтымақтастық жөніндегі қазақстан-мысыр үкіметаралық комиссия мәжілісінде келісімдер жасаған.

- Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі мен Монғолия Ұлттық мұрағат басқармасы арасындағы мұрағат ісі мен құжаттама саласындағы ынтымақтастық туралы келісім бар. Мұнда Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі мен Монғолия Ұлттық мұрағат басқармасы, бұдан әрі Тараптар деп аталатын, Қазақстан Республикасы мен Монғолия бай тарихи-мәдени мұраға ие екендігін растай отырып, Қазақстан Республикасы мен Монғолия арасындағы дәстүрлі достықты дамыту мен өзара тиімді ынтымақтастық олардың бір-біріндегі өзіндік ерекшеліктерді, тарихты, мәдениетті және қол жеткен табыстарды білу мен құрметтеу арқылы жүзеге асатынын, тараптардың мұрағаттық материалдарын зерттеп, қолдануды қажет екендігін ескеріп, Қазақстан Республикасы мен Монғолия мұрағаттық мекемелері арасындағы байланыстарды нығайту ниетін басшылыққа алу арқылы келісімге келді.

- Ресей Федеральдық мұрағат қызметі мен Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің Мұрағаттар мен құжаттаманы басқару жөніндегі комитеті арасындағы мұрағаттық құжаттарды іздеп табу және көшірмелеу жұмыстары бойынша ынтымақтастық туралы келісім шарт жасаған. Ресей Федеральдық мұрағат қызметі мен Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің Мұрағаттар мен құжаттаманы басқару жөніндегі комитеті, келісім жасаған. Бұрынғы КСРО-ның мемлекеттік мұрағаттарына қатысты құқықтық мұрагерлік туралы Келісімге (Мәскеу, 06.07.92), ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің мұрағаттық ақпараттарды пайдалану саласындағы өзара іс-қимыл жасау жөніндегі қағидалар мен нысандар туралы Келісіміне (Минск, 04.06.99) және Ресей мемлекеттік мұрағат қызметі мен Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті жанындағы Мұрағаттар мен құжаттама Бас басқармасы арасындағы бұрын жасалған Келісімге (Алматы 23.06.94) сүйене отырып, Ресей Федерациясы мен Қазақстан Республикасы мемлекеттік мұрағаттары арасындағы ынтымақтастықты өрістету мақсатын мәлімдейді.

- Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі мен Түрік Республикасы премьер-министрінің жанындағы Мемлекеттік мұрағаттар бас дирекциясы арасындағы Мұрағат ісі саласындағы ынтымақтастық жасады. Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі мен Түрік Республикасы премьер-министрінің жанындағы Мемлекеттік мұрағаттар бас дирекциясы, Қазақстан Республикасы мен Түрік Республикасы арасындағы дәстүрлі достық пен ынтымақтастықты назарға ала отырып, өзара тиімді негізде мұрағат ісі саласындағы

ынтымақтастықты дамыту ниетін ескере отырып, келісім шарт жасаған [4].

Дүние жүзі бойынша ақпараттар ұйымы цифрлық форматта жасалып, пайдаланылып жатқанда, екіншіше орай, кейде біздегі ақпараттар жоғалып кетіп жатады. Қазақстанның мұрағат саласын жаңа технологиямен жабдықтауда, бағдарламалық қамтамасыз ету мәселелерде артта қалушылық байқалуда. Қазіргі таңда стратегиялық ақпараттық қорды пайдаланудағы қиындықтар негізінен мұрағат мекемелерінің мекен-жайын білмеуден, жер шалғайлығынан, жедел іздестіру мен құжаттарды сәйкестендіруге қажетті телекоммуникациялық жүйелердің әлі толық жұмыс істеуінен, сондай-ақ құжаттардың толық сақталмауынан келіп туындайды. Бұған қоса мұрағат құжаттарын ғылыми сипаттау мен оларды тақырыптық тұрғыдан талдап жүйелеу ісі жоғары деңгейге жете алмай отыр [5].

Мұрағат ісінің ілгерілеу деңгейі мемлекеттің жалпы даму ырғағына ықпал етпей тұрмайтыны белгілі. Бүкіл әлем бұл мәселеге орай өз талаптарын ұсынып бағуда, өйткені заман ағымына ілесу үшін дүниеде болып жатқан барлық өзгерістер мен жаңалықтарды назарда ұстап отыру керек, яғни қоғамның тынысы мен тамырын тап басып байқау білудің маңызы зор.

1 Жакыпов М.Х. *О новых технологиях в управленческой деятельности // Отечественные архивы. 2005. №1. С. 45-53;*

2 <http://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%9C%D2%B1%D1%80%D0%B0%D2%93%D0%B0%D1%82>

3 Шепель В.Н. *«О некоторых проблемных вопросах внедрения электронного архива» // Ақпараттық-әдістемелік бюллетень. Алматы. 2006. С. 5-14.*

4 Силков С.В. *Нормативная база и государственное регулирование электронного документооборота в Республике Беларусь // Қазақстан мұрағаттары. 2007. №2. Б. 13-16.*

5 Чупров В.М. *«Актуальные вопросы дальнейшего развития нормативной и методической базы государственного хранения электронных документов на примере Центрального архива документов на электронных носителях Москвы» // Ақпараттық-әдістемелік бюллетень. Алматы, 2006. С. 20-25;*

### **Резюме**

В статье характеризуется важность совершенствования сотрудничества архивов Казахстана. Весь мир по этому вопросу выдвигают свои требования, чтобы быть в курсе во всех изменениях и нововведениях в мире, дабы не отстать во времени. На сегодняшний день превосходящие информационные ресурсы разборчиво разбирают, сохраняют. И их большую часть сохраняют в архивах. В государственных органах, на данной стадии, из-за того что нет информационно-коммуникационной инфраструктуры - в системе государственной управления не сформирован безбумажной документ-оборотный цикл, а так же использование электронных документов не качествен и не интенсивен. В данном случае очень важно внедрить систему электронного архива. Архиву, в ногу со временем, необходимы новые изменения, в том числе: управление архивами, усовершенствование нормативных баз, автоматизировать данную отрасль, обеспечить материально-техническими оборудованием, развивать кадр.

**Ключевые слова:** связи, сотрудничество, Азербайджан, Турция, Польша, Венгрия

### **Summary**

The paper is characterized by the importance of improving cooperation archives of Kazakhstan. The whole world on this issue put forward their demands, to keep abreast of all the changes and innovations in the world, in order to keep pace with time. To date, information resources clearly superior to dismantle remain. And most of them are stored in the archives. In government, at this stage, due to the fact that there is information and communication infrastructure - in public administration does not form a paperless document-turn loop, as well as the use of electronic document is not quality and not intense. In this case, it is important to implement a system of electronic archive. Archive, with the times, the need for new changes, including: archive management, improving regulatory frameworks, automate the industry, to provide material and technical equipment, to develop a frame.

**Keywords:** communications, cooperation, Azerbaijan, Turkey, Poland, Hungary

## **ТАРИХТЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ** **МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ИСТОРИИ**

УДК 378.147:94

### **МЕТОД ПРОБЛЕМНОГО ОБУЧЕНИЯ В ПРЕПОДАВАНИИ ИСТОРИИ**

**Г.Т. Джайнакбаева** – к.п.н., доцент кафедры методики преподавания истории КазНПУ им. Абая

В данной статье рассматривается история зарождения и практика использования проблемного метода обучения в историческом образовании, в основе которого лежит задача, вопрос или задание, решение которых нельзя получить по готовому образцу. От ученика требуется проявление самостоятельности и оригинальности к решению этих задач. Сегодня под проблемным обучением понимается такая организация учебных занятий, которая предполагает создание под руководством учителя проблемных ситуаций и активную самостоятельную деятельность учащихся по их разрешению, в результате чего и происходит творческое овладение профессиональными знаниями, навыками, умениями и развитие мыслительных способностей.

**Ключевые слова:** проблемный метод, историческое образование, проблемная мотивация, профессиональная компетенция, решение проблемных задач

На сегодняшний день исторические документы, опубликованные Президентом Н. Назарбаевым, являются основанием для повышения на новый качественный уровень истории Казахстана. В Послании «Стратегия «Казахстан-2050» - новый политический курс состоявшегося государства», и Послании Президента РК «Нурлы жол - путь в будущее» Президент одобрил новую политику развития инновационных исследований и особо отметил, что формирование национального исторического сознания, превращение общеказахстанской уникальности в стержень исторического сознания народа являются предпосылкой нового патриотизма. Президент Нурсултан Назарбаев в историческом документе отметил: **«Мы должны продолжить работу по формированию национального исторического сознания»**. [1]

В связи с переходом Казахстана на 12-летнее образование технология проблемного обучения становится наиболее приоритетной в организации учебного процесса, так как не даёт готовые задания, но актуализирует, - извлекает из сознания ученика, стимулирует глубоко скрытую тенденцию к личностному росту, поощряет его исследовательскую активность, создаёт условия для совершенствования обучения.

Технология проблемного обучения не нова: она получила распространение в 20 - 30-х г. в советской и зарубежной школе. Проблемное обучение основывается на теоретических предположениях американского философа, психолога и педагога Дж. Дьюи, основавшего в 1894 г. в Чикаго опытную школу, в которой учебный план был заменён игровой и трудовой деятельностью. В 1923 г. в СССР были созданы «комплекс-проекты» на основе педагогического опыта американского философа Дж. Дьюи. Классно-урочная система объявлялась отжившей формой, она заменялась лабораторно-бригадным методом. Но в 1932 г. постановлением ЦК ВКП (б) эти методы были объявлены методическим прожектёрством и отменены. [2]

Условиями успешности обучения по Дьюи являются:

- проблематизация учебного материала; (интерес к обучению)
- активность ребёнка (знания должны усваиваться с аппетитом);
- связь обучения с жизнью ребёнка, игрой, трудом. [2]

Изучая педагогическую и методическую литературу по выбранному направлению, мы убедились, что проблемное обучение продолжает оставаться одним из главных направлений педагогического



исследования (Т.В. Кудрявцев, М.И. Махмутов, А.М. Матюшкин, Н.Г. Дайри и другие). Разработке методики и технологии проблемного обучения способствовали научные изыскания в области психологии учебной деятельности (А.Н. Леонтьев, П.Л. Гальперин, В.В. Давыдов и другие).

Сегодня под проблемным обучением понимается такая организация учебных занятий, которая предполагает создание под руководством учителя проблемных ситуаций и активную самостоятельную деятельность учащихся по их разрешению, в результате чего и происходит творческое овладение профессиональными знаниями, навыками, умениями и развитие мыслительных способностей. [3]

Технология проблемного обучения, что очень важно, готовит учащихся к самоменеджменту, и позволяет:

- ✓ определять проблему в различных ситуациях, принимать ответственное решение, оценивать последствия своего решения;
- ✓ ставить цель своей деятельности, определять условия для её реализации, планировать и организовывать процесс её достижения, то есть разрабатывать технологии, адекватные задаче;
- ✓ осуществлять рефлексию и самооценку, оценку своей деятельности и её результатов;
- ✓ выбирать для себя нормы деятельности и поведения адекватные ситуации.

М. И. Махмутов на основе обобщения практики и анализа результатов теоретических исследований дает следующее определение понятия «проблемное обучение»: «Проблемное обучение - это тип развивающего обучения, в котором сочетаются систематическая самостоятельная поисковая деятельность учащихся с усвоением ими готовых выводов науки, а система методов построена с учетом целеполагания и принципа проблемности; процесс взаимодействия преподавания и учения ориентирован на формирование познавательной самостоятельности учащихся, устойчивости мотивов учения и мыслительных (включая и творческие) способностей в ходе усвоения ими научных понятий и способов деятельности, детерминированного системой проблемных ситуаций». [4]

Для воспитания личности, востребованной рынком, технология проблемного обучения имеет ряд положительных характеристик и преимуществ:

1. Новую информацию учащиеся получают в ходе решения теоретических и практических проблем.
2. В ходе решения проблемы учащийся преодолевает все трудности, его активность и самостоятельность достигают высокого уровня.
3. Темпы передачи информации зависят от самих учащихся.
4. Повышенная активность учащихся способствует развитию положительных мотивов учения.
5. Результаты обучения относительно высокие и устойчивые.

Учащиеся легче применяют полученные знания в новых ситуациях и одновременно развивают свои умения и творческие способности. Применение технологии проблемного обучения в связи с этим позволяет научить учащихся мыслить логично, научно, диалектически, творчески; способствует переходу знаний в убеждения; формирует у учащихся интерес к научному знанию; вызывает у них глубокие интеллектуальные чувства, в том числе чувства удовлетворения и уверенности в своих возможностях и силах.

Проблемное обучение – это обучение основанное на создании особого вида мотивации - проблемной, поэтому требует соответственного построения дидактического содержания материала, который должен быть представлен как цепь проблемных ситуаций.

Под учебной проблемой на уроках истории понимают задачу, вопрос или задание, решение которых нельзя получить по готовому образцу. От ученика требуется проявление самостоятельности и оригинальности к решению этих задач.

Главные цели проблемного обучения:

1. Развитие мышления и способностей учащихся, развитие творческих умений.
2. Усвоение учащимися знаний, умений, добытых в ходе активного поиска и самостоятельного решения проблем, в результате эти знания, умения более прочные, чем при традиционном обучении.
3. Воспитание активной творческой личности учащегося, умеющего видеть, ставить и разрешать нестандартные проблемы.
4. Развитие профессионального проблемного мышления.

Педагогическая учебная ситуация создаётся с помощью активизирующих действий, вопросов учителя, подчёркивающих новизну, важность, и другие отличительные качества объекта познания. Проблемные ситуации могут создаваться на всех этапах процесса обучения истории: при объяснении, закреплении, контроле. [5]

Учебно-проблемная задача, которую надо решить, всегда формулируется в вопросе. При объяснении нового материала используются две формы проблемного обучения: проблемное изложение и поисковая

беседа.

В проблемном изложении проблему ставит и решает учитель. Он не просто излагает материал, а размышляет над проблемой, рассматривает возможные подходы и пути решения. Учащиеся учатся логике рассуждения, анализу, глубже усваивают материал. Его применяют, когда материал слишком сложный и новый для того, чтобы организовать поисковую беседу.

Смысл поисковой беседы в том, чтобы привлечь к решению выдвигаемых на уроке проблем с помощью подготовленной заранее учителем системы вопросов. Поисковая беседа может быть использована в тех случаях, когда ученики обладают необходимыми знаниями для активного участия в решении выдвигаемых проблем.

Чаще всего поисковая беседа охватывает не весь новый материал, изучаемый на уроке, а какую-то его часть. Хотя бывают и такие темы, где изучение может быть организовано полностью в форме поисковой беседы.

Для решения обозначенных задач использую различные методы:

- по степени активности познавательной деятельности - репродуктивные, объяснительно – иллюстративные, проблемно - обобщающие, частично-поисковые, исследовательские;
- по источнику получения знаний - словесные, наглядные, практические;
- по логическому подходу - индуктивные, дедуктивные, аналитические, эстетические. [6]

Структура проблемного обучения:

- ✓ Создание проблемной ситуации и определение познавательной задачи.
- ✓ Активный мыслительно-познавательный поиск учащихся под руководством учителя, самостоятельный подход к выводам.
- ✓ Тренировочные упражнения, применение знаний в новых условиях с целью возбуждения мышления.
- ✓ Творческое самостоятельное овладение знаниями, а также способами активной познавательной деятельности, интенсивное умственное развитие.

При традиционном преподавании истории у учащихся формируются определенные стереотипы при рассмотрении исторических фактов, событий. Проблемная технология изучения истории как раз и способствует выработке определённых приёмов и операций мышления, анализа, сравнения, абстракции и конкретизации, суждений и т. д. В результате процесса обобщения рождаются понятия.

Технология проблемного обучения относится к развивающим педагогическим технологиям и имеет следующую структуру:

*Действие педагога* – создание проблемной ситуации; выявление проблемы исследования; управление поисковой деятельностью учащегося; обсуждение выводов.

*Действие учащегося* – принятие проблемной ситуации; выявление проблемы исследования; самостоятельный поиск; обсуждение выводов.

*Основные понятия проблемного обучения:*

- проблема;
- гипотеза;
- проблемная ситуация;
- проблемный вопрос;
- проблемная задача;
- творческая задача;
- самостоятельная работа.

Проблема – (от греч. *problema* – задача) – сложный вопрос, задача, требующая решения. (С.И.Ожегов); сложный теоретический или практический вопрос, требующий разрешения, изучения. Проблема – это различие между существующей и желаемой ситуациями, несоответствие, нестыковка между предполагаемым и действительным. Проблема может быть научной и учебной. Научная проблема – «белые пятна», неисследованные участки известных знаний.

Учебная проблема – противоречие между известными ученику знаниями, умениями и навыками и новыми фактами или явлениями, для понимания и объяснения которых прежних знаний недостаточно. Ответ на учебную проблему должен получить учащийся либо под руководством учителя, либо самостоятельно.

Гипотеза (от греч. *hypothesis* – основание, предположение) – предположение, касающееся возможного пути решения проблемы, которое еще не подтверждено, но и не опровергнуто.

Проблемная ситуация – это центральное звено в проблемном обучении, а также психологическое

состояние интеллектуального затруднения, которое возникает у человека, если он не может объяснить новый факт при помощи имеющихся знаний.

Проблемный вопрос – самостоятельная форма мысли и проблематизированное высказывание, а также предположение или обращение, требующее ответа или объяснения.

Творческая задача – это задача, при которой необходимо найти новый алгоритм решения. Творческие задачи позволяют:

- обобщить, повторить и усвоить учебный материал;
- развивать творческие способности учащихся, познавательный интерес, абстрактное и логическое мышление;
- формировать навыки совместной работы;
- устанавливать межпредметные связи.

Разработка проблемных вопросов: Проблемный вопрос должен быть:

- ✓ сложным, сопряженным с противоречиями;
- ✓ емким, способным охватить широкий круг вопросов;
- ✓ предполагающим научный спор на базе различных толкований;
- ✓ создающим затруднения, необходимые для проблемной ситуации.

Перевод проблемного вопроса в проблемную ситуацию:

- через углубление проблемного вопроса;
- через поиск разных граней его решения;
- через сопоставление разных вариантов ответа.

Формы решения проблемной ситуации:

- дискуссии;
- научный спор;
- проблемная лекция;
- проблемные задачи и задания;
- задачи исследовательского характера;
- документы, тексты, материалы с проблемной направленностью. [5]

Такие уроки способствуют развитию устной речи, активизируют мыслительную деятельность, прививают интерес к предмету, формируют культуру полемики, умение выслушивать оппонента, терпимость к иной точке зрения.

Таким образом, проблемное обучение формирует гармонически развитую творческую личность способную логически мыслить, находить решения в различных проблемных ситуациях, способную систематизировать и накапливать знания, способную к высокому самоанализу, саморазвитию и самокоррекции. Постоянная постановка перед школьником проблемных ситуаций приводит к тому, что он не «пасует» перед проблемами, а стремится их разрешить, тем самым мы имеем дело с творческой личностью всегда способной к поиску. А это значит, входя во взрослую жизнь, ребенок будет уже более защищен от стрессов. И это ещё один, дополнительный плюс применения методики проблемного обучения.

1 *«Стратегия «Казахстан-2050» - новый политический курс состоявшегося государства.*  
<http://strategy2050.kz/ru/>

2 *Коробова, А.Э. Педагогические идеи Д. Дьюи и их интерпретация в отечественной педагогической теории и практике: Автореф. дисс. канд. пед. наук. – Саратов, 2000. – С. 17-19.*

3 *Селевко Г.К. Современные образовательные технологии. М., 2003.*

4 *Махмутов М. И. Проблемное обучение. Основные вопросы теории. - М.: Педагогика, 1975.*

5 *Кудрявцев В. Т. Проблемное обучение: истоки, сущность, перспективы. - М.: Знание, 1991.*

6 *Степанцев А.Т. Методика преподавания и изучения истории. Учебное пособие для вузов. – Новосибирск, 2006г.*

### **Түйін**

Мақалада тарихи білім беру тәжірибесінде оқытудың негізі болып табылатын сұрақтар мен тапсырмалар арқылы шешілетін проблемалық әдістерін пайдалану мен олардың пайда болу тарихы қарастырылады. Оқушыдан тапсырмаларды шешуде жеке өз бетінше жұмыс жасау және жеке ерекшелік талап етіледі. Қазіргі таңда мұндай проблемалық оқыту мұғалімнің жетекшілігімен оқушының белсенді өзіндік әрекетінің нәтижесінде кәсіби білімі мен шығармашылыққа үйрену және дағдыға айналдыру, ойлау қабілетін дамыту үшін оқу сабақтарында ұйымдастырылады.

**Тірек сөздер:** проблемалық әдіс, тарихи білім беру, проблемалық мотивация, кәсіби біліктілік, проблемалық

тапсырмаларды шешу

### Summary

The article touches upon the history of evolution and practical usage of the problem method of training in historical education, which is based on the problem, issues and tasks in which solution can not be obtained on the finished model. The student is required to exercise independence and originality to solve these problems. Today, under the problem-based learning is understood an organization of training sessions, which involves a problematic situations and activities by the teacher and independent activities of students to resolve them, with the result that occurs creative mastery of professional knowledge, skills, abilities and development of thinking skills.

**Keywords:** problem method, historical education, problem motivation, professional competencies, solution of problem tasks

ӘОЖ 378

## УНИВЕРСИТЕТТІҢ ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҰМЫСЫНДАҒЫ ИННОВАЦИЯЛАРДЫ БАСҚАРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

**Ж.Е. Жаппасов** – *әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, т.ғ.к., доцент,*

**Н.А. Асанов** – *әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, п.ғ.д., профессор,*

**Г.Т. Тілеужанова** – *әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, аға оқытушы,*

**М.Н. Ибрагимова** – *әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, оқытушы*

Мақалада оқу үрдісін ұйымдастыратын үлкен жүйе туралы айтылады. Оқу әдістемелік жұмысындағы инновациялардың сыртқы және ішкі бастауы толығымен қарастырылады. Оқу-әдістемелік жұмысындағы инновациялар құрылымдық, мазмұндық, нормативті, функционалды болатыны баяндалады.

Оқу-әдістемелік жұмысындағы инновациялар төрт негізгі элементтерден қалыптасатыны көрсетіледі. Олар: инновацияны қалыптастыратын институттар, институттардың арасындағы қарым-қатынастар, инновацияларды ұйымдастыратын нормалар мен қағидалар, оқу-әдістемелік жұмысындағы инновациялық индустрия мәдениеті. Сонымен қатар оның негізгі институты мен көрсетілген институттардың кадрлық, құзырлық, материалды-техникалық, менеджменттік жағдайлары жетілген болса, инновация үрдісінің қалыптасуына тоқталады.

Әдістемелік жасалымдарды, құралдарды, оқулықтарды жасау саласы жалпы оқу-әдістемелік кешен құрудың негізі болып саналады. Оқу-әдістемелік кешеннің әр саласын дамыту бойынша инновациялар қолданылады.

Нұсқаулық-әдістемелік сабақтар тақырыбы бойынша немесе жеке оқу сұрақтары бойынша сабақтарды өткізуде пайдасы зор әдістемелік тәсілдерге анықтама беріледі.

Оқу-әдістемелік жұмыстың негізгі реті жоспарлаудан басталатыны және ол болашақта қолданатын инновациялардың жобаларын анықтайтыны, сонымен қатар, жоспарлау кезеңінің ұзақтығына байланысты жіктелетіні айтылады.

**Түйін сөздер:** инновация, технология, практика, жоғары оқу орны, әдістеме

Оқу-әдістемелік жұмыстағы инновацияларды басқару қазіргі замандағы педагогиканың актуалды ғылыми зерттеу бағыты болып табылады. Инновацияларды басқару мәселелері бойынша қазақстандық және шетелдік ғалымдар жан-жақты ғылыми зерделеу жүргізген. Ғалымдар инновацияларды басқарудың жан-жақты салалары бойынша әр-түрлі тұжырымдар қалыптастырған.

Қазақстандағы оқу әдістемелік жұмысында «инновация» сөзінің қолдану тарихына тоқталатын болсақ, ең алдымен оның мәнін анықтаудан басталды.

2005 жылдардан бастап Қазақстан елінде әлеуметтік-экономиканың жан-жақты саласында инновация мәселесі талдана бастады.

Бұл мәселені педагогика саласында Н.А.Асанов, А.Қ.Мыңбаева, Н.Р.Юсуфбекова, Ш.Т.Таубаева, С.Н.Лактионова, З.М.Садывақасова, Г.Д.Урастаева зерттеген.

Н.А.Асанов инновацияларды оқу үрдісін басқару аспектісінде қарастырған. Оның тұжырымдауынша, инновация – оқу үрдісін басқаратын жаңа технологиялар болып табылды. [1,15-25]

А.Қ.Мыңбаева, З.М.Садывақасова «Инновационные методы обучения» еңбегінде инновацияны оқытудың жаңа технологиялары аспектісінде қарастырды. [2, 33]

Н.Р.Юсуфбеков педагогикалық инновацияға көп назар аударды. Оның ойынша педагогикалық инновация бұл педагогикалық жаңалықтарды құру, бағалау және педагогикалық қауымдастықтың игеруі, практикада жүзеге асыруы туралы ілім. [3,50-78]

Сонымен инновация термині ғылыми зерттеуде мәселелік жалғасымын тапты. Жоғарыда көрсетілген инновациялар туралы ойларды жүйелейтін болсақ инновацияның жан-жақты аспектіде қолданылатынын байқаймыз.

Инновациялар оқу әдістемелік жұмыс үшін тек жаңашылдық емес, сонымен қатар, сапалы жетістік жасау болып табылады. Оқу-әдістемелік жұмысындағы инновациялық үрдіс стихиялы туындамайды, керісінше тәжірибелі басқаруды қажет етеді. Инновацияларды басқарудың мәнін анықтау үшін, ең алдымен, оқу-әдістемелік жұмысында жасалатын инновациялардың практикалық болмысына мазмұндық талдауды міндеттейді.

Жоғары оқу орнының оқу-әдістемелік жұмысы оқу үрдісін ұйымдастыратын үлкен жүйе болып табылады. Оқу әдістемелік жұмыс педагог пен білім алушы арасындағы білімді трансформациялайтын әдістеме рөлін атқарады және білім беру мәдениетінің дәрежесін көрсетеді. Оқу-әдістемелік жұмыс жоғары оқу орнының әр деңгейінде жүргізіледі. Оқу әдістемелік жұмыстың субъектісі болып факультет деканы, оқытушылар, кафедра меңгерушісі, әдіскер, оқу-әдістеме жөніндегі проректор және т.б. Осы субъектілер құзыреттілігінен оқу-әдістемелік саясат қалыптасады. Субъектілер оқу-әдістемелік жұмыстың мақсатын, құрылымын, міндетін, мәнін анықтайды. Жоғары оқу орны талабына сәйкес оқу-әдістемелік жұмысқа инновацияларды көрсетілген субъектілер енгізеді. Инновациялар оқу-әдістемелік жұмысқа әр-түрлі типте ендіріледі. Оқу әдістемелік жұмысындағы инновациялар көлеміне байланысты шағын және күрделі дәрежеде енгізілуі мүмкін. Шағын дәрежеде инновациялар көбінесе оқу-әдістемелік құжаттың құрылымына байланысты болады. Ал күрделі инновациялар жүйелі түрде оқу-әдістемелік жұмыстың үрдісін өзгертеді. Жүйелі инновацияларды біз көп жағдайда оқу-әдістемелік реформаларда байқаймыз. Осындай реформаларды кредиттік жүйеге кіргенде, қашықтықтан білім беру жүйесін орнату сияқты үрдістерде байқаймыз.

Оқу-әдістемелік жұмысындағы инновациялардың екі бастауы бар: сыртқы және ішкі. Инновациялардың сыртқы бастауына жоғары оқу орнынан тыс қалыптасқан инновациялар жатады. Сыртқы инновациялардың басым бастаушысы үкімет болып табылады.

Оқу-әдістемелік жұмысындағы нормативті инновация білім беру критерилерін анықтайды.

Функционалды инновация оқу-әдістемелік жұмысты ұйымдастырумен байланысты.

Оқу-әдістемелік жұмысындағы инновациялар төрт негізгі элементтерден қалыптасады: инновацияны қалыптастыратын институттардан, институттардың арасындағы қарым-қатынастардан, инновацияларды ұйымдастыратын нормалар мен қағидалардан, оқу-әдістемелік жұмысындағы инновациялық индустрия мәдениетінен.

Оқу-әдістемелік жұмысындағы инновацияның негізгі институты болып кафедра, деканат, ректорат болып табылады. Оқу-әдістемелік жұмыстағы инновацияларды қолданудың негізгі мақсаттары:

Білім алушыларды тәрбиелеу мен оқытудағы тиімді әдістерін жүйелі жетілдіру;

Оқытушылардың педагогикалық шеберлігін көтеру;

Білім алушылардың білім сапасын тиімді, әрі тез көтеру;

Оқытуды ыңғайлы деңгейде жүргізу;

Осы мақсаттар оқу-әдістемелік жұмыстың бірнеше формаларында жүзеге асады:

Оқу-әдістемелік сұрақтары бойынша кафедраның, деканаттың, ректораттың ғылыми-әдістемелік кеңес отырысында;

Әдістемелік жасалымдарды, құралдарды, оқулықтарды жасау саласында;

Әдістемелік-нұсқаулық сабақтарда;

Демонстрациялық ашық сабақтарды әдістемелік қамтамасыз етуде;

Сабакқа өзара қатысуда;

Ғылыми-әдістемелік конференцияларға, кафедра аралық кеңестерге, әдістемелік семинарларға қатысуда;

Ректораттың, деканаттың, кафедраның отырысы оқу пәндерінің құрылымы мен мазмұнын, пән бағдарламасын, сабақтарды өткізу әдістемесін, оқытушылардың әдістемелік шеберлігін, сабақтарға өзара қатысу және бақылау қорытындыларын, оқытушылардың тәжірибесін алмастыруын, студенттердің білім беру және тәрбие сапасын көтеруін қарастырады. Осы сұрақтарды шешу бойынша инновациялардың түрін анықтайды, қолдануды бекітеді.

Әдістемелік жасалымдарды, құралдарды, оқулықтарды жасау саласы жалпы оқу-әдістемелік кешен құрудың негізі болып саналады. Әдістемелік жасалымдар, құралдар, оқулықтар оқу-әдістемелік кешеннің негізі болып табылады. Оқу-әдістемелік кешен үлгілік оқу бағдарламасын, жоспарын, жұмыс оқу бағдарламасын, жоспарын, күнтізбелік оқу жоспарын, конспект дәрістерді, ағымдағы және аралық бақылау әдістемелерін, әдістемелік нұсқауларды, көрінікті, таратылымды нұсқауларды және т.б. қамтиды. Оқу-әдістемелік кешеннің әр саласын дамыту бойынша инновациялар қолданылады.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультетінде Қазақстан

Республикасының азаматтары болып табылмайтын алыс-жақын шет елдерде тұратын қазақ диаспорасы өкілдері мен Ауған Ислам Республикасынан келген тыңдаушылар оқытылады. Шетелдік тыңдаушыларды оқытуда біздің алдымыздағы басты міндет – тілді үйретудің ең қолайлы амал-тәсілдерін таңдап алу. АИР-дан келген тыңдаушыларға қазақ тілінің сағаты мүмкіндігінше көбейтілген. Соған сәйкес оқу жылының басында оқу бағдарламалары мен оқу жұмыс жоспарлары тиісті тәртіп бойынша қарастырылып бекітілген.

Шетелден келген қазақ диаспорасын мен Ауған Ислам Республикасынан келген тыңдаушыларды ұлттық тіліміз бен тарихымызды тереңдете ұғындыру мақсатында қазақ тілін оқыту басты назарға алынған. Қазақ тілі пәнінен ұсынылатын бағдарлама тыңдаушыларға қазақ әліпбиінен бастап қазақ тілінің тілдік жүйесін толық меңгертіп, қазақ тілін ресми қарым-қатынас тілі ретінде үйренуіне әсер етеді.

Нұсқаулық-әдістемелік сабақтар тақырыбы бойынша немесе жеке оқу сұрақтары бойынша сабақтарды өкізуде пайдасы зор әдістемелік тәсілдерді жаттау мақсатында қолданылады. Сабақты өткізу әдістемесі тақырыптың күрделілігіне, оқытушылардың тәжірибесіне байланысты кафедра меңгерушісімен анықталады. Кафедра меңгерушісі осы бағытта нұсқаулық сабақтарын инновациялық әдістерді қолдану арқылы жетілдіреді.

Барлық оқу пәндерінің мазмұны, формасы, өту әдістемесі өздігімен өзгеше болғандықтан, олардың әрқайсысы үшін кафедрада жеке оқыту әдістемесі жасалу керек.

Кафедрада келесідей әдістемелік құжаттарда инновациялар ендіріледі:

Барлық бағыттар және мамандықтарға жұмыс және негізгі оқу жоспарларын құру, кафедра қатысатын білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру;

Кафедра пәндері бойынша оқу бағдарламалары, пәндерді оқып-үйренуде тақырыптық жоспарлар;

Оқу жылына кафедраның әдістемелік жұмыс жоспары және олардың орындалғаны жайлы есептер;

Кафедра пәндері бойынша оқулықтар, оқу көрнекі құралдары және оқу-әдістемелік зерттемелер;

Кафедра оқытушылары жариялаған монографиялар;

Сабаққа өзара қатысу және бақылау туралы есептер;

Әдістемелік сұрақтарға арналған кафедра мәжілісіндегі хаттамалардан көшірме;

Пән-әдістемелік мәжілістер, әдістемелік мәжілістер, семинарлар және т.б. хаттамаларының көшірмесі.

Оқу-әдістемелік жұмыстың негізгі реті жоспарлаудан басталады. Жоспар болашақта қолданатын инновациялардың жобаларын анықтайды. Кафедралық және жеке жоспар әр бағыт бойынша жасалады: тәрбиелік жұмыс, ұйымдастыру жұмысы, әдістемелік жұмыс, ғылыми жұмыс, кафедра кеңесін жүргізу және т.б.

Сонымен ЖОО инновациялық басқару, басқару процессін жан-жақты және ылғи да жаңашаланып тұруын көрсетеді. Ол тек қана техникалық және технологиялық жағынан емес, сонымен қатар ЖОО-ның басқа да қызметтерінен көрініс табады.

*1 Асанов Н.А., Вышенский В. В. Научно-методические основы планирования и организации учебного процесса в вузе для заочной формы обучения: для преподавателей вузов. КазНУ.- Алматы: Қазақ университеті, 2004.- 32 с.*

*2 Мынбаева А.К., Садвакасова З.М. Инновационные методы обучения. – Алматы.: ИП Волкова, 2009- 341 б.*

*3 Юсуфбекова Н.Р. Общие основы педагогической инноватики. Опыт разработки инновационных процессов в образовании. – М., 1991.-91с.*

### **Резюме**

Статья посвящена вопросам системы организации учебного процесса. Детально рассматриваются внешние и внутренние источники инноваций в учебно-методической работе. В результате анализа выявлен структурный, содержательный, нормативный, функциональный характер инноваций в учебно-методической работе.

Показано, что инновации в учебно-методической работе формируются из следующих 4-х основных элементов: институты, формирующие инновации; отношения между институтами; нормы и правила, организующие инновации; культура инновационной индустрии в учебно-методической работе.

При развитии менеджмента и кадрового, компетентного, материально-технического состояния вышеуказанных институтов и основного института формируется процесс инновации.

Приведены основные цели использования инноваций в учебно-методической работе и процесс осуществления этих целей в учебно-методической работе.

Основной порядок организации учебно-методической работы начинается с планирования, которое в последующем определяет проекты инноваций и группируется в зависимости от длительности этапа планирования.

**Ключевые слова:** инновация, технология, практика, высшее учебное заведение, методология.

### **Summary**

The article describes the system organized by the educational process. The internal and external origin of educational innovations in teaching have been fully considered. Also it is reported that educational innovations in teaching are structural, essential, regulatory and functional.

Educational innovations in teaching are formed in four main elements. They are: innovations in forming the institutions, relations between institutions, the norms and principles organizing innovations, the innovation industry culture of educational work.

The industry of methodological developments, tools and tutorials is considered as the basis for the creation of teaching complex. The innovations are used for every area of that teaching complex.

Methodological approaches are useful at instructional and teaching lessons or individual lessons on the definite subject.

The head of the department gives his opinion regarding development of teaching skills, teaching subjects and the creation of one-sided opinion.

The article reports that in addition to scientific-methodological conferences to hold inter-departmental meetings where the educational work, the day-to-day issues, the requirements of the new orders, the deficiencies in the methods of classes and organizations, etc. should be discussed.

Educational work begins from planning and it clarifies innovation projects which will be used in the future, also will be dependent to the duration of planning.

**Keywords:** innovation, technology, practice, higher education institution, methodology

ӨОЖ 378

## **ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНЫҢ ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҰМЫСЫНДАҒЫ ИННОВАЦИЯЛАРДЫ БАСҚАРУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ**

**Н.А. Асанов** – *ал-Фараби атындағы ҚазҰУ, п.ғ.д., профессор,*

**М.Н. Ибрагимова** – *ал-Фараби атындағы ҚазҰУ, оқытушы*

Мақалада авторлар жоғары оқу орындарының оқу-әдістемелік жұмысындағы инновацияларды тиімді басқарудың жолдарын қарастырған. Жоғары оқу орындарының оқу-әдістемелік жұмысындағы инновацияларды басқару технологиялары жүйелі басқару үрдісін жүргізуді қамтамасыз етеді. Сол себепті, инновацияларды басқару технологияларын тиімді қолдану инновацияларды басқарудың теориялық моделін практика жүзінде жүзеге асуын қамтамасыз етеді.

Мақала авторлары жоғары оқу орындарының оқу-әдістемелік жұмысындағы инновацияларды басқарудың дәстүрлі және инновациялық технологиялар топтамасына жеке-жеке сипаттама бере отырып, талдау жасайды. Жоғары білім беру саласының оқу-әдістемелік жұмысындағы инновациялардың дәстүрлі және инновациялық технологияларына жеке-жеке сипаттама беру арқылы әр технологияның өз ретімен орынды қызмет атқаруы анықталды. Осы екі инновациялық технологиялар топтамасын талдау көрінісі бойынша, дәстүрлі технологиялар оқу-әдістемелік жұмысындағы инновацияларды басқару мәдениетінің дамуына қарамастан фундаменталды қызмет атқаратыны айқындалды.

Авторлар қазіргі уақыттағы ғылыми ізденістер нәтижесін сараптау негізінде инновациялық технологияларды практикалық қолдану мәселелеріне жан-жақты тоқталған және олардың өз ретімен орынды қызмет атқаруы анықталған.

**Түйін сөздер:** инновация, технология, практика, жоғары оқу орны, әдістеме

Жоғары оқу орындарының оқу-әдістемелік жұмысындағы инновацияларды басқару үрдісі практикада анық көрінісі бар феномен болып табылады. Осы үрдістің тарихы терең. Себебі, әлем деңгейінде, жоғары оқу орындарындағы білім беру жүйесінің дамуы инновацияларды қолданумен байланысты болып келеді.

Қазақстан ғалымдарының ғылыми алғашқы қадамы болып оқу әдістемелік жұмысында «инновация» сөзінің мәнін анықтау болып табылды. «Инновация» термині латын тілінен аударғанда (innove – жаңа) – жаңаны енгізу деген этимологиялық мағынаны білдіреді. Инновация - бұл жаңаны енгізу үрдісі болып табылады. Жаңашылдық - өз бойында жаңаның мазмұнын, технологияларын, әдістемесін, тәсілін, мәнін білдіруші құбылыс. [1, 5]

Инновация терминінің тарихын қарастыратын болсақ, алғашқы атауын XIX ғасырда ғылыми еңбектерде қолданылғанын анықтаймыз. Алайда, инновация термині жаңа өмірін XX ғасырдағы австриялық ғалым Иосиф Шумпетердің «Инновациялық комбинация» еңбегінде бастады. Инновация термині алғашқыда экономика саласында өз ұғымдық аппаратын қалыптастырды. Экономика саласында инновацияның мәнін (Осло жетекшілерінің «Рекомендации по сбору и анализу данных по инновациям» еңбегінде сипаттауы бойынша) жаңа немесе жаңарак өнімді, үрдісті, маркетинг әдістерін, іс практикасын ұйымдастырушы әдістерін енгізу ретінде қолданылды. [2, 31]

Инновация терминіне Қазақстан ғалымдары 2005 жылдары ең алғаш рет назар аудара бастады.

Инновация терминіне бірінші анықтама берген Немеребай Нұрахметов болды. Ол “Инновация, инновациялық үрдіс деп отырғанымыз білім беру мекемелерінің жаңалықтарды жасау, меңгеру, қолдану және таратуға байланысты бір бөлек қызметі”-деген анықтаманы ұсынды.

Осы жылдардан бастап Қазақстан елінде әлеуметтік-экономиканың жан-жақты саласында инновация мәселесі талдана бастады.

Бұл мәселені педагогика саласында Н.А.Асанов, А.Қ.Мыңбаева, Н.Р.Юсуфбекова, Ш.Т.Таубаева, С.Н.Лактионова, З.М.Садывақасова, Г.Д.Урастаева зерттеген.

Осыған қарамастан білім берудегі инновациялар жөнінде жан-жақты ғылыми аспектіде шешілмеген сұрақтар, мәселелер әлі де басым болып тұр. Осы аспектілердің қатарына «жоғары оқу орындарындағы оқу-әдістемелік жұмысындағы инновацияларды басқару» мәселесі жатады.

Жоғары оқу орындарының оқу-әдістемелік жұмысындағы инновацияларды басқарудың күрделі мәселесі – тиімді басқарудың технологиясын қалыптастыру болып табылады. Қазіргі уақытта теориялық және практикалық деңгейде көптеген технологиялар өмір сүруде, бірақ инновацияларды басқарудың тиімді технологияларын табу жолында үздіксіз ғылыми ізденістер жүргізіліп жатыр.

Жоғары оқу орындарының оқу-әдістемелік жұмысындағы инновацияларды басқару технологиялары жүйелі басқару үрдісін жүргізуді қамтамасыз етеді. Сол себепті, инновацияларды басқару технологияларын тиімді қолдану инновацияларды басқарудың теориялық моделін практика жүзінде жүзеге асуын қамтамасыз етеді.

Жоғары оқу орындарының оқу-әдістемелік жұмысындағы инновацияларды басқарудың дәстүрлі және инновациялық технологиялар топтамасы кең таралған. Көрестілген технологиялар топтамасы оқу-әдістемелік жұмысындағы инновацияларды басқару үрдісінде алмасымды қолданылады. Себебі, толыққанды инновациялық технологиялар жүйесін құру мүмкін емес. Инновациялық басқару технологиялары біртіндеп қолданысқа кіреді.

Оқу-әдістемелік жұмысындағы инновацияларды басқарудың технологияларын қолдану бойынша әр жоғары оқу орындары өзінің білім беру саясатына байланысты шешім қабылдайды. Қазіргі уақытта, жоғары оқу орындары арасында оқу-әдістемелік жұмысындағы инновацияларды басқару бойынша екі негізгі технологиялық ұстаным қалыптасқан. Бірінші ұстаным – дәстүрлі технологиялар бойынша инновацияларды басқару. Екінші ұстаным- инновациялық технологиялар бойынша инновацияларды басқару. Екі ұстанымның әр қайсысына жеке сипаттама беріп, талдау жасау арқылы оқу-әдістемелік жұмысындағы инновацияларды басқарудың тиімді технологиялық комбинациясын құруға мүмкіндік туындайды.

Оқу-әдістемелік жұмысындағы инновацияларды басқарудың дәстүрлі технологиялары оқу-әдістемелік үрдісті кеңестік кезеңнен қалыптасқан технологиялар арқылы басқаруды білдіреді. Кеңестік кезеңнен қалыптасқан оқу-әдістемелік жұмысты басқару технологиялары келесі ретте көрініс табады: оқу-әдістемелік жұмыстың нормасын дайындау, бағдарламасын құрастыру, жоспарын құру, оқу-әдістемелік кешен қалыптастыру, отырыс өткізу, оқытушылардың құзыреттілігін арттыру, құралдармен қамтамасыз ету, нәтижесін талдау.

Дәстүрлі технологиялар бойынша оқу-әдістемелік жұмыстағы инновациялардың нормалары орталық деңгейде анықталады. Мысалы, инновацияларды қолдану нормаларын «Білім туралы заң», Білім берудің жалпы міндетті мемлекеттік стандарты, білім және ғылым министрлігінің бұйрығы анықтайды. Осы нормативті актілер негізінде жоғары оқу орындары оқу-әдістемелік жұмыстағы инновацияларды қолданудың нормативтік базасын қалыптастырады. Оқу-әдістемелік жұмысындағы инновациялардың нормаларын дайындау технологиясының тиімді және тиімсіз жақтары бар. Тиімді жағы – жоғары оқу орындарының оқу-әдістемелік жұмысына стихиялы, практикалық тәжірибесі жоқ, теориялық негізі жоқ инновацияларды қолдануға тыйым салады. Жоғары оқу орындарының оқу-әдістемелік жұмысындағы инновациялардың нормаларын дайындаудың тиімсіз жағы – жоғары оқу орындарының білім берудегі мобильділіктің болмауы, оқу-әдістемелік жұмыстағы инновацияларды кең тарапта қолдана алмауы және т.б.

Оқытушылардың құзыреттілігін арттыру технологиясы оқу-әдістемелік жұмысындағы инновацияларды басқарудың мәдениетін оқытушылар бойында қалыптастырады. Осының негізінде оқытушылар оқу-әдістемелік жұмысындағы инновацияларды дұрыс пайдаланып, қажетті нәтижеге қол жеткізеді. Осы дәстүрлі технология әлі өзінің беделін жоғалтпаған.

Дәстүрлі технология бойынша әрбір оқу-әдістемелік үрдіс арнайы құралдарды талап етеді. Осыған байланысты, әр жоғары оқу орындары бұл технологияны ешбір аяусыз орындайды.

Сонымен негізгі дәстүрлі технологияларды қарастыруымыз бойынша әр технологиялардың




ауысымсыз қызмет атқаратынын көрдік. Бірақ көп жоғары оқу орындарында осы технологиялардың қолданылуын жеткіліксіз деп танып инновациялық технологияларды кең тарапта практикаға енгізуді мақұл көрді. Бұл үрдістің қаншалықты дұрыс екендігіне көз жеткізу үшін инновациялық технологияларға сипаттама беру қажет.

Оқу-әдістемелік жұмысындағы инновацияларды жобалау технологиясы бірнеше процедуралардан тұрады. **Бірінші** процедурасы ретінде инновациялық портфельді толтыру болып табылады. Әр жоғары оқу орындары арасында оқу-әдістемелік бәсеке болуына байланысты инновациялық жоба арқылы инновацияларды жоспарлауға мүмкіндік туғызады. Оқу-әдістемелік жобалаудың **екінші** процедурасы жоба алды талдау жүргізу болып табылады. Инновациялық жобаны алдын ала талдау SWOT талдау үрдісі арқылы жүргізіледі. SWOT талдау үрдісі инновациялық жобаны қолдану тиімділігін анықтауға зор көмегін тигізеді. Инновацияларды жобалау технологиясының **үшінші** процедурасы желілік басқару дағдыларын меңгеру технологиясы болып табылады. Инновациялық үрдістерді жобалауда желілік басқарудың арнайы дағдыларын қалыптастыру технологиясы субъектілердің арасында арнайы қарым-қатынас мәдениетін қалыптастырады. Осының негізінде продуктивті, сапалы құрылымдық механизм қалыптасады. Жобалаудың **төртінші** процедурасы шығармашылық белсенділікті қолдау болып табылады. Жоғары оқу орындарының оқу-әдістемелік жұмысындағы инновацияларды жобалауда арнайы шығармашылық климат болмаса, сапалы инновация туғызу мүмкін емес. Жоғары оқу орындарының оқу-әдістемелік жұмысындағы инновацияларды жобалау технологиясында соңғы **бесінші** процедурасы ретінде топтық бірлестіктер құру болып табылады. Топтық бірлестіктер оқу-әдістемелік жұмысындағы инновациялық жобалардың коллегиялды дайындалуы арқылы, жан-жақты қырынан ойластыруға, мыйға шабуыл жасау операциясын жүргізуге мүмкіндік туындайды.

Сонымен қатар жобалау технологиясына тән келесі негізгі белгілері бар:

- 1) жобаның матрицалық құрылымы;
- 2) жұмыс барысының уақытшалық сипаты;
- 3) шешуін қажет ететін проблемалардың негізін интегративтік болуы;
- 4) ұжымды дамытудың синергетикалық, желілік түрде ұйымдастырылуы;
- 5) проблемалардың негізін стандарттық қалыптан өзгеше болуы.



Кесте 1. Инновацияларды басқарудың Шухартәдісі

Жоғары оқу орындарының оқу-әдістемелік жұмысындағы инновацияларды басқарудың келесі инновациялық технологиясы ретінде сараптама жүргізу болып табылады. Бұл технология әр-түрлі формада жүргізіледі: квалиметриялық сараптама, статустық сараптама және тағы да басқалары.

Оқу-әдістемелік жұмыстың инновацияларының нәтижесін мониторингілеу арқылы инновациялық өмір циклі сапалы жүзеге асуын анықтау үшін және нәтиженің тиісті критерийлерге сәйкес екендігін білу үшін жүргізіледі.

Аудит арқылы оқу-әдістемелік жұмысындағы инновациялардың жан-жақты аспектіде талдануына мүмкіндік туындайды. Аудит көмегімен оқу-әдістемелік жұмысындағы инновацияларды жүзеге асыру процедураларының дұрыстығын, инновацияларды жүзеге асырушы субъектілердің құзыреттілік деңгейін, ресурстармен қамтылуын білуге болады.

Соңғы мониторингілеу аспектісі – оқу әдістемелік жұмысындағы инновацияларға студенттердің қанағаттануын мониторингілеу болып табылады. Студенттердің қанағаттануын білу арқылы өмір цикліндегі инновацияларға түзетулер енгізуге және оқу-әдістемелік жұмыста жаңа инновацияларды

дайындауға жол ашады.

Оқу-әдістемелік жұмысындағы инновацияларды түзету әрекетін жүргізу бойынша жоспар құру технологиясы – мониторингілеу нәтижесінде пайда болған қателіктерді түзету үшін қолданылады.

Жоғары оқу орындарының оқу-әдістемелік жұмысындағы инновацияларды басқарудың инновациялық технологиялар құрамына ерекше технология ретінде инновациялық үрдістерді жауаптыларға бөлу матрицасын дайындау болып табылады. Матрица арқылы жауапты субъектілерге бөлу кестелік ретте жүргізіледі. Кестенің вертикалды графаларында инновациялық өмір циклінің бірнеше үрдістері тізбектеледі, ал кестенің горизонталды графаларында жауапты лауазымды тұлғалар тізбегі көрсетіледі. Вертикалды үрдістің қатары горизонталды орналасқан үрдістерге жауапты субъектілердің қатарымен қиысады. Осы қиысқан сынапшада үрдіске жауаптылық статусы символды түрде қойылады.

Тәжірибе бойынша, матрицада жауаптылық статусының символдары Ж, Қ, Б, Е түрінде кездеседі. Ж – жауапты деген мағынаны білдіреді, Қ- үрдісті басқаруға қатысушы, қолдау білдіруші деген мағынаны білдіреді, Б – үрдісті басқарушы деген мағынаны білдіреді, Е – үрдісті басқаруға қатысы жоқ деген мағынаны білдіреді. Көрсетілген символдар арқылы матрицалық кесте жасалынады. Инновациялық үрдістерге жауаптылықты матрица арқылы бөлу технологиясы инновациялық үрдістердің толық қамтылуын қамтамасыз етеді.

Көрсетілген инновациялық технологиялармен қатар, кең таралғаны – оқу-әдістемелік жұмысындағы инновациялық үрдістердің технологиялық картасын дайындау технологиясы. Инновациялық үрдістің технологиялық картасы оқу-әдістемелік жұмыстағы инновацияларды жүйелі басқаруға әдістемелік қолдау жасайды.

Жоғары оқу орындарының оқу-әдістемелік жұмысындағы инновацияларды басқару технологиялар қатарында инновациялық үрдістердің нәтижесін верификация технологиясы да маңызды орынға ие. Себебі верификация технологиясы оқу-әдістемелік жұмысындағы инновациялардың нәтижесін арнайы критерилер көмегімен шығысқа қоятын талаптарға және кіріске қоятын талаптарға сәйкес болуын тексереді. Верификация технологиясы оқу-әдістемелік жұмысындағы қорытындылаушы кезең болып табылады, яғни инновациялық үрдістің өндірілу циклінің соңғы кезеңі ретінде түсіндіріледі.

Сонымен, жоғары оқу орындарының оқу-әдістемелік жұмысындағы инновациялардың дәстүрлі және инновациялық технологияларына жеке-жеке сипаттама беру арқылы әр технологияның өз ретімен орынды қызмет атқаруы анықталды. Талдаудың көрінісі бойынша, дәстүрлі технологиялар оқу-әдістемелік жұмысындағы инновацияларды басқару мәдениетінің дамуына қарамастан фундаменталды қызмет атқаратыны айқындалды. Бірақ, оқу-әдістемелік жұмысындағы инновациялық басқару технологиялары күрделі дамуға жетелейтіні де дәлелденді.

*1 Мынбаева А.К., Садвакасова З.М. Инновационные методы обучения. – Алматы.:ИП Волкова, 2009- 341 б.*

*2 Руководство Осло. Рекомендации по сбору и анализу данных по инновациям. Третье издание. Перевод с английского — издание второе исправленное. — М., 2010. — 31. — 107 б.*

### **Резюме**

В статье авторы рассматривают проблемы и пути эффективного управления инновациями в учебно-методической работе высших учебных заведений. Технологии управления инновациями в учебно-методической работе вузов обеспечивают процесс системного управления. Следовательно, эффективное использование технологий управления инновациями является залогом осуществления на практике теоретической модели управления инновациями.

Авторами проанализированы и в отдельности охарактеризованы группы традиционных и инновационных технологий управления инновациями в учебно-методической работе. Посредством отдельной характеристики традиционной и инновационной технологий в учебно-методической работе вузов выявлено, что каждая технология выполняет свою функцию должным образом. На основе анализа современных научных исследований авторы подробно освещают проблемы практического использования инновационных технологий и определяют их надлежащие функции.

**Ключевые слова:** инновация, технология, практика, высшее учебное заведение, методология

### **Summary**

The authors of the article have considered effective ways of managing innovation in teaching of higher education institutions. The technologies of managing innovations in teaching of higher education institutions provide systematic management process. Therefore, the effective use of technologies of managing innovations provides the theoretical model of managing innovations to the practical implementation of the model.

The authors of the article have given the separate description and analysis to a series of traditional and innovative technologies for the managing innovations in teaching of higher education institutions. Each technology finds its correct

function owing to giving the separate description and analysis to a series of traditional and innovative technologies for the managing innovations in teaching of higher education institutions. According to these two views on the analysis to a series of innovative technologies, the traditional technologies are fundamental despite of the development of culture of managing innovations in teaching.

The authors have deeply analyzed the problems on the practical use of innovative technologies on the basis of the results of scientific research and have identified technologies' correct functions.

**Keywords:** innovation, technology, practice, higher education institution, methodology

## **АРХЕОЛОГИЯ И ЭТНОЛОГИЯ АРХЕОЛОГИЯ ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ**

УДК 903/904 (574)

### **САЙРАМСКИЙ КЛАД ЗОЛОТЫХ ИЗДЕЛИЙ**

**Б.А. Байтанаев – д.и.н.**

Сайрам является крупнейшим памятником городской культуры и современным населенным пунктом на юге Казахстана. Он отождествляется с городом Испиджаб, известным по средневековым письменным источникам. Являясь центром одноименного округа, территория которого простиралась от границ Шаша до Кашгара, Испиджаб был крупным торговым, экономическим, политическим центром региона и местом пребывания султана в разные времена отечественной истории. О Сайраме Махмуд Кашгарский говорил так: «Сайрам – название белого города (ал-Медина ал-Байда), который называется Испиджаб. Сарьям видоизменение этого».

**Ключевые слова:** археология, раскоп, культурный слой, клад, золото, перстень, бляшки, бубенчик, серьга, Моголистан, монета, датировка

Сайрам является крупнейшим памятником городской культуры и современным населенным пунктом на юге Казахстана. Он отождествляется с городом Испиджаб, известным по средневековым письменным источникам. Являясь центром одноименного округа, территория которого простиралась от границ Шаша до Кашгара, Испиджаб был крупным торговым, экономическим, политическим центром региона и местом пребывания султана в разные времена отечественной истории. О Сайраме Махмуд Кашгарский говорил так: «Сайрам – название белого города (ал-Медина ал-Байда), который называется Испиджаб. Сарьям видоизменение этого<sup>1</sup>».

Многовековое прошлое Сайрама, запечатленное в письменных источниках, всегда увлекало посещавших его ученых. За последние 150 лет Сайрам изучался в различных аспектах исторической науки и востоковедения. Исследователи Сайрама в первую очередь обращали внимание на его историческую топографию, этнографию и культовую архитектуру. Собственно, самих археологических раскопок на территории Сайрама практически не производилось, что породило массу сомнений в тождестве Испиджаба и Сайрама<sup>2</sup>.

Основная сложность в археологическом изучении и сохранении указанного городища заключается в том, что современный Сайрам расположен на культурных слоях средневекового города, где урбанизационные процессы продолжают со времени возникновения его первых поселенческих структур и делятся на протяжении почти двух тысяч лет. Системные археологические исследования, проведенные за последнее десятилетие на городище Сайрам, изыскания по вопросам стратиграфии памятника и его керамических комплексов привели к окончательному выводу о тождестве Испиджаба и Сайрама<sup>3</sup>.

<sup>1</sup> *Волин С.* Сведения арабских, персидских и тюркских источников IX-XVI вв. О долине р. Талас и смежных районах // *Материалы и исследования по археологии Казахской ССР. Т.1./ Труды Семиреченской археологической экспедиции: Таласская долина.* – Алма-Ата, 1949. – С.185.

<sup>2</sup> Подробней историю изучения Сайрама см.: *Байтанаев Б.А.* История археологического изучения Испиджабского историко-культурного района (XIX-XX вв.) // *Известия НАН РК. Серия общественных наук.* – 2012. – № 3. – С. 178-194.

<sup>3</sup> *Байтанаев Б.А.* К вопросу о топографии и стратиграфии городища Сайрам // *Известия НАН РК.* – Серия общественных наук. – 2007, №1. – С.62-81

Археологические работы на территории Сайрама нельзя назвать масштабными. Они проводятся эпизодически с разрешения землепользователей, а во время строительства на территории поселка – путем согласования проекта с уполномоченным органом по охране памятников.

Исследованиям 2013 года на городище Сайрам предшествовали не согласованные с уполномоченным органом по охране историко-культурного наследия строительные работы будущего торгового центра. По замыслу архитектора, здание это должно было состоять из двух равных частей, примыкавших друг к другу. В 2011 году для южной части торгового центра был вырыт котлован, в процессе земляных работ которого строители полностью уничтожили культурные слои, находившиеся на отведенной под него площади. Строительство было приостановлено. В профиле северной стенки вырытого котлована прослеживались останки архитектурного сооружения, выложенного жженым кирпичом караханидского стандарта, как оказалось позже, это были фрагменты средневековой бани. Начались раскопки площадки, отведенной под строительство северной части торгового центра. Раскоп, устроенный на месте второго котлована, был территорией действующего базара с собственной инфраструктурой, где имелись хозяйственные постройки, складские подвальные помещения, подземные коммуникации, вследствие чего верхний культурный слой этой части городища, порядка двух с половиной метров, был сильно потревожен и местами полностью уничтожен современной деятельностью человека.

В процессе археологических работ выявлено три разновременных строительных горизонта, на некоторых участках раскопа сохранившихся частично. Так, позднесредневековый культурный слой XVI-XVIII вв. сохранился лишь местами в восточной части, культурный горизонт эпохи тимуридов XIV-XV вв. выявлен в юго-западной части раскопа. Горизонт эпохи караханидов и саманидов вскрыт практически по всей площади раскопа. Он покоился на платформе - стиллабате, где в юго-западном углу находилась часть монументального сооружения гражданской архитектуры X-XII вв. Им оказались элементы бани, точнее ее топочная часть. В то же время в материалах раскопа явно отсутствовали находки монгольского времени - XIII- XIV вв. По этим данным был сделан вывод, что после взятия монголами Сайрама на данном участке города наступает временное запустение, продлившееся, возможно, более ста лет. Баня была заброшена, над ней появляется мощный зольный культурный слой, который начинает осваиваться лишь в тимуридское время.

15 Kyzylasov, L. (2006). *Carved bone leather whip from the grave Ak-Kun (Altai)*. *Brief reports of the Institute of History of Material Culture*.

16 Lipets, R. (2008). *"Face of the wolf is blessed ..." (stadial changes in the Turko-Mongolian epic and genealogical legends)*. *Soviet ethnography*. Moscow.

17 Nurzhanov, A. (2011). *Carved architectural decoration of the palace complex in the settlement of Kulan*. *International scientific and practical conference "III Orazbay reading"*. Almaty: KazNU.

18 Okladnikov A.P. (2013). *Petroglyphs of Chulytyn – gola (Mongolia)*. Novosibirsk.

19 Potanin, G. (1881). *Essays on Northwestern Mongolia*. Moscow: SPb.

20 Potapov, L. (1958). *Wolf in ancient folk beliefs and superstitions of Uzbeks. Brief reports of the Institute of Ethnography AN USSR*. 30. Moscow.

21 Rempel, L. (1956). *Interesting archaeological find in the valley of Talas. Gazette Academy of Sciences Kazakh SSR*. 4.

22 Rempel, L. (1987). *Secular images and wandering stories in the art of Central Asia. Chain of time*. Tashkent.

23 Savinov, D.G. (2004). *On a tradition in the art of the animal style. Theses of reports II archaeological conference "Scythian-Siberian world"*. Kemerovo.

24 Tolstov, S. (1935). *Vestiges of totemism and dual organization among Turkmen "Problems of history before capitalist societies"*. Soviet ethnography. 9-10. Moscow.

25 Zhyrmunski, V. (2011). *The study of the epic "Manas", Kirgiz heroic epic Manas*. Moscow.

### Түйіндеме

Ғұндар мен түркі тілдес халықтардың діни-наным сенімдерінде жануарларға табыну үстем болған. Жануарларға табыну ертедегі діндердің ерте діндердің бірі. Әр халықтардың өздерінің табынатын қасиетті жануарлары болған. Ерте дүниеде алғашқы адамдар табиғаттың сылқым күштеріне қорыққандықтан, өздерін жануарлар дүниесін қорғайтын күш ретінде сезіп білген. Қасқыр бейнесіне көптеген халықтар табынған. Қасқыр халықтардың мәдениетінің бір бөлігі бола тұра, әлеуметтік, ғұрыптық маңыз атқарған.

**Тірек сөздер:** археология, дін, қасқыр, түріктер, тәңірі

### Резюме

В религиозных верованиях хуннов, древних тюрков важное место занимали и тотемистические воззрение. Тотемизм – это самая древняя форма религии. Первыми богами были определенные животные. Как известно, культ животных возник в древнейшие времена, когда первобытный человек еще не отделял, не противопоставлял себя природе, и все родоплеменные отношения, и сам первобытный человек отождествлялись с миром животных. Образ волка является одним из наиболее значимых животных символов, разных народов мира. Во многих культурах он играет особую роль имеет огромное культовое, ритуальное и социальное значения.

**Ключевые слова:** археология, культ, волк, турки, Тенгри

ӘОЖ 903.53(574)

## БҰҒЫТАСТАРДЫҢ ЭТНИКАЛЫҚ ТӘУЕЛДІЛІГІ\*

**Ғ.Қ. Омаров** – *әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, тарих ғылымдарының кандидаты, доцент.*

**Е.М. Куркеев** – *әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, магистрант*

Мақалада Еуразия кеңістігіндегі кеңінен таралған, соңғы қола және ерте темір дәуірі кезеңдерімен мерзімделетін бұғытастардың этникалық тәуелділігі мәселесі көтерілген. Сынтастар кезітетін аумақтағы тұрғындардың антропологиялық, тілдік ерекшеліктеріне тоқтала отырып, ескерткіштерді қалдырған тайпалардың бастауын қарастырады. Авторлар посткеңестік ғалымдардың зерттеулеріне кеңінен тоқталған.

**Кілт сөздер:** бұғытас, сынтас, мәдениет, скиф, киммерийлер, скифтік-сібірлік өнер, абхаз-адыгей

Бұғытастардың этникалық сипаты жайлы мәселе ғылымда әлі де болса өз орнын таба қойған жоқ. Сынтастардың қандай мәдениетке немесе қандай этникалық топқа тиесілі екендігін анықтауда осы бұғытастар бетіне салынған бейнелердің аса маңызды екені анық. Бұғы бейнесі скиф-сібірлік мәдениетте кең таралған. Ол Еуразияның далалы аймағында қолданбалы өнер мен петроглифтерде жиі кездеседі. Дегенмен, скифтік жазба мәдениетінің болмауы немесе бізге жетпеуі бұл ескерткіштерді белгілі бір этникалық топқа тән деп қорытынды жасай салу қателігіне ұрындырары анық.

Аталған ескерткіштердің нақты мерзімделуін уақытын анықтау этникалық мәселелерге де жауап берері сөзсіз. Алайда, бұғытастар әр аймақта әр түрлі ескерткіштер тобымен қатар жүріп, бір мәдениетке тиісті емес екендігімен мәселені қиындата түседі [1, 89].

Батыс бөліктегі сынтастарды ғылымда «киммерийлік сынтастар (стелалар)» деп атаумен олардың этникалық тәуелділігін анықтағандай. Н.Л. Членова Солтүстік Кавказдық сынтастарды б.з.д. VII ғасырлармен кездеп, киммерийліктерге тән екендігін өз еңбегінде тұжырымдаған болатын [2, 75]. Дегенмен, аталған этникалық топ жайлы жазба әдебиеттерде кездескенімен, қандай археологиялық нысанның киммерийліктердің мұрасы екені әлі де болса басы ашық мәселе. Абхаз-адыгей тіл семьясында сөйлейтін халықтар ежелден Солтүстік-Батыс Кавказ жерін мекендеген болса да, бұл тілде ежелгі тайпалардың қайсысы сөйлегендігі әлі күнге дейін белгісіз болып отыр.

Сондай-ақ Азиялық бөлік бұғытастарының Еуропалық сынтастардан айырмашылығына қарап батыс

аймақтың сынтастарын қалдырушылар бұл өлкеге шығыстан ауып келген деген тұжырым орныққан. Киммерийліктер сынтастарды қашаушылар болса, ал олардың кейіннен қайда кеткені жайлы сұрақ өз жауабын таппаған, ал Кавказды мекендеген меот тайпаларын киммерийліктердің тікелей ұрпағы деген де болжамдар бар [2, 64].

Л.И. Лавров Қырымдағы тавр, синд, меот, керкет, торет, ахей, зих және т.б. ұсақ тайпаларды абхаз-адыгей халықтарының протобабалары ретінде көреді. В.П. Шилов та топонимикалық зерттеулердің нәтижесінде меоттықтарды адыгей тілінде сөйлеген деген қорытындыға келген. С.А. Токарев болса синд, меот, және тореттерді черкес халықтарының ата-бабаларына телиді. Осыған орай ғылымда киммерийліктер қазіргі абхаз-адыгей халықтарының арғы тегі деген болжамдар орын алған [3, 221].

1960-70 жылдары бұл тұжырымға қарсы пікірлер де белең алды. Мұның басты себебі киммерийліктерді Солтүстік Кавказға көшіп келген көшпелі тайпалар деген ойлардың қалыптасуында. Сондай-ақ киммерийліктер мен скифтерді еш дәлелсіз иран тілді тайпалар деп көрсете бастады. Кейіннен Л.И. Лавров меот, синд тайпалары адыгейліктердің ата-бабасы деген тұжырымға қарсы шықты. Ғалымның осындай қорытынды жасауына О.Н. Трубачевтың Солтүстік Қара теңіз жағалауында иран тілді тайпалармен қатар үндіарийлік тілде сөйлеген халықтар да мекендеген және меот, синд, тавр, киммерийліктер солардың қатарынан деген тұжырымы әсер еткен болса керек. Аталған аумақтардың топонимикалық атауларына көз жүгірткен ғалымдар шынымен де үндіарийлік тайпалардың осы аудандарда болғандығын дәлелдегендей [4, 38-41].

О.Н. Трубачев киммерийліктер Тамань аралының солтүстік бөлігін мекендеді деген ойды айтқан болатын [5, 40]. Алайда, кезінде атағы жер жарған халық сондай шағын территорияда ғұмыр кешуі мүмкін емес еді. Тіпті, киммерийліктерді жеке этникалық топ ретінде қарастырмай, белгілі бір халықтың осы аудандарға қоныс аударған бір бөлігі деген көзқарастар да болды. Дегенмен, киммерийліктердің шығу тегі, мекен ортасы, олардың қазіргі таңдағы ұрпақтары жайлы сауалдардың басы ашық мәселе.

Азиялық ареалдың бұғытастарына келетін болсақ, бұл аудан бұғытастары ерте скифтік кезеңде тұрғызылған. Еуразия кеңістігінде табылған барлық бұғытастардың 80% моңғол-забайкалдық типке жатады (1-сурет), ал бұл сынтастар болса өз кезегінде қарасұқ кезеңімен мерзімделеді. Қалған бұғытастар скифтерге дейінгі және ерте скифтік кезеңдерде қашалған. Соңғы қола кезеңі мәдениеттерінде бұғытастарда бейнеленген соғыс қаруларының түрлері мүлде кездеспейді. Бұғытастар таралған Азиялық бөлікте скифтердің жерлеу орындарының екі түрі кезігеді. Оның бірі – тақтатас қорғандар. Мұндай жерлеу орындары Байкал маңы, Маньчжурия, Орталық және Шығыс Моңғолия территорияларына таралса, осы жерден скифтік тағы бір мәдениет іздері – қорғандар (обалар) басталады. Обалар Батыс Моңғолия, Тыва, Алтай, Шығыс Қазақстанды қамтиды. Жерлеу дәстүрімен бірге нәсілдік белгілері арқылы ерекшеленеді. Тақтатас қорымдарда «моңғолоид» жерленсе, обаларда «еуропоидтар» жерленген [6, 100-102].

Бұғытастарды тұрғызу скифтік-сібірлік өнердің ең бастапқы кезеңіне тән және осы өнер бұғытастардан бастау алады. Сынтастар жылқыны қолға үйрете бастаған уақыттан бастап тұрғызыла басталуы мүмкін. Б.з.д. IX-VII ғасырлар бұғытастардың тұрғызылуының ең дамыған уақыты. Өйткені, б.з.д. VIII ғасырларда бұл мәдениет құлдырай бастайды. Оның басты көрінісі осы уақытта бүкіл Еуразия даласында бұғытастардың қарапайым түрлерінің тарала бастауы [1, 47].

Бұғытастардың ең ерте кезеңін анықтауда андроновтық жерлеу дәстүріндегі сынтастар тұрғызуды ерекше атап кетуге болады. Дегенмен, андроновтық мәдениеттің жерлеу орындары бұғытастар таралған Тыва, Моңғолия аумағында кездеспейді. Барлық мағлұматтарды талдай, сараптай келе ғалымдар бұғытастар көшпелі мәдениеттің қалыптасу кезеңінің ең алғашқы уақытында тұрғызыла бастаған деген пікірге саяды. Бұғытастардағы қару түрлерінің бәрі қарасұқ мәдениетінде кездескенімен, алайда Моңғолия территориясында скифтік заттар табылған жоқ [7, 126].

Сынтастардың қашалу уақытымен қатар андроновтық, монгун-тайгалық мәдениет және херексурлар дамыды. Сынтастардың андроновтық мәдениетіне жақындығын бұғытастарда қашалған ат арбаның бейнесінен де көруге болады. Себебі, арба андроновтықтардың басты жетістігі, дәл осы уақытта ат арбалар кең тарала бастады [8, 36]. Жоғарыда келтірілген мысалдардан бұғытастарды бір ғана мәдениетке немесе археологиялық нысанға таңып қою қателік, оған тағы бір айқын дәлелі бұғытастардың жекелей де, ешқандай жерлеу орнынсыз да орнатыла бергендігінде.

Азиялық бұғытастарды қашаушылардың бір бөлігі Еуропалық бөлікке қоныс аударып, бұғытастар мәдениетін сол аудандарда таратады. Сынтастар батыс аймақта өзгеріске ұшырай бастайды. Қоныс аударушылардың жүріп өткен территориясы мен бұғытастардағы өзгерістерді байқау мақсатында осы екі аймақты қосып жатқан Қазақстан мен Қырғызстан территорияларының сынтастары басты дерек көзі бола

алады. Қазақстан аумағында сынтастардың «классикалық», яғни, моңғол-забайкалдық типі мен саян-алтайлық типі кездеседі (2-сурет). Қырғызстан аумағының тастары да осы топтан, осыған қарағанда бұғытастар мәдениетінің бір тобы Қазақстан арқылы Қырғызстанға қоныс аударуы да мүмкін [9, 39].

Еуропада сынтастар черногоров кезеңіндегі ескерткіштермен қатар орналасады. А.А. Ковалев батыс аймақ сынтастарының бастамасын Азиялық аумақтан қарастыру керек екендігін тілге тиек етеді. Осыған сәйкес черногоровтық халық Солтүстік Қара теңіз аралығына көшіп келген. Сондықтан да черногоровтықтардың ертеректегі бастамасын шығыстан қарастырған жөн болады.

Археолог А.А. Ковалев Оңтүстік Алтайлық жануар бейнелері кездеспейтін бұғытастар Саяндағы жануар бейнелері қашалған сынтастармен бірге тұрғызылған, тек бұл кезеңде «андық стиль» Оңтүстік Алтайда әлі де болса жетіле қоймағандығын айтады. Бұл черногоровтық мәдениетте «аржандық» кейбір аналогтардың табылуына жауап болуы да мүмкін. Себебі, черногоровтықтардың бейнелеу өнерінде де жануарларды бейнелеу кенже қалған. Бұғытастардың екі типін әр түрлі мәдениет өкілдері қашап қалдыруы қате пікір [10, 159].

Черногоровтықтардың шығыстан батысқа басып кірген халық екені рас болса, оларға тиесілі ескерткіштерді шығыстан да іздеген дұрыс. Осыған орай, Булган гол өзені аралығындағы жерлеу орындарында бұғытастармен қатар черногоровтық параллельдер кезігеді. О.Р. Дубовский черногоровтықтарға тән ескерткіштердің Тывада, Синьцзянда, Енисейдің ортаңғы ағысында бар екенін айтады. Бұл черногоровтық халықтың бастауының алғашқы кезеңінде азиялық бөлікте мекендегенінің тағы бір дәлелі іспеттес [11, 66].

Қорытындылай келгенде, бұғытастардың этникалық сипатын анықтауда олардың әр ауданда әр түрлі ескерткіштер тобы мен әр түрлі мәдениетпен қатар жүретіндіктен де қиынға соғып отыр. Бірақ, осы тақырыпта зерттеулермен айналысқан ғалымдардың дені бұғытастардың скифтік кезеңге дейін тұрғызыла бастағанын қолдайды.



1 – сурет. Азиялық бөліктің моңғол-забайкалдық стильде орындалған бұғытастары





2 – сурет. Шығыс Қазақстан, Тарбағатай, Ойшілік шатқалы (З.С. Самашев бойынша)



1 Кубарев В.Д. Древние изваяния Алтая (оленные камни) / В.Д. Кубарев; отв. ред: Е.М. Тоцакова; АН СССР. СО. Ин-т истории, филологии и философии. – Новосибирск: Наука, СО, 1979. – 120 с.

2 Членова Н.Л. Оленные камни как исторический источник (на примере оленных камней Северного Кавказа). – Новосибирск: Наука, 1984. – 99 с.

3 Токарев С.А. Этнография народов СССР. – М., 1958, – 465 с.

4 Лавров Л.И. Историко-этнографические очерки Кавказа. – Л., 1978. – 226 с.

5 Трубочев О.Н. К вопросу о языке индоевропейского населения Приазовья // Античная балканистика (предварительные материалы). – М., 1975. – 196 с.

6 Добжанский В.Н. К вопросу о хронологии и культурной принадлежности оленных камней Монголии // Скифо-Сибирский мир. Искусство и идеология. – Новосибирск: Наука. 1987. – С. 99-102.

7 Савинов Д.Г. Оленные камни в культуре кочевников Евразии. – Спб.: СпбГУ. 1994. – 208 с.

8 Волков В.В. Оленные камни Монголии. – М.: Научный мир. 2002. – 248 с.

9 Табалиев К.Ш. Древние памятники Тянь-Шаня. – Бишкек: V.R.S. Coтpayy. 2011. – 320 с.

10 Ковалев А.А. О происхождении оленных камней западного региона // Археология, палеоэкология и палеодемография Евразии. Сборник статей. – М.: ГЕОС. 2000. – С.138-180.

11 Дубовская О.Р. Локальные зоны черноморской культуры (по материалам скорченных погребений) // РА. – № 2. 1994. – С. 63-74.

### Резюме

#### ЭТНИЧЕСКАЯ ПРИНАДЛЕЖНОСТЬ ОЛЕННЫХ КАМНЕЙ\*

В статье рассматривается принадлежность оленных камней, широко распространенные в евразийских просторах, датируемые концом эпохи бронзы и началом раннего железного века. Остановившись на антропологических, лингвистических особенностях обитателей региона в которых встречаются стеллы, ищут истоки племен оставивших памятники. Авторы, анализируют исследования постсоветских ученых.

**Ключевые слова:** оленный камень, стелла, культура, скиф, киммерийцы, скифо-сибирское искусство, абхазо-адыгей

### Summary

#### ETHNIC GROUP OF DEER STONES\*

The article discusses affiliation deer stones, which are widespread in the Eurasian expanse, dating from the late Bronze Age and early Iron Age. Dwelling on the anthropological, linguistic features inhabitants of the region in which there are boards, looking for the origins of tribes ostavivschih monuments. The authors analyzed the study of post-Soviet scientists.

**Keywords:** deer stone, stella, culture, Scythians, Cimmerians, Scythian-Siberian art, Abkhaz-Circassians

\* Мақала 1038/ГФ4 «Оңтүстік-Батыс Алтайдың ежелгі және ортағасыр көшпелілері: пәнаралық зерттеу» атты ҚР БЖҒМ Ғылым комитеті гранты аясында орындалды.

ӘӨЖ 792.97(091)(574)

## ҚАЗАҚ ТЕАТР ӨНЕРІНІҢ ТАРИХЫНДАҒЫ ҚУЫРШАҚ ТЕАТРЫНЫҢ ОРНЫ МЕН РӨЛІ

**М.Масалимова** – өнертану магистрі, Т.Жүргенов атындағы  
Қазақ ұлттық өнер академиясының аға оқытушысы

Қай елде болмасын келешек ұрпақты адамдыққа, азаматтыққа тәрбиелеу оның бала жасынан басталатыны белгілі. Бала-бақшалар мен мектептердің оқу үрдісіндегі рухани тазалыққа бағыттайтын арнайы бағдарламалар осының бір айғағы. Жалпы ұрпақ тәрбиесі мәселесінде, болашақта елдің, қоғамның тұтқасын ұстайтын олардың ары мен санасын, ішкі мәдениеті мен рухани бай болмысын қалыптастыруда, отансүйгіштік сезімін арттыруда қуыршақ және балалар театрларының алар орны ерекше. Осыған орай еліміздегі балалар театрларының бүгінгі ахуалы, репертуары, сахнаға қойылып жатқан шығармалардың көркемдік деңгейі жөнінде сауал туындайтыны анық.

Еліміздің Астана, Алматы, Шымкент, Жезқазған, Петропавл, Қарағанды, Ақтөбе, Ақтау, т.б. қалаларында өзіндік ізденістерімен, өзгеше бағыттарымен өнер көрсетін қуыршақ театрлары бар. Бірақ олардың деңгейі, репертуарлық саясаты бірдей деп айта алмаймыз. Бұлардың ішінде қойылымдарын көбінде Ресейден режиссер-мамандарды шақыру арқылы сахналайтын Ақтөбедегі «Алақай» қуыршақ театрын ерекше айта аламыз. Шығармашылық ізденісі, актерлік ансамблі және көркемдік таным-түсінігі жағынан бұл ұжым өзге өнер ордаларынан әлдеқайда алда тұр.

Бұл театрдың сахнасына ресейлік режиссер Сергей Балыков «Сыртандар» деп аталатын қазақ ертегісі бойынша «Отпусти поводья и лети» қойылымын жарыққа шығарды. Мұнда қазақтың өте ерте кезеңдегі

шамандық рәсімдерін қайта тірілте отырып, ол балалар санасының ұлттық тәрбиеге негізделу қажеттілігіне баса назар аударған. Отқа, Тәңірге, Жаратылыстың тылсым күшіне табынуды суреттейтін спектакльде С.Балыков қуыршақтарға жан бітіреді.

Үштіктің, яғни адамның, қасқыр мен иттің сырттандары арасындағы тартыс адамзатқа тән игі қасиеттерді меңзейді. Мұнда азулы аңдармен қақтығысқа түскен жігіттің бейнесі арқылы адам өз бойындағы үрей мен қорқынышты жеңу керек деген ой айтылған. Сонда ғана бұл жалған тірліктегі барлық азап пен қиындықтан арылуға болады екен.

Қызу тартыс пен шытырман оқиғаға, нанымды әрекетке құрылған ертегінің философиясы тереңде жатыр. Жер бетінің саналы иесі Адамға Жаратушы ие берген ерекше қасиет – оның өз бойындағы қуатты күштің салмағын түйсінуі, сол арқылы өзінің жаулары мен дұшпандарына немесе сырттан келер қарсы күштерге төтеп бере алатындығын көрсетуі болып табылады. Шығарманың «Сырттандар» деген тақырыбына сай тұз тағысы мен адамның досы саналатын иттің арасында өрбитін қақтығыстан тіршілікте кездесіп жататын кедергілер мен тосқауылдардың үнемі, үздіксіз болатынын байқаймыз.

Ал, актерлік ансамбль шынайы ойындарымен көпшіліктің есінде қалды. Соның ішінде шежіреші қарттың роліндегі актер Е.Ермағанбетовтың өзіндік ойыны ерекше деп айтуға лайықты. Тарихты шежіре ретінде жырлау дәстүрі – қазақ халқында ертеден-ақ қалыптасқан салттың бірі. Мұның әрине бүгінгі ұрпақ үшін маңызы зор. Себебі, қазіргі буын жасөспірім өткенді тарих, шежіре арқылы біледі. Актердің де өз кейіпкеріне осы тұрғыдан келгендігі байқалады. Сонымен бірге роль орындаушылардың шалт қимылы, берер секундтың ішінде киімдерін жылдам өзгертіп, басқа образға тез енуі көрерменді таң қалдырады.

Қойылымның ұлттық бояуын актерлер мен қуыршақтардың киімдері, сахнаның безендірілуін (суретші Ә.Құрманалина): киіз үйдің шаңырағы, үзік, басқұр әрлеп, қазақтың ұлттық аспаптары: домбыра, үрмелі аспаптардың үні қоюлатып, әсерлі де әдемі қойылым түзіпті.

Елімізде екінші болып, яғни 1981 жылы іргетасын қалаған (1988 жылы қазақ труппасы құрылған) Маңғыстау облыстық қуыршақ театры да – қазіргі уақытта жергілікті тұрғындардың, оның ішінде мектепке дейінгі және мектеп жасындағы балалармен жұмыс жасап жатқан бірегей ұжым. Жас жеткіншектерге рухани байлықты насихаттау, оларды жан тазалығына, адамгершілікке баулу театрдың басты миссиясына айналған. Сол негізде репертуарға түрлі жанрадағы «Аленушка мен солдат» мультфильмі, Е.Қауынбаевтың «Алдар көсе хикаясы», ұлттық дәстүрді дәріптейтін «Шашу», Н.Оразалиннің «Аққұс туралы аңыз», М.Бартеңевтің «Сәлеметсіз бе!», Ә.Табылдиевтің «Бітпес оқиға», Б.Пармановтың «Қадырдың бақыты», Н.Майбоның «Қайта жаңғырған аңыз», В.Орловтың «Алтын балапан», т.б. қойылымдар түзген.

Театрда актерлер сырттан келген және еліміздегі белгілі режиссерлермен жұмыс жасауға мүмкіндік алған. Мысалы, С.Мақұлбеков, Н.Майбо, Б.Парманов, А.Веселов, В.Дерягин, П.Потороко, Ю.Набоков, т.б. Бұл түрлі қолтаңбамен, түрлі режиссерлік шешімдермен, қилы тұжырымдармен сахналанған қойылымдарда өнер көрсетудің, ізденудің негізгі жолдары болмақ. Бүгінгі қазақ театрларында белең алған бір ұжымның бір ғана режиссермен жұмыс жасау тәсілінің көп жағдайда шындалған ізденіске апармайтындығын тәжірибе көрсетіп отыр. Ал, Маңғыстау қуыршақ театрының қолға алған әдісі қуантарлық-ақ жағдай. Сонымен қатар бұл әдістің жас көрерменнің эстетикалық талғамын арттыруға септігі мол.

«Театр қазіргі таңда халықаралық аренаға шықты. Кеңес Одағы тараған соң үзіліп қалған байланыстар қайта жаңғыртылды. Өз қазанында өзі қайнамай, басқа театрлармен әріптестік байланыстар орнатып, өзара тәжірибе алмасуды дәстүрге айналдырды. Мұның ішінде Украина, Ресей, Чуваш театрларымен арадағы достық байланысты ерекше атаған жөн» [1, 71 б.], – деп жазады баспасөзде маңғыстаулық қуыршақ театрының бүгінгі тынысы туралы. Мұны бүгінгі жаһандық мәдениеттің талабы мен сұранысынан туындаған алғы жылжудың бір бағыты дейміз.

Ал, 1983 жылы шымылдығын ашқан Оңтүстік Қазақстан облыстық қуыршақ театрының репертуарында С.Оспановтың «Мұңлық – Зарлық», Н.Гернеттің «Аладдиннің сиқырлы шамы», Б.Метальниковтың «Ұйқыдағы ару», тәуелсіздік жылдарында М.Байғұттың аудармасындағы М.Садовскийдің «Маша мен аю», «Би-би роботтың басынан кешкендері», М.Байғұттың «Достық мектебі», У.Шойбековтың «Арыстан патша», М.Ахмановтың «Алдар көсенің айласы», М.Шуринованың «Орман қожайыны», Г.Ландаудың «Қоян, түлкі және әтеш», т.б. балаларға арналған қойылымдар бар.

Негізінен Қазақстанның қуыршақ театрлары бір кейіпкермен, яғни бір ғана қуыршақпен шектеліп қалмаған. Оларда бейнелердің көптеген түрлері бар: түрлі-түсті магадан жасалған адамдар, аңдар, үй жануарлары мен жыртқыштар, марионеткалар және саусақты ойнату арқылы көрсетілетін образдар –

бұлардың барлығы қуыршақ театрларының спецификасына тән қойылым қоюдың алғышарттарының бірі. Шығыстың аңғал атасы Қожанасыр, қазақтың аңыз кейіпкері, кедейлер мен зәбір көргендердің досы саналатын Алдар көсе, торайлар, қасқырлар, сыған қызы, шығыс биін билейтін қыздар, өзбектің «Ялла» ансамблінің солисі Фаррух Закиров, жалмауыз кемпірлер, лақтар мен қозылар, т.б. жасау техникасының өзі қызықты әрі күрделі және оларды ойнату үшін өте ептілік, жылдамдық қажет.

Осындай кейіпкерлерге бай Мемлекеттік қуыршақ театрының репертуарында қазақтың «Қаңбақ шал» ертегісі, Н.Оразалиннің «Тарқамайды тойымыз», әрбір өскелең буынның сүйікті шығармасына айналған С.Михалковтың «Үш торай», Н.Фришердің «Кішкентай құтан мен қарақшы», орыс халық ертегісі «Морозко», т.б. көптеген шығармалар бар. Бұлардың барлығы түрлі оқиғалар арқылы балаларды адалдыққа, мейірімділікке, патриотизмге баулиды.

Негізінен Қазақстандағы ең алғашқы қуыршақ театры – осы Мемлекеттік қуыршақ театры. Бұл театрдың тарихы 1935 жылдан бастау алады. Сол уақыттан бастап балалардың рухани әлемін байыту және арттыру, оларды тәрбиелеу жұмыстарын болашақ қоғамның тұтқалары негізінде жүргізу қолға алынған болатын. Сол негізде елімізде қуыршақ және балалар театрлары бой көтере бастады. Мұндай игі істің көшбасында алғашқы режиссерлер Ю.Рутковский, П.Пашков, А.Михайлов, тұңғыш актерлер Б.Слонов, Б.Парманов, С.Шүкіров, Ш.Қадыров, Т.Майская, С.Қабиғожина, т.б. тұрды. Олар репертуарға салмақпен қарап, бала психологиясына кері әсері жоқ, керісінше тазалықты, адамгершілікті, гуманизмді насихаттайтын дүниелерге баса назар аударды.

Бастапқы кездері қарапайым таяқ қуыршақ пайдаланған актерлер бірте-бірте түрлі бейнедегі кейіпкерлерді, марионеткаларды қолданысқа енгізді. Мұндай ізденіс театрдың түрлі жанрда ойын көрсетуіне мүмкіндік туғызды.

Қазіргі күні кәсіби дамудың биік белесін бағындырған театрдың репертуарындағы «Үш торайдың» айтар ойы баланың болашағы үшін маңызды. Мұндағы қызықты әрі бір жағынан қорқынышты оқиғалар желісіндегі тартыс ақылды, еңбекқор Наф-Наф, оның жалқау, ойсыз, ойынкұмар бауырлары Нуф-Нуф пен Ниф-Ниф және мейірімсіз қасқыр арасында өрбиді. Тез бұзылатын заттардан үй салған соңғы екеуі үйі кірпіштен мықтап салынған Наф-Нафтың ақылын өздеріне қасқыр шабуыл жасағанда ғана түсінеді. Соңы татулықпен, түсіністікпен аяқталатын қойылым бас-аяғы жинақы, идеясы айқын, әрі балаларды өзіне баурап аларлық деңгейде сахналанған.

Ал, «Морозко» спектаклінің оқиғасы бізге кітаптан да, мультипликациялық фильмнен де, сондай-ақ, көркем фильмнен де таныс «Күл қыз, күң қыздың» («Золушка») сюжетімен сарындас. Өгей шешенің еңбекқор, адал жетім қыздан өзінің жалқау қызын биік қоятын әділетсіздігі шытырман көріністер құрайды. Спектакльде зұлым кемпір асыранды қызды қастандықпен орманға жұмсайды. Бұл жерде оған Аяз ата кездесіп, үлкен кісінің айтқанын мүлтіксіз орындаған қызға сиқырлы ата қымбат киімдер мен көптеген сыйлықтар беріп, үйіне қайтарады. Сөйтіп, мейірімділікті, адалдықты насихаттаған бұл қойылым да әдемі аяқталады.

Аталмыш театр осындай қызықты қойылымдарымен әр жылдарда Ресей, Қытай, Түркия, Жапония, Чехословакия, т.б. тәрізді алыс-жақын шет елдерге барып, арнайы жүлделерді иеленуден кенде емес. Актерлік ойындарда да алға жылжу бар, өзіндік ізденістерімен көзге түсіп жүрген роль орындаушылар жетерлік. Мысалы: Серік Мақұлбеков, Татьяна Майорова, Фаридатакеева, Иван Остапенко, Михаил Селеверстов, Толқынай Өмірзақова, Нұржан Рүстембеков, Еркебұлан Құттыбаев, Ақбөпе Төлтаева, Азамат Алмаханбетов, Ержан Бегашев, т.б. Олардың бүгінге дейінгі және қазіргі уақыттағы атқарып жатқан еңбектері орасан зор. Себебі, жансыз кейіпкерге жан бітіретін олар драма артистеріне қарағанда көп ізденеді, көп күш жұмсайды. Кейбір спектакльдерде бірнеше кейіпкерді бір немесе екі актердің ғана роль орындауы мүмкін. Бұл әрине өте қиын, бірақ бұл олардың шеберлігін байқатады. Десек те, шешімі уақыт күттірмейтін, қордаланған мәселелер жоқ деп те айта алмаймыз.

Қазақстанда қуыршақ қойылымдарын қоятын режиссерлер Бекболат Парманов, Құралай Ешмұратова, Тастан Өтебаев. Көріп отырғанымыздай, режиссерлердің саны өте аз, тіпті жоқтың қасы деп айтуға болады. Сондықтан ұжымдар шет елдерден, Ресейден кәсіби мамандар шақырып, спектакль қоюға мәжбүр. Бұл елімізде қуыршақ режиссерлерін оқытатын оқу орнының жоқтығына байланысты болып отыр. Алдағы уақытта Астанадағы өнер университеті мен Алматыдағы өнер академиясы осы мәселені қолға алуы керек деген ойдамыз.

Репертуар мен көрерменнің аздығы да айтарлықтай проблемаға айналып отыр. Балалар драматургиясының тәуелсіздік жылдары кемшін қалып жатқанын осы уақытта тек С.Балғабаетовтың «Жамбала, Мико және қасқыр», К.Оразбекұлының «Иол – мәңгілік ағашы» (балаларға арналған шығармаларының жинағы) ертегілерінің жазылуынан байқау қиын емес. Көріп отырғанымыздай, жаңа шығармалар саусақпен санарлықтай ғана.

Қазіргі уақытта балалар драматургиясының, яғни қуыршақ театрлары сахналайтын шығармаларды зерттеудің де, ондағы идеялық айқындықты танудың да кемшін қалып жатқандығы осындай мәселелерге байланысты деп ойлаймыз. Кеңестік дәуірдегі және қазіргі кезеңдегі балаларға арналған шығармалардың жазуылу тарихы, жолдары, сахналану деңгейі жөніндегі тұжырымдар мен ой-пікірлерді Б.Ысқақов [2], С.Ордалиев [3], А.Ақтанова [4], т.б. еңбектерінен кездестіреміз.

Қуыршақ театрлары жөнінде өзінің кәсіби пікірін үнемі білдіріп отыратын театр сыншысы Мәншүк Тәшімова: «...Театр репертуарында қазақ баласының бойына ұлттық болмыс пен қазақы мінезді қалыптастыратын, намысты, жігерлі, мейірімді болып шыншылдыққа тәрбиелейтін қойылымдар болуы өте керек» [5, 26 б.], – деп жазады. Сыншы мақаласында Алматының төрінде орналасқан Мемлекеттік қуыршақ театрының белсенді көрермені дерлік орыс ұлты екендігін, қазақ ата-аналардың балаларын театрға апаруы өте сирек екендігін алға тартқан. Бұл – ащы да болса шындық. Балаларға арналған қойылымдарды талдау арқылы жеткіншектің ой-санасын дамытып, болашақ өмірге сауатты да салауатты кадам жасауға бағыттауға қазақ ұлтының өкінішке орай немқұрайды қарайтынын нақты дәлелдермен келтіреді мақала авторы.

Жалпы қойылымдарға қаржының аз бөлінуі, осы бағытта арнайы түрде білім алған мамандардың тапшылығы, түрлі бейнедегі қуыршақтарды жасайтын техник-мамандардың жоқтығы, репертуарда бала психологиясына оң әсерін беретін көркем шығармалардың өз тілімізде мүлдем жазылмауы, т.с.с. Мемлекеттік қуыршақ театрының адамын бастырмай тұрғандығы жасырын емес.

Кей кездері еліміздегі үлкен қалаларда өтетін фестивальге Еуропа, Батыс, Азия елдерінен келген қойылымдарды орыс, ағылшын тілдерінде синхронды аударудың жолға қойылмауы, сауатты аударатын мамандардың жоқтығы немесе мұндай істерге мән берілмеуі де біздің Мемлекеттік қуыршақ театрында үлкен мәселе болып отырғандығы қынжылтады.

Негізінен шет елдердегі қуыршақ театрларының көпшілігі дерлік жеке меншік театрлар болып саналады. Олар әрине ақша табу үшін репертуарлық саясатқа өте мұқият қарайды, көп ізденеді, бір жағынан – бала психологиясына жеңіл әсер ететін, екіншіден – оларды баурап алатын дүниелерге мән береді. Сондықтан да мұндай ұжымдар репертуарлық жағдайы жағынан да, қаржылық тұрғысынан да алда болады. Жеке меншік болғандықтан бұлар көшеде, базарларда, саябақтарда өнер көрсете береді. Бұл әрине қызықты, әрі халық көп жиналған жерлерде қаражат табу да қиынға түспейтіні белгілі. Оның үстіне материалдық жағдайдан гөрі рухани құндылықты бірінші қоятын өзге елдерде мұндай қойылымдарға көрермен үнемі қызығушылық танытып отырады.

Қорыта айтқанда, заман, қоғам, ондағы өмір сүру үрдісінің кейбір бағыттары өзгерген сайын бала тәрбиесінің әдістері де өзгеріп отыратыны белгілі. Ендеше бүгінгі уақыт талабына лайықты, қазіргі көрерменнің сұранысына сай жаңа, тың тақырыптар өте қажет. Өзінің ғылыми зерттеуінде балалар әдебиетін жік-жікке бөліп қарастырған Айман Ақтанова осындай мәселер жөнінде: «...Дегенмен, балалар әдебиетінде, оның ішінде балалар драматургиясында әлі де болса қазіргі заманның шынайы кейіпкерінің болмауы жоғарыда айтып өткен дәстүрдің әсері демекпіз. Балалар жазушыларының қазіргі заман балаларының талап-тілегін орындайтын, олардың көңілінен шығып, көкейіне қонатын туынды бере алмауы, ең алдымен балалар өмірін, олардың тыныс-тіршілігін білмеуінен шығады. Жазушының алдындағы одан кейінгі бөгет – қоғамдағы әр түрлі қайшылықтардың философиялық тұрғыдан ашылмауы, балалар әдебиеті теориясының жасалмауы, әдеби сынның өз деңгейінде дамымауы еді. Кез келген балаларға арналған шығарманы оқып отырған жеткіншек, балдырған одан өз ұлтына тән қасиеттерді ала отыруы керек» [4, 173-174 б.б.], – деп жазады. Расында, жас бүлдіршіндерге түсінікті, қабылдауына жеңіл, қызықты оқиғаға құрылған шығармалар ауадай қажет.

Қазіргі уақытта адам психологиясы, өмір сүру дағдысы жаңа ХХІ ғасырға негізделіп келе жатқандығы рас. Оның үстіне техника мен технология қарқынды даму үстінде. Осы салада жаңалықтар көп-ақ. Бұдан шығатын қорытынды, осындай технология арқылы өзіміз өмір сүріп отырған ортаның тіршілігін қисынды, әдемі суреттейтін балаларға арналған туындылардың қажеттігі – кезек күттірмейтін мәселе.

1 Құдайберген С. *Кішкентайлардың үлкен театры* // *Театр.kz*. № 9, 2011.

2 Ысқақов Б. *Кішкене театр*. – Алматы: Мектеп, 1959. – 119 б.

3 Ордалиев С. *Қазақ совет драматургиясының очеркі*. – Алматы: Жазушы, 1964. – 276 б.

4 Ақтанова А. *Балалар әдебиеті. Қазақ балалар драматургиясы мәселелері. Оқу құралы*. – Астана: Фолиант, 2011. – 200 б.

5 Тәшімова М. *Орыс көрермендері толық, қазақ көрермендері қайда?* // *Мәдениет*. № 1, 2010.

### Түйіндеме

Бұл мақалада Қазақстандағы қуыршақ театрларының тарихына шолу жасалған, сонымен бірге бүгінгі репертуардағы қойылымдар талданған. Ақтөбе облысындағы «Алақай», Маңғыстау облысындағы және Алматы қаласындағы Мемлекеттік қуыршақ театрларын зерттеген автор шешілуге тиісті мәселелерді де назардан тыс қалдырмаған. Сонымен бірге аталған театрдың көрермендерінің ішінде қазақ балаларының аздығына, спектакльдерге қаржының аз бөлінетіндігіне, түрлі қуыршақтарды жасайтын арнайы мамандардың жоқтығына, қуыршақ театрларына арналған пьесалардың жазылмауы мен олардың сан жағынан аздығына тоқталады.

Мақалада талдауға алынған қойылымдардың режиссерлік интерпретацияларына, актерлік трактовкаларына, репертуарлық саясатына баға бере отырып, өзінің кәсіби пікірін ортаға салған. Шет елдердегі жекеменшік қуыршақ театрларының ізденісін алға тартқан мақала авторы бүгінгі технология мен техниканың көмегі арқылы қызықты спектакльдер сахналауға мүмкіндіктің барына дәлелдер келтірген.

**Тірек сөздер:** театр, пьеса, режиссура, интерпретация, марионетка, актерлік шеберлік, репертуар

### Резюме

Эта статья представляет собой обзор истории кукольных театров в Казахстане, а также анализирует репертуар на сегодня. Автор исследовала опыты театров «Алақай» Актюбинской области, Государственных кукольных театров в городе Алматы и Мангистауской области и не оставила без внимания решаемые проблемы. В то же время указывается малое количество казахских детей в аудитории театра, спектакли, которые получают минимальное финансирование, не достаточность специалистов, пьес для данного вида театра.

Режиссерская интерпретация, трактовка актеров, политика репертуара анализировалась в рассмотренных работах в статье, где автор делится профессиональным мнением. Автор ставит в пример, частные зарубежные кукольные театры и представляет доказательство того, как с помощью современных технологий и технической помощи можно ставить интересные спектакли.

**Ключевые слова:** театр, спектакли, кино, интерпретация, кукольный, актерское мастерство

### Summary

In this article the history of puppet theatres in Kazakhstan is discussed as well as the repertoire of today's puppet theatre. The author researched the experience of "Alakai" theatre in Aktobe region and State puppet theatres in Almaty and Mangystau region. Also, the lack of Kazakh kids audience, financing, specialists and plays for such theaters are revised.

Director's interpretation, actors work, politics of the repertoire is analyzed in the article where the author shares her professional opinion. The author puts the foreign puppet theatres as an example and proves with detailed examples that with the help of modern technology and technical support many interesting plays can be adapted for stage.

**Key words:** theatre, plays, film, interpretation, puppet, acting technique

УДК: 391(574)

## ОТАНДЫҚ ДИЗАЙНЕРЛЕРДІҢ ТОПТАМАЛАРЫНДАҒЫ ДӘСТҮРЛІ ҚАЗАҚ БАС КИІМІНІҢ ҮЛГІСІ

**М.З. Мұсаханова** – *т.ғ.к., Т.Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық өнер академиясының «Өнертану» факультетінің профессоры,*  
**Ж.М. Мұсаханова** – *“JanElle” брендінің дизайнері*

Қазіргі заманда жаңа көркемсурет-конструкторлық және технологиялық шешімдер заманауи киім үлгілері жасау үшін материал, пішін, конструкция, декор, техника және жасау әдісі, дәстүрлі технология шығармашылық идея болып табылған, ұлттық киім сарқылмас шабыт көзіне айналады.

Шығармашылық идеядан жобалық шешіміне дейін өндіріс топтаманың қысқартуы киім жобалауының методология зерттемесінің негізгі бағыты болып табылады.

Тарихи мұраны терең зерттеу барысында ерлер бас киімі костюмнің маңызды бөлігі екендігі, аталмыш тақырып қазіргі заман сәнінің контекстінде өзекті болып табылатыны айқын. Зерттеу нәтижелері қазақ дәстүрлі ер киімінің элементінің көпшілікке таратуына көмектесіп және жастардың ұлтжандық сезімін арттыратыны күмәнсіз.

**Тірек сөздер:** топтама, бейнелеу-сурет материалдары, фотосуреттер, киім-кешек, дәстүрлі бас киім

В настоящее время в творчестве отечественных дизайнеров одежды предпринимается попытка осуществить синтез традиционного и современного [1]. Однако, наблюдается некоторая декоративность в дизайне, что предполагает создание «неносимой» одежды. Кроме того, следует заметить, что дизайнеров мужской одежды прет-а-порте очень мало, а тех, кто работает с традиционными мужскими головными уборами в качестве источника вдохновения, и того меньше. Не только в кустарном, но и фабричном производстве, в профессиональной среде зачастую можно наблюдать формальный подход к конструированию моделей одежды и, в частности, головных уборов. Они создаются без учета

семантических особенностей. Однако, приведенные в данной статье дизайнеры к таковым не относятся, а наоборот, необходимо отметить их важный вклад в популяризацию традиций казахских головных уборов.

Казахстанский дизайнер Жумагалиев Муслим, создал реконструкции повседневной и нарядной одежды казахов. Особое внимание уделено мужским головным уборам: мұрақ, тымақ, қалпак, бөрік, башлык. Мұрақ выполнен из войлока бордового цвета с высокой конической тульей с острой макушкой и широкими отгибающимися полями, вышивка в виде растительного орнамента золотым шитьем. Тымақ - из меха пушного зверя светлоохристого оттенка. Состоит из двух частей: туля цельнокроенная с плоской верхушкой и небольшой лопастью. Налобник пришитый отдельно, удлиненные боковые лопасти. Қалпак - красного цвета, подчеркивающий молодость владельца, с высокой конической тульей из четырех клиньев и широкими отгибающимися полями. Бөрік - полусферической формы, верх из шести клиньев из парчи, оторочен мехом пушного зверя черного цвета. Башлык - конической формы из войлока, украшенный вышивкой с геометрическим орнаментом, оторочен мехом. Туля сшита из четырех клиньев, с боков и сзади лопасть, выкроенная из двух одинаковых кусков меха серого цвета, со швом сзади [2].



Рис.1. Коллекция Муслима Жумагалиева





Рис.2. Коллекция Муслима Жумагалиева

Дизайнер из Тараза Айдархан Калиев создает творческие интерпретации казахского традиционного костюма, соблюдая баланс между реконструкцией исторического костюма и от кутюр. В основном он создает женские головные уборы, однако,

встречаются и мужские головные уборы, которые представлены в виде башлыка сложной конструкции и калпака, практически в первозданном виде. Калпак из атласа голубого цвета, с высокой конической тульей со скругленной макушкой и отгибающимися ассиметричными полями. Нашиты драгоценные камни и аппликации из золотистой ткани. С боков и сзади лопасти, выкроенные из двух одинаковых кусков голубой шелковой ткани. Башлык, в свою очередь, выполнен из войлока светло-серого оттенка, тулья сшита из четырех клиньев, с боков и сзади лопасть выкроена в форме трапеции из одного куска ткани, тулья головного убора украшена орнаментальной аппликацией [3].



Рис.3. Коллекция Айдархана Калиева

Дом моды «Сымбат» в своей практике часто обращается к теме национальной одежды и успешно создает сценические и имиджевые коллекции, где большое внимание уделяется мужским головным уборам (бөрік, мұрақ, қалпақ, башлык, тымақ). «Бөрік» полусферической формы, верх из четырех клиньев из черного драпа, оторочено мехом норки дымчато-серого цвета. Тулья вышита серебряными нитями в виде орамента «қошқар мүйіз». Интересным фактом является то, что традиционные мужские головные уборы трансформированы в современные женские. Так, например, «қалпақ» преобразован в женскую шляпу, айырқалпақ – в женский «бөрік» с отворотом характерным только для головного убора «мұрақ» [4].



Рис. 4. Коллекция Дома моды «Сымбат»





Рис. 5, 6. Коллекция Дома моды «Сымбат»

Казахстанский дизайнер Балнур Асанова создает свои коллекции на базе историко-этнографического наследия, путем творческого переосмысления казахского национального костюма. Головные уборы, представленные в ее коллекциях – яркие, обильно декорированные традиционным орнаментом. Работа ведется в большинстве своем над женскими головными уборами, такими как «саукеле», «бөрік», «кимешек» и т.д. [5].

Как и вышеперечисленные дизайнеры, Дом моды «Ерке-Нұр» создает имиджевые коллекции одежды и сувенирно-выставочные мужские головные уборы, которые пользуются спросом во время национальных праздников. Например, «мұрақ», «бөрік». В моделях преобладают сочные цвета, ярко выраженный орнамент, вышивка, смелый крой. «Мұрақ» – из бархата синего цвета с высокой конической тульей со скругленной макушкой и широкими отгибающимися полями, вышивка золотым шитьем растительного орнамента. «Мұрақ» из серого бархата, тулья со скругленной верхушкой. Поля с двумя разрезами расшиты белой тканью. Тулья и поля украшены вышивкой с растительным орнаментом [6].



Рис. 7, 8. Коллекция Дома моды «Ерке-Нұр»

Центр Моды «Мақпал» также практикует создание имиджевых и сценических головных уборов того же типа, что и «Ерке-Нұр», преимущественно женских. Однако в коллекции 2003 года представлены мужские головные уборы в виде башлыков из каракульчи и льна, «тымақ», «мұрақ», отороченные мехом [7].



Рис. 9, 10. Коллекция Дома моды «Мақпал»

Если говорить о казахстанских производителях одежды прет-а-порте, следует упомянуть таких дизайнеров как Салтанат Баймухамедова, Сергей Шабунин и Камила Курбани, которые, к сожалению, в своем творчестве уделяют внимание лишь женским головным уборам.

Так, Салтанат Баймухамедова в своих коллекциях часто обращается к национальным головным уборам как к источнику вдохновения:

- в коллекциях прет-а-порте осень-зима 2008-2009 и осень-зима 2013 очень гармонично использован стилизованный «тымак» из искусственной каракульчи и овечьего меха, обшитый разноцветным стеганым ситцем;

- в коллекции весна-лето 2013 центральное место занимает тюрбан монохромных оттенков (чалма, сэлде), который носили представители духовной знати Казахстана;

- в коллекции весна-лето 2014 - головные уборы, напоминающие малахай и башлык из джинсы и пестрой ткани, преимущественно красного цвета [8].



Рис. 11. Модели коллекций Салтанат Баймухамедовой

Сергей Шабунин же, в свою очередь, в своей коллекции 2012 года обращается к головному убору «тымак». Несмотря на то, что в его образах преобладает европейский стиль, изюминкой коллекции стал традиционный головной убор из лисьего меха в гармоничном сочетании с облегающими кожаными брюками и туникой свободного кроя [9].

Основной принцип коллекции осень/зима 2011-2012 *Mixing seasons* Камилы Курбани – многослойность, многофактурность, сочетание в одном изделии до четырех различных типов ткани, использование отделок разных фасонов и стилей. Особенно интересны головные уборы из каракульчи, напоминающие микс пилотки и «бөрік» с использованием черного, молочного, коричневого цветов и охры [10].





Рис. 13. Коллекция Камилы Курбани

В своем творчестве в той или иной степени к традиционным головным уборам обращается Аккенже Девятко, которая мастерски стилизовала «тымақ», прекрасно дополнивший эклектичные и смелые образы успешно продемонстрированные на Парижской неделе моды. Интересен «тымақ», переходящий в меховое болеро с капюшоном. Тулья ассиметричной формы, от которой по бокам отходят длинные наушники и назатыльник-капюшон. Другой «тымақ», из лисьего меха с наушниками и назатыльником, краем ближе к традиционному [11].



Рис. 14. Коллекция Аккенже Девятко

Художник с мировым именем Сауле Бапанова, в большинстве случаев создает женские эксклюзивные коллекции одежды. Однако присутствуют и великолепные мужские модели, в которых по новому звучат традиционные головные уборы из войлока. К примеру, «айыркалпақ» - из неокрашенного цельного войлока с высокой конической верхушкой. Поля широкие, с двумя разрезами, края которого обшиты полоской из коричневой ткани. Второй «калпақ» выполнен по этому принципу, единственным отличием является форма края полей.

Яркой представительницей этностиля Аей Бапановой в дебютной коллекции, представленной на Казахстанской неделе моды присутствуют интерпретации «бөрік» и «тақия» из красного войлока, а в

более поздней работе 2012 года презентованы стилизованные рогообразные головные уборы и маски, которые в прошлом носили жрецы и шаманы [12].



Рис. 15. Коллекция Аи Бапани

Проведя анализ использования традиций казахских головных уборов в творчестве отечественных дизайнеров можно сделать отдельные выводы. В данный момент в казахстанском дизайне сосуществуют две равноправные тенденции использования художественных традиций казахского национального костюма: размывание стилистических границ и эклектичное смешение различных культур с целью создания межкультурного образа, и привязка к конкретной культуре с целью формирования некоего идентифицирующего образа, который может служить определяющим критерием национальной идентичности.

В сложившейся ситуации необходимо соблюсти правильный баланс при создании коллекции. Казахстанская молодежь предпочитает европейскую моду, а казахстанские дизайнеры создают больше этноимиджевые коллекции далекую от «ношения» в условиях современной городской среды. Следовательно, дизайнерам необходимо обратить внимание на интеграцию и адаптацию элементов традиционного казахского костюма в реалии урбанистической среды, что и является нашей ближайшей задачей.

1 Володева Н.А. Художественные традиции казахского национального костюма в современной практике дизайна одежды // «Простор». - Алматы, 2009. - № 10. - С. 178-183.

2 Национальная одежда казахского народа / Сост. Б. Хинаят, А. Сужикова. - Алматы: Алматыкитан, 2007. - 384 с.

3 Калиев А. Костюм кочевников Великой степи. / *электр. ресурс: [www.kandor-tower.kz/kaz\\_kostyumi](http://www.kandor-tower.kz/kaz_kostyumi) - World Discovery Kazakhstan/* - № 01 (12) - 2007.

4 Асанова С. Қазақтың ұлттық киімдері: Каталог оқулық. - Астана: Фолиант, 2008. - 152 б.

5 Асанова А.Е. Культурное наследие казахского народа как источник вдохновения дизайнеров – модельеров. // *Материалы Международной научно-практической конференции «Современные проблемы развития человеческого общества».* Лондон, Киев. 21-28.07. 2011.

6 Национальная одежда казахского народа / Сост. Б. Хинаят, А. Сужикова. - Алматы: Алматыкитан, 2007.- 384 с.

7 Фотографии с электронного ресурса: [www.damu.kz](http://www.damu.kz)

8 Фотографии с электронного ресурса: [www.salta-fashion.kz](http://www.salta-fashion.kz)

9 Фотографии с электронного ресурса: [www.kfw.kz](http://www.kfw.kz)

10 Фотографии с электронного ресурса: [www.kamilakurbani.com](http://www.kamilakurbani.com)

11 Фотографийи с электронного ресурса: [www.kfw.kz](http://www.kfw.kz)

12 Фотографийи с электронного ресурса: [www.kfw.kz](http://www.kfw.kz)

### Резюме

## ТРАДИЦИОННЫЕ КАЗАХСКИЕ ГОЛОВНЫЕ УБОРЫ В КОЛЛЕКЦИЯХ ОТЕЧЕСТВЕННЫХ ДИЗАЙНЕРОВ

В настоящее время национальный костюм превратился в один из неиссякаемых источников вдохновения, в котором материал, форма, конструкция, декор, техника и способ исполнения, традиционная технология являются творческой идеей для создания совершенно новых художественно-конструкторских и технологических решений моделей современной одежды.

Основным направлением разработки методологии проектирования одежды является сокращение производственного цикла, начиная от возникновения творческого источника до разработки проектно-конструкторской документации проектного решения.

Глубокое изучение богатого исторического наследия приводит к убеждению, что мужской головной убор является важной частью костюма, следовательно, выбранная тема исследования является актуальной в контексте современной моды. Результаты исследования помогут популяризации элементов традиционной мужской одежды казахов и росту патриотических чувств у молодежи.

**Ключевые слова:** коллекция, изобразительно-иллюстративный материал, фотографии, костюм, традиционный головной убор

### Summary

## KAZAKH TRADITIONAL HEADRESSES IN LOCAL DESIGNERS' COLLECTIONS

At present national costume has become one of the inexhaustible sources of inspiration, in which the material, shape, design, decor, equipment and manner of execution and traditional technology are considered as a creative idea to create an entirely new art-design models and technological solutions of modern clothing.

The main direction of development of a methodology of designing clothes is to reduce the production cycle, from the source of creativity to development of design documentation of project solutions.

A deep study of the rich historical heritage leads to the conviction that the male headdress is an important part of the costume, hence, the chosen theme of this study is relevant in the context of contemporary fashion. Results of the study will help to popularize the elements of traditional Kazakhs menswear and to increase patriotism among young people.

**Key words:** collection, fine-illustrative material, photographs, costume, traditional headdress

УДК 902/904(574.4)

## ҚАРА ЕРТІС ЖАҒАЛАУЫНАН ТАБЫЛҒАН ОРТАҒАСЫРЛЫҚ АТ ӘБЗЕЛІ\*

**Ғ.Қ. Омаров** – *әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,*  
*тарих ғылымдарының кандидаты, доцент*

**С.А. Сапатаев** – *әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, магистрант*

Мақалада Шығыс Қазақстан облысы, Күршім ауданы, Боран ауылдық округінің территориясында, Қара Ертіс өзенінің оң жағалауында орналасқан Түйетас қорымынан, 2014 жылы жүргізілген археологиялық қазба барысында табылған, IX-X ғғ. мерзімделетін жылқы әбзелдері қарастырылады. Авторлар осы әбзелдердің құрамындағы үзеңгіге кеңінен тоқталған. Бұдан басқа Корея, Жапония және Қазақстанмен көршілес орналасқан мемлекеттердің аумағынан табылған үзеңгілердің зерттелуіне байланысты мағлұматтар келтірген.

**Кілт сөздер:** жылқы, әбзелдер, Алтай, Күршім ауданы, түркі кезеңі, үзеңгі

Еуразия көне тарихында Алтай-Тарбағатай өңірі ерекше маңызға ие. Өйткені бұл мәдени-тарихи өңір ілкі замандардан бері адамзат дамуындағы күрделі үдерістермен тығыз байланысты. Мұнда алғашқы қауым кезінің өзінде-ақ бірнеше археологиялық мәдениеттер қалыптасып, дамығандығын археологиялық мәліметтер толыққанды растап отыр [1, 3]. Осы мәліметтердің көмегімен аймақтағы мәдениет пен өркениет бөлшектерінің әр қайсын жеке зерттеуге, олардың бір-бірімен ұқсастығы мен ерекшеліктерін анықтауға, бастау алған мекендері мен таралу аудандарын көрсетуге, даму кезеңдерін қарастыруға болады. Көшпенді халықтардың мәдениетінде мал шаруашылығы кең орын алады. Атап айтқанда мал шаруашылығының бір бөлігі жылқыны қолға үйрету процесі және оның даму тарихының да маңыздылығы жоғары.

Жылқы және оның бейнесі көшпенді халықтардың дәстүрлі мәдениетінде ерекше орын алды. Жылқының қолға үйретілуі көшпенділердің өміріне көптеген өзгерістер мен жаңалықтар алып келді. Олардың қатарына түрлі мақсатта қолданылатын әбзелдерді, арбаны, шалбар мен етік, қайқы қылышты

жатқызуға болады [2, 6]. Алтай қорғандарында мініске қолданылған жылқылар жерленген. Дендрохронологиялық, радиокоөміртектік, археологиялық және топографиялық зерттеулер нәтижесінде анықталған Алтайдың үлкен қорғандарының арқасында жылқы әбзелдерінің кезеңделуін көрсетуге болады [3, 104].

Ерте орта ғасырлардағы атты адамдардың ең алдымен жоғары кәсіби жауынгерлік дайындығы болған. Олар сол заманға тән, яғни IX-XIII ғасырларда кеңінен қолданылатын ат әбзелдерімен жабдықталған. Бұл жабдықтар негізінен өзінің ыңғайлығымен ерекшеленетін. Осы уақытқа жататын археологиялық ескерткіштерден табылған әбзелдердің құрылысына қарап, жазба деректерді де қоса отырып олардың жоғарды дәрежелі ұсталардың жасағанын байқауға болады. Жалы алғанда Шығыс Еуразияның осы кезеңге жататын халықтары ат әбзелдерін әзірлеуі барысында өздік этникалық құндылықтарын сақтап отырған. Әбзелдердің безендірілу сапасы жерленген адамның тұрмыстық-әлеуметтік жағдайын, қоғамдағы қызметін анықтауға септігін тигізеді [4, 86]. Археологиялық жәдігерлердің кезеңделуін анықтау барысында өзіндік септігін тигізетін жылқы әбзелінің бір бөлігі үзеңгі болып табылады. Үзеңгінің пайда болуы да біршама жаңалықтарға, яғни қатты тоқымның және қылыштың қалыптасуына әсерін тигізді.

Археология ғылымында адамзаттың жылқыны мініске қолдануында төңкеріс жасаған үзеңгінің кезеңделуі мен пайда болған орнына байланысты нақты бір тұжырым жоқ. Біріншілер біздің заманымыздың басында сарматтарда, екіншілер Қытайдың аумағында кейінгі Хань империясы тұсында, үшіншілер б.з. III-V ғасырлары Оңтүстік Сібірде, төртіншілері қазіргі Корея аумағындағы Когуре мемлекеті кезінде пайда болды дейді. Алғашқы үзеңгілер ғұндардың кезінде түркі тайпалары арасында қолданылды деген тұжырымдар да бар. Корея аумағындағы ертерек уақытпен кезеңделетін үзеңгілер негізінен V ғасырға жататын ескерткіштерден көптеп кездеседі. Солардың бірі Кенчжу қаласының маңындағы бірнеше нысаннан табылған жәдігерлер жайлы Акио Ито өзінің еңбегінде толық қарастырып кетеді [5]. Ол анықталған үзеңгілерді екі типке бөліп хронологиясын көрсетеді. V ғасырмен кезеңделетін Конгю-Кейшу қорғанынан аршылған алтын және қоламен қапталған үзеңгілер ғұндардың үзеңгілері секілді қабыршақты өрнекпен безендірілген. Үзеңгілердің пішіндерін осы аймақтардан табылған тағы бір ерекше жәдігер ат үстіндегі жауынгердің бейнесінде саздан жасалған көлемі кішірек келген мүсіндерден байқауға болады. V ғасырға жататын Жапония аумағындағы ескерткіштерден де үзеңгілер анықталған. Оларды Сетсу Онояма екі типке, біріншісі корейліктерге ұқсас V ғасырдың алғашқы жартысымен кезеңделетін үзеңгілер [6]. Екіншісі жергілікті пішіндермен ерекшеленетін V ғасырдың екінші жартысына кіретін әбзелдер [7, 24].

А.Н. Кирпичниковтың еңбегінде келтірілгендей ең алғашқы үзеңгі Корея мен Жапония аумағында тіркелген. Ол үзеңгілер негізінен ағаштан жасалып металлмен қапталатын болған. Кезеңделуі бойынша бұл үзеңгілер б.з. V-IV ғасырларға жатқызылған. Біздің заманымыздың алғашқы ғасырларынан бастап үзеңгіні пайдалану Орталық Азия халықтарына да өтеді. Бастапқыда жалғыз үзеңгі қолданыста болып, бара-бара қос үзеңгіні пайдалану кеңінен тарады. Сосын VI ғасырдан бастап Византияға жетіп, ары қарай Еуропа халықтары арасында сұранысқа ие болды [8, 83].

Көп ғалымдардың пайымдауынша үзеңгі негізінен тұрмысында мал шаруашылығы мен жартылай мал шаруашылығы маңызды орын алатын қырлы аймақ халықтары арасында пайда болуы тиіс. Дегенмен кейбір ғалымдар үзеңгі отырықшы халықтардың көмегімен қолданыла бастады деген ойды айтады [7, 25]. И.Л. Кызласовтың айтуы бойынша үзеңгілі тоқымдар таулы-қырлы аймақтардың тұрғандарында алғаш қолданылуы керек, себебі үзеңгісіз тоқыммен таулы жерлермен жүру ыңғайсыз.

IX-XIII ғасырдың археологиялық ескерткіштерінің жерлеу дәстүрінде ат әбзелдерін пайдалану қарқыны кеңейді, әсіресе ер адамның жерлеу орындарының негізгі бөлшегі болып табылады. Тек кейбір жағдайларда ғана әйел адамды жерлеуде қолданылды. Мұндай белгілер Шығыс Қазақстан облысының ескерткіштерінде де байқалады.

Табиғи географиялық жағдайы әрқилы болып келетін Шығыс Қазақстан облысы Күршім өлкесінде, әрбір тарихи кезеңдерде тұрмыс тіршілігі әртүрлі халықтар өмір сүрген. Ежелгі дәуірде өмір сүрген тайпалар тарихының қайнар көзін ашар, мәдениетін анықтайтын жазба деректердің тым аздығына байланысты өлкені мекендеуші ежелгі тұрғындар қалдырған археологиялық ескерткіштер материалдары осының орнын толтырар бірден-бір дереккөзі болып табылады. Осы ауданның ежелгі дәуір тарихына қатысты археологиялық деректер XIX ғасырдың өзінде-ақ жинала бастағанымен, ғылыми құндылығы жоғары шынайы дереккөздері XX ғасырдың екінші жартысынан бастап жинақталынған болатын. Олардың қатарына С.С. Черников, Ә.М. Оразбаев, З.С. Самашев, Ф.Х. Арсланова, Ғ.Қ. Омаров, Ғ.А. Куш, Г.И. Суворова және т.б. зерттеушілердің жүргізген қазба жұмыстары нәтижесінде жинақталған археологиялық материалдарды жатқызуға болады [9, 13].



Күршім ауданының археологиялық ескерткіштері 2012-2014 жылдар аралығында Ғ.Қ. Омаровтың жетекшілігіндегі Алтай археологиялық экспедициясының гранттық жобасы бойынша зерттеу жұмыстары орын алды. Осы зерттеулердің нәтижесінде Қазақы Алтай даласында орналасқан көптеген археологиялық нысандар анықталды. Барлау барысында бұрынғы деректерде кездесетін археологиялық ескерткіштер жайлы толығырақ сипаттамалар алынып, бір шамасында қазба жұмыстары жүргізілді. Сондай ескерткіштердің бірі Түйетас қорымы.

Түйетас қорымы Күршім ауданының Боран ауылдық округінің территориясында орналасқан. Боран ауылы Түйетас қорымынан солтүстік-шығысқа 20 шақырым жерде. Оңтүстік-батыс бағытта 17 шақырым ара қашықтығында Игілік (бұрынғы Прииртыш) ауылы бар. Қорымнан батыс бағытта 6 шақырым жерде Ұзынұра тауы (биіктігі 465 м) жатыр. Боран-Игілік тас жолының 20-шы шақырымында жолдың сол жағында оңтүстіктен солтүстікке 1 шақырым, шығыстан батысқа 2 шақырым аумақты алып жатыр. Қорымның оңтүстігінен солтүстік-шығыс, оңтүстік-батыс бағытымен Қара Ертіс өзені ағып өтеді [10, 35-38].

Осы қорымның Қара Ертіс өзенінен солтүстікке 400 м, тас жолдан оңтүстікке қарай 700 м қашықтықта жатқан № 29 қорғанынан 2,17 м тереңдіктен қорғанның оңтүстік-батыс қабырғасынан басы шығысқа қаратыла қойылған жылқы сүйегі табылды. Жылқының алдыңғы екі аяғы сәл бүйіріне қарай бүгілген. Сүйектердің сақталу деңгейі нашар. Сүйектер шіріген, мойын және көкірек тұсында органика қалдықтары сақталған. Жылқының дене тұрқы 0,83 м. Қабір шұңқырының 2,85 м тереңдігінен оңтүстік-шығысындағы ағаш құрылыстан оңтүстікке қарай 0,5-0,6 м аумақта ер тоқым анықталды. Ер тоқымды қабір шұңқырына қойылған ағаш құрылыстың сыртына қарай тастаған. Ер тоқым ағаш пен қайыстан жасалған. Шығыстан батысқа 1,1 м, оңтүстіктен солтүстікке 0,58 м көлемінде созыла жатыр. Тоқымның екі бүйірі ағаштан жасалған, шірінді мата қалдықтары сақталған. Сақталған мата қалдығында ою-өрнек байқалады [10, 35-38] (1 сурет).

Ер тоқымның батыс бөлігінен екі темір үзеңгі аршылды (2 сурет). Үзеңгілердің шеңберлерінің ішкі бөліктерінің диаметрі – 10 см, биіктігі – 18 см, ені – 12 см, ал табан тірелетін астыңғы бөлігі ыңғайлы болу үшін жалпақтана жасалған. А.Н. Кирпичниковтың еңбегіндегі 1905 жылғы Гнездово қорымының № 29 қорғанындағы қазба барысында табылған үзеңгілерге ұқсайды. А.Н. Кирпичников бұл үзеңгілерді б.з. IX-XI ғасырларымен кезеңдейді [8, 201] (3 сурет).

А.Н. Кирпичников өз зерттеуінде IX-XIII ғасырларға жататын үзеңгілерді екі топқа бөліп қарастырады. Олардың біріншісі IX-XI ғасырлар, екіншісі XII-XIII ғасырлар аралығы. Бұдан басқа сараптама жүргізу кезінде қолданылған үзеңгілерді 12 типке жіктеп, өзінің кестесін ұсынады [8, 89] (4 сурет).

Бұдан басқа тоқымның жиектеріне өрнектеле орнатылған қола әшекейлер анықталды. Қола әшекейлер жүгенге орнатылған әшекейлер іспеттес. Ер тоқымның үстіңгі беті бүлінген. Ер тоқым алынған соң астыңғы бөлігінде де қоладан істелген бұйымдардың бары анықталды. Тоқым мен жүген арнайы құралдармен оралып, монолит түрінде зертханаға арнайы саралаудан өтуге жөнелтілді. Жалпы, алдын ала мерзімдеуімізге сәйкес қорған IX-X ғасырлармен мерзімделеді [10, 35-38].






1 сурет. Жылқы жүгенінің жалпы көрінісі




2 сурет. ШҚО Күршім ауданы Түйетас қорымынан табылған үзеңгі





3 сурет. ІХ-ХІ ғасырларға жататын үзенгілер:

1 - Михайлов (№ 2); 2 - Шокшово (№ 5); 3 - Бұрынғы Владимир губерниясы (№ 8); 4 - Гнездово (№ 26); 5 - Гнездово (№ 29); 6 - Шестовицы (№ 50); 7 - Васильки (№ 4); 8 - Шестовицы (№ 49); 9 - Васильки, Шокшово (№ 11); 10 - Подболотье (№ 21); 11 - Бұрынғы Владимир губерниясы (№ 12); 12 - Княж Тауы (№ 63).



4 сурет. Үзеңгілердің типологиялық тізбегі Кирпичников бойынша

1 Омаров Ф.Қ. Алтай-Тарбағатай аралығындағы ерте темір дәуірінің археологиялық ескерткіштері (кезеңделуі, мерзімделуі және мәдени атрибуциясы): автореф. ... канд. ист. наук.: 07.00.06. – Алматы, 2010. – С. 31.

2 Тоқтабай А.У. Ботайдан басталған әлемдік жылқы тарихы // Қазақ әдебиеті. – Алматы, 2010. – №45. 19-25 қараша.

3 Омаров Ф.Қ., Сапатаев С.А. Алтай аумағының археологиялық ескерткіштерінде кездесетін жылқы әбзелдері // Казахи в Евразийском пространстве история, культура и социокультурные процессы. – Омск: Амфора, 2014. – 326 с.

4 Амброз А.К. Стремена и сёдла раннего средневековья как хронологический показатель (IV-VIII вв.) // СА. – 1973. – №4. – С. 81-98.

5 Akio Ito. Zur Chronologie der frühsilazeitlichen Gräber in Südkorea. Text und Tafelband. BAW [Bayerische Akademie der Wissenschaften], Philosophische-historische Klasse Abhandlungen. Neue Folge. Heft 71, München, 1971, Abb. 91, 56.

6 Setsu Onoyama. Early Horse Equipment Discovered in Japan. Kokogaku zasshi. JASN [Journal of the Archaeological Society of Nippon], LII, 1966, July, 1, p. 1-2.

7 Кызласов И.Л. О происхождении стремян // СА. 1973. №3. – С. 24-36.

8 Кирпичников А.Н. Снаряжение всадника и верхового коня на Руси IX-XIII вв // Археология СССР. Свод археологических источников. – М.: Наука. – Вып. Е1-36, 1960. – С. 213.

9 Омаров Ф.Қ. Күршімнің археологиялық ескерткіштері (зерттелу тарихынан) // Қазақ тарихы. – 2013 жыл. – № 3, 13 б.

10 Омаров Ф.Қ. ШҚО Күршім ауданының археологиялық ескерткіштері. Есеп 2014 жыл

#### Резюме

В статье рассматривается конское снаряжение IX-X вв., найденное в 2014 году, в ходе археологических работ в могильнике Туйетас, который находится в правом берегу реки Черный Иртыш на территории сельского округа Буран в Курчумском районе, Восточного Казахстана. Авторы, в основном, останавливаются на описании стремян. Также дается информация об исследованиях стремян из археологических материалов Кореи, Японии и соседних стран.

**Ключевые слова:** конь, снаряжение, Алтай, Курчумский район, тюркский период, стремяна

#### Summary

In the article the horse equipment found in 2014 during archaeological work in the cemetery of Tuyetas, which is located on the right bank of Kara Ertish River, in the territory of the Buran rural district in Kurchum district of East Kazakhstan is considered. Authors stops from all equipment mainly in the stirrups. Also provides information about the research of archaeological materials stirrups from Korea, Japan and neighboring countries.

**Keywords:** horse, equipment, Altai, Kurshum area, turkic period, stirrups

\* Мақала 1038/ГФ4 «Оңтүстік-Батыс Алтайдың ежелгі және ортағасыр көшпелілері: пәнаралық зерттеу» атты ҚР БЖҒМ Ғылым комитеті гранты аясында орындалды.

## **РОЛЬ ТЭНГРИАНСТВА В ЭТНОКУЛЬТУРОГЕНЕЗЕ ТЮРКО-МОНГОЛЬСКИХ НАРОДОВ**

**А.Б. Сагандыкова** – 2-й курс PhD докторантуры факультета истории,  
археологии и этнологии КазНУ им аль-Фараби,

**Д.Ж. Танзенов** – 2-й курс PhD докторантуры факультета истории,  
археологии и этнологии КазНУ им аль-Фараби

В статье рассматривается вопрос касающейся преемственности и идентичности в концепции кочевнической цивилизации тюрко-монгольских народов через призму тенгрианства. Разным историческим этапам соответствует различный уровень культурного взаимодействия. На протяжении многих веков тюркская цивилизация развивается в единой этнической культуре, имеет традиционный тип общества и целостность в самоидентификации народа. Одной из возможных причин такого единства, могло послужить тенгрианство - как специфическая форма социальной самоорганизации, разъясняющая в религиозно-мировоззренческом понимании суть социального и природного бытия.

**Ключевые слова:** тенгрианство, тюрко-монгольских народов, цивилизации, духовно-культурной традиции, ментальность

Многовековая история казахского народа вмещает в себя уникальную систему мировоззрения. Исторический характер мировоззрения выражен в его основных формах - мифологии, религии, философии. При рассмотрении мифологического - религиозного аспекта и выделении его предметной и духовно-созерцательной деятельности необходимо обратить внимание на интегрирующий фактор существования кочевой культуры.

В силу природных условий культура кочевых обществ формируется как воинствующая цивилизация. Большинство исследователей высказывают различные точки зрения в возникновении такого типа цивилизации.

В статье «Кочевники в мировом историческом процессе» Крадина Н.Н. показан такой аспект развития кочевого общества: «нужда в объединении кочевников возникает только в случае войн за ресурсы существования, организации грабежей земледельцев или экспансии на их территорию, при установлении контроля над торговыми путями. В данной ситуации складывание сложной политической организации кочевников в форме кочевых империй есть одновременно и продукт интеграции, и следствие конфликта (между номадами и земледельцами).

Однако необходимо помнить, что для успешного ведения войн кочевникам была необходима мощная военная организация. Исследователям удалось подметить интересное обстоятельство, что степень централизации кочевников прямо пропорциональна величине соседней земледельческой цивилизации. Именно поэтому кочевники Северной Африки и Передней Азии для того, чтобы торговать с оазисами или нападать на них, объединялись в племенные конфедерации или вожества, номады Восточноевропейских степей, существовавшие на окраинах античных государств, Византии и Руси, создавали «квазиимперские» государственноподобные структуры, а в Центральной Азии, например, таким средством адаптации стала кочевая империя.

Еще одна модель политогенеза, применимая к происхождению степных империй, – «торговая». Ее основная посылка заключается в том, что внешнеторговый обмен с последующей редистрибуцией редких и престижных товаров среди подданных является важным компонентом власти вождей и правителей ранних государств. Стабильность степных империй напрямую зависела от умения высшей власти организовывать получение шелка, земледельческих продуктов, ремесленных изделий и изысканных драгоценностей из оседлых территорий. Так как эта продукция не могла производиться в условиях скотоводческого хозяйства, получение ее силой или вымогательством было первоочередной обязанностью правителя кочевого общества. Будучи единственным посредником между Китаем и Степью, правитель кочевнического общества имел возможность контролировать перераспределение получаемой из Китая добычи, и тем самым он усиливал свою собственную власть. Это позволяло поддерживать империю, которая не могла существовать на основе экстенсивной скотоводческой экономики.

Все это предопределило двойственную природу «степных империй». Снаружи они выглядели как деспотические завоевательные государственноподобные общества, так как были созданы для изъятия прибавочного продукта извне Степи. Но внутри кочевые империи оставались основанными на

племенных связях без установления налогообложения и эксплуатации скотоводов. Сила власти правителя степного общества, как правило, основывалась не на возможности применить легитимное насилие, а на его умении организовывать военные походы и перераспределять доходы от торговли, дани и набегов на соседние страны» [1, с.118].

Самоидентификация казахов строилась по схеме жесткой ценностной антитетики «мы – они», где «мы» – это вселенская норма и образец, а «они», – т.е. любые и всяческие оседло-земледельческие народы и культуры – это парадигматический набор аномалий. Отношение кочевников к культуре и образу жизни оседло-земледельческих народов было избирательно-критичным, если не откровенно нигилистическим. В одной из легенд о происхождении трех казахских жузов, записанных Махшур Жусупом Копеевым, джигиты, отправленные на завоевание новых земель, так отвечают посланцам хана на переданное ими повеление вернуться: «Не говорите нам о возвращении и сами не возвращайтесь. Зачем вам возвращаться в край, где кони стареют в пять лет, а джигиты – в двадцать пять, где из птиц знают только курицу, а из занятий – выщипывание травы, где мужчины – словно клячи, а женщины – себе на уме, где меняют малахай на тубетейку, где нож меняют на ложку, где нет иной радости как прислуживать сартам, перевоза летом – соль, а зимой – дрова и уголь, прислуживать сартам, чье хваленое воспитание заключается лишь в том, чтобы есть пшеничную лепешку и запивать похлебкой из проса, в лучшем случае довольствуясь бедрышком крохотной перепелки»[2].

Идентификация, или осознания себя со своим языком, культурой, этносом, пожалуй, один из актуальных вопросов современной действительности. При таком подходе возникает два полюса, с одной стороны, мы - наши - свои, с другой стороны, они – другие – чужие. Эти полюсы позволяют понять, как некая группа людей осознает себя самих как «своих» в отличие от тех «чужих», иначе говоря, возникает вопрос - по каким критериям определяется этническая народность [3, с. 102]. Л.Н. Гумилев утверждает, что «нет ни одного реального признака для определения этноса, применимого ко всем известным нам случаям: язык, происхождение, обычаи, материальная культура, идеология иногда являются определяющими моментами, а иногда нет. Вынести за скобки мы можем только одно – признание каждой особи: «Мы такие-то, а все прочие другие» (Гумилев, 1992) [3, с. 103]. В оппозиции «свой» и «чужой» в древнетюркской картине мира своеобразно проявляются «свой» и «свои». Из-за походов и сражений этнический состав древнетюркского каганата все время варьируется, границы «своих» весьма аморфны, поэтому к «своим» относились многие другие близкородственные племена канглы, сегиз-огузы, аргу, кияты, тазы, алимы, шектинцы и др. (Жолдасбеков и др.2006)[3, с. 111].

Несмотря на межплеменные распри, тюрки пытаются со своими соплеменниками найти общий язык, в качестве таких мирных отношений используется установление кровнородственных связей.

«Противостояние тюрков с табгачами, возможно, объясняется не только территориальными притязаниями, но и как полагает Л.Н.Гумилев, война с Китаем – не просто борьба двух государств, это борьба культур, борьба двух мировоззрений и мироощущений. Великая степь манифестом заявила свое право не быть Китаем, а быть только собой» [3, с. 109].

В таком случае, что составляет парадигму цивилизационного существования? Религия? Ценности? Культура? Хозяйственный уклад? Географическая среда? Способ мышления? Стремление взять какой-либо один из компонентов за основу отражает непонимание феномена цивилизационного генотипа, является экстраполяцией на цивилизационный контекст парадигмы монистического анализа. Так, А.Д. Тойнби выстраивал цивилизации вокруг религиозного ядра и идентифицировал их по религиозной принадлежности. Правильно ли это? Да - в определенном контексте определенного исследования, - но совершенно ясно, что неполно. В евразийской традиции цивилизационные типы соотносятся с геополитическими зонами. Ф. Бродель раскрывал категорию цивилизованности через дефиницию «мир-экономика», акцентируя внимание на хозяйственном измерении феномена цивилизаций. По существу, речь шла не о цивилизациях как таковых, а о вариациях религиозных, хозяйственных, геополитических, аксиологических систем [4, с. 213].

Цивилизационные отличия кочевья фиксируются в характере культуры, ее свойствах и базовых функциях. Пространственно-временные границы существования кочевой культуры определили и доминантные мировоззренческие формы, преобладающие у этих народов. Господство мифологических, религиозных воззрений придало качественное своеобразие кочевому мировоззрению. Характерными чертами кочевой ментальности выступает синкретизм, единение с природой, восприятие природной среды абсолютной, самодостаточной реальностью, восприятие мира как целого, инерционность, стереотипизированность. Становление этих атрибутов происходило в течение длительного исторического времени.

Кочевая ментальность является результатом множества факторов. Синкретизм и многокомпонентность как главные атрибуты мировоззрения были обусловлены географическим месторасположением, особым образом жизни и многообразия этнокультурных общностей, существовавших на территории Казахстана. Среди разнообразия идейных, культурных субстратов, определивших содержательную наполненность, фундаментальные ценности и ориентиры кочевого сознания. Наиболее ярко и полно репрезентируют существо и смысл номадического мировоззрения традиционные тюркские верования и представления. Это связано как с длительной историей тюркских племен и народов на территории Центральной Азии, так и способностью ассимилировать существовавшие мировоззренческие универсалии номадов в рамках тюркского мировоззренческого синкретизма [5].

Если касаться вопроса истории, то известно, что одним из древнейших мировоззренческих систем являлось тенгрианство. В процессе исторического развития у тюрко-монгольских народов складывается дуальная религиозно-мировоззренческая система («небо» – «земля») как специфическая форма социальной самоорганизации (упорядочение «объективного» в сознании, на уровне субъективного духа). Из первоначального космического хаоса рождается определенный порядок, складывается картина религиозно-мировоззренческой упорядоченности, а также связанный с ней упорядоченность социального и природного бытия. Как считают Н.В. Абаев и В.Р. Фельдман, важнейшим критерием цивилизации вообще, в том числе и «кочевнической», является наличие качественно определенной духовности, выходящей за пределы своей первобытности (а затем и этничности), приобретая в процессе своего развития институционально оформленный интерэтнический, надплеменной или наднациональный характер, присущий таким мировым религиям, как тенгрианство, которое еще в глубокой древности, по крайней мере, в эпоху хунну (III в. до н.э.) или даже ранее, в период возникновения древне-арийской «кочевой» цивилизации в начале III тысячелетия до н.э. получило распространение по всей центральной части Евразии [6, с. 47].

Как и в большинстве существующих мифов, каждый народ в процессе этногенеза с неизбежностью ставит вопрос о Первотворении. Возникающая при этом космогоническая мифология не только формирует представления людей о сотворении мира, но и определяет особенности всей последующей развертывающейся в веках картины этноса.

"Тенгрианство как многообразие религиозных идей включает в себя следующие ключевые моменты: идею монотеизма, когда Тенгри рассматривается как Единый Бог; поклонение Небу и природным явлениям как проявление естественной религии; идея трансцендентальности Тенгри как всеобъемлющего безличного начала, всепроникающей безличной силы категориальных абстракций осмысления мироздания; идея открытого мировоззрения как реализация антропосоциального преломления бытия", – пишет Н.Г. Аюпов [7].

В традиционных обществах тюрко-монгольских народов центральной части Евразии в добуддийский период вся совокупность ценностей, ценностных ориентаций, направленностей социальной активности, стереотипов и векторов поведения, так или иначе, связывалась с волей и контролирующими функциями «Духовного Неба». Тенгрианство, на наш взгляд, еще на стадии возникновения и развития цивилизации вообще (в центре Евразии получившей характерные черты номадической цивилизации) стало ядром духовно-культурной традиции, обеспечивающей эффективное функционирование такого рода социального аттрактора, отнюдь не исключавшего бытие данной системно-динамической целостности, т.е. ее развитие, приобретение наборов качественных определенностей, обеспечивающих их реализацию как выражение вполне естественной потребности социальной системы в ее внутрисистемной самоорганизованности, но и в ее стремлении организовать внешнюю хаотичность в историческую перспективную целостность и создавать такие механизмы социальной организации и самоорганизации, которые обеспечивали относительную устойчивость имперских форм кочевничества [6, с. 58].

В духовности сопряжены не только эстетические, этические, теоретические формы, но и смысловое измерение жизни человека. В состав традиционного кочевого мировоззрения ограничено входят сложившиеся на протяжении длительного этно- и культурогенеза фундаментальные нравственные, моральные ценности. Выполняя функции социальных регулятивов, нормы традиционного поведения и общения обеспечивали жизнеспособность, стабильное функционирование социума. Эти базовые нормы и ценности передаются из поколения в поколение и усваиваются на уровне бессознательных стереотипов, шаблонов, поведенческих ориентиров, образуя особый склад мышления и психики – неповторимый оригинальный менталитет этноса. Бессознательные структуры обладают очень высокой устойчивостью. Они могут сохраняться на протяжении веков и даже тысячелетий, особенно в традиционных обществах.

Стержнем социальных отношений кочевников и базовой ценностью мировоззрения является родственно-родовое начало, выступающее основополагающим принципом самоидентификации индивида и с общиной, и с естественной средой обитания, прежде всего с территорией как продолжением своего природного бытия [8].

По мнению Р.А. Арцишевского, считающего, что мировоззрение представляет собой «попытку духовного самоопределения» и «форму самосознания» именно социального субъекта, т.е. общества. Именно коллективные представления и установки, а не индивидуальный опыт и переживания формулировали содержание мировоззрения в так называемых «традиционных» обществах [9, с. 6].

Учитывая степень сходства и различия в локальных культурах можно надеяться, что культура родственных народов имеет те же закономерности развития и позволит привести достоверные данные. Так российская исследовательница А.А. Чуприна рассматривает преемственность поколений как культурно-исторический процесс. Она полагает, что «процесс передачи смыслового мира и других культурных ценностей и традиций из поколения в поколение представляет собой культурную трансмиссию». Под культурной трансмиссией она понимает ретрансляцию опыта старшего поколения к молодому поколению, что и означает преемственность культуры. На самом деле, длительная устойчивость духовной культуры в рамках кочевой цивилизации и есть историческая преемственность. Что касается преемственности в духовной культуре казахов, то Е.Д. Турсунов отчетливо показал, что тенгрианские, шаманистские традиции духовного мира казахов получили свое дальнейшее развитие и преемственность «вплоть до XVIII – начала XIX столетия». Он отмечает, что в ранней тенгрианской мифологии казахов отразилась преемственность духовного и материального мира, что «свидетельствует о генетической преемственности синкретического восприятия времени и пространства с универсальным восприятием действительности». В данном случае синкретизм нельзя воспринимать как такое свойство мифологического мышления, когда человек и реальность выступают в сознании как части целого, что не предполагает никакой исторической преемственности. Утверждение о том, что «в казахском фольклоре время выступает как неделимое целое, как синтез прошлого и настоящего», показывает, что в тенгрианской мифологии центральной идеей является идея преемственности поколений, поколения настоящего и поколения предков [10].

1 Крадин Н. Н. «Кочевники в мировом историческом процессе» // *Философия и общество*, 2001, № 2, с. 108-138

2 А. Кодар. *Зов бытия* / - Алматы: Таймас, 2006. - 528 с.

3 Шаймердинова Н.Г. *Древнетюркская картина мира в текстах письменных памятников Учебное пособие* / - Астана, ЕНУ, 2014. – 261 с.

4 Якунин В.И., Багдасарян В.Э., Куликов В.И., Сулакишин С.С. *Вариативность и цикличность глобального социального развития человечества. Монография* - М.: Научный эксперт, 2009. - 464 с.

5 Коянбаева Г.Р. *Мировоззренческие универсалии казахов: опыт кочевой культуры* / Г. Р. Коянбаева, Л. Р. Заурбекова // *Қазақстан Республикасы ҰҒА Хабарлары - Известия НАН Республики Казахстан*, 2011. т.№6. - С.27-32

6 Абаев Н.В., Аюпов Н.Г. *Тэнгрианская цивилизация в духовно-культурном и геополитическом пространстве центральной Азии. - Часть I. Тэнгрианство и этноэкологические традиции тюрко-монгольских народов Внутренней Азии. - Абакан, 2009. - 250 с.*

7 Аюпов Н.Г. *К вопросу о тенгрианстве* // *Вестник Казахского национального университета. Серия философия. Серия культурология. Серия политология.* – Алматы, 2001 – №3 (16) – С. 63-64.

8 Алимбай Н. *Община как социальный механизм жизнеобеспечения в кочевой этноэкоосистеме // Традиционная культура жизнеобеспечения казахов: очерки теории и истории.* – Алматы: Гылым, 1998. С. 40.

9 *Традиционное мировоззрение тюрков Южной Сибири.* – Новосибирск: Наука. 1988. 225с.

10 А.Е. Асанбаева. / *Историческая преемственность в духовной культуре казахского общества XV-XVIII вв.: теоретико-методологические проблемы: автореф. дис. на соиск. учен. степ. канд. ист. наук.* - Алматы, 2010. - 27 с.

### Түйін

Бұл мақалада түркі және моңғол халықтарының көшпенділік өркениет концепциясында сабақтастық пен сәйкестік мәселелері тәңіршілдік әсерімен қарастырылады. Әр түрлі тарихи кезеңдерде түрлі мәдени деңгейдің өзара әрекеттестігі байқалады. Бірнеше жылдар бойы түркі өркениеті бірыңғай этникалық мәдениетте жетілді. Халықтарда бірыңғай дәстүрлі қоғам қалыптасты. Осындай бірліктің болуына, әлеуметтік өмірдің, табиғи болмыс пен діни – дүниетанымдағы ұғынулардың қалыптастыуына тәңіршілдіктің ықпалы болды деп түсіндіріледі.

**Тірек сөздері:** тәңіршілдік, түркі – моңғол халықтары, өркениет, діл, мәдени – рухани дәстүрлер

### Summary

In article the question of the concerning continuity and identity in the concept of nomads of a civilization of the Turks - Mongolian people through Tengriism prisms is considered. To different historical stages there corresponds various level of

cultural interaction. Throughout many centuries the Turkic civilization develops in uniform ethnic culture, has traditional type of society and integrity in self-identification of the people. One of the possible reasons of such unity, the Tengriism - as the specific form of social self-organization explaining an essence of social and natural life in religious and world outlook understanding could serve.

**Key words:** Tengriism, Turks-Mongolian people, civilization, spiritual and cultural tradition, mentality

УДК 94 (930.85)

## **ДӘСТҮРЛІ ӨРКЕНИЕТТЕГІ ӘДЕТТІК ҚҰҚЫҚТЫҢ ӘМБЕБАПТЫҚ ҚҰБЫЛЫСЫ: ДҮНИЕТАНЫМЫ МЕН ДІЛІНДЕГІ СИПАТЫ\***

**Э.Д. Телеуова** – *тарих ғылымдарының кандидаты, Қазақстан тарихы кафедрасының доценті,  
ал-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы қаласы*

Мемлекеттің қоғамдық қатынастарындағы жетістігінің айғағы- құқықтық әділеттілік. Қоғам ішіндегі құқықтық әділетсіздік әлеуметтік қайшылықтардың туындауына әкеледі. Көшпелілердің өркениеті құқықтық мәдениеттің, жеке индивид құқығымен ұштасып жатуы арқылы ерекшеленді. Бұл көшпелілер қоғамындағы құқықтың «шынайылық» принципі және «әділеттілік» іздеушінің ақиқатқа қол жеткізу қағидалары жеке билеушілердің мүдделерінен жоғары тұруын айғақтайды. Көшпелі қоғамдағы «тәуелсіз бақылау билігі» институт ретінде қалыптасуы және оның көлбеу болуының маңызы «ақиқатқа» жету жолындағы әдеттегі құқықтың заңдастырылуына ықпал жасады.

**Тірек сөздер:** әдет, құқық, ереже, дәстүрлі өркениет, прецедент, мононорма, дала заңы

Көшпелілердің әдеттегі құқығы өзінің реттеушілік қызметін ғасырлар бойы жалғасытырды. Көшпелілердің әдеттегі құқығына қатысты: протоқұқық, моноереже, әдет-ғұрып ережелері ұғымдары жиі қолданылады. Тарихи тұрғыдан қарағанда әр халықтың әдеттік құқығы жазылмаған, жазылған ережелер кезеңінен өтті. Көшпелілердің мемлекеттілігінің қалыптасуында заңдық тіректің болуын және оның қоғамдық сұранысқа қатысты түрленуі мен өзгеріске ұшырауын ерекше назарға алған жөн. Көшпелілер құрған мемлекеттер құқықтық ережелердің аясында өмір сүрді. Дәстүрлі өркениет нақты құқықтық қатынастардың шеңберінде қалыптасып, дамыды. Көшпелі ортада бейберекетсіз іс-әрекеттерге жол берілмеді. Қоғам ішінде әр көшпелінің жауапкершілігі мен міндеттері әдеттегі құқық арқылы анықталды. Сондықтан болар жеке билеушілер әдеттегі құқықты жанартуды емес, жаңғыртуды көздеді.

Бүгінгі таңда батыстық құқықтық үлгі, құқықтық мәдениет өзге елдің рухани құндылықтарына басшылыққа алған заң шығармашылығын қалыптастырып отыр, біздің ділімізге қайшы құндылықтарды заңды тұрғыдан күштеп таңу орын алуда. Батыстық құқықтық үлгі меншікке табынушылыққа негізделген. Ал, дәстүрлі өркениеттегі көшпелілердің құқығы – адамгершілік құндылықтарынан бастау алады. Оның басты айғағы көшпелілерде абақтының болмауы, қылмыс ұғымының «күнә» ұғымымен қатар жүруі. Ол әрине қылмыс болмады деген пікір емес, бірақ барлық Дала заңдарында қылмысты оқиға (прецедент) бойынша атауы көшпелі қоғамның өзіне тән өмір сүру ортасы болуының айғағы.

Дәстүрлі өркениеттің түркі-моңғол халықтарының әдеттегі құқығын құрайтын мұраларын жүйелі түрде зерттеу қажеттігі туындап тұр. Оны ғылыми деңгейде зерттеп, таныту бағытындағы жұмыстарды жүзеге асыру қажет. Халық, мемлекеттің тарихы құқық тарихымен ұштасуы заңды құбылыс. Дәстүрлі өркениеттің әдеттегі құқығын жүйелі түрде зерттеу арқылы, оның өзара сабақтастығын көрсету және насихаттау мүмкіндігі туындайды. Евразия кеңістігіндегі халықтардың рухани және адамгершілік құндылықтарын көтеруде әдеттегі құқықты басты идея ретінде қолданған жөн. Бұл идея аясында қоғам ішінде өзара қатынаста ашықтық, ойды ортаға салу тәжірибесі және жеке басының қасиеті бойынша құқықтық салаға маман даярлауға мүмкіндік туғызады.

Қазіргі ғылыми ортадағы әдет және әдеттік құқық ұғымына қатысты қалыптасқан түсініктер: тарих, этнология, әлеуметтану және юриспруденция бағыттарындағы зерттеулерде дәйектелген. Әдеттегі құқықты қоғамдық сананы қалыптастырудағы феномен ретінде қарауға болады. Осыған орай әдет және әдеттегі құқық түсінігінің ортақтығы туралы мәселелер туындайды. Әдет – түрлі сыртқы сипатта көрініс тапқан ережелерге, өзінің қайталануы мен тұрақтылығына негізделсе, әдеттегі құқық қағидалар мен жауапкершілік дәрежесін алғышарт ретінде қабылдайды. Әдеттегі құқық- «белгіленген тәртіпке» қатысты орындалатын іс-әрекеттер жиынтығы болды. Әдеттік құқықтың пайда болуында моральдік ережелердің қоғамдағы сұранысқа ие болуымен қатар жүрді.

Әдеттегі құқық – ережелер жиынтығы және ол мемлекет тарапынан бекітілген (санкцияланған)



дәстүрлі мононормаларды құрайтынын А.И.Першиц атап өтеді[1].Әрине көп жағдайда жеке билеушілер әдеттегі құқықты туындаған жағдайларға байланысты (de facto түсінігі) мемлекеттік деңгейде бекітіп, мойындайды. Бірақ әдеттегі құқықта юриспруденциялық ережелер толық көрініс таппайды.

Көшпелілердің әдеттегі құқығының түсінігін төмендегі ұғымдар құрады:

- құқықтың қасиеттілігі;
- адамгершілік өлшем («адал» және «адал емес» іс-әрекеттер);
- идеялық ұстанымдар «әділеттілікке жету», «жеңіп шығу емес жеңілдеп шығу», «ақиқатқа жету»;
- абстракты емес, құқықтық ережелердің нақты сипаттарының болуы (болжау, диспозиция, санкция);
- жазылмаған ережелердің сақталуы;

Көшпелі қоғамдағы әдеттік құқықтың болуын архаикалық қатынастың сипаты ретінде қарау дұрыс емес. Бұл пікірлер мемлекеттіліктің қалыптасу тарихындағы әдеттегі құқықтың үнемі қоғамдық дамуды тежеді деген пікірлерге арқау болып отыр. Әрине, бұл жерде көшпелі қоғамның өзіне тән әлеуметтік ұйымының ішкі қатынастарына әдеттік құқықтың тиімділігі ескеріле бермейді. Әдеттегі құқықты дағдылы құқық ретінде қарауға болмайды. Себебі, этикалық және этикеттік мононормалар әдеттегі құқықтың қайнар көзі болды. Әдеттегі құқық туралы концепцияны Ю.И.Семенов ұсынады[2]. Оның көрсетуі бойынша қоғамдық еріктілік және шектелеулер, мораль мен жеке құқықты қамтитын ұғым әдеттегі құқықты құрайды.

Әдеттегі құқық заңның пайда болуынан кейін өзінің қызметін жалғастыра берді. Оның өміршеңдігі көшпелі қоғамдық санамен байланыстырылады. Әдеттегі құқық және әдет бұл дәстүрлі қоғамдағы екі түрлі унификацияланған және идентификацияланған тәртіп ретінде қарастырылады.

Көшпелілердің әдеттегі құқық түсінгін В.М.Викторин[3] екі деңгейге бөліп қарайды: жалпыадамзаттық құндылықтарға негізделген және көшпелі мемлекеттің тарапынан реттеушілік қызметті жүзеге асыратын әскери әкімшіліктің тірегі тұрғысында. Заң саласы мамандары тарапынан әдеттегі құқық ұғымының анықтамасын нақтыланған. Мұнда қоғам ішінде тәртіпке негізделген ережелер жиынтығы ретінде айтылады. Мемлекеттің қалыптасу тарихында әдеттегі құқықтың түрленуі жүреді. Жеке билеушілер өз тарпынан кейбір ережелерді заңдастырса, ендігілері қоғамдық сұраныстың болмауынан тарихи жадыда сақталып отырды. Бірақ ол мүлдем жойылып кетпеді. Оның «өнегелі құқыққа» айналуына ықпал жасады. Көшпелі қоғамның дүниетанымында «өнегелі құқықтың» сақталуының жазылмаған қағидаттарына қатысты туындады. Кейбір мемлекеттерде заңдар жазылып сақталғанына қарамастан прецеденттік құқықта қатар жүргізіледі. Әдеттегі құқық ұзаққа созылған іс-әрекеттердің қайталануынан туындады. Жиі қайталануы оның ережеге айналуына ықпал жасады. Ол көшпелі қоғамның сұранысынан туындап отырды. Құқықтық қатынастардың күрделенуі құқықтық мәдениеттің дамуымен қатар жүрген үрдіс болды. Осы жағдайда әдеттегі құқықтың толығымен қоғамның ішкі құқықтық дамуына жауап бере алмауының себептерін анықтауға болады:

- іс-әрекеттің шектеулігі;
- ортақтықтың болмауы;
- субъективтілігі;

Көшпелі қоғамдық қатынастарда ХХ ғасырдың басына дейін әдеттегі құқықтың реттеушілік қызметті атқаруы, жеке билеушілердің көп жағдайда әдеттегі құқықты жоюды көздемеуі, керісінше оның заңдық негізде бекітілуіне жағдай жасауының себепшісі болды. Қазіргі таңда әлемдегі заңшығармашылық құрылымы алдыңғы қатарлы мемлекеттердің өзінде де әдеттегі құқықтың кейбір түсініктері азаматтық, сауда, конституциялық құқықта көрініс тапқан. Дәстүрлі құқықтық жүйедегі мемлекеттерде әдеттегі құқық өзінің өмір сүруін жалғастыруда.

Әдеттегі құқық ұғымы «протоқұқық», «моноереже», «құқықтық әдет» тұрғысындағы ұғымдармен қатар қолданылады. Ғылыми бағыттардағы зерттеулерде «әдеттегі құқық» ұғымының түрлі аспектіде қолданады. Бұл жағдай тарихшылар, заңгерлер мен әлеуметтанушылар арасындағы түрлі ұстанымдардың болуына қатысты туындап отыр.

«Орталық Азияның түркі халықтарының адаты мен заңгасының бастауы ертеде жатыр, ауызша құқық барлығына ортақ болып, кеңістікпен уақыт межесінде кейбір тетіктері түрленіп, өзгеріске ұшырап отырды» - деп көрсетеді Н.Гродеков[4]. Сондықтан болар, көшпелілердің әдеттегі құқығын өзара байланыста қарау, салыстыру, ықпалын талдау арнайы зерттеушілер арасында үнемі кездесіп отырады. Мысалы ХІХ ғасырдың авторы Ф.Леонтович[5] қазақ құқығының шығу төркінін моңғол құқығымен байланыстырады. Оның пікірі бойынша «Ұлы Жсақ» қазақ қоғамында сақталып, реттеушілік қызметін «Жеті Жарғының» баптарында көрініс табуына тоқталады.

Бірақ ХХ ғасырдың авторлары, оның ішінде С.Фукс бұл пікірді жоққа шығарады. Ол өзінің

зерттеулерінде «Ұлы Жасақты» орталықтанған мемлекеттің заңы ретінде дәйектеп, оның баптары мемлекетті нығайтуға бағытталған нормаларды құрайтынын және оның кодификацияланған әдеттегі құқық ретінде қарастыруға қарсы болды[6]. Сонымен қатар, Қазақ хандығының орталықтанған мемлекет ретінде өмір сүруінде әдеттегі құқықтың қолданылуы мемлекеттік институттардың қалыптасуында кедергі болуы туралы көзқарастар кеңестік тарихнамада орын алды.

Осыған қарамастан деректер қазақ билеушілерінің «Ұлы Жасақтың» баптарын, әдеттегі құқықты, шариатты қатар қолдануын көрсетеді. Мысалы Рузбеханның мәліметінен қазақ сұлтандары «Жасақ» бойынша Жошының тұсындағыдай жерді иелену құқығын сақтағаны белгелі. Дәстүрлі құқыққа тән ортақ институт бұл –құрылтай болды. Оның тарихи бастауы сайын даланың алғашқы көшпелі мемлекеттерінің кезеңінен басталады.

Көшпелі қоғамның құрылымын әдеттегі құқық нормативтері арқылы танып білуге және ның өзіндік түсініктері болуын ерекше атап өткен Б.Я.Владимирцов болды[7]. Сондықтан көшпелілердегі әдеттегі құқықтың мемлекеттегі реттүші қызметінің маңызын жоққа шығаруға болмайды. Әрине, түрлі тарихи кезеңдерде ол түрленіп, ықпалдық тетіктері ауысып отырғанымен басты мазмұны сақталып қалды.

Дәстүрлі өркениеттің құқықтық мәдениет құндылықтары мемлекеттіліктің даму тарихымен тікелей байланысты. Кез-келген қоғамның ішкі біріктіруші сипатын құқықтық ережелер құрайды. Көшпелілердің дәстүрлі құқығы өте ұзақ үрдістен өтіп, дамыды. Әдеттегі құқықтың дәстүрлі өркениетке тән қасиеттері болды; қысқа, оңай есте қалатын, сонымен бірге ұтымды сөз тіркестерінен құралған ережелерден тұрды. Дәстүрлі өркениеттің әдеттегі құқығының мазмұнын ашатын жазылмаған ғасырлар бойы жалғасын тапқан тұжырымдар болды: Малым – жанымның садақасы, жаным – арымның садақасы; Айғақтың тазасы күмәнмен мойынға салынады; Сөз шынына тоқтайды, пышақ қынына тоқтайды; Әділ төрелік ортақ; Құнды қылышпен алмас, қисынмен алар; Заманына қарай – заңы, тоғайына қарай – аны; Заң адамды бағындырады, заңды ақыл бағындырады; Болмайтын істің басында болма, бітпейтін даудың қасында болма; У ішкен бір өледі, ант ішкен мың өледі; Барымтамен келген мал, қарымтамен кетеді; Ханды құдай ұрғаны – халқымен жау болғаны; Биді құдай ұрғаны – билігі даулы болғаны; Жамандықты жазаламаған адам – оның дем берушісі; Ұлы би қылжың болмас, әділ би мылжың болмас; Әділ бидің өлгені – сөзінің болса жалғаны; Әділ адамның адамгершілік қасиеттері заңды жоқтатпайды. Жазылмаған осы қағидалар көшпелі қоғамның күнделікті өмірінің шындығы болды. Дала кеңістігінде жасаған ісіңнің жауабы сүйекке түскен таңбадай қалып отырды. Халық жадысында ол ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отырды. Сондықтан бас қосқан жерде әр қазақ арымның алдында тазамын, «тегімде сүйекке түскен таңба жоқ» жеп мақтанатын болған. Егер бейәдеп орын алған жағдайда бүкіл ру, бүтіндей елдің намысы тапталды. Осы тұста ерекше назарға алатын мәселе ол ұжымдық құқықтың басым болуы, оның құн, айып төлеу үрдісінде анық көрініс тапқан. Бірақ дәстүрлі өркениетте индивидтік құқтың басымдылығы да орын алған. Жеке адамның өзінің іс-әрекетінің алдында жауаптылығы, ел алдындағы абыройын қалыптастырды. Конус тәрізді үйде дүниеге келген индивидтің дүниетанымында өзі жасаған ісінің сұрауы, жамандық жасасаң оның айналып келуінің шартталығын көрсетті. Шаңырық пен кереге дала кеңістігіндегі ақпараттың жасырын қалуының мүмкін еместігін айғағы болды. Сондықтан көшпелі қоғамдағы жеке тұлғаның өмірлік таңдауы үнемі еріктілік пен ашықтықтан тұрды. Тұлғалық қасиетті дала құқығы жоғары бағалады. Қазақ билерінің моральдік сипаты осының дәлелі болады.

Дәстүрлі өркениеттің құқықтық нысана билік парасатты тұлғаның қолында болуы, жеке басының қасиеттерін тірнектік байлықтан жоғары қоя білген. Оның ішінде ақыл категориясын ерекше бағалаған. Кең мағынада алып қарасақ, ақыл – адамның адами болмысының түп-тамыры, түпнұсқа бітімі, адам субстанциясының маңызды бөлігі әрі оның айқындаушы белгілерінің бірегейі деп қарауға болады. Ал тар мағынада қарасақ – ақыл адамның пайымдау және ойлау қабілеті, танымдық тұрғыдағы талдау және қосынды жасау, қорытындылау мүмкіндігін қамтамасыз ететін оның сапалық қасиеті. Қазақ билер сотының жүйесі жағдайында теориялық ақылды ақиқатқа, әділдікке жету құралы ретінде қарастыру мәселесі қойылды. Осы тұрғыдан қазақ билер сотының нағыз ақиқатқа, әділдікке негізделген түп-төркінін біздің ұрпаққа дейін мирас болып жеткен халқымыздың шешендік сөз өнерінен және мақал-мәтелдері арқылы көзге елестетіп, көңілге түюге болады. Бұл орайда «Ақыл көркі – тіл, тілдің көркі – сөз» деген мақал бар. Қазақтардың «сөз» деген түсінігінің астарында кез келгенді көндіре алатын алғыр және нанымды нағыз шешендік өнері жатыр. Сондай-ақ «Ақыл – жүректің суаты» – деп келетін шешендік сөзден ақыл адамның рухани әлемінің қайнар көзі, рухани тіршілігінің әміршісі және өлшемі деген пайымдауды аңғарамыз. Ақылдың осындай ерекше қасиеті туралы қазақ шешендік өнерінде өз көрінісін тапқан. Мәселен, «Сөзінді тіліңе билетпе, ақылыңа билет» десе (Бөлтірік шешен), Әйтеке бидің «Ақыл деген дария, алдын тоссаң тоқырар» деген шешендік толғамы ақылдың танымдық болмыс-бітімін

айқындайтын ерекше сипатын көрсетеді. Сонымен, ақыл кез келген адамның таным жолында ізденуге деген құмарлығын арттырып, оны зор ықыласпен әрі құштарлықпен зерттеуге жетелейді, адамның зерделеу, талдау, жинақтау сезімдерін жетілдіреді деген түйін жасауға болады. Қазақтың әдеттегі құқығының қайнар көзін жүзеге асыратын тұлғалардың рухани келбеті уақыт пен дала кеңістігіндегі ақпараттық желіде сақталып, дәріптеліп отырды.

Дала өркениетіндегі құқықтық құндылықтарды қалыптастыруда, дәстүрлі құқықтың ұстанмыдырын толықтырған Ислам діні болды. Ислам діні бойынша Құран кәрімде ақыл Алланың адам баласына берген ең ұлы қасиеті болып есептеледі. Адам діни ережелерді орындауы үшін ақыл-есі бүтін, толық болуы шарт. Осы тұрғыдан Ислам діні бойынша, ижтиһад концепциясы ақылдың қызметіне сүйенген дүниетаным әрі көзқарас болып табылады. Сонымен бірге ақыл – пайымдау, саралау және ой қорыту объектілерінің адам санасында орнығу мүмкіндігін көрсетеді. Осы тұрғыдан қазақ би-шешендері ақылдың көмегімен адам жақсы мен жаманды, адалдық пен зұлымдықты ажырата алады деп көрсетіледі. Мәселен, «Ашу дұшпан, ақыл дос», «Ақылшы болса, ағайын жақын» (Қазымбек би) – деген салмақты сөздер соның дәлелі. Демек, халықтан шыққан шешендер мен ділмарлар ақылдың этикалық қызметін анықтап, оның моральдық нормаларға сәйкес қызмет жасау мүмкіндігін көрсетіп берді. Адам өзіне қажеттілерді өз ақылымен шешу керек, яғни ол тек қана ақылға жүгінуді жөн көруі керек ойды негіздеді. Халық даналығы бойынша адам біреуге қиянат жасау үшін ақылын жұмсайтын болса, онда ол ақылсыз адам болады. Мысалы, «Естіге айтқан ақыл сөз – шыңға тіккен тумен тең, ессізге айтқан ақыл сөз – құмға сіңген сумен тең», «Хан қасында ақылды би болса – қара жерге кеме жүзеді» (Майқы би), – деп айтылған мәнді де, мағыналы сөз саптаулары бұған дәлел бола алады. Дәстүрлі өркениеттің құқықтық мұраларын ауызша тарихнаманың мазмұны ерекше ашып бере алады. Нақты тәртіпке жүгінген, бейәдеп іске бармайтын, ашық, өзіне дұрыс талап қоя білетін «ақыл мен парасатқа», «ар мен ожданға», «адалдық» құндылықтарын бойына сіңірген көшпелі қоғамның әр мүшесі әдеттегі құқықты қадірледі және шын мәнінде оның баптарына сәйкес өмір сүрді.

\*«Орталық Азияның дәстүрлі өркениетін зерделеу» Республикалық ғылыми-зерттеу орталығының «Мемлекеттіліктің даму контекстіндегі көшпелілердің әдеті мен әдеттегі құқығы» жобасы аясында

1 *Перици А.И. Мононорматика и начальное право. Статья первая, вторая // Государство и право. 2000. № 1; 2001. № 9. 66 б.*

2 *Традиционная нормативная культура, организация власти и экономика народов Северной Евразии и Дальнего Востока / Сост. и ред. Ю.И.Семенов. М., 2000; Степной закон. Обычное право казахов, киргизов и туркмен / Сост. А.А. Никитиенков; Ред. Ю.И. Семенов. М., 2000.*

3 *Викторин В.М. Обычное право в истории кочевой жизни ногайцев // Обычное право в России: проблемы теории, истории и практики. Ростов н/Д., 1999. 99 б.*

4 *Гродеков Н. Киргизы и кара киргизы Сырдарьинской области. Ташкент, 1889.-Т. 1. 22б.*

5 *Леонтович Ф. Древний монголо-калмыцкий или ойратский устав взысканий. Древний мир казхов.2003г. 412б .*

6 *Фукс С. История казахского права по русским источникам XVIII-XXвв. Древний мир казхов. 2003.423б.*

7 *Владимирцов Б.Я. Общественный строй монголов. Монгольский кочевой феодализм. Л., 1934. 3 б.*

### Резюме

В статье рассматривается обычное право кочевников, обычное право обеспечивало социальное благополучие и функционирование хозяйства кочевников, выражая волю и интересы не только и не столько привилегированных групп, но и большей части рядовых членов кочевого общества. Этим объясняется и консерватизм, устойчивость норм обычного права, просуществовавших до конца XIX - начала XX веков. Многие же из норм семейно-брачного права и обязательств в той или иной форме сохранились и до наших дней, несмотря на полное разрушение традиционного экономического уклада.

**Ключевые слова :** обычай, закон , правило , традиционные цивилизации ,закон прецеденты, моноорма

### Summary

The Kazakh laws originate from Turkic times, and were enriched by the legal practices and cultures of other peoples. Secondly, Kazakh laws borrowed and interpreted adapting to their needs the best samples and models of legal cultures of other peoples. Customary law was designed to address the solution of the complex needs of Kazakh society. Within various historical periods the legal systems aimed to regularize relations between and within nomadic states, have much in common. State structure of Kazakh khanate, system of political governance, legal relations, cultural evolutions originate from early times. Tribal confederations and their legal practices left a rich legacy for Kazakh nomadic society.

**Keywords:** custom, law , rule , traditional civilization , law precedents monorma

## **ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНА – 550 ЖЫЛ 550-ЛЕТІЕ КАЗАХСКОГО ХАНСТВА**

### **ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ ҚҰРЫЛУ ТАРИХЫНЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

**Б.Б. Кәрібаев** – ҚР ҰҒА корреспондент – мүшесі, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, тарих, археология және этнология факультетінің профессоры, тарих ғылымдарының докторы

Мақалада автор Қазақ хандығының құрылу тарихына қатысты тарихи аңыз-әңгімелер мен дерек мәліметтерінде кездесетін тарихи фактілерге тоқталады және оларды дәйекті дәлелдермен ашып көрсетеді. «Тарихи-Рашиди» еңбегінің авторы Мұхаммед Хайдар Дулатидың мәліметтеріне қарағанда, Жетісудың батыс жағында құрылған Қазақ хандығының елеулі саяси күшке айналғаны және Қазақ хандығы Моғолстанның ішкі саяси өміріндегі оқиғаларға тікелей араласпаса да, саяси күш ретінде ондағы билік үшін күресуші топтар арасында танылып, мойындала бастағанына ерекше назар аударады, Сондай-ақ, автордың пікірінше, белгілі зерттеушілер К.А. Пищулина, Т.И. Сұлтанов т.б Қазақ хандығы Шығыс Дешті Қыпшақтағы жеке, дербес мемлекетке айналып, бүкіл аймақтағы саяси қарым-қатынастардың субъектісі ретінде көріне бастағанын өз еңбектеріне арқау еткен.

**Тірек сөздер:** қазақ хандығы, деректер, мәліметтер, оқиғалар, зерттеушілер, тарих

Қазақ хандығының құрылуы бір оқиғамен және бір мезетте жүзеге асқан саяси үрдіс емес, керісінше, 10 жылдан астам уақытқа созылып, өз ішінде оқиғалардың дамуына қарай бірнеше сатыға бөлінген. Бөлініп кету – хандықтың құрылуындағы алғашқы және маңызды қадам болса, Әбілқайыр хан қайтыс болғаннан кейін көп ұзамай Шығыс Дешті Қыпшақ аумағында Қазақ хандығының билігінің толық және түпкілікті орнауы - хандықтың құрылуының аяқталғанын көрсетеді. Осы екі аралықтағы әрбір оқиға хандықтың құрылуы барысын кезеңдерге немесе сатыларға бөлуге мүмкіндік береді.

Бірінші сатыға – Керей мен Жәнібектің бөлініп кетіп, Моғолстанның батысындағы Шу өңіріне келуі және Керей хан болып сайлануы жатады. Хронологиялық тұрғыдан алғанда бірінші саты – 1457 жылдың күзінің соңы қысының басы мен 1458 жылдың көктемі аралығын қамтиды.

Енді осы оқиғалар барысына терең үнілелік.

Хандықтың құрылу барысындағы алғашқы және өте маңызды оқиға – бөлініп кету болғандықтан бірден соған ауысайық.

Үз Темір тайшы бастаған қалмақтар жорығы 1457 жылдың жаз айларында болғандықтан, Әбілқайыр хан секілді Керей, Жәнібек және ордаежендік басқа да сұлтандар өздерінің қол астындағы ру-тайпаларымен бірге сол тұста күндерін жайлауда өткізіп жатқан. Дерек мәліметтерінде баяндалғандай, Әбілқайыр хан қалмақтар жорығы туралы хабардың растығына көз жеткізгеннен кейін, ол жарлық шығарып, Бахтияр сұлтан мен Ахмед сұлтандарды әскердің басшысы етіп бекітеді. Қухистани Көк Кесене түбіне аттанған шибанилық сұлтандар мен шибанилық ру-тайпа басшыларының тізімін көрсетеді, бірақ онда ордаежендік әулет өкілдері мен ордаежендік әулетті қолдайтын тайпа атаулары кездеспейді [1, 168 б.].

Шайқастың нәтижесінен хабардар болған ордаежендік әулеттің басшылары Әбілқайыр тарапынан болатын қарсы әрекеттерді алдын-ала сезген. Мұхаммед Хайдар Дулати бір дерегінде «Жошы әулетінің кейбір сұлтандары одан келер бір пәлені сезіп, оны болдырмауға тырысты», - десе, келесі бір дерегінде «Жошы ұрпағының сұлтандары жорық жасап, Жәнібек хан мен Керей хан одан қашты», - деп жазады. [2, 348 б.; 3, 305 б.; 110 б.]. Көріп отырғанымыздай, Әбілқайыр хан өзін қолдамағандарға қарсы жазалау шараларын жүргізген. Керей мен Жәнібек Әбілқайыр ханға қарсы топтың жетекшілері болғандықтан ханның негізгі соққы бағыттары өздері мен ұлыстарына бағытталғанын көре біліп, оны болдырмаудың жолы деп Моғолстанға кетуді ұйғарған.

Егерде Керей мен Жәнібек аздаған адамдармен кетсе, онда олар жылдың қай мезгілі болғанына қарамастан көшкен болар еді. Олардың соңында ордаежендік ру-тайпалардың бір бөлігі болуы себепті олар жылдың қай мезгілінде болса да ауа көшіп кете алмайтын еді. Көшпелі мал шаруашылығы ол тайпалардың негізгі шаруашылық түрі болғандықтан, олар тек жайлаудан қайтар кезде ғана көтеріле көшіп, бұрынғы дәстүрлі қысқы тұрақтарына емес, Моғолстанға бет алған. 1996 жылы белгілі археолог М. Елеуұлының Шу, Талас өңірлеріндегі ел аузынан жинаған тарихи аңыз-әңгімелерінің бір тобы ҚазМУ Хабаршысының тарих сериясында жарық көрді [4, 6-12 бб.]. Сол тарихи аңыз-әңгімелер арасында Қазақ хандығының құрылу тарихына қатысты екі дерек кездеседі. Бірінші аңыз «Сырдың бойынан тышқан жылы қара күзде бір түмен елімен ауа көшкен ағайынды Керей мен Жәнібек сұлтандар қыс түсе Мойынқұмға кетіпті», - деп басталса, келесі бір аңызда «Қара күзде Сырдан қопарыла көшкен қалың елді

Керей мен Жәнібек сұлтандар Мойынқұмға бастап кетіпті», - делінеді [4, 7-8 бб.]. М. Елеуұлы бұл аңыздардың бірін 1924 жылы туылған Шәуенов Жүзімқұл деген ақсақалдан 1976 жылы тамыз айында жазып алғанын, ал келесі аңызды 1899 жылы туылған Назарқұлов Жүнжұма деген ақсақалдан алғанын айтады [4, 7-8 бб.]. Бұл жерде екі аңыздың мазмұнында «Тарих-и Рашидидегі» Керей мен Жәнібектің Әбілқайыр ханнан бөлініп кетуі жөніндегі дерекке ұқсастығы бар.

Ал «қара күз», «қыс түсе» деген сөз тіркесі қараша-желтоқсан айларын білдіретінін ескере отыра, бұл мезгілдің күзеу, күзеуден қыстауға ауысатын мезгіл екенін білеміз. Олай болса, аңыздағы мезгілді көрсететін мәліметті дұрыс деуге болады.

Осылайша, жоғарыда айтылған ойларымызды түйіндей келе, Керей мен Жәнібек бастаған ру-тайпалар Сығанақ түбіндегі шайқастан кейін Әбілқайыр ханның қаһарынан қорқып, сол жылдың күз айының соңында дәстүрлі қыстауларына бармай, Шу өзенінің бойына келеді. Мұхаммед Хайдар Дулати «Есенбұға хан оларды құрметпен қарсы алып, қоныстануға Моғолстанның батыс жағындағы Шу өзені алқабындағы Қозыбасыны берді», - деп айтады [3, 110 б.]. Ал Махмуд бен Уәли бұл өңірді берудің себебін былайша түсіндіреді: «Сол кездерде Моғолстанда Шағатай хан ұрпақтарынан Уәйіс ханның ұлы Есенбұға хан билік жүргізіп тұрды. Сол тұста Әмір Темір курэканның ұлы Мираншахтың, оның ұлы Сұлтан-Мұхаммед мырзаның ұлы Әбу Сайд мырза Ирактан Жүніс ханды шақыртып, оған көмек пен жәрдем береді де, інісіне қарсы жібереді. Сол себепті Есенбұға хан билігінің негізіне сызат түсіп, соған байланысты бұл хан Жәнібек хан мен Керей хандардың келуін адамдар /үшін/ қайырымдылық пен ізгіліктің көзі деп санады. Ханзадалардың келуіне құрмет көрсетіліп, келісім берілгеннен кейін, хан оларға Моғолстанның батыс өңірін берді. Ол өңір Есенбұға ханның /иелігі/ мен Жүніс ханның иктасы арасында болды. Бұл өңір Шу және Қозыбасы деген /атаумен/ белгілі болатын» [5, 352 б.]. Қозыбасы – Тарғаптың қарсы бетіндегі Қордайда орналасқан тау жайлауы [6, 265 б.]. Енді осы географиялық атауларды карта бойынша анықтасақ, онда Керей мен Жәнібектің Есенбұға ханнан алған аймағының шекарасы – Балқаш көлінің оңтүстік-батыс жағалауы мен Шудың төменгі ағысы бойындағы алқаптар арқылы, батысы – Талас өзенінен, шығыста Іле өзеніне дейінгі, ал оңтүстікте – Іле Алатауының солтүстік тау жоталары мен қыраттары арқылы өткен. Бұл аймақ – Есенбұға хан үшін біріншіден, оның Моғолстанның Жетісу жағындағы иеліктерін Андиган маңындағы Жетікент деген жерді иелікке алған Жүніс хан тарапынан болатын жорықтардан қорғап тұрса, екіншіден, дәл сондай міндетті Әбілқайыр хан тарапынан болар жорықтарға байланысты атқарып тұрды. Жүніс ханның Моғолстан аймағына жақын келуіне байланысты билігінің іргесі сөгіле бастаған Есенбұға хан жоғарыда айтылған аймақты Керей мен Жәнібеке беру арқылы өзіне сенімді одақтас табады да, өмірінің соңына дейін тақ билігіне ағасын жолатпайды. Махмуд бен Уәлидің мынадай мәлімет осыны дәлелейді: «Есенбұға ханның тірі кезінде /оған/ жоғарыда айтылған хандардың (Керей мен Жәнібекті айтып отыр – Б.К.) көмегі мен тірегі арқасында Жүніс хан тәкапарлықпен аяғын үзеңгіге сала алмады» [5, 353 б.]. Басқаша айтқанда бұл дерек мәліметі Жүніс ханның Моғолстанда Есенбұға ханның тірі кезінде хан бола алмағанын көрсетеді. Осылайша, 1457 жылдың соңында Керей мен Жәнібектің Моғолстанның батыс жағындағы Шу өңіріне келіп қоныс тебуі арқасында, Есенбұға хан ағасы Жүніс ханға қарсы өзіне сенімді одақтас табады да, 1461/62 жылы қайтыс болғанға дейін оның иелігіне ешқандай қауіп бола қоймайды.

Керейдің хан болып сайлануымен Қазақ хандығының құрылу барысындағы бірінші кезеңді аяқталды деуге болады.

Шарты түрде екінші сатыға – 1458 жылдың көктем айларынан – 1461/62 жылға дейінгі, яғни Есенбұға хан қайтыс болғанға дейінгі аралық жатады.

Осы аралықта Қазақ хандығының қалыптасуы барысындағы маңызды оқиғаларға мыналарды жатқызамыз. Біріншіден, Моғолстанның батыс жағында мемлекет құрып алған ордаежендік тайпаларға Әбілқайыр ханға наразы немесе оған қарсы шыққандар бірте-бірте Керей мен Жәнібек хандарға келіп, қосыла бастайды.

Жүніс ханның Моғолстан тағын иеленуге бағытталған алғашқы әрекеті сәтсіздікке ұшырайды. Есенбұға ханның өз тағын сақтап қалуына Қазақ хандығы да өз септігін тигізеді. Қазақ хандығы Махмуд бен Уәлидің жазғанындай «Есенбұға ханның иелігі мен Жүніс ханның иктасы аралығында орналасып», Жүніс ханға бүкіл Жетісу тайпаларының қосылуына кедергі жасайды.

Дулатидың көрсетуі бойынша Жүніс хан Әбу Сайд мырзаға екінші рет қайтып келгенде моғол әмірлері оның маңына қайта топтаса бастайды. Ол Жетікентте тұрақтап қалады. «Бірақ Есенбұға ханға тиеселі иеліктерге кіруге батылы бармайды» [3, 117 б.].

«Тарихи-Рашиди» авторының осы мәліметі Жетісудың батыс жағында құрылған Қазақ хандығының елеулі саяси күшке айналғанын көрсетеді. Сөйтіп, Қазақ хандығы сол жылдары Моғолстанның ішкі саяси

өміріндегі оқиғаларға тікелей араласпаса да, саяси күш ретінде ондағы билік үшін күресуші топтар арасында танылады, Қазақ хандығын олар мойындауға мәжбүр болады. Бұл – біздің ойымызша, Қазақ хандығының құрылуы барысының екінші сатысындағы ең басты жетістігі болып табылады.

Қазақ хандығының құрылуы кезіндегі үшінші сатыға 1461/62-1469/70 жылдар аралығы жатады. 1461/62 жылы моғол ханы Есенбұғаның қайтыс болуымен және оның мұрагері Досмұхаммедтің хан тағына келуімен Моғолстанның ішкі саяси өмірінде күрделі өзгерістер жүреді де, ол өзгерістер Қазақ хандығына да ықпал етеді. Енді осы мәселені тереңірек қарастыралық.

«Есенбұға хан ажалы жетіп дүниеден озған соң, орнына ұлы Дос Мұхаммед хан патша тағына отырады. Оның жасы он жетіде болатын. Ол парасатты адамдар қатарына жатпайтын, көптеген істері ақылға қонбайтын еді, оның үстіне бір сәт болса да мастықтан есін жинаған емес. [Мисра]:

Жүретұғын жері лас, отыратын тағы лас,

Ақылды жан аулақ жүр, жынды бүгін тағы мас!», - деп Мұхаммед Хайдар Дулати оның жеке басына осындай сипаттама сөздерді қосып жазады [3, 115-116 бб.]. Мемлекетті басқару ісіндегі негізгі принциптердің еленбеуі, жас ханның ішкі саясатында белгілі бір мақсаттың, жүйеліліктің болмауы Моғолстанның Шығыс Түркістан жақ бөлігіндегі әмірлер арасында жіктер мен алауыздықтарды туғызады.

Жетісудағы Қазақ хандығы үшін осы жылдар бір жағынан саяси күш ретінде күшею, көршілерге танылу жылдары болса, екінші жағынан алғанда, алғашқы тарихи сындарға төтеп беру жылдары болып саналады. Әбілқайыр ханға наразы болған жекеленген ру-тайпалардың Қазақ хандығына келіп қосылуы осы жылдары да жалғаса береді. К.А. Пищулина осыған қатысты мынадай ойды білдіреді: «... Жәнібекпен және Кереймен көптеген жошлық сұлтандар, сондай-ақ ру-тайпа басшыларының өкілдері Моғолстанға келді. Көшіп кету одан кейін 15 жылдай уақытқа созылды, әсіресе ол процесс 1468 жылы Әбілқайыр хан қайтыс болғаннан кейін күшейе түсті» [7, 252 б.].

Осылайша, «көшпелі өзбектер» ханның көз алдында кеше ғана одан бөлініп кеткен қарсыластары Керей мен Жәнібек Әбілқайыр ханнан бөлініп кетушілер есебінен әрі көбейе, әрі күшейе түседі. Басқаша айтқанда, Әбілқайыр ханның ұзақ жылдар бойы соғыстар арқылы күшпен қалыптастырған мемлекетінің іргесі оның көз алдында сөгіле бастайды. Ол мемлекеттің күйреу процесін тоқтатудың бірден-бір дұрыс жолы деп Моғолстанның батыс жағындағы Қазақ хандығын жоюды қажет деп тауып, өмірінің соңғы жылы өзінің соңғы жорығын жүргізеді.

Әбілқайыр ханның бұл жорығының «көшпелі өзбектер» елінің тарихында, Қазақ хандығының құрылуы тарихында алатын өзіндік бар.

Махмуд бен Уәли жорықтың нақты қай жылы және қай айда басталғанын айтпаса да, оны жорық барысындағы кейбір оқиғалармен салыстырулар арқылы анықтауға болады. Ханың қайтыс болған жылы мен айы – 874 жылғы қыстың алғашқы айы болса керек. Ол қазіргі жыл санау бойынша – 1469 жылдың желтоқсанына сай келеді [5, 359-360 бб.]. Осыны ескере келе Әбілқайыр хан жорықты 1469 жылдың күзінің басында бастаған деп санаймыз.

Махмуд бен Уәли Әбілқайыр ханның жорыққа дайындығы туралы былай деп баяндайды: «... Кенеттен ол (Әбілқайыр хан- Б.К) моғол сұлтандарының билігіндегі Моғолстанның қалған жерлерін бағындыруды ойластырып, әскер жинауға жарлық береді. Хан жорығына сәйкес барлық ел мен ұлыстардағы басшылар айтылған уақытта өздерінің ондықтарымен, жүздіктерімен және мыңдықтарымен Еділ бойындағы хан ордасына келуі тиіс болды» [5, 358-359 бб.]. Махмуд бен Уәли Әбілқайырдың жорыққа аттанған, әскерінің жиналған жері деп Еділ өзенінің бойын өз дерегінде біршама атап өтеді [5, 359 б.]. Одан ары жорықтың жүрген бағытына үңілсек, Әбілқайыр хан Еділ өзені бойынан аттанып, Ала-Так маңынан өтеді де, Қызыл Надыр жайлауының жолымен жүре отырып, бірнеше асулардан асады. Одан ары Жеті Құдық деген жерге келіп тоқтайды [5, 359 б.]. Қызыл Надыр жайлауы Талас өзенінің төменгі ағысында, қазіргі әкімшілік жүйе бойынша Оңтүстік Қазақстан және Жамбыл облыстарының шекаралары түйіскен жерде болған [5, 552 б.]. Көрсетілген географиялық атаулар бойынша Әбілқайыр ханның жорық бағыттары: Еділ-Алатау-Қызыл Надыр- Жетіқұдық арқылы жүрген болып шығады. Енді осы жорық бағытына карта бойынша көз салсақ, Әбілқайыр хан мол әскерімен Еділ бойынан аттанып, Алатау маңына жеткен, одан ары кейін оралып, Қызыл Надырға барған да, қайтадан 180 градусқа бұрылып, Жетіқұдық деген жерге келіп тыныстаған. Дешті Қыпшақты бес саусағындай жақсы білетін «көшпелі өзбектер» ханы қалың қолымен бұлайша жүрмеген. Біздің ойымызша, жорық бағытындағы географиялық атауларды көрсетуде дерек авторы, не болмаса деректі көшірушілер тарапынан қателіктерге жол берілген. Егерде біз жорық басталғандығы географиялық атауларды дәл анықтасақ, онда жорық бағыты анық айқындалады да, Әбілқайыр ханның соңғы жорығының қайда және кімге қарсы бағытталғандығын нақты біле аламыз. Олай болса, алдыменен жорықтың бағытындағы географиялық атаулардың көрсетілуіне көңіл аударалық.

Алдыменен Әбілқайыр ханның жорықты бастаған жері – Еділ өзенінің атауына тоқталалық. Еділ өзені – Дешті Қыпшақ аумағындағы ең белгілі, ең танымал өзендердің бірі. Ортағасырлық деректерде бұл өзен – Итил, Атил деген атаулармен кездеседі. Махмуд бен Уәли еңбегінде Әбілқайыр ханның әскер жиған жері Еділ өзенінің бойы деп жазылса да, біз оны дұрыс деп есептей алмаймыз. «Бахр ал-асрар фи манакиб ал-ахиардан» үзінді аударып, жері басқа бір өзеннің жағасы болған, ол көшірушілер тарапынан өзгеріске ұшыраған» деп есептейді [8, 552 б.]. Біз де ғалымның осы пікірін қостай отырып, Әбілқайыр ханның Еділ өзені бойында әскер жиюы мүмкін еместігін мынадай дәлелдермен келтіреміз.

Сонда Әбілқайыр хан Шығыс Дешті Қыпшақтың қай өзен бойында әскер жинаған? деген заңды сұрақ өз-өзінен туындайды. Біздің ойымызша, ол өзен Шығыс Дешті Қыпшақ аумағында болған, сондай-ақ ол өзеннің айтылуында, не жазылуында Еділ сөзіне ұқсастығы болған. Сонымен қатар ол өзен жергілікті жердегі кішкене өзендердің бірі емес, Дешті Қыпшақ пен Мауереннахрға танымал Сырдария, Ертіс, Жайық, Шу, Талас, Жем секілді өзендердің бірі.

Тобыл өзені бойынан Моғолстан бағытына қарай баратын жолдағы екінші географиялық атау – Ала-Таг деп аталады. Біз бұл атауды Алатау емес, Орталық Қазақстандағы Ұлытау деп қабылдаймыз. Араб әріптеріндегі дауысты а,ә,ұ,ү, дыбыстары бір ғана әріп, / - алифпен берілгендіктен «ала» сөзін «ұлы» деп оқимыз. Ал «таг», «так» сөзінің көне түрік тілінде «тау» деген мағанасын білдіретіні көпке мәлім. Сонда дерек мәліметіндегі Ала-Так сөзі – Ұлытау сөзі болып шығады. Шынында да, Тобыл бойынан Моғолстан жаққа апарар ең қысқа және түзу жол Ұлытау арқылы өтеді. Алдыңғы бетте Қызыл Надырдың қай жерде екендігін айтып өттік. Осы анықталған үш географиялық нүкте арқылы: Тобыл-Ұлытау-Қызыл Надыр бағыттарымен түзу сызық жүргізсек, онда Әбілқайыр ханның жорығы Моғолстанның Жетісу аймағының батыс жағындағы Қазақ хандығына қарсы бағытталғанын байқаймыз.

Әбілқайыр ханның әскер жию туралы жарлығынан кейін, әскердің жиылуы, оларды тексеру және соншама мол әскермен Тобыл-Ұлытау-Қызыл Надыр арқылы жүру біршама уақытқа созылады. Хан әскерлері Қызыл Надырдан Жетісуға қарай бірнеше асу жер жүріп, Жетіқұдық деген жерге жеткенде күн суыта бастайды. Соған қарағанда, Әбілқайырдың жорық жасау жөніндегі шешімі мен жарлығы жаздың соңында шығып әскердің жиылуы мен аттаныс күз айларында болған. Махмуд бен Уәлидің: «... осы мезгілде қалың қар түсіп, құйындата жаңбыр жауды және күшті жел соғып, суық ең жоғарғы белгіге жетті».- деген дерегі күздің соңы немесе қыс айының басталғанын көрсетеді [5, 359-360 бб.]. Одан әрі ол биылғы қыстың басқа жылдармен салыстырғанда өте суық және қар аралас жаңбырлы болғанын айтып өтеді [5, 360 б.].

Суыққа қарамай Әбілқайыр хан жорықты жалғастырып, ұлдарының бірі Көшкінші сұлтанды әмір Жұлдыз тархан, Хасанбек ойрат, Жәлел оғлан, Сатылмас найман, Сейітбек қоңырат, Темір маджар, Тошбек Қыпшақ және тағы да басқа әмірлермен бірге әскердің авангарды ретінде алға жібереді. Аққышпақ деген жерге жеткен кезде суықтың күшейгені соншалық, хан әскерін сақтау үшін жорықты тоқтатуға мәжбүр болады. Осы кезде Әбілқайыр ханның өзі де суықтан қатты ауырып, емшілердің қолданған еміне қарамастан Аққышпақ деген жерде қайтыс болады. Махмуд бен Уәли оның өлген жылын «елу жеті жасында 874 (1469 шілде – 1470 маусым) жылы, тышқан жылында», - деп көрсетеді [5, 361 б.].

Осылайша, Әбілқайыр ханның соңғы жорығы өз мақсатына жетпей, ханның қайтыс болуымен аяқталады. Сөйтіп, Қазақ хандығына төнген қауіп, өзінен-өзі сейіледі.

Біз Қазақ хандығының құрылу кезеңіндегі соңғы, төртінші сатыға Әбілқайыр хан қайтыс болғаннан қазақ билеушілерінің Шығыс Дешті Қыпшақ аумағында билігі толық орныққанға дейінгі аралықты жатқызамыз.

1470-ші жылдан бастап Қазақ хандығы Моғолстанның саяси қамқорлығынан шығып, дербес, толыққанды мемлекет атануға мүмкіндік алады. Шығыс Дешті Қыпшақ, Мауереннахр аумақтарында және Моғолстанның Шығыс Түркістан аймағындағы саяси жағдайлар оған өте қолайлы алғышарттар әзірлейді. Дос Мұхаммед ханның қайтыс болуынан кейін моғол тағына ешбір қиындықсыз Жүніс хан отырады. Бірақта оған алғашқы кездерде моғол әскерлерімен тіл табысу қиындықтар туғызады. Ол туралы «Тарих-и Рашиди» авторы былай деп баяндайды: «Сол күндері Жүніс хан бірнеше рет Қашқарға барды, алайда Моғолстан әмірлерінің ешқайсысы Қашқарда тұрақтай алмады. Хан шарасыздықтан қайта оралған болатын... Ол жөніде қысқаша мынаны айтуға болады. Жүніс хан Қашқарда шаһарда тұруды армандайтын. Бірақ моғолдың әскері мен әмірлері қаладан қашқақтаған-ды. Сол себепті де хан Моғолстанда тұруға мәжбүр болды. Сансыз мырза өлген соң, Мұхаммед Хайдар мырза Жүніс ханмен жақындасты. Осы екі арада Дос Мұхаммед хан да өлді. Жүніс хан Ақсуға барып, Дос Мұхаммед ханның халқын өзіне қаратады...

Алайда Жүніс хан Ақсуда қалғысы келетін еді, себебі Ақсу Моғолстанға қарағанда қалаға

ұқсайтынды. Бірақ моғолдардың жүріс-тұрысынан бұлар егер біршама уақыт тұратын болса, елдің көңілінің Сұлтан Кебек оғланға (Дос Мұхаммедтің ұлы –Б.К.) ауатынын байқайды. Сондықтан хан амалсыздан бар елін Моғолстанға әкетуге мәжбүр болды» [3, 117-118 бб.]. Осылайша, 1470-ші жылдардың басында Жүніс хан Моғолстан ханы боп мойындалса да, ол моғол әмірлері арасындағы алауыздықтарды тоқтата алмайды.

Ал Әбілқайыр ханның қайтыс болуынан кейін «көшпелі өзбектер» еліндегі этносаяси ахуал мүлде шиеленісіп кетеді. Бұл туралы жазба деректерде мынадай мәліметтер кездеседі. «Тарих-и Рашидидің» бірінші кітабында «Әбілқайыр хан қайтыс болған соң өзбек ұлысы бір-бірімен шайқасып, араларында үлкен келіспеушілік туды», - делінсе, екінші кітабында «Әбілқайыр хан дүние салғаннан кейін өзбектердің ұлысында алауыздық пайда болды», - деп сипатталады [3, 110 б.; 306 б.]. Әбілғазы болса, «Оның (Әбілқайырды айтып отыр- Б.К.) ұлдары мен немерелері көп еді, көп дұшпан оларға да қол сұқты, балаларының бірнешеуін өлтірді, қалғандары төрт жаққа қашты. Көп елінің барлығын тоз-тоз қылды», - деп жазады [9, 126 б.].

Бұл туралы өте қысқа болса да маңызды мәліметті Мұхаммед Хайдар Дулати да береді. Ол Әбілқайыр хан қайтыс болғаннан кейінгі оның еліндегі алауыздықтарды баяндай келе, былай деп жалғастырады: «Жұрттың көпшілігі Керей мен Жәнібек ханның жанына кетіп қалды. Олардың саны екі жүз мың адамға жетті, оларды өзбек-қазақ деп айта бастайды» [3, 110 б.]. «Тарих-и Рашидидің» тағы бір жерінде ол «әркім мүмкіндіктеріне қарай қауіпсіз хәм дұрыс өмір сүру үшін Керей хан мен Жәнібек ханды паналады. Олар осылай күшін нығайтты», - деп сипаттайды [3, 306 б.]. Бұл дерек мәліметтері Әбілқайыр ханның өлімінен кейін «көшпелі өзбектер» елінде таққа таласушы екі топтың арасында кәдімгідей күрестердің жүргендігін көрсетеді. Кезінде Керей мен Жәнібек хандарға әртүрлі себептерге байланысты ілесе алмаған ру-тайпалар енді жаппай түрде көше бастаған секілді. Жанадан қосылушылар есебінен Қазақ хандығының күші де өсе бастайды. Біздің ойымызша, олар ордаежендік және шибандық ру-тайпалар болған.

Жетісудағы Қазақ хандығы болса осы жылдары бұрынғы Орда Ежен ұлысының аумағына қайта келеді. Жоғарыда айтып өткен Бұрындықтың жорығы осы аумақтағы шибанилық сұлтандардың үстемдігіне қарсы бағыттталып, оларды сол аумақтан кетуіне мәжбүрлеген. Бұрынғы өңірлеріне қайта оралған қазақ билеушілері Шығыс Дешті Қыпшақтың батыс, солтүстік-батыс өңіріндегі шибан Ұлысын толықтай жоюға кіріседі. Т.И. Сұлтановтың көрсетуі бойынша Шайх Хайдар ханның билігі өте қысқа болып, ол ұрыстардың бірінде қаза табады [10, 129 б.].

«Тауарих-и гузида-йи нусрат-наме», «Фатх-наме», «Шайбани-наме», «Бахр ал-асрар фи манакиб ал-ахиар», «Түрік шежіресі» секілді деректерде Шайх Хайдар ханға Сібір ханы Ибақ пен Үлкен Орда ханы Кіші Мұхаммед ханның ұлы Ахмед хан бірігіп жорық жасайды, олар жеңіске жетіп, ханды өлтіреді деп айтылады [11, 20 б.; 12, 57 б.; 13, 99 б.; 14, 362 б.]. Осылайша, Шайх Хайдар ханның өлтірілуімен Шығыс Дешті Қыпшақ аумағындағы шибани әулетінің билігі де күйрейді. Көптеген әмірлер мен бектер жан-жаққа тарап кетсе, әулетке адал бір топ адам әулет өкілдерін Астрахань хандығына апарып паналатады. Бірақ ол жақта да ұзақ тұра алмай, қарсыластардың тықсыруымен қашып-пысып жүріп, арқыры Сырдың орта ағысы бойындағы Түркістан аймағына келеді [5, 362-363 бб.]. Сөйтіп, Шығыс Дешті Қыпшақ аумағындағы жалғыз саяси күш – Қазақ хандығы болып санала бастайды. Белгілі зерттеуші Т.И. Сұлтанов бұл жөнінде былай деп тұжырымын береді: «Өзбек Ұлысының көп бөлігі билік Керей мен Жәнібектің және олардың жақтастарының қолына өтті. Жазба дерек мәліметтерін терең талдау бұл тарихи оқиғаның 875 (1470-1471) жылы болғандығын көрсетеді» [15, 129 б.].

Біз де осы тарихи дерекпен келісе отыра, Қазақ хандығының құрылу кезеңіндегі соңғы саты аяқталды деп санаймыз. Моғолстанның саяси шеңберінен шығып, Қазақ хандығы енді осы жылдан бастап Шығыс Дешті Қыпшақтағы жеке, дербес мемлекетке айналады да, бүкіл аймақтағы саяси қарым-қатынастардың субъектісі ретінде көріне бастайды.

1 *Тарих-и Абу-л-Хайр-хани. //МИКХ.*

2 *Мырза Мухаммед Хайдар. Тарих-и Рашиди /Введ. перевод с персидского. А. Урунбаева, Р.П. Джалиловой, Л.М. Етифановой. – Ташкент, 1996. - 728 с*

3 *Мұхаммед Хайдар Дулати. Тарих-и Рашиди. (Хақ жолындағылар тарихы). – Алматы, 2003. -616 б.*

4 *Елеуұлы М. Шу өңірі: аңыз бен тарих. // ҚазМУ. Хабаршысы. Тарих сериясы. № 3. -1996. -6-12 бб.*

5 *Бахр ал – асрар фи манакиб ал-ахйар.// МИКХ.*

6 *Прошлое Казахстана в источниках и материалах. Сборник 1. (У в. до.н.э. - XVIII в.н.э.) –Л-М; 1935.*

7 *Пищулина К.А. Юго-Восточный Казахстан в середине XIV- начале XVI веков. –Алма-Ата, 1977.*

8 *Пищулина К.А. МИКХ.,*



9 Әбілғазы. *Түрік шежіресі*. - Алматы: Ана тілі. 1991, 208 бет.

10 Кляшторный С.Г., Султанов Т.И. *Казахстан: Летопись трехтысячелетий*. – Алматы, 1992.

11 *Таварих-и гузида-йи нусрат-наме*. //МИКХ.

12 *Фатх-наме*. //МИКХ.

13 *Шайбани-наме*. //МИКХ.

14 *Фатх – наме*. //МИКХ.

15 Султанов Т.И. *Поднятые на белой кошме. Потомки Чингиз-хана*. – Алматы, 2001.

### Резюме

Вопрос о времени возникновения Казахского ханства, первого в Центральной Азии национального государства, которое носило имя создавшего его этноса – казахов, является одним из самых дискуссионных проблем отечественной исторической науки. В казахстанской научной и научно-популярной литературе имеется множество работ, посвященных данной теме, хотя до начала 70-х годов XX века вопрос датировки образования ханства в качестве научной проблемы специально не поднимался. Его ставили «в один ряд с иными событиями политической истории казахского общества». Автор статьи подчеркивает, что в этот период были опубликованы первые научные исследования, посвященные времени образования Казахского ханства. Автором первой такой специальной работы стал Т.И. Султанов. Затем, в 1977 году, данная проблема была рассмотрена в монографии К.А. Пищулиной. Таким образом, автор при определении времени образования Казахского ханства опирается на легенду и в настоящей статье уделяет ей большое внимание. И доказывает, что при работе с любым новым источником, необходимо удостовериться в аутентичности его сведений.

**Ключевые слова:** Казахское ханство, источники, сведения, события, исследователи, история

### Summary

Question about time of origin of the Kazakh khanate, first in Central Asia of the national state that carried the name of creating him ethnos - Kazakhs, is one of the most debatable problems of home historical science. In Kazakhstan scientific and popular scientific literature there is a great number of the works sanctified to this theme, although to beginning of 70th of XX of century the question of dating of formation of khanate as a scientific problem did not rise specially. He was ranked together «with another events of political history of Kazakh society».

The author of the article underlines that the first scientific researches sanctified to time of formation of the Kazakh khanate were published in this period. By the author of first such special work T.I. Sultanovs. Then, in 1977, this problem was considered in the monograph of K.A. Pishulina. Thus, an author at determination of time of formation of the Kazakh khanate leans against legend and in the real article spares large attention to her. And proves that during work with any new source, it is necessary to make sure of authenticity of his information.

**Keywords:** the Kazakh khanate, sources, information, events, researchers, are history..

ӘӨЖ 11.936

## ЖӘНІБЕК ХАННЫҢ ТУ ТІККЕН ХАНТАУЫ

**С.Жолдасбаев** – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Тарих және қоғамдық ғылымдар академиясының академигі, Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Археология ғылыми-зерттеу оралығының директоры, Түркістан/Қазақстан

Мақала авторы келтіріп отырған деректер жай айтылған немесе ойдан шығарылған мәліметтер емес. Олар бүгінгі күнге дейін ел аузында сақталып келген деректер куәсі. Еліміз егемендігін алып, еркін даму жолына түскен сәттен бастап-ақ, қазақ халқының, үстіміздегі жылы 550 жылдығы аталып өткелі отырған қазақ хандығының алғашқы ту тіккен жерін айқындау мақсатында 1980 жылы автордың басқаруымен палеоэтнологиялық экспедиция өз жұмысын бастаған болатын. Мақалада автор жүргізілген экспедиция барысында жиналған хабарлар мен тарихи мағлұматтардың халқымыздың тарихын жазуда алатын орны ерекше екендігіне тоқталып, оны мол тарихи дәлелдер келтіре отырып қарастырады. Автордың пікірі бойынша, әсіресе, қазақ хандығының құрылған жері Хантауы, хан тағы, хан оры, Жәнібек ханның қыстауы, хан сатысы т.б. хан атымен байланысты орындар біздің ұрпақтарымыздың жадында мәңгі сақталуы тиіс.

**Тірек сөздер:** хан, ту, қазақ хандығы, қазақ хандары, тарих, деректер, мәліметтер, экспедиция

Жазба деректреде Жетісудың батысында «Қозы басы Шу» деген жерде Жәнібек пен Керей хандар бастаған Қазақ хандығының құрылғандығы халқымыздың тарихында белгілі. Көрсетіліп отырған жер Моғол хандығының жері еді. Алайда Моғол ханы бұл қазақ хандарын өз жеріне келулерін қуанышпен қарсы алған. Себебі Есенбұғы ханның інісі Жүніс хан Моғол хандығына осы жағынан қауіп туғызып отырған. Сондықтан енді Жүністің Моғол хандығының бұл жағынан қауіп туғыза алмайтынын біліп Жәнібек пен Керейдің өз жеріне келіп орналасуына ешбір кедергі жасамаған. Бұл жерге келгенге дейін

қазақ сұлтандары қазақ хандары деген атауда да аталып жүрген. Мұнда келгеннен кейін қазақ хандары деген атаумен еркінде атала бастаған.

Халқымыздың егемендігін алып, еркін даму жолына түсуне байланысты қазақ хандығының алғашқы ту тіккен жерін айқындау үшін 1980жылы автордың басқаруымен палеоэтнологиялық экспедиция жұмысын жүргізген еді. Зерттеу барысында Қозы басы деген жер Қордай ауданының шығыс жағында екендігі белгілі болды. Тұңғыш ғалымымыз Ш.Ш.Уәлиханов Верный бекінісінде болған кезінде Қозыбасының бекіністен екі күндік жерде екендігін жазған болатын. Міне сол Қозыбасы жайлауында Керей хан болған, Шу деген жері қазіргі Шу станциясының аумағы. Шу станциясының терістік шығыс жағында Хантау станциясының аумағында Жәнібек хан болған. Өйткені Үлкен Хантаудың шығыс жағында Жәнібек ханның «хан қорасы» деген қора бар. Тағы басқа жер аттары туралы төменде айтамыз олардың аңыз емес тарихи шындық екендігіне назар аудару керек. Хантау, Жетісу аймағының солтүстік батыс жағында Шу-Іле Алатауының оңтүстік шығыс жағалауындағы сілімдері болып табылады. Оңтүстік батыстан, оңтүстік шығысқа қарай 40 км дейін созылып жатыр, кеңдігі 10-15 км. Таудың орташа биіктігі 600-650м [1, 610 б.]. Ең биік шоқысы 1053 м. Жергілікті халықтың айтуы бойынша, ол биік шоқыны «Сұңқар» шоқысы деп атайды. Шамасы таудың биіктігін Сұңқар сияқты құстың аспандап биік ұшуына салыстырмалы түрде айтылған болуы керек. Хан тауы бір тұтас емес, бірнеше бөліктерден тұрады. Таудан ағып шығатын кіші-гірім өзендер, тау беткейлерін сай сала, жыра-жылға етіп тілімдеген. Сондықтан да таудан шыққан өзен бойларында қойнауларында мал қыстауға қолайлы. Хантау солтүстік шығыс жағынан Жусанды даласымен, ал солтүстік батысынан Сексеуілді далаларының ортасында орналасса да малға пайдалы өсімдікке өте бай. Әсіресе тау етектері ақселеу, жусан, еркек шөп сияқты мал жейтін жұғымды шөптер әрі биік әрі қалың өседі. Ал тау басында және беткейлерінде саркүйік шөп жайқалып тұрады. Хантаудың қыс қыстауға және бір қолайлығы тау беткейлерінде қысқа отын болатын тобылғыақтаспа сияқты отқа жағатын қызуды жақсы беретін бұталы өсімдіктер өссе, ал Жусанды далада сексеуіл сияқты қызуы күшті баялыш өседі. Бұл өсімдіктің қызуы сексеуілден кем емес. Сонымен бірге сексеуілде Хантаудан онша алыс емес. Тұрғындар қыс кезінде отын жағынан таршылық көрмеген. Сол себептенде Хантау жеі қазақ халқының қыста тұрақты жай салып мекендеген басты жерлерінің бірі болған.

Халқымыздың жер, тау, өзен, көл немесе басқа бір нәрселерге ат қойғанда оның белгілі бір сыртқы көріністеріне немесе, себеп-салдарына, мағынасына қарап қоятындығы ертеден-ақ белгілі. Сондықтан да бұл таудың Хантау аталуы да бекер аталмандығы өзінен өзі айтып тұрғандай, тауда қазақ хандарының жайлағаны белгілі болып отыр. Оған қосымша, Үлкен Хантау, Орта Хантау, Бала Хантау (немесе Кіші Хантау) деген атаулардың аталуын бекер еместігін байқатады. Аталған таулардың басында хан отыратын «ханның тағы» деп біздің хабаршымыз таққа ұқсас үш тасты көрсетті. Әрине бұл аңыздың шындыққа қаншалықты жанасымды екендігіне күмән келтіруге болмайды. Хантауда хандардың өмір сүргендігі жайлы аңыздарды дәлелдейтін басты бір айғақ, хантаудың солтүстік шығыс жағында «Хан қорасы» деген қораның орны бар (1 табл, 1сур). Табиғи дөңгелек қора қора тәрізді жартастың ортасын қораға пайдаланғандық көрініп жатыр. Нұрғиса Мұқатаевтың айтуы бойынша бұл қорада Жәнібек хан қыстайтын болған. Қораның қазіргі көрінісіне қарағанда XX ғасырдың 50-60 жылдарына дейін, одан кейін де қора есебінде пайдаланғандық көрініп жатыр. Қораның тегістік жағында жартастың ортасында кеңдігі 1м30см ұзындығы 25м жартасты қақ жарып үстіне көтерілетін саты тәрізді жерді «Хан сатысы» деп атайды. Шындығында жартастың арасынан жоғары қарай көтерілетін бұл өткел сатыға өте ұқсас, оны хан қолдан жасатты ма, жоқ әлде табиғи пайда болған саты ма дәл айту қиын. Шамасы хан сатысымен көтеріліп төбеге шығып дем алып, бой сергітіп, жан-жаққа көз салатын болған. Сатының оңтүстік жағында қораның ішінде 30м жердеханның мініс аттары тұратын ат қорасының орны бар. Бұл жерде ұзындығы 10м биіктігі 2-3м үлкен бір тас тұр. Түбінде тастан жасалған ақыры бар. Хан қорасы осы мініс аттар тұратын жерден екі бөлікке бөлінеді. Бірінші шығыс жағындағы қораның ені 18м, ұзындығы 24м. Ал екінші, батыс жағындағы қораның ені 16м, ұзындығы 20м. Бірінші қораның оңтүстік жағында қораға кіретін екі ашық жері бар. Мал кіріп шығатын қақпасы болу керек. Егер қораның солтүстік-батыс, солтүстік және солтүстік-шығыс жақтары айналдыра табиғи биіктері 50-60м кереге жартастар қоршап жатса, ал оңтүстік жағында доғаша иілген ұзындықтары 20-30м екі жартаспен қоршалған. Екінші қораның батыс жағынан кішкене сай өтеді. Табанында жылтырап ағып жатқан суы бар. Сай мен қораның арасы 15-20м. Ал сайдың батыс жағынан 150-160м жерде оңтүстіктен, яғни Шу-Іле Алатау жағынан Солтүстікке (Балқаш) қарай Хан оры өтеді. Біздің хабаршымыздың айтуына қарағанда да ор өзінің басын сол Балқаш көлі жағынан басталса, аяғы Шу-Іле Алатауына дейінгі аралықта жалғасып жатыр дейді. Шындыққа көзімізді жеткізу үшін ордың бойымен оңтүстік жағынан машинамен 20км, солтүстік

жағынан 15км жүріп көрдік, ор одан әрі қарай жалғасып жүре береді. Ордың бойымен қуалап жүре беруге мүмкін емес, бұта-бұтаның түбіртектері машинаның тезірек жүруіне мүмкіндік бермейді. Ал жәй жүріске күн ыстық машинаның моторы қызады. Сонымен ордың екі басына жа жетуге болмады. Ордың қазіргі сақталған көрінісі әрқалай, бір жерде тереңдігі 90-100см болса, ал кейбір жерд одан таяз, кеңдігі 1,5-2м. Хан оры туралы әртүрлі аңыз сақталған. Біздің хабаршымыздың айтуына қарағанда Жәнібек ханның құлан аулайтын оры болған тәрізді. Бұл ор туралы ХІХғ.ортасында бұл аймақта болған Ш.Ш.Уәлихановта [2, 344-345-бб.], ХІХғ.аяғында, қазақ халқының жан санымен жер жағдайының экономикалық жағын есепке алу үшін отарлау саясатына байланысты есеп-қисап жүргізілген орыс деректерінде де кездеседі[3, 77-78-бб.]. Бұл екі деректерде де бірін-бірі қайталайды. Сондықтанда біз Ш.Уәлихановтың жазған аңызы бойынша деректі қарастырып көрелік. Ғалым орды қаздырғанханның аты Жәнібек болу керек деп жобалайды. Өйткені оған айтушылардың өздері бірі Жәнібек десе, ал кейбіреулері ханның атын айтып бере алмаған. Аңызға қарағанда қырғыздардың өздеріне хан болу үшін бір баласын беруін сұрап келген қырғыз елшілеріне Жәнібек өзінің Жошы деген баласын беріпті-мыс. Ал, шындығында Жәнібектің Жошы деген баласы болмаған. Жошының күмбезі Карақеңгір өзенінің бойында. Міне сол баланы қырғыздар өздеріне хан ету үшін алып бара жатқанда бала жолда жайылып жүрген құландарға қызығып қуып бара жатқанда бала қаза болады. Содан, Жәнібек хан құландарды осындай ор қаздырып қырғыздықты. Қан арығы деп аталуы содан қалған тәрізді. Ол да сол құландардың қырылуына байланысты ма деге ой туады. Ал екінші бір деректе Түркістан әуесқой археологтары қоғамының мүшесі Д.Жетпісбаев жазған хабарына қарағанда орды Ақсақтемір қазғызған тәрізді[4, 137-138-бб]. Ақсақтемірдің бұл аймақта жорық жасап бернеше рет болғаны мәлім. Ал, Жошының өліміне келетін болсақ, ол Ұлытау жерінде анда жүргенде қаза болған[5, 91 б.]. Сондықтанда бұл орды қаздырған Жәнібек ханба деген ой беки түседі. Егер құлан аулайтын ор болса ол неге сонша ұзын болды. Ордың ұзындығы Ш.Уәлихановтың хабарына қарағанда Жоңғар Алатауынан басталып Шу Алатауына дейін шамасы 40-50 км аралықты қосып жатса, орыс деректерінде де бір басы Іле бойындағы Топардан басталса, ал екінші басы Қордай тауына дейінгі аралықты алып жатыр. Құлан аулау үшін мұндай орасан ұзындықтың қажеті қанша. Екіншіден, ордың қазіргі сақталған кеңдігі мен тереңдігі онша айтарлықтай емес. Ал, құландардың ұзындыққа қалай секіретіндігін өлшемегенмен шамамен 7-8м ұзындықты еркін алатындағын білуге болады. Мына сақталған ордың кеңдігімен тереңдігі онша көңіл толтырмайды. Мәселен ордың қазіргі сақталған жердегі кеңдігі 1,5-2м аспаса, тереңдігі өте шұңқыр деген жерлерде 1-3 м аспайды. Сондықтан бұл ордың Жәнібек құлан аулау үшін салғызды деген аңыз әзірше шындыққа онша жақындамай тұр. Сонда бұл орды кім қазғызды, не үшін? Бұл мәселе әлі де болса өзінің шешімін күтіп тұрған мәселе.

Хан қорасыныңоңтүстік жағында Ноғай құдық қыстауында болдық. Бұрын бұл жер төртінші бекет деп аталса керек. Бірақ та бекеттің үй-жайлары сақталмаған. Ал Ноғай құдықтың іші таспен өріп шығарылған, қазірдің өзінде 8м теректе суы бар. Шамасы осы құдық сол бұрыннан келе жатқан бекет кезіндегі құдық болуы керек. Ал жердің ноғай аталуы, тарихи бекет кезінде татар халқының өкілдерінен бекетті күтуші адамның ұлтына байланысты сияқты. Бекеттер бір елмен екінші елдердің арасына немесе сауда керуен жолдарының бойына салынатын жайлар. Онда суыт хабар алып жүрушілер көлік айырбастайды, ал сауда керуені дем алып көліктерін тынықтырады. Тарихи зерттеулерге қарағанда Ұлы Жібек жолының бір тармағы Іле алқабында оңтүстік батыстан, солтүстік шығысқа қарай өтетіндігі белгілі[6, 14 б.]. Олай болса бұл бекет Хантау бойынан шығыстан батысқа қарай, яғни атақты Тараз қаласына қарай өтетін Жібек жолының үстінде жатқан бекет. Хантау жеріндегі қыстаулардың орналасуына сол Жібек жолының бойына жақын салынғандығын байқау қиынға соқпайды. Мұндай бекеттерді Керуен сарайы деп те атайды. Бұдан кейінгі керуен сарайлары бұл жерден 30-40км жерде Мұқатайдың кезеңі деген жерде салынған. Хан оры да осы керуен сарайыдың жанынан батысқа қарай өтіп жатыр. Сонымен Ноғай құдықтың жері ертеден келе жатқан тарихи орын болып табылады.

Біздің жоғарыда келтіріп отырған деректеріміз жәй бекер айтылған, немесе ойдан шығарылған атаулар емес. Олар шындығында болған уақиғалардың куәсі. Сондықтан олар ел аузында бүгінгі күнге дейін сақталып келген. Бұл хабар, бұл тарихи мағлұматтар халқымыздың тарихын жазуда еш уақытта өшпес-сөнбес орын бар тарихи дәлелдер. Әсіресе, қазақ хандығының құрылған жері деген орындар Хантауы, хан тағы, хан оры, Жәнібек ханның қыстауы, хан сатысы т.б. хан атымен байланысты орындар біздің ұрпақтарымыздың жадында мәңгі сақталуыға тиіс. Бұлар біздің Мәңгілік еліміздіңбасы. Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы өзінің «Нұрлы жол –Болашаққа басты жол» атты Қазақстан халқына жолдауында «өткен тарихымызға тағзымда, бүгінгі бақытымызға мақтанышта, гүлденген келешекке сенімді Мәңгілік ел деген құрметті ұғымға сиып тұр. Отанды сүю бабалардан мирас болған ұлы мұраны қадірлеп, оны

көздің қарашығындай сақтау өз үлесінді қосып, кейінгі ұрпаққа аманатты табыстау деген сөз. Барша қазақстандықтардың жұмысының түпкі мәні осы».

Бұл мақаланы жазудағы және бір басты мақсатымыз оқырмандарға жәй баспа сөз арқылы ғана хандарымыздың ту тіккен Хантаудан хабардар етіп қоймай, март-апрель айларында сол Хантауға, Жәнібек қыстауына, хан орына, хан сатысына экспедиция ұйымдастыру. Егер сол экспедицияға қатынасқысы келген азаматтар бізге алдын-ала хабар берулеріңізге болады. Қатнасу тегін. Біздің адресіміз: Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Археология ғылыми-зерттеу орталығы ғылыми жетекшісі Сәйден Жолдасбаев.

1 ҚСЭ. II т, 610-б.

2 Валиханов Ч.Ч. Очерки Джунгарии. Т. I. I басылым, 344-345-бб.

3 МОТ. т. IV. Верненский уезд. Спб., 1913, 77-78-бб.

4 Джеттысбаев Д. Ров Темирлана (Предания киргиз, записанное Джеттысбаевым). Протоколы заседаний и сообщений членов ТКЛА. Год четвертый. 1898-1899, 137-138-бб.

5 Утемиши хаджи. Чингиз наме. - А., 1992, 91-б.

6 Байпаков К.М., Нұржанов. Ұлы Жібек жолы және орта ғасырлық Қазақстан. - А., 1992, 14-б.

### Резюме

В данной научной статье автор рассматривает некоторые исследования относящиеся к вопросам образования казахской народности и казахского ханства. Однако, представленные сведения автором являются не вымышленной историей, эти данные сохранены и передаются из уст в уста по сей день. Многие годы советская историческая наука находилась под влиянием идеологической линии коммунистической партии, соответственно, исторические исследования основывались на анализе лишь разрешенных к печати и использованию источников и материалов. После обретения независимости Казахстана появилась необходимость нового подхода к изучению вопросов казахского ханства и образования казахской народности. В связи с этим, в 1980 году под руководством автора начинает свою работу палеоэтнологическая экспедиция. Исторические материалы и сведения, собранные в ходе экспедиции дают возможность по новому взглянуть на исторические факты данного периода

**Ключевые слова:** хан, флаг, казахское ханство, казахские ханы, история, сведения, источники, факты, исследования, экспедиция

### Summary

In this scientific article an author examines some researches the formations of Kazakh nationality and Kazakh khanate related to the questions. However, the presented information an author is by the not invented history, these data are stored and passed from mouths in mouths till today. Many years soviet historical science was under influence of ideological communist party line, accordingly, historical researches were base on analysis of the sources and materials only settled to printing and to the use. After finding of independence of Kazakhstan necessity of the new going is near the study of questions of the Kazakh khanate and formation of Kazakh nationality. In this connection, in 1980 under the direction of author expedition sets to the work. Historical materials and information, collected during an expedition give an opportunity on new to give a glance on the historical facts of this period.

**Keywords:** khan, flag, Kazakh khanate, Kazakh khans, history, information, sources, facts, researches, expedition

## ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ ҚҰРЫЛУЫНЫҢ ТАРИХИ НЕГІЗДЕРІ

**Н.Мұқаметханұлы** – *әл-Фараби ат. ҚазҰУ шығыстану факультеті қытайтану кафедрасының меңгерушісі, т.ғ.д., профессор*

Мақалада Қазақстан аумағында б.з.д. бір мың жылдықтан б.з. XV ғасырына дейінгі этностардың қазақ ұлты болып қалыптасу процесіне және Қазақ хандығының құрылу негіздеріне талдау жасаған. Автор қазақ халқының этногенезін ертедегі Тиграхауда сактар (Tigrhauda), үйежылар (юэжжи - Rouzhi) үйсіндер, қаңлылар және яныцайлар (аландар) құрайды. Кейні оларға түркі тектес ру-тайпалар үздіксіз қосылып, өзара сіңісу және бөлінуі барысында, олардың әлеуметтік шаруашылық формасы мен тұрыс формасының айқындалып, этномәдениеті қалыптасты, яғни олар Түркі қағанаты, исламдану кезеңі, Қыпшақ-Жошы ұлысы дәуірлерінде үлкен трансформацияны бастап кешіру арқылы, негізінен қазіргі Қазақстан аймағындағы этностар XV ғасырда дербес қазақ ұлты болып қалыптасты. Қазақ ұлты қалыптасқандықтан ұлттық мүддені қорғау үшін ұлттық мемлекеттік билік - Қазақ хандығы құрылды деп тұжырымдайды.

**Түйін сөздер:** этнооптар, өзара сіңісу (ассимиляция), даму, трансформация, этномәдениет, Қазақ ұлты, Қазақ хандығы

Ұлттық тарихымызда Қазақ хандығының құрылуы – Қазақ мемлекетінің қалыптасуы ретінде тарихи

дәуір айыратын белес болып табылады. Сондықтан да қазақ тарихын зерттеушілер, тіпті, Орталық Азия тарихын қаузаушылардың бәрі де Қазақ хандығы құрылу құбылысына үлкен маңыз бердіп келген еді, Ел тәуелсіздігінен кейін бұл тақырыптың маңыздылығы еселеп арта түсті. Соңғы оншақты жылдың ішінде отандық баспасөз құралдарында Қазақ хандығы және оның құрылған жылы жөнінде бірнеше мәрте ашық ғылыми пікірталас өткізілді; кәсіби тарихшылар арнайы зерттеулер жүргізіп салмақты-салмақты монографияларды жарыққа шығарды [1]. Соңғы кезде кейбір мемлекет басшыларының қазақ елінің мемлекеттік тарихын жоққа шығаратын сөзді астарлап айтуы, аталмыш тақырыптың қаншалықты маңызды екендігін көрсетеді.

Өткен жылы Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақ хандығының құрылған жылын 1465 жыл деп тұрақтандырып, 2015 жылды хандықтың 550 жылдығын атап өту жөнінде қарар қабылдауын, ғылыми негізде жасалған тарихи шешім деп санаймыз.

Мен кезінде «Тарих-и Рашиди» негінде Қазақ хандығының құрылған жылын қыжыраның 870 (1465-1466 ж.) жылы деген көзқарас ұстанғандар қатарында болған-тұғым [2], қазір осы жылды Елбасының қабылданғанына қуанамын. Ендігі әрі Қазақ хандығының құрылған жылы жөнінде пікірталастырудың қажеті жоқ. Өйткені ол туралы жалғыз тарихи деректі Мухаммед Хайдар Дулат қалдырды, ал оны негіз ету шешімін Тұңғыш Президентіміз қабылдады, сонымен даталы жыл тұрақтады. Ендігі мәселе, Қазақ хандығы құрылуының тарихи негіздерін айқындап, оны «кездейсоқ оқиғалардың нәтижесі» деп санайтын танымды өзгерту болса керек-ті.

Кез-келген ұлттың қалыптасуы мен ұлттық мемлекеттердің құрылуының тарихи алғы шарттары болады десек, ол шарттың ұзақ тарихи даму барысында біртіндеп қалыптасатынын ескеруге тиіспіз. Ұлттық мемлекет белгілі бір этникалық негізде құрылады, ал белгілі бір этнос – ұлт салыстырмалы түрде тұрақты бір тарихи географиялық ортада өсу - даму процесін бастан кешіріп барып қалыптасады. Біз аталмыш мәселеге осы бір тарихи заңдылық бойынша талдау жасап көрмекпіз.

Қазақ халқының өсіп-өнген негізгі алтын бесігі - қазіргі Қазақстан аумағы екенін бұлжымас тарихи, мәдени фактілер айғақтайды. Қазірге дейінгі зерттеулер нәтижесіне жүгінсек, «б.з.д. VII ғасырдан біздің заманымыздың I ғасырына дейінгі уақытта Қара теңізден Сары Дария, Үндістан түбегі, оңтүстік Сібірден Памир тау жоталарына дейінгі алып сахараны парсылар «сақ» атандырған ұлы көшпенділер мекен етіп келген»; ал «Сақ атанған дүйім жұртты тек қана «үнді-еуропалықтар» еді немесе тек «түркілер» еді деп кесіп-пішіп айту мүмкін емес. Сақтар ұлттық құрамы жағынан көп этностық, саяси құрылымы жағынан конфедерациялық қауым болды. Олардың батыс тобы тіл мәдениеті жағынан үнді-еуропалықтарға, шығыс бөлімі түркілерге жақын болды» [3], дейді белгілі ғалым Зардыхан Қинаятұлы. Соның ішінде Шошақ бөрікті (Tiqrahauda) сақтардың Алтай, Тянь-Шань қойнауы, Жетсу, Іле бойын мекен еткені белгілі. Археолог ғалым А.Н.Берншам: Сақтар Андронов дәуірінде Оңтүстік Сібір этикалық топтардың (componentis) ықпалында қалыптасқан Жетісу және Тянь-Шаньды мекендеген жергіліктілердің тікелей ұрпағы» - деп есептейді. Сондай-ақ ол сақ пен үйсін мәдениетіне талдау жасағанда, «тарихи-мәдени бір үрдістің екі кезеңі» [4] - деп санайды. Бұл тұжырымды атақты археолог ғалым К.Акишевтың зерттеулері де нақтылай түскен. Ол сақ және сүйін қорғандарынан табылған мәдени мұралардың көпеген компоненттері бір-бірімен аса ұқсас, кей жағдайда бір-бірін айна қатесіз қайталауынан, оларда генетикалық жақындықтың бар екендігін айғақтайды[5], - деп атап көрсеткен.

Ал енді жазба деректерге жүгініп көрейік. Б.з.д. I ғасырда жазылған Қытайдың «Тарихи жазбалар – Ши цзи - □□», б.з.д. дейінгі Орталық Азияда өмір сүрген елдерге тоқталғанда: «Үйсіндер Даванның (Ферғананың) Шығыс солтүстігінде шамамен 2000 ли (1 ли - 500 м. – Н.М. ) жерде тұрады, көшпенді мемлекет (□□), малмен көшіп-қонып жүреді, *хұндармен салтас* (□□□□□)»; «Қаңлы Даванның (Ферғананың) батыс солтүстігінде шамамен 2000 ли жерде тұрады, көшпенді мемлекет (□□), *ұлы үйежы (юечжи - ружы, Rou zhi) салтас* (□□□□□)»; «Яньцай қаңлылардың батыс солтүстігінде шамамен 2000 ли жерде тұрады, *қаңлылармен салтас* (□□□□□)»; «Ұлы үйежылер (*юежы, юэчжи,*) Даванның (Ферғананың) батысында шамамен 2300 ли жердегі Амударияның солтүстігінде тұрады... Көшпенді мемлекет (□□), малмен көшіп-қонып жүреді, *хұндармен салтас* (□□□□□)» [6], - деп, төрт елді қатар қойып баяндаған. Өйткені олар «салтас» яғни бір мәдени типтегі этно топтар болғандықтан, автордың оларды бір жүйеге жатқызып жазғаны байқалады.

Ал қытайдың б.з. I ғасырында жазылған «Ханьнама – Ханьшу – □□» атты жылнамалық жинақта: «Батыс өңірде тегінде 36 ел болған, кейін 50-ден асатам елге бөлінген, олардың бәрі хұндардың батысында, үйсіндердің оңтүстігінде тұрады. ... «Батыс өңірдегі мемлекеттер негізінен жергілікті ел, қалалы, егістік жері, малы бар, хұн және үйсіндерге әдет-ғұрыптары ұқсамайды, бірақ олардың барлығы да хұндарға бағынады» [7], - деп айтылған. Бұл деректерден біз б.з.д. Орталық Азияда негізінен

далалалық мәдениеттегі (хұндармен «салтас» болған) және қалалық мәдениеттегі (ғұрып-әдеттері хұндарға ұқсамайтын) екі типтегі этнотоптардың өмір сүргенін және олардың Хүн империясына бағынышты болғанын аңғарамыз. Түркілердің қалалық және далалық болғаны жөнінде Махмуд Қашқари да өз еңбегінде айтқан болатын.

Хүн империясының құрамында болған, ғұрып-әдеттері, тіршілік формасы ұқсас көшпенді этнотоптардың б.з.д. II ғасырда Хүн империясы құрымынан бір-бірілеп бөлініп шығып, қазіргі Қазақстанның шығысынан батысына дейінгі кеңбайтақ далада дербес мемлекеттік құрылым орнатқаны қытай жазбаларында анық айтылады. Енді сол жөніндегі деректерге зер салып көрейік.

«Ханьнамада»: «Үйсін мемлекетінің ұлы күнбиі Чэгучэн (Қызыл аңғар) қаласында тұрады. 120 мың отбасы, 630 мың халқы, 188, 800 жеңімпаз әскері бар. ... Тұрған жері тегіндегі сақтардың жері. Үйсін халқының ішінде сақтардың, ұлы үйежылардың тұқымдары бар деп айтылады» [8] – делінген. Мұнда үйсіндердің Шығыс Тянь-Шань тауы өңірінен б.з.д. 160 жылдары Іле-Жетісу аумағына ауып келіп мемлекет құрғаннан кейінгі жағдайы айтылып отыр.

Ал Үйсін мемлекетінің негізгі аумағы қай жерлерді қамтығаны жөнінде жазылған деректер де, жасалған зерттеулер де көп. Мысалы, Профессор Су Бейхай: «Екі Хань патшалығы кезінде (б.з.д 206 – б.з. 220 ж. –Н.М.) Үйсін мемлекеті Іле өзені аңғарында болғаны анық. Олардың жерінің Шығысы Манас өзеніне тіреледі; солтүстігі Тарбағатай тауын бөктерлеп батысқа қарай созылып Балқашқа дейін барады; батысы Балқаш көлінен оңтүстікке беттеп, Шу өзенінен өтіп, Талас өзенінің ортаңғы ағысына барып, одан шығысқа қарай созылып, Нарын, Қызылсу өзендерінің басына дейін жеткен» [9], деп анықтама жасаған. Бұл өңірдің VI –VII ғасырларда да «Үйсін жұрты» болып аталғанын қытайдың «Көне Таңнама - Jiu tang shu - □□□» және «Жаңа Таңнама - Xin tang shu - □□□» атты еңбектерден кездестіреміз. «Көне Таңнамада»: «Батыс түркілер тегінде солтүстіктегі түркілермен бір аталас ел еді. Алғаш Мұқан қаған мен Шабора қағанның арасына жік түскендіктен, елі екіге бөлінген. Батыс түркі елі үйсіндердің ежелгі жерінде (□□□□□) тұрады» [10] - деп жазылса; «Жаңа Таңнамада»: «Батыс түркілер алғаш Шығыс түркілермен бөлінгенде Үйсіндердің ежелгі жерін иеленді (□□□□□□)» [11], - деп айтылады. Ал орыс тархшысы Н.А. Аристов: Үйсіндердің территориясы - Іле өзені, Ертіс бойынан Сайрам қаласына дейін, Балқаш, Іле, Ыстық көл [12], - деп санаған. Демек, ежелгі Үйсін мемлекетінің негізгі территориясы - Іле, Жетісу, Балқаш көлінің оңтүстігенен Шу, Талас өзенінің шығыс аңғарлары және Ыстық көл өңірлерін қамтыған. Ал оның орталық өлкесі Іле-Жетісу өңірі болған.

Осы үйсіндермен бір дәуірде қазіргі Қазақстан аумағы мен Өзбекстан өңірінде өмір сүрген ежелгі елдің бірі - Қаңлы мемлекеті. Қаңлы мемлекеті б.з.д. II ғасырдың орта шенінде үйсіндер Жетісудан ығыстырған Ұлы үйежылардан бөлініп шыққан топтың Талас өзені бойында құрған мемлекеті [13]. Ол жөнінде жазылған қытай деректерінде: «Қаңлы мемлекетінің («Kang ju guo -□□□») патшасы қыста Леоени қаласында тұрады...120 мың отбасы, 600 мың адамы,120 мың жеңімпаз әскері бар» [14] – деген мәлімет бар.

Қаңлы мемлекеті б.з.д. I ғасырында айтарлықтай дамыды. «Қаңлы мемлекетінің иелік жері Талас өзенінің батысы және оңтүстігінде Сырдария өңірін толық қамтыды. Сондықтан қаңлы патшасы өзінің оңтүстігіндегі жазиралы аумақтарда орналасқан қала-қыстақтарды сол аймақтың көлемінде жеке-жеке иеліктерге бөліп, оларды князьдары арқылы басқарып отырған. Сондықтан қаңлы мемлекетінің территориясы оңтүстіктегі бес аймақ пен патша өзі тікелей басқаратын солтүстік өлкені қамтыды. Сондықтан қытай жазбаларында «бес князь түгелдей Қаңлы патшасына бағынады» деп жазылған.

Қаңлы мемлекетінің батысында, яғни қазіргі Қазақстанның батыс аумағында Алан елі өмір сүрген. Ол қытай жазбаларында «Яньцай» (Yan sai – □□) деп аталды. «Тарихнамада»: «Яньцай қаңлының бастыс солтүстігінде шамамен 2000 ли жерде тұрады, көшпенді мемлекет (□□), қаңлылармен салтас (□□□□□). Садақты әскерінің саны 100 мыңнан асады. Жерінің шеті үлкен теңізге тіреледі, теңіздің жағажиегіне көз жетпейді»[15],- деп баяндалған.

Демек, жоғарыда аталған елдер бір территориялық өңірде өмір сүрді, кей кездерде олар бір-біріне тәуелді болды. Қытай деректерінде қаңлылардың үйсінге тәуелділігі, алан - яньцайлардың қаңлыға бағынышты болған кездері анық жазылған. Демек, олардағы тығыз саяси эконмикалық байланыс оларды мәдени біртұтастыққа бастағаны сөзсіз.

Сондықтан үйсін, қаңлы және алан-яньцай елдері Қазақстан аумағында ең алғаш бір типтес ру-тайпалар негізінде құрылған аймақтық алғашқы мемлекеттік құрылымдар. Олар өз құрамында ертедегі сақ (тиграхауда) және үйежылар элементтерін сіңіріп, бір саты жоғары деңгейге көтерілген этникалық топтар болып табылады. Сондай-ақ олар қазақ халқының арғы тегін құраушы ең алғашқы этникалық база болып қаланды. Қазақ халқының ұлт болып қалыптасу процесі де, мемлекеттілігінің алғашқы бастау

көздері де осылардан бастау алған деп санаймыз.

Қазақстан аумағында қазақ ұлтының қалыптасу процесі осылай басталып, ұзақ тарихи даму барысында өте күрделі трансформаларды бастан кешірді. Атап айтқанда, этникалық топтардың сөгінуі кетуі де, сырттан - шығыстан үздіксіз ауып келіп келіп тоғысуы да, өзара сіңісуді де параллел жүріп жатты. Сондықтан қазақ халқының этногенезі көп қайнардан – ру-тайпалардан бастау алып, Қазақстан аумағында біртұтастану процесін бастан кешіп, этномәдени бірлікке қарай дамып отырды. Сондықтан б.з.д. V ғасырдан б.з. VI ғасырына дейінгі мың жылдықты шартты түрде қазақ этносы мен мемлекеттілігі қалыптасуының бірінші кезеңі деп қарауға болады.

Б.з. 552 жылы Түркі қағанатының құрылуы – Еуразия сахарасында жаңа бір тарихи кезеңнің басталғандығын көрсеткен-ді. Өйткені қағандықтың қамтыған географиялық кеңістігі мен жасаған этномәдени ықпалының тарихи маңызы мойындалған ақиқат.

552 жылы құрылған Түркі қағанатының иелік жері шығыста Лияухай теңізінің батысынан (Лияухай теңізі – қазіргі Қытай теңізі. –Н.М.) басталып, батысы Шихайға (Шихай – Батыс теңіз, оны Арал теңізі және Каспий теңізі деп түсіндіреді. – Н.М.) дейін түмен ли (шақырым), оңтүстігі Құмды даланың солтүстігінен терістікке қарай Байкал көліне дейінгі 5-6 мың ли жердің бәрін қамтыды» [16]. Бұл құбылысты, қытайдың түркі тарихын зерттеуші белгілі ғалымы Ма Чаншоу: «552 жылдан 583 жылға дейінгі қып-қысқа 30 жылда түркілер Азияда ең күшті әрі едәуір біртұтастанған мемлекет құрды» - деп санайды. Сондай-ақ ол Түркі қағанаты құрылғаннан кейін Моңғол даласы мен Орталық Азия сахарасын және Батыс өңірдегі қалалық елдерді біріктіріп бір мемлекет құрды. Оның үстіне олардың бірігіп тұрған уақытының алды-арты бір ғасырға созылды. Бұл жағдайды біз ортағасырлық Азия таихын зерттеудегі ерекше құбылыс деп санаймыз» деген еді [17].

Осынау бір ғасырға созылған түркілердегі саяси тұтастық, міндетті түрде аймақтағы этникалық біртұтастық процесін ілгерлетті деп санауға болады. Бұл кезеңді тарих ғылымында және тарихи-лингвистикада «түркі дәуірі» деген ұғыммен белгілі. Түркі дәуірінің ерекшелігі оның этномәдениетімен анықталады. Мұны біз түркі тілі мен жазуының жүйеленуінен, түркілік дүниетанымнан, сенім-нанымдарынан, әлеуметтік тіршілік формасы мен тұрмыстық әдет-ғұрыптарынан олардағы ортақтықты анық аңғарамыз.

Көне түркі жазба ескерткіштеріндегі мәдениеттер, руни әліпбиінің алғашқы нұсқасы Батыс түркілерден бастау алып, кейін Шығыс түркі қағанаты нығайғаннан кейін қайта өңделіп, нормативтендірілгенін көрсетеді.

Ал Батыс түркі қағанатының (Көк түріктің) орталық өңірі болған Қазақстан аумағында түркі мәдениетінің тамыры тереңге сіңірілгені белгілі. Осы кезеңде Қазақстан аумағындағы алғашқы үйсін, қаңлы, алан-яньцай этно топтарына дулат, түркеш, қарлұқ, теле, басмыл, оғыз, шығыл, яғма және басқада рулардың келіп қосылып трансформаланды.

Батыс түркі қағандығы 659 жылы ыдыраған соң, Қазақстан, Орталық Азия аумағы кеңістігінде түркі тайпаларынан күшейгендері тарихи саханаға көтеріліп, өз руы немесе тайпалық одақтар атымен аймақтық сипаттағы мемлекеттіктер құрып билік жүргізді. Мысалы, Түркеш, Қарлұқ, Оғыз, Кимақ, Қыпшақ хандығы және Қарахан, Қарақытай (Кидан, Батыс Ляу) патшалықтары. Бұлардың тұсында аймақтағы этно топтардың өзара сіңісу процесі дамып түсті. Соның нәтижесінде түркі тілі жүйесінде қарлұқ тілі тармағы қалыптасқан[18]. Демек, шартты түрде VI - IX ғасырларды Орталық Азияда этникалық дамудың екінші кезеңі деп санаймыз. Өйткені бұл дәуірді түркі мәдениетінің бірегейленіп үстемдік алуымен түсіндіруге болады.

Алайда VIII ғасырдың соңғы жартысынан бастап, Ислам дінінің Орталық Азияда таралуы, мұндағы этномәдениеттің даму бағыты мен сипатын біртіндеп өзгерте бастады. Қарахан мемлекеті X ғасырда Ислам дінін мемлекеттік дін деп жариялан соң, Ислам дінінің әсері тереңдей түсті де, Орталық Азиядағы елдердің дүниетанымы, өмір сүру көзқарасы, тұрмыс салты мен моральдық-этикалық нормалары айтарлықтай өзгерді. Ал сахаралық ру-тайпаларында түркі мәдениеті мен ислам өркениетінің синтездесу процесі жүрді. Сонымен қатар, әлеуметтік экономикалық шаруашылықтың дамуына байланысты аймақтағы этно топтардың өзіндік мәдени ерекшеліктері айқындала түсті.

Белгілі тарихшы ғалым Зардыхан Қинаятұлы XI-XII ғасырда «Қыпшақтар Еуразия даласының қиылысындағы алып аймақты мекен еткен Түркі тайпаларының саяси ұйтқысына айналды. Сөйтіп, Қыпшақ саяси конфедерациясы негізінде келешек Қазақ ұлтын құраған негізгі тайпалардың басы бірігіп, елдікке ұмтыла бастаған шағында Моңғол шапқыншылығына тап болды» [19] деп пайымдайды. Моңғол шапқыншылығы Еуразия тарихының жаңа бір парағын бастады.

Моңғолдар алдымен өздерімен іргелес жатқан, өзалдына қағанат құрып билік жүргізіп тұрған түркі

тектес найман, керейт сияқты этнотоптардың тас-талқанын шығарып, оларды Қазақстан аумағына ығыстырып әкеліп, мұндағы түркі тектес пайпаларға қосып жіберді. Көп өтпей олардың соңынан батысқа қарай жорық жасап Орталық Азияны, Шығыс Еуропаны бағындырды. Сонмен Шыңғысхан алғашқы қадамда жаулаған жерлерін 1225 жылы балаларына еншіге бөліп берді.

Сойтіп Жошыға тиген өңірде Жошы ұлысы қалыптасты. Кеңес Одағы тарихшылары: «Моңғолдар жорығының нәтижесінде Қыпшақ даласы және оның төңірегіндегі ұланқайыр өңірде бір үлкен мемлекет қалыптасты. Бұл мемлекет шығыс тарихи деректерінде Жошы ұлысы немесе Көк Орда деп аталды, орыстың әртүрлі хронологияларында Алтын Орда болып аталды» [20] – деп жазуы –Еуразиядағы тарихи өзгерісті көрсетеді. Жошы ұлысы шаңырағын Қыпшақ даласында көтерді, жергілікті негізгі жұрты түрік-қыпшақтар болды [21]. Оларда таяу заманғы ұлт болып қалыптасу процесі жүріп жатқан еді. Белгілі қыпшақтанушы ғалым Болат Көмековтың: «қазақ, өзбек, қарақалпақ, қырғыз, башқұрт, ноғай, татарлардың ұлт ретінде қалыптасуының басты ұйтқысы - «Қыпшақ» атанған түркі тайпалары болды» [22] - деген көзқарасы соны аңғартады. Қыпшақ тілі, мәдениетінің әсерімен Жошы ұлысы, Ақ Орда дәуірінде қалыптасқан тілдердің бірі – қазақ тілі екендігі дәлелденген-ді [23].

Этнографтар: «ұлттық процес (этнические процессы): этностың эволюциялық процесі мен этностан бөлініп кету процесі механикалық түрде өзара байланысты болады. Бұл екі процесің бәрі де этникалық тұлға мен басқа этникалық ортақ тұлғаның өзгерістерін көрсетеді, осы тұрғыдан айтқанда олар бір типтегі процес болып табылады» [24]-деп санайды. Мәселен осы тұрғыдан талдау жасағанда, Орталық Азиядағы ұлттардың қалыптасу процесінің (бөлінуі, бірігуі, біртұтастану) нәтижесі XIV ғасырда айқындалғанын көруге болады. Соның нақты көрінісі - қазақтың дербес ұлт ретінде қалыптасуы. Б.з.д. мың жылдықтан басталған этно процес дами келе «Ақ Орданың айналасында қалыптасты. Қазақ құрамының бөліктері біреу мезгіл үш биліктің (Ақ Орда, Моғолстан, Ноғай Ордасы) қарамағында болғанымен олардың аумағы бір-бірімен тұтасып жатты да, Қазақ ұлтының қалыптасуына әр қайсысы елеулі рөл атқарды»[25]. Сонымен өзіне тән тілі, иелік территориясы, тұрақты тұрғыны және олардың ортақ ұлттық сана-сезімі мен психологиясы бар дербес қазақ ұлты қалыптасты.

Қазақтар таяу заман мағынасындағы ұлт болып қалыптасқандықтан, Әбілхайыр хан оларды бөтенсінді, оларға қысым көрсете бастайды. Ал қазақтар билік тарапынан келген қысастардың ұлттық сипатта жасалып жатқанын жақсы түсінген, сондықтан да олар ұлттық тәуелсіздікке ұмтылды. Ақыры Керей мен Жәнібек өз халқының түбірлі мүддесін көздей отырып, тарихи орайдан пайдаланып, елін Әбілхайыр хандығынан бөліп шығарып, дербес билік құрды. Міне, бұл 1465 жылы құрылған тәуелсіз Қазақ хандығы. Қазақ хандығы ұлттық сипаттағы мемлекеттік құрылым болып табылады.

Бұл құбылысты тарихи тұрғыдан қарайтын болсақ, оның «өту» процесі (жабайылықтан өркениетке өту, рулық түзімнен мемлекетке өту, жергілікті шектемеліктен ұлтқа өту) бойынша тәбиғи түрде болғанын түсінеміз.

Егер қазақ ұлты XV ғасырға дейін қалыптаспаған болса, онда Керей мен Жәнібектің тәуелсіз хандық құруы мүмкін емес еді. Тарихтағы ұлы этникалық оқиғаларда қағандықтардан бөлініп кеткен этнотоптар көп болған, бірақ олардың бірде біреуі дербес ұлттық билік құрған емес. Сондықтан Ақ Ордан бастау алған билік процесі, қазақ ру-тайпаларының ұлт болып қалыптасуымен ұлттық мемлекет – Қазақ хандығы түрінде жаңа сипатта құрылды.

Бұл құбылыс таяу замандағы, яғни XV-XVI ғасырларда әлемде қалыптасқан «капиталистік ұлттар» және мемлекеттермен тұспа-тұс келеді. Бірақ екі қоғамның екі түрлі әлеуметтік даму деңгейінде құрылды. Батыста капитализм жарыққа шыға бастаған кезде қалыптасқан ұлттар негізінде құрылған ұлттық мемлекеттер, содан бері үзліссіз мемлекет пен ұлтты қатар дамытып жетілдіріп келеді. Ал біздің мемлекеттілігіміз ұзақ уақыт отарлық үзілістен кейін, жаңа сипатта, биік өреде қайта жалғасын тауып, даму жолына түсті, енді ұлтымыздың жетілуі, кемелденуі басталды деп санаймын.

1 ҚР БҒМ ҒК Ш.Уәлиханов ат.Тарих және этнология институты. Қазақ мемлекеттілігінің тарихы (ежелгі және ортағасырлық кезең). - Алматы: Адамар. – 2007. -432 б.; Қинаятұлы Зардыхан. Қазақ мемлекеті және Жошы хан. –Астана: Елорда. -2004. – 344 б.; Қинаятұлы Зардыхан. Қазақ мемлекеті және Жошы хан. Алматы: Елтаным баспасы. -2014. – 360 б.; Кәрібаев Б.Б. Қазақ хандығының құрылу тарихы. –Алматы: Сардар. -2014. - 520 б.

2 Қазақ мемлекеттігіне қанша жыл? //Жалын. – 2004. - №3. - 47-70 б.; Қазақ мемлекеті қай дәуірден басталады? //Жас Қазақ. -2006 ж. 20 қазан. - № 41 (96) 4-5 б.

3 Қинаятұлы Зардыхан. Сақ бірлестігі.Қазақ мемлекеттілігінің тарихы (ежелгі және ортағасырлық кезең). -34, 39 б.

4 Бернишам А.Н. Историко-археологические очерки: Очерки истории гуннов. Бұл үзінді «Қазақ мемлекеттілігінің тарихы (ежелгі және ортағасырлық кезең)» атты еңбектің 38 бетінен алынды.

5 Акишев К.А., Кушаев Г.А. Древняя культура саков и усуней долины реки Или. –Алма-Ата. – 1963. – С. 4. Бұл да



аталған еңбек 39 б.

6 Сыма Циян. Тарихи жазбалар («Ши цзи - 〇〇»). 123 бума. Давань 63-баян. – Пекин: Чжуньхуа кітап баспасы (〇〇〇〇). – 1997. -1 т. -800 б.

7 Бань Гу. Ханнама. 96 бума, 2- бөлім. Батыс өңір тарауы. 2- бөлім. (〇〇. 〇〇〇). – Пекин: Чжуньхуа кітап баспасы. – 1997. -2 т. - 983 б.

8 Бұл да сонда. - 990 б.

9 Су Бейхай. Батыс өңірдің тарихи географиясы (〇〇〇〇〇〇). Үрімжі: Шыңжаң университеті баспасы. -1988. – 14 б.

10 Лю Шуй. Көне таңнама. 194 бума, Түркілер 2 - бөлім (〇〇〇. 〇194, 〇〇〇). – Пекин: Чжуньхуа кітап баспасы. – 1997. - 11 т., -1322 б.

11 Ао Янсю, Сун Чи. Жаңа таңнама. 215 бума. Түркілер екінші бөлім (〇〇〇. 〇215, 〇〇〇). – Пекин: Чжуньхуа кітап баспасы. – 1997. -12 т., -1546 б.

13 Мұқаметханұлы Н. Қаңлы мемлекеті. Қазақ мемлекеттілігінің тарихы (ежелгі және ортағасырлық кезең). - 81б.

14 Бань Гу. Ханнама. 96 бума, 2- бөлім. Батыс өңір тарауы 2 - бөлім. (〇〇. 〇〇〇). -2 т., – 988 б.

15 Сыма Циян. Тарихи жазбалар («Ши цзи - 〇〇»). 123 бума. Давань 63 - баян. -1 т., - 800 б.

16 Дин Худэфэнь. Чжоунама. Жат өңір тарауы 2- бөлім (〇〇〇〇. 〇〇. 〇〇〇). - Пекин: Чжуньхуа кітап баспасы. – 1997. 7 т., - 234 б.

17 Ма Чаншуй. Түріктер және Түрік қағанаты (〇〇〇〇〇〇〇〇). - Гуйлин: Гуанси педуниверситеті баспасы (〇〇〇〇〇〇〇〇). – 2006. – 20 б.

18 Дәулетхан Әлімғазы. Хун-түрік-қазақ тарихын зерттеу мәселелері. – Алматы: ҚазАқпарат. -2005. - 65 б.

19 Қинаятұлы Зардыхан. Қазақ мемлекеті және Жошы хан. – 121 б.

20 Греков Б.Д., Якубовский А.Ю. Золотая орда и ее падение. - Москва: Изд. Академии Наук СССР. – 1950 // Юй Дачжуньның қытай тіліне аудармасы. - Пекин: Шану баспасы. - 1985. – 48 б.

21 Федоров-Давыдов Г.А. Общественный строй Золотой Орды. – М., 1972, 7-8 б. Бұл 3. Қинаятұлының аталған еңбегінің 131 бетінен алынды.

22 Комеков Б.Е. Государство Кимеков IX-X вв. По арабским источникам. – Алма-Ата. -1972. – С. 35.

23 Қинаятұлы Зардыхан. Қазақ мемлекеті және Жошы хан. -292 б.

24 Бормлей Ю.В. Этнос и этнография. Ли Жинчидың қытайша аудармасы: Кокхот: Ішкі Моңғол халық баспасы. - 1985. - 189 б.

25 Қинаятұлы Зардыхан. Қазақ мемлекеті және Жошы хан. -266 б.

## Резюме

Набижан Мукаматханұлы - д.и.н., профессор, зав. кафедрой китаеведения, факультета востоковедения КазНУ им. аль-Фараби,

### Исторические предпосылки создания Казахского ханства

В данной статье анализируются вопросы развития и эволюции этнических процессов на территории Казахстана с начала 1 тыс. до н. э. и до XV века н.э., а также предпосылки формирования Казахского ханства.

Автор определяет начало этногенеза казахов, начиная с древних племен: сак (тиграхауда), юэчжи (Rouzhi), усунь, кангой и яньцай (аланов). Позже к ним присоединяются другие тюркоязычные племена. В процессе объединения и размежевания тюркских племен происходит взаимная ассимиляция и формирование социальных, хозяйственных и этнокультурных особенностей. Это совпадает с периодом исламизации Тюркского каганата.

Таким образом, в период трансформации Кипчакско-джучийского улуса на территории современного Казахстана начал формироваться казахский этнос и казахская нация. Завершение формирования казахского этноса приходится на XV век.

После завершения формирования казахов как нация, для защиты национальных интересов казахов была образована государственная власть в лице казахского ханства.

**Ключевые слова:** этнические группы, ассимиляция, развитие, трансформация, этнокультура, казахская нация, Казахское ханство

## Summary

Nabizhan Muhametkhanuly - Doctor of Historical Sciences, Professor, Head of Department of Chinese Studies, Faculty of Oriental Studies of Kazakh National University named after al-Farabi

### THE HISTORICAL BACKGROUND OF THE FORMATION OF THE KAZAKH KHANATE

This article analyzes the development and evolution of ethnic processes in Kazakhstan since the first millennium BC and up to the fifteenth century AD, as well as the historical background of the formation of the Kazakh Khanate.

The author defines the beginning of ethnogenesis of the Kazakh people since ancient tribes: the Sakā tiqrahauda, Yuezhi Wusun, Kangju and Yanai (Alan). Later they were joined by other Turkic tribes. The process of association and the delimitation of Turkic tribes cause a mutual assimilation and the creation of social, economic and ethno-cultural characteristics. This coincides with the period of the Islamization of Turkic khanate.

Thus, in the transformation period of Kipchak-Zhochi ulus on the territory of modern Kazakhstan the ethnic group of

Kazakh and the Kazakh nation started to emerge. Formation of the Kazakh ethnic group was completed approximately in the fifteenth century. After the completion of formation of the Kazakhs as a nation, the government has been formed as represented by the Kazakh Khanate to protect national interests of Kazakhs.

**Keywords:** ethnic groups, assimilation, development, transformation, ethnic culture, the Kazakh nation, the Kazakh Khanate

ӘӨЖ 1194

## **ПРОФЕССОР Ж.Қ. ҚАСЫМБАЕВ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ ҚҰРЫЛУЫ УАҚЫТЫНЫҢ МӘСЕЛЕСІ**

**Е.Н. Ермұқанов** – *т.ғ.к., доцент, Абай атындағы ҚазҰПУ*

Автор өз мақаласын белгілі ғалым, бүкіл ғұмырын отан тарихына қызмет етуге арнаған профессор Ж.Қ. Қасымбаевтың Қазақ хандығының құрылу уақыты мәселесі төңірегіндегі зерттеулері мен деректерін, ой-түйіндеулерін ашып көрсетуге арнаған. Сонымен қатар мақала авторы ғалымдар мен зерттеушілердің зерттеулері мен еңбектерін, ой-тұжырымдарын саралай келе профессор Ж.Қ. Қасымбаев әйгілі зерттеуші К.Пищулианың пікірін қолдайтынын алға тартады.

Үстіміздегі жылы 550 жылдығы кеңінен аталып өтіп жатқан Қазақ хандығының мәселесі көптеген ғалымдардың ғылыми ізденістеріне арқау болып, өсіп келе жатқан жас ұрпақтың сана-сезімінің арта түсуіне аталған тарихи датаның маңызы өте зор екендігін айрықша назарға алады.

**Тірек сөздер:** тарих, ғалым, зерттеуші, қазақ хандығы, деректер, ғылыми жұмыс, мемлекет

Елімізде үстіміздегі жылы өткізілетін мемлекеттік деңгейдегі шаралардың ішінде Қазақ хандығының 550 жылдығының алар орны ерекше. Әсіресе кейінгі жас ұрпақтың сана-сезімінің арта түсуінде аталған тарихи датаның маңызы өте зор.

Қазіргі кезде қазақ мемлекеттілігінің бастауы – Қазақ хандығына қатысты түрлі ғылыми, мәдени шаралар жер-жерде кеңінен өткізіле бастады. Танымдық бағыттағы іс-шаралардан қоғамның барлық саласы да сырт қалмаған. Бұл түсінікті де. Өйткені бір кездері тоталитарлық режимнің қызметшісіне айналған отан тарихының жаңа бір тынысы елдігімізге қол жеткізілгеннен кейін ғана ашыла түсті. Бір кездері жабық тақырыпқа айналған ұлт-азаттық көтерілістер, қазақ мемлекеттілігі және тағы да басқа мәселелерді тарихи шындық тұрғысынан зерделеуге кең жол ашылды. Бүгінде ұлт тарихына сусап қалған қалың көпшіліктің оған деген қызығушылығы арта түсті. Әсіресе дербес ел атанып, небір сын сәттерді бастан кешіп, ұлттық келбетімізді сақтап қалу жолындағы бұраландарды білуге деген қалың көпшілік ұмтылысы азаттық алған жылдары қарқын ала түсті. Жаңа қоғамдық сананы қалыптастыру, тәуелсіздік тұғырын нығайтуда тарихшыларымыз алдыңғы қатардан көрінді. Сол лектің басында белгілі ғалым, ғұмырын отан тарихына қызмет етуге арнаған профессор Жанұзақ Қасымбайұлы Қасымбаев тұрды. Ғалым саналы өмірінде төңкеріске дейінгі қазақ тарихының қандай проблемасы болмасын өзінің назарынан тыс қалдырмаған.

Қоғамда бүгінгі күні кеңінен аталып өтіп жатқан Қазақ хандығының мәселесі де оның ғылыми ізденістеріне арқау болған еді.

Ғалымның «қазіргі мемлекеттілікті бұрынғы өткенімізбен, яғни бүгінгі мемлекеттілікті Қазақстандағы дәстүрлі институттың жаңадан өрлеуі ретінде қабылдап, тарихи сабақтастықта қарастыруымыз керек» дегені бүгін де өзекті [1].

Өзінің көптеген ғылыми еңбегін хандық билік институтына, оның бастауларына арнаған ғалым әрқашан да мәселені объективті зерделеу міндетіне назар аударта келе, өткен дәуірдің күрделі құбылыстарының мәніне тереңірек үңілуге үндеп отыратын.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары еліміз бен жерімізге көз алартқан сырт көздер аз болмады. Әсіресе бұрын билеп-төстеп келген ұлт өкілдері белгілі қайраткерлерінің сепаратистік пиғылда жазған мақалалары қоғамда екіұдай пікірлер туғызды. Міне осы кезде қаламын қару етіп алға шығып, дәлелді де дәйекті ғылыми жарияланымдарымен тәуелсіздік тұғырын нықтай түскен санаулы ғалымдарымыздың бірі профессор Ж.Қ.Қасымбаев еді. Әсіресе, ресейлік әріптестерінен (А.И.Солженицын, В.В.Жириновский және тағы басқалардан) [2], қалыспаған отандасымыз А.Княгининнің қазақ тарихының өткеніне тоқтала келе, «республикада негізгі этностың өз бетінше дамуға қабілетсіздігі туралы» жорамалдарына біздің медиевистеріміздің үнсіз қалуын «түсінбейтінін» айта келе, «қазақ хандығының бастапқы кезеңін ат-үсті пайымдау, Қазақстанның өткенін ең алдымен Ресей империясымен байланыстыруға ұмтылу және Қазақстанның дербес даму фактісіне күмән келтіру» - монодержавалық,

өткен ғасырдың күні өткен идеологиясы екендігін батыл ашып көрсетеді [3].

Автордың «ортағасырлық мемлекеттік құрылымдар қызметін анықтайтын хандықтың құрылу уақыты мен билік атрибуттары сияқты күрделі де қайшылықты проблемаларды, әсіресе феодалдық мемлекеттілік бастауларын, хронология мәселелерін ашуда ақиқатты қалпына келтірудің объективті қиындығын біз сезінеміз», - деп тақырыптың қаншалықты күрделілігіне көңіл аудартуы тегіннен-тегін емес. Әсіресе қазақ хандығының құрылу уақытын айқындауда медиевистердің оны оқи білуіне байланысты деуі өте маңызды. Жанұзақ Қасымбайұлы «бұл мәселедегі беймәлім детальдарды анықтауға ғалымдардың ұмтылысы жаңа мемлекеттің тарих сахнасында пайда болу жылын анықтауға талпыныстан ғана емес, көпшілік санасына қате датаның орнығып кетіп, кең көлемде, қымбат мерейтойлық шараларды өткізуге сылтау болуы мүмкін дей келе, өкінішке орай біз соған тап болдық» [4] деп қынжылыс білдіреді. Шын мәнінде оның шырылдауы бекерден-бекер емес еді.

1995 жылы бір республикалық қордың бастамасы және қаржылай қолдауымен Қазақ хандығының 525 жылдығы атап өтілді. «Халық кеңесі» газеті осы рубрикамен жақсы жарияланымдарға, республикалық теледидар ғалымдар мен қоғам өкілдері қатысуымен хабарлар топтамасына конкурс жариялайды. Бұл дата, яғни 1470 жыл өткір пікірталас туғызып, оған белсенді атсалысқан жазушы, публицистер тартысты қыздыра түседі. Даталар қатарына 1450, 1459, 1462, 1465 жылдар да атала бастаған. Тарихшылар бұл нәтижесіз пікірталасқа кеңінен тартылған.

«Аталған хабарламаның Орталық Азиядағы кеңбайтақ елдің құрылуын негіздеу үрдісін нақтылауды салмақтауға ғана мүмкіндігі бар» дей келе, Ж.Қасымбаев, «біз зерттеушілердің баспа материалдарына, біздің көзқарасымыздың түрлі пікірлердің дифференциалды қабылдауларына негізделуі, хабарлама, әрине соңғы инстанцияның ақиқатына еш ұмтылмайды, бірақ біздің ұмтылысымыз қайткенде де ғалымдарды, әсіресе жастарды Қазақ хандығының кейінгі дамуының құрамды бөлігін, сол кезеңнің көп аспектілі оқиғалары ретінде қарастыра келе, мемлекет бастауларын зерделеуге тарту. Зерттеушінің талдап отырған тақырыпты ашуы үшін хронологиялық аспектісін ортағасырлық өркениеттегі ірі мемлекеттік құрылым – Алтын Орданың құлау кезеңінен көрсету, яғни біршама кеңірек қарау орынды болмақ»[5] деген өз пікірін білдіреді.

Алтын Орда ыдырағаннан кейін құрылған мемлекеттер қатарында Қазақ хандығының осы мәселені терең зерделеген ғалымдар тарапынан еш себепсіз аталмауына Ж.Қасымбаев өзінің ренішін жасырмайды. Ол «Батый қолбасшы құрған, 200 жылдай өмір сүрген ортағасырлық империя қирандыларында құрылған мемлекеттердің қатарында Қазақ хандығы (әсіресе кеңестік тарихнамада) әдетте айтылмайды. Мәселені терең зерттеген Б.Греков, А.Якубовский, Г.Федоров-Давыдов, В.Егоровтар Алтын Ордадан бөлініп шыққан аймақтың хандықтарын санамалаумен шектеледі. Осы және басқа да авторлар еңбектерінде Қазақ хандығы туралы үнсіз, айналып өтіледі» дей келе «хандықтың жеке мемлекеттік құрылым ретінде пайда болуы XV ғасырдың 50-ші жылдарының соңғы кезеңіне тұспа-тұс келеді, Орал сырты даласындағы сол дәуірдегі мемлекетаралық қатынастарда Қазақ хандығы дамуының алғашқы кезеңімен байланыссыз түсіндірілуі мүмкін. Тіпті осы тақырыпты зерттеп жүрген көптеген тарихшылар аталған аймақтық бірлестіктерде Жошы мұрасы күйреуінің салдары Алтын орданың тікелей ұрпақтары, Ақ Орда мемлекетінің бір бөлігі ретінде Қазақ хандығының қайта пайда болуы мүмкін деп қабылдайды. Оның үстіне зерттеуші К.А.Пищулинаның хандық құрылғанша қазақ халқының негізгі этикалық компоненттері Моңғол ұлыстарының қирандыларында пайда болған Ақ Орда, Моғолстан, Әбілхайыр хандығы, Ноғай Ордасы, Сібір хандығы секілді бірнеше саяси құрылымдарға кірді»[6], - деген тезисі толық негізді дейді ғалым.

Жанұзақ Қасымбайұлы қазақ мемлекеттілігі құрылуының саяси жағдайын сығымдап қарастыру оның пайда болу уақытын айқындауды жеңілдетер еді дей келе, сол кездері Қазақ хандығының құрылуын тездеткен ішкі-сыртқы жағдайлардың барысына былайша тоқталады: «XV ғасырдың бірінші жартысында мемлекетаралық өзара байланыстарды қозғаған барлық дерлік авторлар, бұл үрдістің алғышартын анықтауда, оның экономикалық және саяси мотивтерінің әбден пісіп-жетілгені жөнінде бірыңғай тоқтамға келді. Әбілхайыр хандығында ішкі алауыздық шегіне жетті, бірақ басты қиратушылық түрткі бұл билеушінің Жетісу арқылы Сығанақ пен Сайрамға, Шығыс Дешті Қыпшаққа, Сырдария маңы оазистері мен Қаратау жоталарынан Яссы мен Ташкентке басып кірген ойраттардың аяусыз талқандауына әкелген сыртқы саясаттағы сәтсіздіктерінен еді. Әбілхайырдың әскери жеңілісін қазақ сұлтандарына пайдаланатын және достық қатынастағы Моғолстан шекарасына ауа көшетін қолайлы сәт туды, екінші жағынан бұл билеушінің өз ұлысының ішінде бағынбайтындарды тезге салу және өз позициясын нығайтуы, Керей мен Жәнібек сұлтандар және оны қолдаушылардың әрекетін тездетті». Ғалым бұл тұжырымын М.Х.Дулатидың «Тарих-и Рашиди» еңбегінен алған мынадай үзіндімен

дәйектейді: «Әбілхайыр хан Дешті Қыпшақты өзіне толық қаратқанда Жошы әулетінің кейбір сұлтандары оның тарапынан төніп келе жатқан қатерді сезіп, алдын алуды ойлады. Және (осы мақсатпен) бірнеше сұлтандар – Керей мен Жәнібек және оларды қолдаушылар аз ғана адамымен Әбілхайыр ханнан қашып, Моғолстанға келді»[7].

Белгілі ғалым 1994 жылы жарық көрген Нығмет Мыңжанидың «Қазақтың қысқаша тарихындағы» «Қазақ хандығының құрылу мәселесі қытай деректерін мұқият зерделеу негізінде жазылған» деп айрықша көңіл аударады. Ол бұл еңбектегі хандықтың құрылу уақыты жөніндегі ұстанымға қатысты өз пікірін білдірмесе де «Керей мен Жәнібекке ергендер Шығыс Дешті Қыпшақтан Батыс Жетісуға Әбілхайырдың қаталдығы мен үстемдігіне қарсылық ретінде көшіп кетеді, ол жаңа бірлестіктің қалыптасуының негізгі сәті саналды дей келе, Ақ Орданың соңғы ханы Барақ ханның балалары Керей мен Жәнібек қалыптасқан жағдайды шұғыл түрде пайдаланды»[8] деп ерекше тоқталады.

Жанұзақ Қасымбайұлы көпшілік назарын қазақтардың Жетісуға көшіп кету уақытын анықтауда тарихи әдебиеттерде түрліше беріліп келе жатқандығына да аударады. Автор өз еңбегінде: «А.Чулошников, Б.Ахмедовтар бұл оқиғаны мұсылманша жыл санаумен 860-шы жыл, яғни 1455-1456 жылдарға жатқызатынын, ал С.Кляшторный мен Т.Сұлтановтар кейінгі даталар 1459-1460 жылдарды атайды. Осындай пайымдау М.Әбусейітова мен А.Исиндер пікірлерімен де үндеседі. Ал кейбір маңызды тарихи-әдеби шығармалар жазған М.Мағауин қалыптастан датаға күмән келтіріп, кейінгі кезеңді ұстанады» дейді.

Ж.Қасымбаев мұндай пікірталастардан өзін біршама аулақ ұстайды және бұл проблеманы Моғолстан билеушісі Есенбұғаның 1462 жылы қайтыс болған уақытымен байланыстыра қарастыруға меңзейді. Ғалым өз ойын бұдан әрі былайша сабақтайды: М.Әбусейітова, К.Пищулина бұрынырақта С.Ибрагимовтер сияқты қазіргі қазақстандық зерттеушілер де Есенбұғаның өлген жылын бірауыздан 1462 жыл деп көрсетеді. Хандықтың құрыла бастауы да оның атымен тікелей байланысты. Бұл фактіні біздің зерттеушілер де жоққа шығармайды. Тіпті Мұхаммед Хайдар Дулатидың «Тарих-и Рашиди» шығармасында «Иса Буга оларға (Керей мен Жәнібек) ерекше қамқорлық пен құрмет танытты, олардың тоқтайтын жерін Моғолстанның бір бұрышынан анықтап, олар онда қауіпсіздікке ие болды. Оның қазақ билеушілеріне аса жанашырлығы күмән туғызбайды, алайда мұндағы саяси нюанстар Дешті Қыпшақты 40 жыл билеген Әбілхайыр (1428-1468жж.) ханға қарсы күресте мүдделестерді біріктіруді ойлағанын да жоққа шығаруға болмас»[9] дейді.

Жоғарыдағы зерттеулер мен деректерді, өз ой-түйіндеулерін қорыта келе автор «XV ғасырдың 50-ші жылдарының соңы 60-шы жылдарының басы Қазақ хандығының құрылған уақыты, Керей мен Жәнібек сұлтандар жақтастарының алғашқы орныққан жері Жетісудың батыс аудандары, Талас және Шу өзендерінің бассейні. Аумақты осыған дейін мекендеген тайпалар жаңа қоныстанушылардың этникалық құрамымен араласып кетті. Алайда хандықтың құрылған уақытында Жетісуда рулық құрылымы кейінгі дәуірлерге қарағанда әлдеқайда кең, түрлі тайпалар болды деп түйіндейді. Және К.Пищулинаның «байтақ өлкеде жаңа мемлекеттің ядросын құраған дулат, үйсін, керей, қаңлы, арғын, жалайыр және басқалар мекендеді» деген пікірін қолдайды.

Қазақтардың Моғолстанға өздерінің алғашқы хандарымен еріп барғандары – 200 мың адам дей келе, ғалым, Әбілхайыр ханның әлсіреуі мен өлімінен кейін оның көбірек өскені туралы ортағасырлық деректерге назар аудартады.

Өз еңбегін түйіндей келе Ж.Қасымбаев көпшілікке төмендегідей байламын ұсынады: «біз әріптестеріміздің назарын тағы да баспа деректерімен, зерттеушілердің түрлі сипаттағы мәліметтерінің ақырғы түйін болуға мүлдем үміттенбейтінін, ал біздің медиевистеріміз бен шығыс жазбаларының білгірлерінің бүгінде анықтап жатқан жаңа материалдары хандық мемлекет құрылуы жағдайының хронологиясы сияқты аспектілердің белгісіз беттерін ашуы әбден мүмкін. Алайда Мұхаммед Хайдар Дулатидың хандықтың құрылу датасын 870 жыл, яғни 1465-1466 жыл деп көрсете келе, сірә өзінің күдігін жасырмай, бұл жөнінде «Аллах жақсы біледі»[10] деп жазып кеткен» ортағасырлық ғұлама тарихшының пікіріне тоқтап, нақты датаны айқындауды келешек ұрпақ еншісіне қалдырады.

Шын мәнінде «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында және соңғы жылдары отандық тарихнамада ғылыми айналымға қосылып жатқан жазба деректердің болашақта бұл мәселені әлі де анықтай түсері сөзсіз.

1 Касымбаев Ж.К. Проблема методологии, историографии и источниковедения истории Казахстана позднефеодальной и новой эпохи. Алматы, 2010.

2 Касымбаев Ж.К. Открытое письмо по поводу статьи А.И.Соложеницына «Как обустроить Россию» (Комсомольская правда. 1990. 18 сент.) // Лениншіл жас. 1990. 28 сент.; Он же. Еще раз о разговорах Солженицына

*А.М. (Комсомольская правда. 1996. 23 апр.)*

*3 Касымбаев Ж.К. Проблема методологии, историографии и источниковедения истории Казахстана позднефеодальной и новой эпохи. Алматы, 2010.*

*4 Сонда, 19 б.*

*5 Сонда, 20 б.*

*6 Сонда, 20 б.*

*7 Сонда, 21 б.*

*8 Сонда, 21-22 бб.*

*9 Сонда, 22 б.*

*10 Сонда, 23 б.*

#### **Резюме**

В истории любого народа есть исторические события, значение которых невозможно переоценить. К числу таких исторически значимых событий относится возникновение казахской государственности. Стремление казахского народа к независимой государственности привело к образованию Казахского ханства. Вновь проблема актуализировалась после обретения Казахстаном независимости. В 90-е годы XX века данный вопрос нашел отражение в работах ученог-историка Ж. Касымбаева. Также в этот период были опубликованы первые научные исследования, посвященные конкретно времени образования Казахского ханства, в истории которого остается еще много нерешенных проблем. Одной из них является дата его образования. В казахстанской научной и научно-популярной литературе имеется множество работ, посвященных данной теме,

**Ключевые слова:** история, ученый, исследователь, казахское ханство, источники, научные работы, государство

#### **Summary**

In history of any people there are historical events the value of that it is impossible to over-estimate. The origin of the Kazakh state system behaves to the number of such historically meaningful events. Aspiring of the Kazakh people to the independent state system resulted in formation of the Kazakh khanate. Again a problem actualitish after finding Kazakhstan of independence. In 90th of the XX century this question found a reflection in works of historical scientists G. Kassymbaev.

Also the first scientific researches devoted certainly to time of formation of the Kazakh khanate were published in this period. there are many unsolved problems in history of that. One of them is a date of his education. In Kazakhstan scientific and popular scientific literature there is a great number of the works sanctified to this theme.

**Keywords:** history, scientist, scientific, Kazakh khanate, sources, advanced studies, state

## **ҰЛЫ ЖЕҢІСКЕ – 70 ЖЫЛ** **70 ЛЕТ ВЕЛИКОЙ ПОБЕДЫ**

### **ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫ ТАРИХЫНЫҢ АҚТАҢДАҚ БЕТТЕРІНЕН**

**Р.Қ. Айдарбаева** – тарих ғылымдарының кандидаты, Д.Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан Мемлекеттік техникалық университетінің доценті

Мақала ХХ ғасыр тарихының аса қасіретті парақтарының бірі болған - Ұлы Отан соғысының мәселесіне арналған. Биылғы жыл Ұлы Жеңістің 70 жылдық мерекесі жан-жақты аталып өтуде. Дегенмен, еліміз егемендік алған кезден бастап-ақ, тарихтың «ақтандақ беттерін» қайта қарауға мол мүмкіндік алдық. Кеңес Одағының құрамында болған қазақ халқы да бұл соғысқа бір кісідей жұмылдырылғаны тарихтан белгілі. Басымызға қиын-қыстау күн туған кезде Қазақстан да ел қорғанысын арттыруға айрықша үлес қосып, ортақ Жеңісті жақындатқаны ақиқат. Ал кейбір зерттеушілер бұл соғысқа тек ресейлік сипат береді. Соғыс жылдары әрбір төртінші қазақстандық қолына қару алып, әскер қатарына тұрды.

**Тірек сөздер:** Ұлы Отан соғысы, Ұлы Жеңіс, ел, егемен, Кеңес Одағы, Қазақстан, соғыс, зерттеушілер

Екінші дүние жүзілік соғыс, оның құрамдас бөлігі болған Ұлы Отан соғысы - ХХ ғасыр тарихының аса қасіретті парақтарының бірі болғандығы белгілі. Сол қанқұйлы соғыстың аяқталғанына биыл 70 жыл толады. Осыған байланысты көптеген елдерде осы соғыс төңірегіндегі мәселелерге байланысты әртүрлі пікірталастар әле де жанданып жатыр. Жалпы Екінші дүние жүзілік соғыстың тарихи жүз томдық еңбекке арқау болған. Одан басқа да қаншама ғылыми еңбектер жарық көрді. 1980 жылдардың басына қарай КСРО-да осы соғыстың 10 томдық тарихы жазылып, баспадан шықты. Алайда елімізде қайта құру саясаты басталып, жариялылық енгізілгеннен кейін тарихтың көптеген ақтандақ беттері қайтадан зерттеле бастады. Осындай жағдайда Ұлы Отан соғысының 12 томдық тарихын жазу ісі қолға алынды. Осылайша осы соғыстың тарихында да басы ашық мәселелер бар екендігін мойындаған болатынбыз.

Соңғы кездері тарихи әдебиетте соғыстың ұлы отандық сипатына күмән келтірушілер көбейіп барады. Енді бір зерттеушілер ол соғысқа тек орыстық, ресейлік сипат бергісі келеді. Ал Қазақстанда біз кешегі соғыста Ресей елін қорғадық, біз Отан соғысы емес, екінші дүние жүзілік соғысқа қатыстық, деген пікірлер айтылып жүр.

Белгілі қазақ тарихшысы, академик М.Қозыбаев бұл мәселе бойынша өз пікірін былай білдірді: «Сөз жоқ, Ресей, одан қалды кеңес елі біздің Отанымыз болды. Біз осы ұлы елдің құрамды бөлігі болып келдік. Ол елдің біз сияқты бұратана халықтарға өгей анадай болған кездері де жоқ емес. Бірақ, біз осы рухты елдің қол астында ғасырлар бойы болғанымыз шындық. Сол елдің жоғын жоқтадық, барын жарып жедік, мәдени мөлдір бұлағынан сусындадық. Бұл бір. Екіншіден, біз өмір сүрген соңғы кеңес елі, онда біз отарлы Ресей бөлшектеп алып кеткен жерімізді қайтіп алып, «қуыршақ» болса да жеке мемлекеттік отау тіктік; ұлттық таптық езгіден, шетел капиталының үстемдігінен азаттық алдық. Ендеше, кеңес дәуірі қанша зәбір керсетсе де, жақсылығы аз болмады. Фашизм бас салған кезде қазақ халқы осы Отанын қорғау ықыласын бірауыздан білдірді. Бұлақиқат. Үшіншіден, Ұлы Отан соғысында 35 млн. халық қолына қару алып соғысқа қатысты. Олардың ішіндегі негізгі күш - орыс халқы.

Солармен бірге 4,5 млн. украин, 1 млн. белорустар; 3 млн.-нан астам Орта Азия, Қазақстан ұл, қыздары майданға аттанды. Қазақ сахарасында соғысалдында 6,4 млн. халық бар-ды. 1938-1945 жж. 1 млн. 200 мыңадам майданға кетті. Бұл 1941 ж. халықтың 21,2 пайызы еді. Тылдағы әкери өндіріске 700 мың адам алынды. Олардың 200 мыңы қазаққарттары еді. 1937-1945 жж. Қазақстанға 1 млн. 200 мың жер ауып келді, 32 мың адам қоныс аударып, батыс аудандардан қоныс тепті. 8 млн. халықтың 2 млн.-ға жуығы, әрбір төртіншісі мобилизацияланды.

Әлемдік тарихта мұндай масштабта мобилизация жүргізілмеген болса керек. Ал Гитлер болса, жаппай мобилизация жариялап, халықтың 12 пайызын ғана қаруландыра алды. Ендеше, мұндай соғыстың отандық сипатына неге шек қоямыз, бұл төгілген халық қанына, көз жасына дегеншексіз зорлық болса керек» [1].

Барбаросса жоспарын жасаған кезде фашистік Германияның басшылары КСРО-ны «сансыз көп жасанды және тұрақсыз халықтар бірлестігі», өзінше бір «ішкі бірліктен жұрдай этникалық конгломерат» деп қарастырды. «Ресейдің кең байтақ жерін мекендеген халықтар жөніндегі біздің саясатымыз,- деді Гитлер өз сыбайластарына, - алауыздық пен жікке бөлінудің кез келген түріне қолдау көрсету болуға тиіс».

Фашистер басып алынған кеңес аумағында Остланд (Беларуссия мен Балтық жағалауы), Украина, Московия (Ресей) және Кавказ, елдің шығыс шет аймақтарында Түркістан және Еділ-Орал рейхкомиссариатын құруды жоспарлады. «Үлкен Түркістан» отарының құрамына Қазақстан, Орта Азия, Татарстан, Башқұртстан, Әзербайжан, Солтүстік Кавказ, Қырым, Шыңжаң, Ауғанстанның солтүстік бөлігі енгізу жоспарланды.

Соғыстың алғашқы бес айында фашистік Германия ел халқының 40 пайызы тұратын аумақты жаулап алды. Бұл аумақта КСРО-дағы шойынның 68 пайызы, болат пен алюминийдің 58 пайызы, көмірдің 65 пайызы, темір жол жабдығының 40 пайызы өндірілетін. Қалыптасқан жағдайда жауды жеңу үшін ең

алдымен тез арада экономиканы әскери бағытқа көшіру қажеттігі туындады.

Майдан шебінен адамдардың, өндіріс потенциалының және мәдени байлықтардың еріксіз көшірілуі зор көлемде жүргізілді. Жаулап алу қаупі төнген аудандардан темір жол арқылы 1,5 млн. вагон жүк елдің шығыс бөліктеріне жеткізілді.

Соғыстың алғашқы айларынан-ақ республика өнеркәсібін конверсиялау жүзеге асырыла бастады. Елдің шикізатық базасы толықтай игеріле бастады. Қазақстанда 460 жаңа зауыт-фабрикалар іске қосылды. Олардың ішінде жиырмаға жуық әскері өндіріс кәсіпорындары, Шығыс-Қоңырат комбинаты, Ақтөбе ферросплав зауыты (1943 ж.), 25 ірі кеніш, Донск хромит кеніші, Ақшатау молибден-вольфрам, Текелі полиметалл комбинаттары, көптеген шахталар, мұнай құбырлары бар. Осының нәтижесінде Қазақстан майданның сарқылмас кен қоймасына айналды. Шығыс-Қоңырат Одақта шығарылатын 100 тонна молибденнің 60 пайызын берді. Соғыс жылдары Қазақстан қорғасынның 85 пайызын, полиметалл рудаларының 70 пайызын, мыс рудасының - 50, вольфрамның - 20, молибденнің 40 пайызын беріп отырды. 38 күнде іске қосылған Жезді кеніші марганецті жалғыз өзі өндіретіндей дәрежеге көтерілді.

Қазақстанның 1940 ж. Одақтағы көмір өндірудегі үлесі 4,2 пайызды құраса, 1945 ж. бұл көрсеткіш екі есе артты. Қарағанды кені бір өзі сол жылдары көмір өндіруді 70 пайызға арттырды. Төрт жылда 34 млн. тонна көмір шығарды, бұл бассейнің бүкіл өмір бойы шығарғанынан 3 млн. тонна артық еді. Қазақстан мұнайын өндіруде аса маңызды міндеттердің бірі болды. «Ембімұнай» тресіне қосымша 4 жаңа мұнай кәсіпшілігі, ондаған мұнайқұбырлары іске қосылды. Соғыстың төрт жылында республикада мұнай өндіру 40 пайызға артты. Өнеркәсіпті қарқынды дамыту үшін энергия көздерін дамыту қажет еді. Соғыс жылдары жаңадан электр стансалары, әсіресе Солтүстік Қазақстан мен Қарағанды облыстарында салынды. Соның нәтижесінде электр қуаты өсті: 1940 ж. 632 млн.квт-сағат өндірілсе, 1945ж. 148 млн.квт-сағатқа жетті (яғни 1,8 есе өсті). 1942 жылы Қарталы-Ақмола темір жолы тұрақты пайдалануға берілді. Басқұншақ - Мақат темір жолы салына бастады, Кузбассты, Қарағандыны Оралмен және Поволжьемен жалғастыратын магистральдарда, сондай-ақ Ашхабад, Орынбор, Рязань - Орал темір жолдарында поезды көп жүргізудің нақты жұмыстары жүргізілді [2].

Осындай қиын-қыстау күн туған кезде Қазақстан ел қорғанысын арттыруға осылайша үлес қосып, ортақ Жеңісті жақындатқаны шындық. Дүние жүзін фашизм қаупінен құтқаруда кеңес әскері шешуші рөл атқарғандығын ешкім де жоққа шығара алмайды.

Сонымен қатар, бұл соғыстың тарихында кейбір ақтаңдақ беттердің бар екендігін де мойындауымыз керек. Мысалы, Кеңес үкіметі тылды еңбек күшімен қамтамасыз етуде 1916 ж. патша өкіметі қолданған саясатты шебер пайдалана білді. «Еңбек майданы» деген құрылып, оған Қазақстаннан 700 мың адам тартылды, оның 200 мыңы қазақтар болды. Адам айтқысыз ауыр жағдайда еңбек еткен олар ортақ Жеңіске өздерінің лайықты үлестерін қоса білді. Бірақ осы мәселені арнайы зерттеген, оған шынайы баға берген зерттеулер әлі де жоқтың қасы.

Соғыс жылдары әрбір төртінші қазақстандық қолына қару алып, әскер қатарына тұрды. Тіпті өз аумағында соғыс қимылдары жүрген мемлекеттердің өзінде бұл көрсеткіш әлдеқайда төмен болған. Мысалы, Германияда майданға шақырылған адамдардың саны халықтың тек 12 пайызын ғана құраған болатын. Еңбекке жарамды осынша адамның майданға аттануы республиканың жұмыс күшіне қатты соққы болды. Әсіресе ауыл шаруашылығы өзінің ең білікті мамандарынан - механизаторлардан, жүргізушілерден айрылды. Басты ауыртпалық әйелдер, балалар мен қарттарға түсті.

Бір ғана жыл ішінде (1941 ж.-дан 1942 ж.-ға дейін) колхоздардаға еңбекке жарамды адамдар саны 164 мыңға кеміді. 1944 ж. колхозда еңбек етушілердің (1 056 100 адам) 20 пайызын - ерлер, 58 - әйелдер, ал балалар 22 пайызын құрады.

Соғыстың алғашқы кезеңінен-ақ қазақстандықтар қан майданда жаумен шайқасты. Мындаған кеңес әскерлерінің табанды қарсылығына қарамастан алғашқыда соғыс қайғылы жағдайда өрістеді, кеңес әскері ауыр жеңілістерге ұшырап, шегінуге мәжбүр болды.

Ірі жеңілістерге ұшырауымыздың себептері көп. Біріншіден, бүкіл Еуропаны жаулап алған Гитлердің әскери және экономикалық мүмкіншіліктері аса мол болды. Жаулап алынған елдердің барлығының экономикасы вермахтқа жұмыс істеді. Екіншіден, 1939 ж. бастап соғыс қимылдарына қатысып келе жатқан неміс әскерінің соғыс тәжірибесі де анағұрлым артық болды.

Алайда соғыстың алғашқы кезеңінде ауыр жеңіліске ұшырауымызға Кеңес басшылығының жіберген қателіктері де өзіндік әсер етті. КСРО-ның соғыс алдында жүргізген сыртқы саясаты нәтижесінде еліміз соғысты одақтастарсыз бастады. Қызыл Армияның соғысқа дайындығы өз деңгейінде болған жоқ. Армияның қайта құрылуы мен қаруландыруы аяқталмаған еді. Соғыстың алдында кеңес елінің батыс шекарасы біраз кеңейтілгені белгілі. Алайда соғыс басталғанға дейін ол жерлерде қажетті қорғаныс

нысандарының құрылысы аяқталған жоқ болатын. 1937-1938 жж. репрессиялардан кейін Қызыл армияның жауынгерлік даярлық дәрежесі мен тәртібі де күрт төмендеп кетті. Әскери істерге Сталиннің араласуы жағдайды одан әрі қиындатты.

Міне, осы себептерге байланысты Кеңес әскерлері бірсыпыра жеңілістерге, адам күші мен техникасы жөнінен көп шығынға ұшырады. Жалпы Екінші дүние жүзілік соғыс майданында 60 млн.-нан астам адам қаза тапты. Соның 27 млн.-ы кеңес азаматтары.

Ұзақ уақыт бойы кеңес әскери тұтқындарының мәселесі туралы ашық айтылмай келді. Соғыс жылдары барлығы 4 млн. 559 мың адам тұтқынға түскен болса, соның ішінде 1941 ж. алты айында ғана тұтқынға түскендер саны – 3 млн. 400 мыңға жеткен. 1942 ж. қаңтарына қарай оның 2 млн. қайтыс болған. Қазақстаннан қан майданға аттанған 1 млн. 200 мыңға жуық адамның 601 мыңы елге оралмады. Бұл Қазақстан халқының 11,2 пайызы. Ал Шығыс Қазақстан облысынан соғысқа аттанған 180 мың адамның 96 мыңға жуығы соғыста қаза тапса, 45 мыңдай шығысқазақстандық майданда хабарсыз кетті. Соғыс жылдары халық өсімі азайды. 1940 жылғы өсіммен есептегенде, соғыс жылдары 592 мың бала кем туды. Сонда Қазақстанның тура және жанама адам шығыны 1.202.000 адам. Бұл бүкіл Одақ бойынша соғыс жүрген аудандардан кейінгі көрсеткіш [3].

Майдандағы ерліктері үшін 500 қазақстандық Кеңестер Одағының Батыры атаған алды, олардың 109 – Шығыс Қазақстан облысынан. Төрт қазақстандық мұндай құрметке екі рет ие болды: ұшқыштар С.Луганский, Т.Бигельдинов, Л.Беда, И.Павлов. Қаза тапқаннан кейін Батырдың Алтын Жұлдызымен пулеметші М.Мәметова мен мерген Ә.Молдағұлова марапатталды.

Ұлы Отан соғысы жылдары Кеңестер Одағы Батыры атағын алғандар	11 633
Олардың ішінде, -1941-ж. маусымынан-1942 ж. қарашасына дейін;	625 (6 қазақ)
- 1942 ж. қарашасынан – 1943 ж. желтоқсанына дейін;	6358 (41 қазақ)
- 1943 ж. желтоқсанынан-1944 ж. қазанына дейін;	2806 (15 қазақ)
1944-1945 жж.	4202 (35)

Кестеде көрсетілгеніндей, кеңес әскері жеңіліске ұшырап, шегінуге мәжбүр болған соғыстың алғашқы кезінде бұл атаққа ие болған адамдар саны әлдеқайда аз болған. Бұл, әрине, ерлік үлгілері осы кезеңде аз көрсетілді дегенді білдірмейді. Ал кеңес әскері ірі жеңістерге жетіп, соғыс барысында түбегейлі өзгеріс болған кезеңде бұл атаққа ие болғандар әлдеқайда көп болған. Соғыс барысында 97 қазақ Кеңестер Одағының Батыры атағын алса, ең соңғы болып бұл атаққа 1990 жылы Бауыржан Момыш-ұлы ие болды.

Жоғарыда атап өткеніміздей, осы соғыс төңірегіндегі пікірталастар әлі де толастаған жоқ. Батыс ғалымдарының бір тобы соғыстың басталуына КСРО да жауапты дегенді дәлелдеуге тырысуда. Сол жылдары еліміз басшылығы тарапынан жіберілген кейбір қателіктерді мойындай отырып, Кеңес әскерлерінің осы соғыстағы Ұлы Жеңісі дүние жүзі халықтарын фашизм құлдығынан сақтап қалғандығы - тарихи ақиқат екендігін естен шығармауымыз керек. Осы Ұлы Жеңіске өз Отанын қорғауға аттанған қазақстандықтар да сүбелі үлестерін қосты.

1 Қозыбаев М.Қ. *Тарих зердесі*. Алматы: Ғылым, 1998.- Т.1.- 334 б.

2 «Белые пятна» военной истории. Online-конференция // [www.rian.ru](http://www.rian.ru)

3 Абдакимов А. *История Казахстана*. Алматы: ТОО «Издательский дом «Қазақстан», 2001.- 488 с.

### Резюме

В последнее время возрос интерес к проблемам истории Великой Отечественной войны. Выявляются «белые пятна» в изучении данной проблемы. В статье затрагиваются некоторые спорные вопросы в освещении истории войны.

Великая Отечественная война явилась крупнейшим событием истории XX века. Это была вооруженная борьба противостоящих сил и решительное сопротивление с агрессором в экономической, политической, дипломатической сферах жизни и общества. Война и победа потребовала от страны и людей больших затрат и жертв различного характера. Идеологи стремятся по-своему обосновать характер войны. Но победа была достигнута в борьбе, где главной вооруженной силой были советские вооруженные силы. Именно советские вооруженные силы выполнили интернациональную миссию,

**Ключевые слова:** история, война, проблема, событие, общество, победа, государство, Казахстан

### Summary



In recent years, increased interest in the problems of the Great Patriotic War. Identified «white spots» in the study of this problem. This article addresses some controversial issues in the history of the war coverage.

The Great Patriotic War was the biggest event of the history of the twentieth century. It was the armed struggle of opposing forces and decisive confrontation with the aggressor in the economic, political and diplomatic spheres of life and society. War and victory demanded by the country and the people consuming and victims of various kinds. Ideology seeks to justify in its own nature of the war. This article addresses some controversial issues in the treatment of the history of the war. Recently there has been increased interest in the problem of the Great Patriotic War. Identified problem.

But the victory was achieved in the fight where the main armed force was the Soviet armed forces. It was the Soviet armed forces carried out an international mission.

**Key words:** War, Kazakhstan, «white spots» history, war, issue event, society, the victory, the government of Kazakhstan

УДК18- (196-01)

## **ТВОРЧЕСТВО Д.ДЖАБАЕВА В ГОДЫ ВЕЛИКОЙ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ВОЙНЫ**

**М.Б. Коккозова** – доцент Казахского национального университета имени аль-Фараби,  
**А.К. Бегалиева** – ст. преподаватель Казахского национального университета имени аль-Фараби,  
**А.А. Масимбаева** – преподаватель ст. преподаватель Казахского национального университета имени аль-Фараби

В данной статье раскрывается роль поэта как непоколебимая вера в торжество справедливого дела, непреодолимости мощи Родины, непобедимости советского народа и призыв к героическим подвигам. Все творчество Джамбула Джабаева стало сильным идейным оружием в борьбе против немецко-фашистского нашествия.

Его песни звучали и в осажденном Ленинграде и Сталинграде, и в партизанских отрядах, и на предприятиях, публиковались в газетах, использовались в политработе действующей армии – все это свидетельствует об огромной общественной силе его песен, об их воздействии на разум и сердце слушателей, их служении делу победы.

**Ключевые слова:** Великая Отечественная война, Родина, непоколебимая вера, героизм, дружба, интернационализм

Величайшая сила патриотизма проявилась у народов Казахстана во время Великой Отечественной войны. Основой горячей ненависти людей явилась непримиримая противоположность социологической и фашистской идеологии, глубокая убежденность в преступности вражеских устремлений, осознанное презрение ко всему реакционному. Партия и правительство призывали весь народ к беспощадному истреблению врага. Героизм всего народа нашей страны в борьбе с фашистами явился новым источником дальнейшего развития идей патриотизма.

Джамбул Джабаев в песнях этого периода связывает годы борьбы с фашистскими захватчиками. Призывая помнить уроки истории:

Мы жизненный опыт копили годами,  
И опыт нас учит бороться с врагами,  
Быть твердыми и беспощадными к ним.  
Себя и детей своих помнить заставим:  
Когда мы змеиную голову давим,  
То хвост у змеи остается живым. [1.1]

Готовность встать на защиту родины красной нитью проходят через все военные песни Джамбула Джабаева. Джамбул Джабаев отчетливо сознавал свой долг поэта как воспитателя масс.

Непоколебимая вера в торжество справедливого дела, непреодолимости мощи родины, непобедимости советского народа и призыв к героическим подвигам – все это сделало песни Джамбула Джабаева сильным идейным оружием в борьбе против немецко-фашистского нашествия. Его песни звучали и в осажденном Ленинграде и Сталинграде, и в партизанских отрядах, и на предприятиях, колхозах, городах и аулах, публиковались в газетах, использовались в политработе действующей армии – все это свидетельствует об огромной общественной силе его песен, об их воздействии на разум и сердце слушателей, их служении делу победы.

Однако песни Джамбула стали не только грозным пропагандистским оружием, его песни несли в себе огромный педагогический заряд. Акын учил людей считать себя частицей общества, т.к. ощущение физического и духовного удовлетворения, по его мнению, возможно лишь при благополучии страны, родины и народа. Это понятия для Джамбула неразделимы:

Родина –  
Это народа душа,  
Душу от тела кто оторвет? [5.289 с.]

Призывая забыть о личных выгодах, не согласующихся с интересами Отечества, Джамбул требовал полный самоотдачи:

Ты во имя родной страны,  
Про свои забудь табуны,  
Про аульные казаны,  
Про расшитые чапаны.  
Ни любимой своей жены,  
Ни веселых своих детей,  
Ни себя, мой сын, не жале! [1.2]

Таким образом, поэт призывал и воспитывал высокую сознательность защитников родины, требовал последовательности в патриотических чувствах:

Не давайся врагу живьем,  
Бей копьем его и ружьем.  
Если и будет неравен бой,  
Если аркан сдавит тугой,  
Если вороны над тобой –  
Будь бесстрашен, как Махамбет,  
Ты ни слова врагу в ответ,  
И на пытке не говори.  
Плюнь в глаза ему и умри... [1.3]

Это гордое презрение и врагам звучит во многих песнях казахского акына. Его песни являются поэтическим наставлением всем советским воинам, своеобразным кодексом поведения в бою:

Помни, воин: ни шагу назад!  
Чем позорного рабства печать,  
Смерть не легче ли нам во сто крат?! [5. 364 с.]

Предательством и трусостью не спасти свою жизнь, учит акын. Предатель умирает много раз, он не живет, страх глушит и убивает его:

Помни: трус не остается цел,  
Себялюбец себя не спасет, -  
Будет прятаться, будет слабей  
Дикой курицы в травах степей! [5. 364 с.]

Силой акын называет смелость, непогрешимую стойкость воина, горячую ненависть к врагам:

Если дышишь еще, если жив,  
Если двигаться в силах рука,  
Не подрублены ноги пока. –  
Бей врага, милый сын,  
Бей врага!  
Только уверенность, чтобы не сдать,  
Можно, сын мой, каменным стать!  
В сталь, в железо себя обратить,  
Чтоб от Родины смерть отвратить! [5. 365 с.]

Война шла за тысячи километров от Казахстана, но акын с горечью пел, что враг ворвался в его родной аул, в его родной дом. Чувство единства и нерушимости многонациональной нашей страны является отличительным качеством всей поэзии Джамбула Джабаева военной поры. Чаще, чем когда-либо, идея братства, дружбы советских народов пронизывает все творчество казахского акына военного периода.

Тема Ленинграда прочно вошла в песни Джамбула Джабаева в военные годы как тема дружбы народов Советской страны, Джамбул посвятил Ленинграду много песен: «Ленинград победит» «Городу Ленинских зорь», «Тебе, комсомолец Ленинграда» и другие. Но наивысшей точкой этого поэтического разговора, кульминацией стала его песня «Ленинградцы, дети мои!», прозвучавшая в сентябре 1941 года по радио в осажденном городе. Плакаты с поэтическим посланием казахского акына были развешаны по всему городу. Стихотворение Джамбула Джабаева явилось поэтическим призывом ко всему советскому

народу, дающему отпор вражескому нашествию. Поэтическое внушение казахского акына по форме было фольклорным заклинанием, а по содержанию – наполнено высоким патриотизмом.

Джамбул Джабаев вспоминает с тех невидимых нитях, которые связывает Ленинград с казахским народом: ссыльных дедов и прадедов нынешних ленинградцев. Дары ленинградцев Казахстану, делегацию моряков, героическую славу, «грозный ход балтийской волны, где бурил всенародный поток», «сынов, с юных лет на выучку посланных к Неве, основ, где, мужья, зреют умы». Такое восприятие Ленинграда свойственно всему советскому народу и поэтому:

Все пойдем на выручку вам,  
Полководческим вняв словам,  
Предстоят большие бои.  
Но не будет житья врагам!  
Спать не в силах сегодня я,  
Пусть подмогой будут, друзья,  
Песни вам на рассвете мои,  
Ленинградцы, дети мои!  
Ленинградцы, гордость моя! [5. 344 с.]

Обращение Джамбула Джабаева вызвало огромный патриотический подъем в городе. Участник обороны Ленинграда Всеволод Вишневский позже рассказывал на страницах газеты «Правда»: «Без слов и чувства радостного волнения не могли мы читать это послание. Мы ощущали это письмо также ценно, как подход сильного резерва. Народ Казахстана слал нам свой братский привет, любовь и дружбу, и мы шли в бой, удвоив силы». Это заявление виднейшего русского деятеля литературы и искусства – яркое свидетельство эмоционального воздействия песни казахского акына. Именно с этой песни Джамбула Джабаева начался целый поток произведений, посвященных осажденному мужественному городу поэтами других советских народов: «Ленинград – Узбекистан» Амина Умари, «Крепость Севера» Миртемира и многие другие. Ленинград был воспринят Джамбула Джабаевым как могучая сила, символ непобедимости всего советского народа:

К вам в стальную ломится дверь,  
Словно вечность проголодав,  
Обезумевший от потерь  
Многоглавый жадный удав...  
Сдохнет он у ваших застав!  
Без зубов и чешуи,  
Будет в корчах шипеть змея,  
Будут снова петь соловьи,  
Будет вольной наша семья,  
Ленинградцы, дети мои!  
Ленинградцы, гордость моя! [5. 342 с.]

Огромная мобилизующая сила песни казахского акына в значительной степени детерминирована спецификой жанра устного поэтического творчества казахов, когда слова и музыка слитны. Эта тесная связь словесно-музыкального оформления явилась основной воздействия на личность слушателей. Единство музыки и текста, в котором конкретно и определенно выражены патриотические идеи, а также эмоционально-художественное своеобразие звуков домбры сделали песню могучим средством воздействия на окружающих, средством пропаганды, мощным орудием воспитания молодежи.

Во многих песнях Джамбул Джабаев показывает борьбу советских людей против фашизма и как пример подражания – подвиг отдельных героев страны: «Героям Воронежа», «Письмо Павлу Кузнецову», «Советским гвардейцам» и другие. Ряд песен Джамбула Джабаева завершается призывом к совершенствованию военного мастерства, к четкости и оперативности в боевых действиях, способствуя воспитанию в характере воина мужества и твердости.

Эмоциональное потрясение, субъективное восприятие разразившейся войны Джамбулом Джабаевым было очень сильным. Июнь 1941 года Джамбул встретил в больнице. Известие с коварном нападении фашистов на нашу страну, о начале военных действиях врачи решили скрыть от акына до его выздоровления, но уже вечером Джамбул узнал обо всем и тут же потребовал выписки из больницы: В такое время ни о каких болезнях не может быть речи. Я завтра же возвращаюсь к себе в аул». Утром следующего дня девятидесятилетний акын вернулся в аул, чтобы метким словом служить делу победы над фашистами, и был признан воином армии-освободительницы.

Джамбул отправил на войну двух сыновей, внуков, но для него все защитники Родины были родными детьми. В письме на фронт переводчику Павлу Кузнецову акын пишет: «В час испытаний герой переходит буйный поток в сапогах, - говорит пословица, сын мой. Мне известны те трудности, которые преодолеваете вы. Но может ли герой достигнуть цели, не изведав трудностей? Он вынужден спать на снегу, на льду, проводить дни и ночи в бессоннице и впроголодь. Передавая славным нашим батырам-джигитам привет от седоволосого Джамбула. Слава вам, дети мои, вы верно служите Родине, я доволен вами. Настоящий герой покажет себя в эти дни. Душа рвется к вам, но удерживает старость. Эх, годы, годы!»

Его произведения военных лет явились социально-публицистическим портретом защитника Родины. Сам Джамбул стал символом мужества и патриотизма. В песне «На смерть сына», посвященной памяти сына Алгадая, акын обращается ко всем воинам Советской Армии:

О, сын мой! О сыны!  
Герои отвагой рождены,  
Коль голову сложат, громя врага, –  
Их память народу навек дорога.  
А крепости вражки сумеют взять, -  
Их славе в народе вечно сиять...  
За Родину смерть – продолжение жизни. [б.183 с.]

Еще до войны акын рассматривал песню как боевое оружие, создавая агитационное-мобилизующее влияние поэтического слова:

Как с винтовкой аскер,  
Я с подругой – домброй,  
Выйду вместе с народом  
В последний бой.  
Будет песня моя – грозна и строга,  
Как снаряды взрывать врага. [б. 185 с.]

Джамбул Джабаев был последовательным патриотом своей страны, воспевал патриотами советских людей, призывал все народы нашей Отчизны любить свою родину, пробуждая своими песнями высокие чувства к родному краю.

Произведения Джамбула Джабаева насыщены чувством служения народу к родине, гордостью за доблестную Советскую Армию:

Больше всех народом любим,  
Тот, кто в битве непобедим,  
Тот, кто с жизнью расстаться готов,  
Мстя за слезы сирот и вдов.  
Судьбы нашей великой страны.  
Красной Армии вручены.  
Все, что лучшего в мире есть, -  
Дружный труд, свободу и честь, -  
Все, что создано на века  
Человеческим светлым умом,  
Все, что враг обрекал на слом,  
Защищают наши войска. [1.4 ]

Акын неоднократно подчеркивает единство, многолитность многонациональный нашей страны, те качества, которые особенно ярко проявились в годы Великой Отечественной войны перед лицом больших опасностей, нависших над всем социалистическим отечеством. Фактически враг воевал не с разными нациями и народностями, а с единым, монолитным героическим народом. В песнях Джамбула Джабаева это тема дружбы звучит особенно полно. При этом слова «дружба», «братство», «единство» не всегда присутствуют в тексте, но идеи дружбы и братства советских народов вытекают из самых поэтических произведений казахского акына, являлась их основой.

Казахский акын в своих произведениях призывает молодежь любить Родину, воспитывать в себе это качество, зовет молодежь связать свою судьбу с судьбой Родины, пробуждает в них активное начало, призывая защищать страну от врагов.

Таким образом, тема Родины одна из главнейших тем поэзии Джамбула.

Богатство земли – богатство народное, по мнению акына, залог счастливой изобильной жизни, и эти богатства народным достоянием делают сами люди. «В песне благородности» акын призывает своих

земляков любить родину, служить ей, как он:

Мне достойно бы суметь,  
Честь высокую воспевать,  
На крыльях свободной песни  
До Москвы бы долететь. [5. 335 с.]

Джамбул в своих патриотических песнях воспеваает братство народов, дружбу и интернационализм. Акын в своей «Песне о братстве народов» говорит о ненависти народов, которую стремились раздуть царские чиновники, о том как «палач-император народы губил как диких зверей, друг на друга травил».

И в ярости темной за сабли брались.  
Забитый казах и бездольный киргиз,  
Вздыхая отравленный злобой туман,  
Шел турок с кинжалом  
На землю армян...  
Свободны: казах, армянин, белорус,  
Таджик и народ закаспийских сторон,  
И все шестьдесят возрожденных племен. [5. 251 с.]

Дружба наших народов окрепла во время Великой Отечественной войны, именно она помогла выстоять в этой страшной, тяжелой войне:

Исчезла племен и народов вражда.  
Под солнцем Советов навек!  
Навсегда...  
На черную зависть и злобу врага  
Священная дружба народов крепка. [5.252 с.]

В песнях «Москве», «Рождение жизни» Москва предстает как сердце Родины, Кремлевские звезды – звезды, возвещающие рождение новой жизни. В песнях «Испанским братьям» акын призывает испанских братьев быть стойкими, несокрушимыми, верить идеями братства и солидарности с советским народом:

Хотел бы и песню и сердце отдать я,  
За вас, боевые испанские братья!  
Бушует в вас сила огня горячей,  
Громите смелее своих палачей!  
Над вами священное плещется знамя,  
Я песней клянусь вам – победа за вами. [5. 248 с.]

1 Джамбыл Джабаев. *Избранные произведения*. – Алма-Ата, 1946.

2 *Избранные произведения. Жамбыл Жабаев. Перевод с казахского*. – Астана: Аударма, 2010. –464 стр.

3 Джамбыл Джабаев. *Избранные произведения*. –Алма-Ата: «Жазушы», 1981. –400 с.

4 Джамбыл Джабаев. *Избранные произведения*. –Алматы: «Гылым», 1996. –416 с.

5 *Стихи о Великой Отечественной. В 2-х книг. Книга первая*. – М., «Худ.литература», 1985. –383 с.

6 М.Б.Коккозова. *Жамбыл о воспитании*. – А., «Санат», 1996.

### Түйіндеме

Мақалада қазақ халқының ұлы ақыны Жамбыл Жабаевтың Ұлы Отан соғысын жауға деген ызамен, кекпен қарсы алғаны, әділеттілікті жақтап, соғыстың алғашқы күнінен бастап-ақ фашизмді әшкерелеген отты өлеңдері жайында жазылған. Жамбыл Жабаев өз өлеңдерінде сұрланып кірген сұркия жауға қарсы аттанған құйған құрыштай батыр тұлғалы қаһарман халқын жырға қосты, оның күшіне, жеңіске сенім білдірді. Өз өлеңдерінде халықтар достығын жырлап, еліміздің ірі қалаларын Ленинград, Москва, Сталинградты қорғауға майдандағы әскерлерді отты өлеңдерімен рухтандырып сзор үлесін қосты.

Жамбылдың соғыс тақырыбындағы өлеңдері дұшпанға қарсы күресте қаһарлы құрал болды. Ақын халық поэзиясының эпостық кең тынысты дәстүрін дамыта отырып, патриоттық идеяға толы патетикалық толғаулар туғызды.

**Тірек сөздер:** Ұлы Отан соғысы, Отан, берік сенім, ерлік, достық, халықтар достығы

### Summary

This article explores the role of the poet as an unshakable faith in the triumph of the just cause of insurmountable power of the motherland, the invincibility of the Soviet people and the call to heroic deeds. All work was Jambul Dzhabayev strong ideological weapon in the struggle against the German fascist invasion. His songs were heard in the besieged Leningrad, Moscow and Stalingrad, and in partisan groups and enterprise have been published in newspapers, used in the political work of the army - all this shows the enormous social power of his songs, their impact on the minds and hearts of listeners, their ministry cause of victory.

**Keywords:** Great Patriotic War, Homeland, unwavering faith, heroism, friendship, internationalism

## **ӘДЕБИЕТ ПЕН ӨНЕР – ЖАУЫНГЕРЛЕР МЕН ТЫЛДАҒЫ ХАЛЫҚҚА РУХ БЕРУШІ ҚҰРАЛ (1941-1945 жж.)**

**Ә.Н. Құдайбергенов** – *т.ғ.д., Абай атындағы ҚазҰПУ Т.С. Садықов атындағы Қазақстан тарихы кафедрасының профессоры*

Мақалада Ұлы Отан соғысы жылдарындағы әдебиет пен өнердің Кеңес жауынгерлері мен тылдағы халықты жеңіске рухтандырудағы рөлі туралы мәселе қарастырылған.

Соғыс кезіндегі Қазақстанға Москва, Ленинград, Киев, Минск т.б, қалалардан эвакуацияланған әдебиет және өнер қайраткерлерінің республика мәдениетінің дамуына қосқан үлесі көрсетілген.

**Тірек сөздер:** соғыс, майдан, әдебиет, өнер, кино, театр, репертуар, шығарма, халық, жеңіс

Соғыс әдебиет пен өнер саларының қызметіне де ірі өзгерістер әкелді. Жаңа жағдайларда туындаған жұмыс түрлері мен әдістері келді. Отанды қорғау - **әдебиеттің өзекті тақырыбына** айналды. Ол кездегі әрбір поэтикалық туынды миллиондаған жүректің лүпілін, бүкіл халықтың бастан кешірген азабы мен жанына түскен жарақатын, фашистік басқыншыларға деген ашу-ызасымен өшпенділігін, совет адамының абзал мақсатына жету жолындағы қаһармандығы мен ерлігін бейнеледі.

Көркем сөз суретшілерінің көптеген шығармалары: Ғ.Ормановтың «Отан», «Отан үшін», Ә.Тәжібаевтың «Ленинград» деген өлеңдері, Ж.Саинның партизандық жырлары, Ә.Сарсенбаевтың Балқан, Балатон Века туралы өлеңдер циклы, Қ.Аманжоловтың лирикасы патриоттық тәрбиеге арналған еді. Б.Момышұлы, М.Ғабдуллин, Д.Снегин, П.Кузнецов сияқты майдангер жазушыларының очерктері, әңгімелері мен өлеңдері, корреспонденциялары мен хаттары ақиқаттығы жағынан маңызды еді.

Жыр алыбы Жамбыл Жабаевтың, ақындар Қ.Әзірбаевтың, Н.Байганинның, Ш.Қошқарбаевтың, О.Шипиннің майдан мен тыл қаһармандарын жырға қосулары, Мәскеу, Ленинград, Сталинград қорғаушыларына және жауды келген жағына қуушы жауынгерлерге арналған үндеулері барлығына рух берді. Мысалы, Ғ.Орманов, Х.Бекхожин, Т.Жароков, М.Хақимжанова өз туындыларында 28 панфиловшы-гвардияшылардың, капитан Гастеллоның, Төлеген Тоқтаровтың, Мәлік Ғабдуллиннің, Мәншүк Маметованың және басқалардың қаһармандық бейнелерін жырға қосты. Панфиловшы 28 батырдың ерлігі сол кезде Алматыда болған Н.Тихоновтың, М.Светловтың поэтикалық туындыларының тақырыбына айналды.

Көркем сөз шеберлерінің саяси публицистикасының орасан зор тәрбиелік мәні болды. Соғыстың бірінші күндерінен бастап Қазақстан жазушылар Одағы жазушылардың үгіт-насихат бригадаларын ұйымдастырып, оларды ірі өнеркәсіп орталықтарына, колхоздарға жіберді. Құрамында Т.Жароков, М.Әуезов, В.Чугунов болған бригада Қарағанды, Қоңырат шахтерлерінің, Балхаш металлургтерінің арасында 1500 адам қатысқан бірнеше әдеби кештер өткізген. Құрамында Ғ.Мүсірепов, Қ.Аманжолов, В.Копытин болған екінші бригада Шымкент қорғасын зауытымен бірқатар колхоздарында болды. Сонымен қатар, жазушылар облыстық және аудандық газеттерде «Әдеби беттер» ұйыстырды, радиодан сөйледі.

Осы сапарларында жазушылар өндірісте, колхоз шаруашылығында қажырлы еңбек етіп жүргендер туралы материалдар жинады. Мысалы, М.Әуезов Қарағанды шахтерлері мен Балхаш металлургтерінің жанқиярлық еңбегі туралы патриоттық очерктері үшін («Отан шақырады», «Конвейерде күй мығым» және басқалар) аса қызықты материалдар алды.

Халықты барлық күш-жігерін жауды жеңуге жұмылдыруға шын жүрктен шақыру, кеңес адамдарының еңбектегі жан-қиярлығы шайқастағы ерлік жазбаша әдебиетте де ақындардың ауызша әдебиетте де, ақындардың ауызша әдебиетінде де, Нүрпейіс Байганин, Иса Байзаков, Кенен Әзербаев, Орынбай Тайманов сияқты және басқа көптеген ақындардың творчествосында жарқын бейнесін тапты. Н.Байганин «Ер туралы жыр», «Жиырма бес» дастандарында кеңсе жауынгерлерінің эпикалық бейнелерін жасады.

Соғыс жылдарында қазақтың суырып салма халық ақындарының жыр жарысы - айтыс жаңа негізде дамыды. Халық ақындарының айтысы республика еңбекшілерінің күш-жігерін жауды талқандауға жұмылдыруда елеулі рөл атқарды. 1943 жылы республика бойынша 5 ауданаралық және облыстық айтыстар өтті. 4-10 желтоқсан аралығында Алматыда өткен халық ақындарының айтысына 30 ақын қатысып, Қарағанды облысының ақындары бірінші орын алды[1].

1941 жылдың 15 желтоқсанынан 1942 жылдың 15 маусымына дейін Алматы госпиталдарында К.Паустовский, С.Мұханов, Т.Жароков және басқалар 68 кездесулерінде өлең оқып, әңгімелер өткізген.

Сонымен қатар, әскерге шақыру пункттеріне, ұлттық әскери бөлімдерге барғанда Отанды қорғау – азаматтық борыш екеніне насихаттаған.

Тағы бір ірі шара – жазушылардың майдандарға шығармашылық іс-сапарымен баруын ұйымдастыру. 1943 жылы іс-сапарымен 5 жазушы: Орманов, Мұстафин, Әбішев, Токмағанбетов, Сатыбалдин майданға барып, әскери бөлімдерде сөз сөйлеп, майдандық баспасөздерде мақалалар жариялаған, жауынгерлердің күнделікті өмірлерімен, шығармаларында материалдар жинаған. Мысалы, А.Токмағанбетов, Ғ.Орманов майдандық өлеңдер жинағын дайындаса, Ә.Әбішев «Отан ұлдары» пьесасын жазған.

Соыс жылдарындағы қазақ әдебиеті Одақ халықтары әдебиетімен, әсіресе орыс, украин, беларус әдебиеттерімен тығыз байланысты болды. Қазақстанға Москвадан, Ленинградтан, Киевтен және еліміздің басқа да қалаларынан 100-ге жуық жазушы мен ақын келді. Олардың ішінде А.Толстой, Ф.Панферов, К.Паустовский, М.Зацепин, С.Маршак, С.Михалков, С.Сергеев-Ценский, О.Форш және басқалар болды. А.Толстой майданға барған сапарынан Алматыға қайтып келген соң, «Иван Сударевтің әңгімелері» деген жалпы атаумен новеллалар сериясын дүниеге әкелді. «Иван Грозный» трилогиясының екінші бөлімін жазуды жалғастырды. С.Маршак, С.Михалков және басқа жазушылар публицистикалық мақалалар, «ТАСС» жарнамасы үшін өлең мен мәтіндер, мысалдар, сатиралық фельетондар, листовкалар жазды.

Одақ халықтары жазушыларының Қазақстанда болуы қазақ жазушылары мен ақындары үшін маңызды болды. Қазақстандық жазушылар мен ақындар олардың жоғарғы шеберлікті, идеялық мақсаткерлікті, творчестволық қайырымдылықтың ауқымдылығы мен тереңділігін үйренуге мүмкіндік туды.

Сонымен соғыс жылдарында қазақ әдебиеті республика еңбекшілерін кеңестік ұлттық мақтаныш рухында тәрбиелеуге маңызды рөл атқарды. Ол өзінің идеялық және көркемдік жағынан толысқанын көрсетті, кеңес халқының өмірімен және қаһармандық күресімен тығыз байланысты, көп жанрлы әдебиет ретінде көрінді.

Соғыс жылдарында Қазақстанның өнері де халықтың аса қуатты идеялық қаруына айналды. Қазақстанға Москваның, Ленинградтың, Киевтың және Одақтың басқа қалаларының 23 көркемөнер ұжымы эвакуацияланған еді. Олардың құрамында аса көрнекті кеңес композиторлары, артистер, кино қайраткерлері, суретшілер, музыканттар: Ю.А.Заводский, Н.Д.Мордвинов, Г.С.Уланова, В.П.Марецкая, Г.Рошель және басқалар болды.

Орыс және қазақ өнері қайраткерлерінің шығармашылық қарым-қатынасы қазақ халқының өзіндік профессионалдық көркем шығармашылығының даму процесін тездетті.

Абай атындағы мемлекеттік опера және балет театрының ұжымы соғыс кезінде сахнада қазақ, орыс тілдерінде 27 премьералар қойды [2].

1942 жылы театр сахнасында кеңес халқының фашистік басқыншыларға қарсы қаһармандық күресі тақырыбына арналған тұңғыш опера – С.Мұқановтың либреттосы бойынша композитор Е.Брусилковский жазған «Гвардия, алға!» операсы қойылды, композиторлар Е.Брусилковский мен М.Төлебаев Ғ.Мүсіреповтың либреттосы бойынша «Амангелді» операсын, А.Жұбанов пен Л.Хамиди М.Әуезовтың либреттосы бойынша «Абай» операсын жазды.

Драматургтер мен сахна өнерінің қайраткерлері республика драма театрларының репертуарларын патриоттық жаңа туындылар қойып байытты. Қазақ академиялық драма театрының ұжымы М.Әуезовтың Кеңес Одағының батыры генерал И.В.Панфилов пен 8-гвардиялық атқыштар дивизиясының жауынгерлеріне арналған «Намыс гвардиясы» пьесасын қойды. М.Әуезовтің «Сын сағатта», Ә.Кекілбаевтың «Қырағылық» пьесалары Ұлы Отан соғысы тақырыбына арналды. Ғ.Мүсіреповтың «Ақан сері – Ақтоты», «Қозы Көрпеш – Баянсұлу», М.Әуезовтың «Қобыланды» пьесалары табысымен жүріп жатты.

1943 жылы театр В.Шекспирдің М.Әуезов аударған «Асауға тұсау» пьесалары қазақ тілінде қойды.

Соғыс күндерінде Республикалық орыс драма театрының артистері көптеген патриоттық спектакльдер қойды. Олардың ішінде ең елеулілері Соловьевтың «Федмаршал Кутузов», А.Корнейчуктың «Майдан», ағайынды Тур мен Шейниннің «Жекпе-жек» спектакльдері болып табылады.

Қазақстанға эвакуацияланған Москваның Моссовет атындағы театры ұжымының, Украинаның Франко атындағы Ленин орденді академиялық көркем театрының, Беларус мемлекеттік драма театрының және басқа театрлардың спектакльдері еңбекшілер арасында үлкен табысқа жетті. Бұл театрлардың ұжымдары жергілікті театрларға және республиканың драма үйірмелеріне орасан зор шығармашылық көмек көрсетті, дарынды қазақ жастарын оқытуға ат салысты. Қазақ өнер шеберлеріне келетін болсақ, олар өз әріптестерін өзіндік ерекшелігі бар қазақ кеңес мәдениетін зерттеуге көмектесті: эвакуацияланған ұжымдардың өнер қайраткерлеріне Қазақстанға жемісті жұмыс істегені және жергілікті театрларға

шығармашылық көмек көрсеткен үшін Қазақ ССР халық артисі (Ю.Заводскийге, М.Марецкаяға) және еңбек сіңірген артисі (Н.Мордвиновка, П.Герагаға, В.Ванинге, М.Виноградовка) атақтары берілді; артистердің үлкен тобы Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының Құрмет грамоталарымен және бағалы сыйлықтармен марапатталды.

Музыка мәдениеті ілгері қарай елеулі қадам жасады. Қазақстан композиторлары үлкенді-кішілі формада көптеген музыкалық туындылар шығарды. Олардың ішінде «Сарыарқа» симфония-сюитасын, Л.Хамидидің «Қазақстан» сюитасын, Б.Ерзаковичтің Кеңес Одағының батыры Төлеген Тоқтаров туралы поэмасын атап айта кету керек. Әйгілі композитор Дина Нұрпеисова «Отан –ана үні» күйін шығарды. Жауынгерлік және лирикалық поэмалар: А.Жұбановтың «Майданнан хаты» мен «Қарлығашы», Л.Хамидидің «8-гвардияшылар туралы әні» мен Қазақ вальсі», М.Төлебаевтың «Тос мені тосы» мен «Жорығы» Қазақстанның барлық түкпірлерінде шырқалды. Майдангер композитор Рамазан Елебаевтың Төлеген Тоқтаровқа арнаған, Ғ.Мұстафинның өлеңіне жазылған лирикалық «Жас қазақ әні» жан-жүректі жарып шыққан жылы сезімге толы. Мәтіні төмендегідей еді.

1944 жылы ақпан-наурызда Ташкентте өткен Орта Азия республикалары мен Қазақстан музыкасының онкүнділігінде Қазақстандағы музыка өнері мамандар мен жұртшылықтан жоғары баға алды.

Соғыс жылдарында республикаға эвакуациямен келген композиторлар да Қазақстан композиторларымен шығармашылық достықта жұмыс істеді. Композитор С.Туликов ұлы Отан соғыс батырлары туралы «Мәлік Габдуллин», «Халықтық полк келеді», «Кек аламыз» деген әндер шығарды.

Республиканың мәдени өмірінде Жамбыл атындағы қазақ мемлекеттік филармониясының, Қаз ЦИК атындағы Қазақ ұлттық оркестрінің музыкалық ұжымдары қомақты үлестерін қосты. Ұлы Отан соғысының басында Қазфилармония көркемдік-шығармашылық және ұйымдастыру қызметін түбірімен қайта құрды. Жағдайдың өзгеруіне байланысты халықты және Қызыл армия бөлімшелеріне ең жақсы қызмет көрсету үшін филармонияның негізгі ансамбльдері шағын бригадаларға бөлінді. Бұл араласқан бригадалардың құрамына филармонияның барлық солистері, сонымен қатар Қазақстанға эвакуацияланған мәдениет қайраткерлері кеңінен тартылды, келісім-шарт бойынша бүкілодақтық гастрольдік бірлестіктерден артистер жүйелі түрде шақырылды. Филармония көркемөнер бригадалары мен оның облыстық филиалдары соғыс жылдарында Кеңестік Армияға шефтік ретінде госпитальдарда, шақыру пунктер мен бөлімдерде тегін концерттер қойды. Соғыс жылдарында қазфилармония 32 мың концерт қойып, 7 600 000 тыңдаушыларға қызмет көрсетті [3].

Мәдениет және өнерқайраткерлері майдандарда концерт қоятын 14 бригада құрып, соғысып жатқан армияға жіберілді. Мысалы, 1942 жылдың көктемінде СССР халық артисі Күләш Байсеитова және Қазақ ССР-ның халық артистері Елубай Өмірзақов, Манарбек Ержанов, Жамал Омарова және басқа да артистер майдангерлерге арналған концерттер қойды. СССР халық артисі Роза Бағланова екіншідүниежүзілік соғысы жылдарында майданда өнер көрсетіп, 1945 жылы 9 мамырда Берлиндегі жеңіс концертіне қатысқан [4].

Майдандық концерттік бригадалар майданның алғы шектерінде, Солтүстік – Батыс, Калинин және Батыс майдандары жауынгерлерінің алдында, соның ішінде қазақстандық бөлімдер мен құрамалар жауынгерлерінің алдында өнер көрсетті. Мысалы, Калинин майданы Саяси басқармасының бұйрығында былай делінді: «Қазақстан артистерінің идеялық және көркемдік дәрежесі жоғары екендігінің айқын айғағы болды, олардың концерттері жігер беріп, біздің жеңетінімізге деген сенім ұялатты, жауынгерлер мен командирлердің шабуылға шығуға деген жігерін тасытты»[5].

Соғыс жағдайында кеңес кино өнері ерекше маңыз алды.Соғыстың алғашқы күндерінен бастап Алматы хроникалық-документтік фильмдер студиясы кино-журналдарды шығаруға кірісті. Соғыстың бас кезінде Алматыға «Мосфильм», «Ленфильм» киностудиялары эвакуацияланды. Режиссерлердің, сценаристердің және тағы басқа мамандардың үлкен тобы (500 адам) келді. Олардың ішінде С.Эйзенштейн,Ф.Эрмлер, Н.Черкасов, М.Жаров, Л.Орлова және басқа да аса көрнекті кино шеберлері болды.

1941 жылы қарашада Алматы киностудиясы мен эвакуациямен келген «Мосфильм» және «Ленфильм» киностудияларының негізінде Орталық біріккен көрке фильмдер киностудиясы ұйымдастырылды. Бұл студия шығарған фильмдер арасында «Аудандық комитет секретары», «Әуеге жүк тасушы», «Күт мені», «Майдан», «Царицын қорғанысы», «Ротовский», «Иван Грозный», «Біздің қаланың жігіті» сияқты фильмдер бар,

«Мосфильм» мен «Ленфильм» қайраткерлері қазақ кеңес киноөнерін дамыту үшін ерекше көп еңбек сіңірді. Олар жергілікті киноматографистер кадрларын дайындады. Ұлттық кадрлар дайындау үшін мектеп-студия ұйымдастырылды, оны алғашқы 16 қазақ актері бітіріп шықты[6]. «Кеңестік қазақ өнерінің



көптеген майталман шеберлері – С.Қожамқұлов, Е.Өмірзақов, Ш.Айманов – ерекше тұлғалар еді, - деп еске алады кейіннен еңбек сіңірген өнер қайраткері Г.Рошаль. Олар Эйзенштейнді өзгеше жарқын фильм иелері және оған жақын шығыс мектебінің суреткерлері ретінде қызықтырды [7]. «Мосфильм» мен «Ленфильм» кеткеннен кейін Алматыда қалған негізгі техникалық жабдықтар негізінде Алматы көркем фильмдер киностудиясы құрылды. Қазақ жауынгерлерінің Отан соғысы майдандарындағы ерлігі туралы «Алып туралы жыр» (режиссері В.Строева) және колхозшылардың күнделікті еңбектегі ерлігі, тылдың майданмен берік байланысы туралы «Ақ раушан» (режиссері Е.Арон) деген алғашқы киноновеллалардың экранға шығуын Қазақстанның ұлттық кеңес кино өнері қалыптасуының айғағы болды. Одан кейін студия «8-гвардиялық» және «Қазақ киноконцерті» фильмдерін шығарды.

Соғыс жылдарында Қазақстанның бейнелеу өнері құнды туындылармен байи түсті. Республика суретшілері Москваның, Ленинградтың, Украинаның қылқалам шеберлерімен шығармашылық ынтымақ орната отырып, кеңес адамдарының майдан мен тылдағы патриотизмін, күші мен ерлігін бейнелеген картиналар туғызды. А.Белопольскийдің «28 гвардияшы-панфиловшылар Москваны қорғауда», А.Риттихтің «Өлімнен де күшті», «Соңғы гранат», Ә.Кастеевтің «Неміс танктерін талқандау», «Партизандардың неміс десантын қолға түсіруі», А.М.Черкасскийдің «Жаппай әскери білім беру» деген туындылары кеңес адамдарының табандылығы мен қаһармандылығын дәріптеді, жауды толық жеңу жолындағы күреске шақырды.

Мәдени-ағарту мекемелерінің қызметі де кеңес халқының фашистік басқыншыларға қарсы қаһармандық күресіне бағындырылды. Қиыншылықтарға (мекемелер саны қысқарды, материалдық база едәуір азайды) қарамастан, республикада жалпы кітапқоры 10 миллион томнан асатын 10,5 мың кітапхана, 17 музей, соның ішінде Алматыдағы Орталық музей, 3845 клуб мекемесі, 2257 оқу үйі, көркем өнерпаздардың 3500 үйірмесі жұмыс істеді[8]. Осылардың бәрі еңбекші бұқара арасында бұқаралық-саяси жұмыс жүргізуде партияның көмекшісі болды.

Баспа сөз жұмысында кеңес халқының фашистік басқыншыларға қарсы қаһармандық күресіне бағындырылды. Ол жылдары республикада қазақ және орыс тілдерінде 7 журнал, 4 республикалық, 33 облыстық, 196 аудандық газеттер шығарылып тұрды, олардың бір жолғы тиражы 770 мың дара болды, ал газеттер мен журналдардың жалпы тиражы миллионға жақындады[9].

Еңбекшілерді неміс-фашист басқыншыларын талқандауға жұмылдыру ісіне, тылды нығайтуға, өндіріс озаттарының инициативасын қолдауға, қалалар мен селолар еңбекшілерінің патриоттық бастамаларына, майданның тылмен байланысын нығайтуға және т.т. байланысты мәселелерге баса назар аударылды. «Правда» және республикалық газеттер ірі өнеркәсіп орындарына, селолық аудандарға барып тұратын көшпелі редакциялар құрды, газеттердің: Бәрі де майдан үшін деген арнаулы нөмерлерін шығарды.

«Правданың» көшпелі редакциясының бір өзі ғана Қарағанды көмір бассейнінде осындай 230 номер шығарды[10]. Сонымен қатар бұл жылдары жауынгердің рухын демеп, жігер-қайратын жану үшін, жалпы соғыстың қалай жүріп, қандай жетістіктерін барын таразалап отыру үшін майдан газеттері жарық көріп жатты. Бүгінде бұл газеттерде жазылған дүниелер отты жылдардың тірі шежіресіндей белгілі журналист, ғалым Сағынбай Қозыбаевтың «Опаленная войной Казахская фронтовая печать» кітабында келтірілген деректерге сүйсенсек, майдан жылдары қазақ тілінде 16 газет жарық көріпті. Қазақ тіліндегі майдан газеттері 1942 жылы шыға бастады. Бағыты айқын, мақалалардың тілі жауынгерге ұғынықты тілде тартымды әрі қызықты етіп жазылды. Басты мақсат жауға деген жеккөру сезімін тудыру, отанға деген сүйіспеншілікті арттыру болды»-деп жазады С.Қозыбаев[11].

Соғыс жылдарында радио зор үгіт және насихат жұмысын жүргізді. Бұл жылдары Алматыда, Оралда. Гурьевте маңдайалды радио орталықтары саласында, олардың қуаты хабарларды республикадан шалғай жатқан жерлердің тың тыңдауына мүмкіндік береді, сөйтіп халықты әскери-шаруашылық және саяси міндеттерді орындауға жұмылдыру құралының біріне айналды. Соғыс кезі жағдайында республикалық радио митингілер, майданға арналған арнаулы хабарлар, одақтық кеңестің республикалармен хабарлар алмасу кеңінен қолданылды. Соғыстың екі жылының ішінде ғана республикалық хабар тарату бойынша 6200-ден астам хабар жүргізілді, оның ішінде Ленинградтың, Сталинградтың және Украинаның қаһарман қорғаушыларына, 8-ші гвардиялық дивизия мен Қазақстанда құрылған басқа да дивизиялардың жауынгерлері мен офицерлеріне арналған хабарлар бар [12].

Сонымен, қорыта айтсақ, Ұлы Отан соғысы жылдарында әдебиет, өнер және баспасөз салаларының қызметкерлері халықтың рухын көтеріп, жеңіске жұмылдыруда өздерінің күш-жігерлерін аяған жоқ.

1 Л.Н.Нурсултанова. *Казахстан в годы Великой Отечественной войны /1941-1945гг./ Алматы, 2011. с.96*

2 *Казахстан в Великой Отечественной войне: Очерки.вып. 1. с.236*

3 Л.Н.Нурсултанова. *Казахстан в годы Великой Отечественной войны (1941-1945 гг.) Алматы, 2011. с.91*

4 Қазақ мәдениеті. Энциклопедиялық анықтамалық. Алматы, 2005, 105 б.

5 Қазақ ССР тарихы. Бесінші том. Алматы, 1984, 202 б.

6 Алматы тарихы. Екінші том, Алматы, 2009, 254 б.

7 Қазақстан тарихы. 5 томдық. Алматы, 2010, 508 б.

8 Народное хозяйство Казахской ССР за 25 лет, Алма-Ата, 1945, 117 б.

9 Қазақ ССР тарихы, 5-том, 204 б.

10 Казахстан в период Великой Отечественной войны Советского Союза. 1941-1945 гг. Т.1, с.435

11 Ана тілі, 2015, 12-18 наурыз

12 ҚРОА, 1137 қ., 12-т., 510-іс, 24-26 нп.

### Резюме

В статье рассматривается вопрос о развитии литературы и искусства в годы Великой Отечественной войны. Отмечается, что литература и искусство стали мощным оружием советского народа в военные годы, горячие поэтические строки вдохновляли воинов-фронтовиков и тружеников тыла, вселяли уверенность в том, что правое дело советского народа победит. В статье показана большая шефская работа деятелей культуры и искусства по обслуживанию воинов Советской армии и трудящихся тыла.

**Ключевые слова:** война, агрессия, литература, музыка, драматургия, театр, кино, фильм, радио

### Summary

In the article is considered the issue of the development of literature and art in the Great Patriotic War. It is noted that literature and the arts have become a powerful weapon of the Soviet people during the war, hot line of poetry inspired the soldiers at the front and home front workers, makes us confident that the just cause of the Soviet people to win. In article is shown the great patronage work of art and culture figures for the service of the Soviet Army soldiers and home front workers.

**Keywords:** war, aggression, literature, music, dramaturgy, theater, cinema, film, radio

## АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗҰПУ-НІҢ ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫНА ҚАТЫСҚАН БАТЫРЛАРЫ

### Ғабдуллин Мәлік

Мәлік Ғабдуллин 1916 жылы Көкшетау орблысының Зеренді ауданында туады. Ұлты қазақ, КПСС мүшесі, Қызыл Армия қатарына 1941 жылдың июлінде шақырылады. Ерлік, инициатива мен батырлық көрсеткені үшін 1943 жылдың 30 қаңтарында М. Ғабдуллинге Совет Одағының Батыры атағы беріледі.

Мәлік қазақ даласында патша үкіметіне қарсы халық наразылығының дауылы күшейген жылы туған. Бір жылдан кейін Ұлы Октябрь революциясы болды. Қазақ халқының өмірі, сонымен бірге көшпелі қазақ Ғабдолланың өмірі өзгеріп, жанаша өмір сүре бастады.

Мәлік Ғабдуллин орта мектепті, одан кейін Абай атындағы Қазақтың педагогикалық институтын бітіреді. Қызыл Армия қатарынан оралғаннан кейін 1938 жылы аспирантураға түседі. Сол жылдың өзінде-ақ ол қажымай фольклор жинаушы және зерттеуші, бірқатар ғылыми еңбектердің авторы ретінде танылады. Осы кезде кандидаттық диссертациясын аяқтап қалады.

Соғыс басталды... Жас коммунист Ғабдуллин өзінің сүйіп істейтін жұмысын жиып қойып, аудандық партия комитетіне келді де өзін генерал-майор И.В. Панфилов басқаратын дивизияға жіберуді өтінді. Рузы өзенінің жағасында асығыс қазылған тоң басқан окоп ол үшін алғашқы әскери мектеп болды.

Ширяево, Рыбушки, Ново-Свиногово селолары үшін ұрыстарды М.Ғабдуллин басқарған совет жауынгерлері жауынгерлік тапсырманы ойдағыдай орындап, дұшпанды зор шығынға ұшыратты.

«Ұрыс жүргізге отырып немістерден тартып алынған Бородино селосы,- деп көрсетілген Батырдың марапатау қағазында,- немістерді Старая Русьпен қосатын бірнеше жол торабы бар маңызды стратегиялық пункт болатын. Селоның жанында орналасқан біздің бөлімшемізге қарсы немістер «Ку бас» полкін шығарды. Гитлершілердің шабуылын іске асырмай тастау үшін Ғабдуллин басқарған автоматшылар ротасы шабуылға шыққан дұшпанның оң қанатынан соққы беруге жіберілді. Жеті сағатқа жуық созылған ұрыс бойына Ғабдуллин бес рет атақаға және қарсы атақаға шығып, біздің бөлімшемізді бір бүйірден орап алуға тырысқан немістердің төрт атакасына тойтарыс берді. Бұл ұрыстың барысында дұшпан өлгені мен жаралысы бар жүздеген солдаттың айрылып, шегінді. Бородино селосы біздің қолымызда қалды».

Мәлік Ғабдуллин Совет Армиясының саяси қызметкерінің үлкен мектебінен өтті. Ол атқыштар ротасының саяси жетекшісі, батальон комиссары, 8-гвардияшы атқыштар дивизиясының полк үгітшісі болды. 1943 жылдың қаңтарынан бастап 1944 жылдың қарашасына дейін Калинин майданы, одан кейін 1-Прибалтика майданы саяси басқармаларының үгітшесі, Совет Армиясының Бас Саяси Басқармасының орыс емес ұлттар жауынгерлері арасындағы жұмыс жөніндегі тобының бастығы болды.

Бөлімдерді батырлығымен және жауынгерлік шеберлігімен әйгілі болған ер жүрек командир,

солдаттардың жан дүниесі мен көңіл-күйін тамаша білетін сезімтал саяси қызметкер, жақсы лингвист Мәлік Ғабдуллин армия үгітшісінің барлық жақсы қасиеттерін өз бойына сіңіре білді.

Соғыстан кейін Мәлік өзінің ғылыми еңбегіне оралды. Кандидаттық, одан кейін докторлық диссертация қорғады. РСФСР Педагогикалық Ғылыми академиясының академигі, бірнеше рет СССР Жоғарғы Советінің депутаты болып сайланды, көптеген жылдар бойы Абай атындағы Қазқ ұлтық педагогикалық институтының ректоры болып қызмет атқарды. Профессор, академик Мәлік Ғабдуллин республиканың көрнекті филологы.

### **Бреусов Владимир Ефимович**

**Владимир Ефимович Бреусов** - 1925 жылы Алматыда туған. 1942 жылы ФЗО мектебін бітіргеннен кейін, Қарағанды шахталарының бірінде тіреуші болып істейді. 1943 жылы жас шахтер майданға аттанады. Ол 299-Харьков атқыштар дивизиясы, 960-атқыштар полкінің құрамында болып, Харьков үшін шешуші ұрыстарда айрықша ерлік көрсетті. Сондай-ақ ол Орел мен Белгород түбінде шайқасты.

СССР Жоғарғы Советі Президиумының 1943 жылғы 1 қарашадағы Указы бойынша В.Е.Бреусовқа Совет Одағының Батыры атағы берілді. Соғыстан кейін Абай атындағы Қазақтың педагогикалық институтында саяси-экономика кафедрасының меңгерушісі, э.ғ.к., доцент болып жұмыс істеді.

Харьков үшін болған шешуші ұрыстарда аға лейтенант Петрищев ротасының 1943 жылы 15 тамызда Полевое селосының жанындағы жау күшті бекінген 201, 7-биіктікті батыл шабуылмен алған 16 жауынгердің ішінде Владимир Бреусов та болды. Гитлершілердің кескілескен қарсы атакаларына қарамай ер жүрек батырлардың шағын тобы дұшпанның танкілері мен огнеметтерінен сескенбестен және шегінбестен биіктікті өз қолдарына ұстап қалды. Петрищевтің ер жүрек 16 жауынгері гитлершілердің үздіксіз бұрқыратып оқ атуына қарамастан, жау қорғанған биіктікті алуға шабуылға шыққанда, пулеметчик Бреусов өзінің «Максимымен» жедел де батыл алға шықты да дәлдеп атып, фашист автоматчиктерінің бірнеше ұясын жойып жіберді. Атакаға шыққан жаяу әскердің алдында келе жатқан пулеметчик Бреусовтың шебер де батыл қимылы жау бекініп алған биіктікке атакаға шыққан жаяу әскер шабуылының табысты болуын қамтамасыз етті.

Биіктікті біздің әскерлер алғаннан кейін гитлершілер ауыр танкілердің және огнемет-танктердің сүйемелдеуімен бірінен соң бірі бес рет қарсы атакаға шықты. Владимир Бреусов сауыт құрған машиналарды көріп абыржымады да саспады; оларды окоп үстінен өткізіп жіберді де сабырлықпен түрегеліп, қарсы атакаға шығып келе жатқан гитлершіл автоматчиктерге оқ жаудырды. Немістердің биіктікті қайтарып алуға тырысқан барлық әрекеті нәтижесіз болды.

16 батырдың ерлігі айта қалғандай еді. Олардың жетеуі, одан кейін төртеуі ғана қалды... Патрондары бітті. «Максимканың» да үні шықпады. Осыған қарамастан Бреусов жолдастарымен бірге немістерден қайтарып алған жерден бір қадам шегінбеуге ант етті. Өлуге бармыз, бірақ шегінбейміз.

Гитлершілердің қарсы атакаларының бәріне тойтарыс берілді. Осы ұрыстың нәтижесінде биіктік біздің қолымызда қалды. В.Бреусовтың станокты пулеметі осы ұрыс кезінде 112 фашистті қырқып салды. Осы үшін оған Совет Одағының Батыры атағы берілді.

1945 жылы 29 қаңтарда Қарағанды жастарының алдында сөйлеген сөзінде Владимир Ефимович былай деді:

- Бұл ерлікті жасауға мені рухтандырған не дейсіндер ғой? Ол ең алдымен ұлы Отанға деген, оның қаһарман халқына, оның даңқты жастарына деген сүйіспеншілік. Фрицтер біздің жерімізді таптайды дегенді ойыма да алғым келмеді...

Отан үшін ұрыстарда мен шектен тыс бірдеңе істедім деп айта алмаймын; өзімнің Отаным үшін оның жүздеген мың ұлдары сияқты мен де күрестім. Біздің елде әрбір адам батыр бола алады.

### **Жолдасов Лесбек Байымбетұлы**

**Лесбек Байымбетұлы Жолдасов** – 1920 жылы Оңтүстік Қазақстан облысының Келес ауданындағы Қызыләскер ауылында туды. Ұлты қазақ. Жастайынан әкесінен айырылды. Орта мектепті бітірген соң көп кешікпей Қызыл Армия қатарына алынады. Қызыл Тулы 316-атқыштар дивизиясы құрамында Сумы, Белгород, Орел қалалары маңында, Дунай жағалауында ұрыстарға қатысады. Ротаны басқарған Л.Жолдасов Дунай өзенінен өткенде асқан ерлік көрсетеді, сол ерлігі үшін 1945 жылы 24 наурызда оған Совет Одағының Батыры атағы беріледі.

Лесбек Жолдасов – 1942 жылы Украин майданында жаумен алғашқы рет бетпе-бет кездеседі. Кескілескен ұрыс... Солардың бірінде жас жауынгер жараланып, контузияға ұшырайды. Емделіп шыққан соң тылда қаласың ба, майданға аттанасың ба дегенде, ол ойланбастан-ақ майданды қалайды.

...1944 жылы желтоқсан. Советтік шекара кейінде қалды. Венгрия жерінде, Дунай өзенінде ұрыс жүріп жатыр. Дивизия командованиесі Л.Жолдасовқа бірінші болып Дунайдан өтіп, бекініп алып, қалған бөлімдердің өзеннен өтуін қамтамасыз ететін плацдармды кеңейту ісін тапсырады.

18 адамнан құралған шағын топ Л.Жолдасовтың басқаруымен тапсырманы орындауға кіріседі. Түн ортасына таман жауынгерлер өзеннен өтіп, таң атысымен жаудың қысымын тойтарады.

Гитлершілер жанталасып 16 рет атака жасайды. Жау күшінің басым екені көрініп-ақ тұр. Бұйрық бойынша – төтеп беру керек! Батыр жауынгерлер бар күш-жігерін жұмсап, ұлтарактай жерді ерлікпен қорғауда! Ақырында, көмекке күш келген кезде Лесбек екінші рет жараланған еді. Тәулік бойы Л.Жолдасов ұрыстан шыққан жоқ. Жаудың атакаларына тойтарыс бере отырып, гитлершіл 60 солдат пен офицерді сұлатты. Қазақ халқының батыр ұлы өзінің ерлігімен және Отанға шын берілгендігімен Дунай өзенінің оң жағалауында басып алынған шағын плацдармды қолдан шығармай берік ұстауға жағдай жасады. Өзіне Совет Одағының Батыры атағы берілгені туралы госпитальде жатқанда естіді.

**Лесбек Байымбетұлы Жолдасов** – Шымкент облысының Шардара ауданындағы Қызыләскер селосында орта мектептің директоры болып қызмет атқарған. Абай атындағы Қазақтың педагогикалық институтының түлегі, мамандығы – тарихшы.

### **Қамзин Қанаш**

**Қанаш Қамзин** – 1919 жылы Павлодар облысының Ермак ауданындағы Жолқұдық ауылында кедей қазақтың отбасында туды. КПСС мүшелігіне кандидат. Қанаш, оның 3 аға-інісі мен 4 апа-қарындасы ата-анадан ерте айырылды. Әлі де әлсіз жас мемлекетіміз жетімдерді ескерусіз қалдырған жоқ. 1931 жылы Қанаш Павлодардағы балалардың коммуна үйіне орналастырылды. 1934 жылы үздік оқушы және қоғам жұмысына белсене қатысушы комсомол мүшесі ретінде оны жұмысшылар факультетіне оқуға жіберді. Оны бітірген соң Қанаш 1937 жылы Қазақ педагогикалық институтының география факультетіне түсті. 1941 жылы жоғары оқу орнын ойдағыдай бітіргеннен кейін бірнеше күннен соң, оны Фрунзе аудандық әскери комиссариаты Қызыл Армия қатарына шақырады. Әскери училищені бітірді. 1943 жылдың басында майданға барды.

52-атқыштар дивизиясының 429-атқыштар полкіндегі 3-атқыштар ротасының командирі Қанаш Қамзин өз ротасы 1944 жылы көктем күндерінің бірінде Молдаван ССР-і, Тирасполь ауданының Бычек селосы маңында Днестр жағалауына шыққанға дейін майданның ұзақ жолынан өтті. Сәуірдің 12-нен 13-не қараған түні жаудың бораған артиллерия және миномет-пулемет оғының астымен лейтенант Қамзин бірінші эшелонмен көктемгі тасып жатқан өзеннен өтті. Днестрдің оң жағалауына өтісімен, ол ротаны дереу атакаға бастап шықты. Жеке басының үлгісімен Қамзин жауынгерлерді ерлікке жігерлендірді. Гитлершілер бұл жерде мықтап бекінді; екі қатар траншея қазды, доттар, дзоттар және басқа да бекіністер жасады. Бірақ бұған қарамастан, Қамзин өз ротасымен траншеялардың екеуінен де тез өтіп, Гура-Быкулуй селосының оңтүстік шетіне жетті. Одан әрі ілгерілей алмай қалды: село мен бүкіл плацдармнан жоғары тұрған 650-биіктікке орнығып алған жау совет жауынгерлеріне пулемет пен минометтен оқты төпеп төкті де тұрды. Батальон командирі И.Морозов Қамзинге фашистерді биіктіктен қуып шығуға, шабуыл жасаушыларды сол қанаты мен тылынан бүркемелеуге бұйрық берді.

Лейтенант Қамзин жауынгерлердің қатарынан ұшып тұра келіп, алға ұмтылды. Оның соңынан бүкіл рота лап қойды. Миномет пен пулеметтен бораған оққа қарамастан, Хамзиннің ротасы жаппай ерлік көрсетіп, биіктікке дереу атака жасады да, жауды одан қуып шықты. Биіктік алынды. Осы ұрыста фашистердің 20 солдатты мен офицері жойылды. Биіктіктен айырылған дұшпан қайта-қайта өршелене атака жасаумен болды. Қамзиннің ротасына қарсы жау тың күш төкті. Өздерінің сан жағынан басым екендіктерін білген фашистер өлген-тірілгендеріне қарамай, ілгері ұмтылды. Қанаш Қамзиннің ротасы да аянбай соғысты. Гитлершілер совет жауынгерлерінің ерлігін мойыта алмады. Биіктікке пулеметтерін орнатып алған Қамзин Гура-Быкулуй селосының гитлершілер шабуыл жасап келе жатқан батыс шетін атқылап, қалған екі ротаның селоның оңтүстік-шығыс шетін алуына жағдай туғызды.

Осы ұрыста дұшпанның көп адамы мен соғыс техникасы жойылды. Бірақ жекпе-жек ұрыстардың бірінде қазақ халқының батыр ұлы Қанаш Гура-Быкулуйде қаза тапты.

Днестрден өтерде көрсеткен ерлігі мен батырлығы үшін 1944 жылғы 13 қыркүйекте Қ.Қамзинге Совет Одағының Батыры атағы берілді. Оның есімін Молдавия мен туған жерінде бүкіл халық құрметтейді. Батырдың есімімен бір совхоз, сегіз жылдық мектеп, Краснокутск селосының бір көшесі аталады. Ермак ауданының жастары мен комсомолецтері жинаған қаржыға совхозда Қанаш Хамзинге ескерткіш орнатылды.

**Қанаш Қамзин** – 1937-1941 жылдары Абай атындағы Қазақтың педагогикалық институтының

география факультетінде оқыды. Мамандығы – географ.

### **Сұрағанов Құдайберген Мағзұмұлы**

**Құдайберген Мағзұмұлы Сұрағанов** – 1921 жылы Павлодар облысының Качирск ауданына қарасты Сұлуағаш ауылында туған. Қазақ КПСС мүшесі. 1940 жылы Павлодардың педагогтік училищесін бітірген соң, Жаңа ауыл орталау мектебінде мұғалім болып істеді. Сол жылдың қазан айында Қызыл Армия қатарына шақырылды. 1942 жылы артиллериялық училищені бітіріп, кіші лейтенант атағымен майданға келді.

Ер жүрек артиллерист Волгадан Шпрееге дейінгі соғыс жолдарынан өтті. 1946 жылы 15 мамырда аға лейтенант Қ.М.Сұрағанова Совет Одағының Батыры атағы берілді.

Жау Волгаға қарай құтырына ұмтылды. Осы арада Калач станциясы маңында Құдайберген тұңғыш рет фашист басқыншыларымен бетпе-бет ұстасты. 1942 жылы желтоқсанда Сталинград түбінде болған шайқастарда кіші лейтенант Сұрағанов ауыр жараланған еді. Емделіп шыққаннан кейін 142-армиялық зеңбірек артиллериясы бригадасының 8-батарея басқару взводының командирі аға лейтенант Сұрағанов жексұрын жаумен онан әрі шайқасты. Ол көптеген совет қалалары мен селоларын азат етуге қатысты, Днепр, Висла, Одер өзендерін кешіп өтті.

1945 жылдың көктемінде Совет Армиясының бөлімдері фашист жыртқышын өз ұясында талқандауға кірісті. Одердің батыс жағалауындағы шабуыл шайқастары кезінде Сұрағановтың артиллеристері 49-атқыштар дивизиясының жаяу әскерлерімен бірге жылжып, оны үздіксіз оқпен қолдап отырды. Батарея командирі барлау ісін тамаша ұйымдастыра білді. 1945 жылдың 16 және 17 сәуірінде Полиц, Риссен, Цильтендорф ауданында оның барлаушылары дұшпанның бірнеше батареясының оқ ататын позицияларын біліп алды. 8-батареяның дүркін-дүркін атуы арқасында жау зеңбіректері жойып жіберіліп, біздің атқыштар бөлімдеріміз аз-кем шығынмен ілгері жылжуға мүмкіндік алды.

49-атқыштар дивизиясының бөлімдері неміс қорғанысының маңызды тірек пунктін алу үшін шайқасқан кезде, Қ.М.Сұрағанов дұшпанның траншеясына 200 метрдей қашықтықтан еңбектеп келіп, біздің артиллерияға нысананы дәлдеп көрсетіп берді. Совет зеңбіректерінен дүркін-дүркін атылған оқтың фашистерді өлтіре соққаны соншалық, біржола есеңгіреп қалған дұшпан кішігірім барлаушылар тобының батыл соққысымен ірі елді мекеннен қуып шығарылды. 23 сәуірде Фордер көлі маңында шабуыл жасап бара жатқан 49-атқыштар дивизиясының 222-полкі дұшпанның қарша бораған оғы астында жатып қалуға мәжбүр болды.

Сұрағанов батарея зеңбіректерін 2-батальонның жауынгерлік сапына орналастырды. Артиллеристер дұшпанның Одер өзеніндегі қорғаныс жүйесіндегі ең соңғы траншеясын тура нысанаға алып атқылай бастады. Батарея дәлдеп атып, фашист зеңбіректерінің үнін өшірді. Осының артынша жау минометтері талқандалды. Біздің жаяу әскерлеріміз артиллерия оғының қалқалауымен гитлершілерді қорғаныс шебінен түсіріп шығарды, сөйтіп оларды өкшелей қуып, Одер-Шпрее каналына шықты, дұшпанның кейін шегінетін жолы кесіліп қалды. Ұрыстан кейін санағанда Сұрағановтың зеңбіректері атқылаған траншеяның ішінде 100-ден аса фашист солдатты мен офицерінің өлігі қалды.

Өзінің жеңіс сапарын құлаған Берлинге аяқтаған Совет Одағының Батыры Қ.М.Сұрағанов туған Қазақстанына қайтып оралды. Абай атындағы Қазақтың педагогтық институтының физика-математика факультетін, онан кейін аспирантураны бітірді. Мамандығы – математик. Ұзақ жылдар Қазақтың қыздар педагогтық институтында аға оқытушы болып қызмет атқарды.

### **Тоқатаев Рақымжан**

**Тоқатаев Рақымжан** – 1923 жылы Алматы облысының Еңбекші қазақ ауданында туған. Ұлы Отан соғысының алғашқы күндерінде-ақ Еңбекші қазақ ауданының әскери комиссариаты арқылы Қызыл Армия қатарына шақырылды. 1672-Станиславск Қызылтулы танкіге қарсы артиллериялық атқыштар полкінде қызмет етті.

Чехословакияны азат ету үшін болған ұрыстарда көрсеткен ерлігі үшін 1945 жылы 29 маусымда сержант Р.Тоқатаевқа Совет Одағының Батыры атағы берілді.

Совет әскерлері оккупацияланған, бірақ гитлершілерге бас иеген елдердің территориясында жауды талқандай берді. 1945 жылы ерте көктемде чехтың Моравск-Острав қаласының жанында қантөгіс ұрыстар қызды. 38-армия мен 1-гвардиялық армияның дивизиялары мен полктері фашистердің екі жүз километрлік қорғаныс участогіне үздіксіз шабуылдаумен болды. Гитлершілер ұрысқа жаңа танк дивизияларын қосты. Ставканың бұйрығы бойынша, Моравск-Острав ауданында сержант Тоқатаев Рақымжан қызмет ететін 1672-Станиславск Қызылтулы танкіге қарсы артиллериялық атқыштар полкі

жіберілді.

Курск иініндегі кескілескен шайқастарда ол бірінші рет жауынгерлік ұрысқа араласқан еді, зеңбірек расчетының командирі старшина Харитонов жаңа келген нысанашының ер жүректігі мен табандылығын атап өтті.

Полк шайқаса отырып, батысқа беттеді. Жаңа, 1945 жылдың бірінші күні Рақымжан өміріндегі ең қуанышты күн болды – оны Коммунистік партияның қатарына қабылдады. Коммунист Тоқатаев жексұрын жауды жеңу үшін өз өмірін сарп етуге ант берді және Чехословакия тауларында қаһармандық ерлік жасап, сол антын орындап шықты.

1945 жылы сәуір айының бір күні атқыштар полкі Фультнек деревнясы төңірегінде қорғануға бұйрық алды. Нысанашы Тоқатаев Рақымжан мен оның көмекшісі Федор Кердань өз зеңбірегін жартылай қираған бір үйдің тасасына орналастырды. Көп ұзамай мотор гүрілі естілді. Фашист танкілері мен бронетранспортерлер тізбегі бастырмалата оқ жаудыртып, біздің бірнеше атыс ұяларымыздың үнін өшіріп, деревня шетіне жетіп қалды. Ол кезде Тоқатаев пен Керданьның зеңбірегі қалтарыстан оқ атады. Бірінші снаряд тізбектің орта шеніндегі машинаны жайратты, екінші және үшінші атылған снарядтар ең алдыңғы «Жолбарысты», тізбектің ең соңындағы бронетранспортерді қатардан шығарды.

Фашистер ер жүрек артиллеристердің тұрған жерін белгілеп алып, танктерден солай қарай үсті-үстіне оқ жаудырды. Алайда танк жойғыш ер жүрек атқыштардың зеңбірегі бір сәт те үнсіз қалмады. Осы ұрыста Тоқатаев Рақымжанның зеңбірек расчеты фашистердің тоғыз танкісі мен төрт бронетранспортерін құртты.

1945 жылы 13 шілдеде полк сапы алдында ер жүрек артиллеристердің наградталуы туралы Указ оқылды. Митингте Тоқатаев Рақымжан жауынгерлер алдында сөз сөйледі. Ол бейбіт күндерде де солдат намысын жібермеуге уәде берді. Өзінің ол сертін орындады. Совет Армиясы қатарынан босатылғаннан кейін Тоқатаев Рақымжан өзінің туған өлкесіне келді. Қазақтың Абай атындағы педагогтық институтының физика-математика факультетін бітірген. Мамандығы – математик. Есік мектеп-интернатында оқу ісінің меңгерушісі болып қызмет атқарды.

### **Хұсайынов Ахмедияр**

**Ахмедияр Хұсайынов** – 1924 жылы Батыс Қазақстан облысының Орда ауданында туған. Ұлты қазақ. 1941 жылы 22 маусым – соғыс басталған күні ол Ордада Максим Горький атындағы орта мектептің 10 класын бітірді. 1942 жылы Қызыл Армия қатарына шақырылды.

СССР Жоғарғы Советі Президиумының Указымен 1943 жылы 1 қарашада қатардағы жауынгер А.Хұсайыновқа Совет Одағының Батыры атағы берілді.

**Ахмедияр Хұсайынов** – неміс фашистеріне қарсы тұңғыш шайқасқа Сталинград түбінде түсті.

1943 жылы қазан айында 116-Мелитополь қаласы үшін қиян-кескі ұрыс жүргізді. Хұсайынов болған шабуыл жасаушы топ гитлершілердің траншеяларына басып кірді. Тұтқиылдан берілген осы соққыдан есін жиған соң, фашистер бұрынғы жағдайды қалпына келтіріп алуға тырысып, қарсы атақаға ұмтылды. Бірнеше қарсы атақаға тойтарылды. Бірақ батыл жауынгерлеріміздің оқ-дәрілері таусылуға айналды. Топ командирі қатардағы жауынгер Хұсайыновқа патрондар мен гранаттар алып келуге бұйырды. Солдат қару-жарақ пунктіне қарай еңбектей жөнелді. Оқ ысқырып, снарядтар мен миналар жарылып жатты. Мина жарықшағы тиіп, Хұсайынов жараланып қалды, бірақ ол бұйрықты орындап шықты да, гитлершілердің қарсы атакаларын тойтаруға қатысты. Осы ұрыста ол автоматымен фашистердің 30-ға жуық солдатын жойып жіберді. Бірақ екінші рет жараланып, саптан шықты, ауыр жаралы халде санитарлық бөлімге жеткізілді. Госпитальда жатқан кезде 4-Украин майданының командашысы маршал Толбухин мен Әскери Советтің мүшесі генерал Кириченкодан телеграмма алған Ахмедияр СССР Жоғарғы Советі Президиумының Указымен өзіне Совет Одағының Батыры атағы берілгенін білді.

Соғыстан кейін Ахмедияр Хұсайынов Қазақтың Абай атындағы педагогика институтының тарих факультетіне оқуға түсіп, оны 1949 жылы ойдағыдай аяқтап, біржола педагогтік жұмысқа берілді. 1960 жылы А.Хұсайынов «Еңбектегі ерлігі үшін» медалімен, ал 1964 жылы «Қазақ ССР халық-ағарту ісінің» медалімен марапатталды.

### **Шәкіров Сәду**

**Сәду Шәкіров** – 1922 жылы Жамбыл облысының Талас ауданында шаруа отбасында туған. Ұлты қазақ. Әскерге шақырылғанға дейін мектепте оқып, 9 класты бітірген. 1938 жылы комсомолға кірген.

1942 жылы 3 ақпанда Сәду Шәкіров Қызыл Армия қатарына шақырылған. 1943 жылғы 15 ақпанда ол майданда болды. Неміс-фашист басқыншыларына қарсы Украинада болған шайқаста, әсіресе Днепрден өту кезінде Сәду Шәкіров айрықша ерлік көрсетті. СССР Жоғарғы Советі Президиумының 1943 жылғы

30 қазандағы Указымен оған Совет Одағының Батыры атағы берілді.

106-Забайкалье атқыштар дивизиясының 188-Аргунск атқыштар полкінің бірінші батальонындағы бірінші ротаның қызыл әскері Сәду Шәкіров майданда болған алғашқы күндерден бастап көптеген қиян-кескі шайқастарға қатысып, ерлігімен және икемділігімен өзінің жолдастарын сүйсіндірді.

...Бұл гитлершілердің Днепрдің оң жағалауындағы қуатты қорғаныс шебінің маңызды тірек пункті – Гомель облысындағы Лоево қаласының түбінде болған оқиға еді.

1943 жылғы 15 қазан. Түн. Десантшылар қайықтар мен салдарға ақырын барып отырды. Соңғы бұйрық берілген соң, өзеннен өту басталды. Салдардың бірінде қатардағы жауынгер Сәду Шәкіров болды. Жағалауға жетуге шамасы 40 метрдей-ақ қалған кезде, біздің ерлерді гитлершілер көріп қойып, қарудың барлық түрінен оқ жаудырды. Аранын ашқан ажал жауынгерлерді саптап жұлып әкетіп жатты. Снарядтардың бірі Сәду отырған салға сарт ете қалды. Көкке шапшыған су жауынгерлердің үстін жауып кетті. Салдың быт-шыты шыты. Мұздай су ішінде жауынгерлер жүзіп, ілгері қарай ұмтыла берді. Сәду Шәкіров сүңгіп кетті де, қалқып жірген бір бөренеге жабысып, оң жағалауға қарай жылжыды. Тағы да бірнеше рет ұмтылып еді, аяғы қайраңға тиді. Днепрдің оң жағалауына алдымен жеткендердің бірі – Сәду еді. Сол жақ жағалауда өзіне командир берген қызыл жалау мен гранатын қолына алып, ол дұшпанның траншеясына тұра ұмтылды. Ер жүрек солдат бірнеше гранат лақтырып, гитлершілерді траншеясынан қашуға мәжбүр етті.

Командирдің тапсырмасымен Сәду Шәкіров Днепрден үш рет өтіп, пулеметшілер мен байланысшыларды оң жағалауға апарып түсірді.

1943 жылғы 16 қазан күні таңертең біздің жауынгерлеріміз Лоевоның оңтүстік-батыс жағындағы 138,6-биіктікті басып алуға шабуыл жасады. Шәкіров гитлершілердің бесеуін жайратып салып, биіктікке алдымен жетті де, оның төбесіне алқызыл жалау қадады.

Совет Одағының Батыры Сәду Шәкіров – Қазақтың Абай атындағы педагогика институтының тарих факультетіне тәмамдаған. Соғыстан кейінгі бейбіт уақытта Жамбыл облысының Шу ауданындағы қызылша өсірумен айналысатын «Дружба» совхозында еңбек етті.

**Материалдарды дайындаған: Халидуллин Г.Х. - т.ғ.д., профессор Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Саясаттану және әлеуметтік пәндер кафедрасы.**

**Байдарова А.К. - Мәдениеттану мамандығының магистранты.**

## **ЖЕКЕ ТҮЛҒАЛАР ПЕРСОНАЛИИ**

ӘӘЖ 711

**Б.Р. БЕРІКБОЛОВ – ҚАЗАҚСТАН АТОМ ӨНЕРКӘСІБІНДЕГІ ТҰҒЫРЫ БИІК ТҮЛҒА**

**У.М. Джолдыбаева – т.ғ.к., Абай атындағы ҚазҰПУ доценті**

Мақала Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген өнеркәсіп қызметкері, КСРО және Қазақстанның жер қойнауын барлау үздігі, Қазақстанның құрметті жер қойнауын барлаушы, геология-минерология ғылымдарының докторы, ҚР Ұлттық инженерлік академиясының академигі Берікболов Бақытжан Рахметұлының өмірі мен қызметіне арналған. Өз халқының игілігі үшін аянбай еңбек еткен азамат «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК АҚ құрылғанына 10 жыл» (2007), «Қазақстан Конституциясына 10 жыл» (2005) медальдарымен; 1-ші дәрежелі «Қазақстан Республикасы атом өнеркәсібінің Еңбек сіңірген қызметкері» Алтын белгісімен (2007); «ҚР инженерлік ісін дамытуға қосқан үлесі үшін» төсбелгісімен (2002); «Жер қойнауын барлау үздігі» белгілерімен (1987,1991); Халықаралық инженерлік академиясының дипломымен (2001) марапатталған. КСРО өнеркәсібіне Еңбек сіңірген қызметкері (1988). «КСРО жер қойнауының Құрметті барлаушысы», «ҚР жер қойнауының Құрметті барлаушысы» марапаттауларына ие болған.

**Тірек сөздер:** өмірі, қызметі, жер қойнауы, барлаушы, геология-минерология ғылымы, ғалым, атом өнеркәсібі

Қазақстан – табиғи қазба байлықтарына аса бай мемлекет. Тіпті қазақ даласында Менделеев таблицасындағы химиялық элементтердің барлығының кездесуі ғажап құбылыс. Біздің елімізде геология саласы, яғни жер қойнауы пайдалы қазбаларын зерттеу ертеден дамыған. Бұл күрделі де қиын саланы аса көрнекті қазақ геологы, қоғам қайраткері, Қазақ КСР Ғылым академиясын ұйымдастырушы және оның тұңғыш Президенті, Қазақ КСР Академиясының академигі, қазақстандық металлогения мектебінің негізін қалаушы Қаныш Имантайұлы Сәтбаев сынды ғұлама ғалымдар шыңына дейін көтергені ақиқат. Сонымен қатар Кеңестер Одағы тұсында да геология саласы қарыштап дамып, қиын да күрделі сала мемлекет тарапынан үлкен қолдауға ие болғаны баршамызға белгілі. Сол кезеңдегі республика басшысы аса көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, үш мәрте Социалистік Еңбек Ері, Қазақ КСР Ғылым Академиясының академигі, техника ғылымдарының докторы Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың тікелей араласуымен Қазақстанның өнеркәсібі, соның ішінде түрлі-түсті металлургия саласы жоғары деңгейде дамыды. Бүкілодақтық көлем бойынша мыстың үштен бір бөлігі, қорғасынның 70%-нан астамы, мырыштың 40%-нан астамы қазақ жерінде өндірілді. Атап айтсақ: Өскемен қорғасын-мырыш және титан-магний комбинаттары, Соколов-Сарыбай мен Лисаков кен-байыту комбинаттары, Жезқазған мен Балқаш тау-кен, металлургия комбинаттары, Ермаков, Ақтөбе феррокорытпа зауыттары іске қосылып, Ақтөбе қаласындағы шығарылған хром кенінің көлемі артты. Кеңестік кезеңде Оңтүстік Қазақстан, Қызылорда, Солтүстік Қазақстан, т.б. облыстарында тау-кен ғылыми-зерттеу мекемелері, институттары жұмыс істеді. Қазақстанның қойнауы да сол жылдары барынша зерттеліп, барлау жұмыстары да жүзеге асырылды. Қазақстан бойынша жүздеген кен орындары ашылып, республикамыздың әлеуметтік-экономикалық өмірінде біраз кен орындарына бүтіндей жаңа өндірістік баға беріліп сол кездегі ғалымдардың геология саласындағы ашып жатқан жаңалықтары да аз емес еді.

Сол ғалымдардың ішіндегі бірі әрі бірегейі, Қазақстанның геолого-минерология ғылымы саласындағы ядролық энергетика көздерін ашу ісіне зор үлес қосып аянбай еңбек еткен, бүкіл саналы ғұмырын уран өндірісі саласына арнаған Бақытжан Рахметұлы Берікболов 1940 жылы 26 қаңтарда Шымкент қаласында туған. Шымкенттегі М.Ю.Лермонтов атындағы №17 орта мектебінде оқып білім алғаннан кейін 1964 жылы В.И. Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтының геологиялық-барлау факультетін бітірген. 1971 жылы аталған институттың аспирантурасында оқып, 1964-1968 жылдары Қарағанды облысы Балқаш ауданы Саяқ кен барлау экспедициясында аға геолог, бас геолог қызметтерін атқарған. 1968 жылдан В.И. Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтының аспиранты. 1971 жылдан ҚазҒЗИ минералды шикізаттар бөлімінде аға инженер, аға ғылыми қызметкер, зертхана меңгерушісі, бөлім меңгерушісі болып жұмыс істеген.

1971-1979 жылдары ҚазММИ мыс геологиясы бөлімінің жетекшісі, 1979-1980 жылдары Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің ауыр өнеркәсіп бөлімінің нұсқаушысы, 1980 жылы Новосибирск қаласындағы әскери академиясын, 1985 жылы КСРО Халық шаруашылығы академиясын бітірген. 1982-1987 жылдары Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы геология министрінің орынбасары, 1987-1988 жылдары «Қазгеология» Мемлекеттік Өндірістік Бірлестігі бас директорының орынбасары, 1988 жылдан КСРО Геология министрлігінің басшы қызметкерлері мен мамандарының біліктілігін жетілдіру институтының ректоры. Ал 1993 жылдан Қазақстан мемлекеттік геологиялық «Волковгеология» кәсіпорнының (кейінірек- «Волковгеология» АҚ) бас директоры қызметін атқарған.

Бүгінде «Қазатомөнеркәсіп» компаниясының дамыған ең ірі өндірістік саласы болып табылатын «Волковгеология» Акционерлік қоғамының іргетасы 1948 жылы қаланған. Бұл мекеме уран кенішін



барлау саласына маманданғандықтан, кез-келген күрделі әрі қиын жағдайларда жұмыс істеу мұнда шоғырланған геологиялық барлаушыларға тән құбылыс екені және олардың жұмысының ажырамас бір бөлігі болып табылатыны баршаға мәлім.

Ал өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарында Кеңестер Одағы ыдыраған шақта экономика тұралап, елімізді дағдарыс шарпыған сәтте де қиыншылық геология саласын да айналып өтпеді. Кеңес Одағында қалыптасқан геология ғылымының үлкен мектебі осы жылдары біраз уақытқа тежелді, яғни геология саласы құлдырап кетті. Бірнеше жыл қатарынан қауқарсыз еңбек еткен сала жойылудың аз-ақ алдында тұрды. Жылдар бойы мемлекетімізге Одақ көлемінде мол табыс әкелген геология мекемелері мен ұжымдары жұмыстарын тоқтатуға мәжбүр болды. Осындай қиын-қыстау кезеңді басынан кешірген мемлекеттік мекемелердің көпшілігі жекешелендіруге бет бұрған кезде, «Волковгеология» АҚ мекемесі аман қалды. Бір жағынан мамандардың кәсіби біліктілігі болар, екінші жағынан басшылардың бірауыздылығы болар, бұл мекеме таратылмады. Мемлекетімізге ең ауыр соққан 1990 жылдары мекемедегі құрал-жабдықтар мен жылдар бойы іске қосылып тұрған технологияны әлсіретпей ұстап қалуда көреген басшы, ірі геолог-ғалым Берікболов Бақытжан Рахметұлының ерен еңбегінің нәтижесі деп бағалауға болады. Қазір ойлап қарасақ, ол тек «Волковгеология» мекемесін ғана емес, бүкіл қазақстандық геология саласын тығырықтан аман алып шыққан тау тұлғалы азамат екендігіне тағы да көз жеткізе аламыз. Кеңестер Одағында қызметі адамдарға беймәлім, жабық әрі құпия болып келген бұл мекеме Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алған жылдардан бастап Акционерлік қоғам атауына ие болды. Бұл мекеме қызметкерлерінің қандай қызметпен айналысатынын қарапайым халық та ажыратып жатпағаны баршаға аян. Бүгінде «Қазатомөнеркәсіп» Ұлттық атом компаниясы қай жерде өнім өндіріп жатқан болса, сол кеніштердің барлығын кезінде «Волковгеология» мекемесі ашқанын әркім білуі тиіс.

Қазақстан Республикасында аса зор стратегиялық маңызға ие «Волковгеология» АҚ мекемесін аса дарынды геолог Б.Р. Берікболовтың тікелей басшылығымен басқарған жылдары жоспарланған жұмыс ауқымы 1 миллион 930 мың куб метрді немесе 4200 технологиялық, гидрогеологиялық және геологиялық барлау ұңғымаларын құраған болатын. Бұл көрсеткіш соңғы жылдармен салыстырғанда 13 пайызға артық болғанын қазіргі статистикалық мәліметтер көрсеткіштерінен байқаймыз. Мұндай өсімді алу «Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ» АҚ-ның «2010 жылға қарай – 15000 тонна уран» стратегиялық бағдарламасын жүзеге асыруға байланысты жоспарлаған әрекеттен туындаған болатын. Мекемені Бақытжан Берікболов басқарған жылдары аталған ұжымда 2780 адам еңбек еткен. Өндіріс көлемінің ұлғаюына байланысты, штаттық бірлікті қысқартуды емес, керісінше оны 6 пайызға өсіруді, яғни, Оңтүстік Қазақстан және Қызылорда облыстарында жанадан 166 жұмыс орнын ашу жоспарланып ол межеге жетуде қыруар жұмыстар атқарылған болатын.

Қазіргі кезеңде Оңтүстік Қазақстан облысының Созақ ауданында, Қызылорданың Шиелі ауданында «Волковгеология» АҚ-ның геологиялық-барлау экспедициялары жұмыс істеуде. Әлемдік экономикалық және қаржы дағдарысы кезінде қиын да күрделі жағдайларда табысты жұмыс жүргізе білу тәжірибесі бұл салада қызмет еткен мамандардың ерен еңбегінің айғағы болып табылатыны сөзсіз. Ал көреген мекеме басшысы Б.Р. Берікболов уран кеніші жайында: «Жалпы уран десе, ел-жұрттың дүрлігіп қалатыны белгілі... Дегенмен, мына қағиданы ұмытпаған жөн: мекеме уранды неғұрлым көп өндірген жағдайда соғұрлым оның табиғи қоры жылдан-жылға азаяды. Ал уран өндірісімен айналысып жатқан өңірлердің әлеуметтік-экономикалық жағдайы жақсара түседі. Мысалы, осыдан оншақты жыл бұрын тоз-тозы шығып, қаңырап қалған ауылдарға «Қазатомөнеркәсіп» компаниясы аурухана, мектептер мен жолдар салып беруде. Тіпті мекеме уран өндіріліп жатқан жерлердің экологиялық ахуалына зерттеу жұмыстарын да жүргізді, нәтижесінде қалдықтардың азайып, уран алынған жерлердің қайтадан қалыпқа түсетіні байқалып отыр. Біз еліміздің пайдалы қазбаларын ұтымды пайдаланғанда ғана мемлекетіміз өркендей береді» - деген болатын республикалық ақпарат көздеріне берген бір сұхбатында. Сондықтан да елдегі нарықтық жағдайлардың қыспаққа алғанына қарамастан, елді мекендерден жүздеген шақырым шалғай орналасқан кен орындарына барлаушылар тек өз күштеріне сеніп автономды түрде жұмыс атқаруға алғашқылардың бірі болып аттанады. Сондықтан да кен өндіру және барлау қызметкерлері егеменді еліміздің мықты шикізат қорын жасай алды әрі уранды геологиялық барлау мен бұрғылау жұмысы саласында зор нәтижелерге қол жеткізді. 1974 жылдан геология-минералогия ғылымдарының кандидаты болып келген Б.Р. Берікболов «Қазақстанның мыс кендері кезеңдерінің минералдық-шикізаттық әлеуеті» тақырыбында докторлық диссертациясын сәтті қорғап шығады.

Өз ісінің майталман маманы, ізденімпаздық қабілеті аса жоғары геолог-ғалым 1999 жылы Саяқ-IV мыс кенішін, 2006 жылы Ақдала, 2007 жылы Оңтүстік Қарамұрын уран кен орындарын, 2008 жылы Мойынқұм кен орнындағы Төртқұдық учаскесін тұңғыш ашушылардың бірі. Сонымен қатар 1984жылы

өткізілген Мәскеу қаласында, 2000 жылы Бразилияда, 2004 жылы Италияда, 2008 жылы Норвегияда өткен Дүниежүзілік, Халықаралық геологиялық Конгрестердің белсенді қатысушысы. 1999 жылдан ҚР Ұлттық инженерлік академиясының академигі, 2000 жылдан Халықаралық инженерлік академияның академигі. 2003 жылдан Қ. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университетінің Құрметті профессоры. Б.Р. Берікболов жеті монографияның, қатты пайдалы қазбалар жөніндегі 200-ден аса жарияланымдарының авторы. Оның жетекшілігімен және тікелей қатысуымен Қазақстан аумағында мыстекті кезеңдер мен негізгі өнеркәсіптік мыс кеніштерінің орналасу карталары және 1:1500000 ауқымындағы ҚР уранының металдық генді болжау картасы құрастырылды. Ол Қазақстан Республикасы аумағындағы радиациялық ахуалды зерттеу, тұрғындардың сәулелену дозаларын мүмкін шамаларымен аймаққа бөлу және мейлінше жіктелімді зерттеулер жөніндегі ұсынымдарды жетілдіру, халықты нормативтен артық радиациялық әсерге ұшырауынан қорғау шаралары мен мониторингі бойынша жұмыстарды жүргізуде аса қажырлылық танытқан. Сондай-ақ, мемлекетіміздің геология-минерология саласындағы экономикалық тиімді рационализаторлық ұсыныстар қатарын иеленген өнертапқыш. Спасск аймағының мыс байлығын зерттеу саласындағы белгілі ғалым. Бүкіл ғылыми-өндірістік қызметі барысында Б. Берікболов мыстың металдық гені, бағалы және сирек кездесетін металдар, уран саласында, сондай-ақ радиоэкология саласында ғылыми зерттеулер жүргізген. Қазақстанның минералдық шикізат базасын өркендетудегі үлесі мен белсенді қоғамдық қызметі үшін Б. Берікболовқа «Қазақстанның өнеркәсібіне еңбегі сіңген қызметкер» атағы берілген.

Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген өнеркәсіп қызметкері, КСРО және Қазақстанның жер қойнауын барлау үздігі, Қазақстанның құрметті жер қойнауын барлаушы, геология-минерология ғылымдарының докторы, ҚР Ұлттық инженерлік академиясының академигі Бақытжан Рахметұлының марапаттаулары: «Қазатөнеркәсіп» ҰАК АҚ құрылғанына 10 жыл» (2007), «Қазақстан Конституциясына 10 жыл» (2005) медальдарымен; 1-ші дәрежелі «Қазақстан Республикасы атом өнеркәсібінің Еңбек сіңірген қызметкері» (2007) Алтын белгісімен; «ҚР инженерлік ісін дамытуға қосқан үлесі үшін» төсбелгісімен (2002); «Жер қойнауын барлау үздігі» (1987,1991) белгілерімен; Халықаралық инженерлік академиясының дипломымен (2001) марапатталған. КСРО өнеркәсібіне Еңбек сіңірген қызметкері (1988). 2005 жылдан «Волковгеология» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы қызметін атқарған Б.Р.Берікболов «КСРО жер қойнауының Құрметті барлаушысы» және «ҚР жер қойнауының Құрметті барлаушысы» атақтарын иеленген. «Қазақтың нағыз бренді – атом өнеркәсібі» - деген бір сөзінде туған халқының жер қойнауынан шығатын қазба байлықтардың әлі де адамзатқа әкелетін орасан зор пайдасын жоғары бағалаған академик.

2013 жылы 26 қаңтарда Алматы қаласындағы Қ. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университетінде аса дарынды геолог, ғалым, қайраткер Бақытжан Берікболовқа арналған мемориалдық тақта орнатылып, аталған университеттің Құрметті профессоры атындағы дәрісхана ашылды. Бұл дәрісхананың ашылуы мемлекет және университет тарапынан салтанатты жағдайда өткізіліп, Б.Берікболов атындағы арнайы шәкіртақы тағайындалып, ол алғашқы иегерлеріне табыс етілді. Ол жайында пікір айтқан ҚазҰПУ-нің геологиялық карта түсіру, пайдалы қазба кен орындарын іздеу мен барлау кафедрасының меңгерушісі, профессор Ақылбек Жүнісов: «Бұл біздің кафедрадағы үшінші шәкіртақы болайын деп отыр. Бұған дейін Шахмардан Есенов пен Қаратай Тұрысов атындағы шәкіртақылар бар еді. Енді оның қатарын Бақытжан Берікболов атындағы шәкіртақы толықтырып отыр. Қазір бұл мамандықтың болашағы зор екенін жастар жақсы түсінгендіктен, ол үлкен байқаулар өткізу арқылы тағайындалады», - деді. Оның айтуынша, бұл атаулы шәкіртақы Б.Берікболовтың геологияға сіңірген еңбегін әрі қарай жетілдіру үшін Бақытжан Рахметұлының отбасы мен «Волковгеология» АҚ-ның атынан үздік 2 студентке берілетін болады. Оның алғашқы иегерлері университеттің ең үздік оқитын студенттері және университеттің қоғамдық жұмысына белсенді қатысушылар екені сөзсіз.

Геология-минерология ғылымдарының докторы, ҚР Инженерлік академиясының академигі, Б.Берікболовтың замандасы Герой Жолтаев: «Бақытжан Рахметұлымен бірге 1957 жылы студент болып қабылданған едік. 2 жыл бойы жатақханада бір бөлмеде тұрып, курстас, дос болдық. Одан кейін Б.Берікболов өндірісте қызмет етті. Министрдің орынбасары және «Волковгеология» АҚ-ның басшысы болды. Бұл мекемеде көп жылдар бойы жұмыс істеген Берікболов Бақытжанның Қазақстанға сіңірген еңбегі өте зор», - деді ол өз пікірінде. «КСРО Мұнай өндіру ісі үздігі Б.Берікболов Қазақстанның уран қоры бойынша әлемде екінші орында тұруына орасан зор еңбек сіңірді. Сондықтан бұл дәрісхана Бақытжанның ескерткіші ғана емес, жастарға қалдырған ізі. Онда білім алған әрбір студент : «Мен Бақытжан Рахметұлы атындағы дәрісханада дәріс алдым» деген сөзді әрдайым мақтанышпен айтатын болады».

Бүгінгі таңда егемен еліміздің ғалымдары да болашақ үшін бұл саланы жан-жақты зерттеп-зерделеуде.

Олардың ерен еңбегі арқасында геология саласы жақсы дамуда. Қазіргі кезде еліміздің тау-кен өндірісі саласында жұмыс істеуге деген жастардың құлшынысы да күннен-күнге артып келеді. Кейінгі жылдары, яғни соңғы онжылдықта, еліміздің өндіріс орындары тарапынан техникалық маман иелеріне сұраныс күрт артып, соған байланысты еліміздің жастарының техникалық жоғары оқу орындарында оқып, білім алуына қолайлы жағдай жасалып мемлекеттік гранттар көптеп бөлінуде. Нәтижесінде, бұл мамандыққа ден қойған, геология саласын тереңірек танып-білуге қызығушылығы артқан студенттер саны да артуда. «Геология» сөзі грек тілінен аударғанда «ғылым» деген мағынаны білдіретінін ескерсек, бүгінде, жалпы ғылымға бет бұрған жастар көбеюде.

Қазақ халқында «Ғалымның хаты өлмейді, Жақсының аты өлмейді» деген даналық сөзі бар. Сондықтан халқына қалтқысыз қызмет еткен біртуар ғалым Берікболов Бақытжан Рахметұлының өз халқына қалдырған мол мұрасы жас ұрпаққа сан ғасырлар бойы үлгі-өнеге болатынына кәміл сенемін.

#### **Резюме**

В статье раскрывается роль известного ученого, выдающегося инженера-геолога, доктора геолого-минералогических наук, профессора, академика Инженерной Академии Республики Казахстан, академика Международной инженерной Академии, Бахытжана Рахметовича Берикболова. После окончания института Б.Р. Берикболов работал инженером-геологом Джунгарской экспедиции, главным геологом Саякской геолого-разведочной партии, в 1968-1971 гг. аспирант КазПТИ, а в 1971-1979 гг. является старшим инженером, руководителем отдела геологии меди КазИМСа. В 1979-1982 гг. инструктор отдела тяжелой промышленности ЦК Компартии Казахстана, 1982-1987 гг. является заместителем министра геологии КазССР. В 1987-1988 гг. - заместитель генерального директора ГПО «Казгеология», в 1988-1993 гг. - ректор Института повышения квалификации работников и специалистов геологической отрасли Казахстана. С 1993 года работал на должности генерального директора ОАО «Волковгеология». Под его руководством и непосредственном участии составлена карта размещения меденосных формаций и основных промышленных месторождений меди на территории Казахстана. В течение всей научно-производственной деятельности Б.Берикболов проводил научные исследования в области металлогении меди, благородных и редких металлов, урана, а также в радиэкологии. Им опубликовано более 100 научных статей и 6 монографий. За большой вклад в развитие минерально-сырьевой базы Казахстана и активную общественную деятельность Б.Берикболову присвоено почетное звание «Заслуженный работник промышленности Казахстана», награжден почетным знаком Министерства геологии СССР. Отличник разведки недр СССР и РК, первооткрыватель месторождений.

**Ключевые слова:** жизнь, деятельность, полезные ископаемые, геолог, геолого-минералогическая наука, ученый, атомная промышленность.

#### **Summary**

This article explores the role of the famous scientist, a prominent engineer geologist, doctor of geological-mineralogical sciences, professor, academician of the Engineering Academy of the Republic of Kazakhstan, academician of the International Academy of Engineering, Bakhytzhan Rahmetuly Berikbolova. After graduation, BR Berikbolov worked as an engineer-geologist Junggar expedition, chief geologist Sayak prospecting party, in 1968-1971 gg. KazPTI graduate student, and in the 1971-1979 biennium. is a senior engineer and head of the Department of Geology copper KazIMSa. In 1979-1982 gg. instructor of the heavy industry of the Communist Party of Kazakhstan, 1982-1987 gg. is the Deputy Minister of Geology of the Kazakh SSR. In 1987-1988. - Deputy General Director of PA "Kazgeologiya" in 1988-1993 gg. - Rector of the Institute for Advanced Training of specialists and geological industry of Kazakhstan. Since 1993, he worked as General Director of "Volkovgeologiya." Under his leadership and direct participation of a map placement copper-bearing formations and major industrial copper deposits in Kazakhstan. Throughout the research and production activities B. Berikbolov conducted research in the field of metallogeny of copper, precious and rare metals, uranium, as well as in radioecology. He has published more than 100 scientific papers and 6 monographs. For his great contribution to the development of mineral resources base of Kazakhstan and public activities B. Berikbolovu awarded the honorary title "Honored Worker of Industry of Kazakhstan", was awarded a medal of the Ministry of Geology of the USSR. Excellence in prospecting for mineral resources of the USSR and the Republic of Kazakhstan, the discoverer of the deposits.

Keywords: life, work, minerals, geology, geological-mineralogical sciences, scientist, nuclear industry.

УДК 930: 929 (574)

### **ӘЛБИ ЖАНКЕЛДИННИҢ ТҮЛҒА РЕТІНДЕ ҚАЛЫПТАСУЫ: ӨСКЕН, БІЛІМ АЛҒАН ОРТАСЫ**

*Д.Мұратұлы – Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті,*

Әлеуметтік тарих кафедрасының магистранты

Бұл мақалада автор Әліби Жанкелдиннің тұлға ретінде қалыптасуын қарастырады. Мақалада зерттеу тақырыбы бойынша жаңа мәліметтер жалпыланып, ғылыми айналымға, тотальді талдауды қажет ететін, аз зерттелген тарихи деректер енгізілген. Атап айтқанда, ҚР ПМ мен ҚР ОММ-дағы кейбір мұрағат мәліметтері.

Сонымен қатар, Әліби Жанкелдиннің отбасы мүшелері туралы ақпарат беріледі; осы тарихи тұлғаның діни тиістілігі мәселесі туралы, болашақ революционердің білімі туралы, болашақ Дала өлкесінің Төтенше комиссарының бірінші неке киноы туралы, болашақ КСРО мемлекет қайраткерінің бірінші орыс революциясы кезеңіндегі қызметі туралы жете айтылады.

**Кілт сөздері:** ҚР ПА, ҚР ОММ, дерек, тарихи дерек, жазба дерек, Әліби Жанкелдин, тұлға, мемлекет қайраткері

Қазақ елінің халқы арасында, сонымен қатар, Қазіргі Тәуелсіз мемлекеттер достығы құрамындағы мемлекеттерде Кеңес билігін құру, орнату және оны нығайту жолын Крммунистік партия басқарған. Осы күрес барысында партия өз қатарына, кейін КСРО деп аталған мемлекет құрамында бодан болып қалған әртүрлі елдердегі ең үздік ұлт өкілдерін тарта білді. Және олардан социализм ісіне берік берілген «пролетарлық интернационализм» революционерлерін тәрбиелей білді. Осындай тұлғалар қатарына Әліби Тоқжанұлы Жанкелдин жатқызылады. «Пролетарлық интернационализммен» жалаң жабылған революция, социалистік коммунизм қазақ халқына көптеген қайғы-қасірет, атап айтсақ, аштық, ұжымдастыруды, тың игеруді әкелді. Нәтижесінде ол ата-бабаларымыз арасында көптеген кісі өліміне, жұт пен экологиялық апаттарға, жердің құнарсыздануына әкеп соқтырды. Осы тарихи оқиғалардың куәгерлерінің бірі Ә.Т. Жанкелдин болыа табылады.

Қазақстан республикасының Орталық мемлекеттік мұрағатында табылған, «Джангильдин Алиби Тогжанович. Послужной Список канцелярского служителя Тургайского областного правления Николая Владимировича Степнова» деп аталатын істегі мәліметтер бойынша шені жоқ, Торғай облысы Басқармасында 3-дәрежелі канцелярлық қызметкері болып жұмыс істейтін Николай Владимиров Степновтың (Әліби Жанкелдиннің – Д.М.) 1882 жылы дүниеге келгендігі көрсетіледі. Шығу тегі туралы келесі мәлімет береді «из киргиз (казахов) Тургайской области» [1], яғни Торғай облысының тумасы екендігі көрсетіліп отыр.

Бірақ, аталған деректегі Әліби Тоқжанұлының туылған жылы туралы көрсетілген мәлімет шындыққа жанаспайды, себебі, ол көптеген басқа мұрағат деректерінде («Личное дело. Джангильдин Алиби Токжановича» [2], «Воспоминание Джангильдина А.Т. записанные к.и.н. тов. Голубевой Р.И. по заданию секретариата редакции истории гражданской войны в СССР» [3], «Воспоминание (подл.и копия) - (фамилия не известна) о Джангильдине» [4], «Воспоминание (копия) Джангильдиной Е.А. о революционной деятельности и военных событиях Дангильдина А.Т.» [5], «Письма, заявления, телеграммы и другая переписка тов. А. Джангильдина с членами правительства. 1920-1949» [6], «Биографические данные тов. Джангильдина Т. 1930-1936» [7], «Воспоминания о Джангильдине» [8] және т.б.), әртүрлі жылдары (Р.И. Голубева, М.Б. Байкенов, А.М. Мухтаров, Т.Ж. Шоинбаев құрастырып, Т.Е. Елеуова мен П.М. Пахмурныйдың редакциялағымен 1961 жылы «Алиби Джангильдин. Документы и материалы» [9], 1975 жылы «Жанкелдин Ә. Документтер мен материалдар» [10], Ч.А. Джангельдин құрастыруымен 2009 жылы «Джангельдин А.. Документы и материалы: К 125-летию Алиби Джангельдин»[11], ҚР ПМ-нда құрастырылып 2009 басылған «Чрезвычайный комиссар. К 125-летию Алиби Джангильдина. Сборник документов» [12]) жарияланған құжаттар жинақтарында көрсетілген мәліметке қайшы келеді. «Алибей Токжанович Джангильдин (Алеке)» [5, 6-п] 1884 жылдың найрыз айында («қоян жылы») Торғай губерниясы Қайдауыл болысы «Қайдауыл» ауылында Тоқжан есімді бақташының отбасында дүниеге келді. Анасы Түркістанның тумасы, ханның қызы, яғни генеологиялық тұрғыдан «төре» болып табылады.

Әкесі Тоқжан қыпшақ тайпасынан. Тоқжанның сыртқы бейнесінің сипаты мынандай – бойы аласа-орташа, мығым денелі, тамыры нық, шашының түсі қызғылт сарылау, бетті қайратты, ержүрек. Ешқашан домбырасын тастамайтын. Ұлы дала өлкесінің, қазақ сахарасының әндерін сүйсіне орындайтын, зайыбы Пацая болса, оған қосылып отырып, ән орындауды жақсы көретін [5, 6-п].

Тоқжанның отбасысы дала кеңдігінде тату-тәтті өмір сүрді. Олардың балалары да жоқ емес-ті: Уәли, Шыңғыс, қызы – Несібелді және кенже баласы Әліби [5, 6-п].

Негізінен, Әліби Жанкелдиннің отбасысында 8 баласы болды: үшеуі – ұл, соның бірі біз қарастырып отырған тарихи тұлға, қалғандары – қыздар [3].

Пацая – балаларының арасынан қаракөзді Әліби ерекше жақсы көретін. Әліби епті әрі пысық, білімқұмар әрі әуес, өте арманшыл бала болып өсті. Әрдайым әкесімен жайлауға барып тұратын. Торғай

қаласында да болып көрген. Қарт ақындардың әндерін сүйсіне тындауды әдетке айналдырған [5, 6-п].

XIX ғасыр басындағы «қиын қыстау» кезеңде кедей шаруаның отбасынан шыққан он жасар талапты бала алыстағы, көз жетпейтін көкжиектерге, дүниенің төрт бұрышына сапар шегіп, жаһанды аралап көруді армандайтын. Жас, романтик Әліби қиялында алыстағы таулар мен далалардың әр сағындағы әлемге өзіне бейтаныс жолдармен саяхаттаған.

Кедейлігіме қарамастан, жастайымнан оқуға деген қызығушылық болды. Әліби Жанкелдин тұрған жерде ол кездері мектеп болған жоқ [3, 3-п]. Ең жақын мектеп, сол кездегі уездің орталығы Торғайда орналасқан еді. Яғни, мектептер қиыр мекендерде, атап айтсақ, Торғай, Батпаққара, қазіргі, Амангелдіде болды. Батпаққара – болыстық мектеп, ал Торғай – қалалық мектеп болды [3, 3-п].

Әлібидің білімге құштарлығы, жол үстіндегі жолаушының бұлақ суын құмары қанғанша сіміріп, шөлін басқанымен бірдей еді. Қоршаған кеңістіктің кереметін білсем, оған өз үлесімді қоссам, жақсартсам деген арман оны алыс-алыс сапарларға жетеледі.

«Әліби Токжанұлында оқуға деген қызығушылық неліктен болды?» деген сауалға жауап беріп көрейік. Әліби Жанкелдиннің ауылына қазақ оқытушы келіп тұрушы еді. Ол әдемі форма киетін: бас киім мен алтын түймелермен тағылған күртеше. Оны көрген сәтте, оған қызығып кететін жас бала әсерленіп мұғалім болғысы келді.

Мұғалімнің әрбір жас адамның оқи алатындығы және оқып болғаннан кейін мұғалім бола алатындығы туралы айтылған сөздер Әлібиге қатты әсер етті. Ол оқысы келді. Бұл ниеті туралы Әліби әкесіне атты. Бірақ, әкесі оны тындағысы да келмеді. Осыдан кейін бұл ой ұзақ уақыт жас Әлібиге маза бермеді, үнемі мектепке қалай түсуге болатындығын ойлап жүрді.

Бір күні қазақтар қалаға бағытталған керуен құрды. Бұл негізінен зат алмасу мақсатында жүргізілді. Қазақтар қалаға 300–400 километр жерге қой, түйе және жылқы айдайды, тері тасымалдайды. Онда олар өздерінің заттарын сатып, үй керек жарағына қажетті мануфактураны алады. Бұл сол кезде тәжірибеде жүзеге асырылған [3, 3-п].

Бір күні қырда отардың жанында жүрген жасөспірім Әліби әкесіне айтпай, отарды тапсырып, таңертең көрші ауылдан Торғайға сапарлаған керуеншілерге қашып кетеді.

Әліби сол ауылға емес, олар кесіп өтетін одан әрі 30–40 километр жерге барады. Оған керуенді көп күтуге тура келді. Керуен келген кезде Әліби керуеншілерге ілесіп, оларға барғысы келетіндігін, олар үшін пайдалы іс жасағысы келетіндігін айтып, ауылынан 300 километр қашықтық болатын Торғайға кетеді. Керуеншілер Әлібиді тамақтандырады, ал ол болса, өз кезегінде олардың отарын қарауылдады.

Жасөспірім Торғайға жеткен соң, сол жердегі «Ахмед Балғамбев» [3, 4-п] (Ахмет Балғамбев – М.Д.) есімді мұғалімді тауып, одан көмек сұрайды. Сол кісінің ықпалымен Әліби Торғай қаласындағы орыс-қазақты қолөнерге оқытатын екі сыныптық мектепке оқуға түсіп, хат танып, сонымен бірге ұсталық пен ағаш шебері мамандықтарын үйренеді.

Мектептегі оқыту орыс тілінде жүргізілді. Ол болыстық мектепте болды. Әліби әліппеден бастайды. Оқыту үрдісі үш сағат верстакқа (ағаш шабатын кесетін ұзынша үстел), үш сағат сауаттылыққа үйретуге бөлінді. Мектеп ағаш ұсталары мен темір ұсталары шеберлерін дайындады. Әліби Жакелдин мектеп ішінде тұрды. Оған ағаш ұстасы қол өнері қатты ұнады, өзінің жасаған алғашқы отырғышы Әлібиге мақтаныш болды [3, 3-п].

Әліби бір жыл білім алып оқыды. Бірақ, оны әкесі іздеп келеді. Ол мұғаліммен ұзақ сөйлескеннен кейін, баласын үйге алып кетеді. Әліби қайтадан қырға оралды. Бірақ, ол мектепке үйреніп қалды, содан соң қайта қашып кетуді ұйғарады.

Осылайша, Әліби өмірінің алғашқы онжылдығы өткен болатын. Бір күні Қостанайдан Торғай даласына өздерімен бірге кітаптар мен көптеген қажетті тауар апара жатқан миссионерлердің бара жатқандығы туралы хабар келеді. [5, 6-п]

Оқуға деген құштарлық талантты баланы жайбарақат қалдырмады. Бір немесе бір жарым жылдан кейін, ол бұл жолы алысырақ жерге қайтадан қашуды шешім қабылдап, тамыз айының қараңғы тыныштығында, Әліби ешкімге тіс жармай, үстіндегі жалғыз көйлегімен, жалаң аяқ жорғаға мініп, екінші рет қашқан Әліби байлардың екі жылқысын айдап әкетеді де, солармен Торғайға дейін барды. Оның біреуін отыз рубльге сатып жіберіп, ал екіншісімен сапарды жалғастырады. Сөйтіп, «орыстар» орналасқан жерге жетеді.

Әліби бір топ миссионерлерді қуып жетті. Жартылай ымдап, жартылай қазақ тілінде түсіндіріп, оны өздерімен бірге оқуға алуға көндіреді. [5, 6-п]

Олар болса, қарсылық білдірген жоқ. Кішкентай Әлібиге қойған тек бір ғана талаптары болды. Жас балаға христиандықты қабылдау шарты міндеттелді. Яғни, шоқынуға мәжбүр болды. Діни сауаты әрі

христиандықтан хабары жоқ Әліби өз келісімін берді [5, 7-п].

Сонымен қатар, Қазақстан республикасының Орталық мемлекеттік мұрағатында табылған, «Джангильдин Алиби Тогжанович. Послужной Список канцелярского служителя Тургайского областного правления Николая Владимировича Степнова» деп аталатын істегі мәліметтер де Әліби Жанкелдиннің христиан дінін қабалдағанын дәлелдеп айғақтайды. Бұл мұрағат дерегі бойынша Әліби 1898 жылы шілде айының 26-нда шоқындырылып, христиан дінінің православие бағытын ұстағандығы туралы сөз болады [1].

Әліби Тоқжанұлы өмірінде, жоғарыда сөз болып, орын алған келеңсіз фактісін өзі-ақ егжей-тегжейлі сипаттаған. Шоқындыру үрдісінің барысы мынадай болды: оның аяқтарын, қолдарын және басын жуып, майға малынған қылқаламмен табандарына, басына май жағып, купель, яғни христиандардың дін ұстаушылар қатарына қабылдану жорасын жасауға арналған ыдыс үстінде су құйып, әлдеқандай әндер шырқады, яғни дұға айтты. Кейін таза ақ көйлек кигізді де, «теперь ты урус» [5, 7-п] (енді сен орыссың – М. Д.), - деп айтты.

Шоқындыру барысында Әліби азан шақырылып қойылған есімінен айырылып, оған орыстың «Николай» [5, 7-п] есімі берілді. Сонымен қатар, өкіл әкесі болып Орынбор-Торғай архиепискобы Владимир атанады. Сондықтан, «восприемник» [5, 7-п] (өкіл – Д.М.) әкесінің құрметіне Әліби Тоқжанұлының аты-жөні Николай Владимирович деп атанып, «Степнов» [5, 7-п] тегі берілді. Жанкелдин Әліби Тоқжанұлы Степнов Николай Владимировичке айналды.

Сөйтіп, осы топ миссионерлерімен Николай Степнов Қостанай қаласына келіп жетті. Олар өз кезегінде христиандардың дін ұстаушылар қатарына қабылдану жора рәсімінен өткен, шоқынған қаракөзді азиат жас баланы 4 сыныптық қалалық училищеге оқуға түсіріп орналастырды.

Бірақ, Николай бұл училищені өмірінде орын алған өзгерістерге байланысты тамамдай алмайды. Орынбордағы діни училищеге қабылданып, оқуын одан әрі жалғастырады. Кейін бұл училищені тастап, Қазан қаласында мұғалімдер дайындайтын семинарияға түсіп, оқуын жалғастырады.

Нақтырақ айтатын болсақ, 1894 жылы Н.В. Степновты шоқындырған және оны шоқындыру барысында восприемник қызметін атқарған Орынбор-Торғай архиепискобы Владимир Қостанай қаласына қайта келді. [5, 7-п]

Бұл уақытта жас Николай 13-ке толып қойған [5, 7-п]. Яғни, 1897 жылы орын алған оқиғалар деген гипотеза жасауымызға мүмкіндік бар. Николай Владимирович Степнов орыс тілінде сауатты сөйлеуге үйреніп алды, бірақ қазақи акценті өмір бойы сақталды. Үш жыл көрмеген соң, Қасиетті тақсыр Владимир жас жігіттің бойындағы өзгерістерге таң қалып, өкіл әкесі Николайды өзімен бірге Орынборға алып жүру шешіміне келеді. [5, 7-п]

Николай Степнов өзінің өкіл әкесі архиепископ Владимирмен Орынборға бір айға жуық жол жүрді. Олар 1897 жылдың күзіне жақын уақытта Орынборға жетті. Өкіл әкесі Николайды қала үлгісінде киіндіріп, оны әйелі крестьянкадан және жалғыз ғана Яков есімді ұлы бар Орынбор-Торғай генерал-губернаторы Барабаштың отбасысына орналастыруды жөн көрді. Осы тарихи кезеңде дәулетті текті отбасыларға кедейлердің балалары көңіл көтеру мен ойын-сауық үшін берілетін. Міне, осылайша, Николай Степнов Барабаштың отбасысына түседі. [5, 7-п]

Барабаштың отбасысында Николайды Яковпен бірге оқуға береді. Алғашында балалардың екуіне де үйде білім беріледі. Кейін, оларды училищеге орналастырады. [5, 7-п]

Николайды Орынбордағы діни-мұғалімдік училищеге оқуға орналастырады.

Оренбург рухани училищесі жартылай жабық оқу мекемесі болды. Оқушылар жатақханада тұрды. Ол жатақханада ескі рух патшалық етті. Мұғалімдер істің тек көрінетін жағын ғана қарады және балаларға діни-мистикалық жағын көрсетуден бастады. Бұл жерде жартылай балалық шақтағылар, жартылай жеткіншектер мұғалімдер мен инспекторларға жауыздық әрекеттер жасалынды, мұнда басқа жабық оқу мекемелеріндегідей жастар басшылық етті [3, 7-п].

Бірақ осы кезде Николай Степновта Петров деген жақын дос және серіктес болды, ол еті тірі қабілетті бала және жақсы дос. Училищеде оқитын оқушылар үшін Петров жақсы әңгімелеуші болды. Кешке қарай, олар ұйықтайтын кезде Петров белгілі бір маңызы бар тарихи оқиғаларды айтып беретін [3, 7-п].

Балалардың барлығы жалған рухани білім беруді сезді. Барлығы мұндай рухтан, басып тұратын атмосферадан арылғысы келді. Мектепте скептикалық дінге жататын элементтер пайда болды. Олар ұжым ретінде бір-бірімен пікір алмасатын. Бақылаушылар бұл әрекеттерін жақтырмады. Қажет емес кезде бақылаушы келіп белгілеп алады да, барлығын инспекторға жеткізіп отырады. Содан инспектор келеді [3, 8-п].

Бір күні түнде, жастар дауласып жатқан кезде, жатақханаға инспектор келді. Жарық жанып тұрған

болатын. Инспектор кімнің жарықты жаққандығын, неге ұйықтамай жатқандарын және не жайлы әңгіме айтып отырғандарын сұрады [3, 8-п].

Олар карцерге барулары мүмкін екендігін ұғынды. Петров жарықты өшіріп, кереуетке қайтып келді. Барлығы бір-бірімен келіспей инспекторға жамылғына лақтырды, ол оның қырына тиді. Барлығы қашып кетті. Мұның соны неге әкеліп соғатынын барлық оқушылар білді. Тергеу жүргізіле басталды. Ол бірнеше күнге созылды. Бірақ ешкім емкімді сатқан жоқ.

Жарты жыл өткен соң, Әлібидің әкесі тағы да Орынборға келді. Ол Орынбордан үш километр қашықтықтағы танымал «айырбас» сауда орталығына тоқтады. Бұл жерде революцияға дейін орыстар мен орта азиялық көпестер арасында зат айырбастау – сауда жүргізілген. Ол кезде Орынбор Орта Азияға кірер есік болып саналған. Бұл сауда орталығы негізінен орта азиялық халықтарды отарлауға арналған. Осы жерде Орынбор казактары Орта Азия халықтарын басып алды.

Бұл жерде көптеген сату дүңгіршектері болған. Көпестер тері, май, қойларын айырбастаған. Оның орнына аяқ киім, көйлек, мануфактура, әдемі заттар сатып алатын [3, 8-п].

Жыл сайын мыңдаған километр жерден бұл жерге табын жылқылар, отар-отар қойлар және түйелер әкелінген. Бұл жерде кезінде адамдарды да сатқан.

Айырбас сауда орталығында әкесі тоқтап, содан кейін мектепке келді. Үзіліс кезінде балалар Әлібиге жүгіріп келіп, оған әкесінің келгенін хабарлады. Осы уақыт ішінде ол қартайып кетіпті. Ұлын көрген Тоқжан жылап жіберді. Әліби Жанкелдин бұл оқиғаны былай еске алады:

«– Узнаешь ли ты своего отца? – спросил он меня.

– Конечно, узнаю. Разве может быть на свете человек, который не узнал бы своего отца?» [3, 7-п] («– Сен өз әкенді танып тұрсың ба?, - деп сұрады ол менен. – Әрине таныдым. Өз әкесің танымайтын адам бола ма екен әлемде» – Д.М.)

Әкесі ұлын үйге оралуын өтінді. Бірақ, Н. Степнов келіспеді.

Осылайша, 1902 жылы 18 жасар Николай Степнов Орынбордағы діни-мұғалімдік училищені тамамдап қалса, 1900 жылы Яков нақты училищеге оқуға жіберілді. [5, 7-п]

1903 жылы Николай Владимирович Степнов үшін тығдыры шешілді. Себебі, «офицерлік отбасылардың бірінде – «полковник Н.»-да [5, 8-п] 34-35 жас шамасындағы Варвара есімді қызы болған. Осы қызбен «күнә» болып қалды, - яғни, неке қымай жыныстық қатынасқа түсті, - дін басылар мен губернатор жас әйелдің күнәсін қалың жұртқа білдіртпеу мақсатында оны күйеуге тигізуге шешім қабылды. Күйеу жігіт кандидатурасы ретінде таңдау бейшара жас жігіт – Николай Степновқа түсті. Нәтижесінде, ол оқу арманын жүзеге асыра алады деген ұзақ көндірулер мен уәделерден соң, жас әйелдің күнәсін білмеген Николай, некелесуге өз келісімін берді.

Архиепископ семинария шартындағы 6 жылдық оқуы бар Николай Степновқа священник қызметіне тағайындауға, шіркеулік кіріс беруге, жақсы жасауы берілетін жас әйелге үйлендіруге уәде етті. Жас әйелдің жасауынан өндірілетін қаражатқа кейін оқу, білім алу мүмкіндігіне ие болады деген ойлар мен ұсыныстар айтылған. [5, 8-п]

Бірақ, барлығы да керісінше болып шықты. 19 жасар жас жігіт пен 35 жастағы күнәсі бар, гүлі ашылған жас әйел арасындағы неке Вокзалный және Северный көшелерінің қиылысында орналасқан Орынбор қаласының бас соборында (шіркеуінде) қиылды. [5, 8-п]

Алғашқы неке түнінен-ақ Николайдың алданғандығына көзі жетеді. Сонымен қатар, бір аптадан соң ол дьякон, кейін священник қызметтеріне тағайындалуға міндетті еді. Қалыңдықтың жасауы жоқ екендігі де анықталды. Жоғарыда сөз болған факторлар мен себептер Николай Степновтың оқуға түспейтіндігіне көзін жеткізді. Өміріндегі әділетсіз қиындықтарға тап болып, оны ащы ақиқатын түсінген Николай, үстіндегі бар нәрселерін сатып, бірінші пойызбен «жас әйелінен», Орынбордан Мәскеуге қашып кетеді. Мәскеу қаласында діни шарттар бойынша Сергей Троица монастырінде – архиепископ Владимирде уақытша тұрақтады. [5, 8-п]

Сергий Троицаға (кейіннен Загорск) келген соң, шын ниетімен көмек сұрағысы келген Николай Степнов, өзінің өкіл әкесі болып табылатын архиепископ Владимирден жасырмай, оған болған жағдайдың барлығын баяндап береді. Нәтижесінде, Николай тағы да қиындықтарға душар болады. Себебі, оны «грубое слово» [5, 8-п] («дөрекі сөз» – Д.М.) үшін анафемаға, яғни христиан дінінен шығарылуға, яки шеттетілуге тапсырыла жаздады.

Николай Владимирович Степнов 10 күн шамасында шеттелген адам жағдайында өмір сүреді. Бірақ, кейін «Владимир әкесі» жас жігітке аяушылық танытты, оған Қазан қаласына баруға кеңес береді. Себебі, Қазан қаласында архиепископ Владимирдің досы арабтардан ректор қызметін атқарған. Өкіл әкесінен белгілі бір сомада біршама қаражат пен оның батасын алып, Әліби Тоқжанұлы Қазан қаласына аттанады.

[5, 9-п]

Бірақ, мұғалімдер семинариясына түсуге мүмкіндік болмағандықтан, «арабтың» протекциясы бойынша, келесі 1905 жылы семинарист ретінде қабылданады деген уәдемен, Жанкелдин Әліби Тоқжанұлы еркін тыңдаушы ретінде оқуға қабылданды. [5, 9-п]

Үлкен университеттік қалада оның жаңа өмірі басталды. Семинарияның директоры Бобровников болды. «Бобровников, Алекторов и Балгимбаев» [3, 8-п] (және Белгімбаев – Д.М.) – шын мәнінде олардың барлығы миссионерлер. Сонымен қатар, өзге ұлттар арасындағы правослаиенің жолсеріктері қызметін атқарған. Оларды революция жылдарына дейін орыс емес ұлттар деп атаған. Олар орта азиялық «өзге ұлттар» мұғалімдер семинариясының негізін қалаушы, осы тарихи кезеңдегі танымал руссификатор Ильминскийдің шәкірттері болған. Осы арқылы олар өздерінің мансабын жасаған. Белгімбаев – ірі бай баласы, ол өзінің екі баласын оқытушылық семинариясына берген. Бобровников – Орынбор оқу округінің «попечители» [3, 8-п], содан кейін халықтық ағарту Министрлігі кеңесіне мүшесі болып тағайындалды.

Бұл қараңғы, әрі ауыр оқу кезеңінде Әлібиге жарық сәуле қалдырған оқытушы болды. Оның есімі «Адмарин» [3, 8-п]. Ол алдыңғы қатардағы көзқарастағы өте қызықты мұғалім болатын. Адмарин Мәскеудегі Лазарев институтының шетел тілдерін тамамдаған. Ол көп тілдерді, соның ішінде араб тілінде игерген. Барлық оқушылар Адмаринді жақсы көретін.

Шығыз білімпазы, ұзақ қысқы кештерде мұғалім өзінің қызықты әңгімелерінің бірінде Шығыс тарихымен таныстырды, патша өкіметі орыстарының отаршылық жасауы, Шығыс халқының қаналуы, державияның маңыздылығы, революция тарихы жайлы айтып берудің арқасында жас рухқа жаңа әлемді тану көзқарасын тудырды.

Мұның барлығы 1905 жылғы революцияға таяу болды, оның барлық айтқандары жағымды жағынан тірек болды.

Алты жылдық білімі бар және орыс тілін еркін меңгерген Николай семинариядағы жас тыңдаушыларымен тез арада тіл табысып, достасады. Сол кезде Семинарияда астыртын түрде марксистік үйірме жұмыс жасады. Ол революциялық ой-сананың «ордасы» болған Қазан университетімен тығыз қатынаста болатын. Николай Степнов аталған үйірмеге мүше болып кірді. Үйірменің Қазан қаласындағы университеттер студенттерімен байланысы болды. 1905 жылдан бастап Николай студенттік қозғалысқа белсенді түрде қатысып, революциялық және саяси күреске кірісті. Николай Владимирович жасырын марксистік үйірменің белсенді қатысушысына айналды. Революционер ретінде самодержавиеге қарсы өзінің күрес жолын бастап, студенттік қозғалыстың бірінші қатарларына тұрады. Осылайша, 1908 жылға дейін жалғасты.

1905 жылы 17-қазанда Қазан қаласында манифест жайлы белгілі болды. Николай Степнов оқытушысы Адмарин екеуі шеруге шықты. Көшеде өте көп адам болды. Олар шерушілерге қосылып кетті [3, 8-п].

Көшенің толғандығы Воскресенскийге дейін жетті, бір кезде Олар «Казактар!» [3, 8-п] деген айғай естіді. Казактар шеруге шығушыларды қоршап алып атып, қамшымен ұра бастады.

Жараланғандардың саны өте көп болды, соның ішінде семинарияның мұғалімі Адмарин де болды. Шерушілердің барлығын тұтқындап, қалалық думмаға алып барады. Онда мыңдаған тұтқындалушылар кіргізілді. Бұл Әліби Жанкелдиннің революциялық ұрысқа бірінші қатысуы болды. Оларды бір апта ұстады. Сұрақ-жауап алынды. Кейін жіберілді. [3, 8-п]

Семинарға оралғаннан кейін, Николайдан тағы да сұрақ-жауап алынды, содан соң Бобровников оның семинариядан шығарылғанын айтты. Николай Степновты сыртқа шығарып тастады. Жалпы, Николай Степнов Қазан қаласында екі жылдай оқыды. Міне, осылайша, Әліби семинариядағы білім алуын аяқтай алмайды.

Николайдың баратын жері болмады. Ал оның қырдағы үйі тым алыста еді. Қалада да достары болмады. Өзімнің ұсақ-түйектерін жинап алып, қайда барарын, не істерін білмеген Николай Мәскеуге баруға шешім қабылдады. Таныстары арқылы Мәскеу рухани семинариясындағы тарих факультетіне түсті. Онда түсу жеңілдеу болды. Н. Степнов Мәскеу жанындағы Троицко-Сергиевский дүңгіршегінде тұрдым. Николай Степновқа дін бұзушы және кәпір деген атақ қалыптастырылды. Жәрдемақы мен степендия беруден бас тартты. Өмір сүру өте қиын болды [3, 9-п].

Сондықтан, жиырма жылда бірінші рет үйіне барады. Ресей империясының астанасынан келгеннен кейін Николай Степновқа ауыл кедей әрі жұпынды көрінді. Әкесі қатты қартайған. Әліби келгеннен кейін бір ай өткен соң анасы қайтыс болды.

Сонымен қатар, Қазақстан республикасының Орталық мемлекеттік мұрағатында табылған, «Джангильдин Алиби Тоғжанович. Послужной Список канцелярского служителя Тургайского областного правления Николая Владимировича Степнова» деп аталатын істегі мәліметтер де Әліби



Жанкелдиннің Қазан мұғалімдер семинариясында тәлім-тәрбие алып, бірақ, толық курсын алмай II сыныптан шығып кетеді [1].

Аталған тарихи деректе Торғай облысының әскери губернаторының № 12 бұйрығымен, өзінің арызы мен 1896 жылы баспадан шыққан қызмет туралы жарғысының III т. 144 бабының негізінде Торғай облысы Басқармасының III дәрежелі канцелярлық қызметкері лауазымына 1904 жылы қараша айының 10-күні жұмысқа қабылданғандығы туралы, осында келесі жылдың шілде айына дейін жұмыс істегендігі туралы баяндалады [1].

«Джангильдин Алиби Тогжанович. Дело канцелярии председателя Оренбургского Окружного суда «О службе канцелярского служащего Оренбургского суда Николая Владимировича Степнова» атты істе 1905 жылдың 30-мамырында Ә.Т. Жанкелдин, Торғай облысы басқармасының штатында тіркелген Николай Владимирович Степновтан Орынбор округтік сотының төрағасының атына жазған арызында, Орынбор округтік сотында аудармашы вакансиясының орны босағанын ескере отырып, жоғарыда аталған лауазымға тағайындауға сұрағандығы атап өтеледі. Сонымен қатар, Әліби Жанкелдин тұрғылықты жері барын да, яғни Орынбор губернаторлығы Керуен-Сарайындағы пәтерде тұратындығын көрсетеді. Бұл лауазымда ол 1905 жылдың 16-шілде – 1907 жылдың 18-шілде аралығында [13, 2-п], яғни екі жыл бойы қызмет атқарды.

Жоғарыда келтірілген соңғы мұрағат деректері 1905-1907 жылдар аралығындағы бірінші орыс революциясы кезеңінде Әліби Жанкелдиннің революциялық қызметін қайта қарап, оның тарихи ақиқатқа жанаспайтынын қажет екендігін дәлелдейді. Себебі, бұл жылдары ол патша өкіметіне қызмет етті.

Ауылдағылардың Әлібиге деген қатынасы өзгерген. Ол бұрынғы бала емес еді. Ол, әкесінің қанағаттанбаушылығымен әрі қарсылығымен және көптеген қиындықтарымен оқыған аздаған қазақтардың бірі еді. Сондықтан да адамдар оған құрметпен қарады. Қазақ бұқарасының ішінде осы тарихи кезде сауатты адамдар аз болатын. Одан үлкен қаладағы өмір жайлы сұрады. Әлібидің көптеген құрдастары оған қызығып, оқуға барғысы келді. Өкінішке орай, олар бұлай жасай алмады. Олар Әліби тұрған жолға баруға шешім қабылдай алмады, себебі ол жақта қалай өмір сүретіндіктерін білмегендіктен бөтен өлкеден қорықты. Негізгі себеп – дінімізге жат нәрсе, сатқындықпен теңестірілген.

Николай Степнов Мәскеуге қайта оралды. Өмір сүру одан сайын қиындай түсті. Жалақы табу жолында, ол кездейсоқ, ыдыс аяқ дүңгіршегінің бұйырушысы «Кузнецова-Суконкин» [3, 9-п] деген кісімен танысты. Ол Николайға түскі ас пен бөлмеде тұру үшін оның баласына сабақ беруіне ұсыныс жасады.

Осылайша, Николай Мәскеуге көшіп келді. Таңертең 60 верст арақашықтықта орналасқан академияға барып, ал кешке Мәскеуге келетін болды.

Осы кездері Николай Степнов мәскеулік оқу мекемесінің студенттерімен етене араласып кетіп, өзінің өмір сүрген ортасынан алшақтанады.

Мәскеуде ол Орынбордағы рухани училищесінің академиясында бірге оқыған жолдасы Петровты кездестіреді. Оны революцияны құруға қатысқаны үшін академиядан шығарып жіберген. Жалпы академия ішінде студенттердің көбісі революционерлер болды [3, 9-п]. Бұл кезеңде Николай орыс классиктерімен таныс болатын, олардың мынадай туындыларын оқыды: Гончаровтың «Обрыв», «Обломов»; Достоевскийдің «Братья Карамазовы», «Идиот» және т.б. шығармалары, Некрасовтың өлеңдері, Тургеневтің «Отцы и дети», «Дворянское гнездо», «Записки охотника»; Толстойдың «Анна Каренина», «Воскресенье» және ағылшын әдебиетінің де аудармасын оқыған: Шекспирдің «Король лир», Вальтер Скотта [3, 10-п].

Ол түнде де, шырақпен оқып көзін нашарлатқан. Олардың оқығандығы соншалықты, тіпті, жанжалға дейін баратын, біреулер оны естіп, полицияға дейін жеткізетін, ол кезде өз ойын ашық айтатындарға сенімділік болмайтын.

Николайдың академиядағы атағы күн өткен сайын академия басшылығы жағынан жағымсыз болып бара жатты. Олар Николайдан көбірек сенімділік танытатын жағын талап етіп, оның әрбір қимыл-қозғалысын бақылап отырды. Николай барлығын сезіп жүрді. Оның академиялық ғылымға жағымсыз қатынасының орнағандығына қарамастан, ол өзін түзу жолда жүргендіне күмәнданбады. Сөйтіп, іс одан сайын күрделенген соң, ол академиядан кету керек екендігін түсінді [3, 10-п].

Бір күні түнде «қонаққа» - полиция тексеруге келді. Бұл Әлібидің ойынша басқару санкциясынан келгендер болуы мүмкін. Николай Степнов бірде бір партияда мүшелікте болмағандықтан, олар оған ешнәрсе тапқан жоқ. Бірақ Николайды өкіметке қарыс икем танытты деген айыппен айыптады. Сөйтіп, 1906 жылдың 16 қазанында кешкі сағат 6-да академия залының бірі рухани санклиттерді жинап салтанатты түрде соттау үшін жиналып келді. Н. Степновтың шақырылды [3, 10-п].

Төрешілер Гусса мен Галилейдің ортағасырлық дәуірдегі соттың түнеріңкі жарықшаларын ұсынды.

Үлкен үстел үстінде академия ректорының жанында архимандрат Евдоким өзінің жоғары қара рухты шумақтары арқылы мәжілісті бастап, Николай Степновқа сұрақтар қойылды:

«– Удовлетворяет ли тебя академическая наука?

– Каким, по твоему, должен быть пастырь?

– Верить ли ты в таинстве евхаристия, в превращение воды в вино в Канне Галлилейской?

– Верить ли ты, что Иисус остановил солнце?» [3, 11-п] («– Сені академиялық ғылым қанағаттандыра ма? – Сенің ойыңша бақташы қандай болуы керек? – Евхаристия құпиясына, Галилейлік Каннада судың шарапқа айналатындығына сенесің бе? – Иисустың күнді тоқтатқанына сенесің бе?» – Д.М.) Николай Владимирович сенбейтіндігін, бұның барлығы схоластика екендігін айтты.

Төрешілер синклиті Николайды жеңуге тырысты, бірақ ол өзікінен таймады. Сол кезде олар оны тәрбиелеп, шіркеу бақташысына дайындағандығын, ал ол шайтанның баласы екендігін, оған православияда орын жоқтығын айтады. Нәтижесінде, синклит Мәскеу Рухани академиясының студенті Н.В. Степновтың анафемаға беріліп, имансыз және әзәзіл-шайтанның қызмет етушісі, қайырымды христиан атағына лайықты емес ретінде Мәскеу Рухани академиясынан шығарылғандығы туралы салтанатты түрде айтты.

1906 жылдың соңында Николай Степновтың «рухани» мансабы аяқталады. Николай Степнов христиан дінінен біржолата шеттетіледі. Осы уақыттан бастап ол азан шақырылып қойылған Әліби Тоқжанұлы Жанкелдин есімімен қайта атану мүмкіндігіне ие болды.

Әліби Жанкелдинді академиядан шығарып жібергеннен кейін оған жалақы табуға тура келді. Тамақ табу үшін оның жұмыс істеуі қажет болды. Содан ол қайтадан ескі танысы Суконкинге келеді. Әлібиге сол жақта түскі ас берілді. Әліби сол адамға пайдасын тигізбегендіктен, оған асын ішу үшін ас үстелін пайдалануға болмайтын, сол ебепті бұл оны қанағаттандырмады. Сондықтан оған тұрақты жұмыс қажет болды [3, 11-п].

Әліби Тоқжанұлы қазақтардың әңгімелерінен кедейлерге көмектесетін Плетакко деген адвокат кісі туралы білді. Оның ұлы Мәскеуде болатын, ол «Утро России» газетінің бас редакторы болып қызмет жасайтын. Бұл газетті баспадан миллионер Рибущинский шығарып отырған. Ол кездері Мәскеуде қомақты деген екі газет болды: «Русское слово» және «Утро России». «Русское слово» газетін Суворин баспадан шығарды [3, 12-п].

Әліби Плеваконың қабылдауына қол жеткізеді. Ол қабылдау кезінде Әліби Жанкелдинге газетке қажетті хабарландыруларды жинауды ұсынады.

Бұл жұмыспен Әліби екі ай айналысты, оған сол кезде бір ой келді, хабарландырулар жинап және осы хабарландырулар негізінде киноға тегін либретто беру. Осы оймен мен «Континенталь» кинотеатрының бастықтарында отырған басшы көпесі Егоровқа барады. Ол студенттік формаға киінген Әлібиге сенімсіздікпен қарсы алады.

Егоровтың көмегімен хабарландыру жинауға кірісті: бөлмені жалға беру жайлы, үй түскі асы, үйді сату және т.б. жайлы. Әліби Тоқжанұлы тағы да екі кинотеатрмен байланыс орнатып, ол жерлерге өздерінің академиясындағы өзі сияқты жолы болмаған екі студентті ілестіреді. Жұмыс барлықтарына өмір сүруге мүмкіндік береді. Олар жалға алынған бөлмені контора ретінде пайдаланады [3, 12-п].

1907 жылдың басында, Әліби үйде болмаған кезде оған полиция келіпті. Әліби келген кезде «околоточный» [3, 12-п] екі полиция қызметкерінің, яғни белгілі бір өңірді басқарушы екі полиция қызметкерінің үстінен шығады. Олар Әлібидің тозып біткен кішкентай шабаданын аударып төңкеріп, оның барлық кітаптарын шашып тастады.

Сонымен бір уақытта оның жолдастарының да заттарын тексерді. Тексеруден кейін барлықтарын бөлімшеге әкетті. Олардан ешнәрсе табылмағандықтан, көп ұзамай босатылды. Осыған қарамастан, Әліби Жанкелдин студенттік ұйымда астыртын жұмыс жүргізуді тоқтатқан емес. Әліби студенттік ұжыммен бірігіп, жиналыстар өткізіп отырды, бір қызығы, бұл әрекеттері полиция қызметкерлерінің көзінен таса болды. Екі аптадан соң тексеру қайта жүргізілді.

Жиырма төрт жастатағы Әлібиді, тіпті, қудалау басталады. Өкіметтің қудалауының салдарынан Ә.Т. Жанкелдин ары қарай оқи алмайтын болды. Өкіл әкесі Владимир оны екі рет жасырып қалуға мәжбүр болады. Бұл аңдудың жалғаса беретіндігіне Әлібидің көзі жетті, содан соң Мәскеу қаласынан кетуді ұйғарады.

Патшалық Ресейде қиын болғандықтан және патшалық билік қудалануынан құтылып, аман қалу үшін, тұтқындалудан қауіптенгендіктен және осы уақыт ішінде туған туысқанынан алшақтап кеткендіктен, туған өлкесіне оралғысы келмеген Жанкелдин Әліби Тоқжанұлы шетелге қоныс аудара тұрудың ауадай қажет екендігін жақсы түсініп, эмиграцияға кетуге шешім қабылдауға мәжбүр болды. Әліби бала күннен

арманы жер шарын айналып шығу саяхатын бастауға таптырмас мүмкіндікке қол жеткізді.

Жалпы алғанда, Әлиби Жанкелдиннің өскен және білім алған ортасын бір ғылыми зерттеу еңбегінің төңірегінде толыққанды қарастырып шығу мүмкін деп айту үлкен қателікке жол беру. Сондықтан да, қарастырылап отырған зерттеу мәселесі әлі де болса, болашақ еншісінде.

1 ҚР ОММ, 1023-қ., 1-т., 5-іс.

2 ҚР ПМ, 708-қ., 39-т., 1115-іс.

3 ҚР ПМ, 811-қ., 6-т., 41 «а»-іс.

4 ҚР ПМ, 811-қ., 6-т., 42-іс.

5 ҚР ПМ, 811-қ., 6-т., 176-іс.

6 ҚР ПМ, 811-қ., 6-т., 242-іс.

7 ҚР ПМ, 811-қ., 6-т., 247-іс.

8 ҚР ПМ, 811-қ., 6-т., 252-іс.

9 Алиби Джангельдин. *Документы и материалы. Под ред. Т.Е. Елеуова, П.М. Пахмурного; Сост. Р.И. Голубева, М.Б. Байкенов, А.М. Мухтаров, Т.Ж. Шоинбаев. – Алма-Ата, Казгосиздат, 1961. – 235 с.*

10 Жанкелдин Ә. *Документтер мен материалдар. – Алматы: Қазақстан, 1975. – 224 бет.*

11 Джангельдин А.. *Документы и материалы: К 125-летию Алиби Джангельдин / Сост. Ч.А. Джангельдин. – Алматы: Ана тілі, 2009. – 184 с.*

12 *Чрезвычайный комиссар. К 125-летию Алиби Джангельдина. Сборник документов. 2009. ПА РК.*

13 ҚР ОММ, 1023-қ., 1-т., 6-іс.

### **Резюме**

В данной статье автор рассматривает становление Алиби Жанкелдина как личности. В статье обобщен новый материал по исследуемой теме и вводятся в научный оборот мало изученные исторические источники, которые требуют тотального анализа. А именно, некоторые архивные материалы ПА РК и ЦГА РК.

Наряду с этим дается информация о членах семьи Алибия Жанкелдина; детально рассказывается о проблеме религиозной принадлежности данной исторической личности, об образовании будущего революционера, о первом бракосочетании будущего Чрезвычайного комиссара Степного края, о деятельности будущего государственного деятеля СССР на период первой русской революции.

**Ключевые слова:** ПА РК, ЦГА РК, источник, исторический источник, письменный источник, Алиби Жанкелдин, личность, государственный деятель

### **Summary**

In this article the author considers the formation of Alibi Zhankeldin as a person. The article summarizes the new material on the subject studied and introduced into scientific use little-studied historical sources that require total analysis. Namely, archival materials PA RK and CSA RK.

Along with this provides information about members of the family Alibi Zhankeldin; describes in detail about the problem religious historical belonging of the person, about the future education of a revolutionary, about the first marriage of the future is Extraordinary Commissioner of the Steppe, on the activities of the future statesman of the USSR for the period of the first Russian revolution.

**Keywords:** PA of RK, CSA of RK, historical source written source, Alibi Zhankeldin, personality, statesman

## **ЖАС ҒАЛЫМДАР ЗЕРТТЕУЛЕРІ** **ИССЛЕДОВАНИЯ МОЛОДЫХ УЧЕНЫХ**

УДК 930.25 (574)

**ИЗ ИСТОРИИ РАССЕКРЕЧИВАНИЯ И ДОСТУПА К АРХИВНЫМ ДОКУМЕНТАМ:**

## ПЕРИОД НЕЗАВИСИМОГО КАЗАХСТАНА

**А.А. Бермухамедова** – *Казахский Национальный Университет имени Аль-Фараби, магистрант 2-го курса, факультет истории, археологии и этнологии, Республика Казахстан, г. Алматы*

Расширение информационной базы для общественных наук, архивным учреждениям Казахстана предстояло изучить перечни по ограниченному использованию документальных материалов. С распадом СССР, у Республики Казахстан возникла острейшая потребность в правовой защите архивных ценностей на территории республики как национальное богатство и культурно-историческое наследие ее народа. Возникли трудности, связанные со своевременным рассекречиванием архивных документов, изучением подходов к их рассекречиванию, принятием закона о госсекретах архивных документов. Поступление на архивное хранение секретных документов без установления срока их рассекречивания, приводило бы к накоплению новых секретных массивов. Предприятиям и организациям отрасли было предложено: устанавливать срок рассекречивания документов при подготовке их к передаче на государственное хранение. В этом случае одновременно с проведением экспертизы ценности документов эксперты обязывались готовить и мотивированные заключения о сроках пересмотра или снятия грифов секретности отдельных документов без их дополнительного анализа. Технические работы по снижению грифов секретности, переводу дел и документов на общее должны осуществляться под руководством сотрудников архивов с привлечением представителей организаций – фондообразователей. Новые экономические отношения предполагают определенную материальную заинтересованность всех лиц, участвующих в рассекречивании архивных документов.

**Ключевые слова:** архивный документ, СССР, секретная информация, рассекречивание

Расширение информационной базы для общественных наук, архивным учреждениям Казахстана предстояло изучить вновь перечни по ограниченному использованию документальных материалов. Составить планы: сколько и какие дела могут быть переведены на открытый доступ; дела какого характера должны оставаться на режиме ограниченного доступа.

Расширение информационной базы общественных наук дала возможность ввести в научный оборот документы ранее малоизвестные широкому кругу общественности.

В связи с прекращением Союза ССР как государства и геополитической реальности произошел обвал всех союзных структур, в т. ч. строго центральных Государственных архивных фондов СССР и Государственной архивной службы Казахстана. Возникла острейшая потребность в правовой защите архивных ценностей на территории республики в качестве национального богатства и культурно – исторического наследия ее народа, в создании ее основ для формирования и функционирования. В Казахстане прежде и не было понятия Национального Архивного Фонда.

До 22 декабря 1998 года в Казахстане не было своего утвержденного Закона об Архивном деле, действовал Закон об Архивном деле 1918 года, также о законе, касающемся свободного доступа к архивным материалам не было до 19 января 1993 года, тогда был утвержден Закон «О защите государственных секретов». Последним законом определены права и обязанности государственных органов на засекречивание и рассекречивание документационной информации, установлен срок в 20 лет на засекречивание и норма о периодическом, раз в 5 лет, пересмотре ее обоснованности [ 1].

Документы высших республиканских и партийных органов остаются на хранении в Архиве Президента РК, созданного на базе Архива бывшего Института истории партии при ЦК Компартии Казахстана.

Ежегодно утверждалась номенклатура дел партийного комитета, которая включала документы секретного и несекретного делопроизводства. В горкомах, райкомах партии секретными документами были протоколы конференций, пленумов, бюро, документы сектора учета, партийных комиссий. В обкомах партии документы дополнялись документами отделов административных органов и сектора секретного делопроизводства.

Документы партийных комитетов поступали в партийный архив по одной описи, т. е. они как бы уровнялись в степени секретности. В партийном архиве отдельного учета принятых секретных документов не велось, «секретки» не было [2].

На сегодняшний день в бывших партийных архивах имеются секретные документы: отдельные постановления бюро обкомов, горкомов и райкомов, документы особого сектора, документы сектора секретного делопроизводства обкома партии, документы секторов партийного учета, партийных комиссий обкома, горрайкомов партии, и, конечно, документы с грифом «Особая папка». Объем этих документов в партархивах невелик. В основном в них документы, касающиеся репрессий, нарушении закона о выборах, наказания отдельных руководителей и в последние годы – документы по горкому, по мобилизационной работе и др.

В связи с реализацией Закона РК «О реабилитации жертв массовых политических репрессий» (апрель 1993 г.) Распоряжением Президента РК была образована межведомственная комиссия по рассекречиванию законодательных актов, служивших основанием для применения массовых репрессий и посягательств на права человека [3]. В состав комиссии входили представители Главархива РК, ЦГА РК. Работа проводилась в ЦГА ИРК и Архиве Президента. Архивами были подготовлены перечни документов фондов, содержащих сведения о нарушениях прав человека в период массовых репрессий. Анализ документов и практика их использования в партийном архиве ЦК Компартии Казахстана показала, что подход к рассекречиванию разных категорий документов должен быть различным:

- решения съездов, пленумов. Заседания бюро и секретариата Казрайкома ВКП (б) и ЦК Компартии Казахстана, имеющие гриф «секретно», не включенные в открытые описи, практически государственных тайн не содержали, часть из них публиковалась, неопубликованные материалы выдавались исследователям;

- решения бюро и секретариата, хранящиеся в «особых папках» не публиковались и не выдавались никому.

Сотрудниками архива членам Межведомственной комиссии было предложено рассекретить и сделать доступными для любого исследователя все решения, хранящиеся в «особых папках». Внимательного изучения требовали документы аналитико – информационного характера о репрессиях, о преследованиях конкретных граждан, содержание компрометирующих материалов на отдельных граждан. Такие же сведения содержали документы партийно – следственных дел.

Была раскрыта группа документов, связанных с событиями в декабре 1986 года в Алма – Ате и других городах. Трудом сотрудников Президентского Архива являлись недавно избранные сборники: биографический справочник «Первые руководители комсомола Казахстана (1920-1991 гг.)», «История Казахстана в русских источниках», изданная по государственной программе «Культурное наследие». Интерес представляет и «История Отечества в судьбах его граждан». Это сборник биографий, созданный по рассекреченным архивным источникам. Здесь в каждой отдельно взятой судьбе, как в капле воды отражается история Казахстана, начиная с 1920 – х гг. прошлого века. Представляет большую ценность сборник воспоминаний жертв политических репрессий «Страницы трагических судеб». В Казахстане выпущено немало именных сборников, напрмер об Уразе Жандосове, Тураре Рыскулове, Левоне Мирзояне, об академике Серикбае Бейсембаеве и др., благодаря новым рассекреченным сведениям.

Издаются сборники документов «Из истории немцев в Казахстане» и «Из истории поляков в Казахстане». Очень хорошо раскрыта тема депортации народов и периода репрессий.

При использовании интеллектуального капитала отрасли, как специалисты, так и архивисты столкнулись с определенными трудностями, связанными со своевременным рассекречиванием архивных документов. Анализ работ, проводившихся предприятиями и организациями, показал, что в зависимости от тематической направленности документов и некоторых других факторов применяются различные подходы к их рассекречиванию, нет единообразия как в организациях, так и в проведении и техническом оформлении результатов рассекречивания. В целях унификации процессов организации и проведения работ по снижению степени секретности дел и документов, хранящихся в архивах предприятий и организаций отрасли, введения единообразия в технологии по снятию грифов секретности и учету дел и документов после их рассекречивания в 1992 году были разработаны отраслевые методические рекомендации по рассекречиванию архивных документов.

Одним из основных вопросов рассекречивания архивных документов является установление необходимости и последовательности проведения этой работы. До выхода Закона «О защите государственных секретов» срок секретности документов не устанавливался. Проводимое рассекречивание носило эпизодический характер, или при необходимости открытого опубликования тех или иных данных.

В настоящее время вновь принятым в 1999 г. Законе РК, что срок засекречивания сведений, составляющих государственные секреты, не должен превышать 30 лет, а его продление допускается только в исключительных случаях по заключению межведомственной комиссии по защите государственных секретов [4]. Выборочное изучение отдельных фондов и документов, переведенных с секретности на общий режим хранения, показало, что рассекречивание всех документов за определенный период потребует проведения работы с десятками тысяч документов или предложить иной механизм. При этом многие документы оказались бы невостребованными ни исследователями, ни научно – техническими рабочими.

Поступление на архивное хранение секретных документов без установления срока их

рассекречивания, приводило бы к накоплению новых секретных массивов. Исходя из этого, предприятиям и организациям отрасли было предложено: устанавливать срок рассекречивания документов при подготовке их к передаче на государственное хранение. В этом случае одновременно с проведением экспертизы ценности документов эксперты обязывались готовить и мотивированные заключения о сроках пересмотра или снятия грифов секретности отдельных документов без их дополнительного анализа. Поступившие ранее на архивное хранение документы решено рассекречивать только при изменении степени секретности проблем в перечне сведений, отнесенных к государственной тайне, а также при необходимости их использования в научно – исторических и иных целях. Как для государства, так и для отдельных исследователей не столько необходима активизация работы по снятию грифов секретности с архивных документов, сколько организация их использования. В этой связи во многих случаях достаточно ознакомления возможных исследователей с научно – справочным аппаратом архивов, уточнения необходимых для рассекречивания документов, установления очередности этого процесса и только после этого – осуществление самой процедуры рассекречивания. Это позволит без дополнительного напряжения постепенно рассекретить все архивы. Очень важным представляются вопросы – какими силами и за счет каких средств проводить рассекречивание документов. Методические рекомендации предусматривают, что оценка сведений проводится постоянно действующими техническими комиссиями или специально создаваемыми комиссиями по рассекречиванию сведений.

Такая организационная схема оправдана при рассекречивании ранее отложившихся документов. Однако вновь передаваемые на хранение секретные документы могут рассматриваться экспертными комиссиями в целях исключения неоправданного дублирования работ. Технические работы по снижению грифов секретности, переводу дел и документов на общее должны осуществляться под руководством сотрудников архивов с привлечением представителей организаций – фондообразователей.

Новые экономические отношения предполагают определенную материальную заинтересованность всех лиц, участвующих в рассекречивании архивных документов. Учитывая сегодняшнее финансовое состояние ряда отраслей, особенно относящихся к ВПК, «выкроить дополнительные средства часто не представляется возможным». Это значит, что рассекречивание и последующая работа с архивными документами могут проводиться при отсутствии дополнительного финансирования, только за счет существенного сокращения других работ, что практически невозможно. В этой связи в качестве возможных вариантов можно предложить следующие: снижение налога на прибыль с предприятий, проводящих рассекречивание архивных документов, в рамках государственного заказа; использование части прибыли от коммерческого издания архивных документов или публикаций по ним на оплату привлекаемых сотрудников предприятий и архивов; создание общественного фонда развития архивного дела, формируемого за счет отчислений государственных и негосударственных структур, иностранных государств и граждан либо оплату работ за счет физических лиц, в ней заинтересованных.

1 Закон РК «О защите Государственных секретов» от 19 января 1993 г. // <http://www.kazarchives.kz>

2 Митропольская Т. Б. Из опыта работы по рассекречиванию документов бывшего партийного архива института истории партии при ЦК КП Казахстана // *Материалы республиканского семинара – совещания по теме «Расширение источниковедческой базы исторических наук на основе либерализации допуска к документам бывших архивов компартии Казахстана».* – Алма – Ата, 1994. – с. 29-35

3 Закон РК «О реабилитации жертв массовых политических репрессий» от апреля 1993 г. // <http://www.government.kz>

4 Закон Республики Казахстан от 15 марта 1999 года №349-І «О государственных секретах» (с изменениями и дополнениями по состоянию на 27.07.2007 г.) <http://www.kazarchives.kz> ст.20, п.3

### **Түйіндеме**

Ақпараттық базаның ғылымдар, Қазақстанның архив мекемелеріне үшін кеңейуі мен деректі материалдардың қолдану тізбелермен қайта танысу тура келді. СССР-дың ыдырау мен, Қазақстан республикасы ең өткір қажеттілік ара архив бәстің құқықтықтың ығында болған, архивтік құжаттарын ұлттық байлық және мәдени-тарихи мұра сияқты қорғауы. Кейбір зорлар туған сол жағдайда, уақытылы құжаттарды жариялау мен және қай тәсілдемелерді қолдану керек, сонымен мемлекеттік құпия архив құжаттар туралы заң туралы сұрақтар тұған. Мұрағаттың сақтау қорына құпия құжаттар ашылуы мерзімсіз түсу жағдайда, құпия құжаттардың қосылуына, жинақтауына келтіретін еді. Кәсіпорын және осы саланың ұйымдарына ұсыныс жасалған: құпия құжаттың мемлекеттік сақтау қорына түсу алды мен құпия құжаттың ашылуы таңайындалуы керек. Осы уақиғада құжаттың бәсінің сараптамалары мен бірге сарапшылар міндетті түрде уәжді тұжырымдарын дайындайтын болатын, мерзімін қайта қарастыру немесе жеке құжаттардың құпиялықтың белгісін қосымша анализсіз алып тастау. Құжаттардың құпия белгісін ашылуы техникалық жұмыстарын төмендетуі мен, құжаттарды жалпы қорына аударуы мұрағат ұйымның өкілінің

басшылықтың астында және ұйымдардың өкілдердің тартуы мен – қор ұйымдастырушылар мен өткізілу керек. Жаңа экономикалық қатынастар болжайды құжаттардың құпия белгілерін ашылуына қатысты барлық қатынасшылардың тағайынды материалдық ынталылықтығы бар.

**Кілт сөздер:** архивтік құжат, КСРО, құпия ақпарат, құпия ақпаратты ашу

### Summary

Improving the information base for the social sciences, archival institutions of Kazakhstan had to examine the lists on the limited use of documentary materials. With the collapse of the USSR in the Republic of Kazakhstan there was an urgent need for legal protection of valuable archives in the country as a national treasure and the cultural and historical heritage of its people. Any difficulties associated with timely declassification of archival documents, study approaches to their declassification, the law on state secrets archival documents. Admission to the archiving of classified documents without the establishment of their declassification, would lead to the accumulation of new secret arrays. Companies and organizations were invited to: establish the period of the declassification of documents in preparation for their transfer to state custody. In this case, together with the value of the examination of documents experts undertook to prepare and reasoned conclusion on the date the revision or declassification of certain documents without further analysis. Technical work to reduce secrecy stamp, transfer files and documents to be carried out under the overall supervision of the archives with the involvement of representatives of organizations - the original owners. New economic relations presuppose a certain material interest of all parties involved in the declassification of archival documents.

**Keywords:** archival document, the USSR, the secret information, declassification

ӘОЖ 94(574)

## Ғ. МҮСІРЕПОВ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

*А.Ж. Жақыпова – Әл Фараби атындағы ҚазҰУ, Тарих,  
археология және этнология факультетінің 2-курс магистранты*

Қазақ халқының қалыптасу тарихы әлі де болса көптеген мәселелері айқындалмаған күрделі проблемалардың бірі. Бұл мақалада алғаш рет Ғ. Мүсіреповтің жеке мұрағаттық қорындағы еңбектері негізінде қазақ этнонимі және қазақ жүздерінің қалыптасуы жөніндегі көзқарастарының тарихи негіздері туралы мәселелер талданады. Автор Ғ. Мүсіреповтің тарихи деректерді және жекелеген тарихшылардың еңбектерін пайдалана отырып тарихи шындықты айқындауға ұмтылғандығын көрсетеді.

**Тірек сөздер:** қазақ, қазақ халқы, Ғ. Мүсірепов, тарихи құжаттар

Қазақ әдебиетінің алып қайраткерлер тобының өкілі, жазушы, қоғам қайраткері, зерттеуші Ғ. Мүсіреповтің өмірі мен шығармашылығы алғаш рет Т. Ахтановтың «Ғ. Мүсірепов» атты очеркінде зерттелінді. А. Нұрқатов, С. Жұмабеков, Қ. Құттыбаев, М. Бекбергенов, Ж. Молдағалиев, А. Оспанов сияқты қатарлы ғалымдар жазушының суреткерлік тұлғасын тануға арналған әдеби сын - зерттеулер жазды. С. Жұмабеков Мүсіреповтің жазушылық қызметінің қыр - сыры, шығармашылығының басты ерекшеліктерін қарастырады. Оның өмір жолындағы, кесек туындылары мен күнделік беттеріндегі саяси, тарихи көзқарастары мейлінше аз зерттеліп келді. Дегенмен, қаламгерді зерттеуші А. Абдіразақованың «Академик Ғ. Мүсіреповтің Қазақстан тарихы мен мәдениетін зерттеудегі үлесі» атты кандидаттық диссертациясы Мүсірепов көзқарастарының әдебиет, тарих, мәдениет ғылым салаларындағы кемелденуін зерттеген еңбек болды. Автор өз еңбегін жазу барысында: «Ғ. Мүсіреповтей іргелі құбылыстың тарихқа қатынасын зерттеудің танымдық жағынан берері мол. Өмірін шығармашылық ізденіспен өткізген, өз заманындағы саяси оқиғаларға белсене араласқан ол тарихшылардың назарынан тыс қалған тарихи фактілер мен олардың себебін көре білген. Міне, сондықтан да, Ғ. Мүсіреповтің тарихқа, мәдениеттің дамуына қосқан үлесін зерттеу жазушының қайраткерлік қыры мен рухани мұрасын кешенді түсінуге мүмкіндік беретін қадам», [1, 4 б] - дейді.

Мүсіреповтің қазақ тарихына, тіліне, әдебиеті мен мәдениетіне қатысты ой-пікірлері өзекті-ақ. Оның қазақ халқының этникалық түп-тамырын зерттеудегі көзқарастары нақты да, ауқымды. Олай дейтініміз, тарихшыларымыздың деректі зерттеулері мен Мүсіреповтің өзекті ой-пікірлерінің ұштасуында. Қаламгер ««қазақ» сөзінің түрік тілінен туған, бұл сөздің түп тамыры қасақы, қайсар, мойымайтын, өз ырқынан басқаға көнбейтін деген мағынада болуға тиісті» [2, 105 б] - деп жазады. «Қазақ» - деген сөзді тарихшылардың көпшілігі «еркіндікті, азаттықты сүйетін» деген мағынасына тоқталған. Демек, жазушы пікірімен дәл түсіп отырғанын байқаймыз.

Деректанушы ғалым Қ. Атабаев: «Орхон – Енисей жазбаларының өз ерекшеліктері бар. Біріншіден, басқа көне жазулармен салыстырғанда бұлардың деректану ғылымының аса бір маңызды

проблемаларының бірі түпнұсқалалық жағынан артықшылыққа ие болуында. Өйткені, ежелгі жазба ескерткіштердің басым көпшілігі түпнұсқалық жағынан көптеген өзгеріске ұшыраған, сондықтан ғылым үшін олардың бастапқы мәтінін қалпына келтіру аса қиын да, күрделі іс. Ал, бұл жырлар болса тасқа ойылып жазылғандықтан, ешқандай бұрмалаусыз, қоспасыз таза түпнұсқалық қалпында сақталған. Сондықтан оның ғылыми маңызы аса зор. Мұндай баға жетпес құнды ескерткішті қай халық болса да өзінің ұлттық байлығы, ұлттық мұрасы ретінде мақтан тұтуға құқылы», [3, 146 б.] - деп, жазбалардың тарихи деректік маңыздылығын айта кетеді. Ғ. Мүсірепов те Орхон ескерткіштерінің бүгінгі ұлттық тарихымыз үшін құндылығын дәріптеп, сол тарихымызбен сабақтастығын танудың қажетті екенін ашықтап, Білге қаған, Күлтегін, Тоныкөктер туралы өз пікірінде ашық білдірген. «Оларды қыпшақ қағандары, қыпшақ қолбасшылары, ал қашаннан бері түркі қағанаты деп келгеніміз, дұрыс ашылғанда, қыпшақ мемлекеті екен. Орхон - Енисей жазулары тасқа қыпшақ қолынан түсірілген» - деп түсіндіреді. Сонымен қатар, «Қыпшақ мемлекеті жаңа жыл қайырудың VI ғасырында құрылған. Мемлекет құрамында оғыз, қарлұқ сияқты әлденеше тайпалар болғанымен тілі бір. Үш тулы қыпшақ деп те аталады. Кең шиыр Орталық Азияда қыпшақ құрамына кіретін елдер байыған, мал көбейген, бас өскен. Феодалдық қарым – қатынастар толық есейген» [4, 92 б.], - дейді. Жазушының бұл пікірінен пайымдайтынымыз, қағанаттың билеуші тайпасы үш баулы қыпшақтар болған. Бұл тарих ғалымдарының да назарынан тыс қалған емес. Кейбір тарихшы ғалымдар тарих кезеңдерінің қайсыбірінде «қазақ» пен «қыпшақ» атаулары алмасып отырған деседі. Қазақ – қыпшақ одағына кіреді де, басқа түрік тайпалары сияқты қыпшақтардың көлеңкесінде қалып қоятындығын айтқан. Көшпелілер тарихында мемлекет белгілі-бір жетекші тайпаның атымен, құрылып отырған. Сол сияқты «қазақ» атауы қыпшақтар одағының әлсіреп, олардан өзбектер, қырғыздар, башқұрттар, қазақтар т.б. бөлінген тұсында саяси сахнаға өз атымен шығады. Демек, Ғ. Мүсірепов тұжырымдары мен ғалымдар пікірі дөп түскендей. Дегенмен, айтылған пікірлер - зерттеуді әрі қарай қажет ететін, өзекті ойға ой салатын өзіндік ой-тұжырымдар ғана.

Қазақ халқының түп тамырының шығуын тереңнен іздеген зерттеуші қаламгердің күнделік беттерінде мынадай тарихи оқиғалардың хроникасы тізбектелген:

«Күлтегін ескерткіші Орхон өзенінің жағасында. Тоныкөк жазуы Селенганың жағасында. Күлтегін ескерткіші 732 ж. 21 - июньде ашылған. Білге хан 755 ж. өлген, май айының 27 – і күні.

Күлтегін мен Білге хан ескерткіштеріне сөзін жазған Иоллық тегін, ақын, тарихшы, Білге ханның баласы.

Тоныкөк жазуы 716-720 жылдар арасында жасаған.

Білге – 716 ж. хан сайланған» [5, 36 б.].

Бұл ескерткіштердің тілін зерттеген Құлмат Өмірәлиев: «Бұл ескерткіштер өзінің жазылу стилі жағынан, бергі «Алтын орда» дәуіріндегі, XV–XVI ғасырлардағы шежірелер мен хан жарлықтарын еске түсіреді». Күлтегін ескерткішінің «Тәңір тек тәңірде болмыш түрк Білге қаған бу өдке олурдым, сабымын түгеті есідгіл» деп, Могилян хан ескерткішінің «тәңр тек тәңрі йаратмыш түрк Білге қаған сабым» деп басталуы, «XIV–XVI ғасырлардағы хан жарлықтарына, хаттарына ұқсас. Айталық Тоқтамыстың хаты»: «Тоқтамыш сөзүм йағайлаға» деп басталады. Ал, Күлтегін кіші жазуы «улайу інігүнім, оғыланым, бірікі оғушым, будуным, біріе шад-апыт беглер, йырайа тарқат-бұйуруқ беглер, отуз... тоғуз оғуз беглері, будуны...» деп игі –жақсыларын санаумен басталады. Осы үлгіні «ұлуғ ұлусының оң қолының уа сол қолының түмен, мың, йүз, он білкін оғланлар, билер және ішкі кентлерінің уа шаһарларының даруға беглері...», - деп, айтылатын Дәулеткерей жарлығынан да көреміз. Ескерткіштердің аяқталу тәртібі де Алтын орда дәуіріне дейін сақталған. «Білге қаған бітігін Иольғ тегін бітідім...» деп аяқталатын, Білге қаған ескерткішінің аяқталуы, «... өзүңүз білүрсіз тіп бітік сәлем үйрдік, йыл бічін, Орда йағасында бітілді», - деп, аяқталатын, 1428 жылғы ұлығ Мұхаммед ханның жарлық хатымен өте жақын», - деген озық пікір айта кеткен [6]. Ал, Мүсірепов: «Қазақ» түркі тілдес елдерде қай заманда да бағынудан шығып кеткен, я болмаса ең берісі, бағынуды сүймейтін, бір күн көнсе ертеңіне көнбей кететін топтардың жиынтық аты болу керек. Шығыс түрік хандығы түгелге жақын қытайласып кетеді. Одан қашып кеткендер аз болыпты мүмкін ең алғашқы қазақ деп аталған сол қашқындар болуы» мүмкін деген жорамал айтады. Ол тарихқа, тәжірибеге ден қойған. Орхон - Енисей жазбаларын «... бұл өскен тілге тән көркем әдебиет тілі, әрі шешен, әрі көркем сөйлей алатын халықтың тілі. Будандаспаған, сыртқы әсерден таза тіл, - деп сипаттама беріп, - VI ғасырда осындай дәрежеге жеткен тілдің түп тамыры жаңа жыл қайырудың әр жағында, ой жетпес әріде жатпақ» [2, 95 б.] - деп нақтылайды.

Дегенмен, Өмірәлиевтің жоғардағы тұжырымынан да бұрын Ғ. Мүсірепов озық пікірін күнделігіне былай жазып білдірген-ді: «Қазақ халқы - 12-13 ғасырдың ішінде Қытайдың солтүстік шығысынан бастап Днепрге дейін көшіп жүрді. Батыс Түрік , Шығыс Түрік , Алтын Орда, Ақ Орда, Көк Ордалардың бәрінде



де болды ... Тілі, салты, әдет-ғұрпы, ескі әдебиет жұрнақтары, ертегілері, мақал-мәтелдері, орамдылық, орамсыздықтары бәрі бір. Не үшін қазақ осы күнге дейін ұлт болмады дейміз? Қате де, Обал?» [2, 124 б.]

Ғ. Мүсірепов қазақ халқының шығу тегі жайлы кесек тұжырымдарын былай деп түйіндеген: «Араб жолаушысы Әл - Фахиқ жаңа эрамыздың IX ғасырында Каспий мен Арал теңіздерінің солтүстігінде қазақ деген көп ел бар. Бұл тұстарда Қазақ көп ел болмаса Шыңғыс хан мен Ақсақ Темірдің қырғындарынан кейін Қасымханның тұсында миллионға толмас еді, 300-400 мың әскер де шығара алмас еді, олай болса біздің қазақ атанғанымыз ең берісі VIII - IX ғасыр болады да » [7, 1 б.]

Ғ. Мүсірепов өз зерттеулерінде бірнеше ғалымдардың пікірлерін ескере отырып, олардың - Левшиннің, Рашид-ад-диннің, Вельяминов-Зерновтың еңбектерін пайдаланған. Сондай-ақ, «Күнделігінде» осы тарихшылардың еңбектерінен қазақ халқының шығу тегі жайлы, тарихы туралы зерттеулердің үзінділері келтірілген.

Дәлірек айтқанда, қаламгер Левшин сөзімен былай келтіреді: «Қазақ – түбі шығыс елдерінің әміршілеріне қарсылық жасай шет жайылып кеткендерден құралады (тайпа, рулардан).

Қазақта қара торы, ақ сары, ат жақты, домалақ басты т.т. адам, топтар әлі бар.

Түбі түрік тілді елдер...» [5, 97 б.]

Қазақтардың шығу тегі туралы келтірген Левшиннің жеті аңызын талдаған М. Тынышбаев та, соның ішінен төртеуін: «өзара бір-бірін мақұлдайды және қырғыздардың (барлық Кіші Орда мен Орта Орданың жартысы) ата - бабаларының бір кездері Алтын орда территориясында өмір сүргенінің бұлтартпас дәлелі» [8, 97 б.] болып табылады деп жазған.

Басқалардың пікірін, топшылауларын, тамырлы тұжырымдарын ескере отырып, ой елегінен өткізе отырып, көптің пікірін қабылдай келіп өзіндік сапалы да тиянақты, ұтымды пікір қалдырған Ғ. Мүсірепов қазақ халқын «Батыс Түрік, Шығыс Түрік, Алтын Орда, Ақ Орда, Көк Ордалардың бәрінде де болды. Әр тұста жайлап жүріп, бағына жүріп, алыстай жүріп, табыла жүріп, тілдерін бұзбаған, әндерін бұзбаған, әдет - ғұрпын бұзбаған. Менің ойымша Керей - Жәнібек тұстарында бастары қосылған қазақ елі Қасым мен Тәуке арасында ұлт болып қалыптасқан. Осыған қарап қазақ жалпы ұлт бола алған жоқ деуге болмайды. Қазақтың тұрақты мекені бар. Бүгінгі жері сол ескі мекен, Азия, Азия топырағы, Азия суы, Азия аспаны, Азия кеңдігі»- деп жазады [5, 17 б.]

Сонымен қатар, Мүсірепов ғылыми тұжырым жасау барысында қазақ тілін әзірбайжан, өзбек, түркімен, қырғыз, тәжік, татар, башқұрт тілдерімен салыстыра зерттеген. «Қазақ тілі түрік тілінің төл тумасы» - деп білген және «Орта Азия халықтарының қазақ тілінен басқасында жат тілдердің әсері, қоспасы бар. Өзбек тілінде Хорезм, Соғды- тәжік тілінің, араб тілінің әсері де қоспасы да күшті. Әзірбайжан, түркімен, өзбек, қырғыз, татар, башқұрт тілдерінің бәрінде осылай. Бір кезде Моңғол үстемдігі кезінде, Орта Азияда Қарлұқ-Ұйғыр тілі- мемлекет тілі болған. Қазақ тілінде мұның әсері жоқ.

Біз, Сыр бойындағы елдер, Шымкент, Әулие Ата т.т, Ташкент, Қоқан, Хиваға қарады. Сонда да тілі бұзылған жоқ...» [9, 95 б.] деген ой айтады. Салыстыра келе осындай тұжырым жасаған Ғ. Мүсірепов шын мәнінде тіл тазалығын айта отырып, қазақ халқының әу баста айтқан «қайсарлығын» дәріптейді. Сол бір кезеңдерде билікке бағынуға мәжбүр болған, аласапыран заманның талабына көніккен, тағдыр тармағына ілігіп тіл табиғаты сақталмай бытыраған қанша халықтар да болды. Қазақ халқы қанша қиын-қыстау заманды өткерсе де олардың мойымағандығын айта келе, ұлттық нышанның, экономикасының, рухани тұтастықтың сақталғандығын айтады.

Жазушы өз «күнделігінде» қазақ халқының тұтастығы жайындағы тұжырымдарында қазақ халқының жүздік бірлестіктерін айнала өтпеген. «... Үш жүздің киімдері, киіну түрлері де негізінде бір.

Үш жүздің адамдарының мінездері, құлықтары, намысқойлықтары, көнбістіктері, қонақжайлықтары, жігіттің қызға, қыздың жігітке бейімдеулері бәрі бірдей...», [5, 102 б.] - деп қазақтың үш жүзі жайында да тарихи көзқарасын білдірген.

Жазушы Ғ. Мүсіреповтің қазақ халқының шығу тегіне және қазақ хандығына қатысты көзқарастарынан қазақ хандарының биік тұлғасын ашатын тағылымды тұжырымдар басым кездеседі. Өйткені, қаламгер әр ханның билік жүргізген тұсындағы оқиғаларға да тоқтала кеткен. Сондай-ақ, өзіндік тарихи көзқарастарын білдіріп өткен.

Ғ. Мүсіреповтің «Қасым ұлы Хақназар – XVI ғасырдың орта шенінде «Ұлы жүз» деген хандық жасайды. Бұл кезде қазақ халқы негізінде Қара Торғай, Талас, Сарысу, Шу бойларын жайлайды» [5, 155 б.] деген пікірі жалпы, қазақ ұлысының құралу үрдісі этникалық территорияның қалыптасуымен қатар жүргенін аңғартады. Этносаяси және шаруашылық факторлардың әсеріне орай Қазақстан аймағында Ұлы жүз, Орта жүз, Кіші жүз сияқты ұлыстық бірлестіктер өмірге келді.

Бұл жайында Ғ. Мүсірепов «Дүниеде қанша жасаса да қанша жерге жайылса да қанша уақыт сырт

жұртқа бағынса да үш жүз деп аталатын қазақ халқында мынадай жігі айрылмайтын тұтастықтар бар: тілі, әні, күйі, аспаптары... Бұл «үш жүз» жаңа ғасырлардан бұрын деген пікір дұрыс сияқты» - дейді [5, 175 б.].

Бұл тарихи мәселе әлі күнге дейін зерттеліп келе жатыр. Осы мәселе жөніндегі пікірлер әр түрлі екенін көреміз. С. А. Аманжолов ертедегі қазақ жері үш жүзге монғолдарға дейінгі кезеңде – X-XI ғасырларда бөлінді деп санайды. Н.А. Аристов бұл процесті жоңғар шапқыншылығы дәуіріне жатқызады. Ш.Ш. Уәлиханов қазақтардың «үш жүзге» бөлінуі «өздері көшіп жүретін жерлерде өз құқықтарын қамтамасыз ету үшін одақтар құрған...» «аласапыран кезге» (Алтын Орданың ыдырау кезеңіне) байланыстырады. В.В. Бартольд жүздердің пайда болу себебін қоршаған табиғатқа байланысты көшпелі мал шаруашылығын жүргізу жағдайларының айырмашылығында деп біледі.

Ал, Т. Сұлтанов: «Бізге жүздердің қашан қалай құрылғаны туралы нақты мәліметтер жоқ. Шығыстың азын - аулақ деректемелерінде қазақтар туралы ешнәрсе айтылмайды». Т. Сұлтанов бұдан кейін ХҮІ ғасырдың екінші жартысында қазақ қоғамы ұйымдасуының бір нысаны екінші нысанымен - Ұлыс жүйесінің жүздермен біртіндеп ауысуы орын алған деп жорамалдайды [1, 17 б.].

Жалпы, қазақ жүздерінің шығу тегі туралы пікірлер және пайда болу уақытын анықтаудағы әр алуан. Қазақстан тарихының осы күрделі де маңызды проблемаларын ашу мен шешу бөлігі міне осында жатқан болуы мүмкін. Көптеген зерттеушілер қазақ «жүзін» арабтың «джуз» - бір нәрсенің «басты бөлігі», «тармақ» деген сөзімен сәйкестендіреді. Алайда араб деректемелерінде тайпалар одақтары (бірлестіктері) аумақтарының бір бөлігі ретіндегі жүздер туралы ешқандай мәліметтер жоқ. Олар орта ғасырлардың тарихшалары Рашид ад-дин (XIII-XIVғғ.) мен Фазлаллах ибн Рузбихандың (XV-XVIғғ.) шығармаларынан да табылмайды [10].

Қазақ жүздерінің шығуы туралы мәселе қазақ ғалымдарын қатты қызықтырды. Шәкәрім Құдайбердіұлы мен Міржақып Дулатов қазақтың үш жүзге бөлінуі туралы халық аңыздарына назар аударады. Ш. Құдайбердіұлы бұл жөнінде төмендегіше жазды: «Біздің қазақтың үш жүзге бөлінгенін қазақтар былайша айтады:

Әз Жәнібек қазақты Қашқардағы Шағатай нәсіліне қаратқан соң, кешікпей сол кезде қазақты һәм көшпелі басқа елдерді Жүніс ханның Ахмет деген баласы билеп, оның ағасы Жәнеке шын аты Махмұд деген, Ташкентте үлкен хан болыпты. Сонда Ахметхан қазақтың әскерге жараулысын шаба берген» екен.

Осы аңызды М. Дулатов та өзінің еңбегінде келтіреді. Сонымен қатар ол тағы бір аңызды алға тартып, былай дейді: «дәл қай заманда екені белгісіз, бұрынғы қазақ хандарының біреуі елін үш баласына бөліп беріп, үлкеніне тигенін - ұлы жүз, ортаншысына тигенін - орта жүз, кішісіне тигенін - кіші жүз атаған екен» дейді.

С. Асфендияров қазақ жүздерінің шығу мерзімін және оның себептерін басқаша түсіндірді. Оның пікірінше, қазақтардың саяси одағы ноғайлардың және өзбектердің кетулерінен кейін үш орда немесе үш жүз түрінде көрінді. Ол қазақ жүздерінің құрылуын көшпелі шаруашылықтың тарихи жағдайларымен түсіндіруге тырысты» [11, 198 б.].

Ә. Бөкейханов мәселеге қатысты: «Қырғыз - қазақты біріктіруші Қасым хан қайтыс болғаннан кейін 200 жылдан соң қазақ халқы тарих сахнасына ұлы жүз, орта жүз, кіші жүз атты үш саяси одақ ретінде белгілі болды» [11, 201 б.] - дейді.

Ал Ф. Мүсірепов «Қазақта ондық, жүздік, мыңдық деген сияқты әскери атаулар болған емес. Тіпті Қасымханның тұсында ру болып аттанады. Сондықтан қазақтың «үш жүзі» үш жақ, үш бет, үш тұс дегенді аңғартады» [5,162 б.] деген пікір қалдырған. Оның бұл тұжырымы зерттеуші профессор М. Қойгелдиевтің мына пікірімен ұштаса түседі: «...Алаш мыңы ішіндегі үш сан жұрттың кейінірек қазақ болып қалыптасқан ұлттық құрамындағы үш жүздің сол тарихи кезеңдегі көрінісі екендігі күмән тудырмаса керек... Сонымен біздің көз алдымызға халықтың қалыптасу кезеңдерін жетерліктей айғақтайтын екі кезеңнің сұлбасы келеді:

1) ХҮ ғасырдың алғашқы жартысы - өзбекия, яғни Әбілқайыр ұлысы құрамындағы үш сан жұрттан тұратын Алаш мыңы одағы;

2) ХҮІ ғасырдың екінші онжылдығы - көрші мемлекеттер дербес ел ретінде тани бастаған. Қасымхан билігіндегі үш жүзден тұратын қазақ ұлты. Яғни, бұл арада қазақ ұлтының қалыптасу процесінің аяқталуы қазақ мемлекеттігінің құрылуына тұс келіп, бұл екі процесс өзара жарасымдылық тауып, бірін-бірі толықтыра түскендігі айқын» [12, 84 б.].

Жазушы Ф. Мүсіреповтің қазақ халқының шығу тегіне және қазақ хандығына қатысты көзқарастарынан қазақ хандарының биік тұлғасын ашатын тағылымды тұжырымдар басым кездеседі. Өйткені, қаламгер әр ханның билік жүргізген тұсындағы оқиғаларға тоқталған. Сондай-ақ, өзіндік тарихи

көзқарастарын білдірген.

Оның күнделік беттеріндегі мынадай тұжырым саяды: «Қазақ деген ел – бостандық, азаттық сүйетін, даланы, таза ауаны, таза суды, таза көгалды сүйетін халық. Бұл кезінде ол бұзылмаған ел (бұзыла білмейтін ел емес, бір бұзылса аяқ – қолын жинай алмай кетуі де мүмкін). Сонша кең дүниеде жүріп, сонша тазалық дүниесінде жүріп, ол елдің жан – жүрегі таза болмаса, таңдануға болар еді. Жок, ол кезде ол асқан ақ көңіл, мырза, сенгіш, барықсыз ел. Отаршыл төрелер үркіте келгенде, қазақ қандай айла етерін біле алмай, абыржып қалады да, барлық адамгершілік табиғатынан жаңылады.

Ол Шыңғыс, Темір басқыншыларынан қанша ғасыр жасқанып, жасып қалды, айла іздеді, жан сақтау амалын жасады. Бұл тұста отаршылдыққа бойы үйреніп, енді өзінің байырғы қалпына көше бастаған: Құнанбай, Абай, Қазыбек, Есенай, Ыбырай, Игілік – қай елде болса да биік дәрежедегі адамдар.

Ар жағымыз – Жәнібек, Қасым, Хақназар, Есім, Тәуке, Абылай – бұлар түгел Шыңғысхан тұқымдары. Бірақ билеп отырған еліне өз ұлындай жаны ашыған адамдар» [2, 198 б.]. Бұл топшылаулар тұтас бір халықтың – қазақ елінің өмір тіршілігін, тарихын ұзақ уақыт зерттей келіп түйген ойдың жемісі болса керек.

Н. Назарбаевтың «Тарих толқынында» атты еңбегінде ұлттық тұтастыққа байланыстырып айтқан мына сөздері ойға оралады:

«... Қазақ ұлттық тұтастануы үшін табан тірейтін негізгі идеялық тұғыр біршама айқын. Бұл дербес мемлекеттікті сақтау және дамыту. Бұл мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілін дамыту және нақтылы әрекетке ұластыру. Бұл Қазақстанның аумақтық тұтастығы.

Ең кереметі тарихи өлшеммен қарағанда азаттықтың алынған күні кеше ғана болса, ал қалыптасқан саны ғасырлар тұңғышымен тамырласып жатыр. Азаттыққа, Қазақстан аумағының тұтастығына, нақтылы экономикалық, әскери, ақпараттық дербестікке қол жеткізу дегеніміз мейлінше күрделі және ұзақ уақытқа созылатын, сондай ақ, ұлттың ерекше қажыр қайратын қажет ететін үрдіс екенін сезіну әрбір қазақ үшін әліппелік ақиқат болуға тиіс» [13, 21 б.].

Қаламгердің қазақ жүздерінің шығу кезеңі жайлы пікірлері тарихшылардың көпшілігімен ұштасатынын көреміз. Ғ. Мүсіреповтің қазақ этнонимі, шығу тегі жайлы, олардың этнос ретінде қалыптасуы, дамуы туралы айтқан ой пікірлері ұтымды да құнды. Жазушы қандай ой айтса да зерттеушілер үшін маңызды-ақ. Оның тарихи тағылымы терең зерттеулері өзектілігін бүгін күнге дейін сақтаған.

*1 Абдирахова А.У. Академик Ғ. Мүсіреповтің Қазақстан тарихы мен мәдениетін зерттеудегі үлесі: канд. диссерт. – Астана, 2010. – 127 б.*

*2 Мүсірепов Ғ.М. Тұтқын қыз: Повестер және ой-толғамдар. (дайындаған Ә.Нарымбетов). – Алматы: Балауса, 1993. – 197 б.*

*3 Атабаев Қ. Деректану: Оқу құралы. - Алматы: «Қазақстан тарихы», 2007. – 272 б*

*4 Мүсірепов Ғ.М. Ой - сезім сәттері. - Алматы: Жалын, 1996. – 144 б.*

*5 Мүсірепов Ғ.М. Күнделік. - Алматы: Ана тілі, 1997. – 242 б.*

*6 Өмірәлиев Қ. VIII-XII ғасырлардағы көне түркі әдеби ескерткіштері. – Алматы: Мектеп, 1985. – 127 б.*

*7 Мүсірепов Ғ.М. 250 жыл бірге // Білім және еңбек. - 1981. - № 10.*

*8 Мағауин М. Қазақ тарихының әліппесі. – Алматы: Ер Дәулет, 1994. – 238 б.*

*9 Жолдасбеков М., Сартқожа Қ. Алтын арқаулы асыл мұра // Егемен Қазақстан. 2005, мамыр – 28. – 4 б.*

*10 Қазақстан тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін. 5 томдық - Алматы: «Атамұра» баспасы, 1998. 2 т - 640 б.*

*11 Омарбеков Т., Омарбеков Ш. Қазақстан тарихына және тарихнамасына ұлттық көзқарас. - Алматы: Қазақ университеті, 2004. – 388 б.*

*12 Қойгелдиев М. Т. Ұлттық саяси элита. Қызметі мен тағдыры (XVIII-XX ғғ.). Зерттеулер.-Алматы: «Жалын баспасы» ЖШС, 2004.- 400 б.*

*13 Назарбаев Н. Тарих толқынында. - Алматы: Атамұра, 1999. – 296 б*

## Резюме

История формирования казахского народа все еще не выясненная, одна из сложных проблем. В этой статье мы в первые рассмотрели труды в архивном личном фонде Г. Мусрепова с основанием исторического основы казахского этнонима и формирование воззрений казахского джуза. Используя исторических сведений Г. Мусрепова и труды обособленных историков, автор показывает то что он стремился выяснить историческую правду.

**Ключевые слова:** казах, казахский народ, Г. Мусрепов, исторические факты

### Summary

The history of Kazakh formation isn't unclear still which is one of the difficult problem. Kazakh ethnonym and the problems on the points of view formation of Kazakh dzhuz were considered which based on G. Musrepov's archival works. It's showed that the author has sought to find out the historical truth by using G. Musrepov's historical information and private historian's works. The problems of formation of Kazakh in G. Musrepov's works.

**Keywords:** Kazakh, Kazakh people, G. Musrepov, historical facts

39(=512122)(516):070

## «ҚАЗАҚ» ГАЗЕТІНДЕ ЖАРЫҚ КӨРГЕН ҚЫТАЙДАҒЫ ҚАЗАҚТАРҒА ҚАТЫСТЫ ХАБАРЛАР МЕН МАҚАЛАЛАРДЫҢ ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ КӨРІНІСІ

**Сален Жарқын** – *Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Тарих, Археология және этнология факультетінің магистранты*

Қытайдағы қазақтарға қатысты алғашқы қазақ баспасөзінің бірі – «Қазақ» газетінде үлкенді-кішілі танымдық мақала, хабарлар жарық көрген. Олардың мазмұны әралуан болғанымен, көпшілігі тарихи-этнографиялық сипатқа ие. Сонымен бірге басты назар оқу-ағартуды жолға қойып, халықтың сауатын ашуға бағытталған. Осы мақсатты орындай бастаған жекелеген көзі ашық, көкірегі ояу зиялы азаматтар мен ел басқарушылардың аттары аталып, жасаған істері айтылады. Жергілікті жердегі басқару құрылымдары тілге тиек етіледі. Әрбір жазбаның қазақ тарихына қатысты мәні мен маңызы бар болғандықтан, жеке талдау жасауға тура келеді. Сол арқылы жалпы жұртқа бейтаныс тарихи тұлғалар мен олардың еңбектерін көлемді, жүйелі зерттеу қажеттілігі туындайды. Мақала барысында «Қазақта» жарық көрген мән-маңызы тереңдеу тақырыптардағы жазбаларға салыстырмалы түрде анализ жасалды. Сол арқылы алдағы уақыттағы зерттеушілерге дереккөз ретінде нақты мәліметтер ұсынылып отыр.

**Кіліг сөздер:** гүн, зәңгі, үкірдай, тәйжі, зальң, амбан, ақалақшы

«Қазақ» газеті 1913 жылғы №18 санында «Қытай қазағы» деген тақырыпта басқармаға келіп түскен хатты басады. Хат авторы қытайға қараған қазақтың ішінде бала оқытатын Молдағали Бектұрұлы. Ол хатында: «Зайсан, Шәуешек, Құлжа қалаларын аралап Іледегі қызайлардың арасында орнығып бала оқытып жатқанын» жазады. Автор 4 жыл ішінде 80 шамалы балаға иман, намаз, хат үйреткенін, осы күнде 45 шәкіртінің бар екенін айтады. Сондай-ақ қытай комитеті қызайдың мампаң, болыстарын шақырып қытай тілін, жазуын білетіндерді оқытатын мектеп-медресе ашуға шақырады. Ондай мұғалімді өздері табатынын, тіпті оқыған сауатты азаматтарды жоғары лауазымды мансапқа қоюға уәде етеді. Тіптен орыстан мұғалім алдырып орысша оқытушыларға да рұқсат береді.

Осы орайда алаш идеясын түрлі жолдармен Шығыс Түркістанда таратып, елді еркіндікке жетелеп, сауатын ашқан Молдағали Бектұрұлын жеке дара зерттеу қажет. Оның тұлғалық болмысы мен қытайдағы қазақтарды ұлт азаттық қозғалысына дайындаудағы, білім беру арқылы халықтың көкірек көзін ашудағы ерен еңбектерін жүйелі түрде зерттеу керек. Әзірге ондай көлемді еңбек жоққа тән.

Аталған тақырыптағы мақала «Айқап» журналының 1913 жылғы 15 маусымдағы №11 санында жарық көрді. Авторы – «Ғұбайдолла Жанбаев». Ол да қытай өкіметінің бұйрығын айта келе, соның нәтижесінде басталған жұмыс жайын баян етеді. Молдағали Бектұрұлының 80 бала оқытқанын, қызайларда тағы екі ноғай мұғалімінің бар екенін жазады [1, 254-255-б]. Екі мақаланы салыстыра келіп, Молдағали Бектұрұлының қарқынды, пайдалы, тындырымды іс атқарып жатқанын толық сеніммен дәлелді түрде аңғарамыз. Осы арада Молдағали Бектұрұлының тұлғалық образы мен ол оқытқан шәкірттердің кімдер екенін және қандай қызмет жасағандығын жан-жақты зерттеу қажеттілігі туындап отырғаны аңғарылады.

Қытайдағы қазақтардың этнографиясына қатысты шағын мақала «Қазақ» газетінің 1913 жылғы №33 санында жарық көрген. «Қытай қазағы» деген атпен басылған мақаланың авторы – Тәшен Қиямбиков. Онда қытайдағы қазақтардың сауықшыл келетіндігі, екі-екіден отырып айтысатыны, жеңілгені жеңген жаққа жүзік, орамал сияқты жол беретіні айтылады. Сондай-ақ киіну мәдениетіне қатысты мәліметтер де кездеседі: «Бозбалалар қысы-жазы бірдей бастарына тымақ киіп, сәндік үшін үкі тағады. Аяқтарына киген етік, кебістің бір қарыстан астам өкшелері ағаштан жасалған, сырты көксауырмен қапталған, көйлектің жағасы салбырап жауырынын қаптап тұрады. Шалбардың балағы сонша кең, бала түгіл. үлкен адам сиып кетерлік. Киімдерін әрдайым шалбарланып жүреді. Тіпті сорлысы болмаса, ер-тұрмандары кісендеулі болады. Қатын-қыздары малсақ келеді, бой түзеп тігу секілді нәрселерді көп білмейді. Ертеден кешке дейін қоймен маңырап, сиырмен мөңіреп сауып, бағып жүреді. Қонақ қондыруға, қонақ сыйлауға жақсы,

қондырмайтын үй болмайды...» [2, 4-6]. Автор жалпылама тақырыппен жазған мақалада қай өңірге тән ерекшелік екендігі айтылмайды. Алайда таулы өңірдегі, тек мал шаруашылығымен ғана айналысатын аумақтағы қазақтар туралы жазғаны белгілі. Тағы бір назар аударуға тиісті жайт, «қатын-қыздары бой түзеп, тігу секілді нәрселерді көп білмейді» деген сөйлем. Бұл сипаттама Қытайдың барлық өңіріндегі күллі қазақ қыздарына тән қасиет емес. Тіптен күні бүгінге дейін киім мен ұлттық бұйым тігудің сан алуан түріп меңгеріп, дамытып жатқан қазақ қыздары қаншама? Тіптен 2012 жылы Іледегі қазақтардың 10 мың адамы бір уақытта кесте тігіп, Қызай кестесін әлемдік Гиннестің рекордтар кітабына енгізді. Ал аталған мақалада автор айтқан басты шындық – халықтың момындығы, оқудың аздығы мен жұрттың сауатсыздығы мәселесі. Бұл мәселе қай елдегі қазаққа қарата айтсақ та сол кездің ең өзекті мәселесі еді.

«Қазақ» газетінің 1913 жылғы №34 санында қытайдағы қазақтарға қатысты бірнеше шағын мақала мен хабар берілген. «Сыртқы хабарлар» деген айдармен Сарсүмбе қаласы туралы аз-кем мәлімет берілген. Онда қаланың 1870 жылы Ежен ханның жарлығымен Алтай, Сауырдағы қазақ, торғауытты басқару үшін Алтай тауының тар шатында салынғаны жазылады. Қаланың ойлы-қырлы қолайсыз жерге салынғанын айта келе автор тұрғындарына қысқаша сипаттама береді: «Дені сарттар, россия саудагерлері пәтерде тұрады, қалада қытай саудасы жоқ, бәрі орыс тауарлары. Мұнда қазір 1200 қытай шерігі жатыр, бұлардан басқа 1500 дүнгеннен (дүңғандар) мықты шерік бар еді, бұлар Пекиннен келген жарлық бойынша 20 августте қайтып кетті. Мұнда орыс шерігі келді, саны 1100, парад болды... Қытай төрелері тәжім қылып, бастығы Чың Шай Дың, помощнигі басын изеп рахмет айтып бұған құп деді» [3, 2-6]. Осыған қарап орыстардың ол қалада экономика және саяси жағынан үстем орында тұрғанын аңғаруға болады. Мақаланың 2-бөлімінде қазақтар көп қоныстанған Буршум (Буыршын ауданы болса керек - Ж.С.) туралы да қысқа ғана ақпар айтылады.

Газеттің жоғарыда аталған санының 4-бетінде «Абақ керей» деген тақырыпта қысқа, танымдық мақала жарық көрген. Арысұлы атты автор Абақ керей руы, қоныстануы, билік жүйесі туралы біршама ақпар береді. Мақала басында Үйсін Абақ деген жігіттің ашамайлы керейге барып қыз алып, басына үй көтеріп, алдына мал салып, Абақ керей атанғаны айтылады. Мақаланың жалғасында Абылайдың балаларын абақтар хан көтергені, бір баласы Көгедай Абылаймен бірге хан Еженге барып, «біз бағындық» деп уаң тасын алып қайтқаны, Алтай, Сауырды мекендеген абақ керей руының саны 15 000 шаңырақтан асқанын баян етеді. Жер иелену жағдайын мәлімдей келе автор билік жүйесіндегі атауларды орысқа қараған қазақтардағы дәрежемен салыстырады: «Ұлықтары қазақтың өзінен: зәңгі (ауылнай), зальың (би), дүңше (тілмәш), үкірдай (болыс), амбы (начальник), күн (князь) заң - закон, билік қазақша. Жарлықтың аттарын, дәрежелерін салып ойған мөрмен бекітеді. Абақ 13 үкірдай (болыс) араларында бөтен халық жоқ. Жалғыз Сауыр тауында 3 үкірдай торғауыт бар. Ғұрып-әдеті көп өзгерген жоқ, баяғы қазақша. Ән дауысы Алатаудағы қалпындай» [4, 4-6]. Келтірілген деректерді өзге де көлемді еңбектердегі мәліметтермен салыстырар болсақ: «...Алтай қазақтары ұзақ уақыт ру-тайпалық басқару жүйесін қолданып келді. 1836-1883 жж. Алтай қазақтарын бір гүң (төре, автор) төрт би биледі. Бұл төрт би «төре» деп аталды... 1883-1905 жж. Алтай мен Қобда ерекше аймақ болып тұрғанда, жоғардағы бес адамдық басқару түзімі жеті адамдық басқаруға ауысты. Яғни бір гүң, екі амбы, төрт үкірдай болды. Қазақтарға қатысты ірі іс осы жеті адамның ұйғаруы бойынша шешілді. 1905 жылдан бастап жоғарыдағы 7 адамның қол астындағы әрбір кіші руға бірден зәңгі белгіленген. 1911 жылдан бастап Алтайда мансап көбейе түсті. Бұл кезде бір гүң, екі амбы, төрт биден төмен 12 руға 12 тәйжі белгіленді, әр тәйжінің қол астында бір үкірдай, 1-2 зальың, 5-6 зәңгі, әр жүз үйге бір күнде (жүзбасы, автор) белгіленді» [5, 442-6].

Келтірілген екі деректің арасында белгілі айырмашылықтар бар. Дегенмен екінші деректе нақтылық басым. Сонымен қатар кейінгі еңбекте Алтайды мекендеген қазақтардың саны туралы да мәлімет беріледі: «Ежен хан үкіметі билеген кезде Алтайдың қазақтары 13 мың үйден асатын еді, ал 1917 жылы тек 7 200 үй, 36 000 адам ғана қалған [6, 453-6]. Осыған қарап мансап иелерінің саны артып, елді қанауы күшейген сайын тұрғылықты халықтың өзге өңірлерге қоныс аудару бастағаны байқалады. Алым-салықтың артуы «Қазақ» газетіндегі мақалада да жазылған. Онда соңғы 20 жылда қазақтарды меңгеруге келген қытай төрелерінің қазақтан алым-салық алатынын, соңғы жылдары оның көлемі ұлғайып кеткенін айта келіп нақты сандарын көрсетеді. Дегенмен ауылда хат танитындардың бар екенін, жұрттың оқуға ынталы екенін тілге тиек етеді. Автор мақаласында газет-журнал оқитын көзі ашық керейдегі бір ауыл Мәми амбының (начальник, автор) «Қазақ», «Айқап», «Тәржіман», «Оқыт», «Жұлдыз» сынды басылымдарды алдырып оқитынын жазады. Мақала «саудамен айналысатын қазақ жоқ, қойларын арзанға айырбас жасайды» деген пікірмен қортындыланады. Осы мақалада ғылыми зерттеуге керекті деректердің бар екені байқалады, яғни Мәми және өзгеде тұлғалар туралы талдауларда сөзсіз қарастыруға тиісті мақала. Дегенмен, «Қазаққа» мақала жазғандардың мәліметтерін барынша шынайы етіп қабылдаудың

орнына, салыстыра отырып сыни көзқараспен пайдаланған абзал. Газеттің аталған санының 4-бетінде «опат» деген атпен Құлжаға қараған Қызайдың бас кісілерінің бірі Тергеусіз болыс Сасанұлының қыркүйектің сегізінде өмірден озғанын хабарлайды. Жаназасына 2000 кісі жиылғанын айта келе автор балаларының ата дәулетін ас беріп шашпай өнер-білім, мектеп-медресе ашуға жұмсаса, шын сауап болар деген тілегін білдіреді. Осыған қарап «Қазақ» газетінің екі елдегі ең беделді адамдар мен олардың еңбектері туралы бей-жай қарамай назарда ұстағаны аңғарылады.

Арысұлы деген атпен жазылған тағы бір мақала қытайдағы Алтай-Сауырды жайлаған керейлердің жайы туралы. Мақала «Қазақтың» 1914-жылғы 30 маусымдағы №68 санында «Қытай қазағы» деген тақырыппен шыққан. Онда Абылайдың 1757 жылы Пекинге барып моңғол жері саналса да бос жатқандықтан Алтай-Сауыр тауларын мекен етуге рұқсат алып қайтқаны туралы айтылады. 1913 жылы керейден Пекинге депутат болып барған адамның ештеңе шеше алмағандығын, Алтай-Сауырды керейлердің білек күшімен алғанын айта келіп автор керейлердің берекесіздік салдарынан тұрақтай алмай жатқанын жеткізеді: «қытайдан орысқа, орыстан қайта қытайға кіріп жаман атты болып жүрген керей ұлықтары да бар көрінеді. Орысқа қараған қазақтың партиясы керейде де ашылды, мал бағып, шаруа қылудан жұрт 2-3 жылдан бері қалып барады. Қытай бір шауып, қалмақ екі тонап, саудагер үш алып керейдің ұйқысын бұзып, мазасын қашырып тұр. Жер қайғысы, көші-қон, шаруа керейге батып-ақ тұр. Бас қосылмай, береке-бірлік қылынбай тағы тұр» [7, 3-6]. Мақала арқылы автор береке-бірлік, ынтымақтың жоқтығынан жер иелену мен қоныстануда көптеген қиындықтар мен мәселелердің туындап отырғанын меңзейді.

Қытайға қараған Шәуешек қаласы туралы шағын мақала аталған газеттің 1915 жылғы №120 санында жарық көрген. «Көзі көрген» деген бүркеншік атпен жазған автор қаланың халқы, орналасуы, ерекшеліктері туралы мәлімет береді. Онда тұрғындарының дені сарт, дұнған, қазақтар екендігі, көшелерінің тар, лас, бірақ сауда істерінің қызу жүргізілетінін жазады. Шәуешекте қытай хакімдерінен басқа, россиядан тағайындалған бас хакім-консул болған. Одан кейін халық арасынан 3 жылға сайланатын ақсақал бар. Оның міндеті - россияға қараған халықтың алыс-беріс, дау-жаңжалдарын тексеру. Ал консул екі патшалық адамдарының алыс-беріс, дау жаңжалдарын қарастырған. Қалада екі мұсылманша, бір орысша мектеп болса да, онда оқитын қазақ балаларының жоқтығы тілге тиек етіледі. Шәуешек байларының көзі ашық, кем-кетіктерге жәрдемі мол, үйлеріне жиналған газет-журналдарды әркімнің пайдалануына болады делінген. Мақала арқылы ондағы қазақтардың да сауда, оқу істерінен аулақ, қара жұмыспен күн көріп, мал бағумен айналысқаны, ақсақалдардың беделі жоғары екені аңғарылады.

«Қазақ» газетінің 1916 жылғы №203 санында Асмағил Найманқожаұлының «Қытай қазағы жайынан» атты шағын мақаласы басылған. Онда Шәуешекте 4 үкірдай (болыс) қазақтың барлығы, оның ішінде Таңғыт үкірдайдың «Қазақ» газетін алдырып тұратыны жазылған. Тіптен оның «Азамат» серіктігіне қосылғысы келетіндігі айтылады. Автор көзі ашық, көкірегі ояу билеушінің мектеп ашуға да ниетті екенін білдіреді. Таңғыт үкірдай туралы «Айқап» журналының тілшісі де жазған. Ол үкірдай үйінен «Бақытсыз Жамал» және басқа да кітаптарды көргенін, білімді, өнерлі әулет екендігін баян еткен. Осы мақалаларды зерделей отырып, аталған тұлға туралы да жеке зерттеудің қажеттігі аңғарылады. Сол арқылы алаш баспасөзі мен алаш идеясының таралуына, нәтижесіне баға беруге болады.

Ағартушы, қайраткер Молдағали Бектұрұлының «Қазақтың» 1917 жылғы №225 санында жарық көрген «қытайша оқыту» атты хабары біраз дерек ұсынады. Онда қытай үкіметінен 1916 жылы 1 наурызда «оқуға бала беріңдер» деп 23 ұлыс қазақ-қырғызға жарлық шығарғаны айтылады. Соның нәтижесінде қызайдың бегімбет, дербіс атты екі атасының 3 ұлысы 15 баланы оқуға жіберіп, астық түскен кезде қайтарып алған. Ал қалғандары «солдат қылады, Пекинге жіберіп қытай қылады» деп бала бермеген. Кейіннен оқудың қажеттілігін түсініп, 12 ұлыс балаларды оқуға берген, 45 оқушы орысша оқыған. Ал мұсылманша оқуды өз қалауымен таңдайтын болған. Осы арқылы автор қазақтардың сауат ашып, ағарту ісін алға жылжытуға ниеттене бастағанын жазады.

Аталған басылымдағы мақалаларды талдауда кездескен басты қиындықтар мен мәселелер мыналар: біріншіден, «Қазақ» газетінің толық нұсқасы қолымызда жоқ. Жоғалған, белгісіз сандарында қандай маңызды мағұлматтардың барлығын білу қиын. Екіншіден, жекелеген мақалалардың авторлары көрсетілмеген, бүркеншік есімдердің шын иесінің кім екені зерттелмеген, сондықтан да мақала мәтініне толық сеніммен қарап бір жақты баға беруге болмайды. Үшіншіден, мақала берушінің нақты жағдайға қаншалықты баға бере алғанын бағамдау оңайға соқпайды. Себебі жекелеген ұшқары, бір жақты, қисынсыз пікірлердің де бар екенін жоққа шығармаймыз. Қорыта айтқанда, бұл тақырып бұған дейін жүйелі, нақты зерттелмегендіктен, кейбір тұжырымдарды жасауда көбірек ойлануға тура келеді.

Сондықтан да алдағы уақытта «Қазақ» газеті көтерген мәселелерді ғылыми тұрғыдан жеке дара терең талдау қажет.

1 *Айқап*. – 1913. – №11. – 254-255 бб.

2 *Қазақ*. – 1913. – №33. – 4 б.

3 *Қазақ*. – 1913. – №34. – 2 б.

4 *Қазақ*. – 1913. – №34. – 4 б

5 *Қазақтың қысқаша тарихы*. – Үрімжі: Шыңжаң халық баспасы, 2009. – 442 б.

6 *Қазақтың қысқаша тарихы*. – Үрімжі: Шыңжаң халық баспасы, 2009. – 453 б.

7 *Қазақ*. – 1914. – №68. – 3 б

### Резюме

#### **Этнографическое описание статей и вестей про казахов в Китае опубликованные в газете «Казак»**

В одном из первых изданий о казахах Китая – в газете «Казак» – опубликованы разные по объёму познавательные статьи. Несмотря на то, что они разные по содержанию, в основном имеет историко-этнографический характер. Так же уделяется большое внимание вопросам образовательного процесса, обучению грамоте народа. Названы конкретные имена людей, которые в этих целях сделали многое во благо народа. Так же рассматривается структура управления местного населения. Так как каждая рукопись включает в себе важные факты казахской истории, пришлось их анализировать отдельно. Таким образом, рассмотрены материалы ранее неизвестных исторических личностей. В статье так же дан анализ некоторых важных материалов, опубликованных в газете «Казак».

**Ключевые слова:** таблица кызай, занги, залын, дунше, укирдай, амбы, кун, тайджи

### Resume

#### **Ethnographic description of articles and news about the Kazakhs in China, published in the newspaper «Kazakh»**

In one of the first publication about the Kazakhs in China - in the newspaper «Kazakh» - published different by the volume informative articles. Despite the fact that they are different in content, mainly has historical and ethnographic character. Also paid more attention to the educational process, to the teaching of literacy of the people. Describes the specific names of people who for these purposes have done a lot for the good for the people. Considered the governance structure of the local population. Since each manuscript includes a important facts of Kazakh history, had to analyze them separately. Thus, we consider the unknown historical figures, and written by them materials. The article also analyzed the number of important materials published in «Kazakh».

**Keywords:** table of kyzai, zangy, zalyn, dunshe, ukirday, amby, kun, taizhy

## **ЕЛІМІЗДІҢ МҰРАҒАТ ҚОРЛАРЫНА ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ ТУРАЛЫ МҰРАҒАТТЫҚ ҚҰЖАТТАРДЫҢ ЖИНАҚТАЛУЫ**

**Г.Б. Нургожина** – *Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінің, тарих, археология және этнология факультетінің, 2 курс магистранты*

Бұл мақалада еліміздің мұрағат қорларына Қазақстан тарихы туралы мұрағаттық құжаттардың жинақталу үрдісі туралы мәселелер қарастырылған.

1918 жылғы 1 маусымдағы РСФСР Халық Комиссарлар Кеңесінің «РСФСР-дағы мұрағат істерін қайта құру және орталықтандыру» атты декреті Қазақстандағы мұрағат ісінің дамуына жол ашып берумен қатар, Қазақстан тарихы туралы мұрағаттық құжаттарды еліміздің жан-жағынан жинақтауға негіз болды.

Кеңес үкіметінің мұрағат істері туралы қабылдаған актілері негізінде Қазақстанның әр аумағындағы мұрағаттарды бір ретке келтіру, мекемелердің құжаттарын аман сақтап қалу, сонымен қатар жергілікті жерлерде губерниялық мұрағаттарды ұйымдастыру туралы мәселелері қарастырылған.

Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік мұрағатында XVIII ғасырдың 30-шы жылдарынан бастап бүгінгі күнге дейінгі кезеңді қамтитын 1,5 миллиондай құжаттар сақталынған.

Мақалада еліміздің ең ірі мұрағат қоймасы болып табылатын Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік мұрағатына Қазақстан тарихы туралы мұрағаттық құжаттардың еліміздің түкпір-түкпірінен, сонымен қатар көрші елдердің мұрағаттарынан жинақталуы және оған өз үлесін қосқан мемлекет қайраткерлері мен мұрағат қызметшілерінің еңбегі туралы айтылады.

**Түйін сөздер:** мұрағат, құжат, дерек, декрет, қорлар, тарих

Егемендікке қол жеткізген бүгінгі қазақ елі барша әлемге танылып, басқа мемлекеттермен терезесі тең дәрежеде қарым-қатынас орнатып, дамып келе жатыр. Бірақ тамырсыз бәйтерек өспейді дегендей, еліміздегі Қазақстан тарихы туралы құжаттардың жинақталу үрдісі қандай деңгейде өтті және де жинақталған мұрағаттық қорлар қазақ мемлекеті туралы қандай пікір туғызатындығын білу үшін жинақталған қорларға сараптама жүргізіп өтуді мақсат етіп қойдым. Осы ретте елімізде және алыс-жақын

шетелдерде қордаланған тарихи құжаттарды, деректерді сөйлетіп, ел игілігіне жаратуы бүгінгі мұрағаттану ғылымының басты мақсат-мүддесі болып табылады. Себебі, мұрағатта ата-бабамыздың әулеттік шежіресі сақталып, өткен өмірдің тарихы айтылуда. Мұрағатта әр кезеңдегі тарихи оқиғалар, дипломатиялық қарым-қатынастар, қоғамның саяси-әлеуметтік, экономикалық бағыттары жөнінде құнды құжаттар сақталады.

Бүгінгі таңда республикамызда мемлекеттік мұрағаттар жүйесінде 221 мемлекеттік мұрағат мекемесі жұмыс істейді. Ұлттық мұрағат қорының және жеке құрам бойынша құжаттардың көлемі соңғы төрт жүз жылдағы Қазақстан аумағында жұмыс істеген және жұмыс істейтін 66 мыңнан астам ұйымның құжаттарын біріктіреді. Ал тәуелсіздік жылдары мұрағаттық сақтаудағы құжаттардың жалпы көлемі екі есеге дейін артқаны бұл салаға үлкен жауапкершілік артылып отырғанын көрсетеді [1].

Қазақстанның тәуелсіздік алуымен, мемлекеттің мәртебесінің өсіп өзгеруімен, саяси, экономикалық жағдайдың тұрақтанып, жақсаруымен қатар мұрағат ісінде де біршама өзгерістер жасалынды. Еліміз алыс-жақын көршілермен өзінің ғасырлар бойғы тарихына қатысты құнды деректерді бергісі Өзбекстан мен Ресей, сонымен қатар АҚШ, Польша, Венгрия, Түркия, Египет сияқты бірталай елдердің мұрағат қоймаларынан анықтап, мұрағат қорын жекелеген құжаттар көшірмелерімен толықтыруда. Бұл құжаттар саясат пен экономиканың, идеология мен мәдениеттің басты құралы болып саналады. Және де тарихымыздың көптеген ақтаңдақ тұстарын ашуға мүмкіндік беріп, өткеніміз дұрыс бағалана бастады. Қайткен күнде де Қазақстан тарихына қатысты мұрағат қорларында тәуелсіздік күнге дейінгі құжаттар көбіне басқа біреулердің саяси жүйесінің мүдделерін қорғау мақсатында жазылғандығын көреміз.

Кеңестік дәуірге дейінгі кезеңнің құжаттарына деректанулық талдау жасаудың болмауы еліміздің өткен тарихын толық бейнелеуге мүмкіндік бермеді. Ол құжаттарда шындықты өрескел бұрмалау, жалған ақпарат беру, деректі боямалап көрсету, қосып айту, кемшіліктерді жасыру кездесті. Деректер мен құжаттық мәліметтер сол кездегі патшалық биліктің идеологиялық мақсат-мүдделеріне лайықты қызмет етіп, құжаттарды солардың ыңғайына қарай бейімдеп отырды. Жан-жақты бақылау орнатылғанына қарамастан, олардағы мәліметтер және мұрағаттық деректер, статистикалық мағлұматтар т.б. арасындағы айырмашылығы жиі байқалып отырады.

Қазақстандағы мұрағат ісінің дамуына РСФСР Халық Комиссарлар Кеңесінің 1918 жылғы 1 маусымдағы «РСФСР-дағы мұрағат істерін орталықтандыру және қайта құру» атты декреті жергілікті жерлерде мемлекеттік мұрағат құрылысының басталуына негіз салып берді. Бұл тарихи құжат ел территориясындағы мұрағаттардағы бүкілхалықтық меншік, ал мұрағат құрылысы мемлекеттік іс деп бекітті. Осыған орай бүкіл ел көлемінде мұрағат қызметін ұйымдық жағынан қайта құрудың жаңа жүйесі қалыптасты.

Декретке сай мұрағаттарға жетекшілік жасайтын орталық және жергілікті органдар ғылыми-тарихи зерттеу мекемелері кешені ретінде Мұрағат жөніндегі Бас басқармаға бағындырылды.

Қызметін 1921 жылдың сәуір айында бастаған Бас мұрағаттар басқармасы бірінші кезекте патша үкіметімен қалған мекемелердің құжаттарын аман сақтап қалу іс-шараларын жүргізді. Осы мақсатта Орынбор қаласында Қазақ Өлкелік мұрағатын, сонымен қатар жергілікті жерлерде губерниялық мұрағаттарды ұйымдастыру туралы шешім қабылданды [2].

Аталған декрет бойынша барлық мекемелердің істері мен құжаттарын сақтау мақсатында Бірыңғай мемлекеттік мұрағат қоры ұйымдастырылды, және құжаттарды үкімет қатаң бақылауында ұстап, есепке алып отырды.

Декретте көрсетілгендей:

- мұрағат құжаттары бүкілхалықтық меншік болып табылады;
- мұрағат құжаттарын сақтаудың орталықтандыру ісін жетілдіру;
- мұрағаттардың ведомствалар мен құжаттарды жинақтауда өзара тығыз байланысын орнату;
- мұрағат қорларын жинақтауды рационалды ұйымдастыру және пайдалану мәселелері күн тәртібінде тұрды [3].

Кеңес үкіметі бұл Декреттен кейін де ел аумағындағы мұрағаттардың сақталуы мен оны қорғау ісі туралы төрт акті қабылдады [4].

Кеңес үкіметінің мұрағат істері туралы қабылдаған актілері Қазақстанда азамат соғысы аяқталғаннан кейін іле-шала жүзеге асырыла бастады. Қазақ әскери революциялық комитетінің бастамасымен кеңес орындары мен жергілікті тұрғындарға үндеу тасталды. Үндеуде құрылып жатқан губерниялық мұрағат қорына төңкерістен бұрынғы «қараусыз» қалған құжаттарды, усадьба, имениелерде табылған және жеке тұлғаларда жинақталған материалдарды тапсыру қажеттілігі туралы атап көрсетілді [5].

Өткен ғасырдың басында құрылған Орталық өлкелік мұрағат қызметкерлерінің қажырлы еңбегінің



арқасында біз бүгінгі күні өткен тарихымызды түпнұсқалық құжаттар негізінде зерттеп, біле аламыз.

Бұған дәлел болатын Бөкей хандығының мұрағаттық қорының жасалынуы. Мұрағат қызметкерлерінің дер кезінде атқарған іс-шаралары болмағанда, «Хан мұрағатының» сақталынып қалуы екіталай еді.

Қырғыз (Қазақ) АКСР губерниялық мұрағат бюроларының 1924 жылы берген мәліметтерінен келесі жәйтті оқып, көруге болады: «... Бөкей губерниялық бюросында көлемі 2000 пұтқа жуық тарихи маңызы бар революцияға дейінгі кезеңнің материалдары бар, осы күнге дейін оларды сақтайтын ғимарат болмай отыр, мұрағат бюросының бүкіл жұмысын бір ғана қызметкер атқаруда, оның, әрине тек қана күнделікті жұмысты ғана атқаруға шамасы келеді...» [6].

«Хан мұрағатының» болашақ тағдыры тек қана мұрағаттанушыларды ғана ойландырып қойған жоқ.

Елдің ғылыми қауым өкілдері мұрағаттанушылардың бастамасын қолдай отырып, Қырғыз (Қазақ) АКСР Еңбек және қорғаныс кеңесіне келесі хатты жолдайды: «... Астраханьдағы мұрағаттардың сақталу дәрежесі Ордадағыдан жоғары, сондықтан Орталық өлкелік мұрағат қазіргі уақытта Астрахань мұрағатының Бөкей губерниясына қатысы бар болғандығына қарамай, олардың Ордаға берілуіне үзілді-кесілді қарсы. Ордалық Бөкей хандығы мұрағатының сақталуын қамтамасыз ететін жағдай жасап, олардың шетінен ұрланып, жоғалып кетуіне жол бермеу керек. Олардың ұрлануына жол беріп отырған Ордалық атқару комитетіне қысым жасау қажет...» [7].

1924 жылы мұрағат басшылығы «Хан мұрағатының» Орталық өлкелік мұрағатына мемлекеттік сақтауға алынуы туралы мәселені көтереді: «Астрахань мұрағатының қырғыздарға қатысты істерін, «Хан мұрағатын» тұтасымен және Адай губерниясындағы Форт-Урицкийдегі көлемі 300 пұтты құрайтын Закаспийский мұрағатын Орынбор қаласына әкелу керек... Мұрағат құжаттарын сұрыптап, өңдеуден өткізіп, оларға тізімдеме жасау қажет. Өйтпегенде күнде оларды оқып, танысуға, зерттеуге мүмкіншілік болмайды...» [8].

Бөкей хандығының құжаттары Орталық өлкелік мұрағатына тек 1925 жылы келіп түскен болатын. Республика астанасының бірнеше рет көшірілуі салдарынан «Хан мұрағатының», «Хан қорының» түпкілікті өңделіп, ғылыми пайдалануға реттелуі 1934 жылдың аяғына қарай ғана мүмкін болды.

Республика Орталық өлкелік мұрағатының 1923 жылдан бастап қызметі туралы жылдық есептерінде мұрағат құжаттарын ғылыми пайдалану ісіне зор көңіл бөліне бастағанын байқаймыз.

1925 жылдың 9 мамырында Орал губерниялық Атқару комитетінің жанындағы өкілетті комиссия бұрынғы Бөкей губерниясының мұрағатын қайта құру жөніндегі отырысын өткізді. Комиссияның төрағасын Қалагев, хатшылығына Сарапаев сайланады. Комиссия күн тәртібіне Бөкей губерниясының мұрағатындағы құжаттардың сақталуы туралы мәселені қойды [9].

Мұрағат істерін ұйымдастырудың алғашқы жылдарында бұрынғы Орынбор губерниясының аумағында Орынбор-Торғай губерниялық мұрағаты бой көтеріп, ол РСФСР мұрағат ісі жөніндегі Бас басқармаға қарады.

Орынбор-Торғай губерниялық мұрағатының дүниеге келуі Қазақстанның болашақ ғылымы, соның ішінде тарих ғылымы үшін зор саяси маңызы болғанында. Онда құжаттарды бір жүйеге келтіру мен сақтау басты орын. Орталық өлкелік мұрағатының 1923 жылғы шілде, тамыз және қыркүйек айлары бойынша есептерінде:

1) Орынбор Шекаралық комиссиясы мен Торғай облыстық басқармасы мұрағаттарынан әкелінген 36 арба құжаттарды;

2) Бұрынғы губерния аумағындағы сот мекемелерінен әкелінген 70 арба құжаттарды реттеу мен қорларға бөлу жұмыстарының жүргізілгендігі жөнінде есеп береді.

1928-1930 жылдары жергілікті мұрағат органдарына шала сауатты, тәжірибесіз адамдардың жұмыс жасауының нәтижесінде Семей, Петропавл қалаларындағы қағаз дайындау фабрикаларына бағалы мұрағат қорларын өткізіп жіберуге әкеліп соқтырған жағдайлар да кездескен [10].

Осындай келеңсіз жағдайлардың қайталанбауы үшін 1931 жылдан бастап Қазақ АССР-ның Орталық мұрағат бөлімі кадр мәселесін күн тәртібіндегі басты мәселелерінің бірі етіп қойған. Сондықтан да мұрағат ісін жетілдіру мақсатында 1931 жылы Мұрағаттану Институты ашылды.

Орталық мұрағат қорына келіп түскен материалдарды ережеге сай жинақтап, тізімге алу шаралары да бірізділікке түсіріп, мұрағат қызметкерлерінің біраз іс-тәжірибе жинақтап қалғандығы назарға ілінеді. Мысалы, 1927 жылдың 1 қазанынан келіп түскен материалдардың жинақталып, тізімге алынғаны 30% болса, 1931 жылы 50%-ға жеткен [11].

Мұрағат қорының көптеген материалдары тізімге алынбай, арнайы қорлар есебінің жүргізілмеуіне ел астанасының бір қаладан екінші қалаға көшірілуі де себепкер болды. XIX ғасырға қатысты көптеген құжаттар, тарихи деректер алғашқы кезеңінде біржола жоғалды, бүлінді немесе ұрланып, жойылып кетті. Деректердің үлкен бөлігі Қазақстаннан тысқары жерлерде сақталды. 1925 жылы Қазақстанның астанасын

Қызылордаға көшірген кезде осы құнды мұрағаттық деректемелер Орынборда қалып қойды. 1928-1929 жылдары мұрағат мекемелері Қызылордадан Алматыға көшіргенде де деректер мен құжаттық материалдардың белгілі бір бөлігі жоғалды. Оңтүстік Қазақстан, Жетісу және Сырдария облыстарының тарихына қатысты құжаттардың елеулі бөлігі Ташкентте қалып, Өзбекстанның мемлекеттік мүлкі болып саналды.

Бірақ республикалық мұрағат мекемелері объективті және субъективті қиындықтарды жеңе отырып, жазба деректерді бір орталыққа жинау мен сақтау, сондай-ақ оларды зерттеу мен жариялауды ұйымдастыру бойынша қыруар жұмыстар атқарды. Соның барысында бірыңғай мұрағаттық тораптардың қалыптасуы мен орнығуына орай, республикада тарих ғылымының құжаттық негізі қорланып, ұлғая түсті.

1927 жылдан бастап Қазақстан тарихына қатысты материалдар Астрахань, Омбы, Орынбор, Ленинград, Ташкент, Жаркент қалаларындағы мұрағаттардан жинақтала бастады. Астрахань мұрағатынан Орталық мұрағатқа 1875 жылдан бастап Бөкей Ордасының Астрахань губерниясына қосылуына дейінгі материалдар алдырылса да, көптеген материалдар қорлардың бей-берекетсіз жинақталуынан табылмады. Омбы мұрағатындағы жинақталған материалдар 10 вагонға жеткенімен, оны сақтау орындарының болмауынан, Омбыда уақытша қалдырылды [12].

ҚАССР Орталық Атқару Комитеті кезінде РСФСР Орталық Атқару Комитетіне Ташкент мұрағатындағы Қазақстан мен Өзбекстанға қатысты қорларды бөлу жөнінде комиссия құру мәселесін көтергенімен, бұл мәселе де шешімін таппады. Бұның зардабын күні бүгінге дейін отандық зерттеушілер тартып келеді десек, артық айтқандық емес. Қазіргі кезеңде Өзбекстан мұрағаттарына рұқсат алу қиын мәселелердің бірі.

Орынбор мұрағат қорларындағы даулы материалдарды жинақтап алдыруда да келісім комиссиясы құрылмағандығына байланысты кейінге қалдырылған.

Орталық мұрағат қорындағы бар материалдар бойынша қазақ халқының тарихын XVIII ғасырдың аяғынан бастап жазу туралы бастама көтеріп, осыған байланысты ҚАССР Орталық Атқару Комитетінің Президиумы комиссия құрды.

Комиссияға С. Меңдешев, О. Исаев, Ұ. Құрамысов, О. Жандосов, С. Асфяндиаров, А. Асылбеков, Ә. Айтиев, Б. Әлменов, Ғ. Тоғжанов, В. Варламов сияқты қоғам, мемлекет қайраткерлері мүше болды [13].

Мұрағат ісін ұйымдастыру жылдарында кездескен қиыншылықтарға қарамастан ғылыми-зерттеу жұмыстары қатар жүргізілуімен ерекшеленді. 1926-1927 жылдары Орталық мұрағат қорында:

1. Исатай Тайманов
2. Қазақстандағы 1917 жылғы төңкеріс оқиғалары
3. Жетісудағы революциялық қозғалыстар
4. Орск-Ташкент және Орынбор-Орал темір жолы туралы
5. Алаш Ордаға қатысты материалдар бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізілсе:

Ал 1927-1928 жылдары:

1. Кенесары Қасымов көтерілісі
2. Жұт туралы
3. 1916 жылғы көтеріліс
4. Пайдалы қазбалар табылған жерлер
5. Орта Азиядағы ұлт-азаттық қозғалыстар
6. Қазақстандағы революциялық оқиғалар хроникасы
7. Қарақалпақ облысы туралы
8. Революцияға дейінгі Қазақстандағы психатрлық көмек туралы материалдар қарастырылған.

1928-1930 жылдар аралығында:

1. Пролетарлық революция жеңісінен кейінгі ұлттық аймақтар
2. ҚАССР Кеңесінің 1-ші съезі
3. Алаш Орда және Алашордалықтар
4. Денсаулық сақтау
5. Азамат соғысы жылдарындағы фотолар
6. Д. Фурманов туралы
7. Қазақстанның гидрографикалық, пеологоботаникалық және климаттық жағдайы
8. Өлкені отарлау мен жер мәселесі
9. Жетісудағы азамат соғысы
10. Жетісудағы партизандық қозғалыс

11. Жер учаскілері туралы жазбалар

12. Революциядан бұрынғы жұмысшы қазақтар туралы зерттеу жұмыстары жүргізілген [14].

Осы зерттеу жұмыстарының нәтижесінде мұрағат деректеріне сүйеніп негізделген Рязановтың «Кенесары Қасымовтың көтерілісі», Н.П. Болотниковтың «ҚАССР-ы Кеңесінің 1 съезі» және Торғай облысының шаруа және жұмысшы қазақтарының съезі» атты кітаптары баспаға дайындалды [15].

Алғаш ұйымдастырылған Орталық өлкелік мұрағат тарихи маңызды құжаттарды жинау, сақтау ісімен айналысып, бүгінде Орталық мемлекеттік мұрағаттың негізін құрап отыр.

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік мұрағаты – еліміздегі өз қорында негізінен XVIII ғасырдың 30-шы жылдарынан бастап 1,5 миллиондай әртүрлі тарихи кезеңдердің құжаттары бар ең ірі мұрағат қоймасы болып табылады [16].

Мұрағатта кеңес дәуіріне дейінгі кезеңнің барлығы 770-тен астам қорлары сақталуда. Мұрағаттың ең көне құжаттары Семей кедені қорында сақтаулы, 1732 жылғы құжаттан басталады және қор құжаттарында Жоңғар, Қытай және Орта Азиялық хандықтармен сауда қатынасының тарихы орын алған. Кеңес дәуіріне дейінгі кезең құжаттарының хронологиялық шегі XVIII ғасырдың аяғынан 1917 жылға дейінгі кезеңді қамтиды [17].

Қараусыз қалған революцияға дейінгі тарихи құжаттардың сақталуын қамтамасыз ету мұрағаттардың негізгі міндетіне алынды. Ұлттық мұрағат қоры ұлттық құндылық ретінде бекітілген заңмен мойындалған тарихи, әлеуметтік, ғылыми, экономикалық, саяси және мәдени маңызы бар барлық мұрағаттардың, мұрағат қорларының және құжаттық ескерткіштердің жиынтығы болып табылады. Себебі, тарих қана ұрпақтар үндестігін жалғастырып, уақыттар арасындағы өзара байланыстар мен өзара әрекеттесуді қамтамасыз етеді.

Кеңес үкіметі жылдарында Қазақстан мұрағаттарының құжаттық қорлары әлсін-әлсін «тазалау» мен аса құпиялық бақылауға алынып отырды. Жалпы алғанда, кеңестік дәуірде жазба деректер сан жағынан әлденеше есе өскеніне қарамастан, осы тараптан Сталиннің кезінде және одан кейінгі кезеңде кеңес дәуіріндегі тарихтың қайнар көздеріне орны толмас зиян келтірілді.

1940-1970 жылдардағы жоспарлы тазалау барысында мұрағат қоймаларының партиялық қорларынан, тарихи құндылығы жоқ деген желеумен, Қазақстан тұрғындарының 1920-1950 жылдардағы ауыр жағдайына куәлік ететін құжаттар алынып, жойылды. Олармен бірге партия комитеттері мен үкіметтік құрылымдар ұйымдарының жұмысындағы қателіктер мен кемшіліктер туралы мәліметтер бар құжаттар да жойылды.

Мұрағаттық сақтауларға негізінен орыс тіліндегі құжаттар қабылданды. Мәселен, бұрынғы республикалық партиялық мұрағатта – Қазақстан Компартиясы ОК жанындағы Партия тарихы институтының Партиялық мұрағат қорларында қазақ тіліндегі құжаттардың үлесі 3-5 %-дан асқан жоқ [18].

Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік мұрағатының қоры қазақ елінің тарихына қатынасты құжаттарды орталықтандырып есепке алу, оны сақтау және пайдалану мақсатында құрылғаны қалың жұртшылыққа мәлім. Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік мұрағаты қорында жинақталған құжаттарында еліміздің көп ғасырлық тарихы көрініс тапқан. Бұл құжаттар қазақ мемлекетінің қалыптасуы мен дамуын, саяси, экономикалық-әлеуметтік дамуындағы жаңа белестерді айғақтайды.

Бұл құжаттардың басты құндылығы – олар Қазақстанның өткен тарихы, бүкіл халықтың тарихы туралы үлкен тарихи мәні бар мәліметтерге де толы. Ескі деректемелік қордың жасалуы және бұған қоса мұрағаттардың партиялық және мемлекеттік дербес екі жүйесінің құрылуы Қазақстандағы тарих ғылымының дамуына кері әсерін тигізді. Соған сәйкес, ғылымның екі бағыты – жетекші-бағыттаушы партиялық ғылым мен оған бағынышты азаматтық тарих ғылымы қалыптасты.

Осындай қиыншылықтарға қарамай мұрағаттағы құжаттарды пайдалана отырып, 1943 жылы Е. Бекмахановтың «Қазақстан тарихы» оқулығы жарық көрді. Бұл дегеніміз мұрағат ісінің өз жұмысын дер кезінде тыңғылықты орындағаннан байқауға болады. Бірақта Кеңестер Одағының тоталитарлық жүйесі осы оқулықтың коммунистік идеологияға сәйкес келмейтін тұстары көп деп Қазақстан тарихын қайтадан жазғызды. Осы ретте XVIII ғасырдың екінші жартысына дейінгі құжаттар түпкілікті зерттелмей оған дұрыс тарихи баға берілмей, оқулық біржақты жазылып отырды. Ең бастысы Қазақстанның Ресейге өз еркімен қосылуы туралы пікір жан-жақты насихатталып Ресей патшалығының отарлау саясаты бүркемеленіп жазылды. Ал Қазақстанның XX ғасырдың 20-50 жылдардағы басынан өткерген қиын-қыстау кезеңі туралы дерек көздерінің көбісі пайдасыз деп табылса, мұрағат қорларынан алынып тасталды. Бұл Ресеймен Қазақстан мемлекеттерімен арасындағы көпжылдық қарым-қатынастарды кеңестік идеология тұрғысынан сипатталды. Және де Қазақстан тарихы империяның көлеңкесінде қалып

қойды.

КСРО ыдырағаннан кейін, тәуелсіз мемлекеттер пайда болған кезде де империялық ойлауды көрінеу және жасырын жақтаушылар Ресей отаршыл, империялық держава болған жоқ дегенінен айнымай келеді. «Ресей сол кезде де, кейінде де сөздің толық мағынасында қандай отарлар алып, иеленді деген ең қарапайым сұраққа жауап қайтарып көріңіздерші» деп сұрайды тарихшы В. Виноградов пен Ресей Сыртқы істер министрлігі тарихи-дипломатиялық басқармасы бастығының орынбасары И.В. Филатов «Отанымыздың өткен кезеңіне, Ресей империясының тарихына шолу жасағанда» деген мақалада. Бұл да бұрын жазылып келгендерге қайшы келеді. Бұл сұраққа өз кезінде Ресей тарих ғылымының аталары Н.М. Карамзин, В.О. Ключевский жауап қайтарған болатын. Соңғысы «Ресейдің тарихы – отарланушы елдің тарихы» деп әбден айқын жазған еді [19].

ҚРОММ қорының құнды құжаттары бүкіл халықтың ортақ игілігі болып табылады, және оларды мемлекет өз тарапынан жан-жақты қорғайды. Тарихымызға қатысты бұл құжаттарды қорғау мен пайдалану ережелерін қатаң сақтау, олардың сақталуына қамқорлық жасау – Қазақстан Республикасының мемлекеттік және қоғамдық ұйымдарының маңызы міндеті, азаматтарының борышы мен парызы. Сондықтан да Ата Заңымыздың 37 бабында: «Қазақстан Республикасының азаматтары тарихи және мәдени мұралардың сақталуына қамқорлық жасауға, тарих пен мәдениет ескерткіштерін қорғауға міндетті» - деп нақтыланған.

*1 Ғазиза Исахан, ҚР Байланыс және ақпарат агенттігінің Мұрағат ісі және құжаттама департаменті Мұрағат ісі және құжаттама басқармасының басшысы, Қазақстан мұрағаты, 2013, 2-бет.*

*2 Ұлттық мұрағатқа 90 жыл. Алматы, 2012., 6-бет.*

*3 Выписка из протокола №4 заседания Полномочной Комиссии Уралгубисполкома по реорганизации Губотделов Бывшей Букееской губернии.*

*4 Архивное строительство в Казахской ССР (1918-1980 гг.). Сборник законодательных и руководящих документов. Алма-Ата. 1980., 4-бет.*

*5 Белов Г.А. Доклад основные проблемы развития архивного дела в СССР (вместо автореферата) Москва, 1962., 35 с.*

*6 Ұлттық мұрағатқа 90 жыл. Алматы, 2012., 8-бет.*

*7 Сонда, 10-бет*

*8 Сонда, 12-бет*

*9 Архиву Букеевской Орды 200 лет. 1794-1994 Уральск, 1994*

*10 Сонда, 1994*

*11 Советский архивы. 1987., №4. 37-бет.*

*12 Советский архивы. 1907., №5. 46-бет.*

*13 Краткая информация об архивных учреждениях Республики Казахстан. Қазақстан. Алматы, 1996, 1-бет*

*14 Ә. Мұқтар, А. Аққали. Қазақстанда мұрағат істерінің қалыптасуы. Алматы, 2008.*

*15 Сонда, 2008.*

*16 www. cga. kz (ҚР ОММ-ның ресми сайты)*

*17 Сонда, www. cga. kz (ҚР ОММ-ның ресми сайты)*

*18 Крайская З.В. Информационный бюллетень №6, 40 лет архивного строительства в СССР. Минск, 1958, 109*

*19 Қазақстан тарихы. Бес томдық, 3 том. Алматы, 2002. 12-бет.*

### **Резюме**

В статье рассматриваются проблемы процесса накопления архивных документов по истории Казахстана в архивных фондах нашей страны.

Декрет Совета Народных комиссаров РСФСР от 1 июня 1918 года «О реорганизации и централизации архивного дела в РСФСР» положил начало развитию архивного дела в Казахстане и вместе с тем, послужил основой для накопления архивных документов по истории Казахстана с разных концов страны.

На основании актов об архивной работе советского правительства рассмотрены вопросы об унификации архивов в регионах Казахстана, сохранности документов учреждений и организации местных архивов в губерниях.

В Центральном государственном архиве Республики Казахстан хранятся свыше 1,5 миллионов документов, датированных началом 30-х годов XVIII по настоящее время.

В статье рассмотрен процесс накопления документов в Центральном государственном архиве из разных уголков Казахстана и архивов соседних стран, а также деятельность государственных деятелей и архивных работников, внесших свой вклад в этот процесс.

**Ключевые слова:** архив, документ, источник, декрет, фонды, история

### **Summary**

This article examines the issues of preservation of archive documents of Kazakhstan history in the archive funds of our country.

The basis for the development of archival work in Kazakhstan, archival documents from all regions of the country was the

Decree of the Council of Peoples Commissars of the RSFSR of June 1, 1918.

The problems of saving documents institutions, unified work of archives in various regions of Kazakhstan, along with the formation of local archives in the provinces on the basis of acts adopted on archives Government of the Union.

In the Central Archive of the Republic of Kazakhstan retained 1,5 million of various documents on the history of Kazakhstan that covers the historical period from the 30-s of the XVIII century to the our days.

The article refers to the largest archival repository of the country the Central State Archive of the Republic of Kazakhstan, on the preservation of documents from various parts of the country, including with neighboring countries and the contribution of public figures and archivists.

**Key words:** archive, document, power, decree, funds, history

УДК 930.25(574)

## **ҚР ОММ ҚОРЫНДАҒЫ ШЕТЕЛДЕН ӘКЕЛІНГЕН ҚҰЖАТТАР**

**П.Қожахметов** – *Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің тарих, археология және этнология факультетінің 2 курс магистранты, Алматы, Қазақстан*

Мақала Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік мұрағатындағы шетелдік мұрағат қорларынан әкелінген тарихи құжаттардың маңызын, ролі мен ерекшелігін анықтауға арналған. Автор мақала құрылымының алдыңғы бөлігінде тақырыптың мұрағаттану ғылымы саласындағы маңызына назар аудара отырып, мақалада қозғалатын мәселенің өзектілігін анықтауға талпынған.

Мақалада шетелдік мұрағат қорларынан әкелінген құжат көшірмелерінің бірқатарының аты аталып, олардың тарих ғылымына тигізер үлесіне баса назар аударылған. Автор мақалада Орталық мұрағаттың тарихи құндылықтар мен жәдігерлердің ең елеулі ошағы екендігін бірнеше мәрте атап, бұған дәлел ретінде мұрағат қорларындағы құжаттар негізінде жазылған зерттеушілердің еңбектерін келтіреді. Сондай-ақ автор шетелдік мұрағат құжаттарының көшірмелерін елімізге әкелу шараларында басты роль атқарған «Мәдени Мұра» бағдарламасының маңызына тоқталған. Бағдарламаның іс жүзінде жүзеге асуына тірек болған еліміздің белгілі қайраткерлерінің де есімі аталып, автор олардың мәдени жәдігерлерді жаңартудағы еңбектеріне тоқталады.

Мақалада Орталық мұрағаттың тарихи сатыларына және мұрағатқа арнайы келіп, тарихи зерттеулер жүргізіп жүрген шетелдік зерттеушілерге назар аударылып, аталмыш үдерістің жылдан-жылға артуының өзін автор мәдени ошақтың тек Қазақстан үшін ғана емес, елден тыс аймақ азаматтарының ғылыми зерттеулері үшін де таптырмас қорға бай екендігінің белгісі деп табады.

Мақала жалпылама тілмен жазылған. Автор мақалада тарихи деректерден гөрі, интернет жүйесіндегі жаңа ақпараттық мағлұматтарға көбірек жүгінеді. Мақала соңында автор тарапынан ғылыми байлам жасалады.

**Түйін сөздер:** мұрағат, Президент, «Мәдени Мұра», құжат, қор

Еліміз өз тәуелсіздігін тізгіндегелі ширек ғасырға таяу уақыт өтсе де, күні бүгінге дейін ұлттық құндылықтарымызға аударылған назар кенже қалып отыр. Бүгінде өз қорына 1 миллион 300 мың істі еншілеген Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік мұрағаты елдің ең ірі көппрофильді мұрағаты болуымен қатар, республикадағы жалғыз кеңес заманына дейінгі құжаттар қоймасы атанып отыр.

Тарихи ошақ ретінде Орталық мемлекеттік мұрағаты өз қызметін Орынбор қаласында 1921 жылы 1 қыркүйекте бастағаны белгілі. Бүгінгі таңда ҚР ОММ – еліміздің даму тарихындағы құжаттар легін жүйелеп, бір қалыпқа келтіріп жинақтаған ең алдыңғы қатардағы жалғыз мұрағат саналады [1]. XVIII ғасырдың ортасынан бастау алған революцияға дейінгі құжаттардан бастап күні бүгінге дейінгі құжаттарды сақтауды күзіретіне алған Орталық мемлекеттік мұрағат Қазақстан тарихының үш кезеңінің: кеңестік дәуірге дейінгі, кеңестік дәуір мен еліміздің тәуелсіздігі кезеңіндегі тарихи жәдігерлерді сақтап отыр.

Қазіргі таңда мұрағаттың қорында бас-аяғы 1 миллион 300 шамасындай құжаттар сақталған. Еліміз тәуелсіздігін тізгіндегелі бері оның тарихи даму жолында сан түрлі өзгерістер орын алды. Күні бүгінге дейін Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың және ҚР Үкіметі тарапынан мұрағат ісіне қолдау көрсетіліп келеді. Бұл мұрағат қорындағы құжаттардың құнды тарихи жәдігер екендігін білдіріп қана қоймай, сондай-ақ мемлекет тарапынан көрсетілген қолдаудың негізінде қор құжаттарының ертеңіне жауапкершіліктің жасалып отырғандығының айқын белгісі.

Кеңес кезеңіне дейінгі құжаттарды негізінен патшалық отаршылдық әкімшілік ұйымдарының қорлары ұсынса, ал мұрағаттың кейінгі кезеңдегі қорын тәуелсіздіктен кейінгі жылдардағы жаңа ақпараттар құрайды. Ол ақпараттарды біз қолдан жасамасымыз анық. Олардың басым бөлігін құжаттар шетел мұрағаттарынан әкелініп еншіленген құжаттар құрап отыр.

Мәселе аясында арнайы еңбек жазылмаған. Бірақ шетелдік мұрағат қорларынан әкелінген құжаттарға байланысты және олардың маңызы мен ролін көрсетуге бағытталған бірен-саран зерттеушілердің мақалаларымен ұшырастық.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев: «Егер біз мемлекет болғымыз келсе, өзіміздің мемлекеттігімізді ұзақ уақыт құрғымыз келсе, онда халық руханиятының бастауларын түсінгеніміз жөн. Оған барар жол тахиhi құндылықтарың негізінде жатыр», – деп [2], мемлекеттілік тұғырларының бірі – құндылық екенін баса көрсеткен болатын. Ал тарихымыздың шежіресі өткен мен бүгінгінің арасын сабақтастыратын алтын желі тарихи мұралар мен мұрағат құжаттарында сақталғанына ешкім дау айтпаса керек. Мемлекеттігінің тарихын, халқының мәдениетін, тілі мен дінін құрмет тұтатын ел алдымен ғасырлар тоғысынан жеткен рухани мұрасын көзінің қарашығындай сақтайды. Олай болатыны, әрбір жаңа тарих бетін ашқан айтулы оқиғалар, кезеңдер жазба ескерткіштер беттерінде, деректік негізі бар еңбектерде, ал олардың хатта сақталған бейнесі біздің мақаламыздың негізі болып отырған – мұрағат құжаттарында жатыр. Осыған орай, мұрағат құжаттарының заманауи ролі мен пайдасын зерттеу, олардың шоғырланған қоры мен жаңарып, толықтырылған нұсқаларына назар аудару, оларды орынды бағалап, бүгінгі тарих үшін маңызының молдығын жеткізу – өзекті мәселелердің бірі деп санаймыз. Мақаламыздың бағыты ҚР Орталық мемлекеттік мұрағат қорында сақталған шетелден әкелінген тарихи деректерге арналуының да сыры осында. Сондай-ақ өткеннің тарихи іздерін зерттеу, оларды объективті бағамдау мәселелері жөнінде сөз болғанда зерттеушінің алдына қойылатын ең басты мақсат – деректерді тауып, оларды талдау, салыстыру мәселесі болары сөзсіз.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан-2050» Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында: «Біз ұлттың тарихи санасын қалыптастыру жұмысын жалғастыруымыз керек» [3] – деп, тарихымызды түгендеудің мемлекеттік деңгейдегі аса маңызды іс екенін көрсеткен болатын.

Мұрағат топтамаларындағы кеңес кезеңіне дейінгі құжаттардың негізгі бөлігі XVIII ғасырдың соңынан бастап 1917 жылға дейінгі кезеңді хронологиялық тәртіппен қамтып отыр. Аталған кезеңдегі құжаттардың басым бөлігі өзінің ақпараттық қанықтығы бойынша және тіркелген деректерінің көрнектілігі бойынша бірегей және жалғыз болып табылады, әрі олар қазақ халқының экономикалық жағдайын, қазақ қоғамының XVIII-XX ғасырлар соңындағы әлеуметтік-саяси ерекшеліктерін көрсетеді. Сондай-ақ бұл құжаттыр өлке халқының мәдениеті мен тұрмысы ерекшеліктері туралы мәліметтер береді.

Мұрағат қорларының аса құнды бөлігін қазақ халқының Сырым Датов, Жоламан Тіленшиев, Исатай Тайманов, Жанқожа Нұрмұхамедов, сұлтан Кенесары Қасымов сынды батырлар көтерілісінен бастап, 1916 жылғы көтеріліспен аяқталатын халық-азаттық қозғалысы бойынша құжаттар құрайды. Көтеріліске дейінгі Қазақстан тарихын айқындайтын деректі материалдардан басқа мұрағат қорында шекаралас елдер (Моңғолия, Батыс Қытай, Орта Азия хандықтары) тарихы бойынша құжаттар да бар. Ортаазиялық түркі (шағатай тілі), парсы, татар, қырғыз, ұйғұр, қытай, моңғол және мәнжүр тілдеріндегі құжаттар да мұрағатта қомақты мөлшерде сақталған. Олардың басым бөлігі аталмыш кезеңнің заттай, хаттай деректерінен қалған мұралар болса, ал тең бөлігі шетел мұрағаттарынан әкелінген құжаттармен толығады. Уақытша үкімет және азаматтық соғыс кезеңіндегі құжаттарды Далалық генерал-губернаторлық бойынша Уақытша үкімет кеңесі қоры, Уақытша үкіметтің облыстық комиссарлары, облыстық азаматтық және земстволық басқарма, комиссиялардың Құрылтайшы жиналысына сайлау жөніндегі істер бойынша округтіктер, Семей облысы бойынша Уақытша Сібір үкіметінің өкілетті азық-түлік министрі және басқа ұйымдар қорлары ұсынып отыр. Осыған қарап, кенестік қорлардың мұрағат құжаттарының негізгі бөлігін құрайтындығына көз жеткізе аламыз. Олар ең алдымен – Қырғыз өлкесін басқару бойынша Әскери-революциялық комитет қорлары, Орталық Атқарушы Комитет пен Қазақ АССР Халық Комиссарлары Кеңесі, Қазақ АССР Жоғарғы Кеңесі мен Министрлер Кеңесі, халық комиссариаттары, министрліктері және 1919-1991 жылдардағы басқа республикалық ұйымдар қорларынан тұрады.

Кеңес кезеңіндегі құжаттарда тіркелген деректер республика өнеркәсібі базасының қалыптасуының негізгі кезеңдерін, көпсалалы экономиканың құрылуы, тың және тыңайған жерлерді игеру кезеңдерін, мәдени құрылыс барысы мен ерекшеліктерін, республиканың халық санындағы демографиялық және этникалық өзгерістерін айқындайды.

Қазақстанда тоталитарлық тәртіпті орнату, мүлкіті тәркілеу және байлар мен жартылай феодалдарды жер аударту, жаппай ұжымдастыруды жүргізудің барысы мен ерекшеліктері және соған байланысты XX ғ. 30 жылдарындағы ашаршылық сияқты бұрын жабулы болған тақырыптар бойынша деректер сақталған қорлар материалдары бүгінгі таңда ерекше маңызға ие болып отыр. Сондай-ақ мұрағатымыздың қорында

жаппай саяси репрессиялар, әсіресе қазақ ұлттық зиялылары тарапындағы репрессиялар туралы деректерді қамтитын құжаттардың бірқатар легі бар.

Қазіргі таңда мұрағат қорында 70 мыңнан астам істі қамтитын 250-ден астам мұрағаттық қор сақталғандығын ресми құжаттар куәландырады. Ал осы құжаттардың кейінгі жылдардағы сандық жаңаруы шетелдік жәдігерлер есебінен екендігіне біз зерттеуімізді жүргізу барысында көз жеткіздік.

Осыдан он төрт жыл бұрын Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің он жылдығын тойлау барысында Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан мұрағат қызметіне «Жаңа Сарбонна – Париж III» Шығыс тілдері университетінің (Франция) университетаралық кітапханасында сақталған Мұстафа Шоқай құжаттарының микрофильмдерін табыстауы көрнекті әрі тарихи оқиғаға айналып, атаулы сәт тек біздің елде ғана емес, шетелдік ғылыми-мәдени орталарда да айтарлықтай резонанс тудырды.

Мұстафа Шоқай мәдени мұрасының өз Отанына оралуы Қазақстан Республикасы үшін тарихи және мәдени құндылығы бар XV-XX ғғ. Қазақстан тарихы бойынша мұрағаттық құжаттарды іздестіру мен оларды шет мемлекеттер мұрағаттары мен ғылыми мекемелерінен қайтаруға байланысты қомақты да ықтиятты жұмысты талап ететін жұмыс бастамасының белгісі болды. 2007 жылға дейін ресейлік мұрағаттардан Қазақстан тарихының әртүрлі қырлары бойынша 1289 сақталу бірлігі алынған-ды [4, 52 б.].

Заманауи кезеңде мұрағат қызметі Орталық мемлекеттік мұрағат Жарғысына сай функцияларды және жоспарланған жұмыс көлемін орындауға, Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына «Жаңа Әлемдегі Жаңа Қазақстан» жолдауы белгілеген міндеттерді, нормативтік-құқықтық актілерді және ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің, Ақпарат және мұрағат комитетінің ұйымдастыру-әдістемелік құжаттарын орындауға бағытталған. Бұнымен қоса, мұрағат қызметінің ең маңызды бағыты қатарын құжаттардың сақталуын қамтамасыз ету ісі толықтыра түседі. Мәселен, 2001-2005 жылдары «Қазақстан Республикасында мұрағат ісін дамыту бағдарламасы» іске қосылып, оның аясында мұрағат қызметкерлері мұрағат қорын шетелдік мұрағаттарда сақтаулы құжаттармен толықтыру саласында көп еңбек сіңірді. Мұрағат қызметкерлері көршілес елдерде, оның ішінде Ресей мемлекетінің бірнеше мұрағаттарында Қазақстан тарихына байланысты құжаттарды іздестіру жұмыстарын жүргізіп, кейін бұл бастама «Мәдени мұра» бағдарламасымен ұштастырылып, осы салада бірқатар жұмыстар атқарылды. «Мәдени мұра» бағдарламасының ұйымдастырушысы ретінде әсіресе И.Тасмағамбетовтың еңбегін ерекше атай кеткеніміз жөн. Аталмыш бастамалардың арқасында мұрағат қоры Қазақстан тарихына байланысты құжаттар көшірмелерімен толықтырыла бастады.

«Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша мұрағат қорының құрамын арттыру, Қазақстанның тарихына байланысты құжаттарды топтастыру, зерттеушілерге жеңілдік келтіру мақсатында бірнеше мұрағат мамандары шекаралас жатқан Ресей, Қытай тәрізді шетелдің мәдени орындарында жұмыс жасап, мемлекет және мұрағат басшыларының қажырлы еңбектері арқасында бірқатар құжаттардың көшірмелері алына бастады.

Соның бір дәлелі, тек Ресей мұрағаттарының өзінен 1000-ға жуық мұрағат құжаттары алынып, тарихи зерттеу жұмыстарын жүргізуге серпінді ықпалын тигізді. Мұрағат саласындағы мұндай жетістіктер зерттеушілердің ғылыми зерттеу жұмыстарына зор үлесін қосып отырғанын зерттеушілердің өздерінен де жиі естиміз. Мәселен, отандық зерттеушілеріміз, әдетте, өздерінің бекітілген кандидаттық, докторлық тақырыптарына қажетті мәліметтерді Ресейдің, Қытайдың, Монғолияның мұрағаттарына барып алуы тиіс болатын. Алайда қаржылай шығынның көптігінен бұндай жоспарлар көп жағдайда жүзеге аспай қалып жатты. «Мәдени Мұра» тарихи-жәдігерлерді жаңарту бағдарламасы көршілес мемлекеттедің мұрағат қоймаларында сақтаулы тұрған еліміздің тарихына қатысты бірнеше мағлұматтарды, деректерді отанымызға оралтуға септігін тигізген баға жетпес бағдарламалардың біріне айналды.

Қазіргі таңда тарихи мағлұматқа бай ҚР ОММ оқу залында ғылыми жұмыс жасап жүрген зерттеушілердің саны жыл сайын 3000-дай адамды құрайды екен. Еліміз өз тәуелсіздігін алғалы бері шетелден келіп тарихи қайнарларға бас ұратын зертеушілердің де саны артуда. Мәселен, шетел зерттеушілерінің жылдық көрсеткішіне тоқталар болсақ, 90 жылдары олар небары 2-3-еу ғана болса, 2003 жылдан бері жыл сайын 15-20-дай шетел азаматтары зерттеу жұмысын жасайтындығы анықталып отыр. Атап айтсақ, олардың басым бөлігі АҚШ, Германия, Жапония, Ұлыбритания, Франция, Польша, Ресей, Қырғызстан, Өзбекстан елдердің азаматтарынан құралады.

Қазіргі таңда мұрағат қызметкерлері тарапынан шетел мұрағаттарынан келіп түскен құжаттар бір жүйеге келтіріліп, жеке тізбелер құрастырылып, жеке тізбелерді құрайтын «Қазақстан тарихына байланысты құжаттар көшірмелерінің коллекциясы» атты жеке қор құрылды. Мұрағат қорына келіп түскен микрофильм түріндегі әр құжаттар алдымен қажетті техникалық құралмен оқылып, мазмұны мен

хранологиялық шеңберіне сай реттеліп, тізбе құрастырылған. Құрылған тізімдеме мұрағаттың сараптама-тексеру комиссиясының мәжілісінде қаралып, бекітілген.

Мұрағат аса құнды және бірегей құжаттардың түпнұсқаларын ұрпақтан-ұрпаққа сақтап жеткізу үшін және Қазақстан тарихына байланысты шет жақтан алынған құжаттар көшірмелері микрофильм түрінде жасалатындықтан, оны зерттеушілердің күнделікті оқып, пайдалануы үшін қажетті техникалық құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілуде.

Жинақталған көшірме құжаттарында Қазақ тарихының «Ақтандақ тұстарын» дәлелдейтін деректер де баршылық, әсіресе қазақ тарихын бейнелейтін XVI-XVII ғаырдағы құжаттар, Уақытша өкіметі тұсындағы саяси жағдай, Алаш Орда партиясының мүшелері туралы құжаттарды атауға болады.

Ресей мемлекеттік әскери-тарих мұрағатынан 1753-1917 жылдар аралығын қамтыған Қазақ жерінде әлеуметтік-аумақтық басқару жүйесін қалыптастыру, қазақ халқымен шекаралас жатқан ұлттармен байланыс, сауда мәселесі, қазақ халқының мәдениеті, тұрмыс-тіршілігі, шаруаларды қазақ жеріне қоныстандыру, қазба байлықтарын игеру үшін қазақ даласында барлау жұмыстарын жүргізу саясаты т. б. туралы құнды құжаттар келіп түсті.

Ресей мемлекеттік ерте актілер мұрағатының 1585-1876 жылдар аралығын қамтыған «Сенат және оның мекемелері», «Сібірді басқару және Сібір приказдығы», «Қырғыз-қайсақ істері», «Монғол істері» атты қорларынан қазақ-қалмақ, Қытаймен сауда қатынасы, Ресей бодандығына өту үшін жіберілген қазақ елшілері туралы аса құнды деректер алынды.

Ресей Федерациясының мемлекеттік мұрағатынан алынған XIX ғасырдың I жартысынан 1917 жылға дейінгі «1872 жылдан Министрлер кеңесінің төрағасы, шетел істер министрлігінің Азия департаментінің директоры, граф Игнатъевтің» қорында Хиуа мен Бұхар мәселесі, Түркістан өлкесін басқарудағы өзгерістер туралы мәліметтер болса, ал 1917-1924 жылдар аралығын қамтыған осы мұрағаттың құжаттарында Уақытша өкімет, «Алаш Орда» партиясына байланысты, сайлау мәселелері туралы, өнеркәсіптегі жағдайлар туралы, Түркістан республикасының саяси, экономикасына байланысты құжаттарды «Ұлттық халық комиссариаты жанындағы Қазақ Автономиялы кеңестік социалистік республикасының өкілдігі» қорынан да табуға болады.

Ресей мемлекеттік әлеуметтік-саяси тарихы мұрағатынан келіп түскен 1917-1936 жылдар аралығын қамтыған құжаттарда коммунистік партия мүшелерін облыстар мен губернияларға бөлу, коммунистерді есепке алу мәселелері туралы айтылған. Ал Ресей мемлекеттік әскери мұрағатының 1917-1920, 1917-1926, 1917-1920, 1918-1926 жылдар аралығын қамтыған құжаттарынан Қазақ жерінде Кеңес өкіметін орнату, ақтардың іс-әрекеттері, азамат соғысына байланысты құжаттардың бірқатар көшірмелері алынған.

Түркияда жарық көрген М.Шоқайдың ықпалы бар «Яш Туркестан» журналының 1929-1936 жылдардағы нөмірлер коллекциясы және «Йени Туркестан» журналының 1927-1931 жылдар аралығын қамтыған құжаттары мұрағат қорын толықтырған бай қазынаға айналып отыр [5].

2001 жылы Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың ҚР тәуелсіздігінің 10 жылдығын атап өту сәтінде «Жаңа Сорбона-Париж» университеті жанындағы шығыс тілдері университет аралық кітапханасында сақталған қазақтың бірегей жұлдызы Мұстафа Шоқайдың құжаттар мұрасының көшірмесін мұрағат қорына табыс етуі мұрағат саласындағы тарихи оқиғаға айналды. Аталған процестердің екпінімен кейінгі кезде мұрағат құжаттарын сақтап көшіру және қайта қалпына келтіру үшін Орталық мұрағат ішінде арнайы Орталық құрылды. Осы уақыт ішінде тек қана суретшілердің 100-ден аса көркем туындылары жөндеуден өткенін саяси құжаттар дәлелдеп отыр.

Сонымен, осы мақаламыз барысында ҚР Орталық мемлекеттік мұрағатының тарих ғылымының қайнар көздерінің мызғымас ошағы екендігі атала келіп, мұрағат қойнауындағы бүгінде қолданысқа берілген шетелдік қорлардың маңызы мен тарихына назар аударылды.

Шетелдік құжаттардың ерекшелігі – олар мұрағат қорын жаңа қайнар көздермен толықтырып қана қоймай, сонымен қатар тарих ғылымының ақтандақ беттерін жаңа қырынан саралап, объективті шындыққа қол жеткізуге, жаңа ақпараттар негізінде зерттеушілердің салыстырмалы әдіс арқылы жаңа ғылыми өнім алуына мүмкіндік береді. Шетелдік құжаттар көшірмесін отанымызға әкелудің басты әдісі, біз жоғарыда атап өткендей, ғылыми бағдарламалардың негізінде жоспарланып, жүзеге асырылды. Қазіргі таңда ҚР Орталық мұрағаты еліміздегі ғана емес, Орта Азиядағы алдыңғы қатарлы мұрағат қоймасын шоғырландырған тарихи ошаққа айналып отыр.



2 Н.Ә. Назарбаев. Иасауи – біздің Конфуциі // Қазақ үні. 18 шілде, 2011.

3 Қашпабаева А. Ұлттық сананы қалыптастырудағы Отан тарихының рөлі // <http://old.abai.kz>

4 Қазақстан тарихы: Аса маңызды кезеңдері мен ғылыми мәселелері. Жалпы білім беретін мектептің қоғамдық- гуманитарлық бағытындағы 11-сыныбына арналған оқулық / М.Қойгелдиев, Ә.Төлеубаев, Ж.Қасымбаев, т.б. — Алматы: «Мектеп» баспасы, 2007.

5 Сексенбаева Г.А. Центральный государственный архив. «Қазақстан мұрағаттары». 2005. №1(1). б.113-128.

#### Резюме

**П. Кожакметов** - Магистрант 2 курса факультета истории, археологии и этнологии Казахского национального университета им.аль-Фараби, Алматы, Казахстан; [pernebek91@mail.ru](mailto:pernebek91@mail.ru)

#### Документы иностранных фондов в ЦГА РК

Статья посвящена роли и особенности исторических документов привезенных из за рубежа в Центральный Государственный Архив РК. Автор в первой части своей работы обратил внимание на значимость изучения данной проблематики в научной области архивоведения, пытаюсь определить актуальность исследования.

В изучении данной проблематики автор работы выделил ключевую роль национальной программы «Мәдени Мұра», в результате которой в страну были привезены большое количество копии иностранных фондов. Помимо этого, автор показал роль общественных деятелей в осуществлении программы, также подробно остановился на их труды.

В статье глубже рассматриваются исторические пути Государственного архива, также показана возростающий интерес зарубежных исследователей к фондам центрального государственного архива РК. Автор подробно показал процесс увеличения значимости фондов Центрального государственного архива РК не только для отечественной истории, но и зарубежной, тем самым показал, что Казахстан богат научными исследованиями.

Автор в своей статье полагается на новые информационные источники всемирной сети, а не на исторические источники. В конце своей работы автор дает свою научную точку зрения.

**Ключевые слова:** архив, Президент, «Мәдени Мұра» («Культурное наследие»), документ, фонд

#### Summary

**P.Kozhakhmetov** - Master of 2 course, faculty of history, archeology and etnology, al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan; [pernebek91@mail.ru](mailto:pernebek91@mail.ru)

The article focuses on the role and features of historical documents brought from abroad in the Central State Archive of the Republic of Kazakhstan. Author in the first part of his work drew attention to the importance of the study of this problem in the field of archival science, trying to determine the relevance of the study.

In the study of this problem author allocated key role of the national program "Madenu mura", which resulted in the country had been brought up a large number of foreign funds. In addition, the author shows the role of community leaders in the implementation of the program, also elaborated on their work.

The article discusses deeper historical path of the State Archives, also show growing interest of foreign researchers to the funds of the Central State Archive of the Republic of Kazakhstan. Author detail showed the importance of the process of increasing the funds of the State Archive of the Republic of Kazakhstan not only for the country's history, but also abroad, thereby showed that Kazakhstan is rich in scientific research.

Author in his article polagetsya new information sources worldwide network, and not on historical sources. At the end of its work, the author gives a scientific point of view.

**Keywords:** Archive, President, «Madenu Mura» («Cultural Heritage»), document, foundation

## ҚАЗАҚСТАН ТЕРРИТОРИЯСЫНДАҒЫ ОҚУ-АҒАРТУШЫЛЫҚ САЛАСЫНДАҒЫ КЕЙБІР МЕДРЕСЕЛЕРГЕ ШОЛУ: XIX Ғ СОҢЫ – XXҒ БАСЫ

**М.Қ. Муталиев** – Абай атындағы ҚазҰПУ, 1 курс магистранты

Мақалада XIX-XX ғасырларда Қазақстан территориясындағы білім беру мен ағарту негіздері қарастырылады.

Мақалада зерттеу тақырыбы бойынша жаңа мәліметтер мен ғылыми айналымда тотальді талдауды қажет ететін аз зерттелген тарихи деректер жалпыланған. Сонымен қатар, автор Оңтүстік Қазақстан Облысы, Семей, Батыс Қазақстан және Башқұртстан территориясындағы оқу-ағартушылық саласындағы кейбір медреселерге қысқаша шолу жасады.

**Тірек сөздер:** Медресе, мектеп медресе, мұсылмандық оқу-ағартушылық

Қазақстан педагогика ғылымы тарихында медреселердің ағартушылық қызметі маңызды орын алады. Өйткені, қазіргі ғылым парадигмаларының антропоцентристік бағытта дамуы, ең алдымен педагогика саласында басшылыққа алынған ұстаным болып есептелуде. Соған сәйкес, XIX ғасыр мен XX ғасырдың 2-ші ширегіне дейінгі медреселердің оқу-ағартушылық бағыты жаңа көзқарас тұрғысынан талдауды, оның танылмай келген педагогикалық қыр-сырларын талдап-таразылауды қажет етеді.

Бұл туралы Қ. Ж. Адамбосынов өз зерттеуінде: «Қазақстандағы ағарту саласындағы мұсылмандық оқу жүйесінің тарихын зерттеген келесі ғалымдар мектебі кеңестік дәуірде қалыптасты. Бұл ғылыми топтың өкілдері Т.Тәжібаев, Н.Сәбитов, І.Сембаев, Г.Храпченков т.б. болды. Олардың еңбектерінде осы мәселелерге байланысты әр алуан құнды мәліметтер бар. Бұл еңбектерде мектеп-медреселер туралы сирек мұрағаттық құжаттар қамтылған. Бірақ бұл еңбектерде ғылыми объективтілік ұстанымдары үнемі сақталды деуге болмайды. Оларда мұрағаттық деректер беріліп отырса да, медреселердің құрылымына қажетті ғылыми талдау жасалынбаған. Әрине, бұл тұста сол кезеңдегі саясат басты орын алған. Қазақстан педагогика ғылымының жалпыкеңестік педагогика тарихының бір саласы ретінде қарастырылып, медреселердің халық ағарту ісіндегі нысанды қызметі көрінбеді» [1, 5].

Қазақ жеріндегі оқу-ағартушылық бағытындағы медреселердің оқыту әдістемесіне тоқталмас бұрын «медресе» тарихына шолу жасағанды жөн көрдік.

Медресе – дін қызметкерлерін, мұсылман бастауыш мектептерінің мұғалімдерін және Таяу, Орта Шығыс, т. б. елдердің мемлекеттік аппарат қызметкерлерін даярлайтын орта және жоғары мұсылман мектептері [2, 437].

Ал, Әбсаттар қажы Дербісәлінің сөзімен айтқанда, медресе – діни орта білім беретін оқу орны [3, 312].

Медреселерде оқу-ағарту жұмыстарының болғандығын дәлелдейтін материалдық фактілер кездесетіндігі туралы Қазақстан Ұлттық энциклопедиясында былай беріледі: «Медресе ішіндегі оқу бөлімшелері құжыра, қархана, дәрісхана деп аталған. Әрбір ірі медреселерде кітапханалар жұмыс істеген. Мысалы, Бұхарада XI ғасырда ірі кітапхана болған. Осындай орта ғасыр медреселерінің зәулім ғимараттарынан Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Йасауи кесенесін айрықша атауға болады. Мұнда кезінде медреселермен бірге кітапхана да болған» [2].

Зерттеулер бойынша, қазақ жеріндегі ең алғашқы медресенің іргетасы көне қала Баласағұнның Қарахан мемлекетінің астанасы болып, гүлденіп тұрған кезеңінен кейін шамамен моңғол шапқыншылығына дейінгі аралықта қаланғандығы байқалады. Бұл туралы Әбсаттар қажы Дербісәлі өз зерттеуінде: «Мұстауфи (Хамдаллаһ Мұстауфи әл-Қазуини) моңғол шапқыншылығына дейін (1280-1350) Баласағұнда 10 медресе болған деп жазады» [3, 324] деп келтіреді де, оларды «Баласағұн медреселері» деп атайды.

Бұдан басқа, қазақ жеріндегі көне қаланың бірі Сауранда да XVIII ғасырда «Сауран медресесі» белгілі болған. Медресе құрылысы жағынан көне ғимараттарға ұқсас деп жобалануда. Архитектуралық зерттеулер негізінде бұл медресенің орнында сыртқы пішіні ромбы тәріздес, төбесі үшкір күмбезбен жабылған және қабырғасының қалыңдығы 1,55-1,56 м. шығатын күйдірілген қышпен қаланған ғимарат макеті болғандығы анықталған.

Сонымен қатар, XVIII ғасырдың 60-шы жылдарында қалыптасқан медресенің бірі – Сейіт медресесі. Зерттеулер мұнда 80-ші жылдары II Екатеринаның жарлығымен Азия мектебі ашылып, бұл мектепке Ақтөбе, Бірғыз, Темір уезінен жылына 20-30 үздік оқушы балалар қабылданғандығын көрсетеді.

XVIII ғасырдың аяғы мен XIX ғасырдың басында іргетасы қаланып, бүгінгі күнге дейін жеткен медресе – «Баб Ата медресесі». Ол Оңтүстік Қазақстан облысы Созақ ауданының орталығы Шолаққорған ауылының жанында орналасқан.

Қазақ жеріндегі басқа медреселер тобы XIX-XX ғасырдың 20-30 жылдар аралығында қаланған болып есептелінеді. Өйткені, зерттеулер көрсетіп отырғанындай, келесі медреселер тобының іргетасы осы ғасырларға сәйкес келеді. Оның үстіне Әбсаттар қажы Дербісәлінің зерттеуі Қазақстанның Сайрам, Түркістан, Ақмешіт, Әулиеата қалаларында XIX ғасырда 31, Семей аймағында 7, Батыс Қазақстан және басқа да облыстарда ондаған медреселер жұмыс істегендігін дәлелдейді [3, 310].

Осындай мазмұндағы мәліметті «Оңтүстік Қазақстан» энциклопедиялық жинағынан да кездестіреміз: «...1894 жылы Торғай облысында 59 медресе болды, бұларда 457 бала оқыды. 1896 жылы Ақмола облысында 13 медресе болды, бұларда 970 бала тағылым алды [4, 26]. Олар:

Айғаным медресесі. 1834 жылы салынған медреседе әрқайсысының сыйымдылығы 20 шәкірттік 5 бөлме болған. Медреседегі дін оқуына, мұсылманша хат тануға сол төңіректегі жас балалар көп тартылған.

Алматы медресесі. XIX ғасырдың орта шенінде Алматы қаласында орталық мешіт салынуымен қатар бой көтерген медресе ғимараты болып табылады. Бұл медресенің ерекшелігі – Қазақстанның барлық аймағынан талапкерлер қабылданғандығында. Жүз елу адамдық орны бар діни медресе 1938 жабылып, 1990 жылы жаңа мешіт құрылысының басталуына байланысты бұзылды.

Ахмет Риза медресесі. XIX ғасырда Семей қаласында іргесі қаланған танымал діни оқу орны. Бұл оқу орны діни сабақтармен қатар, мұсылмандық оқу-ағарту жүйесінде шығыс әдебиетімен қатар, сол кездің озық ғылымдары ретінде арифметика, география және тарих пәндері болған. Медресенің жетекші

ұйымдастырушысы – Ахмет Риза, өзі де шығыс әдебиетіне жетік, діни философия саласының өкілі еді.

Осы медресенің аты қазақ даласына Абай есіміне қатысты кең таралғандығы белгілі.

Ахмет Риза медресесі шығыс әдебиетін насихаттап, сол кездегі басқа діни оқу орындарынан әжептеуір озық саналған. Абай бұл медреседе 3 жыл оқыған. Ақын осында түрік, араб, парсы тілдерін үйренді де, бүкіл шығыс классиктерінің өлеңдерімен, философиялық ой-тұжырымдарымен танысты. Оның алғашқы өлеңдерінің айқын шығыс ақындары ізімен жазылғандығы да сондықтан [2, 111].

Аякөз медресесі. Медресенің іргесі 1851 жылы қаланған. Бұл медресенің оқу-ағартушылық қызметін Әбсаттар қажы Дербісәлі еңбегінде: «Медресе ұзақ жылдар бойы Аякөз округіндегі 12 болыс елдің балаларын мұсылманша оқытып, сауатын ашқан. Медреседе дін оқуларымен қатар, тарих, жағрапия, есеп, фәлсафа пәндері де оқытылған. Онда Шейх ул-Сейіт Мирхалидұлы, Бердіқожа Саяқыпұлы, Мұхаммед Садық, Шәкәр Шахиахметұлы, т. б. дін қайраткерлері дәріс алған. Қазақтың ұлы жазушысы Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің атасы Әуез де осы медреседе білім алған. Медресе өткен ғасырдың 20-жылдары жабылды» [3, 318].

Әбдіқадыр медресесі. Бұл медресе жайлы мәлімет «Түркістан» Халықаралық энциклопедиясында жазылған [5, 119-120]. Осы энциклопедияда, Әбдіқадыр медресесінің құрылысы жайлы айтылады: Әбдіқадыр медресесі Орта Азияның осы тектес құрылыстары үлгісінде салынған. Алдыңғы қабырғаның дәл ортасында жебе тәрізді аркалы терең ойығы, екі жағында сүйірлене шыққан жіңішке мұнарасы бар. Күмбезді мұнарасында қарама-қарсы 6 терезе орнатылған. Медресе күйдірілген кірпіштен қаланған.

Бағбұстан ханым қыздар медресесі. Орынборда 1910 жылы Бағбұстан Момынованың ұйымдастыруымен ашылған медресе. Бұл медреседе негізінен татар, башқұрт, қазақ, қырғыз, өзбек қыздары білім алған. 1906 жылдары осы медресенің ғылыми жұмыстарын ұйымдастыруға Ғұбайдолла Рдуди мен Зия Камалиддин көмектесті. «Бағбұстан ханым» қыздар медресесінде он жылда 1212 шәкірт оқып, 347 мұғалім даярланған. Медресе 1917 жылы ресми түрде мемлекет қарамағына көшті.

Бөкей мектептері. 1841 жылы 6 желтоқсанда Жәңгір ханның бастамасымен тұңғыш рет Орда қаласында ұйымдастырылған орысша-қазақша мектеп. 1845 жылы Бөкей ордасы аумағында 14 старшын мектебі құрылды. 1892 жылы Ордада орыс кластары бар бес мұсылман мектебі жұмыс істей бастады. Нақ осындай оқу орны Жаңа Қазанда да пайда болған. Осылайша 1945 жылы Бөкей Ордасындағы мұсылман мектептері мен медреселерінің саны 38-ге жеткен.

Бузуов медресесі. Батыс Қазақстан облысы Жалпақталдың Талов бөлігіндегі Қарасу жанында болған. Талов бөлігінің нөмірі «№ 7» старшинінде тағайындалған молда Якуп Бузуов мешіт жанынан медресе ашып, онда ер балаларды оқытқан.

Ғалия медресесі. 1872 жылы Башқортостанның Уфа қаласында ашылған діни оқу орны. Медресенің ұйымдастырушысы мен атқарушысы қызметін Зия Камали атқарған. Медресе – Еділ бойы, Орталық Азия, Қазақстан аумағына жоғары білімді оқытушы мамандар даярлаған прогресшіл бағыттағы білім ұясы болған. Онда дін сабақтарымен қатар, араб, парсы, түрік тілдері, исламдық хұқық (шариғат), шығыстану тарихы, арифметика, ал XX ғасырдың 10-шы жылдарынан бастап төте оқу үлгісі бойынша химия, физика, математика, география, т. б. жаратылыстану ғылымдары, сондай-ақ орыс тілі мен әдебиеті де оқытылған.

Сонымен қатар, «Ғалия» медресесінде көптеген қазақ жастары оқыған. Соның ішінде, М. Жұмабаев, Б. Майлин, Ж. Тілепбергенов, Ғ. Қамзин, М. Оразбаев сынды қоғам қайраткерлері білім алған.

1911 жылы медреседе қазақ жастарының қаражатымен «Әліппе яки төте оқу» атты оқулық жарық көрсе, 1913-1914 жылдары сол қазақ жастары тарапынан үздіксіз түрде «Садақ» атты қолжазба журналы жарық көріп отырды. Осы медресені тәмамдаған қазақ жастары Қазақстанның түкпір-түкпірінде бала оқытып, жалпы сауаттандыру ісіне белгілі дәрежеде үлес қосып отырды.

Жәудір медресесі. Түркістандағы Жәудір мешітінің қасынан ашылған «Жәудір медресесі» жатақханасы бар оқуға ыңғайлы медресе болған көрінеді. Бірақ кеңес үкіметінің жарлығымен 1930 жылы мешіт пен медресе қатар жабылып, шәкірттер таратылып жіберілген.

Ескітам медресесі. Бұл мешітті Семей облысындағы Ескітам деген жерде Құнанбай қажы салдырған. Ол жерде негізінен Құнанбай қажының балаларын мен туған-туысының балалары білім алған. Сол қатары Абай да жас күнінде осы медреседе ауыл молдасынан хат таныған.

Қорам медресесі. Жетісу өлкесі Верный уезі Алексеевка деген жердегі жами мешіт жанында орналасқан екен. Деректерге қарағанда, мұнда 1910-1911 жылдары 200-ден астам шәкірт білім алған. Сабақ беруші – Қашқарда білім алып, Мадинада оқуын жалғастырған Савут ахун болған. Медреседе жаратылыстану сабақтары өтілмеген, тек Құран Кәрім, тәфсір және ақида бойынша діни сабақтар жүргізілген.

Қапал медреселері. Бұл медресе туралы Әбсаттар қажы Дербісәлі атаулы еңбегінде толық ақпарат беріп өткен. Соған сәйкес «Қапал медреселері» екіге бөлініп қарастырылған. Олар: а) «Якобия» татар қыздар медресесі; ә) Ер балалар медресесі.

«Якобия» татар қыздар медресесі Қапалдағы Тас мешіттің шығыс жағынан XIX ғасырдың соңында Әбсаттаров Шаяхмет деген татардың қалталы кісісі салдырған. Өзінің атауы айтып тұрғандай мұнда тек қыздар тәлім алған. 1910 жылы медреседе 56 татар, 2 қазақ және 2 сарт қыздары оқығандығы туралы деректер кездеседі. Медресенің артықшылығы мұнда қыздар тек білім алып қана қоймай, қолөнермен де айналысқан.

«Ер балалар медресесі» сол Тас мешіттің батыс бөлігінде орналасқан. 1910 жылы мұнда 84 татар және 37 қазақ балалары дәріс алғандығы туралы нақты мәлімет бар. Осы аталған екі медреседегі оқу жүйесі 1905 жылғы талапқа сай құрылған. Оқу-ағарту бағдарламасында Құран Кәрім, хадис, арифметика, география және т. б. пәндер оқытылған.

Қалжан Ахун сешіт-медресесі. Көкелташ медресесінің түлегі Қалжан Ахун 1902 жылы Сыр бойында мешіт-медресе салуды жоспарлайды. Бұған Теренөзек, Жалағаш аудандарының халқы қолдау көрсетеді. Бұл туралы Әбсаттар қажы Дербісәлі былай дейді: «Байлар үйірлеп жылқы беріп, асаршыларды қымызбен қамтамасыз етіп тұрған, ал айлап, жылдап тегін жұмыс істегендер де болған. Сол кезде жаңа салынып жатқан темір жол құрылысшыларынан қыш зауыты сатып алынып, жергілікті жер топырағынан қыш құйылады. Ол күні бүгінге дейін өз сапасын жоғалтқан жоқ» [3, 332].

Медресе құрылысы XX ғасырдың 20-шы жылдары аяқталып, 1928 жылы «Ақ жол» мектеп-интернаты, 1926-1938 жылдары Кеңес кезеңінің талабына сай мектеп ретінде талай жастарды біліммен сусындандырған. Кейіннен Қалжан ахун және оның ұрпақтары саясат құрбанына айналса да, қазіргі таңда бұл медресе еліміздің қамқорлығына алынған. Тарихи ескерткіш ретінде сақтап, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу мәселесі қарастырылған.

Қарнақ медресесі. Түркістан қаласының солтүстік-батысында 25 шақырым жерде орналасқан орта ғасырлық қала орны. Дәл осы орта ғасырлық қалада XIX ғасырда 4 медресе болғандығы жайлы Әбсаттар қажы Дербісәлінің «Қазақстанның мешіттері мен медреселері» атты еңбегінен кездестіреміз [3]. Олар:

а) Халфе медресесі. Осы медреседе Мақсұм музи ад-Дин халфе бас мударрис болып қызмет атқарғандығы себепті «Халфе медресесі» деп аталған.

ә) Шамухаммед ишан медресесі. Қарнақ пен оның айналасындағы ауылдарда тұратын қазақ жастары білім алған.

б) Молда Хашыр дамолла медресесі. Бас мударрис Бұхарадан білім алған атақты Хашыр молданың есімімен аталды. Оқу орнының шәкірттері көбіне Қарнақты өз тұрғындары болған.

Лепсі медресесі

Бұл медресе Талдықорған аймағына қарасты. 1861 жылғы жарлыққа бойынша қоныс аударып келген мұсылман татарларының келуіне байланысты Лепсіде немесе Ойжайлауда мешіт салынды, медресе ашылды.

Бұл медресеге Ойжайлау ауылының барлық тұрғындары білім алуға келеді. Соның ішінде талантты шәкірттер суырылып шығып, кейіннен бала оқыту ісімен айналысады. Солардың бірі – Ықтымбай Дөненбайұлы еді.

«Ойжайлау мешіті» 1945-1946 жылдары бұзылған.

Мамания медресесі. Бұл медресені Әбсаттар қажы Дербісәлі «XX ғасыр басындағы дүниетаным мектебі» деп атайды [3].

Тарихи деректер бойынша, мектеп үйі 1899 жылы Есенқұл бастаған Маман балалары тарапынан ұйымдастырылған. Құрылыс 1903-1904 жылдары аяқталып, 1905 жылы оқуға берілген. Бұл медресенің құрылысынан бастап, оқу-ағарту бағдарламасы да, жобасы да «Ғалия» медресесіндей болған. Бірақ сол кезде қазақ ру басшылары балаларын «орысша пән оқытылғандығы себепті» медресеге бала оқытуға бермеген. Сондықтан медреседе бастапқыда тек Маман балалары білім алады. Орыс тілі пәні 4 сыныптан бастап жеке пән ретінде оқытылып, кешкі курстар тағайындалады.

Меркі медресесі. 1990 жылы Жамбыл облысы Меркі кентінде орта білімді имамдар даярлау мақсатымен ашылған оқу орны. Жыл сайын 25-30 түлек бітіріп шыққан. Медресе оқу мерзімі 2 жыл. Бірақ белгілі себептерге болып, 1999 жылы медресе жабылып қалған.

Мутыгия медресесі. XIX ғасырдың соңында Батыс Қазақстан облысы Орал қаласында ашылған. Бұл медреседе 1895 жылдары татар халқының ақыны Ғабдолла тоқай білім алыпты. Атаулы оқу ғимараты қазіргі күнге дейін сақтаулы тұр.

Расулия медресесі. Троицк қаласында орналасқан медресенің екінші атауы – «Зейнолла хазірет»

медресесі. Осы медреседе XIX ғасыр соңы мен XX ғасыр басында көптеген атақты қазақ жастары білім алған. Атап айтқанда, Ж. Саин, Е. Ысмаилов осы медреседе Ыдырыс мұғалімнен дәріс алғандығы жайлы мәліметтер бар.

Рахибийя медресесі. XIX ғасырда Орал қаласында имам Ғабдул-Рахиб хазіреттің бастамасымен ашылған медресе болып табылады. Бұл медреседе 140 шәкірт білім алыпты. Соның бірі – әйгілі жазушы Ахмед Файзи. Ол Құранды өте жақсы меңгерген, ислам дінімен жақсы таныс болған кісі.

Торғай медресесі

XIX ғасырдың 60-шы жылдары Дулығалы өзенінің бойында бой көтерген медресе. Бұл медреседе дін сабақтарынан бөлек жағрапия, араб тілі мен есеп негіздері оқытылған. Осы медресені ғылыми еңбектерде «Торғай өңірі елін сауаттандыруға біршама үлес қосқан медресе» ретінде ерекше атап өткен [2].

Хан Ордасындағы мектеп. 1892 жылы татар қоғамы тарапынан салынған. Мұрағаттық деректерден алынған мәлімет бойынша, 1894 жылы Ордадағы барлық медреселер мен мектебелердің саны 36-ға, ал оқушылар саны 415-ке жеткен. Медресе Жаңа Қазанда орналасқан.

«Хусайния медресесі» 1891 жылы ағайынды Ахмед пен Ғани және Махмұдтардың қаржысына салынады. «Хусайния» аталуы сол кісілердің Хусайыновтар деп аталатын тегіне қатысты алынған.

Медресе оқу бағдарламасында бастапқыда діни емес пәндер басым болған. Кейіннен діни оқу бөлімі күшейтіліп, бағдарлама 14 жылға ұзартылған. Бастауыш, орта және жоғары дәрежелі білім алуға әзірлейтін бөлімдер мен жоғары ғалия бөлімдерінен тұрған.

1919 жылы медресе «Хусайыновтар атындағы мұғалімдер интернаты» болып қайта құрылып, 20-шы жылдары Қазақ, Татар, Башқұрт және Шығыс халық ағарту интернаттары болып төртке бөлініп кетеді.

«Хусайния медресесінің» тарихи орны жайлы Әбсаттар қажы Дербісәлі бір ауыз сөзбен былай жеткізеді: «Бұл медресе – Орынбор қаласындағы тұңғыш жоғары дәрежелі діни оқу орны...30 жыл ішінде «Хусайния» медресесі кейін Ресей мұсылмандары өмірінде елеулі із қалдырған екі мыңнан аса мұғалім тәрбиелеп шығарды» [3, 345].

Қорытындылай келгенде, қазіргі таңға дейін мұсылман оқуы мен Қазақстандағы медреселердің ағартушылық қызметі жалпы жүйелі түрде ғылыми зерттеу жүргізілмегендіктен, олардың оқыту ісі мен жеке пәндері ғылыми талдауға түспегендіктен, осы ғылыми мақаланың маңыздылығын арттырады. Медреселердің оқу-ағарту ісі медресе тарихының ажырамас бөлігі. Бұл Қазақстан тарихындағы халықты сауаттандыруға деген талпыныстардың айқын көрінісі.

Қазақстанның әрбір территориясында ашылған медреселер халық ағарту ісінің дамуында баға жетпес маңызды рөл атқарды. Қазақстан мен Түркістан өлкесіндегі барлық түрік халықтары өмірінің рухани баюы мен көркейуіне оң ықпал ету мүмкіндігіне ие болды. Орта ғасырлардағы медреселердің оқу тәрбие жұмысын жаңа тұрғыда зерттеу қажеттігі дау тудырмайды. Медреселердің ғылыми, дүниелік оқу орындары болғанына XIX ғасырдың соңы мен XX ғасыр басындағы барлық Қазақстан аумағындағы медреселерге жасалған шолу нақты дәлел болып табылады.

*1 Адамбосынов Қ. Ж. XIX ғасырдың соңғы ширегі мен 1920 жылға дейінгі Қазақстан медреселеріндегі тарих пәні: бағдарламалары, оқулықтары, әдістемесі. – Алматы, 2006 ж.-121 б.*

*2 Қазақстан. Ұлттық энциклопедия/ Бас ред. Б. Аяган. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» бас редакциясы, 2004. – 696 б.*

*3 Әбсаттар қажы Дербісәлі. Қазақстан мешіттері мен медреселері. Рухани шамшырақтар (IX-XX ғ.ғ.). – Алматы: «Аруна», 2009. – 496 б.*

*4 Оңтүстік Қазақстан. Энциклопедия. – Алматы: «Қазақстан энциклопедиясының» бас редакциясы, 2005*

*5 Түркістан. Халықаралық энциклопедия. – Алматы, 2000*

### **Резюме**

В статье рассматриваются основы образования и просвящения на территории Казахстана в XIX-XX веках.

В статье обобщены новый материал по исследуемой теме и мало изученные исторические источники, которые требуют тотального анализа в научном обороте. А также автор дает краткий обзор некоторых медресе в области просвящения на территории Южно- Казахстанской области, Семей, Западный Казахстан и Башкортстана.

**Ключевые слова:** Медресе, школа медресе, мусульманство, просвещение

### **Summary**

In the paper are considering bases of education and foundation in the territory of Kazakhstan in XIX-XX centuries.

In the article are generalize the new material by researching theme and little- studied historical sources which is demand total analysis of scientific revolution.

Also, author give the compact survey of some madrasahs on the area of education in the territory of South Kazakhstan

region Semey. West Kazakhstan and Bashkortstan.

**Keywords:** Madrasah, school of madrasah, islam, inlightening

## **ОБРАЗОВАНИЕ СЕМИПАЛАТИНСКОГО ОТДЕЛА РУССКОГО ГЕОГРАФИЧЕСКОГО ОБЩЕСТВА И ЕГО РОЛЬ В ИССЛЕДОВАНИИ ВОСТОЧНОГО РЕГИОНА КАЗАХСТАНА**

**А.С. Еламанова** – *Казахский Национальный университет имени аль-Фараби, [ainaka-83@mail.ru](mailto:ainaka-83@mail.ru)*

В данной статье рассматривается процесс становления Семипалатинского отдела Географического общества и ее роль в изучении истории и этнографии края. Работа по изучению края в некоторой своей части носила любительский характер, что однако не помешало собрать в крае весьма ценный материал. В ходе деятельности отдела практиковались экскурсии в окрестности Семипалатинска. Полученный таким образом материал научный материал, после соответствующей ее обработки, докладывался в собраниях членов в виде сообщения. Таким образом в данной статье автором проанализированы некоторые результаты исследовательской работы отдела в общих чертах. Например, деятелями географического общества обработаны и напечатаны обширные и ценные материалы по истории Степного края, собраны материалы о памятниках старины Семипалатинского края, а горными инженерами изучены вопросы железнодорожного строительства, некоторыми учеными изучены проблемы племенного животноводства и т.д. Таким образом, автор пришел к выводу, что, научно – исследовательская деятельность охватила огромный район Семипалатинской губернии и прилегающих к ней местностей Семиречья и юга Сибири. Отдел уделял внимание не только вопросам географии, геологии, минеральных источников, полезных ископаемых, но и вопросам этнографии, фольклора, археологии и истории.

**Ключевые слова:** русское географическое общество, Степной край, этнография, памятники, губерния

Қазақстанның тарихы мен географиясын, этнографиясын және мәдениетін зерттеуде Ресей ғалымдарының сіңірген еңбегі зор болды. Ресей зиялы қауымының Қазақстан аумағына саяси себептермен жер аударылып келген өкілдері көптеген ғылыми еңбектер жазып қалдырды. Олар, әрине, әр түрлі кәсіп пен мамандық иелері — ақын-жазушылар, тарихшылар, географтар, әскери қызметкерлер мен дәрігерлер болатын. Дегенмен, олар қазақ өлкесін отарлау саясатын ғылыми тұрғыдан негіздеуге де ішінара қызмет еткенін жоққа шығара алмаймыз. Олардың бірқатары орыс географиялық қоғамының айналасына топтасқан болатын. Орыс географиялық қоғамы жинақтаған материалдар қазақтардың тұрмыс-тіршілігі мен салт-жоралғылары, рухани және материалдық мәдениетінің айшықты қырларынан мол мұралық мәліметтер қалдырған.

1902 жылдың 21 ақпанында әскери губернатор А.Ф. Карпов Орыс географиялық қоғамы Батыс Сібір бөлімінің төрағасына Семейде бөлімше ашу туралы тағы да өтініш түсіреді. Содан 31 наурызда (13 сәуірде) Семей бөлімшесі ресми түрде ашылады. Ол жөнінде В.Ф. Семенов еңбегінде былай деп жазады: «Семипалатинский подотдел официального открыт на неделю позднее алтайского –31 марта (13 апреля) 1902 г. Возник он из кружка краеведов, группировавшихся около местного областного статического комитета, секретарем которого Н.Я. Коншиным еще в 1898 г. был поднят вопрос об открытии пототдела. Потребность в исследовательском научном обществе в Семипалатинске была велика и почва к его возникновению так подготовлена, что пототдел уже при открытии имел 97 членов –учредителей» [1].

Негізінде, оны ашу мәселесі 1898 жылы қозғалған болатын. Статистикалық комитеттің хатшысы болған Н.Я.Коншин «Семей облыстық ведомствосы» газетіне осы облыстың аса бай табиғи байлығын, археологиялық, архивтік, этнографиялық тарихын зерттеуде географиялық қоғам бөлімін ашу өте қажеттігін айтып, мақала жариялайды. Бұл мақалаға Семей облыстық әскери губернаторы А.Ф.Карпов көңіл бөліп, бөлімше ашу жөнінде Орыс Географиялық қоғамының вице-президенті П.Семеновқа хат жолдап, көмек сұрайды.

Императорлық Орыс Географиялық қоғамының Батыс Сібір бөлімінің Семей бөлімшесі ресми түрде 1902 жылдың 13 сәуірінде қоғамдық мәжіліс үйінде көпшіліктің қатысуымен салтанатты түрде ашылып, онда Комитет секретары Н.Я.Коншин сөз сөйлеп, комитет мүшесі Ф.К.Зобнин «О рабстве в киргизской степи» деген баяндамасын оқыды.

Семей бөлімшесін ашу қажеттілігін негіздеуді бөлімнің ашылуына көп күш жұмсаған А.Ф. Карповтың хаттарынан білуге болады. 1900 жылы Семейде географиялық бөлімше ашу мәселесінің шешілгендігі туралы батыс Сібір бөлімінің төрағасы Шмидтің хатына жауабында: «Лежащая вдали от всяких культурных центров, Семипалатинская област занимает громадное пространство около 450 тыс.кв.верст, с большим разнообразием природных условий и наименее рахнообразным составом населения. Как природные условия области, так и жизнь населения, особенно инородческой его группы (киргизы и татары) до настоящего времени изучены крайне мало. А между тем это занимает, помимо

высокого научного интереса было бы особенно ценно теперь, когда наша окраина, судя по многим признакам, переходит в новый момент жизни в виду этого возникает ряд вопросов, требующих очень осторожного решения...» [2]- деп Карпов өлкені зерттеудің маңыздылығын барынша негіздеуге тырысады. Шын мәнінде, орыс географиялық қоғамы да басқа зерттеу мекемелері секілді Қазақстанның әр аймағын табиғат байлығы есебінен кең ауқымда зерттеп, қазақ даласының Ресей экономикасына қосар үлесін бас мүдде санағаны белгілі.

Бөлімшенің ең алғашқы төрағалық қызметін Н.Ф.Ницкевич, ал іс жұмысын Н.Я.Коншин басқарады. Бұл бөлімнің ашылуына жергілікті оқыған ғалымдармен қатар, Семейге жер аударылып келген Е.П.Михаэлис, С.С.Гросс, А.Л.Блэк, А.А.Леонтьев белсене атсалысып, зерттеулер жүргізіп, этнографиялық құнды материалдар жинап, ғылыми еңбектер, мақалалар жазады.

Бөлім деп атап отырғанымыз алғашында бөлімше жалпы жиынның шешімімен 1928 жылдың 8 мамырында Орыс географиялық қоғамының Бөлімі деп атала бастады. Осылайша, Семей географиялық бөлімі зерттеу жұмыстары, дәрістер оқу, баспа ісі, ғылыми кітапхана жасақтау, мұражай және метеорологиялық станция жабдықтау сынды бағыттарда жұмыс жасай бастады.

Орыс географиялық қоғамы Семей бөлімшесінің жұмысы барысында жинақталған тарихи, этнографиялық, археологиялық материалдар негізінен «Записки» басылымының беттерінде жарияланып отырды. Аталмыш басылым 1903 жылдан бастап 1919 жылға дейін жарық көріп отырды. Басылым беттерінде жарық көрген тарихи және этнографиялық еңбектер қатарында діни қызметте болған Б.Г.Герасимовтың «Из мира легенд недавнего прошлого» (1909), «В долине Бухтармы» (1911), «Первые осёдлые засельщики Кокпектинского округа» (1914); Н.Я. Коншин очерктерінен «К истории Каркаралинского и Аягузского округов в 30-х и 40-х гг. XIX столетия» (1903) және «К истории открытия Кокпектинского округа» (1905) Я. Акпаев мақалаларынан «Наброски по обычному, в частности брачному праву киргизов-казаков» (1907) және В. Плотниковтың «Песни казаков Сибирского казачьего войска» (1909) атты шығармаларды ерекше атап өтуге болады.

Бөлім Семей облысындағы ең алғашқы өлкетану орталығы болып, өлкеде географиялық, археологиялық, геологиялық, тарихи, статистикалық зерттеулер жүргізіп ғылым саласын аса құнды мәліметтермен қамтамасыз етті. Жоғарыда атап өткеніміздей, бөлімше ғылыми кітапхана ашуда да көп жұмыстар атқарды. Географиялық қоғамның Семей бөлімшесіне мүше болған В.Ф.Семенов, Ф.Н.Педашенко, В.Бенкевич, Ф.К.Злобин өлкенің географиялық жағдайы, осы жерлерге орыс шаруаларының қоныстанып, егіншілікпен айналысуы, әр түрлі пайдалы қазбалары, ежелгі тарихи ескерткіштер, мал шаруашылығы жөнінде зерттеулер жүргізіп, ғылыми еңбектер жазған. Бірқатар зерттеулерде бөлімшеге қазақ зиялылары да мүше болғандығы айқын жазылып жүр. Мысалы, Р.Мәрсеков, Н.Құлжанова, Ж.Ақбаев, Ш.Құдайбердіұлы, Ә.Бөкейханов т.б. бөлімше жұмысына белсене араласқан. Әсіресе, Әлихан Бөкейханов Абайдың көзі тірісінде оның ақындық шеберлігін жоғары бағалап, Ресей Географиялық қоғамы шығарған кітапқа енгізеді. Абай қайтыс болғаннан кейін де Семей географиялық бөлімі шығарған «Записки Семипалатинского Подотдела Западно-Сибирского Императорского русского географического общества» кітабының III шығарылымында басылады.

1886 жылы 4 мамырда Орыс Географиялық қоғамының Семей бөлімшесіне Ұлы Абайдың өзі де мүше болып тіркелгендігі туралы мәліметтер бар [2, 66.]. Абайдың шәкірті Шәкәрім Құдайбердіұлы да осы қоғамның толық мүшелігіне өтті. Бөлімше жанынан қоғам жұмысын көпшілікке насихаттайтын «Записки Семипалатинского подотдела Западно-Сибирского отдела императорского русского географического общества» деген ғылыми еңбектер шығып, 1925 жылға дейін оның 15 томы жарық көрді. Осы жинақтың 1907 жылғы 3-басылымында Ә.Бөкейхановтың «Абай (Ибраһим) Құнанбаев» атты сегіз беттік қазанамасы жарияланып, орыс еліне алғаш рет таныстырды [3]. 1914 жылы қаңтардың 26-да Семейде жергілікті географиялық бөлімшесінің, ондағы қазақ жастарының жәрдемімен Абайдың қайтыс болуына 10 жыл толуына байланысты әдебиет кеші ұйымдастырылып, қазақтан шыққан алғашқы білім қайраткері Нәзипа Құлжанова Әлихан Бөкейханов жазған Абайдың тұңғыш ғұмырнамасын, ақын өлеңдерін оқыды.

Біз үшін әсіресе, бөлім жұмысы барысында жинақталған этнографиялық материалдардың маңызы ерекше. Этнографиялық мәліметтердің жинақталуына ықпал еткен тұлғалардың бірі, қарапайым мұғалім - Нәзипа Сегізбайқызы болады. Күнделікті мұғалімдік қызметпен ғана шектелмеген мұғалім, қазақ халқының ауыз әдебиеті үлгілерін жинақтау, музыкалық фольклорына көңіл бөлу, қала өміріндегі маңызды мәдени-ағартушылық шаралардың жүзеге асуы жағына баса назар аударады. Нәзипа Сегізбайқызы мен Нұрғали Құлжанұлы Орыс Географиялық қоғамының Семей бөлімшесіне қызметкер-мүше болып 1913 жылдың 25 қыркүйегінде жалпы жиналыстың шешімімен сайланған [4]. Әсіресе, Императорлық Орыс География қоғамы Батыс Сібір бөлімінің Семей бөлімшесінің есебіне қарағанда 1914 жылдың 1

қаңтарында барлығы 137 мүше болған. Оның төртеуі құрметті мүше, 113-і толық мүше, 20-сы қызметкер-мүше болған [5]. А.Т.Селкебаеваның келтірген мәліметтері бойынша, 1902-1927 жылдар аралығында Семей бөлімінде 700-ден астам адам мүше болып, олардың ішінде құрметті мүшелікке 9 адам өткен, ал нағыз мүшелері 600, қалған 100 адам қызметкерлер болды. 1927 жылдың 1 қаңтарына қарай бөлімде 102 мүше тіркелген, олардың 6-уы құрметті, 72-сі нағыз және 21-і жай қызметкер болды [6].

Бөлімнің зерттеу бағытындағы жұмыстары экспедициялар арқылы жүзеге асырылып, жекелеген зерттеушілердің ерекше қызығушылығының нәтижесінде көптеген тың дүниелерді қалыптастырды. Жинақталған материалдар, қажет деңгейде өңделгеннен бөлім мүшелерінің ортақ жиналыстарында ортаға салынатын. Көптеген жағдайда арнайы дәрістерде оқытылған болатын. 1902 жылдың 13 сәуірінен 1927 жылдың 1 ақпанына дейін мүшелер тарапынан тікелей Семей өңіріндегі зерттеулер нәтижесіне қатысты 431 ғылыми баяндама жасалып, дәрістер оқылған. Зерттеу жұмыстарының нәтижелеріне қысқаша талдау жасар болсақ, Н.Я.Коншин мұрағаттарды зерттеумен айналысқан. Оның жинақтауы мен талдауы нәтижесінде Далалық өлкеге қатысты мол мұра жарық көрген. Сонымен бірге, ол Семей өлкесінің тарихи ескерткіштері туралы да материалдар жинақталған. Н.Я.Коншин «История одного киргизского джута», «О политической неблагонадежности Семипалатинских чиновников» сынды еңбектердің авторы. Ал, Михаэлес пен профессор В.А.Обручев Семей құмдарының түзілуі мәселесін зерттеп, нәтижесінде бұл құмдардың шеттен келгендігі туралы қорытынды жасаған [7].

Профессор Б.П.Вайнберг Семей губерниясы аймағында Ертіс бойына магниттік түсірілім жасап, ауытқушылықтар жоқтығын айқындаса, В.Ф.Семенов Семей губерниясының бірқатар жерін ботаникалық тұрғыдан қарастырған. Ф.Н.Педашенко Семей қаласы маңына археологиялық зерттеулер жүргізіп, ежелгі дәуірге тән тас, темір және алтын бұйымдарынан бай мол мұра жинақтаған. Ал, В.А.Брюханов Семей уезіндегі Қрңыр әулие үңгіріне археологиялық сипаттама берген. Тау инженерлері П.В.Приходько мен В.К.Владимирскийлер өлкедегі теміржол мәселесімен айналысса, Л.П.Степанов, Я.Я.Попов, П.А.Соломин Семей метеорологиялық станциясында бақылау жұмыстарын жүргізген. В.Бенкевис казактардың мал шаруашылығын зерттеп, оны жетілдіру жолдарын қарастырған.

Осылайша жоғарыда аталған бағыттар бойынша қарқынды жұмыстар жүргізген Семей географиялық бөлімшесі Семей өлкесі мен оған жақын аймақтарға қатысты тарихи тұрғыдан деректік маңызы зор тың мәліметтер беріп қана қоймай, тарихи жәдігерлердің жинақталуына ықпал еткен.

Мәліметтерге сүйенсек бөлім өз жұмысы барысында 1914 жылдан бастап этнографияға деген қызығушылықты арттыру мақсатында этнографиялық кештер ұйымдастыруды дәстүрге айналдырғанын байқаймыз. Мысал келтірер болсақ, 1919 жылы 12 қаңтарда Г.Н.Потаниннің этнографиялық мұралдарына басымдылық берген Потаниндік кеш, 1924 жылы 14 қаңтарда сібірлік композитор А.В.Анохиннің шамандық материалдар мен алтай әндерінен жинақталған Алтай музыкасы кеші, 1924 жылы 30 тамызда Бірінші Семей губерниялық Өлкетанушылық конференциясына арналған халық әндері айтылған этнографиялық кештерді ерекше атап өтуге болады [8].

Тұрмыстық хақыда мысал келтірер болсақ, бұл өңірде балық аулау негізгі кәсіп болмағанымен малынан айырылған халықтың кедей бөлігі күн көріс арқауы еткен. Әсіресе, Зайсан, Қыран, Марқакөл, Ертіс бойында қоныстанған казактар балық аулаумен айналысып, оны тамаққа да пайдаланатынын бөлім материалдарында айтылған [9]. Сол кездегі балық аулауға байланысты деректер өте аз болғанымен аулаудың қарапайым түрлерін қолданғанға ұқсайды. Балық аулауға бақан, кәдімгі таяқтар, ілгектерді пайдаланды және "балықты айдап" келіп, үлкен аулармен сүзіп алған. 1910 жылы Зайсан уезінде 1343 пұт балық ауланып, 2448 сомға сатылса, Өскемен уезінде осы жылы 570 пұт балық ауланып, 900 сом ақшаға сатылған. Барлығы осы екі уезде 1913 пұт балық ауланып, 3348 сомға сатылған.

Негізінен әйелдер айналысатын үй ішілік кәсіп, қолөнер о баста тұрмыстық бұйымдар мен қарапайым құрал-жабдықтар жасау мақсатына бағытталған тұрмыстық қажеттіліктен туған және көшпелі ортада қосалқы кәсіпшілік деңгейінде ғана дамығаны мәлім. Өйткені, көшпелі тұрмысына, кәсібіне байланысты әр ауылда, әулетте ағаш, тері бұйымдарымен шұғылданатын өз шебері, ұстасы, зергері, т.б. болды және олар сол қауымның қажеттілігін ғана өтеп отырды. Ағаш өңдеу өнерінің ішіндегі аса іскерлік пен еңбекті талап ететін түрі - киіз сүйегін жасайтын үйшілер кәсібі өңірде ерекше мәнге ие. Зайсан казактарының XIX ғ. екінші жартысында I Николайдың баласына сыйлаған киіз үйді академик Ө.Марғұлан нағыз өнер туындысы деп бағалаған (Алматы, 1986). Осы аймақтан шыққан Нұрыш деген шебердің көрмеге дайындаған киіз үйін ел тамсана сөз еткен.

Қолөнер туындысының бірегейі қазақ ер-тұрманының «найман ері» аталатын түрі жалпы пошымы, әшекейлену және өңделу тәсілдері ерекше болып келеді. Бұл ерлердің қасы да етегінен жоғары қарай қушия көтеріледі де, дәл төбесі дөңгеленіп бітпей, үсті түзуленіп, иығы бұрышталып шабылады. Артқы



касы алдыңғысына қарағанда кейін қарай сәл ғана көлбеу орналасады.

Қорыта келгенде, Семей бөлімшесі жұмыс істеген мерзімде 700 мүшесі болып, далалы өлке тарихынан, мәдениетінен, этнографиясы, археологиясы мен қазба байлықтарынан тарихи баға жетпес құнды ғылыми мұра қалдырды.

Бұл бөлім Шығыс Қазақстан, Павлодар, Семей облыстарының географиясы, тарихы, этнографиясы, қазба кен байлықтары, мәдениеті туралы тың деректер беріп, аймақтың дамуына үлкен әсер етті. Бөлім жұмысы тек этнографиялық материал жинақтаумен шектелмегенін көреміз. Физика-географиялық салада бөлім, география, гидрография, геология, климатология, минералды бастаулар мәселесіне көңіл бөлсе, биология саласында шаруашылыққа, өсімдік әлеміне зиянды заттарды зерттеуге мән берген. Ал, экономика саласында пайдалы қазбаларды, ауыл шаруашылығын игеруге баса назар аударған. Тарихи этнографиялық салада этнография, тарих, археология, фольклор мәселесіне ерекше ден қоя отырып көптеген естеліктер мен ескерткіштер жинақтаған.

1 Семенов В.Ф. *Очерк пятидесятилетней деятельности Западно-Сибирского отдела Государственного Русского Географического общества (1877-1927).*—Омск, 1927. —140 с.

2 Белгібаев М. *Орыс географиялық қоғамының Семей бөлімшесі//География және табиғат. 2004 - №3. - 5-16 бб.)*

3 Әділбекқызы Ж. *Семей Орыс Географиялық Қоғамы және қазақ зиялылары// Абай.-2004.- №1.*

4 Кәрібжанова Г. Н. *Құлжанова және Ресей географиялық қоғамы // Қазақ тарихы.-2003.-№3.-21-23 б.*

5 Императорлық Батыс Сібір Орыс Географиялық Қоғамының Семей бөлімшесі.- Семей, 2002.- 8 б.

6 Герасимов, Б. *Двадцатипятилетие Семипалатинского Отдела Государственного Русского Географического Общества. 1902-1927 годы [Текст] / Герасимов Б. - Кызыл-Орда : Издание Общества Изучения Казахстана, 1927. - 20 с., Селкебаева А.Т. Қазақ АКСР Халық ағарту комиссариаты жанындағы Қазақстанды зерттеу қоғамы: құрылуы мен қызметінің тарихы (1920-1936 жж.) Алматы, 2007*

7 Касымова Г.Т. *К 105-летию Семипалатинского подотдела Западносибирского отдела Русского Географического общества //www.sibistorik.narod.ru*

8 Герасимов, Б. *Двадцатипятилетие Семипалатинского Отдела Государственного Русского Географического Общества. 1902-1927 годы [Текст] / Герасимов Б. - Кызыл-Орда : Издание Общества Изучения Казахстана, 1927. - 20 с.*

9 *Записки Семипалатинского Отдела Государственного Русского Географического Общества: вып. XVI. - Семипалатинск, 1927. - 194 стр.*

## Түйін

Еламанова Айнура Сұлтанқызы

### **Орыс Географиялық Қоғамының Семей бөлімінің құрылуы және Қазақстанның шығысын зерттеудегі рөлі**

Мақала Орыс географиялық қоғамының Семей бөлімінің ашылуы мен оның материалдарының өлкенің тарихы мен этнографиясын зерттеудегі маңызын ашуға арналған. Алғаш, тек қызығушылық сипатта жүргізілген зерттеу жұмыстары өлкеге қатысты құнды мәліметтердің жиналуына кедергі болмағаны анық. Бөлімнің зерттеу материалдары әртүрлі экспедициялар барысында жинақталған. Жинақталған ғылыми мәліметтер, қажетті өңдеуден өткеннен кейін ұжым жиналысында баяндалып отырған. Осылайша, аталған мақалада бөлім жұмысы қорытындыларына жалпы талдау жасалынған. Географиялық бөлім мүшелері жекелеген бағыттар бойынша, мысалы далалық өлкенің тарихы мен тұрмысына, тарихи орындарына қатысты материалдар жинақтаса, тау инженерлері теміржол құрылысы аясын қамтыған. Кейбір ғалымдар мал шаруашылығының ерекшеліктеріне мән бере отырып, тұрмыс-салт материалдарын жинақтаған. Осы негізде, автор, Семей бөлімінің ғылыми – зерттеу бағытындағы зерттеулері Семей губерниясы мен оған жақын аймақтарды толық қамтып, артына тарих пен этнографияға қатысты материалдарды ғана емес, сонымен бірге геология, география, минералды бастаулар, пайдалы қазбаларға қатысты да мол мұра жинақтап қалдырған

**Түйін сөздер:** Орыс географиялық қоғамы, Далалық өлке, этнография, ескерткіштер, губерния

## Summary

Elamanova Ainur Sultanovna

### **Education of Semipalatinsk department of the Russian Geographical Society and its role in the study of the eastern region of Kazakhstan**

This article describes the process of establishment of the Semipalatinsk department of the Geographical Society and its role in the study of history and ethnography. The work on study of the edge of a certain part had an amateur character, which however did not stop to collect very valuable material in the region. During the activity excursions in the vicinity of Semipalatinsk were practised. The obtained scientific material, after appropriate processing was reported to the meetings of members in the form of a statement. Thus, in this article the author analyzed some of the results of research in general. For example, figures Geographic Society processed and printed extensive and valuable material on the history of Steppes, collected materials about the ancient monuments of the Semipalatinsk region, and mining engineers studied questions of railway construction, some scientists studied the problems of livestock breeding, etc. Thus, the author has come to the

conclusion that, scientific - research activities cover a vast area of Semipalatinsk province and adjacent areas of Semirechia, and southern Siberia. The department focuses not only on geography, geology, mineral springs, minerals, but also issues of ethnography, folklore, archeology and history.

**Key words:** Russian Geographical Society, steppe Region, ethnography, monuments, province

ӘӨЖ 11-874

## **XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНА ДЕЙІНГІ МЕРЗІМДІ БАСЫЛЫМДАРДАҒЫ ПАТШАЛЫҚ РЕСЕЙДІҢ ОТАРШЫЛДЫҚ БАҒЫТ КӨРІНІСТЕРІ**

**Э.Бабаханова** – *Абай атындағы ҚазҰПУ-нің аға оқытушысы*

Патшалық Ресейдің Қазақстанды отарлау саясаты XX ғасырдың басына дейін – ақ орыс және өзге ұлт өкілдерінің ғалымдары мен зерттеушілерінің еңбектеріне арқау болған. Осы негізде төңкеріске дейінгі қазақ жерін зерттеген зертеушілер тобын бірнеше бөлікке бөліп қарастыруға болады:

– Патшалық Ресей үкіметі тарапынан әртүрлі тапсырмалармен жіберілген (арнайы) зерттеуші – чиновниктердің тобы;

– саяхатшы орыс ғалымдарының тобы;

– өлкеге саяси жер аударылған зерттеушілердің тобы.

Бірақ, орыс тарихнамасындағы еңбектердің басым көпшілігі патша үкіметінің отарлау саясатының мүддесіне сай жазылғандықтан бұл бағыттағы еңбектер мен ғылыми зерттеулер сын көзбен талдауды қажет еткендіктен оларды:

1. Патшалық – чиновниктік бағытта жазылған еңбектер;

2. Белгілі бір дәрежеде шынайы болмысты көрсеткен еңбектер деп екі топқа бөліп қарастырған жөн.

Атап айтсақ қазан революциясына дейінгі орыс басылым беттеріндегі қазақ елін, жерін бағындыру жайындағы материалдар және қазақ жеріне қоныс аудару, тіл шоқындыру және мал шаруашылығы т.б. тақырыптардағы материалдар қарастырылған. Әсіресе тіл, дін, шоқындыру тәрізді рухани отарлауға қатысты материалдар реакциялық бағыт ұстанған «Вестник Европы», «Русский вестник», «Московские ведомости», «Вопросы колонизации» және либералды-буржуазиялық бағыт ұстанған «Восточное обозрение», «Исторический вестник», «Записки Оренбургского Русского географического общества» басылымдарында көрініс тапқан.

Қазақ елін, жерін бағындыру жайында «Русский вестник»: «Бірінші болып, орыстардың Орта Азияны отарлаудағы біздің мемлекетімізге сенімді тірек болатын негізгі күш казактар екендігі көрсетті. Кавказ, Орта Азия орталығындағы сияқты біздер бұдан кейін де казактар күшінсіз ештеңе жасай алмаймыз. Сондықтан да, казактардың көңілін қалай да тауып отыруымыз керек...», — деп жазса [1], „Записки Оренбургского отдела Русского географического общества“ журналы сол кездері Дала генерал-губернаторы болған Колпаковскийдің қазақ жерін рухани отарлау жайындағы ойын: «Бұдан 20 жыл бұрын Ақмола, Семей, Жетісу облыстарының қырғыз даласында орыс шаруашылығының қоныстары жоқ деуге болатын еді. Қырғыздардың арасында орыс шаруаларын ауылдарға, қалаларға қоныстандыру мен үшін оңайға түскен жоқ. Орыстар қырғыз даласына өздерінің тілдері, әдет-ғұрпын және православие дінін ала келді. Мен мұны қырғыздарға әсер етпейді деп айта алмаймын. Қазіргі кезде қырғыздардың ескі әдет-ғұрыш, салт-санасы босаңсыды. Ал, мұндайда босаңсыған халық өзіне діннен тіреу іздейді. Қырғыздар өздерін мұсылманбыз дейді, бірақ көпшілігінің сол дін туралы тусінігі жоқ. Бұлардың арасында магомет /ислам/ дінін насихаттап, таратып жүрген саудагер татарлар, бұқаралықтар бар. Сондықтан, оларға кедергі жасай отырып, мынадай босаңсып тұрған қолайлы кезеңді пайдалана отырыш, қырғыздарды христиан дініне қабылдау керек», — деп жеткізді[2].

«Русский вестник» журналы қазақ халқының діні туралы: „Қырғыздардың мұсылман болғанына таңданып қажеті жоқ. Қайта олардың әлі де жаман мұсылман екендігіне көз жеткізуге болады. Бұл жерде жекелеген тұлғалардың емес /бай мен болыстар/ қалың халықтың ой-өрісін айтып отырмын. Жекелеген тұлғалар қазірдің өзінде-ақ нағыз мұсылманға айналып, тіпті өздерінің ұлттық ерекшеліктерін жоғалтса, татарлардың өмір-салтымен өз дінін толық қабылдап алғанға ұқсайды“, — деп жазса [3], тіл жайында: «Қазіргі кезде түрік-татар халықтары қолданып жүрген араб әліппесі семантикалық тілдердің фонетикалық сипатына сәйкес келетін болғандықтан, түрік-татар тілдеріндегі дыбыстарды дәл беруге жарамды және Орыс әліппесі европалық және азиялық тілдердің аралығындағы ең бай тілдердің бірі болғандықтан, араб тіліне қарағанда түрік-татар тілінде кездесетін дыбыстарды жеткізуге жарамды, сондықтан жергілікті халықтың тілінде шығарылуға тиісті қандай да бір басылым болмасын орыс

әліппесінің үлгісінде басылуы керек", — деп патшалы Ресейдің отарлау саясатының мүддесін көздеді [4].

Рухани отарлау тарихнамасы тақырыбы, яғни Ресейдің Қазақстанды отарлау мәселесі орыс тіліндегі мерзімді басылымдарда XVIII ғ. II-ші жартысынан бастап орын ала бастаған. Бірақ, ол кездегі зерттеулердің көпшілігі танымдық бағыттағы еңбектер болатын. Ал, XIX ғ. II-ші жартысынан бастап отарлау мәселесіне байланысты зерттеулер ашықтан-ашық жазыла бастады.

Ең алдымен Қазақстанды отарлау туралы мына мәселеге көңіл бөлгеніміз жөн. Зерттеуші П.П.Румянцев: «... Қазақтарды орыстарға бағынып қол астына «өз еркімен кірді» деп тек шартты түрде айта аламыз. Өйткені, орыстар қазақ сахарасына баса-көктеп кіріп, жаулап алғаннан кейін ғана нағыз билікке ие болды», [5] - деп жазған болатын. Бұл отарлау саясатының бет-пердесін ашып беретіндей.

Орыс отрядтары, казактар «бос жатқан жерлер» деп тауып, орналасып, не тартып алынған жерлер шын мәнінде ешқандай иесіз жерлер емес, керісінше жайылымдық жерлер болатын.

XIX ғ. II жартысы мен XX ғасырдың бас кезінде шығып тұрған орыс басылымдарында Ресейдің шет аймақтарды басқару жөніндегі іс-әрекеттері туралы материалдар мен түрлі көзқарастағы пікірлер XX ғ. алғашқы жылдарынан бастап шыға бастаған «Вопросы колонизации» жинағында да жарық көріп отырған. Бірақ, бұл жинақ негізінен Ресейдің шет аймақтарында, оның ішінде Қазақстанда отарлау саясатының баяу, нашар, жүйесіз жүргізілуін сынап жазып отырған.

Жинақта жаңа жерлерді жаулап алу, орыс шаруаларын орналастыру, бұратаналарды орыс дініне енгізу және т.б. мәселелерде жарияланып тұрған. Мәселен: П.Румянцев жинақтың бетінде жарияланған еңбегінде: «жаулап алушыларға қырғыз жерін иемдену қиынға түспеген. Себебі, бос жер көп болған, ал онда тұратын жергілікті халық надан болатын. Әрі олар бейбіт, қонақжай жандар еді. Сондықтан, қырғыздар орыс қоныстанушыларына бөгет болмады. Көп жағдайда орыс шаруалары өздері ұнатқан жерге уақытша орналасып, шатырлар тігетін. Ал, одан соң аймақты жыртып тастап, мәңгілікке орналасып алатын», - деп жазады [6].

Ал, С.Южаков «Северный вестник» журналына жариялаған «Қоныстандыру мәселесі» деп аталатын еңбегінде: «Колонизация есть самое могучее средство к расширению народного землевладения», - деп жазса [7], зерттеуші А.Леонтьев: «Русская колонизация в степях средней Азии» деп аталатын мақаласында: «Россия үшін отарлау саясаты – Россияның оңтүстік-шығыс территориясын кеңейту. Оның алдында (үкіметтің) 2 мақсат тұр.

Ресей империясы Қазақ халқын отарлауда барлық айла-тәсілдерін қолданғанына тарих куә. Басқыншылық соғыс, саяси, экономикалық отарлау саясаты көзіне аз көрінгендей бодандыққа айналған «бұратаналардың» рухани болмысын, санасын улауды да алдына мақсат етіп қойды.

Жалпы қазан төңкерісіне дейінгі мерзімді баспасөздердегі материалдардың барлығынан дерлік, «қырғыз-қайсақтарды» орыстандырудың (обрусение), сол арқылы азаматтық басқаруды енгізу күн тәртібінде тұрған маңызды мәселенің бірі екіндігі байқалады[8].

Сондай-ақ, 1893 жылы Торғай облысының әскери губернаторы Я.Барабаш қазақ халқының өкілдері алдында сөйлеген сөзінде: «... ешқандай арнайы дайындығы жоқ және заңдық құқығы да жоқ, өздерін молда мен мұғалім санайтын, қырғыз ауылдарын шарлап жүрген татарлардан сақтану керек, оларға бала тәрбиесін сеніп тапсыруға болмайды. Бұл күдікті жандар халық арасында небір көргенсіздік, мәдениетсіздік үлгісін көрсетіп, балаларды ешнәрсеге үйретпейді. Сондықтан балаларыңызды орыс мектептеріне, гимназиялар мен университеттерге беріңіздер, орыс өркениетіне тартыңыздар», - деп [9] ашына айтқан әңгімесінің астарында нендей ой жатқандығын байқауға болады.

Патшаның отаршыл әкімдері қазақ жерінде ашылған оқытушылар семинариясы мен орыс-түземдік мектеп дейтұғын аралас мектеп атаулының бәрін дерлік шамаға қарай миссионерлік ағартушылық мақсатта ұстап отырған.

Мәселен: «Народное просвещение» журналында: «... в Туркестанском крае был намерен держаться обрусительной политики при посредстве русской школы», - деп [10] атап көрсетілуінде де мәселенің саяси төркіні қаншалықты тереңде жатқанын жасырмайды. Өйткені бұл мәселе мемлекеттік саясат деңгейіне дейін көтерілген. Тіпті, Туркістан өлкесінің алғашқы генерал-губернаторы фон Кауфманның өзі қазақтарды ислам дінін терең қабылдаған көрші халықтардан бөлек ұстап, орыс жазуы негізінде оқытылатын мектеп арқылы тезірек ассимиляциялау міндетін алға қояды. Бұл мәселеге А.И.Ивановтың «Русский вестник» журналында жарияланған «Русская колонизация в Туркестанском крае» - деп аталатын еңбегінен де көз жеткізуге болады[11].

«Русский вестник» журналы М.Н.Катковтың басшылығымен 1856 жылдан бастап ай сайын шығып отырған. Осы журналдың кезекті басылымдарының бірінде «Итоги 27-летнего управления Туркестанским краем» деп аталатын мақала жарияланып онда мақала авторы: «... жуық арада араб харпін орыс харпімен айырбастау керек, бұл шын мәнінде ешқандай қиын да қауіпті емес» - деп жазған[12].

Қазақ жерлерін отарлаумен қоса, патшалық өлкеге өздерінің азаматтық заңдары мен христиан дінінің шарттарын енгізе бастады. Патша шенеуніктері «отарлаумен қоса, біз өзіміздің азаматтық заңдарымызды әкелеміз. Бұл дегеніміз – азда болса христиан дініне қарай жасалған қадам», - дей келе христиан дінін ресми дін ретінде мойындатып дәріптеген бұл мақала «Вестник Европы» журналында жарияланыпты[13].

«Біздің апостолдық қызметіміздің маңыздылығы оның санында емес, сапалығында. Сендер ешкімді шоқындырмай-ақ қойыңдар. Мәселе онда емес. Мәселе дінді уағыздап, оны естігілері келгендерге жеткізу, ал шоқындыру болашақ ұрпақтың ісі», - деп «Русский вестник» журналы ұзақ уақытқа жоспарланған шоқындыру саясатының жолын көрсеткен[14].

«Московские ведомости» газетінің бетінде Томбы, Алтай, Қырғыз епархияларының 1890-1891 жылдары атқарған жұмыстарының есебі жарияланып, онда: «Алтайдағы христиан дінінің соңғы табысы қырғыз даласына ауысуға мүмкіндік әперді. Алайда, ол жердегі жағдайымыз қиын. Миссионерлердің айтуына қарағанда, біріншіден, қырғыздардың мінез – құлқы христианға жат, екіншіден олардың молдалары мықты, жергілікті халықты шоқындыруға қатты қарсылық көрсетуде. Сондықтан да әзірге ісіміз алға баспай тұр. Ал, қолға алынған істі ортан жолда қалдыруға болмайтындықтан, арнайы адамдар дайындалуда. Мәселен, осындай игі жұмыстардың нәтижесінде А.Петров деген мырза Москва университетін аяқтаған соң, Қазандағы мұсылмандыққа қарсы курста оқып татар тілін үйреніп алуының барысында өз маңына бірнеше шоқынған татарларды тартып отыр. Оның үстіне осылардың күшімен қырғыз тіліне біздің «Святое писаниямыз» да аударылып жатыр. Қалай болғанда да, соңғы жылдары қырғыздар бізге келіп жатыр. Жылына бірнеше адамнан шоқынады. Қазірдің өзінде олардың ұзын саны жүзге толды. Біздің басты мақсатымыз қырғыз даласын иемдену. Ендеше таяу жылдары қырғыз епархиясын орталыққа орналастырсақ, әрі шоқынған қырғыздарды сол жерлерге көшірсек, біздің қырғыздарды өзімізге тартуымыз күшейе түсер еді», - деп болашақтағы ойын бүкпесіз жазған[15].

Біз бұл мақаладан православия дінінің кітаптарын қазақ тіліне аудару арқылы шоқындыру саясатын жүргізгенін көреміз. Біздің бұл ойымызды баспасөз бетіндегі мына бір ойлар дәлелдей түсетіндей. «Оқушылар өз тілінде кешке әке-шешелерін осы қасиетті кітап ілімімен таныстырады», - деп жазды Омбы Епархиялық хабаршысы[16].

Ал, зерттеуші С.Рыбаков «Народное образование» жинағында жарық көрген өзінің «Нужды народного просвещения», - деп аталатын мақаласында Ішкі (Бөкей ) Ордасы мен Торғай облысында Ильминский жүйесіндегі мектептің жұмыс істеп тұрғанын, Торғай облысындағы бастауыш мектепте сабақ қазақ тілінде, онда сабақ беретін мұғалімдер де қазақтар екенін, сабақ Ильминскийдің «Әліппесі» мен өтілетінін жазған[17].

Қорыта айтқанда орыс зерттеушілерінің аталған баспасөз мақалаларының сөз жоқ қазақ тарихының даму жолын оқып-білуге қосқан үлесі қомақты. Дегенмен, бұл еңбектерден өлкені зерттеу барысында ғылыми-тарихи тәсілден гөрі, отарлық-саяси бағыттардың басым болғаны айқын көрінеді. Орыс зерттеушілері мақалаларында берілген рухани отарлау мәселесінің көрінісі халықтың салт – дәстүрінің, тілі мен дінінің улануының айғағы екендігін көрсетеді.

1 *Русский вестник*. 1898., № 4 – С. 16

2 *Записки Оренбургского отдела русского географического общества*. Вып. IV. 1982.

3 *Васильев А. О киргизском языке и его транскрипции* // 35. *Русский вестник*. 1897., №7

4 *Русский вестник* 1897., №7

5 *Вопросы колонизации*. 1909, №5.

6 *Румянцев П.П. Условия колонизации Семиречья*//*Вопросы колонизации*. 1911, №97

7 *Южаков С. Переселенческий вопрос*//*Северный вестник*, 1886, август) отдел II, 25-49 с.

8 *Биржевые ведомости*. 1869, №149-150

9 *Оренбургский край*. 1893, №24

10 *Народное просвещение*. 1906, №2, 10 с.

11 *Иванов А.И. Русская колонизация в Туркестанском крае*. // *Русский вестник*, 1890, кн. XI, 228 с.

12 *Итоги 27-летнего управления Туркестанским краем*. // *Русский вестник*, 1891, кн. 7 и 8

13 *Вестник Европы*. 1875, №10, 529 с.

14 *Русский вестник*. 1898, №8.

15 *Московские ведомости*. 1892, №230.

16 *Омская епархиальная ведомость*. 1899, №18, 15 с.

17 *Рыбаков С. Нужды народного просвещения*. // *Народное образование*. 1899, кн. 1-4.

#### **Түйін**

Мақалада Қазан төңкеріне дейінгі зерттеушілер еңбектеріндегі отарлау саясаты мәселесі тарихнамалық тұрғыдан қарастырылады. Сонымен қатар «Вестник Европы», «Русский вестник», «Московские ведомости», «Вопросы колонизации» және т.б. басылым беттеріндегі рухани отарлауға қатысты мәліметтер талданады. Сонымен қатар орыс тілді еңбектердегі рухани отарлау көріністері мен деректері тарихнамалық тұрғыдан баяндалады.

**Тірек сөздер:** рухани отарлау, тарихнама, зерттеушілер, орыс тілді

### **Резюме**

В данной статье историографической позиций рассматриваются статьи опубликованные в газетах «Вестник Европы», «Русский вестник», «Московские ведомости», «Вопросы колонизации» и придерживающихся либерально – буржуазного направления как «Восточное обозрение», «Исторический вестник», «Записки Оренбургского Русского географического общества» и других изданиях о духовной колонизации в казахской степи. Вместе с этим на историографической основе поднимаются проблемы духовной колонизации в русских дореволюционных изданиях. Обсуждаются мнения о направлении духовной колонизации в русскоязычных периодических изданиях дореволюционного периода.

**Ключевые слова:** духовное колонизация, историография, исследователи, русскоязычные издания

### **Summary**

In this article from historical position states published articles in “Herald of Europe”, “Russia herald”, “Moscow lists”, “Questions of colonization” newspapers and “Review of East”, “Historical herald”, “Transactions of Orenburg Russian geographical society newspapers what held on liberal-bourgeoisie direction and another publication about spiritual colonization in Kazakh steppe. Together with this in historical lose revolted problems of spiritual colonization in Russian publication. Discusses opinions about direction of spiritual colonization in periodical Russian languages publication to period of revolution.

**Keywords:** spiritual colonization, historiography, researchers Russian-language edition

УДК: 930: 005.92 (574)

## **ЖЕКЕ КӘСІПКЕРЛІКТЕГІ ҚҰЖАТТАУДЫҢ БҮГІНГІ КЕЗЕКТЕГІ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

**Г.А. Қалмырзаева – *эл-Фараби атындағы ҚазҰУ магистранты***

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасында мемлекеттік тілді дамытуға барынша көңіл аударылып, ол Заң жүзінде өзінің шешімін тауып отыр, десек те, бұрынғыдай емес, мемлекеттік тілге деген салғырт, атүсті көзқарас жанаша сипат алып келеді. Мәселе, енді осы үрдісті одан әрі дамыту, тілдің қолдану аясын барынша кеңейту процестерін жетілдіруде жатыр. Бұл ретте атап айту керек, мемлекеттік тіл саясатында министрліктер мен ведомстволарда, жекеменшік кәсіпорындар мен серіктестіктерде, жергілікті жерлердегі атқару органдарында және ұйымдарда ресми іс қағаздарын жүргізуді ең маңызды нысана етіп алған жөн. Ол үшін мемлекеттік тілде іс қағаздарын қалыптастыруда қолданылып жүрген іс жүргізу құжаттарының үлгілерін одан әрі жетілдіріп, оны жаңа талаптар деңгейіне көтеру қажеттілігі әлі де болса күн тәртібіндегі мәселе екені байқалады.

**Тірек сөздер:** құжаттау, құжат, құжаттаманы басқару, шарттар, жеке кәсіпкерлік

**Жеке кәсіпкерлік** — азаматтардың өз атынан мүліктік жауапкершілікке негізделі отырып жүзеге асыратын дербесбастамалық қызметі. Жеке кәсіпкер, әдетте, кәсіпорынды өзінің меншікті капиталымен қаржыландырады, барлық тәуекелді өзінің мойнына алады және осы қызметке байланысты өзінің міндеттемелері бойынша барлық мүлкімен жауап береді. Жеке кәсіпкерлік жалдамалы еңбекті пайдаланып, не пайдаланбай жүзеге асыралады, сонымен қатар заң актілерімен шектелмеген шаруашылық қызметтің барлық түрін де жүргізеді.

Тілдерді дамыту департаменті іс жүргізудің әртүрлі бағдарламаларын өмірге әкеліп, мемлекеттік тілдің қолданыс шеңберін кеңейте түсуде. Дегенмен, мемлекеттік тіл майданында жұмыс істеп жүрген әрбір азамат қазақ тілінің мерейі үшін, іс жүргізу құжаттарын, оныңтүрлері мен нысандарын одан әрі жетілдіріп отыруға міндетті. Осы мемлекеттік тілде ісқағаздарын жүргізуді қалыптастыруға деген алғашқы талпыныстан туындаған дүние [1].

Мемлекеттік тілдегі іс қағаздарын жүргізуде үйренерлік нәрселер бар екендігіне ешқандай күмән жоқ. Ең бастысы, ана тілімізде іс жүргізуге арналған бағыттардың қатары көбейіп, ортақ іске пайдасын тигізсе болғаны. Бағыт деп отырғаным осы тұста қалыптасып отырған құжаттану мәселесіндегі басқаруды құжатпен қамту [2]. Әсіресе салалық құжаттану. Сондықтан болар, келешекте құжаттануды кез-келген салада қамту үшін арнайы дайындық керек. Себебі, құжаттармен жұмыс атқару көптеген жағдайда мемлекеттік тілде орындалмауы, осы мамандардың жетіспеушілігінде десек артық болмас еді. Мысалы, мен зерттеу барысында, қазіргі кезде жақсы дамып отырған қызмет көрсетудің бір саласы құжаттану мәселесі. Бір жағынан қазіргі кезде құжатпен қамту керемет дамыған, арнайы жабдықтар құжатпен қамтуды жеңілдетеді, бірақ, соған қарамастан мемлекеттік тілде құжаттар жүргізу әлі де болса кәсіпкерлікті құжаттау саласына толық жете қойған жоқ. Осы тұста қарастырып отырған тақырыбым осы

мәселеге мән беруді байқатады, осы тұста қалыптасып отырған, жаңа технологияны пайдалана отырып құжатпен қамту жолдарын да айқындау қажеттілігі орын алып отыр.

Қазіргі кезде көптеген фирмалар мен әр түрлі мекемелердің басқару жүйесі оның құжаттарының дұрыс жүргізілуіне байланысты болады. Сондықтан құжатпен жұмыс атқаратын маман құжатты дұрыс басқара білу керек. Басқару жүйесінің қажеттілігі қандай да болмасын мекеменің, ұйымның, кәсіпорынның жұмысын реттеп және алға қойған мақсатын, талаптарын орындау болып табылады.

Әрбір кәсіпорынның бағыты дұрыс қамтылуы үшін басқарудың нақты функциясы дұрыс жүргізілуі тиіс. Құжаттармен жұмыс атқарған кезде қойылатын талаптар ескеруі қажет [3]. Әрбір ресми құжат басқару қызметіне қатысты заң күшіне ие, сондықтан құжат құрылымы бір ізді және стандартты түрде болуы қажет. Құжаттанумен барлық басқару аппаратының жұмысшылары – техникалық орындаушылардан бастап, тіпті бөлімше жетекшілеріне дейін. Өндірістік, шаруашылық, қаржылық және қоғамдық салалар бойынша кәсіпорынның күнделікті жұмысында әр деңгейдегі сұрақтар бойынша құжаттар жасалынады. Сонымен қатар, айрықша мән беретін ерекшелік, ол құжаттардың мекемеге келіп түскеннен бастап орындалуына дейін қадағаланып сақтауға жеткізілуі. Себебі, қазіргі кезде құжаттардың ерекше орын алатыны, ол құжаттық ресурстың пайда болуы. Яғни өндірістің дамуы тікелей осымен байланысты десек қателеспейміз. Зерттеліп отырған жұмыста құжаттанудағы барлық қалыптасқан бағытқа шолу жасау аясында қажетті мәселелерге тоқталдым.

Құжат жалпы барлық кәсіпкерлік ұйымдарда әкімшілік басқару жүйесінде арнайы басқару функциясын атқарады [4]. Басқарудың негізгі мақсаты кәсіпорынның, мекеме жұмысының тиімділігі, оның нәтижелі болуы, осы ұйымның жұмысы қалай жүргізіліп отыр, қандай дәрежеде және ол нәтижелі ме, не болмаса қандай мәселелер қарастырылады., қандай сұрақты шешеді сондықтан осымен тығыз байланысты. Осының барлығы кәсіпорын ұйымында жүргізіліп отырған құжаттармен негізделеді. Кәсіпорын ұйымының құжаттары құрылым бөлімдерінде қалай атқарылады, оған толық қандай іс-шаралар атқарылады, жалпы қазіргі кезде құжатты құжат айналымында орындау қалай және қандай әдіспен жүргізіледі деген сұраққа жауап іздеп көрсек. Осы тұста айрықша маңызды орын алатын құжаттардың жеке меншік болсын, не болмаса басқа да мекемелердің жұмысына қатысты өзіндік мағынасы бар құжаттама түрлеріне де тоқталдым. Сонымен қатар өзекті мәселе, ол қазіргі кезеңдегі қалыптасып отырған мекемелердің құжаттандыруы және оның негізінде жеке меншік кәсіпорының құжат айналымын ұйымдастыру, оның аясында мекеменің жалпы құжат айналымы.

Қажеттісі, іс жүргізуде қалыптасып отырған құжат айналымындағы мәселелерге қатысты сұрақтарды зерттеп, оларға тұжырым жасау. Айрықша мән беретін және орын алып отырған мәселе, осы құжаттардың құжат айналымдағы жүргізу тәртібі, сонымен қатар, мемлекеттік деңгейде оларды толтыруға қатысты қойылып отырған талаптардың орындалуы [5].

Ерекше мән беретін тақырыптағы талап, ол, құжаттардың осы уақытта қалыптасқан негізгі сақтаушылар түрлері және оларды пайдалану ерекшеліктеріне мән беру. Құжаттардың тобын алдын-ала қарастырған кезде ең бірінші қажетті құжаттарды жинастырып, лауазым иесі барлық құжаттарды туындап негіздейді. Құжаттың мазмұнына тоқталады, сақтау әдісіне көңіл бөледі. Бұл талаптар келесі тұрғыда құрылады: құжаттарға қалыптасқан стандарттардың формасын бақылайды не болмаса ұйымдастырушылық - заңдылық құжаттарды негіздейді, құжаттарға арналған арнайы типтік мазмұнды пайдалану арқылы іскерлік хаттарға көңіл бөлу қажет. Қазіргі жағдайда, өндіріс саласында мекемедегі басқаруды жақсы деңгейде жүргізу үшін және ол пәрменді болуы үшін, сапасы жақсы жоғары талаптарға сәйкес міндетті түрде мекемелердің құжаттық жұмысын дұрыс деңгейге қою қажет екені айғақ. Сонымен қатар, ақпараттық құжаттық жұмыстың сапалы болуы да ықпал етеді. Жалпы құжаттардың негізгі функционалдық орны барлық мемлекеттік болсын, жеке меншік болсын ұйымдарда жұмыс істеуді құжаттау және оларды пайдалана отырып келешек ұрпаққа осы тұста болып жатқан жаңалықтарды кейін тарихи деректеме ретінде жеткізу [6]. Сондықтан құжат қандай жағынан болмасын құнды бола тұра, осы тұрғыда одан сайын құндылығы арта түседі. Сонымен қатар, мән беретін өзекті мәселе - ол мекеменің ішкі құжат айналымындағы құжаттық жұмыс барысы. Жұмысты жазу барысында бірнеше көптеген құжаттарды толығымен жұмысыма пайдалану мүмкіндігі болмады. Себебі, құжаттардың көпшілігі мекеменің жеке зияткерлік меншігі болғандықтан оларды сақтау қажеттілігі аса маңызды.

Жеке кәсіпкерліктегі жүріп жатқан операцияларды құжаттармен рәсімдеу процесі – құжаттау деп аталады. Ол үшін қолдан алғашқы құжаттардың нысаны кәсіпорынның өзінде әзірленіп бекітіледі, егер де оларға аса үлкен талаптар қойылмаса, алғашқы құжаттар мынадай міндетті реквизиттерден тұрады:

- құжаттың атауы (нысаны);
- жасалған күні;

- субъектінің атауы, яғни кімнің атынан құжаттардың жасалғанын білдіреді;
- шаруашылық операциялардың мазмұны (ақшалай және заттай көрсетіледі);
- қызмет бабындағы тұлғаның атқаратын қызметі;
- жеке қолдары және олардың аты-жөні, қызметі.

Құжат айналымының басты мақсаты құжаттардың қозғалысын дұрыс ұйымдастыру болып табылады. Құжаттау – ұйымдардың жұмыс істеуі үшін қажетті құжаттар кешенін жасау процесі. Оған дайын құжаттармен жұмыс, мекеме ішінде дайындалған құжаттармен жұмыс та, сырттан келген жұмыс та, сондай-ақ оларды қабылдау, тіркеу, ол бойынша жұмыс істеу, орындалуын бақылау, құжаттарды қолдануға дайындау секілді көптеген жұмыстар атқарылады.

*1 Қазақстан Республикасының Тілдер туралы Заңы.*

*2 Типовые правила документирования и управления документацией в государственных и негосударственных организациях. Приказ Министра культуры и информации Республики Казахстан 25.09.2009.*

*3 Типтік Ережелер 25.09.2009.*

*4 Боранбаева С.И. Современное документирование и документооборот в Казахстане. Учебное пособие. - Алматы. Издательство «Үш қиян». 2012 -с. 285*

*5 Перечень типовых документов, образующихся в деятельности государственных и негосударственных организаций, с указанием сроков хранения 26.12.2011*

*6 Қошанов А.К., Мухаметжанов Б.К., Бектемисова Т. Формирование частного предпринимательства в Казахстане в условиях перехода к рынку. //Қайнар Алматы., 1995 – 200б.*

### **Резюме**

Калмырзаева Гүлжан Ақмырзақызы - магистрант КазНУ имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы, [guli\\_51@mail.ru](mailto:guli_51@mail.ru)

#### **Актуальные проблемы документационного обеспечения предпринимательства**

В данной статье рассмотрены проблемы документационного обеспечения на государственном языке частного предпринимательства в республике. Проанализированы основные направления государственной политики в области применения государственного, казахского языка во всех сферах деятельности, вместе с тем, как отмечается в статье, новые экономические условия оказывают существенное влияние на сферу применения национального, государственного языка, показаны причины и условия, которые существенно отражают слабый уровень документирования предпринимательской деятельности на государственном языке и некоторые аспекты профессионального подхода работы с такими документами.

Раскрыты функциональные свойства документов в предпринимательстве, которые влияют на совершенствование управления данной сферы, и в целом, общие свойства, как обеспечение достоверности, своевременности и доступности информации, которые также обеспечивает улучшение качества деятельности предпринимательства. Особо подчеркивается необходимость обеспечения сохранности и создания информационного ресурса малого бизнеса.

**Ключевые слова:** документирование, документ, управление документацией, договоры, малый бизнес

### **Summary**

Kalmyrzayeva Gulzhan Akmyrzayevna - student of master degree KazNU named after Al-Farabi, Kazakhstan, Almaty [guli\\_51@mail.ru](mailto:guli_51@mail.ru)

#### **Actual problems of the documentary ensuring business**

In this article are considered problems of documentary providing in state language of private business in the republic. The main directions of a state policy in a scope of the state, Kazakh language in all fields of activity are analyzed, at the same time as it is noted in article, new economic conditions have essential impact on scope of a national, state language, the reasons and conditions which significantly reflect the weak level of documenting of business activity in a state language and some aspects of professional approach of work with such documents are shown.

Functional properties of documents in business which influence improvement of management of this sphere, and in general, the general properties as ensuring reliability, timeliness and availability of information which are also provided by improvement of quality of activity of business are opened. Need of ensuring safety and creation of information resource of small business is highlighted.

**Key words:** Documentation, document; – management of documentation, contract, small business

**Б.М. Утеулиева** – Абай атындағы ҚазҰПУ-і,

*Тарих және шетелдік студенттермен жұмыс факультетінің 2-курс магистранты*

Мақалада Талғар қаласындағы білім беру мекемелерінің тарихына тоқтала отырып, автор олардың даму барысын қарастырады. Сонымен қатар қаладағы білім беру саласына үлес қосқан азаматтар еңбектеріне шолу жасайды. Мақала барысында 1959-1991 жж. Талғардағы халыққа білім беру мен оның әлеуметтік жағдайын жүйелеген. Талғар орта білім беру мекемелерінің де тарихы тереңде жатқандығы баяндалған.

**Тірек сөздер:** талғар, қала, білім беру, орта білім беру

Қазақ даласындағы тарихы тереңде жатқан қалалардың бірі – Талғар қаласы. Әрбір қаланың өсіп өркендеуінің басты саласының бірі – білім беру саласы. Талғар қаласында 1959 жылы қала атауы берілгеннен кейін оқушылар санының өсуіне орай мектеп саны да көбейді. Мысалы 1959-60 оқу жылында 2054 оқушы оқыса 1964-65 жылдары 3100 ге жетті. 1967-70 жылдары Талғарда 8 мектеп болды. Талғар қаласындағы № 49 орта мектеп жасына дейінгі шағын орталығы бар жалпы білім беретін орта мектеп болып 1984 жылы ашылды. Мектепті алғашқы болып Рахимбекова Елизавета Кәкімқызы басқарды. 1970 жылы С. Сейфулин атындағы №2 қазақ орта мектебі ашылды. 1970 жылдан бастап Талғар қаласында №3 -ші 220 оқушы оқитын мектеп жұмыс жасайды. 1970 жылдан бастап Талғарда тұратын басқа ұлт өкілдерінің балаларының өз ана тілінде білім алуларына жағдай жасалынған. Төрт мектепте ұйғыр, үш мектепте түрік, паляк сыныптары ашылып дәріс алуда.

Сонымен қатар Талғарда 70 жылдық тарихы бар №4 кәсіптік- техникалық оқу орны жұмыс жасап жатыр. Кәсіптік- техникалық мектепті Солтанқұлов Ақат Әлімханұлы басқарған. Алтынбек Қонаев Талғар қаласында аудандық ұлттық тәлім- тәрбие, салт- дәстүр, жас тіршілік үйірмесін басқарды. Ол оқытқан жас шәкірттердің туындалары қалалық «Талғар» газетінен бастап, Республикалық «Шалқар» газетінде де жарық көріп отырады. Қазірдің өзінде жасы 70 - ке таясада Алатаудың жоталарына жаяу шығып, тарихи-археологиялық көне заттарды зерттеп мұражайларға табыс етуде. Талғардан тапқан екі қыш құмырасы қазір Орталық мұражайда сақтаулы [1].

Талғар білім беру ошағының бірі 1934 жылы ашылған орта мектеп. 1965 жылы 25 тамызда мектепке Сәкен Сейфуллин аты салтанатты түрде беріледі. Мектеп 2 ғимаратта орналасқан.

Мектеп бүгінгі күні үлкен білім ордасына айналған қасиетті қара шаңырақ.

Мектептің негізгі тірегі –білімді ұстаз. Тар шеңберде шырмалап қалмай, әр баланың қабілетіне қарай дарындылығын дамыту, білім бәйгесінде, дүбірлі жарыстарда жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар шәкірт шығару-ұстаздардың ерең еңбегінің жемісі.

Қазақстан Республикасының білім беру ісінің үздігі, әдіскер, неміс тілі оқулығының авторы оқушылары бірнеше рет республикалық өребәйгеде жеңімпаз атандырған Ы.Алтынсарин төсбелгісімен марапатталған Есимова Биғайша, «Ерең еңбегі» медалінің иегері, «Білім беру ісінің үздігі». Республикамыздың үздік ұстаздарының мемлекет хатшысымен кездесуіне қатысқан «Үздік авторлық бағдарлама» жеңімпазы Созақбаева Айткүл, Қазақстан Республикасының оқу ісінің үздігі, жаңа буын оқулығына құнды пікір жазушы, Республикалық өребәйгеден бірінші рет оқушылары орын алған Созақбаева Уазипа, Қазақстан Республикасы білім беру ісінің үздіктері: Жарылғапов Абиыр, Асанова Сұлхан, Президенттің алғыс хатымен, Ы.Алтынсарин атындағы төсбелгісі белгісімен марапатталған «Білім беру ісінің үздігі Букаева Р, ҚР білім беру ісінің құрметті қызмекері Айтұғанова А, Конституцияның 10-жылдық мейрейтойына байланысты Жақыпова Сауле медальмен марапатталды[2].

Мектеп келешек ел басқарар, жер басқарар, жер суына иелік етер, ел халқын гүлдентер, мейірін өсіріп, мәртебесін биіктетер жасампыз жандарды тәрбиелейтін киелі де, қасиетті ұя. Осы білім ордасының өткеніне көз салсақ ел өміріне етене араласып, бірнеше буын ұрпақ тәрбиелеген қасиетті қара шаңырақтың тарихы 1934 жылдан басталады.

Алғаш рет қазіргі халық сотының орнына саз балшықтан салынған шағын үйде 17 оқушымен ашылған. Сол кездегі мектеп директорлары Саукулов және Ибрагимов Тәкен Рахымұлы.

Бар саналы ғұмырын, жастық жолымен күш қайратын, терең де телегей білімдерін осы мектепке қалдырған Қазақ ССР еңбек сіңірген мұғалімі, Қазақ ССР жоғары советінің депутаты Шынтемірова Рысханым, Жеңіс парадына қатысқан тұңғыз қазақ жауынгер ұстаз Нажмединов Шаймерден, Қазақ ССР- не еңбек сіңірген мұғалім, майдандағы ерлігі үшін бірнеше медальдармен марапатталған ұлағатты ұстаз Өтелбай Нұртазин, шыдамдылықпен төзімділігі шәкірт бойына дарыта білген білгір де кеменгер ұстаз Жүніс Тазабеков, Қазақстан Республикасының білім үздігі, шыншыл да еңбекқор ұстаз Найзабекова Зекен, еңбек ардагері Ұлы Отан соғысы жеңісінің 50 жылдығы мерекелік медалінің иегері Тугушева Гүлшат Халелқызы медаль дармен марапатталған ұлағатты ұстаз Өтелбай Нұртазин, шыдамдылықпен



төзімділікті шәкірт бойына дарыта білген білгір де кемеңгер ұстаз Жүніс Тазабеков, Қазақстан Республикасының білім үздігі, шыншыл да еңбекқор ұстаз Найзабекова Зекен, Еңбек ардагері Ұлы Отан соғысы жеңісінің 50 жылдығы мерекелік медалінің иегері Тугушева Гүлшат Халелқызы.

Терең білімді де байсалды, мәдениетті, Жаны таза ұстаздар тобы Хафизов Батыр, Сарсенбаева Бүбіхан, Құрмашев Нұршат, Абдакімова Нұржамал, Абдакімова Нұржамал, Абдакиров Айбас, Кенжебаева Қайша, Әмірова Зәбира, Хафизова Шолпан, Нұртазина Такира, Смайлова Бағишла, Жолдасбаева Себеп, Сүлейменова Жамиға, Еспаев Әбікен, Қасмұратов Файзолла, Божаров Әбіш, Матыбаева Күләш, Рахметов Жолдасбай, Мұсаева Берікбала, Құсатөніова Рауан, Рахымбекова Елизавета, Қазақстан Республикасының білім беру ісінің үздігі, әдіскер немістілінің оқулығының авторы Есимова Биғайша, Бектасова Нұрақын Бекбаева Ақилия, Бөрібаева Мұқанбек, Н.К.Крупская атындағы сыйлықтың лауретаы Аубакирова Шолпан, Қазақ ССР білім үздіктері Мырзақынова Балқия, Айтқожина Айша, Жарылғапов Абир, Бейсенбаева Шолпан құрмет ордерінің иегері Байсеркеев Қазбек тағы басқа көптеген ұстаздар мектеп тарихына өшпес із қалдырған асыл есімдер.

Сәкен атындағы мектеп түлектері де ақын есімін биіктете түсті. Бұрынғы ССР жоғары советінің депутаты, Республикалық «Білім» кәсіподақ федерациясының төрайымы Амантаева Майра Тұрғанқызы, Бауыржан Момышұлының кейінгі, қазақтың салт-дәстүрін таратушы Зейнеп Ахметова, Егемен Қазақстан газетінің қызметкері Ержұман Смайл, Алматы облысы әкімінің орынбасары Әлихан Тойлыбаев Әбдіханұлы, Қарасай ауданының әкімінің орынбасары Түсіпов Насредин Саятұлы, Талғар ауданы әкімінің орынбасары Ыдыралиева Рая Мұсақызы, көлік және байланыс бөлімінің бастығы Ережеп Дүйсенбай, Сейсмология институтының директорының ғылым жөнінде орынбасары, мектепті алтын медальға бітірген түлек Оспанов Асқар Берлібайұлы, жазушы Әнуарбек Дүйсенбаев, Республикалық қан құю орталығының директоры Баспақов Абай Смайылұлы, Гетеника ғылымының кандидатты доцент Бекбосынов Құдайберген, аудандық білім басқармасының басқара отырған Садықова Райхан Нұрмырзақызы, мектеп директорлары Кожабекова Даша, Бекбосынова Матан, Америка Құрама Штаттарында әскери елшілігінің қызметкері Қайырберлиев Руслан, жоғары оқу орындарында ұстаздық ететін Айтұғанова Шолпан, Оңалбаева Айгүл, Астана қаласындағы жедел жәрдем бөлімінің бас дәрігері Төсекбаев Қ, Сатаев С, Халық банкінде қызмет атқарып жүрген Күрішбекова Гүлнәр, Байбатырова Т, Ақтастағы аурухаада білім басшысы Махмадинов Елқанды[3].

Мектепті алтын және күміс мадальдарға бітірген, спорт пен өнердің биік жетістіктерге жеткен шәкірттер жүзден саналады. Сәкен мектебінің әр түлегі еліміздің өркендеуіне үлес қосып, Сәкен есіміне ешқашан кір келтірген емес.

1989 жылғы И.Ф. Халипов атындағы №1 мектептің жылдық есебі.

Колледж тарихы өте бай және қызықты. Бұл тарихтың ішіне Ұлы отан соғысы жылдарының беттері де жазылған. Атап айтсақ, сұрапыл 1942 жылы осы техникум қабырғасында Бауыржан Момышұлы соғысқан 8- гвардиялық Панфилов дивизиясының 1073 Талғар полкы жасақталған. 1942 жылы Бауыржан Момышұлы басқарған полк Мәскеуге 31 шақырым қалғанда, неміс басқыншыларын талқандап, кері қайтарғандардың алғашқылары болған. Соғыстың соңына қарай Бауыржан Момышұлы Гвардия дивизиясын басқарды. Осы дивизия құрамында біздің түлектеріміздің бірі техникум директоры А. Н. Нүсіпбеков соғысқан. Ұлы Отан соғысы жылдары техникумнан 150-ден астам оқушылар және оқытушылар мен қызметкерлер арасынан 23 адам майданға аттанған. Бұлардың барлығы Ұлы Отан майдандарында ерлікпен соғысып тың және тыңайтқан жерлерді игеруге өз үлестерін қосты[4].

*Бір ғасырға бір қарыс жақын қалған Талғар политехникалық колледжінің осынау ғұмыры сексен жылдан асқан. Осы қасиетті шаңырақта мамандық таңдап, білім алған кешегі шәкірттерді облысымыздың, тіпті республикамыздың кез-келген өңірлеріндегі еңбек төрінен кездестіруге болады.*

*Талғар механиктер мектебі 1953 жылы «Талғар ауышаруашылық механизация және электрофикация училищесі» болып өзгертілді. Училище Республикамыздың Солтүстік облыстарына машинист- тракторист мамандарын көбірек дайындауға баса көңіл бөледі. Ал 1973 жылы училище атауы «Ауышаруашылық кәсіптік-техникалық училище» болып жаңартылды. Мемлекеттік кәсіптік білім басқармасының № 220 бұйрығы бойынша училище атауы «№ 4 Талғар орта кәсіптік -техникалық училищесі» болып атанды[5]. Училище автокранишы, бульдозерші, экскаваторшы мамандығын даярлау арқылы іріленген. Білім беру, оқу бағасы арта келе 1985-1986 жылдары қоғамдық тамақтану және токарь, электргазбен дәнекерлеуші мамандары қосылып іріленеді. Училище атауы 1992 жылы «№4 Талғар кәсіптік-техникалық училище» болып жаңартылады. «Кәсіптік-техникалық училищені қайта құру туралы » 1996 жылғы ҚР Білім және Ғылым Министрлігінің № 152 бұйрығы негізінде училище атауы енді «№4 Талғар кәсіптік-техникалық мектебі» болып өзгертілді. Мектеп Республика бойынша*

автослесарь, аспаз, тігінші, электргазбен дәнекерлеуші, электромонтер мамандарын даярлау арқылы Республикамызға кеңінен танылады.

Колледж жұмысын жетілдіру, білім сапасын арттыру оқу мен практиканы ұштастыру, әрине ұстаздар ізденісінде. Сондықтан болар жоғары категориялы ұстаздар, тәжірибесі мол өндіріс шеберлері мен әдіскерлер жалтылама емес, көптің ішінен іріктелген. Олар колледждің бетке ұстар белсенді қаймақтары. Тілін құрметтеу, салтын сақтау, сыпайылық сыйластық бәріне ортақ. Байырғы білім ордасын басқарған басшылар бұл колледждің алтын діңгегі саналған. Соңғы 1956 жылдан бергі жеті директорлардың фото суреттері көрнекі болып ілінген. Бұл үлкенге құрмет, кішіге ізет.

Колледж тарихы өзінше бір шежіре. Ол ұрпақтан ұрпаққа қалар тарихи құжат. Ел аузындағы аңызды арқа тұтып, көне архивтерді ақтарып ізденбейсіз. Дайын жазба таптырмас мәлімет. Әрине колледж тарихы мұнымен шектелмейді. Дәуір ағысына орай жаңарады, оны жазба түрінде жалғастыру келесі қаламгердің үлесінде.

Қазақстан мемлекетінің басты мақсаттарының бірі еліміздің әлемдік стандарттар деңгейінде сапалы ғылым мен айналысуына қол жеткізуі болып табылады. «Қазақстан Республикасындағы білім мен ғылымды дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» сияқты маңызды құжаттардың бәрінде жаңа үрдістерге, жаңа әдістеме мен озат технологияларды тиімді пайдалану қажеттілігі, аса айрықша көрсетілген.

Ірі мемлекеттік қызметтерге, ғылым саласына, ел басқару ісіне белсенді араласқан және алдыңғы қатарлы ауылшаруашылығы өндіріс орындарында аянбай еңбек етіп жүрген колледждің түлектерін әрқашан да мақтан тұтады. Нарық талабын меңгере отырып, колледж базасында 25 әр түрлі қысқа мерзімді курстар ұйымдастырылды. Алматы облысы бойынша осы оқу орнында алғаш рет өз қаражатына компьютерлік класс ашылып, 1989 жылдан бастап жоғары сұраныстағы бағдарламашы мамандары мемлекеттік тілде дайындалып, өңірдегі ауыл мектептерінде информатика сабағынан дәріс беріп, компьютерлік сауаттылықты арттыруға үлкен үлес қосуда. Оқу орнында компьютерлерімен жабдықталған 7 компьютер класы, жалпы 110 компьютер, оның ішінде екі класс пен бухгалтерияның әлемдік «Интернет» компьютер желісінде істеуге мүмкіндіктері бар. Колледждің өз слайды бар және қазақ және орыс тілдерінде жабдықталған екі лингофон кабинеттері, акт залы, үйірме жұмыстарына арналған қосалқы бөлмелері, 360 орындықты клуб, тренажерлік класс және спорт залымен қамтамасыз етілген. Қазіргі таңда Талғардағы білім ошақтары дамып өркендеп, кемеліне келуде.

1 ҚР ОММ қор 1931.тізбе-2, іс- 647- 376.

2 Байпаков К. Мусульманская архитектура Великий Шелковый путь на территории Казахстана . Алматы наука 1980 г. {12,18,20б}

3 Әуелбай Сәтбай «Талғар тарихы- таным көзі» Талғар қаласы 1999ж.-16. б.

4 Пірімбетова М., Сәтбай Ә. Талғар тарихы-ұрпаққа мұра. – Талғар, 1998 ж. – 56 б.

5 ҚР.ОММ қор.1559.,тізбе -2, іс 15-п.1-3

### Түйін

Мақалада Талғар қаласындағы білім беру мекемелерінің тарихына тоқтала отырып, автор олардың даму барысын қарастырады. Сонымен қатар қаладағы білім беру саласына үлес қосқан азаматтар еңбектеріне шолу жасайды. Мақала барысында 1959-1991 жж. Талғардағы халыққа білім беру мен оның әлеуметтік жағдайын жүйелеген. Талғар орта білім беру мекемелерінің де тарихы тереңде жатқандығын баяндайған.

**Тірек сөздер:** талғар, қала, білім беру, орта білім беру

### Резюме

Талғар образовательные учреждения в отношении к истории автора в статье, которая предусматривает развитие. Кроме того, город предоставляет обзор работ людей, которые способствовали в области образования. Статьи в годы 1959-1991 и систематизировать социальный статус государственного образования в Талгаре. Талгарский образование и социальный статус населения и систематизировать. Талгарского вторичные образовательные учреждения также сообщил, что в истории.

**Ключевые слова:** Талғар, город, образование, среднее образование

### Summary

The article on the history of education in Talgar of the authors involves the development of. In addition, the city provides an overview of the works of people who contributed to the field of education. Articles during the years 1959-1991 and systematize the social of public education in Talgar. Talgarsky secondary education institutions also reported that the history.

**Key words:** Talgar, city, education, secondary education

### ИСТОРИЯ ПОТЕНЦИАЛЬНОЙ ЛЕКСИКИ В СОВРЕМЕННОМ АНГЛИЙСКОМ ЯЗЫКЕ

Ш.У. Султанкулова – старший преподаватель, магистр КазНПУ имени Абая,

**Р.Н. Апекова** – старший преподаватель,

**Д.М. Махметова** – старший преподаватель КазНУ имени Аль-Фараби, г.Алматы

В статье рассматриваются лексические единицы речи, которые называют потенциальными словами. Под потенциальными словами принято понимать сложные или производные слова. Существует мнение, что окказиональные слова относятся к разряду потенциальных слов. В качестве предмета исследования были выбраны лексические единицы из произведений художественной литературы. Были проведены лексико-семантический и морфологический анализы данных лексических единиц. В статье показаны словообразовательные способы формирования таких слов на основе английских аффиксов: -ed, -er, -less и суффикса -like. Приводятся сведения о частотности употребления таких слов в речи. В статье приведены упражнения по совершенствованию навыков перевода и понимания смысла потенциальных лексических единиц.

**Ключевые слова:** лексические единицы, производные слова, лексико-семантические и морфологические анализы

Развитие языка обусловлено в значительной степени развитием его словообразовательной системы, становлением новых, словообразовательных моделей слов, изменением существующих, увеличением или уменьшением их продуктивности и многими другими факторами словообразовательного процесса. Новые слова, как правило, создаются в соответствии с существующими словообразовательными моделями языка, пополняя и расширяя его словарный состав и становясь достоянием его носителей. Эти слова реально существуют в языке и зафиксированы словарями. Однако создание новых слов не только, и далеко не всегда, преследует цель удовлетворения потребностей общества в выражении новых понятий. В речи, как устной, так и письменной, постоянно возникают слова, которые вовсе не выражают что-то новое, какие-либо новое понятие или идею. Очень часто создаются слова, передающие понятия, уже существующие в данном языке, но выраженные другими языковыми средствами, например словосочетаниями [1,20]. Подобные слова образуются на данный случай для данного контекста, выражая определенную авторскую мысль. Эти слова в отличие от реальных слов языка называются потенциальными или окказиональными (*nonce words*). Обучение иностранным языкам предполагает усвоение студентами определенного количества языковых, в том числе лексических единиц в изучаемом языке. Отечественные и зарубежные ученые, которые рассматривали проблемы обучения иноязычной лексике в различных типах учебных заведений (В.А. Бухбиндер, Г.В. Рогова, М.А. Педанова, Д.Д. Джалалов и др.) делят лексику на реальный (активный и пассивный) и потенциальный словарь.

Общеизвестно, что активная лексика – это та лексика, которая используется во всех видах речевой деятельности. Пассивная – только рецептивных видов речевой деятельности. Выделяют ещё и потенциальную лексику, слова, которые называется *потенциальными* или *окказиональными*. По своему морфологическому составу потенциальные слова в английском языке – это слова производные и чаще сложные.

Термин (потенциальные слова) был предложен профессором Г. О. Винокуром и профессором А. И. Смирницким. Понимали они этот термин несколько по-разному. Если для Г.О. Винокура потенциальные слова – это такие, которых фактически нет, но которые могли бы быть, которые как бы живут в языке подспудной жизнью, то для А.И. Смирницкого потенциальное слово – это и слово, которое может быть образовано, и слово, которое, возникнув в силу словообразовательной потенции, может стать словом языка (лексической единицей системы языка), но таковым еще не стало.[2,455]

По мнению Г. В. Роговой на базе четко ограниченных словарных минимумов можно развивать потенциальный словарь студентов ... «Он возникает на основе самостоятельной семантизации студентом неизученной лексики в момент чтения. Само собой разумеется, что его объем и развивающийся на основе этого объема лексический навык находится в прямой зависимости от степени овладения активным и пассивным минимумами».

Наиболее точное определение предлагает профессор Д. Д. Джалалов «Потенциальный словарь складывается: на основе слов, состоящих из знакомых словообразовательных элементов, и слов, значение которых выводимо по конверсии, при помощи понимания интернациональной лексики и аббревиатуры». Эти моменты являются основанием для выводимости значения незнакомых слов. Под выводимостью понимается психолингвистическое свойство слова, «которое обеспечивает читающему возможность правилосообразного раскрытия значения незнакомого производного (сложного) слова на основе значений его компонентов».

Студенты должны уметь определять значение слов, которые **потенциально** могут быть поняты на основе знания корня и словообразовательных элементов (аффиксов), слов общего корня, имеющих сходную с родным языком форму и значение (интернационализмов).

Существуют различные виды упражнений в выводимости, влияющие на формирование потенциального словаря. Определить:

- значение производных слов, образованных от известных корней и с помощью известных аффиксов;
- значение интернациональных слов;
- значение незнакомых сложных слов по составу их компонентов;
- значение незнакомых слов, отталкиваясь от известного значения; проверить его по контексту;
- значение незнакомых слов, образованных по конверсии.[2,456]

В ряде случаев потенциальные слова создаются отдельными авторами явно в стилистических целях, для создания определенного стилистического эффекта. Современный английский язык относится к числу тех языков, словообразовательные возможности которых велики. Наблюдения над устной и письменной речью показывают, что здесь идет постоянный процесс создания значительного количества слов, весьма близких по своему значению и семантико-смысловой структуре компонентов к синтаксическим образованиям - свободным словосочетаниям и даже предложениям. Например: *A slender figure moved with dance-like steps. He handed Nick the newspaper-wrapped bottle of whisky. It was a flagless vessel.* В приведенных предложениях слова *dance-like*, *newspaper-wrapped*, *flagless* служат примером слов данной категории. По своему значению они близки соответствующим словосочетаниям: *dance-like* – *like a dance*; *flagless*-*without a flag*; *newspaper-wrapped*-*wrapped-in a newspaper*. В языковедческой литературе существуют несколько названий данной категории слов, а чаще всего их, называют потенциальными или окказиональными, однако существует известная разница в том, что понимается под этими названиями.

О.С.Ахманова определяет потенциальное слово как «производное или сложное слово, реально не существующее, но могущее создаваться в любой момент в соответствии с продуктивными словообразовательными моделями данного языка». По своему морфологическому составу потенциальные слова в английском языке - это слова производные и чаще сложные. Таким образом, потенциальные слова в английском языке – слова, реально не существующие или существующие лишь в отдельных случаях в письменной или устной речи и способные создаваться вновь в соответствии с продуктивными словообразовательными моделями английского языка. Другое название данных слов – слова окказиональные, определяемые как «слово или оборот, употребленные говорящим или пишущим «один раз» для данного случая», не совсем приемлемо, поскольку исследуемые слова, хотя и могут быть словами на один раз, тем не менее, способны повторяться в речевом употреблении и создаваться вновь. Подчас «невозможно установить, когда то или иное слово было употреблено в первый раз». Термин «окказиональное слово» скорее применим к словам, создаваемым в стилистических целях, к авторским, индивидуальным словам, в которых возможность образования вновь весьма ограничена благодаря специфике этих слов. Например: *Her scraggy father laboured with his needle... her chicken-thin little sister in black gym bloomers cut paper with big shears. Many of the calls came from news-hunting journalists. The janitor was a horsy-looking customer with small bloodshot eyes.* В приведенных примерах слова *chicken-thin* – худенькая, как цыпленок, *news-hunting* – охотящийся за новостями, *horsy-looking*-похожий на лошадь имеют явную эмоциональную окраску, они индивидуальны, индивидуальны в том смысле, что не каждый сможет их создать, для этого требуется высокий уровень владения языком, тонкое понимание его особенностей [1,22]. Безусловно, непреходимой границы между потенциальными и окказиональными словами не существует, и последние в известной степени весьма близки к потенциальным словам. В качестве исходного словообразовательного материала при их создании используются одни и те же словообразовательные модели. Специфика окказионального слова заключена в характере сочетаемости значений его компонентов: эта сочетаемость не всегда обычна и создает определенный стилистический эффект. Потенциальные слова в английском языке могут иногда, и повторяться в речи, а в некоторых случаях даже фиксируются словарями. *She was very paintable and all the young men had made portraits of her. He looked down at the watchless wrist, the ringless fingers, and the unpainted finger-nails. He thought he understood Negroes, but he was not a noticer.* В приведенных примерах слова *paintable*, *watchless*, *ringless*, *noticer* не являются какими-то редкими образованиями, все они отмечены словарями. Говоря о регистрации слов потенциальной лексики словарями английского языка, следует отметить, что наиболее полные словари, как, например, *Webster's New International Dictionary*, *The Oxford English Dictionary* и некоторые другие в ряде случаев фиксируют эти слова. Но в словаре Вебстера эти слова приводятся без объяснения их значения; они отмечены как возможные производные слова, значение которых самоочевидно [4]. В Большом Оксфордском словаре они даются чаще всего как обычные слова, т.е. указываются их значение и приводятся примеры употребления. Словари фиксируют, в основном, производные слова, а потенциальные сложные слова включаются в словари реже, по-видимому, по той

причине, что их образование менее ограничено, чем образование производных. Включение потенциального слова в словарь или невключение не может ещё гарантировать широкую употребляемость и известность последнего. Во многих случаях оно всё же остаётся потенциальным словом, ибо, во-первых, его легко можно образовать вновь, и, во – вторых, оно не имеет той коммуникативной ценности, которую имеют реальные слова. К тому же подобные слова, фиксируются лишь большими словарями английского языка, претендующими на более полный охват лексики; в словарях же меньшего объема и более массовых эти слова чаще всего отсутствуют, и, значит, возможность познакомиться с ними весьма ограничена. Непременной особенностью анализируемых слов в английском языке является семантическая прозрачность их частей, отсутствие идиоматичности, значение целого здесь выводится из значения компонентов: основ, словообразовательных аффиксов. Например: He was a regular attender at medical conventions and took conscientiously took in most of the sessions. When he was still very young he loved his life in the womanless house on Chestnut Street. He was an old man with red-veined cheeks. In the protest movement parents, teachers have united to fight the education policies of the British government. Значение потенциальных слов attender, womanless непосредственно выводимо из значений основ и суффиксов. Например: attend –присутствовать, -er -суффикс деятеля, производящего действие, attender -тот, кто посещает, присутствует, посещающий, присутствующий; woman-женщина, less- «не имеющий лишённый чего-либо», womanless-без женщин(ы), не имеющий женщин(ы). Значение сложного слова education policy-политика в области образования -выводимо из значения основ education и policy. Значение сложнопроизводного слова red-veined –имеющий вены багрового цвета, с багровыми венами -исходит из значений основ red и vein и значения суффикса-«ed» - «имеющий, обладающий» . В случае неясности общего значения потенциального слова, когда при заданной структуре компонентов их смысловые связи варьируются, на помощь приходит контекст, помогающий выяснить значение этого слова. Для понимания значения потенциального слова, помимо значений его компонентов, необходимо еще знать и соответствующие словообразовательные модели, а также семантико-структурные взаимоотношения между компонентами слова. Например: He looked curiously at large mansions in their park-like gardens. Слово park-like можно понять, исходя из значений компонентов (park-парк и - like – похожий, подобный); компонент-основа существительного(park) сравнивается с чем-либо (like),а словообразовательная модель «существительное + суффикс – like» образует прилагательное. Следующей особенностью потенциальных слов является их соответствие, соотнесенность со свободными словосочетаниями, а иногда и с предложениями. Во многих случаях, возможно, трансформировать слово и словосочетание и, наоборот, словосочетание в слово. Близость словосочетания (и некоторых типов предложений) прослеживается по двум направлениям:а) по их значению и б) по их употреблению. Отсутствие идиоматичности потенциального слова делает наиболее заметной его смысловую близость со словосочетанием. Это наиболее отчетливо видно при сравнении сложных слов и свободных словосочетаний. Сравним, например: a house of six rooms-а six- roomed house- дом из шести комнат; a man in a leather jacket - a leather-jacketed man - человек в кожаной куртке; a girl smoking a cigarette - a cigarette-smoking girl - девушка, курящая сигарету [1,25]. Близость в значениях приведенных выше сложных слов и словосочетаний объясняется тем, что структурно-смысловые отношения компонентов сложного слова и слов, входящих в состав словосочетания, схожи, к тому же идентично и значение компонентов сложного слова и соответствующих слов - членов словосочетания. В художественной литературе встречается большое количество примеров на параллельное употребление потенциальных слов и соответствующих им словосочетаний, на их сравнительно легкую взаимозаменяемость. Причем те и другие образования могут употребляться в одном и том же контексте. Чем шире сочетаемость слов, образующих словосочетания, тем шире сочетаемость основ-компонентов аналогичного потенциального слова. Среди наиболее продуктивных производных потенциальных слов выделяются слова с суффиксами -less,-like,-ish,-er,-ness, префиксами un-, anti- и др. Среди множества моделей сложных слов следует указать на такие высокопродуктивные модели потенциальных слов, как сложнопроизводные прилагательные с суффиксом - ed, «основа прилагательного + participle I», «основа существительного + participle II», основа наречия + participle II» и многие другие. Говоря о потенциальных словах в современном английском языке, нельзя не отметить еще одну особенность последних, сближающую их со словосочетаниями. Это возможность оформления грамматическими окончаниями компонентов сложного слова. Некоторые модели сложных слов допускают грамматические окончания внутри сложного слова, и последнее, будучи цельноформленным образованием-словом, состоит уже не из основ слов, а из слов. Речь идет, в основном, о грамматических суффиксах степеней сравнения -er,-est, которые могут присоединяться к компоненту сложного слова в основе прилагательного

или наречия. Изучение потенциальной лексики, ее особенностей не ограничивается теоретическими проблемами. Оно имеет большое значение для практики преподавания английского языка. Знание студентами правил образования наиболее продуктивных моделей слов, особенностей лексико-семантических связей компонентов, соотношенности этих слов с аналогичными словосочетаниями и предложениями - все это в значительной мере облегчит понимание значения таких слов в учебных текстах и в художественных произведениях. А это, в свою очередь, расширяет возможность студента более свободно читать оригинальные тексты, не прибегая часто к словарю. Изучение словарного состава английского языка, расширение и увеличение словарного запаса студента будет более эффективным при знании им особенностей потенциальной лексики.

1 Царев П.В. Потенциальная лексика в современном английском языке. Москва: Просвещение. С. 20-26.

2 Рузметова Д. А. Об экономической потенциальной лексике. Москва: Молодой ученый. — 2012. — №4. — С. 455-457.

3 Кубрякова Е. Е. Теория номинации и словообразование. М., 2010

4 Ахманова О.С. Словарь лингвистических терминов. Москва., 2004.-486 с.5.Бреус Е.В. "Теория и практика перевода с английского на русский", изд- во РАО (Российская Академия Образования). 2004г.

### Түйін

Мақалада күрделі және туынды сөздер болып саналатын тілдің лексикалық бірліктері жайлы сөз болады. Мысал ретінде қолданылған көркем шығармалардан алынған лексикалық бірліктердің лексико-семантикалық және морфологиялық сараптамалары жасалған. Мақалада осындай сөздер ағылшын тілінің аффикстері: -ed, -er, -less және -like суффиксі арқылы жасалатындығы және олардың тілдегі қолданысы туралы баяндалады. Сонымен қатар берілген жаттығулар студенттердің лексикалық бірліктердің мағынасын түсінуге және оларды дұрыс аудару дағдыларын қалыптастыруға жол ашады.

**Тірек сөздер:** лексикалық бірліктер, туынды сөздер, лексико-семантикалық және морфологиялық сараптама

### Summary

The article considers lexical units which are called potential words. Potential words are compound or derivative words. There is, also, an opinion that occasional words are referred to potential words. The lexical units from the literary works were selected as an object of investigation. Lexical –semantic and morphological analyses of these lexical units were carried out. The article shows word-formation methods of forming these words based on English affixes: -ed, -er, -less and suffix -like. The authors also give the exercises to develop students' skills to understand the meaning and translate potential lexical units.

**Key words:** lexical units, derivative words, lexical –semantic and morphological analyses

ӨӘЖ 574 -012

## ҚАЗАҚСТАНҒА КҮШТЕП ҚОНЫС АУДАРҒАН АХЫСКА ТҮРІКТЕРІ ТАРИХЫНАН

**Р.Р. Оспанова** – т.ғ.к., Абай атындағы ҚазҰПУ-нің доценті,

**Э.Мирзаев** – Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Жаратылыстану-география институтының 1 курс студенті

Мақалада ахысқа түріктерінің Қазақстанға қоныс аударылу барысы және олардың әлеуметтік-экономикалық жағдайы сипатталады. Түрік халқының бұл бөлігі Грузия жерінен қазақ даласына қоныстанғандығы баяндалады. Сонымен қатар ХХ ғасырдың 50-жылдарындағы Кеңес Одағының халықтарды еріксіз көшіру саясатының ахысқа түріктеріне қатысты тарихи негізі зерттеледі. Түріктерді қазақ жеріне қоныстандыру барысындағы ерекшеліктер талданады. Осы ұлт өкілдерінің қазіргі таңдағы этнос ретіндегі даму барысы деректер арқылы қарастырылады.

**Тірек сөздер:** ахысқа түріктері, Грузия, саясат, ХХ ғасыр, ұлт өкілдері

Ахысқа түріктері өзінің көне тарихы бар халық. Ахысқа түріктері ежелгі сақ, ғұн тайпаларының ұрпағы. Қазақ халқымен түп-тамыры бір халық. 1829 жылға дейін Ахысқа түріктері Осман империясының құрамында «Ахысқа пашалығы» жерінде өмір сүрген. 1828 – 1829 жылдары Ресей-түрік соғысынан кейін Ахысқа пашалығының жері Ресей империясының құрамына өтті. Бұл жер қазіргі Грузия республикасының оңтүстік-батысы. Кеңес үкіметі құрылғаннан кейін бұл жер Грузия ССР құрамына кірді. Кезінде КСРО саясатының құрбандығына ұшырап Қазақстанға арнайы қоныстандырылған негізінен азшылық болып есептелетін мұндай ұлттар, ұлт өкілдері республикамызда баршылық. Олардың қатарында немістер, поляктар, месхет түріктері, чешендер, ингуштер, қарашай, балқар ұлтының өкілдері бар. Егеменді еліміздің тең құқылы азаматтары болып есептеліп, республикамыздың экономикасының өркендеуіне елеулі үлес қосып жүрген ұлт өкілдерінің туған жерінен қоныс аударуының негіз-гі себебі-

жалған интернационализмді бетперде қылып ұстанған КСРО саясатында жатыр. Қиыр Шығыстан алғаш құрбандыққа ұшырап жер аударылған корейлер болатын[1].

Түрік-месхетиндерді жер аударудың дүмпуі өзіндік үлгідегі идеологиялық тұрғыда негізделіп, ұқыпты түрде жасалған. 1944 ж. 12 сәуірінде Грузияның ІХК төрағасы Г. Каранадзе КСРО ІХК төрағасы Л. Берияға күрд және әзербайжандардың бір бөлігі өздерінің елді-мекендерін тастап Тбилисиге келіп, осы жерде әлеуметтік зорлық-зомбылық тудырды деп жазды. Л. Берия 1944 ж. 24 шілдесінде өз хатында И. Сталинге КСРО-ның Грузиядағы шекаралық қауіпсіздік жағдайын жақсарту мақсатымен, осы мәселеге сәйкес Ахалцых, Адыген, Ахалкалак, Аспиндзы, Богданов аудандарындағы және Аджар АКСР кейбір елді-мекендерінен 16 мың 700 түрік, күрд отбасыларын күштеп қоныс аударудың керектігін жазды. Оған қоса Грузияның басшылары көрсетілген аймақтарындағы барлық мұсылмандардан құтылғысы келді. Месхетия мұсылмандарын күштеп жер аудару 1944 ж. 14 қарашасынан басталып, 1945 ж. қаңтарында аяқталды. Оның барысында 220 елді-мекеннен 86 мың мұсылман көшірілу жоспарланған, ал шын мәнінде 96367 адам күштеп қоныс аударылған. Осы тізімде түріктер 66823, күрдтер 8843, хемшиндер 13997 тұрғындарды құрады [2].

Түріктерге қатысты Кеңес өкіметі тағы да осы сияқты болжаммен, шағын этникалық топ өкілдеріне байланысты қалыптасқан империалық әдісті нақты пайдаланды. Оның себебі, И. Сталин қоныс аударылған этнос өкілдерін барған жерлерінде мұсылман халықтарымен сіңісіп кетеді деп ойлады. Бірақ, депортацияға ұшыраған халықтардың өздерінің ерекше тілі, діні, мәдениеті, әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрі болғандықтан, аталмыш саясат толығымен іс жүзінде орындалмай қалды[3].

Мұның саяси астары терең ойластырылып, яғни, жеткіншек ұрпақ және әсіресе балалар өздерінің тарихын, мәдениетін, әдет-ғұрпы мен тілін ұмыту үшін, оларды ассимиляциялауға бағытталған еді.

1944 ж. 11 қарашасының суық түнінде Грузияның оңтүстігіндегі Чороха және Куры өзен аралығында орналасқан Месхетия-Джавахетия, Ахыска, Ахалкелек, Аспиндза, Адыгон және Богданов аудандарының 220 – ауылынан жүз мыңнан астам түріктерді көшіріп жіберді. Түріктерге осылайша сатқындық туралы жалған айып тағып, туған жерінен қуып жатқан кезеңде де көптеген түріктер соғыста қан кешіп жатты. 1944 жылғы қақаған қыстың қараша айында тағдырдың қатал тауқыметімен қасіретті қара күнінде Грузияның Қара теңіз жағалауынан зорлықпен, ұрып соғумен көшірілген мыңдаған түрік қазақ халқының қонақжайлылығы мен бауырмал көмегі және шапағат-мейірімінің арқасында тіршіліктерін одан әрі жалғастырып, өсіп-өнді, дамыды. Қазіргі таңда елімізде 200 мыңнан астам түрік тұрады.

Ағылшын жазушысы Роберт Конгуст бул туралы: 200 000 адамы бар түрік халқының отанынан айрылып, жат жерлерге күштеп қоныс аударылғандығы туралы 1968 жылға дейін Батыста ешкім білген жоқ деп қорытындылайды. Бұл оқиға Исландияның немесе Жаңа Зеландияның, Кувейттің немесе Алясканың бүкіл тұрғындары бір мезеттің ішінде із-түзсіз ғайып болып кеткендей болды, деп жазды[4].

Жиырма бес жылдай уақытқа дейін осы оқиға туралы географтар да шатасып келді. Олардың ойлауынша түріктер әлі сол аймақтарда және өздерінің бұрынғы жерлерінде тұрады деп есептеді. Ресми басылымдарда 1945-1958 жылдарға дейін жер аударылғандар туралы шынайы хабарлар беруге тиым салынды. Кеңестік энциклопедияларда ахыска түріктерін «тілдері оғыз тобына байланысты Анадолы түрікшесі, халқы түріктер. Бұл халық түріктерді жақсы көреді, олармен байланыс жасайды» деп жазды[5].

Ахыска түріктерінің санына тарихи-демографиялық тұрғыдан назар аударсақ, 1939 ж. Кеңес Одағында жүргізілген Бүкілодақтық халық санағы бойынша Қазақстанда барлығы 6 093 507 адам тұрған, оның ішінде қазақтар – 2 313 674 адам, орыстар – 2 993 128 адам, түрік ұлтынан барлығы – 518 адам. 1944 ж. Қазақстанда болған қайғылы оқиғаның салдарынан кейін түрік халқының саны күрт өсті. Осы жылдың өзінде Қазақстанның төрт оңтүстік облысында 27 833 түрік халқының санағы тіркелген [5].

Қазақстанға жер ауып келген түріктердің статистикалық мәліметтері жоғары демографиялық көрсеткішпен белгіленді. Әдетте түрік диаспорасының көп балалы отбасы болып келуі дәстүрлі құбылыс. Осыған байланысты әрбір түрік отбасында 6-8 баланың дүниеге келуі міндетті болды. Себебі түрік халқының саны Қазақстанға еріксіз қоныс аударылған кезде күрт азайды. Бірақ, соған қарамастан олар жоғары демографиялық ұдайы өсімді сақтап отырды. 15 жылдан кейін – 1959 ж. халық санағының мәліметтері бойынша Қазақстанда барлығы 9916 түріктің ресми есепке алынғандығы жөніндегі деректермен толықтырылды[5].

Ұлы отан соғысы жылдарында 46000 Ахыска түріктері өз еркімен соғысқа аттанды. 26000 Ахыска түріктері майданда қайтыс болды. 8 Ахыска түріктері Кеңес Одағының батыры атанды. 1944 жылы бұл халық өте қиын кезеңді бастан өткізді. Олар өзінің тарихи Отанынан күштеп Орта Азияға және Қазақстанға көшірілді. 1944 жылы 14 қарашада Сталиннің бұйрығына сәйкес Ахыска түріктерін Грузия ССР – нің Адиген, Ахалцихск, Аспиндза, Богданов аудандарынан Орта Азияға және Қазақстанға

қоныстандыру басталды. 1944 жылы 15 қарашада әскери жағдай енгізіліп, алғашқы эшелондар жолға шықты. Бірнеше күн ішінде 220 ауылдан 115000 Ахысқа түріктері өзінің тарихи Отанымен мәңгілікке қолтасты. Олардың ішінде 18923 егде жастағылар, мүгедектер, ал 27399 әйелдер және 45085 16 жасқа дейінгі балалар болды. Халыққа тек 3 күнге азық түлік алу керек екені айтылған еді. Алайда 1 айдан астам уақыт халық тауар эшелондарында еді. Тек станцияларда ғана аздап тамақ берілген. Осының салдарынан көп адам эшелон ішінде аштықтан, түрлі аурулардан, індеттерден қайтыс болды. 1948 жылғы мәліметтер бойынша олардың саны алғашқы 6 ай ішінде 37000 адамға жеткен, соның ішінде 17000 балалар болды.

1956 жылға дейін Ахысқа түріктері қоныстанушылар ретінде арнайы қыстақтарда коменданттық режимде өмір сүрді. КСРО Жоғарғы Кеңесінің XX съезінен кейін коменданттық режимнен босатылды. Алайда түрік ұлтының ары қарай өмір сүруі оңай болған жоқ. Білім алуда да қиындықтарға ұшырап, көптеген жасөспірімдер орта, арнаулы және жоғарғы оқу орындарында оқи алмады.

Қазақстанда тұратын түрік халқының 38,6%, соның ішінде 37,3% ауылдық және 45,5% қалалық тұрғындар. (Алматы қаласы бойынша есепке алынбаған түріктер, барлық отандастарының санының 1,7% құрады). Республика көлемінде, Түрік халқының аймақтық орналасуы жағынан екінші орында Жамбыл облысы болып табылады. Мұнда Қазақстандағы барлық түріктің 34,6% шоғырланады, соның ішінде 36,6% ауылдықтар және 24,6% қала тұрғындары. Егер ауылдықтарды алатын болсақ, онда олардың басым бөлігі осы облыстың Жамбыл, Меркі, Байзақ аудандарында тұрады. Келесі кезекте Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша орналасуы жағынан түріктердің халық санағы өзіндік орын алады. Бұл мынаған 22,3,-20,2,-12,8% сәйкес келеді. Егер олардың аудандарға орналасуын алатын болсақ, түріктер Сайрам, Төле-би, Сарыағаш және Мақтарал аудандарында шоғырланған және бұл жерде олар қазақ-өзбек халқымен көршілес орналасқан. Соңғы кезекте түріктердің халық санағы бойынша орналасуы Қызылорда облысы болып табылады. Жалпы түрік халқы мұнда не бары 1,7% құрайды, соның ішінде 1,5% ауыл және 2,4% қала тұрғындары. Олар негізінен Қармақшы ауданының III Интернационал ауылында топталып орналасқан[5].

Тағдырдың соқпағына ұшыраған халыққа Қазақстан жеріне қоныс аудару біршама жеңіл болды. Өйткені қазақ халқымен түп-тамыры бір, қаны жақын, діні, тілі бір бауыр халық. Қазақ халқы Ахысқа түріктеріне үлкен жанашырлық танытып, олармен баспанасымен, азық-түлігімен бөлісіп, жақындығын білдіртті.

Ахысқа түріктерінің КСРО кезінде тарихын, мәдениетін зерттеуге тиым салынған еді. Қазіргі кезде мақалаға арқау болған Ахысқа түріктері егемен елдің тең құқылы азаматтары ретінде Қазақстанды ынтымақты тірлікпен бейбіт күн кешіп жатыр. Өз тілін, тарихы мен мәдениетін танып, тәуелсіз Қазақстанның гүлденуіне өз үлестерін қосуда. Бүгінгі күнде Қазақстан Республикасында 198700 Ахысқа түріктері тұрады. 61000 жастардың 70% - ы қазақ тілінде білім алады.

Қазақстанда тұратын кез келген ұлттың, сонымен қатар Ахысқа түріктерінің ертеңгі күнге сенімділігі күшею үстінде.

Түрік диаспорасы азаматтарының көмегімен қазақ, орыс және түрік тілдерінде жарық көретін “Ахысқа” атты Республикалық газеті өз оқырмандарын тапқан.

Қазақстанда тұратын кез келген ұлттың, сонымен қатар Ахысқа түріктерінің ертеңгі күнге сенімділігі күшею үстінде. Түрік диаспорасы азаматтарының көмегімен қазақ, орыс және түрік тілдерінде жарық көретін “Ахысқа” атты Республикалық газеті өз оқырмандарын тапқан. Біз зерттеп отырған түрік ұлты Қазақстанға күштеп қоныс аударуға ұшырағандардың ішінде жалғыз немесе бірінші болған жоқ. Төңкеріске дейінгі депортацияны есептегенде, Кеңестік кезеңнің 1930 ж. екінші жартысында, осы қайғыны алғашқылардың бірі болып басынан кешкендердің қатарында: күрдтер, кәрістер және ирандықтар да болды. Омындай аз ұлттар тарихынзерттей отырып, кеңестік кезеңдегі озбыр саясаттың бір қырын ашуға мүмкіндік туады деп ойлаймын.

*1 Қабдөшев Б.Ж. Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Хабаршысы, «Тарих және саяси-әлеуметтік ғылымдар» сериясы, №3(34), 2012 ж.*

*2 Алдажуманов К.С., Алдажуманов Е.К. Депортация народов тоталитарного режима // Депортированные народы и проблема прав человека. Материалы семинара (Алматы, 12 июня 1997 г.) / Ред.: И. Трутанов и др. – Алматы, 1998. – С. 151-154.*

*3 Ибрашева Ш. О. Қазақстандағы түрік диаспорасы – Алматы, 2010 – 26 б.*

*4 Земсков В.Н. Спецпоселенцы (по документам НКВД и МВД СССР) // Социологическое исследование. – 1990. – № 11. – С. 103-114.*

*5 Ибрашева Ш. О. Ахысқа түріктерінің ішкі отбасылық қатынастарының ерекшеліктері // Отандық және әлемдік тарихтың маңызды мәселелерін қазіргі көзқарас тұрғысынан талдау: Халықаралық Бекмаханов*



### Резюме

В данной статье раскрываются проблемы переселения турков «Ахыска» в Казахстан. Турки «Ахыска» один из числа многих народов, депортированных Сталинским режимом на территорию Средней Азии и Казахстана в ноябре 1944 года. Историческая родина – юго - западные районы современной Грузии, которые ранее входили в состав Османской империи и составляли Ахыска пашалыги. После русско-турецкой войны в 1829 году, на основании заключенного мирного договора эти земли отошли к Российской империи и получили название Ахалцихский уезд. До этого периода история турок, населявших эти районы, неразрывно связана с историей Турции. По мере ужесточения режима закрытия границ народ практически потерял связь с Турцией. В Республике Казахстан проживает по предварительным данным 180-200 тыс. турок

**Ключевые слова:** турки «Ахыска», Грузия, политика, XX век, представители нации

### Summary

In this article opens up problems of migration of turks of «Ahiska» to Kazakhstan. Turks of «Ahiska» one from a number many people, deported by the Stalin mode on territory of Central Asia and Kazakhstan in november, 1944. Historical motherland - are south-western districts of modern Georgia, that before entered in the complement of the Ottoman empire and made Ahiska. After Russian-Turkish war in 1829, on the basis of entered into a peaceful contract these earth stepped back to the Russian empire and got the name Ahiska district. To this period history turk, inhabiting these districts, indissolubly related to history of Turkey. As far as toughening of the mode of closing of borders people practically lost connection with Turkey. In Republic of Kazakhstan lives from preliminary data 180-200 thousands turk

**Keywords:** turks of «Ahiska», Georgia, politics, XX century, representatives of nation

УДК 069.001.12

## МУЗЕЙЛІК НАРЫҚ ИНТЕГРАЦИЯСЫНДАҒЫ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР

**Т.Е. Картаева** – *ал-Фараби атындағы ҚазҰУ Археология, этнология және музеология кафедрасының профессоры м.а., т.ғ.к., Қазақстан Республикасы, Алматы қ.,*

**Ж.Тұрымбетова** – *ал-Фараби атындағы ҚазҰУ Археология, этнология және музеология кафедрасының магистранты, Қазақстан Республикасы, Алматы қ.*

Мақалада музей ісін басқарудың жаңа әдістері мен коммерциялық қызметіндегі өзекті мәселелері қарастырылады. Музейлік менеджмент – музейді басқарудың әдіс-тәсілдері мен тиімді жолдарын ұйымдастырады. Музей менеджментінің негізгі құралдарының бірі қарқынды жоспар құру және оларды жүзеге асырудың тиімді жолдарын қарастыру. Ол музейдегі қалыптасқан жағдайды егжей тегжейлі зерттей отырып, музей қаражатын тиімді жұмсау және оны табу көздерін қарастырады. Музей маркетингі – музейлік заттарды жарнамалаудың инфрақұрылымдарын қарастырады, музей заттарының кең насихатталу жолдарын қарастырады. Музей маркетингі музей тұтынушыларының сұранысын қанағаттандырып қана қоймай, тұтынушыларға музей жинақтарының ақпаратталуын қолжетімді етеді, келушілердің музейдің ағартушылық қызметінен үздіксіз білім алу жолдарын қарастырады.

**Кілт сөздер:** музейлік бизнес, музейлік менеджмент, музейлік маркетинг, интеграция, мәдени-танымдық туризм

Музей тарихи мәдени және табиғат ескерткіштерін, архитектуралық ескерткіштер, археологиялық қазба жұмыстары нәтижелері мен этнографиялық мұраларды зерттеуді қарастыратынын, ғылыми зерттеумен айналысатын мекеме және мәдени-танымдық туризммен міндетті түрде қарым-қатынаста дамитын мекеме екендігі белгілі. Бұл ретте білім беретін танымдық экскурсиялардан басқа да, яғни көңіл көтеретін экскурсиялық бағдарламалардың бар екені көп жағдайда еске алынбайды [1, с.277].

Музей саласындағы соңғы зерттеулер бойынша еуропалық туризм өнеркәсіптерінде, көбінесе қала экскурсиясы аясында жүргізілетін көңіл көтеретін экскурсиялар басты рөл атқарады. Италияндық зерттеушілер басты назар аударарлық Еуропаның бес мемлекетінде Италия, Франция, Испания, Ұлыбритания және Германияда келушілердің резиденттер мен бейрезиденттер екендігіне статистикалық сараптама жасаған. Барлық сараптамалар билеттерді есепке алу негізінде жүргізілді. Бұл статистиканы абсолютті деп айтуға екі себеп бар: біріншіден, зерттеу кезінде әртүрлі календарлық кезеңдер салыстырылып қаралған; екіншіден, Британ музейі, Римдік форум, Ватикандағы Ұлы Петрдің шіркеуі, Кельн шіркеуі немесе Париждік Нотр-Дам сияқты кіру билеттері қарастырылмағандықтан зерттеу нәтижесінде бұлар есептелмей, ірі-ірі шіркеулер мен музейлердегі келушілердің нақты санын анықтау өте қиынға соққан. Бірақ та еуропалық зерттеушілердің мұндай сараптаулары музей аудиториясын анықтауда қызықты мәліметтер береді. Бұл сараптамалар нәтижесінде жиналған барлық мәліметтерді біріктіргенде,

бастапқы 10 орынды 5 саябақ, 5 музей және архитектуралық ескерткіштер алған. Келушілердің алғашқы рейтингінде 10 орыннан 6 орынды иеленген Франция (Диснейленд, Эйфель мұнарасы, Лувр, «Жорд Помпиду» орталығы, «Ғылым қаласы» және «Футуроскоп» саябағы) болған. Қала экскурсиясының оңтайлы тәжірибе мен нәтиже беруіне француздардың қонақжайлылығы мен олардың көп функцияналдылығына да байланысты. Диснейленд «тек көңіл көтеретін» нысан болса, Лувр «тек танымдық» нысан ретінде туристік қызмет атқарады. Сондықтан, Францияда басқа еуропалық мемлекеттерге қарағанда туризм саласында көңіл көтеретін және танымдық орындар жұмыстары табысты жүргізіледі. Ерекше қызмет ететін танымдық орындар қатарынан «Жорж Помпиду» немесе «Ғылым қаласы» орталықтарын да атауға болады. Бұл орталықтан қазіргі таңда «интеграцияланған музейлер» санатында жұмыс жасап, музейлік үздіксіз білім беру орталығын қалыптастырып отыр [4, с.17].

Өз кезегінде Испания мен Германия зерттеушілерінің нәтижелері бойынша бұл мемлекеттерде ойын-сауық саябақтары музейлер мен мәдени-тарихи нысандарға қарағанда басымдылық танытады. Ал, керісінше Ұлыбритания мен Италияда тек қана мәдени орындарға келушілер саны басымдырақ, мысалы, Британ музейі мен Рим форумына келушілер есебі басым.

Француздық Диснейлендке жылына Лувр, Ватикан музейлері, Прадо және Дрезден галереясына қарағанда көп адам келіп кетеді екен, яғни ойын-сауық саябақтары секілді музейлік және мәдени орындардың бірлесіп немесе қарым қатынаста жұмыс жасауы тарихи мәдени туризм инфрақұрылымының жан жақты дамуын қамтамасыз етеді. Музейлердің туристік нысандағы мекемелермен бірлесе жұмыс жасауының қаржылық-экономикалық нәтижесі музейлік орындардың маркетингтік стратегиясының алға басуын жақсартады.

Мемлекеттің дамуында егер назарды тек экономиканың дамуына аударатын болса, қоғамның тарихи және мәдени мұрасы құлдырауға ұшырап, ал назарды тек мәдениетке аударатын болса экономикалық дамусыз қоғам жоқшылыққа ұшырайды. Олай болса, тек жүйелі түрде экономикалық және гуманитарлық қадам арқылы табиғи, мәдени және тарихи ескерткіштерді сақтауды қамтамасыз етуге болады. Бизнестің мәдени ортаға енуі туралы пікір ХІХ ғасырда қалыптасып, ал музейлерде кафе, ресторан, дүкендердің салынуы АҚШ-та пайда болып, қазір барлық Еуропаға таралды. Мысал ретінде Бильбаода қаладағы ең жақсы деп саналатын Гуггенхайм музейіндегі ресторанды немесе тағам атақты суретшілердің туындыларының атымен аталатын Барселонадағы Пикассо музейіндегі ресторанды айтса болады. Сонымен қатар, бұндай кафе, ресторандар мен музыкалды салондар Лондон, Амстердам, Париж, Берлин қалаларындағы музейлерде де аз емес. Осындай түбегейлі көзқарасты мәдениеттің құлдырауы деп қабылдауға болмайды. Ең дұрысы, мәдени ортаны тұрғындардың басым көпшілігіне қол жетімді және тартымды етіп жасау керек және бұл үдеріс туризм инфрақұрылымында маңызды болып табылады.



Ресей. Техника музейіндегі «Архангельск» рестораны

Музей ісіндегі экспонаттарды сақтау, қайта қалпына келтіру, жаңғырту, мәдени мұраны экспозициялау, зерттеу ағартушылық және білім беру функциялары сияқты дәстүрлі функциялар сақталып қала бергенімен, қоғамның өскелең талабына сай оларға деген жаңа көзқарастар қалыптасып, жүзеге асырудың жаңа әдістері игеріледі. Қазіргі кезде барлық музейлердің алдында әртүрлі жастағы келушілердің көңілінен шыға алатындай етіп экспозицияны ауқымды, әрі көрнекі етіп жасаумен қатар материалдарды ақпараттық технология көмегімен жеткізу, келушімен байланыс орнатудың оңтайлы формаларын пайдалану, қолдану, енгізу сияқты өзекті мәселелер тұр. Бұл мәселелерді шешу үшін музей жұмыстарының ұйымдары мен басқару жүйесін үнемі оңтайландырып отыру тиіс. Ол музей менеджментінің мәнін анықтайды. Өз кезегінде, нарықтық экономика жағдайында музейлік қосымша деректерді қаржыландырып, ізденіс жұмыстарын тұрақты жүргізіп отыру қажет. Бұл музей маркетингі қызметінің бір түрі болып табылады [3, с.311].


Қазіргі заман ағымынан қалмай ілесіп отыру үшін музейлер тек экспонаттарды орналастыратын алаң ғана болмай, бос уақытты өткізетін демалыс-мәдени орын ретіндегі қызметін де іске қосу керек, дегенмен қаржылық ресурстардың жетіспеуінен мемлекеттік музейлер өздерінің маркетингісіне миллиондап жұмсайтын жекеменшік музейлер басшыларымен бірдей бәсекелесуіне мүмкіндік бермейді. Сонымен бірге қазіргі заман ағымына сай музей ісіне жаңа көзқарастар қалыптастыра отырып, музей маркетингінің дамуына жаңадан қадамдар жасап жетілдіру қажет. Жаңа қадамдар жасауға, өзгерістер енгізуге уақыт жетіспейді деген желеу музейлердің тұрақты келушілері болып саналатын туристердің музейді қабылдау танымына да әсер етеді. Арнайы зерттеушілердің мәліметі бойынша, орта статистикамен саяхатшы келген қалада орта есеппен екі күнін жоғалтып, соның өзінде тек бірнеше белгілі орындарда ғана болады. Әдетте олар тур бағдарламасына кіретін ірі музейлер, саябақтар немесе атақты ескерткіш орындары болып табылады. Өкінішке орай, туристердің назарына келушілерді аса қажет ететін қызықты, орташа және кішігірім музейлер түсе бермейді. Бұндай жағдай кішігірім музейлердің қаржылық жағдайына келеңсіз әсер етеді. Бұдан басқа, музейлердің мәселесі мемлекет тарапынан қаржының өте аз бөлуіне байланысты ұлғая түседі. Қазірде АҚШ-та барлық музейлердің 90% жеке болып табылады.

Британ музейлері екі жақты қаржыландыруға көшкен: мемлекеттік және жеке, дегенмен де Ұлттық Британ музейі әзірге қаражаттың көп бөлігін мемлекеттен алып жатыр. Ал, Италиядағы музейлер қаржыландыру көздерін өздері іздеп табады. Қаржы түсірудің негізгі көзі тарихи мәдени туризмді дамыту екені сөзсіз. Сондай ақ, оларға бір жағынан ақшаны өздері табуға өздерінің аумақтарында ашқан, кафе, ресторан және дүкендер де мүмкіндік береді. Музей жанындағы кинотеатр, кафе сияқты тынығу орындарының барлығы тек музей мазмұнына сай жұмыс жасайды. Бірақ та көптеген музейлердің

менеджерлері қосымша сауда қызметінен табыс тапқысы келмейді. Кейбір мемлекеттерде музейдің бір келушісіне кететін шығыннан келушіден келетін кіріс әлдеқайда төмен болып отырады. Мұндай айырмашылық музей штатының шығынымен де байланысты. Дәл осы тиімсіз менеджменттің әсерінен көптеген музейлер, ең бірінші кезекте орташа және кішігірім музейлер қиын қаржылық жағдайда қалып жатады.

Мәдениет мекемелерінің коммерциялық қызметінің тиімділігін бағалауға мүмкіндік беретін басты көрсеткіш, әсіресе музейлер, келушілердің айырбастау коэффициенті болып табылады. Ол музейдің қай келушілері жанама шығыс әкелетінін, яғни сол арқылы музейге ұсынылатын қосымша өнім мен қызметті сатып алуын көрсетеді. Шет елдік музейлерден ең жоғарғы айырбастау коэффициенті (33%) Лондондағы Виктория мен Альберт музейіне жатады. Бұл көрсеткіштің ең жоғарғы деңгейі тәжірибе барысында әр түрлі категориядағы келушілерге арналған музейдің инновациялық әрекеттерімен дәлелденеді. Ең төменгі айырбас коэффициенті Ресей музейлеріне тән. Мысалы, Метрополитенмен (25%) Британ музейімен (26%) Мемлекеттік Эрмитаж (12%) осы көрсеткіш бойынша екі реттен көп жол береді. Ресей музейлерінің ішінде Мемлекеттік Третьяков галереясының жұмысы айтарлықтай табысты болып табылады (13%). Сондай-ақ, ең төменгі көрсеткіш 1,2 және 1,1 %-ды құрап, ол А.С. Пушкин атындағы Мемлекеттік көркемсурет музейі мен Мемлекеттік Орыс музейіне жатады. Жоғары көрсеткішке ие болған Третьяков галереясы ресейлік тұтынушылардың орташа жағдайына есептеліп жасалған музей аймағында жұмыс жасайтын кафе, ресторандарынан көрінеді. Ресей музейлерінің кірісінің мұндай төмен көрсеткішін сауда қызметінің жеткіліксіз деңгейде дамығандығын көрсетеді.

Соңғы екі-үш жылда батыс музейлерінің де көпшілігі адамдардың көбісінің музейлерге барғылары келмейтінін мойындады. Бұл ретте Бруклин музейінің басшылығы музейде келермендерді тартатын өнер заттарының жеткіліксіз болғандығынан деп ойлайды. Сол үшін оларды таң қалдыратын жаңа нәрсе көрсету керек. Бүгінде адамдар мейлі ол – сезімталдық немесе интеллектуалдық болса да өздеріне эмоция мен тәжірибе беретін жерге барғысы келеді. Бастысы, қандай жолмен болса да адамдардың көп уақытын музейге арнауын маркетинг арқылы іске асыру қажет екенін уақыт дәлелдеген. Келушілердің уәждемесі әр түрлі болуы мүмкін. Музейге келушілердің санын арттыру үшін онда кинотеатрлар, кафелер, ресторандар мен жақсы дүкендер ашу керек. Музей кинотеатрларында 3D, 4D, 5D форматтардағы қысқа метражды фильмдер, анимациялық фильмдер, ғылыми көпшілік фильмдер көрсетілуі тиіс, сондай ақ әр түрлі жастарға арналған ойындық рольдік фильмдер алдында музей жарнамасы өтілуі тиіс.



Ресей. Санкт-Петербург. Су музейіндегі 3D кинотеатр

Музей дүкендерінің негізгі денін музей экспозициясына байланысты жасалған сувенирлер мен тауарлар құрап (музей экспонаттарының сувенир көшірмесі, логотивті заттар, т.б.) сонымен қоса келушінің қайтадан келетіндей, қызығушылығын туғызатындай бұл тауарлардың сапасы жоғары болуы шарт. Музейлік маркетинктік мекемелердің де ішкі интерьерлері мен безендірілуі де сол музейдің бағытына сай жасалуы қажет [2, с.244].





Ресей. Техника музейіндегі музей экспозициясына сәйкес сыйлықтар дүкені

Музей қызметіндегі маркетингтік жүйелерді қалыптастыру үшін музей аумағының құрылымы мен оның айналасындағы инфрақұрылымын ұйымдастырудың қажеттілігі жоғары. Бұл жағдайда қалалық басшылықпен жергілікті кәсіпкерлік ұйымдармен тығыз байланыс орнату қажет. Италия мамандарының айтуынша, Пизаға келген туристер мұнараны ғана көріп қана қоймайды, қала ішіндегі мейрамханалар, кафелер және дүкендер сапасының төмен болуы туристік орталыққа деген қызығушылықты арттыра түседі. Өзіне деген қызығушылықты арттыру үшін көптеген еуропалық қалалар туристерге «туристің қалалық картасын» ұсынады. Оның бағасына арнайы туристік автобустармен бірге қала ішіндегі серуен, сонымен бірге музейлерді аралау, мейрамханалар мен дүкендерге жеңілдіктер жасалады. Туристерді тартудың тағы бір тиімді жолы музейлер бірлестігінің құрылуында [2, с.253].

Музей мен өзге де мәдени орталықтар және көрікті орындар өзара бір-бірімен бәсекеге түспеуі қажет. Керісінше, егер олардың арасы бір бірінен қашықтықта орналассын, жақын орналассын, мейлі бір-бірімен белсене әрекеттестік танытуы қажет. Мысалы, Венадағы музейлер кварталы немесе Венециядағы Сан-Марко алаңындағы музейлер бір-бірімен байланысты жұмыс жасайды. Музей маркетингісінің тағы бір тиімді жолы – барлық музейлер үшін бірыңғай билет жасау немесе музейлер үшін ортақ мәдени, әлеуметтік шаралар ұйымдастыру. Музей қызметінің табыстылығы үшін келуші адамдармен түбегейлі ұзақ мерзімді қатынас орнату қажет. Ол үшін тұтынушының саны маңызды емес, керісінше белгілі бір уақыт аралығында келушінің музейге қаншалықты келуі одан да маңыздырақ болуы қажет. Мұндай тиімділік әсіресе кішігірім провинциялық музейлер үшін айрықша маңызды болып келеді. Жас және орта музейлердің өзінің келушілерімен тығыз байланыс орнатуға мүмкіндігі мол болып келеді.

Жаңа типтегі музейлер белсенді емес келушілерді белсенділер тобына, белсенді келушілерді басқа да музейлер тобына енгіздіруі қажет. Бизнес пен музей бір-біріне өзара қажет, себебі музейлер қаншалықты адамдарға қызықты болса, соғұрлым бизнестің де музейге қызығушылығы қалыптасады. Мұнда да оған екі себеп дәлел: біріншіден, музейлерге қаржылай көмек бере отырып, компаниялардың имиджі көтеріледі. Екіншіден, мәдени құндылықтар бизнестің элементі ретінде орын алады. Логотивтік-символикалық элементтер ретінде танылған құндылық – сол кәсіпорынның корпоративтік мәдениетінің бөлігі болып табылады. Өзінің бизнесін дамытып отырған ірі корпорациялардың бағдарламасында қалалардың мәдени жағынан әсем болуы және олардың қызметкерлерінің рухани өсуіне әсер ететіндігі, мәдени орындардың дамуына үлес қосатындығы кездеседі. Сонымен бірге маркетингтік идеяның дамуы маркетингтік имидждің бөлігі ретінде аумақтық маркетингтің дамуына жаңаша көзқарастың туындауына әсер етеді. Аумақтық-туристік маркетингтік тұжырымдамасы аймақтарға өзін-өзі ұзақ мерзімді қаржыландыра алатын шынайы мүмкіндіктерді табуға жағдай жасау мақсатына сай құрылуы қажет. Аумақтық-туристік басқарманың басты мақсатының бірі әлеуметтік, экологиялық, экономикалық тұрақтылыққа жетуге жағдай жасауды жүзеге асыру болуы керек [7, с.22].

Қазіргі ақпараттық қоғамда музейлер мен қорықтар тиімді әрі функционалды жұмыс жасауы үшін біртұтас жүйе сақталуы және өзара тәжірибе алмасуы қажет. Ақпараттық ресурстар мәдени саладағы

инвестицияның өсуінде маңызды қызмет атқарады. Ол үшін жаңа ақпараттық және ұйымдастырушылық технологияларды дамыту керек. Ол музей ісінің туристік, көрмелік, баспагерлік, мәдени-ағартушылық, білім берушілік сияқты т.б. бағыттарында орын алуы тиіс [5, с.77].

Музей-қорықтардың біртұтас ақпараттық жүйесіне келесі компоненттер кіреді: ақпараттық ресурстар, мұрағаттың барлық түрлері, мемлекеттік ақпараттық ресурстардың жүйесі, кітапхана және музей қоры; ақпараттық – телекоммуникациялық инфрақұрылым, аумақтық компьютерлік және телекоммуникациялық арналар; ақпараттық, компьютерлік және телекоммуникациялық базалық технологиялар, қолданбалы жүйе және оны жүзеге асыру; ұйымдық құрылымдар және оның функционалды дамуына жауап беретін мамандар; музейлердің ақпараттық аясының әрекеттестік жүйесі мен дүниежүзілік ашық байланысын қалыптастыру [5, с.79].

Қоғам мен мемлекеттің қызығушылығы болғанда ғана қаржылай ресурстардың ақпараттық жүйелік функционалдылығы жоғарылайды. Ақпараттық жүйенің функционалды тиімділігінің ең маңызды көрсеткіштерінің бірі – пайдаланушыда қолжетімді ресурстардың болуы. Сондықтан посткеңестік мемлекеттер музейлері дамыған елдер музейлеріне қарағанда артта қалуда. Ресурстардың жеткіліксіздігінің себептері: біріншіден, коммерциялық ресурстардың қымбат болуы; екіншіден, кейбір пайдаланушыларда анықтамалық ақпарат пен навигациялық тәсілдердің болмауы; үшіншіден, ресурстар иелерінің ақпараттық технологиялардың таратылуы мен оның қамсыздандыруына рұқсаттың болмауы.

Музей ісіндегі бизнес-технология мен менеджменттің байланысы тарихи-мәдени мұраларды инновациялық, коммуникативті қызмет арқылы насихаттау, ақпараттандыру, қолжетімді етуден көрінеді. Инновациялық қызметтің мақсаттары әрбір ұйым үшін жеке және коммерциялық игерушілікке тәуелді. Дегенмен, осы көкейкесті сұрақтар тіпті «озық табыстарға» жетпеген мекемелерге де тән, себебі экономикалық қиындықтар қызметкерлердің өзге де қаржыландыратын жобаларды іздеуге мәжбүрлейді.

Музей-қорықтардың инновациялық жобаларының дамуының басым бағыттарына: мәдени және табиғи мұралар деректері мен мәлімет банктерінің өсуі; оның қызметінің көріністері және мәдени жобаларды жүзеге асыру кезеңдері; мәдени және табиғи құндылықтардың түрлі басылымдар, кино және видеокұрылымдарда көрініс табуы; электрондық салондардың, көрменің, виртуальды музейлердің пайда болуы; зерттеме және электрондық тізімдеменің және презентациялық бағдарламаның жазбасы СР-КОМ және ОУР-КОМ т.б. тасымалдағыштар арқылы тарауы және болуы; шұғыл ізденістің және ақпараттық (корпоративтік ақпараттық жүйені игеру, ғаламторға шоғырлану) өңдеу жүйесінің игерілуі; кәсіпорын функционалдылығының анықтамалық ақпаратының қамсыздандырылуы; құқықтық, нормативтік, қаржылай, адресі және оқу ақпаратының болуы; өкілдік және инновациялық жоба жарнамасының компьютерлік жүйелілігі; мәдени туризмнің тиімді тәсілдері.

Ақпараттық ресурстар инвестициясын қолданысқа енгізу мәдени және экологиялық саласында маңызды қызмет атқарады. Туристік қызмет әлемдік экономика мен музей-қорықтар қызметінің перспективті бағыты болып табылады. Мәдени туризмнің дамуына негізгі біртұтас ақпараттық жүйенің пайда болуына әсер етеді. Осы жүйенің көмегінің арқасында мәдени және зерттеулік жұмыстарға баға беруге болады. Туризм мен демалыстың кәсіби ұйымы меншікті туристік ұйымның құрылуына негіз болады.

Музей-қорықтардың алғашқы деректерін зерттей отыра екі негізгі ақпарат жинақтауға болады: 1) Мәдени мұра (музей, сәулет ескерткіштері, мәдени ландшафты сақталған жерлер т.б.); 2) Туризмнің инфрақұрылымдық жүйесі (транспорттық байланыс, демалыс орындары) .

Музей-қорықтардың инфрақұрылымдылығының дамуы үшін маркетинг белсенді жұмыс атқаруы қажет. Тап осы компоненттер халықаралық және аймақаралық туристік нарыққа музейлердің енуі үшін аса қажет. Қазіргі ақпараттық қоғамда музейдің тиімді функционалдылығы үшін ақпараттық және біртұтас жүйенің негізі қажет. Ақпараттық ресурстар мәдени салада маңызды қызмет атқарады. Ол үшін жаңа ақпараттық және ұйымдық технологияларды енгізу керек. Өзінің түпкілікті дамуы үшін мәдени мекемелер қоғаммен өзара байланыс орнатып отыруы қажет. Осындай әрекеттестіктің жолсерігі ретінде мәдени оқиғаларды тұспалсыз баяндаушы және қалыптастырушы бұқаралық ақпарат құралдары қызметімен тығыз қарым-қатынастың орнауының маңызы ерекше. Сондықтан көпшілік медиамен өзара байланыс, өркениетті серіктестік қатынасының құрылуы, жаңа технология мен жұмыс әдісінің игерілуі әр мәдени мекеменің басты мақсаты болуы тиіс.

Музейлер мен мәдени көрікті орындар туристер үшін бір қарағанда басты назарда болғанымен, дегенмен ойын – сауық саябақтары музейлерге қарағанда танымалдырақ екені рас. Франциялық Диснейленд қызметінің көрсеткіштері бойынша: Лувр, Ватикан, Дрезден, Прадо галереясының келушілер санымен салыстырғанда, бір жылда Диснейлендке неғұрлым адам көбірек келеді екен. Осы шарттарды

пайдалана отыра әсем орындардың өрлеуінің маркетингтік стратегиясының қалыптасуында музей өзіндік орын иелену керек, музейлердің туристік басқа мәдени орындармен байланысы экономикалық маңыздылық пен мәдени дәстүрлердің тарихи нақышын байланыстырмақ. БАҚ өкілдерімен бірлескен жобаларда музей және оның қызметкерлері тек ақпаратты жеткізушілер ғана емес, сонымен қатар жұрт алдында сөйлей алатын дербес авторлар да болып табылады.

Әсем жерлердің маркетингтік идеясының дамуы маркетингтік имидж бен аймақтық маркетингтің бір бөлігі ретінде дамуға жаңаша көзқарастың туындауына әсер етеді. Мысалы, Ресейдің Радищев музейі түрлі баспалармен серіктестік байланыс орнатуы әсерінен аталмыш музей қызметі туралы ақпарат бірнеше есе өсе түскен. Байланыс пен ғаламтордың кең ауқымдылығы Радищев музейінің имиджін Ресейде, сонымен қатар шет елдерде де дамуын алдына мақсат етіп қойып, ол үшін бүкіл web-ресурстарды саралаудан өткізгенде электронды каталог пен музей өкілділігінің web-сайты қойылған мақсатқа сай келмегендігін анықтап, сол себептен web-ресурстардың құрылуы мен бірлесуіндегі жетілдірулер кезең кезеңімен жүзеге асырылып, нәтижесінде тәжірибелерді шыңдау қалыптасып отыр [6, с.157].

Музейлік web-сайттар өзіне серіктес музейлер мен мекемелер сайттарын да біріктіріп отыруы, сондай ақ музейлік басылымдардың ашық ресурсын енгізуі де музей көкжиегін кеңейту ісінде маңызды болып табылады.

1 Гатовский Л.М. *Экономические проблемы научно-технического прогресса*. - М.: Наука, 2007.

2 Журавлев А.Е. *Развитие инноваций в системе рыночных отношений*. В кн. *Материалы научно-практической конференции «Экономика и управление»*. - М.: Изд-во МГУПИ, 2008.

3 *Наука и технологии России на рубеже третьего тысячелетия*. Под ред. Макарова В. и А.Варшавского. - М.: 2008.

4 Новиков В.С. *Инновационная деятельность и перспективы развития туризма*. // *Инновации и инвестиции*. 2008. № 8

5 Новиков В.С. *Инновации в туризме*. - М., 2007.

6 Новиков В.С. *Основные направления государственного регулирования развития инноваций в России в условиях глобализации: политико-экономический аспект*. - М.: Издательство «Палеотип». 2007.

7 Свиarenко А. *Развитие сферы услуг в условиях активизации инновационной деятельности* // *Наука и промышленность России*, 2007. № 8 (52).

1 Gatovskij L.M. *Jekonomicheskie problemy nauchno-tehnicheskogo progressa*. - М.: Nauka, 2007.

2 Zhuravlev A.E. *Razvitie innovacii v sisteme rynochnyh otshoshenj*. V kn. *Materialy nauchno-prakticheskoy konferencii «Jekonomika i upravlenie»*. - М.: Izd-vo MGUPI, 2008.

3 *Nauka i tehnologii Rossii na rubezhe tret'ego tysjacheletiya*. Pod red. Makarova V. i A.Varshavskogo. - М.: 2008.

4 Novikov V.S. *Innovacionnaya dejatel'nost' i perspektivy razvitiya turizma*. // *Innovacii i investicii*. 2008. № 8

5 Novikov V.S. *Innovacii v turizme*. - М., 2007.

6 Novikov V.S. *Osnovnye napravlenija gosudarstvennogo regulirovanija razvitiya innovacii v Rossii v uslovijah globalizacii: politiko-jekonomicheskii aspekt*. - М.: Izdatel'stvo «Paleotip». 2007.

7 Svinarenko A. *Razvitie sfery uslug v usloviyah aktivizacii innovacionnoi dejatel'nosti* // *Nauka i promyshlennost' Rossii*, 2007. № 8 (52).

## Резюме

**Картаева Т.Е.** - К.и.н., и.о.профессор, кафедры Археологии, этнологии и музеологии им.Аль-Фараби, Республика Казакстан, г.Алматы. E-mail: kartaeva07@mail.ru,

**Турумбетова Ж.** - Магистрант кафедры Археологии, этнологии и музеологии им.Аль-Фараби, Республика Казакстан, г.Алматы. e-mail: turymbetova.zhadyra@mail.ru

### Актуальные проблемы интеграции музейного бизнеса

В статье рассматриваются новые методы по управлению музеев и проблемы коммерческой деятельности музейного дела. Музейный менеджмент – обозначает совокупность принципов, методов, средств и форм управления музеем. Одним из основных инструментов музейного менеджмента является перспективный план и пути их достижения. Он помогает более тщательно изучить сложившуюся в музее ситуацию и выявить приоритеты, с точки зрения распределения финансирования и расстановки сотрудников. Музейный маркетинг – система мер, направленных на максимально выгодный сбыт продукции, а также инфраструктура по рекламе товара, изучению и формированию спроса. Музейный маркетинг позволяет не только определять, прогнозировать и удовлетворять нужды потребителей музейных услуг, оно предлагает посетителям доступ к музейному собранию, условия для самообразования и общения, предоставление информации, помощь в образовательной и просветительной деятельности.

**Ключевые слова:** музейный бизнес, музейный менеджмент, музейный маркетинг, интеграция, культурно-познавательный туризм

#### **Summary**

**Kartaeva Tattigul** - Al-Farabi Kazakh National University. Ass.Prof.Dr. Republic Kazakhstan. Almaty. E-mail: kartaeva07@mail.ru,

**Turymbetova Zhadyra** - Al-Farabi Kazakh National University. Master Degree's undergraduate. Republic Kazakhstan. Almaty. e-mail: turymbetova.zhadyra@mail.ru

#### **Actual problems of integration of the museum business**

The article deals with the new methods of the management of museums and problems of museum business. Museum management - represents a set of principles, methods, means and forms of museum management. One of the main tools of museum management is a long-term plan and ways to achieve them. It helps to look more closely into the current situation in the museum and to identify priorities in terms of funding allocation and placement of employees. Museum marketing - a system of measures aimed at the most advantageous sale of products, as well as infrastructure for product advertising, research and development of demand. Museum marketing can not only identify, predict and respond to the needs of consumers of museum services, it offers visitors access to museum collections, conditions for self-education and communication, providing information, assistance in education and educational activities.

**Key words:** museum business, museum management, museum marketing, integration, cultural tourism